Қазіргі түркі тілдерінің арасында сатылай байланыс, бір-біріне іліктестігі сақталған. Мысалы, қазақ тіл дыбыстар жүйесі жағынан да, грамматикалық құрылымы жағынан да, сөздік құрамы жағынан да қарақалпақ пен ноғай тілдеріне жақын. Сондықтан да Н.А.Баскаков осы үш тілді түркі тілінің қыпшақ-ноғай тобына қосқан. Бұл үш тіл басқа түркі тілдеріне қарағанда татар, башқұрт тілдерімен жақынырақ. Татар, башқұрт тілдері де өзара жақын тілдер. Ал қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтары Ноғай ордасынан бөлініп шығып, өз алдарына XIV-XV ғасырларда халық болып қалыптасқаны белгілі. Сатылай байланыс көне дәуірге жақындаған сайын қанатын кеңірек жайып, бірнеше тайпалар одағын қамти береді. Егер Орта Азия халықтары мен Кавказдағы түркі тілдес халықтар бір кездерде түркі тілдерінің батыс хун тобын құрағандығын еске алсақ, басқа дәлелдің керегі болмас.

Халықтың пайда болуы рулық, тайпалық қатынастың даму барысындағы заңды көрінісі болса да, қоғамдағы жаңа этносоциологиялық басқыш болып саналады. Жерге иелік ету көшпенді халықтарда отырықшы халықтардың өміріндегідей сияқты анық байқалмайды. Алайды олардың да тұрмыс тәжірбиесінде белгілі аймақтарды өз қарамағына икемдеуге тырысушылық мүлдем жоқ деуге де болмайды. Мысалы, әр рудың, тайпаның көшіп-қонып жүретін нақтылы аудандары болған. Келе-келе қандық туысқандыққа сүйенген бірлік біртіндеп жерге байланысты құрылған бірлікке ауысады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. М. 1969
Тәтімов М. Қазақ әлемі. Алматы: «Атамұра-Қазақстан» 1999
Малов С.Е.. Памятники древнетюркской письменности М. 1951
Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. Алматы, 2004.
Рамстедт В.И. Введение алтайское языкознание М. 1957.
Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение М.1981
Баскаков Н.А.. Алтайские языки М. 1958.
«Туркология» журналы
«Орхон ескерткіштерінің толық Атласы» (I том) Алматы 1992
М.Қашқари «Диван луғат ит-түрк» («Түркі тілдер сөздігі») Алматы 1978
Баласағұн «Құтадғу білік» Алматы, 1967
Покровская Л.А. Термины родства в тюркских языках. М. 1985
Закиев М., Татары: проблемы истории и языка. Казань, 1995, с. 205
Сейдімбек А. «Қазақ әлемі» (1997) атты ғылыми-танымдық еңбегі Алматы 1997
Лифшиц Владимир. Лирика - М.: Художественная литература, 1977. — 207 с. Тираж 25000 экз. Содержит избранные стихи из 12 книг, написанные в период с 1934 по 1974 г.
Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии / С. Г. 1964
Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі Астана, 2007 жыл).

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАҢА СИНТАКСИТИК ҚҰРЫЛЫМ

Ақыжанова Ақмаржан

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті
Қазақстан, Алматы
takmarzhan@mail.ru

ABSTRACT

This article considers parcelled sentences, a syntactic structure widely used both in fiction and mass media. Research of parcelled sentences has recently started, its ways of formation and functions have been identified, but they have not been included in academic programs, and have not been studied in detail. While getting introduced with works related to parcellation phenomenon, and analyzing the examples collected from literary works, it can be seen that constructions of all levels and all forms can be parcelled. Nowadays, the specific feature of the literary style is shortness and discontinuity of sentences. Short simple and complex sentences have become the most common syntactic units. In reverse, complex sentences with complicated structure are rarely used. The use of nominative sentences has also become frequent. Some authors are not contented with these short sentences, and also want to make the expressive-emotional flavour of their works more clear. As a result, the phenomenon of parcelling not only complex sentences, but also simple sentences is very popular. We can see a great number of examples of using parcelled constructions in literary works of such well-known writers as M. Magauin, O. Bokeyev, S. Smatayev, I. Zhakanov. The authors who use parcellation more rarely are I. Yessenberlin, Sh. Aitmatov, D. Issabekov, D. Doszhanov. However, these authors also used a few examples of parcellation. Classic writers M. Auyezov and G. Musirepov used parcellation a lot in their works.

On more thing worth paying attention to is shortening not only the sentence to be shortened, but also the spare parcellate beyond the main construction. In case there are several homogeneous parts in the main sentence (structure), only one of them becomes a spare (parcellate), all other don't come after it, and every part, every sentence isolated from the main construction becomes a separate parcellate.

Despite parcellation means dividing the sentence into parts, it isn't dividing the syntactically connected text into random parts, discontinuing or dividing the last part with no purpose. But if we analyze some of the examples, some parcellations seem to be the result of discontinuing and dividing the thought, but if we omit the full stop, the parcelled structure becomes a whole thing like the wagons linked to the train.

This article considers the use of parcelled sentences in literary fiction. But, generally, this kind of sentences are widely used in mass media language, too. Parcelled sentences should be considered a research object further.

Тіл нормасы – тарихи құбылыс. Ол сөйлеу және жазу арқылы қалыптасып, дамып, жетіліп отырады. Соған орай, әр кезде тіл қолдану заңдылықтарын білдіретін ұғымдар да өзгеше болады. Белгілі бір тарихи кезең үшін өз терминдері қалыптасады (1.10). Міне бұрын А. Байтұрсынов «іргелес сөйлем» (2.300) деп атаған ұғым қазір басқа қырынан зерттеліп, «парцелляция», «күрделі синтаксистік тұтастық» деген ұғымдар туып, тілдік термин ретінде орнығып, соңғы кезде өте қарқынды зерттеліп жүрген объектіге айналды. Бұл ауызекі сөйлеу тілі мен жазба әдеби тілдің бүгінгі кемелденген шағында біріне-бірінің әсерін тигізе отырып дамуының нәтижесі (3.8).

Жалпы қазіргі кезде ауызекі сөйлеу тілінің жазба әдеби тілге әсерінің кеңейгеніне күмән келтіруге болмайды. Бірақ бұл мәселе толық зерттелмегендіктен, теориялық тұжырым жасауға сипаттық-фактологиялық материалдың жетімсіздігі анық (4.58).

Әдеби тіл ауызекі сөйлеу тілінің лексикалық, грамматикалық жүйесіне сүйеніп қалыптасады (3.8). Ауызекі сөйлеу тілі синтаксисінің жазба тілге жалпы әсері әр түрлі жанрлар мен стильдерде айтылыс тізбегінің үзіктілігінен, синтаксистік құрылым

компоненттері байланысының әлсіздігінен, құрылымдардың актуалдануы әрі бөлшектенуінен байқалады (4.58). Міне сондықтан да, қазіргі көркем әдеби шығармалардың тілін зерттеп, сөйлемдерді синтаксистік тұрғыдан талдағанда, баяғыдан қалыптасқан сарынмен тек жай сөйлем, салалас құрмалас, сабақтас құрмалас деп қарау сөйлемдердің байланысын, олардың коммуникативтік қызметін, логикалық мақсатын, не синтаксистік, не стилистикалық деңгейде аша алмайды. Өзара нүктемен ажыратылған кейбір тілдік единицаларды жеке тұрған қалпында ешқандай синтаксистік единица ретінде қарастыруға келмейді және жекелеп қарастырғанда, қандай коммуникативтік ойды жеткізбек болғаны да түсініксіз болады. Өйткені контекстен үзіліп алынған жеке сөйлем өзінің грамматикалық дербестігін сақтағанымен, контексттегі өзімен байланыстағы басқа сөйлемдердің қатысуымен ғана ашылатын толық мағынасынан айырылып қалады (5.50).

Мынанадай мысал алып көрейік. *Лагердегі сынық шеге мұның назарынан тыс қалар ма екен. Қазымыр. Шылдыратпайтын жылпос. Сергек. Комендант Ганс Шулерге осы қасиетімен жаққан ол.* (І. Жақанов). Осы мысалдарға бірінші жайылма сөйлемнің өзінен әңгіменің кім туралы екендігін анықтау мүмкін емес. Ал одан кейін екі жеке сын есім мен сөз тіркесін бөлектеп алып қарастырсақ, олар неге оқшау тұр? Кімге, неге қатысты туады. Міне, осы сауалдарға жауап беру үшін бір ортақ ойды білдіретін, бірақ өзара нүктемен ажыратылып, бөлшектелген сөйлемдер тізбегін, яғни парцелляцияланған сөйлемдерді зерттеу, мәнін ашу қазіргі қазақ тіл білімінде 90-жылдардың аяғында қолға алынған көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады. Жалпы тіл біліміне «парцелляция» термині француз тіліндегі «parcellet» сөзінен енген. Бұл ұғым қазақша ұсақ бөлшектерге бөлу дегенді білдіреді. Сондықтан біз бұл терминді бөлшектелген сөйлем деп алғанды жөн көрдік. Әлемдік тіл білімінде бұл бөлшектелген сөйлемдер жан- жақты зерттеу объектісіне айналып, көптеген еңбектерге арқау болып, қызу тартыс тудырып жатқан тұста қазіргі қазақ тілінде осы соңғы жылдары ғана назарға ілініп, сөз болып жүр. Алайда, бөлшектелуге көнетін грамматикалық құрылымдар, бөлшектелген компоненттердің өзара байланысы, негізгі сөйлемнің шекарасынан тысқары бөлшектеліп шығарылған парцелляттың, яғни қосалқының грамматикалық, стилистикалық және коммуникативтік қызметі әлі анықталып ашылмаған. Рабиға Сыздықтың: «Бұл құбылыс туралы үзілді-кесілді тұжырымдар айту үшін, оны мол материал жинап ғылыми тұрғыдан зерттеу керек» (1.46)-деп, бұл мәселенің өзектілігін, маңыздылығын атаған еді.

Қазіргі қазақ әдеби тілінде де, өзге тілдердегі сияқты, парцелляция кеңінен тарап, нақты орын алып келе жатқан құбылыс. Осы парцелляция құбылысының қазақ тілінде өзіндік ерекшеліктері ашылды, парцелляцияланған конструкцияның, бұдан былай бөлшектелген құрылымның және жеке парцелляттың (қосалқының) грамматикалық статусы анықталды, парцелляцияны тудырушы грамматикалық және коммуникативтік факторлар анықталды, осы құбылыстың әр деңгейдегі грамматикалық бірліктерге (сөз тіркесі, жай сөйлем, сөйлем мүшесі, құрмалас сөйлем) қатысы айқындалды, яғни олардың бөлшектелу қабілеті ашылды, осы бөлшектелген қосалқылардың коммуникативтік, стилистикалық қызметі белгіленді, бөлшектелген құрылымдардың типтік үлгілері жасалды, негізгі сөйлем мен қосалқының байланысу жолдары көрсетілді.

Орыс тілінің синтаксисін зерттеушілер, Ф.И.Буслаевтан бастап, салаласу мен сабақтасу арасында айқын айырмашылық белгі жоқтығын және тілде ауыспалы сипаттағы синтаксистік байланыстардың бар екендігін көрсетеді. Оның қатарына ғалымдар тілдегі жаңа синтаксистік құбылыс-тіркесуді атайды (присоединение).

Л.В.Щерба, В.В.Виноградов, С.Е.Крючков, т.б. лингвистер тіркесуді өз алдына дербес синтаксистік категория деп санайды. Соңғы кездері бұл тіркес конструкция проблемасына қызығушылықтың соншалықты артуының нәтижесінде «бұл кең аумақты түсініктен тарлау мағыналы «парцелляция» ұғымы бөлініп шығарылды» (1.10-11). Ол – В.В.Виноградов, А.П.Величук салаласа, сабақтаса байланысу, тіркесу сияқты сөйлем компоненттерінің байланысу түрі ретінде тұжырымдап, ал М.О.Платонова, А.А.Андриевская,

А.П.Сквородников, Р.Сыздық тілдің көркемдегіш құралы ретінде қарастырып жүрген құбылыс.

Бұл парцелляция құбылысы роман, герман, славян тілдерінде, оның ішінде орыс тілінде фонетикалық, синтаксистік, стилистикалық деңгейде жан – жақты, өте толық зерттелген болса, қазақ тілінде бұл құбылысқа енді ғана көңіл бөліне бастады. Тек М.Балақаев пен Т.М.Сайрамбаев осы мәселеге арналған мақаласында бұл құбылыс қазақ тіліне аударма нәтижесінде енген деген пікірде. (2.90).

Алайда, көркем әдеби шығармаларды синтаксистік, стилистикалық тұрғыда зерттеп отырсақ, біз парцелляцияланған сөйлемдерді қазақ жазушылары да бұрыннан қолданып келе жатқанын байқаймыз. Тек бұл құбылыс арнайы зерттеу объектісі болмаған. Сондықтан біз әлі күнге сөйлемдер синтаксисін оқытқанда, оларға талдау жасаған кезде де ертеден қалыптасып қалған бір жүйе: жай сөйлем, құрмалас сөйлем, оны салалас құрмалас, сабақтас құрмалас дегеннен шыға алмай жүрміз.

Мынандай бір мысал алып көрейік: *«Бурнашев қолын тез жұлып ап, бар денесімен Бокинге қарады. Шегір көзі оқ атады. Тістенген.»*(З.Шаакин)немесе мынадай мысал қарастырайық: *Ол портретті менің алдыма қоя салды. Қараймын. Өзім. Аң-таң болып Асқарға қараймын. Ол үндемейді. Қайта қараймын. Тап өзім.* (І. Жақанов).

Міне, бұл екі мысал да бір ой желісімен байланысқан бірнеше сөйлемдер мен сөз тіркестерінен, жеке сөзден тұрады. Біз оларды бұрынғысынша, қалыптасқан дәстүрмен тек қана жай сөйлем, сөз тіркесі, дара етістік деп қарай алмаймыз.

А.Байтұрсыновтың сөйлемдерді құрылуынша түрлерге айыруына ден қойып қарағанда, «іргелес сөйлем» деген терминнің бар екендігін анықтадық. «Ішкі жақындық-мағана жақындығынан басқа жақындық жоқ сөйлемдер іргелес делінеді», - деген А.Байтұрсыновтың анықтамасының байыбына барар болсақ, біз қазіргі кезде барлық лингвистер бірдей «парцелляция» деп атап жүрген құбылысқа балама табамыз. Бұдан парцелляция құбылысын қазақ тілінде ала бөтен осылай атау керек деуден аулақпыз, тек мұндай синтаксистік құрылымның қазақ тілінде де бұрыннан бар екендігіне көңіл аударылады. Іргелес сөйлемдерге А.Байтұрсыновтың келтірген мысалдарын қарғанда, парцелляцияланған сөйлем деп қарастырып жүрген осы сөйлемдер екендігіне көзімізді жеткіземіз. А.Байтұрсынов : *«Күн кеш болды. Ат болдырды, ел көрінбеді. Батыр сасайын деді»*, - деген мысал келтіреді, «мысалға алынған сөйлемдер арасында кеш уақытта болған уақиғаның жайын сөйлеген ой іргесінің ғана біргелігі бар деп келіп, бұлар тек ой іргесімен жанасқаны болмаса, бастарын қосып тұрған басқа еш нарсе жоқ, сондықтан бұлардың аралары да біріне-бірі қосылмай, ашық-ашық, үзіліп айтылады. Жазғанда араларына үлкен тыныс белгісі – нүкте қойылады» (1.300), -деп тұжырымдайды.

Т.Қордабаев бұл іргелес сөйлемдерді көнерек заманда сөйлем құрамындағы сөздерді, сол сияқты жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын қазіргі дәнекерлер, тәсілдердің, бірі-екіншісін меңгеріп, жетектеп, өзіне тәуелді етіп тұру сияқты байланысу тәсілдерінің анағұрлым берік түрлерінің болмағандығынан, сөздер, сөйлемдер арасында тек мағына желілерінің жақындықтарына қарай бір-бірімен қабыса, іргелесе байланысу тәсілі болған, сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің бір-бірімен байланысы, арақатынасы тығыз берік болмағандықтан, оларда дербестік, бір-біріне тәуелсіздік күшті болған деген пікір айтады. (2.196).

Қазіргі тілімізде әртүрлі жалғауыш дәнекерлер көптеп қалыптасқанына қарамастан, іргелес сөйлемдердің бүгінгі көркем әдеби шығармаларда да жиі кездесуі бір негізі бар қажеттілік шығар деген болжам туғызады.

Парцелляция құбылысы мейлінше жан-жақты, толық зерттелді деген орыс, француз, ағылшын, испан тілдерінің өзінде әлі де ара жігі анық ашылмаған мәселелер көптеп кездеседі. Мысалы, орыс және француз тілінде парцелляцияланған сөйлемдер тіркескен конструкциялармен бара-бар деп есептелсе (3.328), испан тілінде парцелляцияны оқшаулаудың ең биік, жоғарғы дәрежесі деп атаған. (4.67).

Мұның бәрі әлі күнге дейін жалпы парцелляцияланған құрылымның және бөлшектелу нәтижесінде пайда болған негізгі (базалық) сөйлем мен парцелляттың (қосалқының) жалпы грамматикалық статусының анықталмағандығынан.

Сондықтан да парцелляцияланған құрылымның грамматикалық болмысы туралы сұрақ та әлі ашық қалып тұр. Парцелляция мәселесінің тағы бір басы ашылып, анықталмаған қыры- оның грамматикалық категорияға жазылуы ма, әлде стилистикалық әдіс қатарына қосылуы ма.

Себебі барлық зерттеулерде «парцелляция құбылысы» деп қана атап қойып, әр ғалымдар әр тілдегі оның ерекшеліктерін, жасалу жолдарын, шығу, таралу тарихын, қолданылу жиілігін, негізгі сөйлем мен қосалқының байланысу жолдарын зерттеп жүргендерімен, оның лингвистиканың қай саласында қаралуы да әлі шешілмеген мәселе. Өйткені әдеби жазба тілде парцелляция тек синтаксистік мақсатта – күрделі, шұбалаңқы конструкцияларды жеңілдету мақсатында ғана емес, стилистикалық мақсатта да, негізінен жеткізілетін ойдың семантикалық мағынасына эмоциялық түрлендіруші ренк қосу үшін де қолданылады.

«Эмоциялық синтаксис» деген терминді енгізген француз ғалымы Ш.Балли: «Сөйлем айтушының негізгі ойын жеткізумен қатар оның сол ойға көзқарасын да білдіреді. Ендеше айтылар ойға эмоциялық көзқарас сөйлемнің жалпы мағынасының тағы бір негізгі құрамды бөлігі болып табылады. Біз «*кун суық*», «*кун ыстық*», «*жаңбыр жауып тұр*» дегенде фактіні жалаң жеткізумен шектелмей, іс-әрекетті анықтауға қабілетті эмоционалдық әсерімізді немесе практикалық пікірімізді; әр жағдайда «*суық*», «*ыстық*», «*жаңбыр*» деген оймен байланыстыра өзіміздің ризалығымызды немесе ренішімізді, қызығушылығымызды немесе немқұрайдылығымызды білдіреміз», -дейді. «Бейнелеушіліктің өзі көңіл-күймен байланысты. Ол көңіл-күйді, тілекті білдіреді; жай интеллектуалдық пікірді жеткізгенде де, ол көңіл-күйге байланысты түрленеді, боялады.» (1.43).

Мына мысалдарға көңіл аударып көрейік:

Әлияның жанары, сол арқылы тұтанған от суретшінің талай шығармасына сәуле түсергені анық, өйткені сәтсіз махаббат- адамның бүкіл өмір жолына созылған күй. Ұмытылмас күй. Сырлы, назды. Ерке, мұңды. Қайғы әуенінен қуаныш сазы басым. Сондықтан да көңіл төрінде. Сондықтан да мәңгілік. (М.Мағауин)

Күй ана боп аңырады. Дала боп уілдеп, жүректен кан тамшылатты. Қансыратты, талдырды. (І.Жақанов).

Бұл мысалдарды оқығанда, әрбір оқырман оның грамматикалық формасы мен семантикалық мағынасына емес, оның бейнелілігіне, көңілді толқытып, жүректі тебірентер әсерлілігіне бірінші назар аударады. Ал бұл бейнелілік, бұл әсерлілік араларына нүкте қою арқылы бөлшектелген, яғни парцелляцияланған конструкциялар арқылы жеткізіліп тұр. Міне, осы жағынан қарастырғанда, парцелляцияны да көркемдегіш құрал қатарына жатқызуға әбден болады. Себебі:

сөйлемнің көлемі мен формасы;
сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі;

шақтардың қолданылуы;

эмоционалдық синтаксистің немесе *синтаксистік стилистиканың* қамтитын мәселелері болып табылады.

Енді осы эмоционалдық синтаксистің бір мәселесі – нүктемен ажыратылатын сөйлемдердің өзара байланысын қарастырып көрейік.

Сөйлем ішіндегі нүкте мен үтір арасындағы айырмашылық–паузаның ұзақтығында. Нүктеге сәйкес келетін пауза кезінде сөйлемдер арасындағы байланыс әлсірейді де, керісінше тәуелсіздігі артып, бір-бірінен оқшаулана түседі. Нүктемен ажыратылған сөйлемдерден гөрі үтірмен ажыратылған жай сөйлемдердегі факторлардың өзара алмасуы жеңілірек болады. Бұл жағдайда бір-біріне тек жанасып тұрып логикалық байланыста болатын жай сөйлемдерді күрделі контекстік бірлестік деп атауға болады. Нүктемен ажыратылған сөйлемдерде де үтірмен ажыратылған сөйлемдердегі сияқты логикалық

байланыс грамматикалық конструкцияларсыз-ақ не қиысу, не меңгеру түріндегі семантикалық байланыс болуы мүмкін. Үтірмен ажыратылған ыңғайлас салаластар өте тығыз байланыста болатыны айқындалды. Сөйлемдер нүктемен ажыратылғанда, логикалық және шақтық байланыс синтаксистік түрде емес, тек семантикадан туындайды. Әр фраза жеке ойды бейнелейді, жеткізеді. Оларды бөліп тұрған нүктелер ұзағырақ паузамен аяқталған сөйлем интонациясын нұсқайды. Бұл орайда сабақтас құрмалас сөйлемдердің орны бөлек. Оларда бағыныңқылық қатынас сөйлемдердің бір ізділік тәртібімен, сөйлемдердегі сөздердің орын тәртібімен беріледі.

Енді негізінен тығыз логикалық байланыста бола тұрып, нүктемен ажыратылатын күрделі синтаксистік бірлестіктің басқа бір структурасы қосымша конструкцияларға, яғни парцелляттарға тоқталайық. Қосымша конструкциялар нүктеден кейін сөйлемнің оқшауланған мүшесі түрінде немесе жалғаулық шылаулар арқылы байланысқан салалас құрмалас, яки сабақтас құрмалас сөйлемдер түрінде келеді. Қосымша конструкциялар алдыңғы аяқталған сөйлемге қосымша ой-пікір үстейді. Қосымша конструкцияларда берілетін фактілер алдыңғы сөйлеммен логикалық байланыста, бағынышта, тәуелділікте болады. Бұл байланысқа нүкте кедергі болмайды. Нүктеге қарамай қосылатын бұл конструкцияларды француз стилистері «аяқталған фактіден (істен) кейінгі» қосымша дейді.

Академиктер Л.В.Щерба мен В.В.Виноградов, А.М.Пешковский жалғаулық шылаулардың байланыстырушылық функциясы жайлы айтқан. Қосымша мен салалас сөйлем арасындағы айырмашылықты анықтай келіп С.Е.Крючков: «Қосымша айтушының санасында тура сөйлеу барысында туатын әңгіме үстіндегі толықтырушы үстеме элемент» - деп атайды. «Дәл әңгімелеу үстінде толықтыру үшін туатын келесі элемент» (1.397) - деп те атайды.

Алдыңғы сөйлеммен логикалық, психологиялық немесе эмоциялық тұрғыда байланысқан қосалқы сөйлем мағына жағынан емес, тек қалыптан тыс форма жағынан ерекшеленеді, оқшауланады. Әдеттен тыс нәрсенің бәрі, әдеби тіл нормасына жатпайтын әр конструкция, қалыпты грамматикалық құрылымның шегін бұзып тұрған жағдай ерекше көңіл аударады.

«Сөздердің логикалық тәртібінің бұзылуы тыңдаушының зейінін, назарын ынталандырып, жандандырады, ал логикалық реттілік, керісінше, оны самарқаулыққа түсіріп, ой ақылын жалқауландырады» (2.357).

Қосымша конструкциялар әдеби тілде ауызекі тілден пайда болды. Қосымша конструкциялар фразаны ойда құрау аяқталған сәтте, айтылған ойға үстеме түрінде туындайды да, қалыпты құрылымды бұзбай ойды жалғай алмайды. Әрине, кейінгі ой жеке сөйлем түрінде берілгендіктен, оның алдыңғы сөйлемдегі оймен байланысы жалғаулық шылау арқылы байланысқан қосалқыдан гөрі әлсіздеу әрі бейтараптау. Қосымша конструкциялар қай түрде болса да, семантика жағынан: түсіндірме немесе айқындауыштың белгісін сақтайды. Осындай «үзік» немесе дараланған, оқшауланған сөйлемдер қазіргі біздің көркем әдебиетімізде де көптеп кездесуде. Мұндай сөйлемдер әдетте шығарма кейіпкерінің көтеріңкі немесе толқулы, абыржулы көңіл күйін сипаттауда, суреттеуде жиі қолданылады. Мысалы:

Мен бұл әнге құмармын! Ынтықыһын! (І.Жақанов).

Сен мені еш уақытта қасірет үстінде көрмеуге тиіссің, Айнаш. Сен әлі уызсың. Гүлсің. Пәксің. Мөп-мөлдір армансың. Жарқыраған үміт жұлдызысың. (І.Жақанов)

Бұл жігіт өлуі керек! Бүгін! Қазір! Дәл осы арада! (І.Есенберлин) . Тіркес конструкциялар түрлі сөйлемнің әр мүшесі болып келуі мүмкін. Предикаттық ұя тұйықталмаса да, алдыңғы фразаны аяқтайтын нүктеден кейін басталатын тіркес конструкциялар өз алдына жаңа дербес сөйлем құрай алмайды. Семантикалық жағынан қарастырғанда тіркес конструкциялар алдында айтылған ойды толықтыру, анықтау немесе түсіндіру қызметін атқаратын қосымша идеяны білдіреді. Автор тіркес конструкцияны ол жанасып тұрған бір мүшені күшейту үшін немесе негізгі сөйлемде жоқ мүше түрінде

қосымша мінездеме, анықтама беру үшін сөйлемнің жоқ мүшесінің орнын толтыруға қолданады.

Синтаксистік құрылымды біз сөздің тұлғалық деңгейінде немесе функциялық деңгейінде қарастырғанда, оның өзара байланысқан лингвистикалық элементтердің жүйесі екенін анықтаймыз. Сөйлем құрылымында басыңқы-дербес және бағыныңқы-тәуелді, дербес емес фразалар болатынын байқаймыз және бір басыңқы -дербес элементке бір ғана емес, бірнеше бағыныңқы элементтердің қатысты болатынын (ән, жыр тыңдады), керісінше, бір бағыныңқы-дербес емес элементке бірнеше басыңқы элемент қатысты болатынын байқаймыз (жастар да, қарттар да жиналды).

Парцелляцияланған конструкциялар негізгі базалық құрылымынан және парцелляцияланған тұрады. Парцелляция біреу де, бірнешеу де болуы мүмкін. Құрамында парцелляцияланған конструкция бар текст ерекше, үзік ырғақпен сипатталады.

Парцелляция күрделі және жай сөйлем, сөз тіркесті, жеке сөзді болуы мүмкін. Бірақ ой айтылыс жеткізудің (высказывание) парцелляциялану мүмкіндігі шексіз емес. Ол әр тілдің синтаксистік құрылымының ерекшелігіне байланысты. Ю.С.Степанов орыс және француз тілдерінің жүйелерін салыстыра келіп, француз тіліне қарағанда орыс тілі түзелісінің (цепь, тізбек, жүйе) бос, дискретті екенін тұжырымдайды. Француз тілінде үзіп тастауға мүмкін буындар аз, салыстырмалы түрде дербес бөліктердің өзі грамматикалық құралдар арқылы бір бүтін болып тіркеседі (сцепляются). (1.53-55).

Бұдан келіп орыс тілінде парцелляцияның мүмкіндігі кеңірек, сөйлемдік құрылымдардың бөлшектелу түрі әр жақтылау деген қорытынды жасауға болады. Француз тілі сияқты, біздің қазақ тілінің синтаксистік құрылымдарында да байланыс берік, сөз тәртібі тұрақты деп есептейміз. Оның үстіне парцелляцияның өзі жазбаша тілге негізінен ауызекі сөйлеу тілінен келіп енуі, әр тілдің ауызекі сөйлеу мәнерінің өзгеше болуы, жазбаша тілде парцелляциялану мүмкіндігіндегі айырмашылықтардың негізгі себебінің бірі болып табылады. Қазақтар ауызекі сөйлегенде де ойларын жүйелі, тыңғылықты, фразаларын толымды етіп жеткізуге баса назар аударған. Ал үзік ойлы, бөлшектелген фразалы құрылымдар сөйлеушінің ерекше эмоционалды көңіл-күйінің белгісі болып табылады.

Бірақ дискретті дегенімен де, орыс тілінің синтаксисінде байланысқан тексттің кез келген жерінде парцелляцияны қолдану мүмкіндігі болмайды. Ал қазақ тілі дискретті емес дегенде де, парцелляцияны қолдану мүмкіндігі жоқ та емес.

Біртұтас синтаксистің құрылымды бөлшектеу жазушының шеберлігіне, айтпақ ойының қай тұсын актуалғысы келетініне байланысты. Көркем шығармалардың тіпті басыңқы бағыныңқы бөліктері бір-бірімен тығыз байланыста болатын сабақтас құрмалас сөйлемнің құрамынан дербес ойды білдіре алмайды деп есептелетін бағыныңқы сөйлемнің өзін бөлшектеп шығарудың мысалын көптеп кездестірдік. Мұндай жағдайларда тұтастық бұзылғанымен, мазмұны жойылып немесе айтылмақ ой тіпті көмескіленбеген, әуелі көркемдігі артып, ұтымдылығы күшейе түскен.

Ел атынан асқа бардық, той басқардық. Оқалы комзол, жанат ішік киіп. (І.Жақанов).

Үйге келе сала поездда естіген әңгімемді қағаз бетіне көшірдім. Әрине, көркемдік заңдылыққа бағындырып, белгілі қалыпқа түсіріп дегендей. (М.Мағауин).

Парцелляциялауға қолайлы жағдай салаласа байланысқан құрылымдарда жиі ұшырасады, керісінше, синтаксистік қатар мүшелерінің байланысы тығыз, міндетті болып, бір мүше өзінің кеңейтілуі үшін белгілі бір формадағы сөзді талап ететін жағдайда парцелляция мүмкін емес.

Парцелляция сөйлемді бөлшектеу болып есептелгенімен, ол синтаксистік байланысқан мәтінді жай әншейін бөліктерге бөлу, ұзу немесе еш ойланбастан оның соңғы бөлігін бөліп тастау болып табылмайды. Бірақ кейбір мысалдарды талдап қарасақ, кейбір парцелляциялар ойды тек әншейін үзіп, бөлшектеу нәтижесі болып көрінеді, ал нүктені алып тастасақ, паровозға вагондарды тіркегендей, парцелляцияланған структура қайтадан бір бүтін болып шығады. Мысалы,

Жер беті ызғарлы ақ көрпені айқара жамылған. Аппақ қар желді күнгі теңіз беті іспетті. Ойлы-қырлы. Бұдыр-бұдыр. (Ә.Жылқышиев)

Сол кенжемнен бірдеңе шығады. Өзіме тартқан. Ширақ. Көзінің оты бар. (І.Жақанов).

Қазір ауа-райы аумалы-төкпелі. Қолайсыздау. Жер ыбылыс. Әзірше тек үйде күтіңіздер. (І.Жақанов).

Осы үш мысалдағы негізгі сөйлеммен қосалқы бөлшектер арасындағы нүктені үтірмен алмастырсақ, шылаусыз байланысқан, біріншіде-ыңғайлас салалас құрмалас, екінші, үшінші-түсіндірмелі салалас құрмалас-бір бүтін, шұбалаңқы конструкция шығар еді. Ал авторлардың бұл құрылымдарды осылайша бөлшектеп беруі, жеткізілер ойдың мағынасын өзгертпей, тек ерекше интонация, ерекше мән жүктейді.

Парцелляцияның кейбір кездерінде бөлшектелген құрылымды мәтінде біршама өзгерістер жасамайынша, құрылымға сай келетіндей етіп қайта біріктіру мүмкін болмайды. Бастапқы құрылымды қайта қалпына келтіруге, мысалы, тексте әр түрлі формада тұрып бірыңғай мүшенің қызметін атқаратын сөздердің болуы немесе парцелляттың негізгі базалық структурадан алшақ (дистантты) орналасуы кедергі жасауы мүмкін. Мысалы,

Иықтұрыққа ілінген, киім дүкендеріндегі қатарынан тізілген көп костюм тұр. Поляк, герман, чех, совет, француз және басқа өндіріс орындарынан шыққан. Ақ сұр, қоңырқай, көкшіл, қара, шақпақты, жолақты. Ертеңгілік, кешкілік, мерекелік. Жаздық, қыстық. (М.Мағауин).

Жер үстінде менің мына Алатауымдай... Ия, Айнаш, дәл осындай... Асқар-асқар таулар бар екен. Шынар басына шығуға талпынғаным да бар... Тым биік. (І.Жақанов).

Парцеллятты базалық сөйлемнен бөлетін сұрау, леп белгілері де құрылымдарды біріктіруге кедергі болады. Мысалы,

Қарасам-Шынар! Екі беті албырап, қымсынып төмен қарай береді. Әсем, биязы гана. Қимылы нәзік, үлгілдеп-ақ тұр. (І.Жақанов).

Дәрі жоқ па? Сүзекке... Тұмауға... Дизентерияға... Әйтеуір толып жатыр. (І.Жақанов)

Жалпы парцелляция құбылысын зерттеуге барысында және көркем әдебиеттерден жинақталған мысалдарды талдағанда, барлық деңгейдегі, барлық формадағы конструкциялардың парцелляцияланатыны байқалды.

Қазіргі кездегі әдеби шығармалардың стилі сөйлемдердің ықшамдылығымен, үзіктілігімен сипатталады. Көлемі шағын жай және күрделі сөйлемдер ең жиі қолданылатын синтаксистік бірліктерге айналды. Керісінше, құрылысы күрделенген құрмалас сөйлемдер сирегірек қолданылатын болды. Атаулы сөйлемдердің қолданылуы да жиіледі. Кейбір авторлардың осы қысқа сөйлемдерді қанағат етпеуінің нәтижесі ретінде, әрі шығармаларының экспрессивтік-эмоциялық реңктерін одан әрі қанығырақ ету мақсатында, тек құрмалас сөйлемдер емес, жай сөйлемдердің өзін бөлшектеу (парцелляциялау) құбылысы көптеп кездеседі. Көркем әдеби шығармаларында бөлшектелген конструкцияларды жиі қолдану мысалдарын біз қазіргі кездегі танымал жазушыларымыз: М.Мағауиннен, О.Бөкеевтен, С.Сматаевтан, І.Жақановтан көптеп кездестірдік. Бөлшектеуді сирегірек қолданатын авторлар: І.Есенберлин, Ш.Айтматов, Д.Исабеков, Д.Досжанов. Дегенімен, бұл авторлардан да бірен-саран мысал табылды. Классик жазушыларымыздан М.Әуезов пен Ғ.Мүсірепов шығармаларынан бөлшектеудің мол мысалы табылды. Тағы бір көңіл аударарлық мәселе-бөлшектеліп, ықшамдалатын сөйлемнің ғана емес, негізгі-базалық құрылымның шекарасынан тысқары шығарылатын қосалқы-парцелляттың да қысқартылуы және де негізгі сөйлем (құрылым) құрамында бірнеше бірыңғай сөйлем мүшесі болған жағдайда, біреуі ғана қосалқы (парцеллят) болып, қалғаны оған жалғаспай, базалық құрылымның құрамынан оқшауланып шығарылған әр мүше, әр сөйлем өз алдына жеке парцеллят болып келеді. Мысалы,

Жалғыз көз шүңет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады. (М.Әуезов).

Енді терістікке тура тартқан. Адасты. Ашықты. Азып-тозды. Бәрібір жетті. (М.Мағауин).

Қазіргі қазақ тіліндегі әдеби шығармалардан алынған бөлшектеудің мысалдары талданып, олар үлгілік топтарға жіктелді.

Құрылымдардың үлгілері жасалғанда, негізгі-базалық құрылымнан бөлшектеліп шығарылған қосалқының құрамы: жеке сөзді, сөз тіркесті, жай сөйлемді, салалас құрмалас сөйлемді, сабақтас құрмалас сөйлемді; компоненттер, яғни, қосалқылар саны-бір компонентті, көп компонентті; олардың базалық сөйлеммен және өзара байланысу тәсілі-параллель (жарыса), және сатылай, тіркесе байланысу; негізгі-базалық сөйлемге қатысты парцелляцияның орны-препозиция (ілгерінді), постпозиция (кейінді), контактылы (жанаса), дистантты (алшак) орналасуы негізгі көрсеткіш ретінде ескеріледі.

Бұл мақалада бөлшектелген сөйлемдердің тек көркем әдеби тілде қолданылуы туралы ғана сөз болды. Ал жалпы алғанда, қазіргі кезде бұндай сөйлемдердің бұқаралық ақпарат құралдарында да өте жиі қолданылу мысалдары көптеп кездеседі. Бөлшектелген сөйлемдер әлі де зерттеу нысаны боларлық тақырып.

Пайдаланылған әдебиет тізімі

Балақаев М.Б., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б., Қазақ тілінің стилистикасы . - А.,1974,191.

Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, Ана тілі,1992.

Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. А;1977.92.

Валгина Н.С. О предикативной сложности предложения (на материале конструкции разговорного синтаксиса). «Филологические науки». 1978,№5. Стр.58-64.

Солганик Г.Я. Синтаксическая стилистика (слодное синтаксическое целое). – М. «Высшая школа». 1973. 214.

Сыздық Р. Сөз құдыреті. – А., «Санат». 1977.

Платонова М.О. Присоединительные конструкции в языке Л.Н.Толстого. Автореф. дис. канд.-Л.,1973.

Балақаев М.Б, Сайрамбаев Т.С. Парцелляция және оны аудару. Аударманың лексико – стилистикалық мәселелері.-А.,1987.

Қордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселелері. ҚазССР. Ғылым академиясы, 1964, 196.

Реферовская Е.А; Васильева А.К. Теоретическая грамматика современного французского языка. Часть 2. «Просвещение». Л.1973.

Литвиненко Е.В. Семантическое и синтаксическое осложнение структуры предложения в результате обособления и парцелляции его компонентов. – К; Гос.Университет, 1984.

Баллий Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка. «Иностранная литература». М.,1955.416.

Крючков С.Е. О присоединительных связях в современном русском языке// «Вопросы синтаксиса современного русского языка». – М.,1950.

Степанов Ю.С. Структура французского языка. М., 1965.355.

**ТАУЛЫҚ ФЛОМИС (*PHLOMOIDES OREOPHILA* KAR . ET KIR.)
ӨСІМДІГІНІҢ ТАМЫР ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Ануарова Л.Е.

б.ғ.к., қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы

Омурхаджаева А.М

2 курс магистранты, жаратылыстану факультеті,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,

Алматы, Қазақстан

Умирбаева З.Ч.

б.ғ.к., қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік

технологиялар және инженеринг университеті

Anuarova68@mail.ru

Аңдатпа. Қазіргі таңда әртүрлі өсімдік бірлестіктерінде, сондай – ақ, орманды, далалы және шалғынды тіршілік ету ортасында өсетін өсімдіктердің онтогенезі мен жастық құрылымдарының өзгерісі жөнінде зерттеулер кеңінен таралған. Көптеген еуропалық өсімдік түрлерінің жастық ерекшеліктерін анықтау популяциялық – онтогенетикалық зерттеулердің негізгі түсініктері мен қағидаларының қалыптасу заңдылықтарын айқындап берді [1,2]. Соңғы кездері өсімдіктер популяциясының жастық кезеңдері мен құрылымдары жөнінде мәліметтер көптеп жинақталуда, алайда мұндай мәліметтер көбінесе жазық аймақта тіршілік ететін өсімдіктерге тән. Биіктаулық өсімдіктердің онтогенезі мен популяцияларының жастық құрылымы жөнінде мағұматтар жоқ болғандықтан, Солтүстік Тянь – Шанның биіктаулық өсімдік түрлерінің онтогенезін зерттеу ботаника саласының өзекті теориялық мақсаттарының бірі боп есептеледі. Онтогенездің жеке фазаларын зерттеу барысында өсімдіктің тіршілік формаларының өзгеріске ұшырайтындығы, яғни өсімдіктің моноподиальды даму нәтижесінде жертаған өсу формасы қалыптасатындығы әдеби шолулардан белгілі [3,4].

Ерінгүлділер тұқымдасы (*Lamiaceae* Lindl.) Фломис туысы (*Phlomoidea* L.), таулық фломис (*Phlomoidea oreophila* (Kar. et Kir.) Adyl.) - өсімдігі Азиялық ареалда таралған. Бұл туыстың 100 – ге жуық түрлері бар. Совет Союзы территориясында 49 түрі, олардың көпшілігі Орта Азияда (37) соның ішінде 30 эндемикалық, қалғандары СССР – дің Еуропалық бөлігінде, Қазақда, Батыс Сібірде және Қиыр Шығыста кездеседі. Батыс Сібірде, Алтайда, Орталық Азияда: Жоңғар – Тарбағатай, Памир – Алтай, Тянь – Шан тауларының ормандыдала – орман белдеулерінен субальпі белдеуіне дейінгі аймақтарында көптеп кездеседі. Қазақстан өңірінде: Зайсан, Алтай, Тарбағатай, Жоңғар Алатауы мен Іле, Күнгей Алатауының және Кетпен, Терскей Алатауларының орманды дала және орман белдеулерінен бастау алып, субальпі белдеуінің тасты, шалғындықты беткейлеріне дейін кеңінен таралған [5,6].

Түйін сөздер: онтогенез, моноподиальды даму, жастық кезеңдер (ювенильдік, иматурлық, виргинильдік, генеративтік), популяция, морфология, вертикаль, жапырақ, сабақ, тамыр, тамырсабақ, кіндік тамыр.

THE FEATURES OF FORMATION ROOT SYSTEM OF PLANT *PHLOMOIDES (PHLOMIS OREOPHILA KAR. & KIR.)*

Anuarova L.E - Candidate of Biology, Acting Associate Professor,

Omurkhajayeva A.M. – Master student

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Umirdaeva Z.Ch. - Candidate of Biology, Acting Associate Professor

*(Caspian State University of Technologies and Engineering named after Sh. Yessenov
Aktau, Kazakhstan)*

Annotation. Nowadays is the study of the change of the ontogeny of plants that grows in different plant associations as well as in forest, steppe and meadow habitats is the the widespread. Determining the peculiarities of many European species of plant species has revealed the patterns of formation of the basic concepts and principles of populations of ontogenetics [1,2]. Recently, data on the age and stages of the vegetation population have been accumulated, but these are typical for plants that live in the flat region Because of the lack of information about the ontogeny of plants and the age structure of the population, the ontogenesis of the Northern Tien - Shan species is one of the topical theoretical goals of the botanic industry. It is well-known in the study of the individual phases of the ontogenesis that the forms of life-forms of plants are subject to change, which is the result of monopodial growth of the plant [3,4].

The Lily family *Liliaceae* Lindl , *Phlomoïdes* L. genus , *Phlomoïdes oreophila* - the plant is spread in the Asian continent. There are about 100 species of this kind. There are 49 species in the Soviet Union, most of them in Central Asia (37), including 30 endemic, the other in the European part of the USSR, in the Caucasus, in Western Siberia and in the Far East. In West Siberia, Altai, Central Asia: Dzungar - Tarbagatai, Pamir - Altai, Tien - Shan Mountains are commonly found in woodland - forest belts to subalpine belts. In Kazakhstan: Zaisan, Altai, Tarbagatai, Dzungarian Alatau and Pi, Keginii Alatau and Ketpen, and forest belts of Terskei Alatau, are widely spread to the slopes of meadow and meadow slopes [5,6].

Key words: ontogeny, monopodial development, age state (juvenile, immature, virginal, generative), population, morphology, vertical, leaf ,stem, root, tap root, rootstock.

Осы аталған *Phlomoïdes oreophila*, өсімдігінің онтоморфогенезі мен жастық топтардың популяцияда кездесу жиілігін анықтау жұмыстары Кетпен жотасы Арлық сай шатқалының теңіз деңгейінен 2750 м биіктікте орналасқан субальпі белдеуінің солтүстік – батыс беткейінде орналасқан зерттеу аудандарында жүзеге асырылды.

Тұңғыш рет Солтүстік Тянь – Шанның биіктаулық көпжылдық шөптесін өсімдіктерінің ішінде таулық фломис - *Phlomoïdes oreophila* (Kar. et Kir.) Adyl., R. Kam. et Machmedov. онтоморфогенезі зерттеліп, оның табиғи популяцияларының жастық кезеңдері анықталып, сипаттама берілді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеуге Ерінгүлділер (*Lamiaceae* Lindl.) тұқымдасы, Фломис (*Phlomoïdes* L.) туысы, таулық фломис - *Phlomoïdes oreophila* (Kar. et Kir.) өсімдігі алынды.

Табиғаттағы зерттеу ауданынан жинақталған өсімдіктердің жастық кезеңдерін анықтап, оларға өзіндік сипаттама беру үшін Т.А.Работнов [7] пен А.А.Урановтың [8] әдәстемелік нұсқаулары қолданылды.

Жерасты мүшелерінің морфологиялық ерекшеліктері В.Г.Голубев [9], И.Г.Серебряковтың [10] , И.О.Байтулиннің [11] әдістемелері арқылы зерттеліп, олардың тамыр жүйесіне нақты анықтама берілді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау.

Таулық фломис - *Phlomoïdes oreophila* (Kar. et Kir.) Adyl., R. Kam. et Machmedov.

Ювенильдік кезең (J) – Ювенильдік өсімдіктің биіктігі - 2,5 – 3,0 см. Бұл кезеңде тұқымжарнағы тіршілігін тоқтатып, 2 – 3 нағыз жасыл жапырақтары қалыптасады. Жапырақтың пішіні жағынан ересек өсімдіктен онша ерекшеленбейді. Жапырағының пішіні жұмыртқа тәрізді, жапырақ негізіне дейін жүрек тәрізді терең ойылған, жапырақ тақтасының ернектері үшкірлене келіп, тісшелерге айнаған. Жапырақ тақтасының үстіңгі және астыңғы беттерін қалың түк жауып жатады. Жапырақ тақтасының ұзындығы 1,5 см, ені 1,4 см- ге тең болса, жапырақ сағағының ұзындығы оншалықты ұзармай, небәрі 1,3 см – ді ғана құрайды.

Ювенильдік өсімдіктің негізгі тамыр жүйесі жақсы жетіліп, топырақтың терең қабатына 7,5 – 8,0 см-дей енеді. Негізгі тамырдың тарамдалу дәрежесі бұл уақытта әлі әлсіз,

тек бірінші реттік бүйірлік тамырларға дейін ғана түзіледі. Кейбір бүйірлік тамырлардың ұзындығы 0,5 – 0,6 см – ге жетеді.

Имматурлық кезең (Im 1) - Өсімдіктің биіктігі 6,5 – 7,0 см шамасында. Дамып жетілген тамырмаңы жапырақтар саны - 4. Жапырақ тақтасы пішінінің мөлшері салыстырмалы түрде арта түседі. Жапырақ тақтасының ұзындығы - 3,8 см, ені - 2,8 см.

Негізгі тамыры күшті дамып, топырақ қабатына 13 см тереңдікте вертикальды бағытта өсе отырып, бірте – бірте даму барысында өз бағытын өзгертеді. Имматурлық кезеңде өсімдіктің негізгі тамырының тарамдалу дәрежесі жоғарлап, үшінші реттік бүйірлік тамырларын қалыптастырады. Негізгі тамырдың апикальды бөлігінен дамып шыққан бірінші реттік бүйірлік тамырлардың ұзындығы – 5,5 – 6,0 см, екінші реттік тамырларының ұзындығы – 1,2 – 1,5 см–ге - жетсе, үшінші реттік тамырлары өте әлсіз дамып, ұзындықтары – 0,2 – 0,3 см–ден аспайды.

Имматурлық кезең (Im2) – Бұл даму кезеңінде имматурлық өсімдіктің биіктігі 9,5 см – ге жетеді. Қалыптасқан тамырмаңы жапырақтар саны арта отырып, 4 – 5 – ке жетеді. Осы даму сатысында жапырақ пішінінің көлемі күрт ұлғайып, жапырақ тақтасының ұзындығы 4,7 см, ені 4,1 см – ге жетеді.

Тамыр жүйесінің құраушы негізгі тамырдың базальды бөлігі жуандап қана қоймай, сонымен қатар сүректеле түседі. Негізгі тамырының топыраққа ену тереңдігі - 30 см. Бүйірлік тамырлары да дами отыра, өз кезегінде пайда болған бірінші реттік бүйірлік тамырының ұзындығы - 6,3 – 6,5 см, екінші реттік тамыр – 1,5 – 2,0 см, үшінші реттік тамыр – 0,5 – 0,6 см – ді құрайды. Мұндай даму кезеңінде негізгі тамырдан бірінші реттік тамырлар тарамдалады да, ұзындықтары орташа есеппен 29,0 – 29,5 см шамасын құрайды. Пайда болған бірінші реттік тамырлар негізгі тамырға параллель өсе отырып, өсу қарқындылығы жағынан одан қалыспайды. Алғашқы бүйірлік тамырдан дамып жетілген екінші реттік бүйірлік тамырлардың ұзындығы – 0,6 – 0,4 см.

Виргинильдік кезең (V) – Виргинильдік кезеңдегі таулық фломис өсімдігінің биіктігі 17,5 – 18,0 см – ді қамтиды. Тамырмаңы жапырақтар саны 6 – 7. Жапырақ тақтасының көлемі күрт ұлғайып, олардың орташа ұзындығы 8,0 см, ені 6,2 см – ге тең болады. Сағақтары да жуандап, жақсы жетіле түседі де, ұзындығы 9,5 см болады.

Негізгі тамыры жеке даму барысында дамуын тоқтатпай топыраққа тереңдей түседі. Оның базальды бөлігі айтарлықтай жуандайды. Негізгі тамыры топыраққа вертикальды бағытта тереңдей өсе отырып, өсуін одан әрі жалғастырады. Білеуленген негізгі тамырдың ұзындығы – 31,0 – 32,0 см. Негізгі тамырының белсенді тарамдалуы нәтижесінде төртінші реттік бүйірлік тамырлары қалыптасады. Бірінші реттік бүйірлік тамыр жуандап, қалыңдау жағынан негізгі тамырдан қалыспайды да, кейбір ірі тамырлардың ұзындығы 13,0 – 14,2 см – ге жетеді. Ал екінші реттік тамырларының ұзындығы – 7,5 – 8,0 см, үшінші реттік тамырлар – 1,2– 1,3 см, төртінші реттік тамырларының ұзындығы – 0,4 – 0,5 см болады.

Генеративтік кезең (G) – Көп жылдық генеративтік өркеннің биіктігі - 61,5 см. Өсімдіктегі тамырмаңы жапырақтары көбейе отырып, саны 13 – ке жетеді. Жапырақ тақтасының ұзындығы - 13,5 см, ені - 7,0 см – ді құрайды. Бұл кезеңде жапырақ тақтасының ұзындығы мен сағағының ұзындықтары да салыстырмалы ұлғая түседі. Сағақтың ұзындығы – 12 см. Топырақтың беткі қабатымен салыстырғанда едәуір төмен орналасқан даму бүршіктері моноподиальды дамып, көп жылдық генеративті өркендер сабағына бастама береді. Жақсы жетілген сабақ бойында жұмыртқа тәрізді қияқты, сағақсыз бекінген 6 жапырақ өзара қарама – қарсы орналасады. Өркеннің ұшында бірнеше қызғылт түсті гүлдері орналасқан, гүлшоғыры дамып жетіледі. Ондағы гүлдер саны 3 – 5 – ке дейін кездеседі. Тамыр жүйесі бұл уақытта одан әрі қарқынды дами түседі. Сабақтың жерасты бөлігін алдыңғы жылдан қалған жапырақ қалдықтары қаптайды. Негізгі тамырдың базальды бөлігі одан әрі қалыңдап, жуандығы 4,5 – 5,0 см – ге жетеді. Негізгі тамыры жіп тәрізді ұзара отырып, топыраққа 35,0 – 40,0 см шамасында өсе түседі. Сондай – ақ, бұл кезеңде бүйірлік тамырларының саны артып, дамуы жағынан негізгі тамырдан қалыспайды. Бірінші реттік

бүйірлік тамырдың ұзындығы - 14,0 – 15,0 см-ге, екінші реттік тамыр – 9 – 10 см, үшінші реттік тамыр – 2,5 – 3,5 см, төртінші реттік тамыр – 1,0 – 1,5 см – ге ұзарады.

Негізгі тамыры вегетациялық даму кезеңінің соңына дейін қарқынды дами отыра, дамуын тоқтатпай, нағыз кіндікті тамыр жүйесін түзеді. Таулық фломис көпжылдық шөптесін өсімдігінің табиғи популяциясында кездесетін жастық кезеңдерінің бірқатар белгілерін салыстыра келіп, ондағы байқалатын елеулі өзгерістер 13 – кестеде көрсетілді. Бұл түрдің түгелге дерлік жастық кезеңдеріндегі морфологиялық белгілерінің өзара қатынасына талдау жасай отырып, ювенильдік жастық кезеңдегі өсімдіктер ($Cv= 41,23\%$) мен генеративтік өсімдіктер ($Cv=31,97\%$) биіктігінің ауытқу коэффициенті басқа жастық топтармен салыстырғанды біршама жоғары көрсеткішімен ерекшеленеді (1 - кесте).

Дегенмен, мұндай үлкен ауытқу мәндеріне ие болса да, ювенильдік кезеңдегі өсімдіктердің жапырақтар саны тұрақты боп қалып отырады.

Жетілген нағыз жапырақтар санының кездесу жиілігі имматурлық және генеративтік өсімдіктерде біркелкі дәрежеде болса виргинильдік кезеңдегі өсімдік топтарында жапырақтар санының ауытқу мәні 16,44 % - ке тең болады. Ювенильдік өсімдіктерге қарағанда имматурлық, виргинильдік және генеративтік өсімдіктердің жапырақ тақтасының ұзындығының ауытқу мәні біршама тұрақты болса, сағақтың ауытқу коэффициенті ювенильдік өсімдіктерде айтарлықтай жоғарлай ($Cv=73,51\%$) түседі.

1 – кесте. *Phlomoïdes oreophila* Kar. et Kir. популяциясындағы жастық кезеңдерінің морфометриялық сипаттамасы

Морфологиялық белгілер	Орташа мән $M \pm t$	Вариациялық коэффициенті $Cv, \%$	Стьюдент коэффициенті Tst
Ювенильдік өсімдік			
Өсімдік биіктігі (см)	1,68±0,21	41,23	7,66
Жапырақтар саны	2,00±0,00	0,00	0,00
Жапырақтың ұзындығы (см)	1,00±0,08	25,40	11,81
Жапырақтың ені (см)	0,95±0,13	41,10	7,69
Сағақтың ұзындығы (см)	2,11±1,00	73,51	2,11
Имматурлық өсімдік			
Өсімдік биіктігі (см)	15,82±0,76	16,70	20,71
Жапырақтар саны	4,74±0,34	23,49	13,93
Жапырақтың ұзындығы (см)	6,41±0,30	16,66	4,81
Жапырақтың ені (см)	5,55±0,23	14,54	23,80
Сағақтың ұзындығы (см)	11,18±0,69	21,44	30,94
Виргинильдік өсімдік			
Өсімдік биіктігі (см)	20,42±0,77	16,86	26,50
Жапырақтар саны	6,39±0,22	16,44	28,39
Жапырақтың ұзындығы (см)	8,28±0,30	17,63	26,87
Жапырақтың ені (см)	6,72±0,22	15,42	30,40
Сағақтың ұзындығы (см)	12,14±1,00	38,62	12,14
Генеративтік өсімдік			
Өсімдік биіктігі (см)	57,67±2,67	31,97	10,35
Жапырақтар саны	8,39±0,54	21,65	15,28

Жапырақтың ұзындығы (см)	7,86±0,38	16,16	20,48
Жапырақтың ені (см)	6,97±0,43	20,46	16,18
Сағақтың ұзындығы (см)	12,64±1,40	36,74	9,00
Гүлшоғырының ұзындығы (см)	6,44±0,74	38,20	8,66

Жалпы өсімдіктің морфологиялық белгілеріне салыстырмалы талдаулар жасау барысында басқа жастық кезеңдерімен салыстырғанда ювенильдік жастық кезеңдегі өсімдіктің морфологиялық белгілерінің ауытқу коэффициентінің айтарлықтай жоғары болатындығы анықталды. Тіршілік ету ортасы бірдей өсімдіктердің морфологиялық белгілерінің сандық көрсеткіштері төменде көсетілді.

Биіктік белгісінің ең жоғарғы деңгейдегі өзгерісі таулық флоemis өсімдігінің ювенильдік жастық кезеңінде ($C_v = 41,23\%$), және сібір теңге - жапырағының имматурлық жастық кезеңінде ($C_v = 45,00\%$) байқалады.

Жапырақтың жалпы санының ең жоғарғы өзгерісі жартас қазтамағының имматурлық жастық кезеңінде ($C_v = 52\%$) айқын байқалады.

Сондай – ақ, жапырақ тақтасының ұзындығы мен енінің ауданы жастық кезеңдерге сай өзгере отырып, олардың салыстырмалы қатынасы әр түрдің жапырақ тақтасының өзіндік пішінін береді. Жапырақ тақтасы мен сағақ ұзындығының ауытқу көрсеткіштері едәуір жоғары болып табылады.

Пайдаланылған Әдебиеттер

1. Ворошилов В.Н. О некоторых жизненных формах розеточных растений. В кн.: Ритм развития у растений. М, 1960. - С. 105 – 118.
2. Петухова Л.В. Онтогенез и структура системы побегов манжетки пастушьей //Бюлл. МОИП. отд. биол. - 1977. - Т.32 (3).
3. Потапова Н.Ф. Онтоморфогенез и природа партикуляции у *Anemone protracta* //Труды 1 молод.конф. ботан. Г. Ленинград, Л. Апр, 1986, 4.3 Бот. Инст – т АН СССР. Л, 1986. - С. 60 – 70.
4. Рысина Г.П. Ранние этапы онтогенеза лесных травянистых растений Подмосковья. – М, 1973. – 215.
5. Флора СССР. Род Зопник. - Т. XXI. М. Л: 1954. – С. – 57 – 108.
6. Флора Казахстана. Род Зопник. - Т. 7. - Алма – Ата: 1964. – С. 390 – 397.
7. Работнов Т.А. Определение возрастного состава популяций видов сообществ. //Полевая геоботаника. - 1964. - Т.3. М – Л. Наука. - С. 132 – 146.
8. Уранов А.А., Смирнова О.В. Классификация и основные черты развития популяций многолетних растений //Бюлл. МОИП. отд. биол. - 1969. - Т LXXIV (1). - С. 23 – 27.
9. Голубев В.Н. К онтогенезу корневищ кистекорневых растений //Ботан. Журн. - 1956. - Т.41. - №2. - С. 248 – 256.
10. Серебряков И.Г. Морфология вегетативных органов высших растений. - М. 1952. - 391 стр.
11. Байтулин И.О. Строение и работа корневой системы растений. - Алма – Ата: Наука, 1987. - 252 с.

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮР КӨРІНІСТЕРІ

Ақжолова Ақтоты Төлеумұратқызы

филология ғылымдарының кандидаты,

қауымдастырылған профессор

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан

aktoty_72@mail.ru

Эльмира Уайдуллақызы PhD доктор

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан

elmira_uaidulla@mail.ru

Түйіндеме

Мақалада фольклордан балалар поэзиясына көшкен жанрлар нақты мысалдармен талдана келіп, фольклорды қазақ ақындарының пайдалану тәсілдері айқындалады. Балалар поэзиясының ұлттық фольклорлық дәстүрмен сабақтастығы, өзара ұштасып жатқан қырлары қарастырылады. Қазақ ақындарының ертегі жанрына дендеп кіріп, ондағы мифтік сюжеттер мен мотивтерді қалай пайдаланғандығы туралы айтылады.

Сол себепті ақындардың байырғы сюжеттерді қайта жырлап, ұсынуы шығармашылық ізденуден туындаған дәстүр. Бұл дәстүр ертегіге фантастика, қиял, образдық көрік дарытады. Онда адамдар ерекше қасиеттерімен көрінеді, ал хайуандар адамға тән әрекеттерімен бой көрсетеді, сондай-ақ ғажайып заттардың алатын орындары да айрықша. Ертегінің сюжеттік құрылымында оқыс, күтпеген, ұтқыр оқиғалар кезігеді, оқиғалардың әдеттегі, дағдылы өмірдің қалпына сыймайтындай, боямалы, ұлғайта, құбылта баяндалуы басым, бұл оған тартымдылық, әсерлілік дарытады. Мақалада көне мифтік сюжеттің негізінде дүниеге келген туынды – Ә.Тәжібаевтың «Толағай» атты поэмасы туралы сөз болады. Ақын туындысының басынан бастап-ақ халық аузында жүрген деректі пайдаланып отырғанын ашық аңғартады. Сондай-ақ «Ерлік туралы аңыз» деп айдарлауы арқылы фольклорлық дүниеге табан тіреп отырғанын айқын көрсетеді. Бірақ автор өзі пайдаланып отырған материалдың жанрлық сипатына мән бермейді. Халық ұғымында бұл – аңыз. Миф – қазақ тіліне кейінірек ғылым арқылы орныққан термин. Толағай туралы мифтің этиологиялық сипаты айқын. Мифте айдаладағы жалғыз, жеке таудың пайда болу себебі түсіндіріледі. Алыптар өзен суын бөгеу мақсатымен тауды көтеріп әкеле жатып, жарты жолда қалдырады. Халық мифтерінде тау көтеріп келетіндер – дию, алып, олардың тау көтерудегі мақсаты–суды бөгеу, сөйтіп батып кеткен баласын табу. Ақын Ә.Тәжібаев миф өзегін алғанымен, мүлде басқа өң, тыныс береді, салмақ дарытады. Тау көтеріп келетін бозбала – қуаңшылықтан азап көрген елге көмектесу мақсатында басын қатерге тігіп, қаймықпай тау көтеріп әкеледі, сөйтіп тау астында өзі қалса да қауымды құрғақшылықтан құтқарады.

Ақын байырғы мифті өзгертіп, жаңа сапада жырлап шыққан. Толағай жас ұрпақ үшін идеал болуға лайық қаһарманға айналған. Ақын осындай ойдың жас ұрпақ тәрбиесінде берері көп, тәлімі мол екендігін ескерген. Мифтік негіз туындыға ірі романтикалық пафос дарытқан. Поэманың баяндау машығы, кейбір мотив-сарындары батырлық жырларды еске алады.

Фольклортанушылар мен психологтар байырғы мифтік санамен балалардың дүниетанымдық өсу жолында ұқсастық бар екендігін байқаған. М.Әлімбаевтың «Екі бауыр – екі тау атты» атты туындысында осы сәйкестікті сеземіз. Суреттегі екі таудың бейнесін көрген Сағыныш оны ағайынды екі ұл, бірін-бірі іздеп шығып, кездесе алмаған бауырлар ретінде елестетеді. Тауды жанды мақұлық деп ұғыну – архайкалық дүниетанымға тән құбылыс.

Мақалада қазақ ақындардың ертегі жанрына ден қойып, онда мифтік сюжеттермен мотивтерді пайдалануының қырлары айтылады. Өйткені ертегілер ең алдымен балалар

жанына жақын, қабылдауына қолайлы, ыңғайлы, оның үстіне тәрбиелік-тәлімдік мәні зор, адамгершілікке, жақсылыққа үндейтін түр. Сол себепті ақындардың байырғы сюжеттерді қайта жырлап, ұсынуы саналы әрекеттерден туындаған. Мақала авторы фольклорлық мифтік сюжеттер мен мотивтерді балалар әдебиеті өкілдерінің өз шығармашылықтарында тиімді пайдалана білгендерін нақты мысалдар келтіре отырып тұжырымдайды.

Кілт сөздер: балалар поэзиясы, қазақ әдебиеті, фольклор, миф, сюжеттер, дәстүрлер ертегілер

FOLK TRADITIONS IN KAZAKH CHILDRENS POETRY

Aktoty Akzholova, Candidate of philological sciences, professor

Kazakh national pedagogical university Abai

Almaty, Republic of Kazakhstan

aktoty_72@mail.ru

Uaidullakzy Elmira PhD, Senior Lecturer

Kazakh national pedagogical university Abai

Almaty, Republic of Kazakhstan

elmira_uaidulla@mail.ru

Abstract

This article analyzes in details folklore genres introduced to children's poetry via specific examples and the ways Kazakh poets used folklore. In addition, it examines the consistency of national folkloric tradition with the children's poetry. It also looks at how Kazakh poets in developing fairy tales used mythical stories and themes.

Thus, the present tradition derived from retelling the forgotten stories and imaginative usage of the past themes by poets. This tradition instills fantasy and imagination into fairy tales. It is manifested by the extraordinary characteristics of men while animals carry humanistic behaviours. Moreover, there are found some miraculous characters as well. In the plot of the fairy tale, there are unexpected, unforeseen, and meaningful events. Those events which are not conducive to normal, ordinary life, told in a colourful and exaggerated way makes the fairy tale attractive and impressive. The article talks about the poem written by E. Tazhibaev "Tolaghay" which is based on the ancient mythical theme. The poet clearly states that he is using oral information gathered from the people. This poem is a clear reflection of a "Legend of heroism." However, the author does not pay much attention to the genre of used material. According to the people - it is a legend. The term 'myth' entered the Kazakh vocabulary through scientific usage. The etiological feature of the myth on Tolaghay is coherent. In the myth the occurrence of the lonely and freestanding mountain is defined. Giants left the mountain half way which they were bringing in the prevention of the water flood. Demons, giants are those who lift mountains. Their purpose is to stop the water flood and find a drowned child. Even if E.Tazhibaev understands the myth, he completely gives a new meaning to the story by telling about the youngster who wanted to save the people from the drought and lifted the mountain. In the myth, the youngster loses his life but save the people from the drought.

The poet E. Tazhibaev retold the known myth with his own narrative style. The young person became a hero in his story. The author emphasized that this behaviour is very useful for our young generation. He even inculcated romantic paphos into the mythic foundation. The style of the poem draws attention to some other heroic poems.

Furthermore, folklorists and psychologists noted the parallel between the ancient mythical consciousness and worldviews of kids. This corresponds to the work of M.Alimbaev which is called "Two brothers are like two mountains". Sagynysh, who saw two mountains in the painting imagined his two brothers who had left their homes in order to meet each other but never met. Viewing a mountain as a living thing is a phenomenon attributed to archaic worldview.

This article presented Kazakh poets' interest in fairy tale genre, and the ways mythical stories and themes used in those fairy tales. First of all, this is because fairy tales are appealing to children, and easy to understand. Moreover, it has an enormous value for a moral education, righteousness, and humanity. For that reason, retelling and presenting stories from the past is a mindful action. The author concludes that written folklore mythical stories and themes explained with specific examples could be useful in children's literature work.

Keywords: children poetry, Kazakh literature, folklopes, myths, plots, traditions, fairy tale

Адам үшін баласынан жақын, баласынан артық нәрсе жоқ, сол себепті халық қай ретте де ұрпағынан аянған емес. Сондықтан халық мұрасы – халық шығармашылығының үлкен бір арнасының балаларға арналған өлең-жырлармен, ертегілерден құралуы тегін емес. Бүгінгі балалар поэзиясы да фольклор үлгілерімен жанды байланыста, біте қайнаса қалыптасты, оның түп тамырынан қол үзбей, қанаттаса, тәжірибе бөлісе ержетті. Қазақ балалар әдебиетінің жанрлық құрамының қалыптасуына көз жүгіртсек, балалар поэзиясының тұрақты үлгілері – бесік жыры, тұсаукесер, санамақ, өтірік өлеңдер, аңыз, ертегі формасында көптеп кездесетіндігін байқау қиын емес. Ал, алғашқы жазба поэзия үлгілері де халық әдебиетінен тамыр тартып, нәрленгендігі шүбәсіз. Міне, осы – халық әдебиеті негізінде қалыптасу мен фольклорды философиялық ойға баспалдақ ету аралығында қазақ балалар поэзиясы жүріп өткен күрделі жол жатыр. Өзінің қаз тұрып, қалыптасу, өсіп-өркендеу жолында фольклор астарынан шығып, марқайып, ірі көркемдік табыстарға қол жеткізді. Бай, мәуелі қазақ әдебиетінің іргелі саласы балалар әдебиеті десек оның өзі іштей поэзиялық және прозалық нысандар болып бөлінеді. Поэзия – балалар әдебиетінің өрісті, өркендеген тармағы. Балалар поэзиясы ХХ ғасырда өзіндік стилін қалыптастырып, көкке бой созған бәйтеректей өсіп, өркендеді. Әсіресе, 1920-1990 жылдар аралығында фольклорды өзіне үлгі ете отырып, дидактикалық сарыннан біртіндеп қол үзіп, баланың жаттап алуына оңай, нағыз балалар поэзиясына айналды. Фольклор қазақ балалар әдебиетінің дамуы мен қалыптасуының құнарлы негізі бола отырып, жалпы әдеби үрдістің дамуына да оң әсерін тигізді, әдебиеттің барлық жанрлары мен түрлерінің өркендеуіне де өріс аша алды.

Ақындар халық мифтерін өздерінің талғам-танымына бағындыра өңдейді, ұштайды. Бірақ оқиғаның ішкі сүйегін көп өзгеріске ұшыратпай сақтайды. Көне мифтік сюжеттің негізінде дүниеге келген туынды – Ә.Тәжібаевтың «Толағай» атты поэмасы. Ақын туындысының бастапқы жолдарында:

Ел аузында ертеректен,
Ертек болған қызық көптен,
Бір әңгіме есімде бар
Айтып соны баяндайын[1, 35 б.], -

деп халық аузында жүрген деректі пайдаланып отырғанын ашық аңғартады. Сондай-ақ «Ерлік туралы аңыз» деп айдарлауы арқылы фольклорлық дүниеге табан тіреп отырғанын айқын көрсетеді. Бірақ автор өзі пайдаланып отырған материалдың жанрлық сипатына мән бермейді. Халық ұғымында бұл – аңыз. Миф – қазақ тіліне кейінірек ғылым арқылы орныққан термин. Поэма басында балаларды еліктіру, қызықтыру үшін әдейі «ертек болған» десе, одан әрі:

«Ерінбейін, аянбайын,
Тыңдау үшін кел, балалар, -

деп шығарманың жас балғындарға арналғанын байқатып өтеді [1]. Сол себепті бұл туындының баяндау стилі жеңіл, өлең өлшемі 7-8 буынды, көлемі шағын, жатық оқылады. Ең бастысы, жас оқырмандарын шаршатпайды да жалықтырмайды.

Фолклортанушы Ш.Керімнің зерттеуіне қарағанда, Толағай туралы мифтердің ертеректе хатқа түсіп, жарияланған төрт нұсқасы мәлім: Бірінші нұсқа «Дала уалаяты газетінің» 1894 жылғы 29 санында, екіншісі осы газеттің 1890 жылғы 19 санында, үшіншісі Дм. Львовичтің «По киргизской степи. Путевые очерки» (Петерград, 1914) атты кітабында басылса, ал соңғы өзгешелеу нұсқасын зерттеуші Г.Н.Потанин жазып алған [2].Толағай

туралы мифтің этиологиялық сипаты айқын. Мифте айдаладағы жалғыз, жеке таудың пайда болуы себебі түсіндіріледі. Алыптар өзен суын бөгеу мақсатымен тауды көтеріп әкеле жатып, жарты жолда қалдырады.

Ғалым А.А.Криничнаяның пікіріне құлақ түрсек: «Нередко великаны выступают как демиурги. О локальных преобразованиях ландшафта, совершаемых великанами, повествуется в восточнославянских мифологических преданиях... Образ великана в фольклорной традиции в силу его полистадиальности и полисемантической чрезвычайно противоречив, и потому стихийные деяния названного персонажа отнюдь не исключает целенаправленных, осознанных действий» [3, 145 с.]. Халық мифтерінде тау көтеріп келетіндер – дию, алып, олардың тау көтерудегі мақсаты – суды бөгеу, сөйтіп батып кеткен баласын табу. Ақын Ә.Тәжібаев миф өзегін алғанымен, мүлде басқа өң, тыныс береді, салмақ дарытады. Тау көтеріп келетін бозбала – қуаңшылықтан азап көрген елге көмектесу мақсатында басын қатерге тігіп, қаймықпай тау көтеріп әкеледі, сөйтіп тау астында өзі қалса да қауымды құрғақшылықтан құтқарады. Ел игілігі үшін мерт болады.

Ғалым Ш.Керімнің сөзімен айтсақ: «Толағай образы рухани жағынан көне грек әдебиетіндегі Прометей бейнесімен туыстас. Прометей қалың көпшілікке жарық әкеледі, от ұрлап, тәңірінің қаһарына ілінеді. Зевс оны тасқа шегелеп тастайды. Ал Толағай елді қуаңшылықтан құтқарады, қарымен, бұлтымен қоса тау арқалап әкеліп, елді жаңбырға қарық қылады, өзі тау астында қалып қаза болады. Әлемге әйгілі «Прометей» туралы трагедия гректердің көне мифтік ұғымдарының негізінде дүниеге келген еді. Екі көне мифтің идеясы асқақ – халық қамы, игілігі үшін жанды құрбан ету, асыл мұрат жолындағы күрес дәріптеледі» [2]. Әрине, қазақтың байырғы мифінде Ш.Керім көрсеткендей, асқақ идея жоқ, оны биік деңгейге көтеріп отырған ақын. Қарымды қаламгер байырғы мифті өзгертіп, жаңа сапада жырлап шыққан. Мифті тағылымды, өнегелі туындыға айналдырған. Ақын осындай ойдың жас ұрпақ тәрбиесінде берері көп, тәлімі мол екенін ескерген. Толағай жас ұрпақ үшін идеал болуға лайық қаһарманға айналған. Мифтік негіз туындыға ірі романтикалық пафос дарытқан. Поэманың баяндау машығы, кейбір мотив-сарындары батырлық жырларды еске салады. Ә.Тәжібаевтың туындысы қазақтың дәстүрлі батырлар жырындағыдай Саржан атты мергеннің болғанын, оның Айсұлу атты жарының бар екенін, олардың отбасында ерекше «ұлдың» дүниеге келгенін баяндаумен басталады, бұл да батырлар жырына тән мотив. Оқиға Ертіс жағасында өтеді, демек ақын бұған нақтылық сипат берген. Жас сәбидің көркін, тез, жылдам өсуін фольклорда жиі қайталанатын бейнелеу тәсілімен суреттейді.

Үштен төртке жетті жасы,
Туған айдай екі қасы,
Ақ тістері ақ меруерттей,
Қос жұлдыздай көз жанары,
Қос бетінен тамып қаны,
Жалындайды жанған өрттей [1, 36 б.].

Баланың ерекше болмысы, тез ержетуі, бұла күш-қайратының суреттелуі батырлар жыры тақылеттес ұлғайтыла көрсетіледі:

Жеті жаста садақ тартты,
Атқан оғы тасты уатты,
Жай отынан кейін емес,
Темірден де өткізеді,
Күндік жерге жеткізеді [1, 38 б.].

Толағайдың алыптық қасиетін, тез қатайып, қанаттануын әсерлеу тәсілімен өрген. Бұл «Ертөстік», «Алпамыс» жырын еске салса, оның аңға шыққанда әкесін бүрген жолбарысты жайратуы «Қамбар батыр» жырының сарынымен үндеседі. «Алпыс үйлі арғынды, тоқсан үйлі тобырды» аңшылықпен асыраған Қамбар қарсы келген жолбарысты құйрығынан көтеріп, басынан айналдырып лақтырып жібергенде қырық қадам жерге барып түседі. Халық ұғымында жолбарыс асқан қайраттың, алып күштің бейнесін (символын) білдіретін.

Ендеше сол жолбарысты құйрығынан ұстап лақтыруы - Қамбардың аса мықты батыр екендігін дәлелдемек. Ал, Ә.Тәжібаев сомдаған бала Толағайдың ашу қысып, хайуанды құйрығынан алып, «таяқ құрлы» көрмей дөңгелетіп, басынан асыра, ұршықтай үйіріп лақтырған сәтін шығармада былай бейнелейді:

Өлден кейін аспандатып,
Айдын көлге жіберді атып,
Күмп етті де кетті батып,
Бұл не деген үлкен мысық [1, 40 б.].

Яғни, Толағай үшін жолбарысты үлкен мысықтай қауқары бар етіп бейнелеу, әсерлеу қаһарманды ғажайып қайрат иесі ретінде сендіру мақсатынан туындаған тәсіл. «

«Толағай» поэмасы – жас буынды күрескерлікке үндейтін, Отансүйгіштік рухта тәрбиелейтін шығарма. Бұл поэма сәтті туынды, қазақ балалар поэзиясының табысы десек артық айтқандық болмас. Ақын байырғы сюжетті жаңа деңгейге, сапаға көтере жырлады. Поэманың соңындағы баласынан айырылған ата-ана қайғысын суреттеуде де мифтің ізі сезілмей қалмайды. Мифте әкесі Дәуіркезең деген шаттағы үңгірге кетіпті, сол үңгірден батырдың дем лебізі шығып, батыр өткенді ойлап қаһарланған уақытта дауыл болып жатады екен. Жаман хабарды естіген шешесі баласының өлген жеріне келіп, Қызылтасты көріп, баласы екенін біліп, осы күнгі Ақтас деген төбе тұрған жерде отырып, жылап қайғыдан өліпті. Сол әйелдің денесінен Ақтас төбе пайда болды дейді:

Айсұлудың күрсінгені,
Күрсінгенде алған демі,
Адам тұрсын тауға батты.
Кеуіп қалған қос шандырдан,
Күйік сүті шапшып тыңнан,
Кілең аппақ тас боп қатты [1, 43 б.].

Екі нұсқада да қайғы, күрсіністен пайда болған леб табиғатқа әсерін тигізеді. Халықтық нұсқада Ақтас төбе ананың денесінен пайда болса, Ә.Тәжібаев жырында қайғыланған ана емшегінен аққан күйік сүті аппақ тас боп қатты деп бейнелейді. Екі нұсқадағы оқиға – Ертіс жағасында өтеді. Миф Шығыс Қазақстан өңірінде таралған, сол өлкенің нақты географиялық нысандарына байланысты туған. Ақын да мифті осы өңірден естігені даусыз, сол себепті Ертіс топонимін сол қалпында сақтаған.

Ел аузындағы жұмбақ мифті А.Тоқмағамбетов балаларға арналған көлемді «Алыптар туралы ертегі» атты поэзиялық туындысына арқау еткен. Ақын поэма басында фольклорға байланысты ұстанымын былайша білдіреді:

Ертегі шыққан емес еріккеннен,
Ертек бар сөз асылын теріп берген,
Ажарлап, әсерлеп, әдемілеп,
Қазынасын ел ертекепен беріп келген [4, 123 б.].

Бұл мифте алыптар туралы, бас-аяғы түгел жұмбаққа құрылған, мұнда А.Машановтың пікіріне сүйенсек, космогониялық сипат бар. Мифті І.Жансүгіров 1927 жылы Мәскеуде жарық көрген «Өтірік», Ж. Аймауытов 1929 жылы «Көк өгіз» атты жинақтарда жариялаған. Бұл миф сюжетін Сыр бойы ақыны Қ.Баймағанбетов өлеңге айналдырып, Кете Жүсіпке жұмбақ ретінде жібереді, оған философиялық астар дарытып, адам ғұмыры жайындағы жұмбаққа айналдырды. Сыр бойында туып-өскен, кейін Сыр сүлейлері туралы қалам тартқан ақынның әйгілі жұмбақ айтысын білгені анық, әрі І.Жансүгіров, Ж.Аймауытов бастырған мәтіндермен таныс болғаны күман келтірмейді [5].

А.Тоқмағамбетов поэмасы фольклорға тән асыра, ұлғайта суреттеуге аса бай. Мәселен, өгіздің алыптығын «көз жанары көлшіктей», «қос мүйізі –жота жарған шың сықылды, арасы ат шаптырым, «ерні таудың етегіндей», «жойқын желкесінде алпыс қой, жетпіс серке жайлағандай», «келместей Сырдың суы сирағынан», «сом біткен үй орнындай тұяқтары ат сыйып, ашасынан адам өтер», «көл суын шөлдегенде бір-ақ қылғып», «тұрыпты күтуінде алпыс адам» т.б., - деп шебер бейнелейді. Миф соңы «кім алып» деген сұрақпен бітсе, оны

Ж.Аймауытов: «Осының бәрінен де көк өгіз бен бүркітті» бірдей көтерген серке мықты. Екінші, көзіне түскен көк өгіздің жауырынын шөп құрлы көрмеген, қара шаруа мықты. Түлкі, қатын, бала – үшеуінің мықтылығы бірдей» деп шешсе, А.Тоқмағамбетов өз шешімін:

Меніңше, алыптардың алыбы – ана,
Анадан бәрі осының туған бала,
Халық алып, халық анасы онан да алып,
Балалар, сіздер де ойла, дәл бағала [4, 88 б.] –

деп халықтың «алып анадан туады» деген мақалымен түйеді. Поэмада байырғы космогониялық миф әсерлеу құралына айналған:

Шынжырлап «ақ боз ат пен көк боз атты»,
Жылжымай «темір қазық» мүлгіп қайтты.
«Қарақшы жеті» бірдей торуылдап,
Бар жұлдыз жымың қағып ізін бақты [4, 81 б.].

Дегенмен поэма сюжеті ауыр, шұбалаңқы, тек жоғары сынып оқушыларының қабылдауына ғана қолайлы. Ө.Тұрманжановтың «Алып кетпен» атты туындысының арқауына ежелгі мифтік түсінік негіз болған:

Бір тас бар дейтін халық «алып кетпен»,
Бір дәуден ертеде қалып кеткен,
Бұрқылдап бір құлақ су ағып жатыр,
Жерінен сағалата шауып кеткен [4, 193 б.].

Республика аймағында кейбір белгілерді алыптардың, дәулердің әрекетімен байланыстыруы мифтік сананың іздері жатыр. Фольклортанушылар мен психологтар байырғы мифтік санамен балалардың дүниетанымдық өсу жолында ұқсастық бар екендігін байқаған. М.Әлімбаевтың «Екі бауыр – екі тау» атты туындысында осы сәйкестікті сеземіз. Суреттегі екі таудың бейнесін көрген Сағыныш оны – ағайынды екі ұл, бірін-бірі іздеп шығып, кездесе алмаған бауырлар ретінде елестетеді. Тауды жанды мақұлық деп ұғыну архайкалық дүниетанымға тән құбылыс. Атам заманғы осындай анимистік пайымдаулардан өрбіген жекеленген тау, жартастарды бұрынғы адам ретінде түсіндіретін мифтік әңгімелер қазақтар арасында да көп сақталған. С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасында шаршап, ұйқыға кеткен батырдың тасқа айналғанын баяндайтын миф көрініс тапқан. Академик С.Қасқабасов: «Мифологиялық ойлаудың кейбір ерекшеліктері көне замандағы «жабайы» адамның өзі-өзін маңайындағы табиғаттан, әлемнен бөлмеуінің салдарынан пайда болған. Ол кездегі адам өз қасиетін табиғатқа, оның белгілі бір құбылысы мен объектісіне теліген, олар да адам сияқты өмір сүреді деп ойлаған» [6, 76 б.], -дейді. Қазіргі ғылымда «балалар анимизмі» атты термин орныққан. Психологтардың айғақтарына қарағанда, әсіресе, «балалар анамизмі» 3-5 жас аралығында айқын бой көрсетеді, олардың ішінде «заттардың қайғыруы» ерекше орын алады (Л.С.Выготский) [7, 91 б.].

Фольклор – қат-қабат, көп қыртысты, ол мұраларда адамзат ойының ілкі дәуірлерден басталып, бүгінге дейінгі ой-санасының өзгеруі сәулеленген. Жаңа дүниеге келген бөбектің ой-санасы ер жеткенге дейін аз мерзімде адамзаттың пайда болуынан есейгенге дейінгі ой-санасын қайта жүріп өткендей күй кешеді. М.Әлімбаевтың жоғарыдағы шығармасында бір-біріне қолы жетпеген, сағыныштан ет-жүрегі езілген бауырлардың күңіл-күйін әсерлі суреттейді:

Еміренген ұлысы:
«Қайда менің тәтем»-деп.
Тебіренген інісі:
«Қайда менің көкем»-деп.
«Көзі қандай екен» деп,
«Сөзі қандай екен»-деп,
Ет жүрегі езілген:
«Енді қашан жетем»-деп.

Басып өтіп батпақты,
 Жарып өтіп Бетпақты,
 Қолын созып, үздігіп,
 Жүз жығылып, жүз тұрып.

Ақын дәл айтпаса да, бір-біріне қосыла алмаған екі ағайындының «тауға айналуын» меңзейді. Адамның тауға, тасқа айналуы – жиі кездесетін мифтік сарын. «Екі бауыр – екі тауда» Алатау мен Қаратауды адам ретінде, олардың тауға айналуын қайғыдан деген емеурін баланың қабылдауы, «анимизмі» арқылы берілуі – ақынның шеберлігін ғана емес, балалар психологиясын жақсы білетіндігіне дәлел. Х.Талғаровтың «Ертіс туралы ертегісінде» жер-су орындары адам ретінде алынады. Алтай шал, бай адам, қойны алтынға толы, ол бір перзенттің жоктық зарын тартады, тәңірінен жалбарынып ұл сұрайды, тілегі қабыл болып, балалы болады, бұндай мотивтер батырлық жырларда жиі қайталанатындығы мәлім. Дүниеге келген бала ертегі кейіпкерлеріндей, ерекше, тумысы да бөлекше, «айдары алтын», оған Ертіс деп ат қояды, «бойында күші тасыған» «жас алып» деп сипаттайды. Ертіс әкесіне қойнына тыққан байлығының көпшілікке пайдасы тимеді деген реніш білдіреді. Обь – сылаң қаққан ару кейпінде бейнеленеді. Әкесі ұйықтаған кезде қашып шығатын Ертіс өзенге тән суреттеледі:

Бұзып-жарып тынымсыз,
 Толқыны алып қашады [8, 95 б.].

Зайсан – Ертістің көз жасынан пайда болады, Бұқтырма алдынан шығады. Құғыншылар Алтайдың кәрінен шөгіп, тауға айналады. Ертіс әкесінің сырын жар салып айтып, барлық халық соны алуға асығады. Демек бұл туындыда Алтай, Ертіс, Обь, Бұқтырма, Зайсан сынды жер-суларды қайғыратын, қуанатын адам кейпінде алуы атам заманғы наным-сенімнен туындаған көркемдік тәсілдер. Мұндай тәсілдерді ескі миф, ертегілерден табамыз. Байырғы мифтердің бірінде Байқал – Сібірді билеп төстеген бай адам, ол қаһарлы, ашулы, ызғарлы, оның көңіл күйіне сай ауа райы да құбылады, оның Зарлық атты жалғыз қызы болады, қыз Аңғара атты батырға ғашық болады, жігітімен жасырын кездесіп жүрген қыз сырын әкесі біліп қалған кезде қорқып тауға тығылады. Жалғызынан айрылған Байқал өз қаталдығынан опық жейді, қайғырып жер бауырлап жатқанда жер ойылып, көлге айналады [9, Б. 129-130]. О.Әубәкіровтің «Сүт қалай ұйықтады» атты ертегісінде сүт жанды бейне ретінде алынады, бірде қатты ұйықтап, содан ұйып, айранға айналады, бұл балғындар логикасына қонатын сурет. Автор «Ұйқы – дұшпан» деген халық мақалын сюжет барысына үйлесімді етіп қолданады. Ақын ертегісін «Әй, дегенмен, балалар, көп ұйықтаған зиян-ау» - деген тәлімді жолдарымен түйіндейді.

Балалар ақындары айналадағы құбылыстарды, аспан әлемін жиі өлеңге айналдырады. Көбінесе «ай» балаларға арналған өлең-тақпақтарда жиірек нысанаға айналған.

Айды әперші, апатай,
 Алқа қылып тағайын,
 Алқа қылып тақпайын,
 Ақ доп қылып қағайын, -

деген Ө.Тұрманжанов қаламынан шыққан бұл жолдар айтуға жеңіл, ассонанстық сәйкестіктер саздылық дарытқан, оның үстіне дәстүрлі бесік жырының ыңғайында балалардың ұғым-қабылдауына ыңғайлығымен назар аудартады.

М. Әлімбаевтың:

Айдың беті аппақ,
 Аяның беті сатпақ,
 Неге олай?
 Ол былай –
 Ай
 Аунамайды жерге,
 Шомылады,
 Көлге [10, 18 б.], -

деген шағын өлеңінде ақынның мақсаты оқырман балғындарға тағылым беру, тазалыққа үндеу болғанымен, Ай мен бала беттерін салыстыру, шендестіру құралымен кестеленген. Күн, Ай сияқты табиғат құбылыстарын адам сықылды тірі жандар ретінде ұғыну атам заманғы мифтік иланымдармен қабысады. С.Қалиевтің «Алдапты» деген өлеңіндегі «Ай туыпты» ата сөзінен соң далаға шығып, аспанға қарағаннан кейін Асқар деген аңғал, аңқау жас бөбек:

«Атам мені алдапты»,

Ай баласын таппадым, - дейді [11, 12 б.].

Тіліміздегі «ай туыпты» деген тіркес байырғы наным-сенімнен өрбіген, қазір астарлы мағынаға айналған фраза, сөзді тура мағынасында ұғынуға жетелейтін бала танымындағы анимистік пайым. Н.Әлімқұлов өлеңінің сәби кейіпкері әкесінің «ай туыпты» деген сөзін ести сала «айдың баласын алып бер» деп сұрайды. Атам заманғы мифтерден күн, ай, жұлдыз, т.б адам тәрізді көрінетін алуан үлгілерін ұшырату қиын емес. Мифтерде олардың аспанға көтеріліп кетуі түсіндіріледі, олардың аспанда адам сияқты қарым-қатынасқа түсіп, некелесіп, ұрпақ дүниеге әкеліп, ренжісіп, достасып жүреді. М.Жаманбалиновтың күн мен айды, жұлдыздарды өзара достар етіп суреттеуінде байырғы наным-сенімдердің белгісі сезіледі. Бірақ достықтары көпке ұзамай бойын қызғаныш сезімі билеген ай жұлдыздарды бастап бөлек кетеді, бірақ түнде шыққанымен халықты жарықпен қарық қылып жарытпайды. Бұл туынды дүние жүзі халықтарының космогониялық мифтеріндегі күн мен айды адам ретінде, кейін екеуінің араздасып, ажырап кетуін баяндайтын байырғы мотивтерді еске салады. Бұдан өте ежелгі дәуірлердегі дүниетаным табы сезіледі, бір кездерде адамдар өздерін табиғаттан бөліп қарай алмаған, табиғат құбылыстары да адамға тән қасиеттерге ие деген сенім әлгіндей көзқараспен ұштасады. М.Жаманбалиновтың «Ай мен күні» де адамдарша тіршілік етіп ойлайды, қызғанады, егеседі, кек кернейді, күн ұйқыға кетіп, өздерінше бөлек тұруды қалайды. Ал, Н.Айтов Гүл мен Бидайды күн қыздары деп бейнелейді, екеуі ұрысып қоймаған соң шешесі жерге адамға жүгініндер деп жібереді. Екеуі адамзатпен тіл табысқанына қуанған Күн қызуын аямай төгеді.

Ақындардың ертегі жанрына ден қойып, онда мифтік сюжеттермен мотивтерді пайдалануының сыры неде? Себебі ертегілер ең алдымен балалар жанына жақын, қабылдауына қолайлы, ыңғайлы, оның үстіне тәрбиелік-тәлімдік мәні зор, адамгершілікке, жақсылыққа үндейтін түр. Сол себепті ақындардың байырғы сюжеттерді қайта жырлап, ұсынуы саналы әрекеттерден туындаған. Ертегіге фантастика, қиял образдық көрік дарытады. Онда адамдар ерекше қасиеттерімен көрінеді, ал хайуандар адамға тән әрекеттерімен бой көрсетеді, сондай-ақ ғажайып заттардың алатын орындары да айрықша. Ертегінің сюжеттік құрылымында оқыс, күтпеген, ұтқыр оқиғалар кезігеді, оқиғалар әдеттегі, дағдылы өмірдің қалпына сыймайтындай, боямалы, ұлғайта, құбылта баяндалуы басым, бұл оған тартымдылық, әсерлілік дарытады. Бала жаны таныс құбылыстардан гөрі, тосын, беймәлім құбылыстарға құмар, қияли жайттарды естіп, шаттанады.

Байырғы дәуірлерде адам өзін қоршаған ортадан бөліп нық шекара қоя алмаған, сондықтан адамдардың басқа күйге жануарға, басқа жансыз заттарға айналатындығы – байырғы таным іздері.

Пайдаланылған Әдебиеттер

1. Қазақ балалар поэзиясының антологиясы. – Алматы: Жалын, 1977. – 460 б.
2. Керім Ш. «Ерлік туралы аңыз». // Жас алаш. 11 мамыр, 1989.
3. 97. Криничная Н.А. Становление сказителя: роль общинного начала// Мастер и народная художественная традиция Русского Севера. Петрозаводск. 2000, 145-152 с.
4. Тоқмағанбетов А. Төрт томдық шығ. жинағы. 2 том. – Алматы: Жазушы, 1983. – 356 б.
5. Айтыс. – Алматы: Жазушы, 1965. – 660 б.
6. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Елорда, 2002. – 584 б.

7. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – Москва: Просвещение, 1967. – 96 с.
8. Ертегі сыр шертеді. – Алматы: Жалын, 1986. – 319 б.
9. Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 320 б.
10. Әлімбаев М. Шығ. жинағы. 2 том. – Алматы: Санат, 1997. – 703 б.
11. Қалиев С. Қандай болып өсемін. – Алматы: Балауса, 1994. – 320 б.
12. Жұмабаев М. Таңдамалы шығ. жинағы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б.
13. Лосев А.В. Античная мифология в её историческом развитии. – Москва: Наука, 1957. – 57 с.
14. Чуковский К. От двух до пяти. – Москва: Педагогика, 1990. – 384 с.
15. Субботский Е.В. Ребенок открывает мир. – Москва: Просвещение, 1991. – 205 с.
16. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. – Москва: Л., 1932. с. 201.
17. Аймұхамбетова Ж.Ә. Оралхан Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған канд. диссер. Астана. 1999. –126.
18. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Елорда, 2002. – 584 б.

IN VITRO ЖАҒДАЙЫНДА ДАРА ЖӘНЕ ҚОС ЖАРНАҚТЫ ТҰҚЫМДАРДЫҢ ӨНУІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Ануарова Л.Е.

б.ғ.к., қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы,

Берік Н.Т.

магистр оқытушы;

Мусадильдаева А.М.

2 курс магистранты,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,

Anuarova68@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада өсімдіктердің тіршілік циклын жан - жақты зерттеу ертеден келе жатқан пәндік негіздердің бірі боп табылады. Оны ғылымда морфологиялық, физиологиялық, экологиялық, онтогенетикалық және филогенетикалық және т. б. салалар тұрғысынан зерттейді. Тіршілік циклы – ол ағзалардың, индивидтердің, жеке бір түрлердің бір немесе бірнеше ұрпақтарының даму сатысы.

Онтогенез барысында, яғни өсімдік ағзасының пайда болуы мен тіршілігінің соңына дейінгі жеке дамуы кезеңінде ағза белгілерінің белгілі бір ретпен өсуі мен дифференциалдануы нәтижесінде бір қатар морфологиялық және физиологиялық өзгерістерге ұшырайды. Бұл процестер өзара байланыса отырып, шартты түрде бірыңғай даму процесінің әртүрлі құрылымын жасайды [1;2].

Онтогенез процесі дезинтеграция және дифференциация процесінің нәтижесінде аналық ағзадан оқшауланған ұрықтың қалыптасу барысында басталады. Ұрық аналық ағзадан оқшауланғаннан кейін (кеңістік жағдайында болмаса да, морфологиялық - физиологиялық тұрғысынан) эмбриональдық (ұрықтық) даму сатысына өтеді.

Ауылшаруашылық өсімдіктерін өсіріп, олардан жоғарғы сапалы өнім алу байырғы кезеңнен адамзаттың қызығушылығын арттырып келе жатқандықтан, олардың биологиялық ерекшеліктерін, яғни өсу және дамуын, физиологиясын зерттеу мақсаттары алға қойыла бастады. Өсімдіктің өсу мен дамуына әсіресе жарықтың, температураның, судың мөлшерінің айтарлықтай тигізетін әсері зор болғандықтан аталған қоршаған орта факторларын жан жақты зерттеуді қажет етеді. Сондай – ақ, мұндай өсімдіктерді одан әрі мәдени жағдайға енгізу барысында түрлердің онтоморфогенез ерекшеліктерін анықтау ең басты мәселе боп табылады [3;4;5].

Жұмыстың мақсатына жету үшін зерттеу объектілері ретінде мәдени дақылдардың 7 түрі алынды. Дара жарнақтылардан бидай (*Triticum*), жүгері (*Zea mays*), арпа (*Hordeum*), жуа (*Allium*), қос жарнақтылардан сәбіз (*Daucus*), баклажан (*Solanum melongena*), асқабақ (*Pepo*) өсімдік түрлері алынды.

Зертхана жағдайында тұқымның өну қарқындылығын анықтау үшін алдымен тұқымның таза салмағы өлшеніп алынып, оның сапалығы анықталды. Одан әрі тұқымның өнуі мен өсу динамикасын бақылау М.К. Фирсова [6] әдісі арқылы жүзеге асырылды.

Кілттік сөздер: Бидай, жүгері, арпа, жуа, сәбіз, баклажан, асқабақ, тұқым, термостат, гипокотиль, колиоптиль.

FACTORS THAT INFLUENCE FOR GROWTH MONOCOT AND DICOT SEEDS IN VITRO

Anuarova L.E

Candidate of Biology, Acting Associate Professor,

Berik N.T

Master teacher;

Musadildaeva A.M

Master student,

Kazakh State Women's Teacher Training University, Anuarova68@mail.ru

Annotation: An in - depth study of the plant life cycle in the article is one of the earliest subject areas. It is morphological, physiological, ecological, ontogenetic and phylogenetic in science. p. in terms of industry. Life Cycle is the stage of development of organs, individuals, or one or more generations of individual species.

During the ontogenesis, ie during the period of individual development of the plant organism and the end of its existence, it is subjected to a number of morphological and physiological changes as a result of the sequential growth and differentiation of organisms. These processes, by interconnection, create a different structure of conventional developmental processes [1, 2].

As a result of the ontogenesis process, the process of disintegration and differentiation begins in the process of formation of an isolated fetus. The fetus moves to the embryonic stage of postmenopausal (morphologically and physiologically, though not in space).

As the cultivation of agricultural plants and their high quality products have been gaining interest from the indigenous peoples, their goal is to explore their biological features, such as growth and development and physiology. The growth and development of the plant, in particular, has a significant impact on light, temperature and water, and requires a thorough study of these environmental factors. It is also important to identify the features of the ontomorphogenesis of species when introducing such plants into a more cultural context [3, 4; 5].

7 types of cultures were obtained as research objects to achieve the purpose of the work. From Monocotyledon plants were derived wheat (*Triticum*), maize (*Zea mays*), barley (*Hordeum*), onion (*Allium*), from Dicotyledon plants were obtained carrot (*Daucus*), Eggplant (*Solanum melongena*), pumpkin (*Pepo*) plant.

In the laboratory, the net weight of the seed was first measured and its quality was determined to determine the seed intensity. Further, control of the dynamics of reproduction and reproduction of seed complete with the method of Forsova [6].

Key words: Wheat, Corn, Barley, Onion, Carrot, Eggplant, Pump, Seed, Thermostat, Hypothetical, Coliophyt.

Зертханада тұқымдардың өңгіштігін анықтау 3 рет қайталанып жүргізілді (әр қайталану 100 данадан). Тұқымдар ылғалданған сүзгі қағаз салынған Петри табақшасына отырғызылып, 25 күн бойына 18⁰С, 22-25⁰С температурада зертханалық жағдайда өндірілді.

Зертхана жағдайында тәжірибеге алынған өсімдіктердің отырғызылған тұқымдарының шығымдылығы мен өну қуаты 3 нұсқа жағдайында жүзеге асырылды.

1 - нұсқа. Зертхана бөлмесінің оңтүстік - шығыс терезесінен 0,5 м аралықтағы жарықта, ылғалмен толық қаныққан (20⁰С) температуралы жағдайда;

2 - нұсқа. Толық ылғалмен қаныққан, қараңғыда (18⁰С) температуралы бөлмеде;

3 - нұсқа. Тұрақты температуралы 25⁰С, катализаторда ылғалмен толық қаныққан, жарық термостатқа орналастырады. 1-3 варианттарда толық пісіп жетілген тұқымдар;


1 - нұсқа бойынша 20⁰С температуралық ылғалмен толық қаныққан жарық жағдайында әр Петри табақшасына алынған өсімдіктерден 100 данадан тұқымдар орналастырылды.

Тұқымдардың шығымдылығы мен өну динамикасын анықтау үшін олардың өсуі мен даму қарқындылығына фенологиялық бақылаулар жүргізіліп отырды.

Бақылау нәтижесі отырғызылған бидай тұқымының 100 данасынан 75 тұқым өнгендігін, жүгері тұқымының 100 данасынан 80 тұқым, пияз тұқымының 100 данасынан 85 тұқым, сәбіз тұқымының 100 данасынан 65 тұқым, баклажан тұқымының 100 данасынан 47 тұқым өнгендігін көрсетті (1, 2, 3, 4 - суреттер). Ал арпа және асқабақ өсімдіктерінің тұқымының өзіне тән биологиялық ерекшелігіне байланысты өнген жоқ. Ең алғашқы 6 күн ішінде өнген тұқымдардың саны анықталып орташа пайыздық көрсеткіші есептелінді. Зерттеу нәтижелері бойынша белгіленген 25 күннің ішінде зертханалық жағдайда әрбір жүз бидай тұқымынан алғашқы 2-ші күні 20%, орташа мәні 75%, жүгері тұқымынан алғашқы 3-

I. ULUSLARARASI ABAY KUNANBAYOĞLU KAZAK KÜLTÜRÜ, TARİHİ VE EDEBİYATI SEMPOZYUMU

ші күні 20%, орташа мәні 80%, жуа тұқымынан алғашқы 6-ші күні өнгені 28%, орташа мәні 85%, сәбізден алғашқы 6-ші күні өнгені 30%, орташа есеппен 65%, баклажан тұқымынан 9-ші күні 5%, орташа мәні 47%, арпа және асқабақ тұқымдары.



Сурет 1- Асқабақ тұқымы алғашқы 6 күнде тұқымдары өнген жоқ; сурет 2 - Баклажан тұқымы; Сурет 3 - Пияздың 6 күндік өнген тұқымы; Сурет 4 - Баклажанның 6 күндік өнген тұқымы.

Осы уақыт аралығында кестеде көрсетілген мәліметтерді салыстыра отырып өну динамикасының ең жоғарғы қарқындылығы пияз өсімдігінде (85 дана), ал ең төменгі дәрежеде өну баклажан өсімдігінің тұқымында (47 дана) екендігін байқауға болады (5,6 – суреттер).

Ал келесі кезекте орташа есеппен жақсы жетілген тұқымдар жүгері (80 дана) мен бидай (75 дана) өсімдігінде, ал өсу динамикасының әлсіздігі сәбіз өсімдігінің тұқымында (65 дана) байқалды (5, 6, 7-суреттер).

33



Сурет 5-Бидайдың 6 күндік өнген тұқымы



Сурет 6-Жүгерінің 6 күндік өнген тұқымы



Сурет 7- Сәбіздің 6 күндік өнген тұқым

Ылғалдылығы жеткілікті жарық жағдайында өнген тұқымдардың өнуі барысында қалыптасқан алғашқы колеоптилі мен гипокотилінің морфометриялық көрсеткіштері өлшеніп алынып, оларға статистикалық талдаулар жасалынды (1-кесте).

1-кесте. Жарық бөлмедегі өскіндердің 6 күндік морфологиялық көрсеткіштері, мм

№	Морфологиялық белгілер, мм	Бидай	Жүгері	Пияз	Сәбіз	Баклажан
1	Гипокотиль	0,5±0,3	0,9±0,2	0,5±0,27	0,4±0,2	0,6±0,4
2	Колеоптиль	0,8±0,4	1,3±0,7	1,1±0,2	1,1±0,4	0,3±0,8

3	Негізгі тамыр	0,7±0,28	0,4±0,2	1,3±0,4	4,3±0,9	3,2±0,81
4	Жанама тамыр	2,3±0,3	1,1±0,5	1,04±0,5	1,8±0,6	0,9±0,4
5	Қосалқы тамыр	2,7±0,8	4,0±1,0	1,2±0,5	2,7±0,5	2,1±0,5

1-кестеде келтірілген сандық көрсеткіштерге статистикалық талдау жасай отырып, 20⁰С жарық бөлмеде өскен өскіндердің ішінде жүгері өсімдігінің гипокотилының ұзындығы ең жоғары (0,9 ± 0,2) дәрежеде, ал ең төменгі көрсеткіш сәбіз өсімдігінде (0,4 ± 0,2) екендігін көрсетсе, ең ұзын колеоптиль жүгері өсімдігінде (1,3 ± 0,7), ең төменгі сандық көрсеткіш баклажан өсімдігінде (0,3 ± 0,8) екендігін байқатты. Ал негізгі тамырдың ұзындығы сәбіз өсімдігінде 4,3 ± 0,9-ге тең болса, жанама тамырдың ұзындығы бидай өсімдігінде (2,3 ± 0,3) жоғары болып келеді. Қосалқы тамырдың ең жоғарғы көрсеткіші бидай өсімдігінде 2,7 ± 0,8, ең төменгі дәрежеде пияз өсімдігінде (1,2 ± 0,5) қалыптасады.

Демек, 20⁰С жарық бөлмеде алынған өсімдіктер ішінде гипокотиль және колеоптиль жақсы нәтиже берген жүгері өсімдігінде болса, сәбіз және жүгері өсімдігі үшін негізгі тамыр мен қосалқы тамырларының дамып жетілуіне және бидай өсімдігінің жанама тамырының қалыптасуына ең қолайлы орта болып есептелінеді.

2 – нұсқа бойынша ылғалдылығы жеткілікті, 18⁰С температурадағы қараңғы бөлмеге қойылған тәжірибедегі өсімдік тұқымдарының шығымдылығы мен өну қарқындылығына жүргізілген 25 күндік фенологиялық бақылау нәтижелерінің қорытындысы төмендегі кестеде келтірілген. 18⁰С температурадағы қараңғы бөлмеде тұқымның өну қарқындылығы жүгері өсімдігінде (94 дана) басым екендігі анықталса, ең баяу өну динамикасы баклажан өсімдігінің тұқымында (32 дана) жүзеге асты (8,9,10- суреттер).



Сурет 8 - Қараңғы бөлмеде отырғызылған өсімдік тұқымдары; Сурет 9- Бидай тұқымы; Сурет 10 - Жүгері тұқымы.

Жүргізілген тәжірибені бақылау барысында зерттеуге алынған бидайдың 100 дана тұқымынан 74-і, жүгері тұқымының 100 данасынан 94-сы, пияз тұқымының 100 данасынан 98-і, сәбіз тұқымының 100 данасынан 67-сі, баклажан тұқымының 32 данасы өнгендігіне көз жеткіздік. Арпа мен асқабақ өсімдіктерінің тұқымдары қараңғы бөлмеде де өнбеді.

In vitro жағдайындағы қараңғы бөлмеде отырғызылған тұқымдардың 25 күн ішіндегі өнімділігі яғни әрбір бидайдың 100 тұқымынан алғашқы 3-ші күні 33%, орташа есебі 74%; жүгері өсімдігінің 100 тұқымынан алғашқы 2-ші күні 25%, орташа есебі 94%; пияз тұқымынан алғашқы 3-ші күні 37%, орташа көрсеткіші 98%; сәбіздің 100 тұқымынан алғашқы 5-ші күні 20%, орташа пайызы 67%, баклажанның 100 тұқымынан өнгені алғашқы 8-ші күні 9%, орташа көрсеткіші 32% - ті құрады. Алынған пайызды көрсеткіштікті

салыстыра отырып тұқымның өну динамикасының жоғарғы мәні пияз тұқымында (98%), ал ең төменгі мәні баклажан тұқымында (32%) тән болды.

Бидай тұқымынан өсіп шыққан алғашқы өскіндердің параллель жүйкелі, қияқ тәрізді колеоптилінде фотосинтез процесі әлсіз жүретіндіктен түсі ашық жасыл, өте нәзік болып келеді. Петри табақшасында отырғызылғаннан кейін 10 күннен соң арнайы қыш ыдыстарға, яғни топыраққа отырғызылды. Тәжірибе барысында өскен өскіндердің мүшелерінің морфологиялық өлшем бірліктері анықталынды (4-кесте).

2 – кесте. Қараңғы бөлмедегі өскіндердің морфологиялық көрсеткіштері (10 күндік), мм

№	Морфологиялық белгілер, мм	Бидай	Жүгері	Пияз	Сәбіз	Баклажан
1	Гипокотиль	0,7 ± 0,4	0,8 ± 0,3	0,5 ± 0,4	0,5 ± 0,3	0,3 ± 0,1
2	Колеоптиль	1,5 ± 0,3	1,8 ± 0,5	2,0 ± 0,5	1,4 ± 0,4	1,3 ± 0,4
3	Негізгі тамыр	3,5 ± 0,6	4,9 ± 1,1	1,7 ± 0,4	3,6 ± 0,9	3,7 ± 1,02
4	Жанама тамыр	2,6 ± 0,5	1,2 ± 0,5	1,7 ± 0,8	1,1 ± 0,4	1,04 ± 0,4
5	Қосалқы тамыр	2,8 ± 0,6	4,7 ± 1,5	1,8 ± 0,6	1,8 ± 0,2	2,7 ± 0,6

2-кестеде келтірілген қараңғы бөлмедегі 18⁰С-та өскен өскіндердің морфологиялық көрсеткіштеріне талдау жасау. Жүгері өсімдігінің гипокотильінің ұзындығы ең жоғары (0,8±0,3) дәрежеде болса, ал ең төменгі көрсеткіш баклажан өсімдігінде 0,3±0,1-ге тең екендігін көрсетті. Ең ұзын колеоптиль пияз өсімдігінде (2,0±0,5), ең төменгі сандық көрсеткіш баклажан өсімдігінде (1,3±0,4) екендігін байқатты. Ал негізгі тамырдың ұзындығы жүгері өсімдігінде (4,9±1,1) болса, жанама тамырдың ұзындығы бидай өсімдігінде (2,6± 0,5) жоғары болып келеді. Қосалқы тамырдың ең жоғарғы көрсеткіші жүгері өсімдігінде 4,7±1,5, ең төменгі дәрежеде сәбіз өсімдігінде (1,8±0,2) қалыптасады.

Демек, 18⁰С қараңғы бөлмеде алынған өсімдіктер ішінде жүгері өсімдігінің гипокотиль қолайлы болса, колеоптиль үшін пияз өсімдігі, жүгері өсімдігі үшін негізгі тамыр мен қосалқы тамырларының дамып жетілуіне және бидай өсімдігі үшін жанама тамырының қалыптасуы ең қолайлы орта болып есептелінеді.

3 – нұсқада зерттеуге алынған объектілерден әрбір 100 дана тұқым алынып, тұрақты температуралы 25⁰С, катализаторда ылғалмен толық қаныққан, жарық термостатқа орналастырылды.

25⁰С температурадағы термостатта отырғызылған қос жарнақты және дара жарнақты өсімдік тұқымдары алғашқы 3-ші күннен бастап-ақ өне бастады. Тұқымдардың шығымдылығы әр өсімдіктің түрлік ерекшелігіне және тұқымның морфологиялық-анатомиялық құрылысына байланысты әр түрлі дәрежеде жүзеге асты. Петри табақшасында егілген бидай тұқымдарының 100 данасынан 61-і, жүгері тұқымынан 76, пияз тұқымынан 89, сәбіз тұқымынан 76, баклажан тұқымынан 13-і өнсе (11-суреттер), асқабақ пен арпа тұқымдары әдеттегідей өнген жоқ.



Сурет 11 - Бидай, жүгері, пияз, сәбіз тұқымының термостатта өнуі

Алынған мәдени дақыл өсімдіктерінен алғашқы ұрық жапырақшасы мен ұрық тамыршаларының дамып жетілуі әр түрлі дәрежеде.

3-кесте. 25⁰С жарық термостаттағы өскіндердің 6 күндік морфологиялық көрсеткіштері, мм

№	Морфологиялық белгілер, мм	Бидай	Жүгері	Пияз	Сәбіз	Баклажан
1	Гипокотиль	0,5±0,32	0,5±0,19	0,5±0,34	2,6±0,30	0,6±0,3
2	Колеоптиль	1,9±0,40	2,1 ±0,41	2,0±0,24	2,2±0,5	1,8±0,42
3	Негізгі тамыр	4,0 ± 1,52	4,5±0,78	2,5±0,24	4,1±0,81	1,75±0,3
4	Жанама тамыр	1,7±0,86	1,3±0,81	1,7±0,25	1,6±0,9	1,9±0,43
5	Қосалқы тамыр	2,9±0,85	2,5 ±0,93	1,6±0,37	2,7±0,37	1,9±0,29

3-кестеде келтірілген сандық көрсеткіштерге статистикалық талдау 25⁰С жарық термостатта өскен өскіндердің ішінде сәбіз өсімдігінің гипокотильінің ұзындығы ең жоғары (2,6±0,30) дәрежеде, ал ең төменгі көрсеткіш жүгері өсімдігінде (0,5± 0,19) екендігін көрсетсе, ең ұзын колеоптиль сәбіз өсімдігінде (2,2±0,5), ең төменгі сандық көрсеткіш баклажан өсімдігінде (1,8±0,42) екендігін байқатты. Ал негізгі тамырдың ұзындығы жүгері өсімдігінде 4,5± 0,78-ге тең болса, жанама тамырдың ұзындығы баклажан өсімдігінде (1,9± 0,43) жоғары болып келеді. Қосалқы тамырдың ең жоғарғы көрсеткіші бидай өсімдігінде 2,9±0,85, ең төменгі дәрежеде пияз өсімдігінде (1,6±0,37) қалыптасады.

Демек, 25⁰С жарық термостат алынған өсімдіктер ішінде сәбіз өсімдігінің гипокотиль және колеоптильі үшін қолайлы болса, жүгері өсімдігі үшін негізгі тамыр мен қосалқы тамырларының дамып жетілуіне және баклажан өсімдігінің жанама тамырының қалыптасуына ең қолайлы орта болып есептелінеді.

4-нұсқа бойынша алынған өсімдік тұқымдарына судың әр түрлі мөлшерінің (5мл,10мл,15мл) әсері зерттелінді (12,13,14 - суреттер).



12- сурет. 5мл суда тұқымдар.

13- сурет. 10мл суда өнген тұқымдар.

14 – сурет. 15мл суда өнген тұқымдар.

Петри табақшасына 5мл су құйылып, бөлме температурасында, жарықта тұқымдар отырғызылды. Алынған нәтижелердің қорытындысы төмендегідей
 бидай 3-ші күні 9%, орташа мәні 14%, жүгері өсімдігі үшін 3-ші күні 7%, орташа мәні 11%, пияздан 4-ші күні 3%, орташа мәні 11%, сәбіз өсімдігі 4-ші күні 2%, орташа мәні 4%, баклажан тұқымы әдеттегідей өнбеді.

4- кесте. Жарықта 5мл мөлшерінде су құйылған өскіндердің морфологиялық көрсеткіштері мм

№	Морфологиялық белгілер, мм	Бидай	Жүгері	Пияз	Сәбіз
1	Гипокотиль	0,75±0,3	0,76±0,3	0,5±0,2	0,6±0,2
2	Колеоптиль	5,3±1,6	3,4±1,1	1,5±0,3	0,6±0,9
3	Негізгі тамыр	3,75±1,5	2,6±1,7	2,1±0,3	2,3±0,4
4	Жанама тамыр	2,3±1,15	4,9±0,5	1,9±0,4	1,6±0,47
5	Қосалқы тамыр	1,8±0,9	0,9±0,48	1,8±0,4	1,1±0,6

4-кестеде 5мл мөлшерінде су құйылған өскіндердің морфологиялық көрсеткіштері, яғни ең жоғары гипокотиль ұзындығы жүгері өсімдігінде (0,76±0,3) болса, ең төменгісі пиязда (0,5±0,2), ал ең жоғары колеоптиль бидай өсімдігінде 5,3±1,6 көрсеткішті көрсетсе, ең төменгі колеоптиль сәбіз өсімдігінде (0,6±0,9), ал негізгі және қосалқы тамырдың ұзындығы бидай өсімдігінде жақсы көрсеткішті көрсетсе (3,75±1,5), жанама тамырының ұзындығы жүгері өсімдігінде 4,9±0,5-ке тең екендігін көрсетті.

Демек, жарықта 5мл мөлшерінде ылғал құйылған өсімдіктер ішінде жүгері өсімдігінің гипокотиль және колеоптиль үшін қолайлы болса, бидай өсімдігі үшін негізгі тамыр мен қосалқы тамырларының дамып жетілуіне және жүгері өсімдігінің жанама тамырының қалыптасуына ең қолайлы орта болып есептелінеді.

Бөлме температурасында, жарық бөлмеде 10мл мөлшерінде су құйылып, тұқымдар Петри табақшасына отырғызылды. Зерттеуге алынған бидай өсімдігінен 2-ші күні 4% тұқым өнсе, орташа мәні 7% көрсетті. Ал, жүгері өсімдігінен 3-ші күні 9%-ды, орташа мәні 13%, пияздан 4-ші күні 2%, орташа мәні 8% болса, сәбіз үшін 6-ші күні 9%, орташа мәні 9%, баклажан тұқымы өнген жоқ.

5- кесте. 10мл мөлшердегі ылғалда өнген өскіндердің морфологиялық көрсеткіштері, мм

№	Морфологиялық белгілер, мм	Бидай	Жүгері	Пияз	Сәбіз
1	Гипокотиль	0,2±0,1	0,7±0,28	0,4±0,25	0,8±0,36
2	Колеоптиль	3,6±1,7	2,8±1,01	1,5±0,5	1,13±0,4
3	Негізгі тамыр	4,7±1,4	5,01±0,8	1,5±0,3	1,8±0,27
4	Жанама тамыр	1,1±0,5	1,2±0,6	1,6±0,34	0,5±0,3
5	Қосалқы тамыр	2,3±0,5	1,3±0,72	2,01±0,4	1,6±0,19

5-кестеде келтірілген жарық бөлмеде, температурасы бірқалыпты, 10мл мөлшерінде ылғал құйылған өскіндердің морфологиялық көрсеткіштері, ең жоғары гипокотиль ұзын жүгері өсімдігінде (0,7±0,28), ең төменгі көрсеткіш (0,2±0,13), ал ең ұзын колеоптиль бидай өсімдігінде 3,6±1,7-ге тең болса, ең төменгі колеоптиль пиязда (1,5±0,5), негізгі тамыр жақсы жетілуі жүгері (5,01±0,8) мен бидай өсімдігінде (4,7±1,4) болса, қосалқы тамырдың ұзындығы бидай өсімдігінде (2,3±0,5), ең төменгі жүгері өсімдігінде (1,3±0,72) көрсеткішті көрсетсе, жанама тамырдың ұзындығы бидай өсімдігінде 2,13±0,5-ке тең болса, ең төмені сәбіз өсімдігінде (0,5±0,3) екендігін көрсетті.

Демек, температурасы бірқалыпты, жарық бөлмедегі 10мл ылғалда өскен өсімдіктер үшін гипокотиль жақсы жетілген, ол жүгері өсімдігінде болса, колеоптиль үшін бидай өсімдігі, негізгі және қосалқы тамырларының дамып жетілуіне бидай өсімдігі қолайлы болса, жанама тамырының жақсы жетілуі пияз өсімдігі болып табылады.

Петри табақшасына 15мл су құйылып, бөлме температурасында, жарықта тұқымдар отырғызылды. Алынған тұқымдардың нәтижелері төмендегідей: бидай 2-ші күні 4%, орташа мәні 11%, жүгері өсімдігі үшін 2-ші күні 5%, орташа мәні 14%, пияз 3-ші күні 3% өнсе, орташа мәні 6%, сәбіз өсімдігінен 5-ші күні 5%, орташа мәні 10%, баклажан тұқымы әдеттегідей өнбеді.


6-кестеде келтірілген 15мл ылғалда өскен өскіндердің ішінде сәбіз өсімдігінің гипокотильінің ұзындығы ең жоғары (0,7±0,3) дәрежеде, ал ең төменгі көрсеткіш бидай өсімдігінде (0,3±0,15) екендігін көрсетсе, ең ұзын колеоптиль жүгері өсімдігінде (1,16±1,04), ең төменгі көрсеткіш бидай өсімдігінде (1,3±0,3) екендігін байқатты. Ал негізгі тамырдың ұзындығы бидай өсімдігінде 3,5±1,59-ге тең болса, жанама тамырдың ұзындығы жүгері өсімдігінде (1,5±0,7) жоғары болып келеді. Қосалқы тамырдың ең жоғарғы көрсеткіші жүгері өсімдігінде 2,3±0,9, ең төменгі бидай өсімдігінде (0,7±0,4) қалыптасады.

6- кесте. 15мл мөлшердегі ылғалда өскен өскіндердің морфологиялық көрсеткіштері, мм

№	Морфологиялық белгілер, мм	Бидай	Жүгері	Пияз	Сәбіз
1	Гипокотиль	0,3±0,15	0,5±0,19	0,4±0,2	0,7±0,3
2	Колеоптиль	1,3±0,3	1,16±1,04	1,4±0,4	1,12±0,4
3	Негізгі тамыр	3,5±1,59	2,6±0,8	1,06±0,5	3,8±0,9
4	Жанама тамыр	0,7±0,4	1,5±0,7	0,9±0,42	1,78±0,3
5	Қосалқы тамыр	0,7±0,4	2,3±0,9	1,5±0,63	2,2±0,4

Демек, 15мл алынған өсімдіктер ішінде сәбіз өсімдігіне гипокотиль қолайлы болса, колеоптиль үшін жүгері өсімдігі, негізгі тамырының жақсы жетілуіне бидай өсімдігі,

қосалқы тамырларының дамып жетілуіне жүгері өсімдігі және сәбіз өсімдігінің жанама тамырының қалыптасуына ең қолайлы орта болып есептелінеді.



1-гистограмма. 5мл,10мл,15 мл ылғалда өнген өскіндердің пайыздық көрсеткіші

Петри табақшасына 5мл, 10мл, 15мл су құйылып, бөлме температурасында, жарықта тұқымдар отырғызылды. 5мл ылғалда өнген ең жоғары көрсеткішті көрсеткен бидай (14%) және пияз (11%), жүгері (11%), ең төмені сәбіз (4%) болды, ал 10 мл-де ылғалда жүгері 13%-ды, сәбіз 9% көрсетсе, 10 мл үшін ең төмені пияз (8%) бен бидай (7%) тұқымы екен. 15мл ылғалда өнген өскіндер үшін ең жоғары жүгері тұқымында 14%, сәбізде 10%, әдеттегідей бидай (8%) және пияз (6%) тұқымдарының пайыздық көрсеткіштері төмен.

Демек, бұл тұқымдарды салыстыратын болсақ: 5мл ылғал үшін ең қолайлысы бидай мен пияз тұқымдары болса, ал 10 – 15 мл су жағдайында жүгері мен сәбіз тұқымдары қолайлы екен. Баклажан тұқымы 5мл, 10мл, 15мл су жағдайында мүлде өнбеді.

Пайдаланған Әдебиеттер

1. Ағелеуов Е., Дөненбаева К., Агитова К., Иманқұлова С. Ботаника. Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы. Алматы «Санат» 1998. – 368 бет.
2. Мухитдинов Н.М., Бегенов Ә., Айдосова С. Өсімдіктер морфологиясы мен анатомиясы. Алматы, 1993, 340б.
3. Лишук С.С. Методика определения массы семян // Бот. журн. – 1991. – Т. 76, № 11. – С. 1623-1624.
4. Сикура И.И., Сырица Л.П. Методика изучения онтогенеза //Рекомендация по изучению онтогенеза интродуцированных растений в Ботанических садах СССР. - Киев, 1990. - С. 9 – 16.
5. Байтулин И.О. Строение и работа корневой системы растений. - Алма – Ата: Наука, 1987. - 252 с.
6. Фирсова М.К. Методы исследования и оценки качества семян. – М.: Наука, 1975.
7. Силыбаева Б.М., Байғана Ж.К., Карипбаева Н.Ш., Полевик В.В. Жоғары сатыдағы өсімдіктер систематикасы. Алматы: Print-S, 2012. – 615 бет.
8. Паршина Г.Н., Нестерова С.Г. Биоразнообразие растений. Алматы «Қазақ университеті» 2006. – 306 с.
9. Рысина Г.П. К биологии прорастания семян и развития всходов некоторых лесных травянистых растений. //Бюлл. ГБС. - Наука, 1967. - Вып. 64. - С. 49 – 55.
10. Умирбаева З.Ч. Қазақстанның шөптесін поликарпты өсімдіктерінің онтогенезі. Оқу – әдістемелік құрал. Ақтау, 2008. – 71бет.

RESULTS OF THE RESEARCH ON THE INFLUENCE OF THE EXPERIMENTAL PROGRAM ON RHYTHMOPLASTY ON THE PHYSICAL QUALITIES OF STUDENTS

A.K. Eselbaeva

*Art. lecturer of the Department of Physical Culture and Sports
Kazakh State Women's Pedagogical University,
Almaty, Republic of Kazakhstan
eselbaeva_a@mail.ru*

K.A. Tutibaev

*Art. teacher of the Department of Physical Education
Kazakh National Academy of Arts named after T. Zhurgenov
Almaty, Republic of Kazakhstan*

S.M.Nauryzbekova

*Art. teacher of the Department of Physical Education
Kazakh National Academy of Arts named after T. Zhurgenov
Almaty, Republic of Kazakhstan*

Abstract. In the article the technique of research on the basics of learning motor actions in rhythmoplasty in higher educational institutions. Possibilities of pedagogical higher education institution in the formation of the motive culture of students by means rhythmoplasty are shown. The approbation of the content of the pilot program on the formation of students by means of motor culture rhythmoplasty. Systematized program material, defined goals, objectives for each year of training and the optimum ratio means the general physical and special training under physical and technical readiness of students.

Keywords: student, teacher, rhythmoplasty, culture, training, means, occupations, movements, health, way of life, working capacity, incidence, form, methods.

Relevance. The political, economic and ideological transformations taking place in the Republic of Kazakhstan cannot but reflected in the sphere of physical education and sports in the republic. In this regard, there was an urgent need to introduce changes in the system of physical education of students, ensuring their versatile education. The republic is actively searching for effective means, forms and methods of training that will significantly improve the quality of education and training of future highly qualified specialists for the national economy.

Thus, in the Concept of the transition of the Republic of Kazakhstan to sustainable development for 2007-2024, it is emphasized that "... the Kazakh nation needs a cardinal solution to the tasks of creating a healthy lifestyle that involves an increase in motor activity and a healthy lifestyle", and in the Address of the President of the Republic Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan "The New Decade - New Economic Growth - New Opportunities of Kazakhstan" issues related to the strengthening, preservation and development of health, as well as the formation of a healthy lifestyle for the whole population [1,2]. The solution of the tasks is connected with the content of education, where the improvement of the culture of movement is a factor that ensures the preservation and enhancement of health, the education of a healthy lifestyle for citizens. The formation of a motor culture, the foundations of a healthy lifestyle for students has a positive impact on health, mental and physical performance, on the results of training and education, on the quality of training future professionals, especially educators. The motor culture of students is essential in their professional and pedagogical training, and it is associated with their health, a healthy lifestyle [2, 11], [3, 9].

In the field of motor culture research, it is necessary to emphasize the work of specialists who defined the theoretical and practical justification for the importance of traditional (sports) and non-traditional gymnastics (rhythmic, aerobic, shaping, yoga, pilates, etc.) [4,185].

The increased attention of both theoreticians and practitioners to this problem is explained by the fact that the role of non-traditional types of gymnastics is increasing as an effective means of physical education for students and, on this basis, increasing the effectiveness of teaching and upbringing.

Research objective. Develop ways and experimentally verify the implementation of the formation motor culture of students in rhythmoplasty.

The aims of education are determined by the social order, the system of society's needs. In society, the goal of education in physical education is the transfer of knowledge about the ways, means, methods of physical improvement of a person; the formation of vital motor skills, and on their basis - the skills and habits of managing your body for solving a variety of motor tasks in labor, defense, professional, domestic and sport activities [5, 12], [7,8,9] .

Results of the study and their discussion.

A female contingent of students took part in the training experiment. There were created 4 study groups of students (2 - experimental - 50 people, 2 control groups, also 50 people). The main task of the experimental work was to solve the tasks of this research and to establish the effectiveness of the developed program: pedagogical methods were developed and introduced into everyday practice, taking into account the individual characteristics of students engaged in rhythmoplasty. The tasks for each period of study were determined, taking into account the time limits for adapting students to the conditions of the higher education institution, the requirements of the program and the orientation to the sports orientation of the teaching and upbringing process.

The results of the studies are analyzed by methods of mathematical statistics. When analyzing the quantitative indicators, the mean values, the coefficient of variation were calculated, and the significance of the relative differences in the results by the Student's criterion was estimated.

Experimental work has shown pedagogical ways of solving the assigned research tasks for the entire period of students' training taking into account the content of the experimental program. In the course of the study, we detected the most frequent illnesses of students. It was found that acute colds are common. They occupy the main place during the training of students in higher educational institutions. And as a rule the greatest number occurs in the winter months. The students are characterized by a weak functional state of the cardiovascular system. Also the most frequent diseases are: chronic tonsillitis, cholecystitis, gastritis, neuroses. Unfortunately, recently, the leading position is a violation of vision.

At the Department of Physical Education and Sport of the Kazakh State Women's Pedagogical University, in collaboration with the student health center of Almaty conducted a medical examination on the state of student health. To this end, annual medical examinations of students and medico-pedagogical control to engage in physical education and sport, which prior to participating in the competition are subject to medical examination.

Studying the results of long-term medical examinations, we first of all proceeded from the fact that the state of health of students, as a rule, correlates with the quantitative composition of the basic, sports, special medical groups and the group of therapeutic physical culture, i.e. especially those from physical education. The main and preparatory groups are healthy students.

Students with chronic illnesses are enrolled in a special medical group. The same is found among students who are exempt from sport.

We found that a significant number of first-year students are practically healthy and after passing a medical examination they are distributed to the main and preparatory groups. The number of students with chronic diseases varies between 3.5-8.0%.

To our regret, in the higher educational institution the preparatory and special medical groups increase every year. Thus, special medical groups of first-year students in the 2014 enrollment made up 4.0%, and by the end of the third year it increased to 9.10%, from 4.64% in 2015 it increased by 4.54%. Accordingly, there is a decrease in the main group: from 83.2% in 2013 to 5.0%, from 75.0% in 2010 to 73.8%.

In the planned pedagogical experiment, the experimental work was carried out exclusively with students on the basis of the Kazakh State Women's Pedagogical University, in the experiment the students of the main medical group took part in 1-3 courses, we proceeded from the experience of the

traditional physical education of the previously developed methods of developing the physical and psychomotor qualities of those involved.

Also, the necessary ratio of hours allocated for rhythmoplasty, we clarified in the preliminary study of the state of the issue. At the present time in higher educational institutions of the Republic of Kazakhstan, educational and upbringing classes in physical education organized according to the principle of selected sports specializations. The principle of sporting specialization at this stage of development and establishment of higher educational institutions in the republic is more effective, it contributes to: significant improvement in physical development, physical preparedness based on the standards of the "presidential test", development of physical, psychophysical qualities necessary for the future teacher, sports achievements in the elected non-traditional kind of gymnastics.

Thus far, students of higher educational institutions have a sufficiently high educational (mental) load, systematically feel the lack of time for employment in sports sections.

The training session on rhythmoplasty should be used not only as a training load, but also as an effective means of rest, restoring physical and mental strength after considerable intellectual work in general and profiling academic and scientific disciplines, and also in the successful preparation for the upcoming training sessions.

A scientifically organized and planned activity, with a focus on the impact of training loads on the successful assimilation of other academic disciplines, stimulates the effective physical development of students and helps them optimally build time in the daily routine of the day, optimize it.

To solve the tasks set in the pedagogical experiment the study took in four stages:

First stage. The scientific-methodical literature and program documents of higher educational institutions were analyzed. The teachers of higher educational institutions on physical education were asked to study and generalize the work experience and critically evaluate the contents of the program on the discipline "Physical Education".

Second stage. Studies were carried out by questioning students of the first and third courses, which allowed us to determine the attitude of students to the discipline of "Physical Education". 520 students took part in the survey. The pedagogical possibility of conducting rhythmoplasty lessons has been established. An experimental program of physical education with the use of rhythmoplasty was developed, where the main task of this stage was the establishment of the necessary number of study hours allocated for mastering the techniques of rhythmoplasty movements.

Third stage. A pedagogical experiment was conducted to study the effectiveness of the content of the physical education program in rhythmoplasty, Physical development and physical preparation of students, accepted for 1 course in the dynamics of training, were established. According to the tasks of the work, a pedagogical assessment was made of the physical development, physical readiness, performance of students, and the state of their health. Studied indicators of students 1-3 courses according to the work plan, were filmed at the beginning and at the end of the relevant school years. In the training experiment, 75 students (3 study groups) participated, training in each group was conducted based on 120 academic hours.

To conduct classes throughout the pedagogical experiment, the conditions were the same for both experimental and control groups. The peculiarity of the proposed program was the use of students of the experimental group for the formation and improvement of physical and psychophysical qualities.

At the first organizational sessions, according to the definition of physical status and identification of students' interests. Students with a desire to engage in rhythmoplasty were identified. Thus, 25 students were selected in turn, before entering the higher educational institution engaged in non-traditional types of gymnastics, including rhythmoplasty, which consisted of two training groups.

Since, great importance for the training process has a role of the development students their motor skills and skills in rhythmoplasty, we were taken into consideration heterochronism.

The physical status of the training groups was determined by the results of a medical examination at the beginning of the academic year, with an analysis of their physical development and physical preparation.

Based on the results of the first survey, students were assigned to medical groups, i.e. they had to be engaged in the curriculum of the main department.

Table 1 shows the dynamics of the physical development of the students EG-1 and EG-2 for the period of experimental work.

Table 1.- Comparative characteristics of the dynamics of physical development of EG-1 and EG-2

Indicators	Groups	1 course	2 course	R ₁	3course	R ₂
		$\bar{X} \pm m$	$\bar{X} \pm m$		$\bar{X} \pm m$	
Height(cm)	EG-1	155,2±0,76	156,6±0,82	0,05	157,1±0,8	0,05
	EG-2	155,0±0,75	156,6±0,68	0,05	157,5±0,8	0,05
Weight(kg)	EG-1	51,5±1,06	53,4±0,99	0,05	54,4±1,01	0,05
	EG-2	51,6±0,89	52,0±1,03	0,05	51,9±1,12	0,05
OGK (cm)	EG-1	76,1±1,08	76,8±1,08	0,05	76,9±1,06	0,05
	EG-2	76,8±1,13	76,0±1,17	0,05	76,1±0,10	0,05
EGK(cm)	EG-1	10,9±0,49	11,9±0,05	0,05	14,0±0,16	0,05
	EG-2	10,9±0,45	11,2±0,32	0,05	14,0±0,18	0,05
ZHEL(cm ³)	EG-1	3126±88,6	3360,0±88,2	0,05	3754,0±0,77	0,05
	EG-2	2746±101,0	3271,0±93,3	0,05	3838,0±0,61	0,05
SPK (kg)	EG-1	32,5±0,50	38,4±0,63	0,05	39,2±0,49	0,05
	EG-2	26,5±0,49	33,1±0,69	0,05	33,2±0,77	0,05
SLK (KG)	EG-1	28,4±1,01	27,7±0,55	0,05	31,3±0,44	0,05
	EG-2	23,3±0,86	23,3±0,39	0,05	32,2±0,55	0,05
$\Sigma =$	EG-1	3480,6±93,5	3724,8±92,23		4126,9±4,73	
	EG-2	3090,1±105,6	3623,2±97,6		4202,9±4,13	
$\bar{X} =$	EG-1	497,2±13,4	532,1±13,2		589,5±0,67	
	EG-2	441,1±15,08	517,6±13,9		600,4±0,59	

R1 - significant significance between the initial and final indicators; R2 - significant significance of the final indicators between the groups.

The data of Table 1. can be presented more clearly by means of a histogram




Fig. 1 - Comparative characteristics of the dynamics of physical development of EG-1 and EG-2

Note : OGC -the circumference of the chest; EGK- Excursion of the chest; ZHEL- vital capacity of the lungs; SPK- the power of the right hand; SLK- The power of the left hand

The results of the analysis show the changes that occurred in both experimental groups. In anthropometric data, it is significantly less than in physiometric data. Thus, the vital capacity of the lungs by the end of the first course in EG-1 increased by 238 cm³, and in EG-2 by 258 cm³, and by the end of the third course in EG-1, the increase was 394 cm³, in EG-2 - 567 cm³. The power of the right hand of the students of EG-1 by the end of the third year increased by 5.7 kg, and in EG-2 by 6.7 kg, the left hand force in EG-1 by 5.8, and in EG-2 - by 5.9 kg.

Dynamics in the indicators of physical development made it possible to conclude that the dynamics of the results in most numbers is higher in EG-2 than in EG-1.

Comparing the dynamics of the physical development of the students of the experimental group with the control group, it should be emphasized that positive shifts were found in the experimental tests in both experimental groups. At the same time, the increase, especially in physiometric indicators, is much higher in the experimental group: the vital capacity of the lungs for three years of training in the experimental group increased by 660 cm³, and in the CG by 217 cm³, the increase in the strength of the right hand in the EG is 6, 8 kg, and KG - 5.8 kg, in the force of the left hand in the EG - 6.9, and KG - 5.6 kg.

Conclusion. The results of the conducted study convince us of the expediency and scientific consistency and use of rhythmoplasty in the formation of the motor culture of students.

Increasing the effectiveness of physical education in a pedagogical university should be carried out by a set of methods and means, including improving the material base, increasing the number of compulsory classes, providing a free choice of the type of motor activity, etc.

Free choice by students of the sport (in our case - rhythmoplasty) significantly increases the mental and physical activity of students in physical education classes, contributes to the increase in attendance, achievement and interest in physical education and healthy lifestyle.

Practical use of this pedagogical influence on students predetermined the receipt of uninteresting results. training focused on the fulfillment of the main tasks of research: the creation of a pedagogical basis for physical development and physical fitness in accordance with the tasks assigned; improving the knowledge, skills and skills in rhythmoplasty by developing physical qualities, increasing the overall mental and physical performance and surrendering regulatory requirements, improving technical actions in rhythmoplasty with the development of the necessary physical qualities and achieving high results in the chosen form of gymnastics.

Thus, we came to the conviction that the use of rhythmoplasty in high school practice proves the need for it in raising the physical, mental, psychomotor and other qualities, in the solution of the harmonization of students.

References

1. Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan "The New Decade, a New Economic Recovery, New Opportunities of Kazakhstan // Thought. - Astana, 2010. - №3. - C. 2.
2. Abdykadyrova, D.R. Physical culture in high school as a factor of strengthening the health of students / D.R. Abdykadyrova // Scientific and methodical foundations of the formation of physical and psychological health of children and youth: materials of the all-Russian conference. - Ekaterinburg, 2006. - P.11- 13.
3. Mikhailova, S.N. Formation of a healthy lifestyle of students / S.N. Mikhailova, O.Yu. Fadeeva. - Almaty, 2008. S. - 9.
4. Zhumanova, A.S. Use of means of art gymnastics in physical education of students / A.C. Zhumanova, E.L. Karavaeva // Actual problems of physical culture and sports: materials of the international scientific and practical conference.-Bishkek, 2007. - P.185-187.
5. Lisitskaya, T. Gymnastics: a textbook / T. Lisitskaya. - Moscow: Physical training and sports, 1988. - P.12.

I. ULUSLARARASI ABAY KUNANBAYOĞLU KAZAK KÜLTÜRÜ, TARİHİ VE EDEBİYATI SEMPOZYUMU

6. 16. Menkhin, Yu.V. Wellness gymnastics: theory and methods / Yu.V. Mengin, A.V. Menghin. - Rostov-on-Don: Phoenix, 2002. - 384 p.
7. Matveev, L.P. Theory of Physical Culture: A Textbook for Institutes of Physical Culture / L.P. Matveyev. - Moscow: Physical training and sports, 1991. - 310 p.
8. Mamytov, A.M. Theory of Sport: a tutorial for IFC / AMMamytov. - Bishkek: Technology, 1999. - 237 p.
9. Mambetaliev, K.U. Essays on the theory and methodology of physical culture: a textbook / K.U. Mambetaliev. - Bishkek: KGFKKiS, 2010. - 104 p.
10. Gymnastics: a textbook: edited by VS Smolevsky. - Moscow: Physical training and sports, 1988. - 386 p.

ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН ҰЛТТЫҚ НАМЫСТЫҢ ЖАРШЫЛАРЫ

Әсем Сағатова

Философия ғылымдарының кандидаты, доцент
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті
Қазақстан, Қарағанды қаласы
asem.sagatova@list.ru

Зауреш Нұрлигенова

Педагогика ғылымдарының магистрі
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті
Қазақстан, Қарағанды қаласы
sauresch_nur@mail.ru

Түйіндеме: Рухы өршіл, жігер-қайраты асқақ, қайсарлы бабаларымыздың ерте дүние тарихынан елінің мүддесі мен тағдыры жолында қаншама қиын-қыстау тарихи сынақтарды бастан кешкен еді. Сол қиындықтарға қарамастан алға қойған ұлы мақсат-мұрат – «Мәңгілік Ел» орнату жөніндегі асыл арман болған еді. «Мәңгілік Ел» - асқар таулар мен сағымы көлкіген сайын далада күн кешкен қарапайым қалың елдің көкірегіндегі мұраттар мен ізгі тілектерінің көрінісі.

Ерте дүние тарихынан түркі қағандары өз иелігіндегі ұлыстардың әдет-ғұрыпы, наным-сенімдері, тіліне сыйластықпен қараған әрекеттері қазіргі таңда ұрпақтар сабақтастығымен қазақ халқының өмірлік ұстанымдарының көрінісі іспеттес рөл атқаруда. Түрлі ұлыстардың құтты мекен жеріне айналған еліміз бейбітшілік пен келісім рухының айғағы. Тарихтың керуен көшінде сабақтастық деген ұғым бар. Ғасырлар бойы рухани тұтас бір игілік дәстүрін жалғастырып келген, адамзат ұрпағының сонау ежелгі тіршілік болмысымен тікелей сабақтас рухани кемелділікті түйсіну ерекшелігі қайнар бастау ретінде жұртшылық игілігіне айналдырылған.

Ұлы Дала рухы – еліміздің береке-бірлігі, игілігі мен ырзығы, бейбіт өмір мен тұрақтылығы, бақыты мен дәулеті, достығы мен бауырмалдылығының болашақ бағдарының арқауы. Жалпыұлттық игіліктің биік гуманистік мұраттарынан «Мәңгілік Ел» идеясы өз бастауын алса керек. Жұмыста бабалар дәстүрін асқақтатуда олардың рухани-мәдени құндылықтық асыл мұраларының қазіргі таңдағы ұрпақтар сабақтастығының рухани жаңғыру кемеліне көтеру мәселелері жан-жақты зерделенген. Жалпы ұлттық болашақтың ұтымды ізденістері ретінде ел мүддесі мен тағдырына қатысты ұлтаралық келісім мен татулықтың өркен жаюына ықпал еткен бабаларымыздан талай ұрпақтары қалыптастырған достық пен туысқандық дәстүрінің қырлары тереңінен сараланған.

Елді елдікке, ынтымаққа, бірлікке бастайтын және сол жолда жанын сала күрескен саяси қайраткерлерді туғызатын – заман екендігі тарихи таным. Тарихтың терең-терең қатпарларына көз жіберер болсақ, елдің есі мен санасында ұзақ уақыттан бері сақталып келе жатқан небір орасан оқиғалардың салиқалы соқпақтарына көз жеткізуіміздің өзі - тарихи таным. Сол соқпақтардың бойында еліне елеулі еңбек сіңіріп, қаһармандық қызмет атқарған ірі-ірі тұлғалардың өмірі мен тарихта қалдырған іздері әлі күнге дейін сайрап жатыр. Халық өз басына қатер төнген шақтарда, тағдыры таразы басына түскен алмағайып сәттерде бар күш-қайратын, әлін зобалаңға қарсы қойып, ақыл-парасатымен, білімімен, білегінің күшімен арашаға түсіп, сол жолда шыбын жанын аямаған, елінің, ұлтының тәуелсіздігін, бостандығын қорғаған нар тұлғалы, алып азаматтардың ерлігін де, есімін де еш уақытта ұмытпайды. Қайта уақыт өткен сайын қадір-қасиетін арттырып, асқақтата түседі. Тарих – өткен өмір, оны өзгертіп, өңдеп жазуға болмайды. Бірақ тарихта жақсы да, жаман да болады дейміз. Себебі, ол өмір болған соң, өмірде қарама-қайшылықсыз болмайды. Яғни бұл табиғи заңдылық. Сол тарихты зерттеп, талдау жасау арқылы ғана өз уақытындағы ірі-ірі тарихи тұлғалар халықтың дұрыс бағасын алады. Қазақ халқы өзінің бұрынғы-соңғы тарихында небір қилы замандарды өткізген. Сол қилы замандар халқымыздың рухани өмірі мен тәжірибесінде өшпес із қалдырған. Оның

басында тұрған данагөй тұлғалар екендігі, әрине, тарихи дерекке жататындығында еш күмән жоқ. Соған қарағанда белгілі бір әлеуметтік, саяси және мәдени кеңістікте өзіндік тарихи болмыстың терең қатпарларынан шыңдалып нәр алған құдіретті күшке айналған. Кез келген халықтың ойлау жүйесі ұлттық болмыстың дамып, шыңдалуына негіз болған.

Қазіргі таңда рухани жаңғыру бұл - зерделі танымда ата-бабалар мұрасын тереңірек ұғынуға, ұлттық болмысымыздың тарихи тамыры болатын дүниелерді білуге деген ұмтылыс.

Кілт сөздер: рух, мақсат, мұрат, жалпыадамзаттық құндылықтар, Ұлы Дала, жалпыұлттық игілік, бабалар дәстүрі, ұрпақтар сабақтастығы, болашақ, рухани жаңғыру, ел мүддесі.

THE MESSENGERS OF NATIONAL SPIRIT AND NATIONAL HONOR

Assem Sagatova

Candidate of philosophical Sciences, associate Professor

Karaganda state technical University

asem.sagatova@list.ru

Nurligenova Zaurech

Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer

Kazakhstan, Karaganda

sauresch_nur@mail.ru

Abstract: Since the early history of our land, the spirit of ambitious, energetic ancestors have experienced many difficulties in the development of the country. Despite these difficulties, there was a noble dream to establish the ultimate goal - the Eternal Country. "Eternal Country" is a manifestation of ideals and the best qualities in the heart of the native country, the country of the great steppes and vast mountains.

Since early world history, the respect of Turkic khans to their customs, beliefs and respect for the language of their own ethnic groups are now seen as a manifestation of the way of life of the Kazakh people. The country, which has become a glorious settlement of different nationalities, is a testament to the spirit of peace and harmony. In history there is the concept of continuity of generations. The centuries-old tradition of spiritual well-being, the distinctive feature of the concept of spiritual perfection, which is directly related to the longevity of the human race, has been made public as a source. Do not go unnoticed by the incredible wisdom inherent in mankind, from century to century, steadily transmitted from generation to generation.

The spirit of the Great Steppe is a blessing, prosperity and prosperity of the country, the basis of peaceful life and stability, happiness and joy, the future of friendship and brotherhood. From the high humanistic ideals of national wealth, the idea "Eternal Country" was to begin. In the work, the traditions of ancestors aimed at increasing the spiritual heritage of the spiritual and cultural and cultural heritage, spiritual upbringing of modern generations are studied in detail. Being a rational search for a national future, it differs profoundly from the boundaries of the tradition of friendship and brotherhood created by many generations of our ancestors, which contributed to the prosperity of interethnic harmony and harmony in the interests and destiny of the country.

Historical cognition that it is the time when the country is bringing political figures to the country, to solidarity, unity, and to struggle against it. Looking at the deep and deep roots of history, it is the historical knowledge that we can convey to the weighty path of some of the great events that have persisted for a long time in the minds and consciousness of the country. The tracks left behind by the great men and women who have worked hard on their country and worked heroically on that path are still sung. At the time when the people were in danger, their destiny was in the midst of the scales and the power of their minds and minds, the power of their intellect, knowledge, and the power of the wrists, it will never forget the heroic deed and the name of gentlemen. Over time, it becomes more dignified and honored. History is the past, it can not be changed or edited. But in history we say good

and bad. The reason is that life will not be contradictory in life. That is natural law. By studying and analyzing those stories, only the largest historical figures of their time receive the right assessment of the population. The Kazakh people have spent a long time in their past and present history. These ancient times have left an indelible mark in the spiritual life and practice of our people. Of course, there are no doubts about the fact that the wise men who were at the beginning were part of the historical record. In contrast, in a particular social, political and cultural space, it has become a potent force that has grown from the deep layers of the historical reality. The thinking system of any nation has given rise to the development of national identity.

At present, spiritual revival is an aspiration for a deeper understanding of ancestral heritage and a knowledge of the roots of our national identity.

Key words: spirit, purpose, ideal, universal values, Great steppe, national good, traditions of ancestors, continuity of generations, future, spiritual revival, national interest.

Ұлттың өзіндік келбетін танытатын оның - өршіл рухы, асқақтаған жігер-қайраты, әрі өз елінің мүддесі мен тағдыры жолындағы қайсарлығы мен ерлігі. Осындай болашаққа, жасампаздыққа ұмтылыстар алға қойған асыл арман – «Мәңгілік Ел» орнату жөніндегі ұлы мақсат-мұраттарға айналған еді. Көкірек түбінен халықтың мұратына, ізгі тілегіне айналған сара жолды игеру жеке тұлғалардың көпшілік алдындағы жауапкершілігін арттыра түскен болатын.

Қалыптасқан тарихи дәстүр үлесінде қазіргі уақытта халқымыздың өмірлік, этикалық ұстанымдарына айналған түркі қағандарының өз иелігіндегі ұлыстардың әдет-ғұрыпы, наным-сенімдері, тіліне сыйластықпен қараған іс-әрекеттері дүниетанымдық басымдықтарының көрінісі ретінде мәндік мазмұнын танытады. Оның түп негізінде адамгершілік бағдарлары жатқандығы анық. Әрі тарихтың керуен көшімен ұрпақтар сабақтастығына негіз болса керек. Осылайша, табиғат пен әлеуметтік дүниедегі әрбір құбылыстың ішкі мәнін тұтас бір тіршілік болмысының көрінісі ретінде рухани кемелділікті түйсіну ерекшелігінің қайнар бастауы жұртшылықтың игілігіне айналдырылған.

Ғасырдан ғасырға жалғасқан адамзаттық керемет қадір-қасиетке ие болған өшпес даналық үлгілерінің үрдісі өзінің даму жолында өткен кезеңдер игілігі - жалпыадамзатқа ортақ құндылықтар ешқашан да ескерусіз қалмаған.

Сенім, дәстүр, ашықтық және төзімділік ұғымдары – бұл рухани сүйеніш табар сарқылмас шабыт бастауы болған, әрі көне дүниелерден тамыр тарта отырып, тарихи әлем тынысын тереңінен бойлауға тырысқан ізгілік үлгілері. Тіршілік бастауы, жаратылыс құдіреті, әр қилы замана адамдарының тағдыры баяндалатын тарих беттері әр халықтың әлем күмбезін өзінше жүйелеуге, ой-таным құдіретімен бейнелеуге ұмтылған ұрпақтарымен философиялық терең астар, жаңаша мән-мазмұн алып, рухани жағынан байи түскені белгілі. Халықтық түсінікте дәстүрлі тағылым дегеніміз адамның рухани дүниесін сыртқы табиғат құбылысымен тану арқылы қалыптастыру болып табылады. Соған қарағанда, көне дәуір мұралары табиғи дүниесі үйлесімділігінен бастау алған адамдар арасындағы бауырластық пен парасаттылықты, татулық пен өзара түсіністікті, туған жеріне деген отансүйгіштік қадір-қасиеттерін ешқашан да естен шығармауды қажет етеді.

Халқының мың жылдық даналығын бойына сіңірген ұрпақтар жалғастығының рухани дәнекер ретіндегі рөлі зор. Туған халқының басқа елдерді зерде мен зейін, қабілеттілігі арқасында таңқалдырып қана қоймай, еркін елде, азат қонысты өз тарихының жаңа бір кезеңіне бой сермеп, елінің бақытты болашағына сенген еді. Ұлт мүддесіне қатысты зерделі, саналы ой-пікірлерді ортаға салған ұлттың ұлағатты тұлғаларының іс-әрекеті, қызметі ұлттық танымға, рухани өмірге кең өріс әкелді. Халқымыздың азаматтық тарихы жаңаша байыпталған уақытта, ежелгі дәуірден күні бүгінге дейінгі кезең ұлттық мұрат тұрғысынан зерделеніп, кең құлашты зерттеулерді қолға алғызды.

Бірлігінен айрылмаған, ұлттық санасынан арылмаған елдің рухани тізгіні ендігі жерде елінің біртұтастығын көксеген мұрат-мүдделерге бағытталған еді. Ежелгі мұра - ұлттың тұтастығын сақтауда оның рухына жол беріп, болашаққа бой сермеген, айрықша қуатты құбылыс ретінде өміршеңдігімен елдің көкірек көзін ашты. Ұлттық рухтың ауыр салмағы

осындай мұраларды тудырған қайраткерлерге түскен еді. Өткен тарихтың руханият арналарын қайта көтеруде көне мұралардың деректану көзі ретінде мән атқаратындығы айдан анық. Себебі, бұл руханияттар ата-бабаларымыздың қайратын, ерлігін, ұлттық рухымызды дәріптейтін танымдық тағылымдары болды. Қайраткерлердің тұлғалық қадір-қасиеттерін танытатын олардың көркемдік үлгі-өрнектер дәстүрі, қоғамдық ой-пікірлері, философиялық көзқарастары – барлығы да өз заманының тілек-талаптарына сәйкес қалыптасқан. Тек сөзімен ғана емес, адамдар мұраты үшін тындырған ісіне қарасаңыз да дана тұлғалардың ізгі ниеті «Мәңгілік Ел» идеясымен дараланып тұрады.

Адамзат баласына тән абзал қасиеттердің бәрінің де бастауы – рухани мұраларға негізделеді. Кез келген жағдайды жан-тәнімен сезінетін иманды, мінезді қазақтың мәңгілік асыл рухы оның ұлт, мемлекет ретінде сақталып қалуының кепілі болды.

Мұның бәрі әр заманда қалыптасқан философиялық, қоғамдық, саяси және әлеуметтік көзқарастардың мән-мазмұнымен өз көріністерін тапқан. Адамдық, азаматтық қасиеттердің болмыс-бітім де осы ата-бабалар дәстүрінен жалғастық тапқан. Бүгінгі жас толқын, жаңа буын өкілдеріне іскерлік, дарындылықты ғана емес, сонымен қатар ұлтын сүйетін, өзінің туған жеріне деген шексіз махаббатымен болашақта еліне, жеріне еңбек жасай отырып, тұлғалық дәрежеге лайық болатындай күш-қуат беретін ұлтымыздың рухы осылайша барлық жерде ұлттық өрісін кеңінен жайса деген ниеттеміз. Рухани ізденісті әрі ұрпақтар сабақтастығы арқылы халқымыздың ғасырлар бойғы қалыптасқан тарихи тамырынан да танимыз.

Тарих тағылымын бүгінгі көзқарастар шеңберіне салсақ, данышпан қайраткерлер тағдыры ойлана білген жас ұрпақ үшін аса күрделі дүниетаным негіздері жатқандығы айғақ. Осы дәстүрлерден бастау алған, кейін кең арнаға түсіп дамыған алдыңғы қатарлы идеялар, халықтың азаттығын биікке көтерген, еркіндікті тәуелсіздік тұғыры еткен жарқын көріністер – халықтың түпкі түбегейлі арман-мүдделерін терең түсінуден туғаны анық. Бұл жерде ойлау қарымындағы логикалық таным жүйесі өмір тәжірибесінен қорытқан өзіндік ой түйіндеу ерекшелігі өрісінен көрінеді. Сонымен бірге, ойдың логикалық дара мәнділік сипатын ой-толғамдық үлгілердегі диалектикалық толассыз тіршілік мазмұнынан тани аламыз. Адамзаттың рухани дүниесін жетілдіруде тарихи тағылым сабақтары, дала ақылмандарының өнегелік өрістері өзіндік рөл атқарады.

Негізгі мәселе - дала данышпандарының адамдарға үлгі болатын моральдық-адамгершілік, өнегелік өсиет сөздерін, ақылманды іс-әрекеттерін келер ұрпаққа тәлім-тәрбие болсын деген ниет. Себебі, мемлекетіміздің бақ-берекесі, тыныштығы, болашағы, басқа елдермен бейбіт, рухани-мәдени қарым-қатынасы, сұхбаты осы жалғастылықта. Сол сөздерді түсінер жүрек, қабылдаушылық ниет, қорытындылайтын ақыл-ой, тұжырым-түсініктер, нәтижесінде қимылдары ізетті, ісі әділетті әрі орынды, халқымыз бен мемлекетіміздің игілігі үшін еңбек ететін азаматтар болса деген тілек. Адамды кемелділікке жеткізетін байлығы да, шыққан тегі мен ортасы да емес, оның алған, қабылдаған тәрбиесі мен мәдениеті, жоғары адамгершіліктік, кісілік қасиеттері.

Тарихи танымның бір кереметі ол болашаққа сабақ болатын тамыры тереңде жатқан, елін елдікке, ынтымақ-берекеге, бірлікке бастайтын, сол жолда жанын сала күрекен қайраткерлерді туғызатын – заман қажеттілігі екендігін көрсетуінде.

Сол соқпақтардың бойында еліне елеулі еңбек сіңіріп, қаһармандық қызмет атқарған текті, әрі намысты қолдан бермеген тұлғалардың ерлігі мен туған жердің киелілігін дәріптеудегі парасаттылықпен жасаған әрекеттері әлі күнге дейін сайрап жатыр. Халық өз басына қатер төнген шақтарда, тағдыры таразы басына түскен алмағайып сәттерде бар күш-қайратын, әлін зобалаңға қарсы қойып, ақыл-парасатымен, білімімен, білегінің күшімен қандай іс-әрекетті қолға алса да оның мән-мазмұндық бастауының өзегінде адамгершілік қадір-қасиеттер тұрған, елінің, ұлтының тәуелсіздігін, бостандығын қорғаған нар тұлғалы, алып азаматтардың ерлігін де, есімін де еш уақытта ұмытпайтындығы хақ. Қайта уақыт өткен сайын қадір-қасиетін арттырып, асқақтата түседі. Тарих – өткен өмір, оны өзгертіп, өңдеп жазуға болмайды. Бірақ тарихта жақсы да, жаман да болады дейміз. Себебі, ол өмір болған соң, өмірде қарама-қайшылықсыз болмайды. Яғни бұл табиғи заңдылық. Соған қарағанда әрбір тарихи дәуір өз

танымдық жүйесінде таным өрісі рухпен астасып жатқан адамгершілік бастаулардың негізін қалыптастырады, әрі насихаттайды, әрі ұрпақтар сабақтастығына аманат қалдырса керекті. Сол тарихты зерттеп, талдау жасау арқылы ғана өз уақытындағы ірі-ірі тарихи тұлғалар халықтың дұрыс бағасын алады. Қазақ халқы өзінің бұрынғы-соңғы тарихында небір қилы замандарды өткізген. Сол қилы замандар халқымыздың рухани өмірі мен тәжірибесінде өшпес із қалдырған. Оның басында тұрған данагөй тұлғалар екендігі, әрине, тарихи дерекке жататындығында еш күмән жоқ. Соған қарағанда белгілі бір әлеуметтік, саяси және мәдени кеңістікте өзіндік тарихи болмыстың терең қатпарларынан шыңдалып нәр алған құдіретті күшке айналған. Кез келген халықтың ойлау жүйесі ұлттық болмыстың дамып, шыңдалуына негіз болған.

Ел тарихындағы XVII-XVIII ғасырлар – қазақ халқы үшін күрделі оқиғаларға толы, тарихи тағдыры сынға түскен кезең еді. Ел болып өзіндік болмысын саралау, мемлекет болып өз тағдырының тізгінін ұстау, іргелі көрші елдің жаугершілігіне байланысты ауыртпалықтар сияқты кесек-кесек тарихи жүктер осы кезеңнің белін қайыстырғандай. Осыны пайымдап-ақ қазақ халқы тарих сахынасында бірде опық жеп, бірде тығырыққа тірелгендей күй кешсе де, әйтеуір әрекетсіз болмағанын көреміз. Ал мұндай әрекетке бастайтын, әрине, асылы халқының болашағын ойлаған ерен ерлер, жеке тұлғалар екендігі айдан анық. Ал қазіргі таңда еліміздің тәуелсіздігі таңында бұл құбылыстардың мән-мазмұны, маңызы арта түсуде. Сонымен осы тарихи құбылыстарды белгілі бір кеңістікке, географиялық ортада, мерзімде бірде құйын соққандай тездететін, бірде су сепкендей баяулататын мемлекет қайраткерлері, азаттық туын желбіреткен айбынды батырлар, даналық пен ұстамдылықтың арқауы – атақты би-шешендеріміз бен жырауларымыз. Бұл рухани жаңғырудың арқауы болса керек. Еліміз ұлан-ғайыр Дала топырағынан нәр алған аса бай рухани тарихымен төл ұлттық болмысымызға негіз болған. Осындай шетсіз де шексіз далада халқымыздың рухани байланысы еш уақытта да үзілмеген.

Оның бастауында алғы философиялық ой-санасымен тікелей байланысты. Бұл халқымыздың сан ғасырлар бойы қорланған даналығының қазіргі рухани жаңғыру жағдайында ұлттық келбетін тереңінен танытатын өзекті қырлары болашақ ұрпаққа берері мол. Рухани мұралардың қалыптасуы мен дамуын жаңаша саралап, зерделеуге мүмкіндік берілді, жаңа бағыт-бағдарлар, пайым-көзқарастар және тұжырымдарға жол ашылды.

Еліміздің рухани танымдарының бастауы бұл – түркілік әлемінде жатыр. Түркілік дүниенің данышпан ғұламаларының сол заман шеңберінен асып, қазіргі уақытта мән-мазмұнының маңыздылығымен, тәлім-тәрбиелік бағдарымен таным көкжиегімізді жасампаздық тағылымдарға бастайды, жетелейді. Әрине, бұл тек халқымызға ғана тән рухани дәстүр екендігінде сөз жоқ.

Бұл дүниенің шегі жоқ, шеті жоқ. Бұны таныған тек сол дүние жаратқан Адам, оның пендесі болса керек. Соған қарағанда бабаларымыздың ой тұңғыығына жетелейтін «дауылпаз» сезімдері осы күйді бастан кешіргендей әсер қалдырса керек. Бұл сәттерді қазіргі таңда келер ұрпақ ой елегінен өткізіп, сол тарихтың сан қатпар сәттерін жадыда ұстау ол – бабалар дәстүріне, мұрасына деген ізет, ол тарихи тағылым, тарих сабақтастығы. Дүниені тану, түйсіну, тұшыну, туған еліне деген құрметі, сүйіспеншілігі - бабаларымыздың данагөйлігінің құдіреттілігінің күш-қуаты болса керекті.

Ұлы Дала көшпелілері мыңдаған жылдық өмір тәжірибесі арқылы көкжиекпен астасып, керіліп жатқан кеңістікте қоршаған орта табиғатымен үйлесімділікте өзіндік дүниетанымдарын қалыптастырған. Бұған негіз болған - табиғат пен адамзаттың рухани үйлесімділігіне тікелей байланысы еді. Бұл қазақ даналығына тән өзіндік ерекшеліктерінің айғағы. Аты аңызға айналған дала данышпаны Анарыс, қазақ сөз өнерінің атасы танылған Майқы би, халық жадында өзі өнерпаз, әулие, әрі дана тұлға ретінде қалған Қорқыт ата, рухани мұра қалдыра білген көшпелілер философы Асан Қайғы, жезтаңдай шешендігімен аты шыққан Жиренше шешендерден бастау алған даналық дәстүрінде сөз өнерінің қадір-қасиеті танылған. Қазақ халқы әр заманда айтылған сөзге үлкен мән бере білген. Тапқыр да ұлағатты сөздер, мағынасы терең, кесімді, ұшқыр ойлар, ғибратнама өсиеттер даналықтың өзегі болып табылады.

Даналықты бойына сіңіріп өскен халқымыз сонау көне заманнан бері осы ұғымның мәнін аша түскен.

Соның нәтижесінде даналыққа ұмтылған, сөз қадірін ту еткен қазақ ойлау жүйесінде тән философиялық ойлау дәстүрі өз жалғастығын тапқан. Ол халқымызға тән өзіндік төл ұлттық болмысының басты ерекшелігі –көшпенділік дәстүріне, табиғат пен адамдар арасындағы үйлесімділікте, жарасымдылықта негізделуінде. Көшпелі ортада өздерінің өмір сүрі тәртібіне бейімделген дүниетанымдық жүйесі қалыптасқан. Бұл түркілер дәстүрінен бастау алған кеңістік пен уақыт туралы түсініктер ерекше сипатта болғанын аңғартады.

Қазақ өз рухани дүниесінде мынау шексіз де шетсіз аспан әлемі мен жер бетін оймен бағдарлай танып, білуге ұмтылған. Бүкіл әлем арқылы өзін-өзі тануға, ұғынуға әрекеттенеді. Сондықтан да қазақ даналыққа, әсемдік пен көркемдікке, ізгілік пен ар-ұжданға мойын ұсынған, олардың құдіретіне бас иген. Себебі, даналықтың негізі адамгершіліктен келіп шығады. Адамгершілік, өз кезегінде, халық дүниетанымының өзегі. Ата-бабамыздың қасиетті өсиеті, даналық сөздері адамгершілікке, имандылыққа бастап, баулиды, адамға да, қоғамға да рухани тірек. Әрі биік парасаттылық, асқақ адамгершіліктің, арқалы ойдың қазынасы. Бұл құндылықтардың барлығы замана ағымына қарай адамның қадір-қасиетін, ой-санасын, оның моральдық-адамгершілік принциптерін, жалпы адамның адамдық болмысын анықтайтын философиялық категориялар.

Қазақ елі ерте дүние тарихынан бастап-ақ өзіндік табиғи даму жолында қалыптасқан құндылықтары мен өзіндік мәдени өркениет жетістіктерінің тұтастығын сабақтастыра дамытқан көшпелі халық. Ұлттық мәдениетіміз тарихи дамудың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық бейнелер болмысының қадір-қасиеті жүйелерін бір-бірімен байланыстырушы дәнекері болып келеді. Қазақ өз болмысына тән руханилық пен дүниетанымды өмірге әкелді. Бұл -дүниені танудың қазақи формасы, дүниені өзінше қабылдау ерекшелігі.

Дүниені тану, қабылдау халықтың тарихынан, ғылымынан, өмір сүру тәсілінен, мәдениетінен көрінеді. Осы дүниені тану ерекшелігі оның ойлау қабілетімен тікелей байланысты болады. Тарихи, ғылыми, мәдени зерттеулер барысында қазақтың көшпенділік өмір-салтынан, философиясынан, соның ішінде халық фольклорынан адам баласының өмірін, болмысын, жалпы қоғамдағы ролін қарастыру негізінде ұлттық болмысты байқаймыз. Ұлы дала төсіндегі халқымыздың мыңдаған жылдар бойындағы қалыптасқан шығармашылығы, жеке адамның рухани ізденісі, халық даналығы, міне осы ұлттық қадір-қасиетімізге тән құндылықтар қазығы. Қазақ халқының бойындағы ұлттық болмысқа, ұлттық дарын-қабілет, ерекшелігіне тереңдей көз жіберсек одан ұлт тұтастығының негізін көреміз. Халықтың ділі - оның әдет-ғұрпында, тілінде, ұлттық салт-дәстүрінде, бала тәрбиесінде, мінез-құлқы мен рухани тіршілігінде. Дүние кеңістігін шыр айналып, ең далада көшіп жүрген аталарымыздың тұрмыс-тіршілігі бұл - болмыс айнасы. Оны біздер өмір тәжірибесінен алынған жыр-толғаулар, өсиеттер, аңыз, ертегі, мақал-мәтел, шешендік нақыл сөздерден көреміз.

Шын мәнінде, бүгінде мағынасы терең осынау тарихи мұралардың мән-мазмұнының тереңінен ашылуы тарихи әділдіктің салтанат құруын айғақтайды. Халқымыздың рухани мұралары ұрпақтар байланысын және уақыт үндестігін білдіреді. Бұл – ата-бабамыздың рухына тағзым етіп, жас ұрпақты ізгілікке, отан-сүйгіштікке бағыттайтын бағыт-бағдар. Сондықтан да қазіргі өркениет «жедел» алға басқан сайын келер ұрпақ үшін оның маңызы зор демекпіз.

Жалпы кез келген ұлттың ұл болып қалыптасуында оның тіршілік мекені, географиялық ортасы, табиғат дүниесінің ықпал-әсері зор болса керек. Соған қарағанда Ұлы даланы мекендігін бабалар дәстүріне тән адамдық қасиеттердің табиғатпен ұлы үндестігі, үйлесімділігі ғажайып таңқаларлықтай. Сонымен бірге, бұл үндестіктен ұлттық сана-сезім астарындағы халқымызға тән мінез-құлықты, рухани дүниесін айқындайтын құндылықтарын байқағандаймыз. Қазақ халқының мінез-құлқы оны қоршаған орта, дәлірек айтқанда кең далалық кеңістікке, тұрмыс-қарекетіндегі шаруашылығына байланысты қалыптасқан. Байсалды өмір сүру, кешірімді болуы, кең пейілділігі, әңгіме барысында әр нәрсенің мән-жайын жете түсінуі, әр сөзді талдап, пайыммен жауап беруі, мұның барлығы, сайып келгенде, халқымыздың табиғатының қарапайымдылығын көрсетеді. Көбіне-көп халық шығармашылығында ең

алдымен адамның мінез-құлық жүйесіндегі ізденісінде имандылыққа, инабаттылыққа, ізгілікке тән құндылықтарға ерекше көңіл бөлінген. Атап айтар болсақ, адамдардың бір-бірімен өзара қарым-қатынасы, өмірдің өзегін жалғастырушы ұрпақтың өмірге келуі, адам баласының өсіп-жетілуі мен қартайып, өмірден өткенге дейінгі аралықтағы тіршілігі, тіршіліктегі адамдар арасындағы түсінік, құрмет, ізет, ата-ана мен балалары арасындағы сыйластық сияқты алуан түрлі өмірде маңызын жоймайтын көкейтесті мәселелер назардан тыс қалған емес. Ал көшпелі өмір дәстүрдің табиғат-анамен, күнделікті тұрмыспен етене тығыз болуын ұйымдастыру тәжірибесі тап осыны талап етті. Күнделікті өмір салтына бұ өмірде көргенінен көңілге түйгені көп «көнениң көзі, көзенің сынығы» іспетті қарияларға ізет, үлкендерге құрмет көрсету, әлсіздерге қамқорлық жасап отыру сияқты қасиеттер тән болған.

Тарихтың терең қатпарларындағы дүниетанымдық иірімдердің мән-мазмұнын түсіну, өз кезегінде, ежелгі дүниедегі рухани мұрадан даналықты іздеудің көрінісі. Жалпы рухани мұраларды жаңғырту мақсаты, өз кезегінде ұлттың өзіндік келбетін танытатын ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге, ұлттық мәдениет, салт-дәстүрді құрметтеуге насихаттайды; туған еліне, «кіндік қаны тамған туған жеріне» деген адамның отансүйгіштік қадір-қасиетін тереңдетіп, шыңдаса керек; Ұлы Дала рухының құдіреті өз перзенттерін биік белестерге, үлкен жеңістерге, жасампаздықтарға бастаса керекті.

Қазақтың арғы-бергі тарихына көз салсақ, атақты адамдарымыз аз болмаған. Осындай тарихи тұлғалардың қатарында Бұқар жырау Қалқаманұлының орыны ерекше демекпіз. Халық данышпанының арманы – халық арманы, қазіргі заман тынысы, мақсат-мүддесі, ізгі тілегі тек ел-жұртының игілігі, болашақ қамы болағандығын естен шығармаған жөн. Асқан кеменгер ойшыл, қоғам қайраткері, жыр нәсері Бұқар жырау Қалқаманұлының дүниетанымдық көзқарастарындағы қазақ рухының жаршысы ретіндегі рөлі өте зор демекпіз. Дана жырау батырлығымен, көсемдігімен, шешендігімен еліне қадірлі болған аса айрықша тұлға.

Бұқар жыраудың бастан кешкен өмір жолы мен шығармашылығы, жырлары мен нақыл-өсиеттері ұрпағына қалдырған орасан зор рухани мұра болып табылады. Рухани жаңғырумен болашаққа ұмтылыс осындай болса керекті. Елдік пен ерліктің үлгісін көрсеткен, тарихи санада берік орын алған, бабаларымыздан қалған бұл рухани қазына туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімімен астасып жатқан бірбеткей ерлік, батырлықтың ғана емес, ең бастысы, осындай қасиеттермен үйлесім тапқан сөзден өрнек өрген хас ақылмандықтың көрінісі. Оған дәлел мына бір толғау жолдары:

Асқар таудың өлгені –
 Басын мұнар шалғаны.
 Көктегі бұлттың өлгені –
 Аса алмай таудан қалғаны.
 Ай мен күннің өлгені –
 Еңкейіп барып батқаны.
 Айдың шалқар өлгені –
 Мұз болып тастай қатқаны.
 Қара жердің өлгені –
 Қар астында жатқаны.
 Өлмегенде не өлмейді?
 Жақсының аты өлмейді,
 Ғалымның хаты өлмейді [1, 42 б.].

Бірлігінен айрылмаған, ұлттық санасынан арылмаған елдің рухани тізгіні ендігі жерде көркем сөз билігіне көшкендігінің айғағы - Бұқар жыраудың өмірі мен қызметі. Ежелгі мұра ұлттың тұтастығын сақтауда оның рухына жол беріп, болашаққа бой сермеген, айрықша қуатты құбылыс ретінде өміршеңдігімен елдің көкірек көзін ашты. Ұлттық рухтың ауыр салмағы осы қайраткерлерге түскен еді. XVIII ғасыр тарихында табиғатынан ерекше жаратылған, даналық ойымен, ақылман шешендігімен, өзіндік терең болмысымен ой салған бабамыз - Бұқар жырау. «Дуалы ауыз» кеменгер ойшылдың мақсаты:

«...Арманым – бірлік, арманым,

Арманым үшін қармандым» [2, 79 б.];

«...Сақта қазақ бірлігін,

Тоқсанға келген қарт Бұқар,

Осы соңғы тілегі» [3, 86 б.].

Ұлы ғалым Мұхтар Әуезов өз ойын былайша білдірген: «Біз жоғарыда зар заман сарыны Абылай тұсындағы екі алуан ақыннан басталады дедік. Біреуі – ақылшы би, қария, екіншісі – толғаушыл жырау. Енді осы жіктің адамдары кім, соларға келейік. Әзірше бұл жіктің алғашқысына қосатынымыз – Асан қайғы, екіншісі – Бұқар жырау...» [4, 90 б.].

Сонымен, қазақ рухани әлеміндегі даналықты әлеуметтендіретін ақыл-парасаты, ой-зердесі, болмысымен өмірге әкелетін - қашан да жеке тұлға, дана, ойшыл адамдар. Қазақ философиясы дегенде XVIII ғасырда өмір сүріп, ел тізгінін қолға алып, сөз өнерінің үлгісін жасаған, даналықтың, дарындылықтың тұғырынан көрінген атақты әулие абыз – Бұқар жыраудың есімі, ойы, түсінігі, көзқарасы ойға оралады. Бұл жерде сөз болып отырған - оның телегей дарын иесі ретінде алты алаштың тіл өнерін меңгерген дарындылық қасиеті жыраулық, шешендік дәстүрлеріндегі алатын орны. Бүкіл әлеуметті аузына қаратқан, өмірден түйгендерін ақыл таразысына тартатын данагөй ақылман келер ұрпаққа мұра етіп қалдырған тек жыр-толғаулары, ой-тұжырымдары ғана емес, сонымен қатар оның іс-әрекеті, халқына сіңірген еңбегі, өмірі де үлгі тұтарлық өнеге мектебі.

Көріп отырғанымыздай, ел тарихында ерлігімен, елге сіңірген еңбегімен, ерекше адамгершілік қасиетімен халыққа қалаулы болған, ұлттық дәстүрді сақтаушы, жалғастырушы алыптар өткен. Мұндай асыл қасиеттерін олардың ақыл-ой, адамгершілігі, қайрат-жігері мен қайсарлығынан, қайран қалдыратын таудай биік тұлғасынан, шеті-шегі жырақ мекен-тұрағынан, салт-дәстүрінен, өмір тәжірибесінен түйген тәлімді сөздерінен көреміз. Кең даланы ен жайлап, еркін дәурен кешкен олардың өр мінез, кеңпейілділігімен ұлттық ерекшелігімізді жоғалтпауға, салт-дәстүрімізді сақтауға үндеген ұлағатты лебіздерінен танимыз.

Ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, ата-баба дәстүрінен рухани құндылықтарды баянды етуде ұлттық рухты дәріптеу шарт. Бұл жерде ұлттық құндылықты айқындаушы фактор ретінде әрі оның өзектілігін айқындауда халқымыздың тыныс-тіршілігінің көзі ұлттық танымдарын алыс замандар қойнауынан қайта жаңғырту керектігі қазіргі өмір қажеттілігі екендігін танытып отыр.

Соған қарағанда, Рухани жаңғыру – бұл ұлттық болмыстың негізінде ұрпақтар сабақтастығымен ғасырдан ғасырға жалғасқан қазақ халқының өмірлік ұстанымдарының, адамзаттық керемет қадір-қасиетке ие болған өшпес даналық үлгілерінің үрдісі өзінің даму жолындағы өткен кезеңдер игілігін түлету.

Пайдаланылған әдебиеттер

Қалқаманұлы Бұқар. Ай, Абылай, Абылай! Толғаулар. – Алматы: Жалын, 1993. -96 б.

ИННОВАЦИИ НА ФИНАНСОВЫХ РЫНКАХ ПОСТСОВЕТСКИХ ГОСУДАРСТВ

Ашимбаев Толенди
Пилалова Таншолпан
Тургинбаева Кунсулу
Талдыбаева Лаура
Преснова Людмила

*Многопрофильный колледж
непрерывного образования
Алматы, Казахстан*

azimbaeva_g@mail.ru*

Аңдатпа: Мақалада күріш жармасының химиялық құрамы мен элементтік мөлшері анықталды. Күріш жармасын ашытудың қолайлы жағдай анықталды. Алғашқы айдалған спирттің концентрациясы -8-10%. Шикі спирттің құрамындағы қоспаларды тазалау үшін активтелген көмір, цеолит, силикогель, бетонит қолданылады, сусыздандыру үшін сусыз кальцийдің оксиді және натрий металы қолданылады. Этил спирті 1 кг күріш жармасынан 2-2,5л 86-90% этил спирті алынды. Алынған этил спиртінің құрамы газды-хромато-масс-спектрометрия құрылғысымен анықталып, ГОСТ мемлекеттік стандартқа сәйкестендірілді

Кілт сөздер: Күріш жармасы, спирт, шикізат, күнжара, крахмал

A METHOD OF PRODUCING ETHANOL FROM RAW MATERIALS KRAKHMALNY

G.E Azimbaeva
Zh.A. Koshetova
A.K. Kamysbaeva
D.M. Diyarova

*Kazakh State Women's Pedagogical University,
Almaty, Republic of Kazakhstan
azimbaeva_g@mail.ru*

Abstract: The article gives the definition of the chemical composition and content of elements of the rice seed. The optimal conditions for fermentation from the rice slicks were also determined. To clean the impurities, activated carbon, zeolite, silica gel, and concrete were used .. And anhydrous calcium oxide and sodium methoxide were used for dehydration. 1 kg of the rice section obtained 2-2.5 liters of ethyl alcohol, the concentration of the alcohol obtained is 86-90%. The composition of ethyl alcohol is determined on a gas chromatograph instrument by a mass spectrometer and rectified by the state standard.

Keywords: Rice, spirits, raw materials, sunflower, starch.

Кіріспе. Қазіргі таңда спирттің көп мөлшері синтетикалық каучук өндіргенде, фотоленка және қағаз өндірісінде, күрделі эфир өнеркәсібінде, ликер, арақ өндірісінде, фармацевтика, парфюмерия өндірісінде және көптеген тағы басқа өндірістерде қолданады. Этил спирті арақ-шарап өндірісінде, тамақты ароматтауда қоспа ретінде тамақ өнеркәсібінде қолданылады. Этил спирті өте жақсы ерітінді, этанол көптеген материал желім, кір жуатын, бояулар, дәрілік препарат еріткіштердің синтезі үшін этанол субстрат қызметін атқарады, синтетикалық талшықтарды алуда шикізат болып табылады [1, 2, 3].

Этил спирті спиртті сусын түрінде ежелгі Ресейде алғаш рет алынғаны туралы «Виатской летописи» XI ғасыр деректерде жазылған Кремль қаласында XI ғасырдан бастап вино өндіріу жолға қойылған. XIV ғасырда шарап спиртінің өндірісі Батыс Еуропа және Ресейде қарқынды дамыған. Этил спирті су мен шарап араласқан ертіндіні қыздыру арқылы қайта айдау жолымен, нан шарапы деп аталатын этил спирті алынған. Спирт алу процесінің теориясы мен практикасына шетелдік ғалымдар Ш.Марийс (Франция), Е.Киришбаум (Германия), Шугавара (Жапония), Р.Керр (Англия), сондай-ақ В.А.Смирнов, В.Н.Стабников, Д.Н.Климовский, В.Н.Швец, В.В. Кафаров және басқалар көп үлес қосты.

Сулы спиртті ертінділердің құрылысы, теориясы мен физика-химиялық қасиеттері, спиртті суладан айдау және спиртті ректификациялау бойынша Д.И.Менделеев, А.Н.Дорошевский және басқалар еселі жұмыстар жүргізді. Француз ғалымдары Е.Сорель, Э.Барье Спиртті қоспалардан тазарту теориясы мен әдістерінің негізін салды.

Спирт өндірісінің дәстүрлі шикізаты екі түрге бөлінеді: крахмалқұрамдас (дән, картоп) және қантқұрамдас (күнжара).

Спиртті пайдаланатын 150 шақты өндіріс түрлері белгілі. Қазіргі таңда негізгі крахмалқұрамдас шикізатқа әртүрлі дәндердің түрлері жатады. Негізінен, спирт кез-келген дәнді дақылдың дәнінен алынуы мүмкін, бірақ жалаңаш тұқымдылыр (бидай, қарабидай, жүгері) ерекше маңызға ие, себебі оларды (сұлы, арпа, тары) өңдеуге еңбекті көп қажетсінбейді. Сондықтан тиімді [4].

Дәндердің анатомиялық құрылысы, химиялық құрамын отандық және шет елдік ғалымдар жақсы зерттеген [5,6,7,8].

Сондықтан этил спиртін биохимиялық әдіспен өндіруде инулинқұрамдас өсімдіктерді пайдалану тиімді болып табылады. Себебі, отандық және әлемдік нарықта өнімнің бәсекелестік қабілетін және сапасын жоғарылату бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Қазақстан күрішті 400-500 мың тонна көлемде өндіре алады. Кластерлік негізде күріш өндірісінің дамуы бірінші кезекте күріш өңдеу өнеркәсібінің қалдықтарын толық пайдалануға, күріштің дән ұсағы, күріш ұнтағы, қауызы. Күріш өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін және алынған өнімдердің сапасын арттыруда, ұсақталған күріштен крахмал өнімдерін алу үшін терең өңдеу мен оның қалдықтары өндірісінің маңызы зор.

Спирт алу үшін ұсақталған күріштен алынған ұнды және күріш салысын өңдеуде 14%-ға дейін алынатын күріштің ұнтағын пайдалануға болады. 10 кг күріш ұнынан немесе ұнтағынан 4,2 л спирт алуға болады. Өкінішке орай, осы уақытқа дейін елімізде мұндай қалдықтарды өңдейтін кәсіпорындар жоқтың қасы.

Күріш салысын өңдеу кезінде 12-14%-ға дейін алынатын күріш қауызын пайдалану перспективалы болып есептеледі, себебі одан жылу өткізбейтін және құрылыс материалдары мен электрон өнеркәсібінде қолданылатын кремний алынады. Жыл сайын өзінің құрамында 15% кремний, 80% органикасы және 5%-ға дейін калий, магний фосфоры және кальцийі бар 5 мың тоннаға дейін қауыз жиналады.

Спирттің 5% аз емес крахмалдан немесе қанттан тұратын өнімдерден өндіріледі. Бидай мен жүгеріде крахмал мөлшері-50-70% құраса, ал арпада -40%, күріштің дәнінде - 80% дейін, картоп -20 %, қант қызылшасында - 11-22%, көптеген жеміс жидекте - 4-8-18% құрайды. Сондықтан спиртті күріштен өндіру жоғары сапалы болып табылады [9,10].

Күріш экономикада өте маңызды рөл атқарады. Астық мәдениетінде бидайдан кейінгі екінші орынды алады.

Спирт алу үшін күріштің келесідей көрсеткіштері қолданылады: ылғалдылығы 13,6%, крахмалдылығы 82%. Күрішті ұнтақтауда, майдалауда, қайнатуда және қанттандыруда келесідей нәтижелерді алады:

- майдаланған күрішті сапалық анықтауда сандық ылғалдылығының қалдығы орташа мәнге ие болады;

- зерттелген сынамадағы піскен массасы – жартылай күріш түйірінің құрамы қою сары түсті, жартылай сұйық, жылтыр;

- құрғақ заттардың саны қанттандырылған массасының 16% құрайды;

- сусланың қышқылдылығы шекті сызыққа жетпеді.

Әрі қарай күріштің сусланы ашыту барысында ашытқысы *Saccharomyces cerevisiae* штамм ДМ -2ВКПМ –У-3415 қолданылды [11].

Тәжірибелік бөлім.

Зерттеу жұмысының мақсаты күріш жармасынан этил спиртін алу болып табылады.

Зерттеу нысаны ретінде Қызылорда облысы және Бақанас елді мекенінің күріш жармалары алынды.

Зерттеу жұмысында қалдықсыз технологияны қолдана отырып, этил спиртін алудың технологиялық үлгісін жасау болып табылады.

Алынған шикізат яғни күріш жармасы: таза, құрғақ болуы қажет. Технологиялық процестер үшін пайдаланатын ауыз суына қойылатын талаптар: кермектілігі (>7) орташадан төмен, микробиологиялық тұрғыдан таза болуы керек. Спирт өндірісінде пайдаланатын судың қышқылдылығы рН=4,5-5,5 аралығында болуы тиіс. Крахмал өнімдерінің ыдырауы қышқылдық ортада тереңінен және тезірек жүреді. Сілтілік және бейтарап орта қышқылдық бактериялардың өсіп өнуіне жағдай тудырады. Сілтілік ортада ашу, глицерин тұзу бағытында жүреді. Шикізатты ашытуға бидай өскіні қолданылды. Ашытқының құрамында *Saccharomyces cerevisiae*, эмульгатор (*Sorbitan monosterate E491*) қоспалары бар.

Крахмалқұрамдас шикізаттардың микроэлементтердің мөлшері атом-эмиссионды жартылай сандық спектрлік анализ әдісімен «Analyst 400» приборында анықталды.

Сондай-ақ макроэлементтердің мөлшері төменгі вакуумдағы электронды микроскоп–JSM-6510LA приборында анықталды. Зерттеу нәтижелері 1-кестеде келтірілген.

Күріш жармасының құрамындағы белок Къельдаль әдісімен анықталды. Клетчатка А.Е. Ермаковтың модификациясы бойынша салмақтық әдіспен анықталды. Құрамындағы шикі май мөлшері Сокслет аппаратының көмегімен салмақтық әдісімен анықталды. Сондай-ақ ылғалдылығы мен күлділігі гравиметриялық әдіспен анықталды. Зерттеу нәтижесі 2-кестеде келтірілген.

Күрішті ашытуға бидайды қолданған дұрыс. Бидайды 200-300 г аналитикалық таразыда өлшеп алып, жуып тазалап бір күн суда қалдырады. Келесі күні тақтайдың үстіне біркелкі етіп жайып, қайта-қайта тамшылатып су сеуіп отырады. 2-3 күннен кейін биіктігі 5-6 см болатын жасыл өскін дайын болады. Осы алған өскінді ұсақтап турап, бидайдың өскін сүті ретінде қолданады. Бұл қоспаны езіп, араластырып, оған үш есе көп мөлшерде су құйып 60-65⁰С температурада біркелкі сұйықтық алу үшін 10 минут араластырады. Осы түзілген өнім өскін сүті, оның құрамында ферменттер еріген күйде белсенді түрде кездеседі. Ашытқының құрамында *Saccharomyces cerevisiae* эмульгатор қоспалары бар. Ашыту бөлме температурасында 20-22⁰С 3-4 аптаға қойылды. Күніне бір-екі рет шайқап қою қажет.

Ашыту процесі кезінде алдын-ала жуып, тазаланған, салмағы өлшенген күріш жармасы шикізат ретінде алынды. Күріш жармасы мен суды араластыруда белгілі бір қатынастарда 1:4, 1:8, 1:12 жүргізілді. Бұл жерде тиімді қатынас 1:12 болды. Себебі күріш жармасы суды өте көп сіңіреді. Яғни 0,5кг алып, оның үстіне 1:12 қатынаста су құйылып, 80-100⁰С температурада қайнатылып пісірілді. Дайын болған шикізатты суытылып температурасы 55-58⁰С температураға төмендеген кезде қантпен араластырылады. 30-40⁰С температураға дейін салқындаған кезде үстіне белгілі бір қатынаста алдын-ала даярланған бидай өскін сүтін салып, ауасыз ашытылды. Алғашқы айдалып алынған шикі спирттің концентрациясы 8-10% және 5200 мл шикі спирт алынды. Алынған спирттің құрамында байланысқан майлар, күрделі эфирлер, альдегидтер және т.б. заттар. Қоспалардан тазалау үшін адсорбенттер (активтелген көмір, каолин, катионит, анионит) қолданылды. 500мл шикі спиртке 16г активтелген көмірден қосылды. Айдалып шыққаны 440 мл, ал қалғаны қалдық. Сондай-ақ сусыздандыру үшін яғни спирттің концентрациясын арттыру үшін сусыз кальцийдің (II) оксиді қолданылады. Зерттеу нәтижесі 1-сызбанұсқада келтірілген.

Алынған спирттің құрамын газды-хромато-масс-спектрометриялық әдіспен анықталып, спирттің сапасы мемлекеттік стандартқа сәйкестендірілді. Зерттеу нәтижесі 3,4-кесте мен 1,2-суретте келтірілген.

Тәжірибеде алынған нәтижелерді талқылау.

Зерттеу нәтижесінде 13 микроэлемент анықталынды. Олар: темір, алюминий, марганец, титан, стронций, мыс, никель, молибден, вольфрам, мырыш, күміс, хром, қорғасын.

1-Кесте. Күріш жармаларының құрамындағы макроэлементтерінің мөлшері


№	Элемент Шикізат	C	O	Mg	P	S	K	Ca	Si
1	Қызылорда облысының күріш жармасы	58,22	40,75	-	0,41	-	0,12	-	0,29
2	Бақанас облысының күріш жармасы	60,38	35,37	0,51	2,04	0,39	1,07	0,24	-

Зерттеу нәтижесінде 8 элемент анықталды. Қызылорда облысының күріш жармасында 5 элемент, Бақанас облысының күріш жармасында 7 элемент анықталды.

2-кесте. Күріш жармасының химиялық құрамы

№	Элемент	Белок %	Май %	Клетчатка, %	Крахмалдылығы, %	Білгалдылығы %	Күлділігі %
1	Қызылорда облысының күріш жармасы	10,00	2,00	2,62	53,60	2,48	0,35
2	Бақанас облысының күріш жармасы	9,86	1,96	2,56	53,40	2,73	0,40

2-кестеде мәліметтеріне сүйенсек, Қызылорда күріш жармасының құрамындағы белок, май, клетчатка крахмалдың мөлшері Бақанас күріш жармасына қарағанда жоғары екендігін анықталды. Анықтау барысында күріш жармасының құрамындағы крахмалдың мөлшері жоғары екендігін байқауға болады. Бұл астық тұқымдастардан тағамдық этил спиртін алуда өте маңызды орынға ие. Сондықтан ғылыми жұмыста күріш жармасынан этил спиртін алуда қажетті шикізат болып табылады [10]




Сызбанұсқа 1. Этил спиртін алудың технологиялық үлгісі

Алғашқы айдалған өңделмеген шикі спирттің құрамындағы күрделі эфирлердің мөлшері 48-53 мг/дм³ аралығында болады.

Оны активтелген көмір, цеолиттен өткізіп айдалған спирттердің концентрациясы 20% артып, күрделі эфирлердің мөлшері, 36-44 мг/дм³ дейін азайды.

Осы спиртті 1 рет кальций оксидімен өңдеп, айдаған кезде спирттің концентрациясы 30-42% артады. Ал оның құрамындағы күрделі эфирлердің мөлшері 26-31 мг/дм³ аралығында болады.


Ал кальций оксидімен 2-3 рет өңдеп, қайта айдағанда спирттің концентрациясы 53-78% артып, күрделі эфирлердің мөлшері 15-19 мг/дм³ азаяды. Төртінші рет кальций оксидімен өңдеп қайта айдаған кезде спирттің концентрациясы 80-90% артып құрамындағы күрделі эфирлердің мөлшері 12-13 мг/дм³ азаяды. Зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер 1 – диаграммада келтірілген.



1-диаграмма. Күрделі эфирдің спирт концентрациясына тәуелділігі.

Алғашқы айдалған өңделмеген спирттің құрамындағы күрделі эфирдің мөлшері 85-90 мг/дм³ аралығында болды. Оны активтелген көмір, цеолиттен өткізіп айдалған спирттердің концентрациясы 20% артып, күрделі эфирдің мөлшері 55-64 мг/дм³ аралығында болды. Осы спиртті 1-рет кальций оксидімен өңдеп айдаған кезде спирттің концентрациясы 30-40% артады. Ал оның құрамындағы байланысқан майлар мөлшері 36-45 мг/дм³ азаяды.


Ал 2-3 рет кальций оксидімен өңдеп қайта айдағанда спирттің концентрациясы 53-11% артып, күрделі эфирдің мөлшері 15-19 мг/дм³ азаяды. Төртінші рет кальций оксидімен өңдеп қайта айдағанда спирттің концентрациясы 80-90% артып құрамындағы күрделі эфирдің 12-13 мг/дм³ азаяды. Сонымен қатар, спирт құрамындағы байланысқан майлардың мөлшері спирт концентрациясына тәуелділігіне қалай өзгертіндігі 2-ші диаграммада көрсетілген.



2-диаграмма. Байланысқан майлардың спирт концентрациясына тәуелділігі

Алғашқы айдалған өңделмеген спирттің құрамындағы байланысқан майлар мөлшері 85-90 мг/дм³ аралығында болды. Оны активтелген көмір, цеолиттен өткізіп айдалған спирттердің концентрациясы 20% артып, байланысқан майлар мөлшері 55-64 мг/дм³ аралығында болды. Осы спиртті 1-рет кальций оксидімен өңдеп айдаған кезде спирттің концентрациясы 30-40% артады. Ал оның құрамындағы байланысқан майлар мөлшері 36-45 мг/дм³ азаяды.

Ал 2-3 рет кальций оксидімен өңдеп қайта айдағанда спирттің концентрациясы 53-11% артып, байланысқан майлар мөлшері 15-21 мг/дм³ азаяды. Төртінші рет кальций оксидімен өңдеп қайта айдағанда спирттің концентрациясы 80-90% артып құрамындағы байланысқан майлар мөлшері 8-9 мг/дм³ азаяды. Сонымен қатар, спирт құрамындағы альдегид мөлшерінің спирт концентрациясына тәуелділігіне қалай өзгертіндігі 3-ші диаграммада көрсетілген.




3-диаграмма. Альдегид мөлшерінің спирт концентрациясына тәуелділігі


Алғашқы айдалған өңделмеген спирттің концентрациясы 4-8%. Оның құрамындағы альдегидтің мөлшері 94-98 мг/дм³ аралығында болды. Оны активтелген көмір, цеолиттен өткізіп айдалған спирттердің концентрациясы 20% артып, альдегид мөлшері 40-70 мг/дм³ аралығынла болды. Осы спиртті 1-рет кальций оксидімен өңдеп айдаған кезде спирттің концентрациясы 30-40% артады. Ал оның құрамындағы альдегид мөлшері 33-60 мг/дм³ азаяды. Ал 2-3 рет кальций оксидімен өңдеп қайта айдағанда спирттің концентрациясы 56-76% артып, альдегид мөлшері 9-22 мг/дм³ азаяды. Төртінші рет кальций оксидімен өңдеп қайта айдағанда спирттің концентрациясы 80-90% артып құрамындағы альдегид мөлшері 4-5 мг/дм³ төмендеді. Демек таза спирт алынды.

Бақанас күріш жармасынан алынған шикі спирт концентрациясы 30% және 60% Қызылорда күріш жармасының құрамы Thermo fisher scientific, TRAGE 1310-ISQL маркалы газды хромато-масс-спектрометриялық әдіспен анықталынды. Анықтау нәтижесінде концентрациясы 30% шикі спирттің құрамында 50-320⁰С температурада 15 минут аралығында алдыңғы 5 минутта ұшқыш заттар этанол, пропан көрінді. Одан әрі қарай 1,1- диметокси, фурфурол, 2-гидроксиклопент, -2-ен-1-он, лимнонен, γ –терпинен, 5-гидроксиметилфурфурол, β-D-лицопира-ноз, 1,6 –ангидро, коффейн қоспалары болатындығы анықталды.


Зерттеу нәтижесінде күріш жармасының 30%-60% шикі спирттің құрамындағы қоспалар анықталып, құрылыстары ГОСТ стандартқа салыстырылды. Олар негізінен альдегидтер, байланысқан майлар, күрделі эфирлер, карбонилді қосылыстар тобына жататын заттар болып табылады. Бақанас күріш жармасынан алынған 30% шикі спирттің хроматограммасын 1-суретте көрсетілді.




Сурет- 1. Бақанас күріш жармасынан алынған 30% шикі спирттің хроматограммасы




Сурет- 2 Қызылорда күріш жармасынан алынған 60% шикі спирттің хроматограммасы
 Бақанас, Қызылорда күріш жармасынан алынған 30%-60% шикі спирттердің құрамындағы қоспалардан толық арылту үшін тағы 2-3 рет кальций оксидімен айдау қажет. Өңделгеннен кейінгі спирттің концентрациясы 80-90% артып, альдегид мөлшері 4-5 мг/дм³, байланысқан майлар 8-9 мг/дм³, күрделі эфирлер 12-13 мг/дм³ азаяды. Демек таза спирт алынды. Олардың хроматограммасын 3-4 -5-суреттерде көрсетілді.



Сурет- 3 Бақанас облысы күріш жармасынан алынған 80% спирттің хроматограммасы



Сурет- 4. Қызылорда облысы күріш жармасынан алынған 86% спирттің хроматограммасы



Сурет- 5. Бақанас күріш жармасынан алынған 90% спирттің хроматограммасы Қорытынды.Этил спиртін алу үшін құрамында 53,40-53,60% крахмалы бар күріш жармасы қолданылды. Күріш жармасының химиялық құрамы мен элементтік мөлшері анықталды. Күріш жармасын ашытудың қолайлы жағдай анықталды.

Этил спирті 1 кг күріш жармасынан 2-2,5л 80-90% этил спирті алынды. Алынған этил спиртінің құрамы газды-хромато-масс-спектрометрия құрылғысымен анықталып, ГОСТ мемлекеттік стандартқа сәйкестендірілді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. РЖ Хим.0016-19Р1.302.Производство синтетического этилового спирта методом прямой гидротации в 1976-1980 г.г./Тереньтев В.С ./Башк.Хим.ж.-1999.-6.№4.-с.70-72,88.-Рус.
2. Курбатова В.И., Римарева Л.В., Трифонова В.В., Воробьева Е.В Исследование оптимальных условий ферментативной обработки яблочной ликероводочных изделий.-2005. №4.С .25-30
3. Егоров Г.А. Управление технологическими свойствами зерна .ИК.МГУПП.М: 2005г.
- 4.При поизводстве спирта из риса.Колос-Пресс 2002г.
- 5.Галынкин В.А Способ получения этанола из морских водрослей//Патент:2421521 С2.Санктпетербург 2012г.
6. Кертович В.Л Биохимия зерна и хлеба.-М:Наука.1991.136с.
7. Михайлев А.А Состояние и перспективы развития алкогольной отрасли // производство спирта ликероводочных изделий -2001-№3-с.4-5
8. Голубев В.Н.,Волкова Н.В., Кушалаков Х.М. Топинамбур состав, свойства, способы переработки , области применения.-М.1995.82 с.
9. Дубовиций Ю.Е. Разработка комплексной технологии переработки зерна пшеницы на этиловый спирт белковый продукт. Дисс.канд.техн.Наук. М.-2003.182с.3-22с
10. Максимова Е.М. Разработка комплексной ресурсосберегающей технологии этанола на основе целенаправленного изменения реологических характеристик зерна. Дисс.канд.техн.наук .-М-2001.-180с
11. Бирагова Н.Ф.,Бирагова С.Р., Бирагов Д.А. Исследование возможности использования дрожжей культуры *Saccharomyces cerevisiae* штамма дм-2 номера расы вкпм-у-3415//
12. Ә.Ф. Сейтжанов «Органикалы- химия » Алматы.2005ж 132-145б
13. Инулиназа *Saccharomyces cerevisiae* выделение, свойства. материалы 39 .Отчетной научной конференции Воронежской Государственной технологической Академии за 2000 год, Воронеж, 2001.Воронеж : Изд-во ВГТА .2001.с.74-75

14. Есқалиева Б.Қ. «Фитопрепараттар және табиғи биологиялық белсенді заттардың химиясы» Алматы: 2013.-88с

ELECTIVE COURSES - COURSES ON SELECTION

T.B.Baynazarova

*Candidate of Pedagogical Sciences,
Associate Professor Kazakh State Women's
TeacherTr: aining University, Almaty, Kazakhstan*

Zhumasheva T.S

*Kazakh National Pedagogical University
named after Abay, PhD doctorate*

G.K.Karimbayev

*The teacher of the pedagogics and psychology
Zharkent college of humanities and technology,
Zharkent, Republic of Kazakhstan*

A.E.Konyrbayeva

*The teacher of the pedagogics and psychology
Zharkent college of humanities and technology,
Zharkent, Republic of Kazakhstan*

ABSTRACT

Elective courses are designed to promote self-determination of students and selection of further professional activities, create positive motivation for learning on the planned profile, introduce students to the leading activities for this profile, enhance students' cognitive activities, and enhance their information and communication competence.

Key words: elective courses, students approaches.

Elective courses include about 80% of the typical curriculum specifically for higher education institutions in credit education technology, which encompasses the choice of individual orientation, trajectory of learning, raising the level of self-education and creativity of students. Undergraduate education programs are designed based on the modular system of teaching disciplines. The general load on theoretical training is determined by the list of disciplines studied.

The cycle of general education disciplines consists of subjects of compulsory component and choice component. In addition to the disciplines compulsory components of basic disciplines (BS) and subject disciplines (GP), component selection is included the elective courses. The volume of disciplines in the GPA (basic disciplines) cycle is 50% of the total amount allocated for the study of subjects in the typical curriculum, or 64 credits, of which 20 credits are divided into the compulsory component and 44 credits for selection component of elective courses.

The volume of disciplines in the cycle of disciplines (subject disciplines) is 25% of the total amount allocated for the study of subjects in the typical curriculum, or 32 credits, of which 5 credits are divided into compulsory component subjects, and 27 credits - the choice component of elective courses.

Elective courses are characteristic of the following. In particular:

- the "additive" nature of such a fully-enriched course;
- elective courses are considered to be an important component of the curriculum, which is carried out on the content of the subjects of the general, basic, vocational cycle, which is a part of general, specialties and modules defined in the working curriculum;
- It helps to satisfy the cognitive interests of the students in different fields. Elective courses should be aimed at achieving the following goals: - promote student self-orientation or future professional activity; - create a positive motivation for the students' profile; - to acquaint students with the leading directions of future professional activity in their chosen specialty; - to activate cognitive activity of students; - to improve the information and communicative competence of students.

The effectiveness of elective subjects is only provided that students are fully informed about the subject of an effective course.

First, they must clearly understand their interests and plans.

Secondly, students should be able to briefly review short summary of elective courses offered and briefly familiarize themselves with the content of the teaching materials.

Thirdly, a teacher conducting an elective course should present a course presentation so that students can get full information on the content of the course.

The main feature of the elective courses is the varied authoristic characteristic that allows students to choose professional self-identification and choose their own trajectory. In this regard, faculty members, especially young teachers, face a number of difficulties.

Methodological bases of creation of educational content V.V. Kraevsky, V.S. Lednev, M.N. Scargin and so on. are well-known by famous Russian scientists [1, 2, 3]. The Concept of Education Content identifies the four generations of the older generation's experience gained in the field of labor as its main social function:

1) Education is a process and result of acquired knowledge, skills and abilities acquired at a relevant educational institution, knowledge of global and domestic labor experience and professional activity as a necessary condition for a student to live and work. The content of the training is typical of general and personal knowledge.

2) Professional Skills - Experience in implementing certain activities that enable teachers to improve their qualifications through the use of theoretical knowledge on the basis of practical experience. The ability to use the world and domestic experience in education, professional activities, to master the experience of implementing long-established professional activities. It is the content of the experience that provides the ability to maintain and maintain a professional culture. Practical skills and abilities are the beginning of formation of professional culture of students in the theory and practice unit.

3) Professional creative and exploring practice. This experience is a treasure accumulated in the process of human development that will allow you to solve new problems. It, in its turn, requires the realization of previously acquired knowledge and skills in their new environment, and the formation of new approaches based on the well-known actions. This type of social practice will further develop the professional skills and professional culture of the younger generation. This experience demonstrates the personality of the person in the professional world, which is reflected in his relationships with his teaching.

4) An emotional-valuing relationship to their professional activities, to people who engage in different types of occupations. This is the highest level of professional experience. It is not only education, but also a personal attitude and attitude towards the individual's problems. In this case, acquired professional-social experience becomes the professional experience of the trainees, as well as professional practice.

We believe that all the components of an elective course will be involved in the formation of professional creativity and exploration practices. In the preparation of the content of similar courses I.I. Ilyasov and N.A.Galathenko's teaching material is based on the concept of structuring cognitive activities of learners on the basis of the four principal interconnected issues [4].

They:

- the ability to solve typical subject tasks by applying knowledge on basic and profile disciplines in a particular module (typical business skills);

- ability to implement basic logical approaches in material and basic subjects in a particular module (logical skills);

- ability to solve non-standard tasks using knowledge of basic and profile subjects in a particular module (creative skills);

- general knowledge of the educational requirements of basic and specialized subjects in a particular module (ability to study).

In the work of scientists such as O.E. Lebedev and A.P. Troapitsyna, students are taught to solve problems in life, to understand their essence and significance, to solve stereotyped rules and

dimensions that can help them to find solutions, to teach them to base their sources and to focus on information sources a professional creativity, which is a leading component of the content that goes into competence, in accordance with educational objectives. The following is one of the most important issues as practice of self-denial.

Competence in the A.P.Troapitsyna is characterized by the ability to find solutions based on theoretical knowledge and experience in different spheres of livelihood .

Based on the experience of professional creativity and exploration, emotional and value relationships of students to the world of objects and professions are formed. Finally, we can see that the experience of professional creativity and search engagement and emotional-value relationships can not be the basis for competence development.

The leading component of the content of elective courses in the field of competence is the experience of professional creative and search activity of students, as the value of their relationships to world objects, as well as to the world of professions, is shaped by the development of personal experience. A well-chosen future trajectory of professionalism focuses not only on the recognition of the professional world, but also on the formation of relationships with a particular profession. This is not only a school or career choice act but also a lifelong self-determination process.

Based on the didactic theory that the content of education provided by elective courses is a multilevel structure, each level can be summarized as follows:

- The general theoretical level of the content of the educational content of pedagogical interpretation of social practice, its structure (components between elements) and functions are summarized;

- actual level of disciplines;

- The level of readout material for a specific subject matter, which identifies the specific elements in the contents.

The content of elective courses on the credit system is based on design technology. The elective courses curriculum is a sample of teaching activities between teachers and students. Generally, such a software model consists of three parts that search for answers to questions such as "why", "what" and "how." In this case, the "why" option shows that the program achieves results in the course of the course of the course. What is "what" is the formation of logical structure content of the training material, that is learning technology. The "how" is a model of action. "How" - includes the interaction of the teacher and the student, which facilitates the effectiveness of teaching, the ways and means of organizing the training, the optimum choice of tools, the extent and the degree of achievement of the planned outcomes, and the adjustments to the organization of the future.

In the elective course program, both the content and the way students behave in the content of the curriculum must be clearly demonstrated.

Analysis of psychological, pedagogical and methodological literature shows that the problems of education, in particular, the content of elective courses, are still insufficient in educational and methodological literature. Therefore, we must address pedagogical design as an important tool for eliminating the content of the elective courses. On the basis of comparing the concept of "educational content" as a pedagogically adapted knowledge, skill, skills and experience of creativity and world of emotional and cost-effective communication, we can formulate the concept of "compiling the content of elective disciplines" the category of students' education system aimed at ensuring the uniformity of elective course, target orientation, their practical and creative experience, with ktilerine value is defined as the process of determining the presence and the connections between them. The goals and content of the unified elective course, the consistency of the learning outcomes, and the relationships.

He following points are taken into account when creating the content of elective courses:

1. The fundamental point of view (fundamental approach) is to study the content of education aimed at studying the discipline in the logic of transition from fundamental laws and theories to individual laws.

2. The basics of methodological approach are the scientific methods of knowledge, reflected in scientific materials. The main purpose of the course is to acquaint students with the methods of

scientific knowledge and to study the skills of research. This is a combination of design technology, laboratory work, organization of seminars and more. It also involves the use of

3. Universal versatility is characterized by the concentration of the content of knowledge within the framework of basic concepts that are universal for all. This is an acceptable problem for interdisciplinary courses that are comprehensive in various fields of science. The use of reflexive teaching methods, critical thinking, case-study methods will have special advantages.

4. Pragmatically comprehend the basic culture of students and the acquisition of specific knowledge and skills that can be widely used in their future lives. For this purpose, a series of practical classes and seminars in a particular professional area can be particularly significant.

5. The aim of the course is to introduce the activities and methods necessary to successfully master the future profession. On the one hand, there is a clear link between effective teaching activities and the effective organization of the learning process, and on the other hand, there is a clear link between the ability and inclination of the students.

6. As the competent resident is now considered a large number of supporters, it is clear that elective courses will be prioritized by developers. The sequence of actions in this area is as follows: identifying the competencies and competencies that are essential for the students to find the solution of this type of task, such as the content of the necessary knowledge - the process of teaching methods. Competence is interpreted in modern scientific literature as "the general ability to solve tasks that arise in real life situations using knowledge, learning, and life experience, and human values." At the end of the bachelor's degree, it is the ability to produce creativity based on one's own competence, which is the result of a student's education, which is the result of the graduation.

In summary, elective courses aim at developing the attitudes, abilities and inclinations of the students to acquire new knowledge and information as the basis of cognitive activity of the students, creative imagination, development of key competences.

References:

- 1 Kraevsky V. B. Problems of scientific researches: Methodological analysis. - M., 1977
- 2 Lednev VS Sources of Education. M., 1989.
- 3 Скаткин М.Х., Совершенствование процесса обучения, М., 1971
- 4 Ильясов I. I. Galantenko A. Projection of the curriculum in the subject disciplines: teaching aid for lecturers. М.: Изд. Corporation Logos, 1994. 208 pp.
- 5 Lebedev OE Role of elective courses in the newest teaching materials. - <http://www.college.ru>. - [Electronic resource].
- 6 Methodological Recommendations for Bologna Processes / Prev. Trapitsyn. AP - СПб: Search results for РГПУ им. АИ Герцена, 2006 - 175h.

СТУДЕНТТЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ШАРТТАРЫ

п.ғ.к., Т.Б.Байназарова

Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті,

п.ғ.к., аға оқытушы Ш.О. Омарбекова

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті

п.ғ.магистрі ., аға оқытушы Д.К. Азимбаева

Алматы қаласы

Түйіндеме: Ақпараттық технологияларды оқыту процесіне енгізудің тиімділігі оқу-тәрбие жұмысын студенттердің даярлық деңгейіне, қабілетіне, өзіндік ерекшеліктеріне, қызығушылықтарын, қажеттіктеріне қарай даралап өткізу мүмкіндігінен, студенттердің танымдық әрекетінің дербестікке, ізденіске қарай ойысуынан, студенттердің өздігінен білім алуға, қайта оқуға деген ынтасын жетілдіру мүмкіндігінен, оқытудағы пәнаралық байланыстардың күшеюі, құбылыстар мен уақиғаларды кешенді оқытудан, оқу үрдісінің икемділігінің артуы, оның жаңаруға, серпінділікке дайын болуынан, студенттердің сабақтан тыс тіршілігін ұйымдастырудың формалары мен әдістерінің өзгеруі, бос уақытты тиімді пайдалану мүмкіндігінен анық көрінеді.

Оқыту үрдісін ақпараттандырудың басты міндеті жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру.

Ақпараттық мәдениет – ерекше ойлау, қазіргі ақпараттық қоғам талаптарына сай болу. Ақпараттық мәдениет – компьютерлік сауаттылық, ақпараттық қарым-қатынас, диалогтік режим қабілетін меңгеру, қажетті ақпаратты іздестіруді тиімді іске асыру болып табылады. Мақалада студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың оқу процесінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды жүйелеу, ақпараттық-коммуникативтік пәндік орта арқылы студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетін іске қосу қажетті факторлар есепке алу т.б шарттары көрсетілген.

Кілт сөздер: ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік, Ақпараттық мәдениет компьютерлік сауаттылық ақпараттық қарым-қатынаспәнаралық байланыс

THE INFORMATIVE AND COMMUNICATIVE COMPETENCE FORMATION
CONDITIONS.

с.р.с. Т.В.Байназарова

Kazakh State Women's Teacher
Training University,

с.р.с., Senior teacher SH.O.Omarbekova

Kazakh National Pedagogical University
named after Abay

p.s.master ., Senior teacher D.K. Azimbayeva

Almaty city

Abstract: The main part of the learning process is implementation of information technologies , which are very effective and aimed to raise the level of student's improvement ability, personality, interests, needs, personality cognitive activity, searching process of new students, self-cultivation, reinforcement of communication processes, complex learning of phenomena, increasing the flexibility of the educational process and its renovation, dynamism, the possibility of usage to the maximum extent your leisure, methods and forms transformation of organization extra-curricular student's life and usage to the maximum extent your leisure.

The primary objective of education process' information richness is development of person's culture of information.

The information culture is a special conception which is eligible for all requirements of modern information society.

The information culture - is technoliteracy, information communication, skills of dialogue's communication, the realization of effective process information's search.

In this article are emphasized the conditions of formation informational and communicative student's competence during educational process.

The author of this article underlines the process of information's systematization and communication technologies, the implementation of educational and professional student's activity by means of information-communicative object environment, etc.

Key words: Informative and communicative competence, Informative culture, computer literacy, Informative intercultural communication

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру тұжыры - ымдамасы білім берудің барлық деңгейін ақпараттандырудың негізгі мақсаты мен міндеттерін, іске асыру жолдары мен механизмдерін, бағыттарын, құралдарын анықтайтын көзқарастар жүйесі болып табылады. Ақпараттандыру – ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдаланудың негізінде электрондық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық үдеріс. Сонымен бірге ақпараттандырудың педагогикалық үдеріске де тікелей қатынасы бар, өйткені білім алушылардың ақпараттануы, олардың білім, біліктіліктерінің құзыреттілігін құрайды.

Соңғы жылдары білім берудің жаңа бағытына қатысты Еуропа Кеңесінің ұсыныстарына сәйкес «құзыр» ұғымына көп мән беріліп жүр. Соған сәйкес ғылыми әдебиеттерде құзыреттілік түсінігіне әртүрлі бағытта анықтамалар берілген. Мысалы, философиялық энциклопедиялық сөздігінде: құзыреттілік «компетенция» – сөзінің француз (competence –құзыретті, хабардар), латын (competentia – әділ, дұрыс қорытынды; competere – дегеніне жету, сәйкес келу, жақын келу) тілінен келгендігін, әмбебаптық тұрғыда қолданылатын термин екендігі көрсетілген [1].

Студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға негізделген оқу іс-әрекетін құру тұлғаның басты құндылығымен бекітілетін, оның бірегейлігін, интеллектуалдылығы мен адамгершілігі еркіндігін мойындауды талап ететін тұлғалық-бағыттылық идеялардың негізіне сүйенеді. Ғалымдардың еңбектерінде біртұтас тұлғаға-бағдарланған оқыту тұжырымдамасында, соған сәйкес оқу іс-әрекетінде арнайы ұйымдастырылуын болжайтын білім беру бағыты студент тұлғасын дамытуға бағытталады (Е.В.Бондаревская, В.В.Сериков, И.С.Якиманская). Тұлғалық-бағдарлық амал кез келген пәнді оқыту барысында ұлттық, білім алушының жеке-психологиялық ерекшеліктерін ескерілетіндігін болжайды.

Құзыреттілік амалдың (Э.Ф.Зеер, И.А.Зимняя, В.А.Исаев, В.П.Косырев, Е.О.Шишов) негізгі мақсаты құзырет пен құзыреттілікті қалыптастырудағы оқыту болып табылады. Құзыреттілік амал – білім мақсаттарына басым бағыт: өзін-өзі анықтау, өзін-өзі іске қосу, жеке тұлға қасиеттерін әлеуметтендіру және дамыту. Бұл мақсаттарға жетуде жаңаша білім беру құралдары: құзыреттілік, құзырет және кәсіби қасиеттер болып табылады. Болашақ маманның құзыреттілік моделі іс-әрекет саласында инварианттылық ретінде, арнайы немесе түйінді құзыреттерден тұрады. Студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреті түйінді бола тұра олардың кәсіби құзыреттілігінің құрамды бөлігі болып табылады.

Білім беруді ақпараттандыру – күрделі процесс болғандықтан Г.М. Коджаспирова мен К.В.Петровтың пікірі бойынша, оны іске асыру уақытты керек етеді және бірнеше кезеңдерден тұрады:

I кезең: қазіргі ақпараттық технологияларды жаппай меңгеру – компьютерлік сыныптар ашу, оқытушылар мен студенттерді арнайы дайындықтан өткізу арқылы телекоммуникация құралдарын, интерактивтік жүйелерді, базалық деректерді, бағдарламалық құралдарды меңгеру.

II кезең: дәстүрлі оқу пәндеріне қазіргі ақпараттық технологиялар құралдарын белсенді түрде енгізу, білім мазмұнын қайта қарау, бағдарламалық жабдықтау, компьютерлік курстар.

III кезең: үздіксіз білім беруді түбегейлі қайта құру, қашықтан оқыту, оқытудың әдістемелік негізін өзгерту [2].

Ақпараттық технологияларды оқыту процесіне енгізудің тиімділігі:

- оқу-тәрбие жұмысын студенттердің даярлық деңгейіне, қабілетіне, өзіндік ерекшеліктеріне, қызығушылықтарын, қажеттіктеріне қарай даралап өткізу мүмкіндігі;
- студенттердің танымдық әрекетінің дербестікке, ізденіске қарай ойысуы;
- студенттердің өздігінен білім алуға, қайта оқуға деген ынтасын жетілдіру мүмкіндігі;
- оқытудағы пәнаралық байланыстардың күшеюі, құбылыстар мен уақиғаларды кешенді оқыту;
- оқу үрдісінің икемділігінің артуы, оның жаңаруға, серпінділікке дайын болуы;
- студенттердің сабақтан тыс тіршілігін ұйымдастырудың формалары мен әдістерінің өзгеруі, бос уақытты тиімді пайдалану мүмкіндігі.

Оқыту үрдісін ақпараттандырудың басты міндеті жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Ақпараттық мәдениет – ерекше ойлау, қазіргі ақпараттық қоғам талаптарына сай болу. Ақпараттық мәдениет – компьютерлік сауаттылық, ақпараттық қарым-қатынас, диалогтік режим қабілетін меңгеру, қажетті ақпаратты іздестіруді тиімді іске асыру болып табылады.

Педагогикалық құзыреттіліктің оқыту үрдісінде қалыптасу кезеңдері:

I кезең – университеттер мен институттарда оқылатын ғылымдардың негіздері бойынша ақпараттық құзырлылық қалыптастыру, оқылатын курстың мазмұнына байланысты дағдылар мен біліктерді меңгеру бір мезетте іске асады.

II кезең – жоғары білім алу мүмкіндіктерін түсіну, мағыналы құндылықтарды бағалау, педагогикалық білім алу шешіміне ниеттеуші сеп- түрткі жүйелерінің қалыптасуы.

III кезең – педагогикалық даярлық (рейтинг жүйесі бойынша), апробация (дидактикалық ойындарда, педагогикалық практикада сабақ талдауға қатысу) жеке тұлғалық-бағыттылық, іскерлік тұрғысынан қарап өзін-өзі бағалау, өз бетімен білімдену және өзін-өзі түзету жүйесін енгізу.

IV кезең – кәсіби-педагогикалық құзырлылықты іске асыру тәжірибесін педагогикалық практикада игеру, кемшіліктерін түсіну.

V кезең – педагогикалық құзырлылықтың теориялық жағын игеру. Жобалау, теориялық бөлім алдыңғы кезеңдерде жоспарланса, тәжірибелік зерттеу жұмыстары педагогикалық практика мерзіміне түседі. Студент қысқа мерзімді эксперимент өткізеді (10-12 сабақ), кіріспе және қорытынды нақтамада оның тиімділігін анықтайды, оқушыларға сауалнама жүргізеді, математикалық статистика әдісін қолданып өткізген диагностикалық зерттеулерінің нәтижесін талдайды. Бұл өте жауапты кезең, студент өзінің педагогикалық қызметке «дайындығын» тексереді.

VI кезең – студенттің кәсіптік-педагогикалық дайындығының қорытындысы дипломдық жұмысты қорғау және мемлекеттік бағалау емтиханын тапсыру болып табылады [3].

Ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін оқыту процесінің ерекшеліктері ескеріліп, келесі педагогикалық шарттар ұсынылды:

- оқу процесінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды жүйелеу, мақсатты кіріктіру, оқу жоспары пәндерін оқыту барысында бірінші курстан бастап жүзеге асырылады;
- ақпараттық-коммуникативтік технологиялар бойынша студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетін іске қосу ақпараттық-коммуникативтік пәндік орта арқылы, қажетті факторлар есепке алына жүргізіледі;
- ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып студенттердің икемділігі мен қабілеттерін диагностикалау, олардың рефлексиясын қалыптастыруға бағытталады.

Аталған педагогикалық шарттарды іске асырылуы әзірленген технологияның тиімділігі оның әдіснамалық маңызды шарты болып табылады. Студенттерінің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру шарттарын іске асыру технологиясы белгілі бір

ережеге сүйенеді, соған сәйкес міндеттерді шешу процесі болып табылатын кезеңге бөлінген іс-әрекеттер негізінде жүргізіледі.

Шарттарды іске асырудың технологиялық процесі келесі кезеңдерді белгілеуді қажет етеді: *бірінші* – ақпараттық-коммуникативтік технологиялар саласында оқытушының жетекшілігімен мақсатты білім алу, белгілі іскерлікті дамыту; *екінші* – өздігінен реттелетін іс-әрекеттер және ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, біркелкі міндеттерді шешу үшін игерген іскерліктерді қолдану кезеңі; *үшінші* – өз бетінше реттелетін іс-әрекеттер және ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, міндеттерді шешу үшін игерген іскерліктерді қолдану кезеңі; *төртінші* – белгілі жинақталған білім, іскерлік, тәжірибенің арқасында білім алушы іс-әрекеттерін бақылап, бағалап қана қоймай, ақпараттық-коммуникативтік технология саласындағы басқа да іс-әрекеттерді де бағалай алады. Әр кезеңді сипаттайтын болсақ:

Бірінші кезең ақпараттық-коммуникативтік технологиялар саласындағы білім деңгейінің жоғарылауымен сипатталады. Ақпараттық қызмет көлемі сол технологиялар арқылы кеңейе түсіп, түрлі ақпараттар дерек көздеріне шолу жасау, түрлі бағдарламалық-аппараттық құралдарды пайдалану арқылы студенттердің әлеуеті өседі.

Келесі үш кезең ақпараттық іс-әрекеттің топталуы және реттелуімен, ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен жұмыс жасауда дербес алгоритмін құрумен, нақты және игерілген тәжірибе құрылымын жасаумен сипатталады. Ұсынылып отырған технологияның ерекшелігі әрбір кезеңде студент түрлі ақпараттық іс-әрекетке «түседі», демек оның құзыреттілік деңгейі қажеттілік танытады.

Бірінші кезеңнің мақсаты: студент тұлғасының ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігінің құнды бағыттылығын меңгеруге бағыттау; оны ұғыну, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар саласында білім қорын жинақтау. Аталған мақсаттарға табысты жету осы технологияларды пайдалана отырып дәрістік және практикалық сабақтар жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі. Ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың бірінші кезең міндеттері: танымдық белсенділікті арттыру, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып студенттерді түрлі ақпараттық іс-әрекетке тарту. Алғашқы кезеңдегі студент іс-әрекетінің сипаты: ақпараттық-коммуникативтік технологиялар құралдары мен әдістерін үйрену, қолдану қажеттілігін ұғыну; жеке ақпараттық іс-әрекетінің алдағы және қазіргі тәжірибесінің рефлексиясы. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы себепші, бағыттаушы және реттеуші қызметтерін атқаратын ақпараттық іс-әрекеттің мотивациялық ортасын дамытуға ерекше көңіл бөледі. Бұл кезеңде студенттің ақпараттық іс-әрекетке «түсу» процесі, ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен жұмыс жасау әдістері мен тәсілдерін игеру, ақпараттық-коммуникативтік құзырет нормалары мен құндылықтарын теориялық тұрғыда игеруге бағыттау жүзеге асырылады. Осы мақсатта 050102 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «Дидактика» пәнін оқытуда («Оқыту процесінің мәні», «Қазіргі дидактикалық тұжырымдамалар», «Бастауыш мектептеріндегі білім мазмұны» және т.б.) дәріс және практикалық сабақтарда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды, әдістер мен тәсілдерді пайдалана отырып жүргізілді.

Екінші және үшінші кезең мақсаты ақпараттық-коммуникативтік технологиялар бойынша студенттердің технологиялық іскерлігін дамыту болып табылады. Бұл кезең міндеттері студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда, ол туралы білімдерін іскерлікті игеруде пайдалану. Бұл кезеңде мақсатқа жету тиімділігі студенттің белсенділігін арттыру және ақпараттық-коммуникативтік технологиялар саласында білім мен іскерлігін әрі қарай жетілдіріп, жаңа оқу-кәсіби әрекеттерде пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі. Студенттің ақпараттық іс-әрекетін іске қосу ақпараттық-коммуникативтік пәндік орта арқылы оқытушы-студент өзара әрекеттестігін ұйымдастыруға ықпалын тигізеді.

Төртінші кезең мақсаты студенттердің ақпараттық іс-әрекетінің рефлексиясы болып табылады. Ақпараттық-коммуникативтік құзыретті қалыптастырудың төртінші кезеңінің міндеті – дербес ақпараттық іс-әрекетке қатысты рефлексияны қалыптастыру мен дамыту. Студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың бұл кезеңінің

мақсаты мен міндеттеріне табысты жету, ақпараттық қызметке қатысты студенттердің икемділіктері мен қабілеттерін диагностикалау және өздігінен диагностикалау процесін ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл кезеңдегі жұмыс мазмұны ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы студенттерді түрлі іс-әрекеттерге тартуды, өзі бетінше тексеруден өту парағын әзірлеуді қамтиды. Студенттерге тапсырмаларын орындап болғаннан кейін, белгіленген өлшемдер бойынша өздерінің және басқалардың да жұмыстарын бағалап, нәтижелерді салыстыру ұсынылды. Түрлі ақпараттық іс-әрекеттерді орындау барысында студенттер ақпараттық-коммуникативтік технология саласында өздерінің икемділіктері мен қабілеттерін танытты.

Студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігі универси-теттерде қалыптасады да оқу барысында дамып, кәсіби іс-әрекеттері өздігінен білім алу барысында жетіле түседі. Кәсіби даярлығы қырынан қарастыратын болсақ, студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың екі негізгі бағытын айта кеткеніміз жөн:

- ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік болашақ маманның іс әрекетін кәсіби қолдаушы құралы ретінде (түйінді құзыреттілік);
- ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінің компоненті ретінде (арнайы құзыреттілік).

Бүгінде білім беру саласында құзыреттіліктің ақпараттық, коммуникативтік, проблеманы шешу түрлері біртұтастықта қарастырылып түйінді құзыреттілік деп аталып жүр. Дәріс сабақтарында студенттердің ақпаратты алу, ұсыну, өңдеудің түрлі формаларымен танысу болса, практикалық сабақтарда – түрлі бағдарламалар арқылы іздену процесін модельдеуге мүмкіндік туғызылып, олардың түйінді құзыреттіліктері қалыптастырылды. Практикалық сабақтарда рейтингке байланысты бақылау жұмыстары орындатылып, онда: «эссе», «реферат», «белгілі тақырыптарға слайд», «баяндама» жазу, «пәндік олимпиада», «курстық жұмыс», «диплом жұмысы» және т.б. нәтижесінде «студент өзінің портфолиосын» құрды.

Қорыта айтқанда, студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда оның ақпараттық іс-әрекетке белсене араласуы, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар құралдары мен әдістерін өздігінен игеруі маңызды рөл атқарады. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар құралдары мен әдістерін пайдалана отырып, студенттердің арнайы ұйымдастырылған ақпараттық іс-әрекеті олардың жеке тәжірибелерінің дамуына, барлық құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейінің арттыруға бағытталуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Философиялық сөздік – Алматы, 1996 г.
2. Г.М. Коджаспирова мен К.В.Петров Педагогика – Москва, 2007 г.
3. Образование и наука Энциклопедический словарь – Астана, 2008 г.

MULTICULTURAL EDUCATION OF CHILDREN OF PRESCHOOL AGE

Baynazarova T.B.

candidate of pedagogical sciences, Kazakh State Women's Teacher Training University

Utebayeva A.T.

Regional Social-Innovative University, Shymkent

Zh.B.Rakhmetzhanova

The teacher of the pedagogics and psychology, Zharkent college of humanities and technology, Zharkent,

Republic of Kazakhstan

Talipova F.O.

Regional Social-Innovative University, Shymkent

Annotation: The article examines the historical source of multicultural education and discusses the importance of multicultural upbringing of the children of preschool age. The research investigates the purpose of multicultural education and contains observations of psychologists and pedagogues about multicultural personality of preschoolers. The article discusses the history of the problem of multicultural education. Multicultural education is relevant today due to globalization. The article reveals concepts such as multiculturalism, multicultural education, multicultural upbringing and multicultural personality of a preschooler. The article analyzes the psychological and pedagogical foundations of multiculturalism. The article deals with the goals and objectives of multicultural education of children of preschool age. The article makes reference to the question researchers are risen multicultural education. Learning a foreign language considered to be a tool of multicultural education.

Keywords: multicultural education, multicultural personality, culture, multicultural personality of a preschooler

Аннотация: В статье рассматривается исторический источник поликультурного образования и обсуждает важность поликультурного воспитания детей дошкольного возраста. Исследование изучает цель поликультурного образования и содержит наблюдения психологов и педагогов о поликультурной личности дошкольников. В статье раскрывается история возникновения проблемы поликультурного воспитания. Поликультурное образование актуальна на сегодняшний день в связи с глобализацией. Статья раскрывает такие понятия как поликультурность, поликультурное образование, поликультурное воспитание и поликультурная личность дошкольника. В статье проанализированы психические и педагогические основы поликультурности. В статье раскрыты цели и задачи поликультурного воспитания детей дошкольного возраста. В статье даются ссылки на исследователей рассматривавших вопрос поликультурного образования. Обучение иностранному языку рассматривается как инструмент поликультурного воспитания.

Ключевые слова: поликультурность, поликультурное образование детей дошкольного возраста, поликультурная личность дошкольника.

Андатпа: Мақала көпмәдениетті тәрбиенің шығу тарихын талқылай отырып мектепке дейінгі жастағы балалардың көпмәдениетті білімінің маңыздылығын анықтайды. Зерттеу мектепке дейінгі балалардың көп мәдениетті тұлғасы туралы психологтар мен педагогтардың тұжырымдамаларын қамтиды. Мақала көпмәдениетті білім проблемасының тарихын ашып қарастырады. Бүгінгі жаһандану салдарынан көп мәдени білім беру өзекті болып табылады. Мақала көп мәдениеттілік, көп мәдениетті білім беру, көп мәдениетті тәрбие және мектепке дейінгі көп мәдениетті тұлға сияқты ұғымдарды қарастырады. Мақала көп мәдениеттіліктің психологиялық-педагогикалық негіздерін талдайды. Мектепке дейінгі жастағы балаларды көп мәдени тәрбиелеу мақсаттары мен міндеттерін қарастырады. Мақала көп мәдени білім беру сұрақтарын зерттеген зерттеушілерге сілтеме жасайды. Көпмәдениетті білім берудің бір құралы болып саналатын шет тілін үйренудің маңыздылығын көрсетеді.

Кілтті сөздер: көп мәдениеттілік, көп мәдениетті тәрбие, көп мәдениетті білім, мектепке дейінгі балалардың көп мәдениетті тұлғасы, мектепке дейінгі көп мәдениетті тәрбие

According to the President Nursultan Nazarbayev "Kazakhstan is unique by its strong multiethnicity. According to the land it formed a unique multicultural space, which are the two leading flow. One reflects the revival of the Kazakh culture and its constituent elements, language. There is an objective process of restoration of the lost. Another thread – Russian language culture, based on a native tradition of the Russian people and all that they have absorbed during centuries of development. Recognition of self-existing cultural flows are in their complementarity and mutual enrichment that does not mean assimilation. Multiculturalism Kazakhstan - is a progressive factor in the development of society. Eurasian roots of the peoples of Kazakhstan allow to connect the Eastern, Asian, Western, European flows and create a unique multicultural Kazakhstan scenario "[1].

Ideas of multicultural education originated in America in the mid-1960s and were called "multi-ethnic education." However, a decade later, some researchers began to use in their work the term "multicultural education", which has become firmly established in the scientific revolution.

The first definition of the term "multicultural education" was given in the "International Dictionary of Pedagogy" in 1977 as "education, including the organization and content of the educational process, which represents two or more cultures characterized by linguistic, ethnic, national or racial patterns" [3].

The problems of multicultural education has been accessed by A.Toynbee, E.Meyer, N. Danilevsky. Y.Yakovets. This issue was considered in the foreign concepts of multicultural education (D. Banks, et al.), intercultural education (A.P. Batelaan, G. Auernhaymer V. Nike, etc.), and global education (R. Henvi).

Today, multiculturalism and multicultural education is determined by the state of the national education policy and language. Its principles are reflected in the Constitution of the Republic of Kazakhstan, the Law "On languages in the Republic of Kazakhstan" and "On Education", the "State program of functioning and development of languages for 2005 -2010 years."

Section №6 «Law on Languages" states: "Every citizen of the Republic of Kazakhstan has the right to freely choose the language of education and training."

№8 article of the Law "On Education" emphasized the importance of "civic education and patriotism, love for their homeland - the Republic of Kazakhstan, respect for state symbols, veneration of folk traditions ...; introduction to the achievements of world and domestic culture, the study of the history of customs and traditions of Kazakh and other peoples of the republic ". [2]

The issue is vital according to the message of the president in the strategy «Kazakhstan-2050» what says that it is important to create trilingual citizens by 2025, and in integration through education and there was emphasized the importance of English language. That is why the advantages were given to the creation of trilingual citizens. Therefore, the multicultural upbringing of the preschool children at the process of trilingual education and teaching English gains its momentum nowadays in Kazakhstan.

Based on cultural-historical theory of behavior and mentality L.S. Vygotsky can draw important conclusions for the study of multicultural education, according to which the sources and determinants of mental development lie in historically evolving culture. According to scientist, every function in the child's cultural development appears in two ways, first in the social, and then in the psychological. First between people as inter-psyche category, and then within the child as an intra-psyche category. Transition from the outside into the development process of the psyche changes its structure and function. Behind all higher functions and their relationships, there are real people's attitudes of society [4; 5].

As the issue of multicultural education for the first time declared itself after the World War II when the newly created UNESCO and the United Nations announced a new cultural and educational policy based on the idea of human dignity based on universal human values, most clearly reflected in the Declaration of Human Rights. In the 60s of the last century, representatives of this trend believed that only needed to establish a system of education and training to improve the conditions of life of the

community, to achieve the overthrow of totalitarianism - and then comes the triumph of universal human values. In the 70s and 80s of the XX century the emphasis of cultural policy shifted from the general to the particular, and the main task of the theory of cultural pluralism is becoming the maintenance of cultural diversity and the promotion of cultural minorities. Now to talk about the deployment of cultural multiplicity of symbolic worlds, multiple images of the world and self-image, cultural differences. In connection with this, the modern version of multiculturalism refuses to recognize the validity of any single cultural model, value system [6].

The study of the theory and practice of multicultural, civic, patriotic, national and ethnic education of children showed that this issue was relevant throughout the history of pedagogy. However, it was solved in different ways, depending on the socio-political demands of society. The meaning of "patriotic", "national", "nationalist" concepts depends on the determined attitude to the masses of the people of the state, to the people of other nationalities and races recognized a need for a friendly, tolerant coexistence or incitement to hatred and physical destruction of dissenter people of other faiths and peoples of skin color. In the modern understanding of an international (inter-ethnic) education, it is treated as an extension of national awareness to their community with many nations. National education is seen as a necessary element of international, as a problem factor of authentication.

A.N. Dzhurinskiy regards multicultural education as an alternative to international socialist education, the formation of personality out of national culture under the condition of ideological unity and social integration. At the same gender and cultural education focuses on the relationship between culture, one of which is dominant [7].

M.A. Bogomolova comes from the fact that the multicultural education in its essence is close to inter-ethnic education and involves interpersonal interaction, is opposed to nationalism and racism. It is aimed at the development of cultural and educational values, on the interaction of different cultures in a pluralistic situation of cultural adaptation to different cultural values [8].

V.V. Makaev, Z.L. Malkova, L.L. Suprunova identify multicultural education to the formation of human personality, capable of active and effective life in the multiethnic and multicultural environment, which has developed a sense of understanding and respect for other cultures and the ability to live in peace and harmony with people of different nationalities, races, religions [9].

Ethnolinguistic approach limits the multicultural education's scope by familiarizing the younger generation to the universal values forming in children and adolescents abilities to interact with representatives of neighboring cultures and in world space [10].

Several authors (N.D. Galskova, L.L. Paramonova., V. Safonova, E. Sokolova) associated willingness to accept another culture, another way of life and manifestations of tolerance, mutual tolerance because only people of different nationalities can confront hatred [11, 12, 13, 14].

All existing definition of multicultural education claim to be complete disclosure of its essence. We understand **multicultural education** as a purposeful process of mastering humanistic culture of educational values, providing for the development of skills of interpersonal interaction in a situation of cultural pluralistic environment, adapting to other cultural values.

Different sciences as philosophy, psychology, science, culture are studying the problem of personality, each in accordance with its objectives give its own interpretation of this concept. We can say that "personality" - the general scientific notion. In our opinion, the treatment of the individual that most closely corresponds to the topic of our study is of G.K. Selevko: "Personality is a mental, spiritual essence of man, serving in a variety of generalized quality system: a set of socially significant properties of the person; the system of relationship to the world and with the world, to self and with self, and to exercise social roles, a set of behavioral acts, understanding the world and ourselves in it, and the system requirements, a set of skills, creative abilities, etc." [15, 6-7].


Taking into account the social experience, interests and physiological features of early childhood development "**multicultural personality of a preschooler**" can be called a child of preschool age who has a basic understanding of the native land, its nature, the material and spiritual culture, art, literature and traditions of their people and the people nearest and other national environment; know the standards of behavior at home and in society, able to comply with them; able to reproduce the

knowledge and perform in the real life activity. In other words, the purpose of multicultural education in pre-school pedagogy can be considered the formation of just such a multicultural identity.

From this purpose derive specific objectives of multicultural education of preschool children: the formation of children ideas about multiculturalism in the world and Kazakhstan, bring about positive attitudes to cultural differences; the development of skills of productive interaction with different cultures; raising children in the spirit of peace, tolerance, human interethnic dialogue.


Education for tolerance should begin with the first years of life, and the leading role should belong to the teachers. That they need to implement programs related to the education of children of preschool age in the spirit of tolerance in the process of familiarizing them with the culture of the peoples living in their native land and peoples remote environment means of folklore, folk and decorative art, literature. In the process of acculturation of various nations in children, form a view of themselves and others as a person, and the originality of the national underlines the importance of universal.

In order to implement these tasks, the content of multicultural education must meet the following requirements [7]:



These tasks are important to construct the curricula in the preschool organization to give children multicultural education.

Based on collected scientific descriptions of multicultural education we made a following concept model of multicultural education of children of preschool age.



Makaev, Z.L. Malkova, L.L. Suprunova.	Bogomolova	
---------------------------------------	------------	--

In the conclusion, it is appropriate to state the use of multicultural education from early childhood. Multicultural education is a background of further mental and spiritual development.

Multicultural education of preschoolers complies with the need of society and the strategy of our country and helps to raise a future spiritual developed nation. It has a great perspective in further scientific investigations.

References:

1. N.A. Nazarbayev The strategy of social transformation and revival of the Eurasian civilization. - M., 2000. - P. 16-18.
2. The law of the Republic of Kazakhstan "On Education". Kazakhstanskaya Pravda, June 11, 1999. - P. 3.
3. Education in a multicultural environment: A guide for teachers of high school elective courses. - Almaty: "Parasat", 2001. - P. 218
4. Vygotskij U.C., Lurija A.R. Jetjudy po istorii povedenija: Obez'jana. Primitiv. Rebenok. M.: Pedagogika - Press, 1993. P. 224
5. Vygotskij L.S. Lekcii po psihologii. SPb.: Sojuz, 1997. P. 144
6. Sazhin D.B. Polikul'turalizm: teorija i obrazovatel'naja praktika. SPb.: IOV RAO, 2001. P.75
7. Dzhurinskij A.N. Sravnitel'naja pedagogika: Ucheb. posobie dlja stud. sredi vyssh. ped. ucheb. zavedenij. M.: Akademija, 1998. P.176
8. Bogomolova M.I. Dvujazychie v sisteme nacional'nogo i mezhnacional'nogo vospitanija i obuchenija v pedagogicheskom nasledii: Uchebnoe posobie dlja studentov pedagogicheskikh vuzov. Naberezhnye Chelny., 2002. P.63
9. Makaev V.V., Mal'kova Z.A., Suprunova L.L. Polikul'turnoe obrazovanie — aktual'naja problema sovremennoj shkoly // Pedagogika. 1999. №4. P. 3-10.
10. Sinagatullim I.M. Novyj millenium: rol' i mesto inostrannogo jazyka v polikul'turnom sociume // Inostrannye jazyki v shkole. 2002. № 1. P. 32-37.
11. Safonova V.V. Zadachi, problemy i perspektivy razvitija bilingval'nyh obrazovatel'nyh programm v Rossii // Opyt bilingval'nogo obrazovanija sredstvami rodnogo i inostrannyh jazykov v Rossii. M.: Evroshkola, 1990. P. 15-19.
12. Sokolova E. Obrazovanie - put' k kul'ture mira i tolerantnosti // Narodnoe obrazovanie. 2002. № 2. P. 111-118.
13. Paramonova L.A. Soderzhanie doshkol'nogo urovnja obrazovanija: s chem svjazano ego obnovenie? // Doshkol'noe vospitanie. 2003. № 3. P. 65–67.
14. Gal'skova N.D., Korjakovceva N.F., Musnickaja E.V., Nechaev H.H. Obuchenie na bilingval'noj osnove kak komponent uglublennogo jazykovogo obrazovanija//Inostrannye jazyki v shkole. 2003. № 2. P. 12-16.
15. Selevko G.K. Sovremennye obrazovatel'nye tehnologii: Ucheb. posobie. M.: Narodnoe obrazovanie, 1998. P.256

**КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРҒА ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ
ПСИХИКАСЫНА ЗИЯНДЫ ӘСЕРЛЕРІ**

Бапаева М.Қ.

психология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.,

Шайжанова Қ.Ү.

психология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Әтен А.Ж.

Ақпараттық қауіпсіздік жүйесі мамандығының 1-курс студенті,

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Қазақстан, Алматы.

m.bapaeva@mail.ru

Түйіндеме: Мақалада компьютерлік ойындардың бала психикасына тигізетін зиянды әсерлері туралы мәселелерді зерттеген алыс-жақын шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынған. Жасөспірімдердің компьютерлік ойындарға әуестенулері жайлы проблемаға қатысты ғылыми әдебиеттерге шолу берілген. Сондай-ақ компьютерлік ойындардың жасөспірімдердің мінез-құлықтарына тигізетін ықпалын зерттеуге арналған тұжырымдамалар мен тұрғылар талданған.

Қазіргі таңда компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасай алатын, соның ішінде компьютерлік ойындарды ойнай алатын балалар мен жасөспірімдердің саны артуда. Сонымен бірге компьютерлендірудің балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік – психологиялық денсаулығына тигізетін жағымсыз ықпалы – компьютерлік тәуелділік орын алуда.

Мақалада компьютерлік тәуелділік ұғымына анықтама берілген. Тақырыптың өзектілігін айқындау мақсатында «Айналаға бағытталған агрессияның пайда болу механизмі» және «Агрессивті мінез-құлықтың пайда болуы» атты екі кесте құрастырылып, талдамасы қоса берілген.

Өткен ғасырдың 90 жж. компьютерлік ойындардың балаларға тигізетін ықпалын қарастырған американдық зерттеушілер М.Коул, Ш.Текл электрондық ойындарды «тендесі жоқ тәрбиешілер» деп атаған. Компьютерлік ойындармен ұзақ уақыт үздіксіз шұғылдану жеткіншектерде агрессиялық мінез-құлықты туғызады.

Еліміздің білім беру жүйесінің әр буынындағы оқу үрдісінде және компьютерлік бағдарламалардың енгізілуі, қоғамымызда компьютерлік клубтардың, автоматты ойындар жүйесінің көптен ендірілуі жас өспірімдердің оларға деген әуестігін, тіпті тәуелдігін тудырып отырғаны сезіледі.

Қазіргі уақытта компьютерлік технологиялардың өмірімізге дендеп енуі, адамдардың әсіресе, жасөспірімдердің мінез-құлқында түрлі сипаттағы психикалық өзгерістердің пайда болуына ықпалын тигізіп отырғанын байқауға болады.

Компьютерге тәуелділіктің қауіпті тобына жататын адамдардың психологиялық симптомдары мақалада ашып көрсетілген. Осы жайтты ата-аналардың назарда ұстауы аса қажет. Балаларының ойнап отырған ойындарына, экраннан немесе компьютерден берілетін ақпараттарға назар аударғандары жөн. Алдымен телехабар мен компьютерлік ойындардың мағынасына, сөзіне мән беру керек. Баланы мына күрделі ақпаратты әлемде жалғыз қалдырмаған маңызды. Себебі, интернет әлемнің барлығын сыйласа да, адамды бір бөлмеге қамайтыны ақиқат.

Әрине, қазіргі жаһандану кезеңінің жақындау заманында жас ұрпақтың компьютерлік технологияларды жете меңгеруін талап етуі заңды құбылыс. Дегенмен, олардың ессіз, мақсатсыз, тек асқан құмарлықпен ынтызар болуының аяғы, жасөспірімдердің психикасына орасан зор зиянын тигізетінін ескере отырып, олардың өздері, ата-аналары, мектеп ұжымы, айналасындағы ересектердің үйлесімді қарым-қатынасының ықпалын жүйелі ұйымдастыру өз нәтижесін беретінін үнемі есте ұстаған жөн. Сонымен қатар ата-аналар мен ересектер

компьютерлік технологиялардың балалардың психикасына жағымды әсерімен қатар кері де әсері туралы жалпы мағлұматы болуы аса маңызды.

Отбасында және мектепте жүйелі берілмеген тәрбие жасөспірімдерді көзсіз еліктеушілікке, құмарлыққа бой алдырушылыққа, нәпсісін тыя алмаушылыққа, ақырында өз тағдырын өз қолымен құртатын келеңсіз оқиғаларға себепші болады. Мақалада зиянды дағдылардан баланы тыя білу, сақтандыру-ата-ананың парызы деген құнды пікір жан-жақты талданған.

THE HARFUL INFLUENCE OF THE DEPENDENCE OF COMPUTER GAMES ON THE PSYCH OF ADOLESCENTS

Bapayeva M.K.

Candidate of psychological Sciences, professor

Shaizhanova K.U. C

andidate of psychological Sciences, Teacher doctor (PhD)

Kazakh state women's teacher training university

Aten A.Zh.

System Information security, 1st year student,

Kazakh National University named of al-Farabi

Kazakhstan, Almaty

Annotation : The article analyzed the work of the near and far foreign scientists studying the problems of computer games about the harmful effects to the psyche of the child. It has been provided an overview of scientific literature on the problem of adolescents' computer games . Also analyzed the concepts and approaches to study the impact of computer games on adolescents behaviors.

At present is increasing the number of children and adolescents who can work with computer programs, including computer games. At the same time computerization has a negative impact on social and psychological health of children and adolescents - computer dependence.

The article defines the concept of computer dependence. In order to determine the relevance of the topic , two tables have been developed and analyzed to describe the "Mechanisms of aggression towards the environment " and "The formation of aggressive behaviors". 90s of the last century American researchers M. Cooul, who considered the impact of computer games on children, Sh.Tekl called electronic games "unmatched educators". Long-lasting computer games create aggressive behavior in teenagers.

The introduction of computer programs in every aspect of the educational system of the country, the introduction of computer clubs and automatic games in our society is a feeling that teenagers are motivated and even dependent on them.

Nowadays, it can be seen that computer technology is affecting our lives, and that it is affecting the mentality of people, especially in adolescent behaviors. In the article are described the psychological symptoms of people who are at risk of having a computer affiliation . This is especially important for parents to keep in mind. It is important for children to pay attention to the games they play, the screen or the computer. First of all, it is necessary to pay attention to the meaning and the meaning of television and computer games. It is important not to leave the child alone with the most complex information in the world.

Of course, it is a natural phenomenon that in the age of the present globalization the younger generation needs to master computer technologies. However, it should be borne in mind that systematic organization of their influence on themselves, parents, school staff, and adult cohesive relationships is a permanent consequence of the fact that the end of their passion for excruciating, indifferent, endangering the mental disorder of adolescence .

It is also important for parents and adults to have a general knowledge of computer technology and its effects on children's psyche as well as on the impact.Undistorted upbringing in the family and

in the school will result in adolescents becoming illusory, passionate, inattentive, and eventually ruin their destiny with their own hands. The article analyzes the valuable insight into the ability of a child to abstain from the harmful practices of the child, the insurance of his or her parents.

Қоғамның компьютерлендірілу процестерін үдемелі пайдаланылуына байланысты, жаһанданған ақпаратталудың тұлғаға қандай ықпал ететініне қатысты мәселелердің маңызы артуда.

Аталмыш проблемалық саланың әрқилы аспектілерін психологтар салыстырмалы түрде бұрыннан зерттеуде. Атап айтқанда, психолог О.Т.Тихомиров және оның шәкірттері О.Н.Арестова, Л.Н.Бабанин, Ю.Д.Бабаева, А.Е.Войскунский және көптеген басқа да ғалымдар адамның, соның ішінде жасөспірімнің компьютермен өзара әрекеттестігінен психикалық іс-әрекетіндегі құрылымды және функционалды өзгерістерінің зерттеулері жасалында. Ол өзгерістер адамның *танымдық, коммуникативті және тұлғалық* аймақтарын қозғайды.

Сонымен бірге, психологтар О.Н.Черемисина, Б.Л.Бардиер, Ю.Ф.Фомичева, А.Г.Шмелев, И.В.Бурмистров мақалаларында компьютермен өткізілген уақыт бұл – жасөспірімдердің психикасына, мінез-құлқына зиянды әсерін тигізіп, көңіл көтерудің басқа түрлеріне ауыса алмау, айналасындағылардың алдында алданыш, артықшылық сезімі сияқты психопатологиялық симптомдарда көрініс беретін тәуелділік деген көзқарастарын айтады.

В.Ф.Петренко жүргізген зерттеулердің қатары виртуалды ойынды ойнаған сыналұшыларда, бақылау тобына қарағанда едәуір үлкен физиологиялық қозу, сондай-ақ агрессивті ойлардың көп мөлшері байқалатынын көрсетті.


Компьютерлік технологиялардың жасөспірімдердің және тұтастай пайдаланушылардың мінез-құлықтары мен агрессивтіліктерінің деңгейіне тигізетін ықпал дәрежесінің зерттелуі аса маңызды болып табылады, өйткені адамның табиғаты жайлы түсінікке қомақты үлес қосуда.

Өткен ғасырдың 90 жылдарында компьютерлік ойындардың балаларға тигізетін ықпалын қарастырған американдық зерттеушілер М.Коул, Ш.Текл электрондық ойындарды «теңдесі жоқ тәрбиешілер» деп атаған. Компьютерлік ойындармен ұзақ уақыт үздіксіз шұғылдану жеткіншектерде агрессиялық мінез-құлықты туғызады.

Агрессивтілікті зерттеу жөніндегі әрқилы тұрғылардың талдамасын жасаған Р.Бэрон мен Д.Ричардсонның көзқарастары бойынша агрессия: 1. нышандарға; 2. сыртқы стимулдармен белсендірілетін қажеттіліктерге; 3. танымдық және эмоциялы процестерге; 4. алдын алатын үйретумен үйлесімдікте өзекті әлеуметтік және эмоциялы жағдайларға байланысты туындайды [1].

З.Фрейдтің психоаналитикалық тұрғысы бойынша адамның барлық мінез-құлқы, энергиясы өмірді сақтауға және қайта жандандыруға бағытталған Эростан пайда болады. Кейінірек З.Фрейд екінші инстинкті өлімге деген құштарлықты танытатын Танатостың да орын алатынын айтады. Танатос агрессияның сыртқа шығарылып, өзгелерге бағытталуына ықпал етеді (1 сурет).


1-сурет. Айналаға бағытталған агрессияның пайда болу механизмі



Лоренц З.Фрейдтің ұстанымымен ұқсастықты көрсетіп, агрессияға деген эволюциялық тұрғыны жақтайды. Лоренц бойынша агрессия тірі қалу үшін күрес атты тумалық инстинктіден бастау алады.

Фрустрация теориясының авторы Доллард пен оның қызметтестерінің ойынша агрессия сыртқы себептермен басқаларға зиян келтіру ұмтылысынан пайда болады. Ал Берковицтің ойынша фрустрация агрессивті әрекет ету дайындығына ғана әкеледі (2 сурет) [2].

2-сурет. Агрессивті мінез-құлықтың пайда болуы



Компьютерлік тәуелділік – зақымдайтын, болжауға болмайтын, ұнамды немесе ұнамсыз адамдармен түрлі қатынастарды қалыптастыруды қажет ететін ақиқаттан қашудың бір түрі болып табылады. Сондықтан, ересек қатаң өмірде тіршілік етуге үйренбеген жасөспірім үшін компьютер, виртуалды өмір – ең жақсы шешім болып көрінеді.

Жаңа заман талабына сай ХХ - ғасырдың аяғында ғылымның жедел дамуы компьютерлік технологияның пайда болуына себепші болды. Бұл техниканың пайда болуы көптеген өнеркәсіп орындарының дамуына оң ықпалын тигізді. Соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына көптеген өзгерістер енгізді, банк және әкімшілік кеңсе жұмыстарының қағидаларын сапалы өзгертті, әскери техниканың эффективтілігін жоғарлатты деп толық айтуға болады [3].

Қазіргі уақытта заман талабына сай, компьютерлендіру темпі өте жоғары дәрежеде дамып отыр. Үлкен ірі-ірі бірлестіктерді айтпағанда, орташа деңгейдегі фирмаларда, оқу орындарында компьютер және компьютерлік желісіз нәтижелі жұмыс жасау мүмкін емес. Қай салада болмасын компьютерді кеңінен қолданатын адамдар тіпті онсыз өз өмірін елестете де алмайтындай дәрежеге жетті деуге әбден болады. Жаңа заман адамы компьютермен жиі өзара әрекетке түседі, оның біздің өмірімізде алып отырған орны соншалық, оны біз үйде, оқу орнында, жұмыста, тіпті ұшақта да пайдаланудамыз. Бір сөзбен айтқанда, біздің барлық жасап отырған іс әрекетіміздің өзі, осы кішкентай ғана түрлі-түсті қымбат металл бөлшектерінің көмегімен жүзеге асуда.

Жаңа ғасыр адамы, соның ішінде біздің жеткіншектеріміз компьютерді пайдалану барысында өзара әрекетке түседі. Компьютер белсенді түрде біздің өмірімізге еніп, біздің санамыздан өз орнын тауып отыр. Осыған байланысты адамдар көп жағдайда компьютерге тәуелділігін аңғармай да қалады.

Өкінішке орай адамның компьютерге тәуелділігі осымен ғана шектелмейді. Компьютердің одан әрі дамуына байланысты компьютерлік ойындар пайда бола бастады. Компьютерлік ойындар дамығанның үстіне дами түсуде. Соның ішінде компьютерлік ойындар балалардың назарын ерекше аудартып отыр десе артық айтқандық болмайды. Компьютерлік ойындар балалардың бар жан-тәнін салып ойнайтын ойындардың біріне айналып, оған деген тәуелділігі күннен-күнге артып отыр. Балалардың досы да, сырласы да осы компьютер болып отыр. Олар компьютерді тек үйде, не болмаса мектепте пайдаланумен ғана шектелмей, арнайы компьютерлендірілген орталықтарда өз қызығушылықтарын ары қарай жалғастырады.

Компьютерлік технологияның жетістіктеріне байланысты компьютерге тәуелді адамдардың саны, яғни «компьютерлік фанаттар» немесе «хакерлер» деп аталатын адамдар саны көбеюде. Мұндай адамның негізгі іс-әрекеті - компьютердегі ойындарды ойнау болып табылады. Ол адамдардың әлеуметтік ортадағы байланыстары өте тар, ал ойыннан тыс әрекеттері физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған әрекеттер. Ең басты қажеттілік компьютерлік ойынмен қанағаттандырылады. Бұл сипаттама компьютерлік ойындарға фанаттық қызығушылығы бар адамдарға тән [4].

Ұзақ уақыт бойына компьютер алдында отыра беру және дене белсенділігінің аздығы, санитарлық режимдер нормаларының сақталмауы жасөспірімдердің организмінің дамуына кері әсерін тигізеді.

Психолог ғалымдар компьютерге тәуелді балаларда мынандай белгілердің болатындығын атап көрсетеді. Бірнеше сағат бойына компьютердің алдында бір ойынды ойнап отыра беру, ата-анасымен кикілжіңге бару, сабақ үлгерімінің нашарлауы, жиі сабақтан қалу, достарымен қарым-қатынасының азаюы, тек өзі сияқты компьютерге құмар балалармен қарым-қатынас ұстау, өз уәдесінде тұрмау, ашуланшақтық, мазасыздану мінездері пайда болады, сол сияқты ұйқының бұзылуы, зейін мен есте сақтау қабілетінің нашарлауы т.б.көрініс береді. Психологтардың пікірінше, осы белгілердің ең болмағанда бесеуі, бала бойында анықталса, компьютер ойынына тәуелділіктің болуы мүмкін деген анықтама береді. Компьютерге қызығушылық, яғни тәуелділік өз шегіне жеткенде ол патологияға айналады.

Күннен-күнге осы тәуелділікке душар болып отырған адамдар санының көбейіп отырғанын ескерсек, бұл мәселе психологиялық тұрғыда жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Баланың компьютерге тәуелділігін оның ата-аналары, достары, туысқандары сезінсе де, баланың өзі сезінбейді.

Жасөспірімнің эмоциялық сферасының тұрақсыздығы сияқты қауіп те туындайды, өйткені жеңісі келген ойыншы үнемі өз сезімдерін тұншықтырып, байсалдылықты, салқынқандылықты сақтап қалуы тиіс. Психологтардың ойынша, кейбір компьютерлік ойындар агрессивті мінез-құлыққа, соғыс пен күш жұмсаудың маңызының мөлшерден артық бағалануына арандатады. Статистикалық өлшем бойынша балалар мен жасөспірімдердің телеаудиторияның, аудиобейнелік медиамәтіндердің ең белсенді бөлігі мен көрушілері екенін көрсетіп отыр. «Балалар шамамен 2 жастан бастап теледидар көре бастайды. Нағыз америкалық бала өз уақытының шамамен 30%-ын теледидардың алдында өткізеді. Ол орта есеппен мектепке барғанша 5 мың сағат, мектеп бітіргенше 19 мың сағат экран алдында отырады», - дейді америкалық зерттеушілер (Dodrill R. Violence, Values and Media, Sacramento, 1993, p.51).

Өсе келе жас адам біртіндеп өзінің өмірінің бір бөлігіне айналатын, «үлкендердің» әлеміне кіргісі келеді. Бала шынайы өмірді білуге әрі түсінуге, ондағы құндылықтар мен мінез-құлық ережелерін қабылдауға талпынады. Үлкендердің өмірі баланың көз алдына тек отбасы мен көшеде ғана түспейді. Теледидар да балалардың үлкендердің өмірі туралы түсініктерінің қалыптасуына әсер етеді, белгілі бір шындық бейнесін жасайды.

Теледидар қалыптастыратын үлкендер өмірі туралы экрандық түсінік балалар кіретін шынайы өмірге қаншалықты сәйкес келеді? Теледидардың балаларға тек оң әсері ғана емес, теріс әсері де бар болса, онда балаларымыздың бойында қандай қасиеттер болады? - деген сұрақтар кімді болса да мазаламай қоймайды.

Көптеген бұқаралық ақпарат құралдары материалдарына жасалған шолулар, медиазорлықтың, мәселен, Шығыс елдерінде қылмыстың өсуіне үлкен әсері бар екенін дәлелдеп отыр. Зорлықты насихаттау, әсіресе теледидардан, кино мен компьютерлік ойындардан анық байқалады. БАҚ мәселелерінің психологтары мен эксперттері БАҚ-та зорлық-зомбылық көріністердің көрсетілуі мейірімсіздік пен қатыгездіктің өсуіне тікелей әсер ететінін дәлелдеді.

Соңғы 40 жылда дүниежүзінде балаларға теледидар мен кинематографияның тигізетін әсерін зерттеуге арналған мыңнан артық зерттеулер жүргізілген. Зерттеулер дүниежүзінің көптеген елдерінде, әртүрлі нәсілдерге, ұлттар мен әлеуметтік топтарға жататын ер балалар мен қыз балалардың арасында жүргізілген. Зерттеу нәтижелері іс жүзінде бірдей болып шыққан: экрандағы агрессия балалардың адамдар және жансыз заттарға агрессивтіліктерін арттыра түседі[6].

Компьютерлік тәуелділіктің қалыптасуын анықтайтын негізгі критерийлер:

- себепсіз қозғыштық немесе енжарлық, көңіл-күйдің жиі құбылуы, сынға, ескертуге, кеңеске деген ауыр да орынсыз реакция, ата-аналарына, ескі достарына деген ұласпалы қарсылық;

- естің, зейіннің нашарлауы;
- үлгерімнің төмендеуі, сабақты жүйелі босату;
- бұрында маңызды болған адамдармен: туыскандармен, достармен, сүйікті адаммен қарым-қатынастың шектелуі, қарым-қатынас аумағының біршама өзгеруі, күдікті қатынастар, кездесулер, телефондық әңгімелер;
- бұрында қызықты болған істерден, әуестіктен, сүйікті істен бас тарту;
- үйден құнды заттардың, ақшаның жоғалуы, бөгде заттардың пайда болуы, баланың ақшалы қарыздары;
- ептіліктің, жалғандықтың байқала бастауы;
- бұрында байқалмаған салақтық, ұқыпсыздық;
- депрессия, қорқыныш, мазасыздық белгілері.
- жұмыс орнына және отбасы мүшелері не өтірік айтуы, іс әрекетіне жауапсыздығы;
- жұмыс орны мен оқуында проблемаларының болуы.

Қауіпті белгілерге мыналар жатады:

- Электрондық поштаны үнемі тексеруге ұмтылу;
- Он-лайн сеансына қатысу;
- Он-лайнда жүргізген уақытын ұлғайту;
- Он-лайнға шығаратын ақшасының саны көбеюі.

Шынымен, компьютер көптеген міндеттерді атқарады. Сондықтан, баланы шынайы әлемнен өзіне аударып отырып, оның алдында мүмкіндіктер мен қызығушылықтардың сан қилы түрлерін ашады. Жаңа ақпаратқа қанық болу тілегін ауыздықтаудың психологиялық қабілетсіздігі компьютерлік тәуелділік болып табылады.

Компьютер арқылы көптеген мәселелеріміз шешіліп, біраз мүмкіндіктерге ие болдық десек те, оның адам денсаулығына қаншалықты қауіп төндіретінінен көпшілігіміз хабарсызбыз. Бұл қауіпті "ғасыр ойыншығы" тұрмыста көп қолданылады. Компьютердің біздің өмірімізде аса қажеттілігі мен қатар адам организміне, психикасына тигізері зияны да бар.

Ұзақ уақытқа компьютерде отырған адамдардың ағзасына функцияларына жоғары жүйке жүйесіне, эндокринді, репродуктивті жүйеге, көз жанарына және адамдардың сүйек – бұлшық ет аппаратына өте зиянды әсер етеді. Барлық жағынан көз жанарының ауысуынан бастап аяқтарының варикозды кеңеюіне дейін. Шынын айтқанда ол аурулардың барлығын компьютерсіз де күнделікті өмірде ретсіз әрекетімен табасыз. Компьютер тек сол ауруларға қосымша зиян келтіреді. Уақытында шара қолданбаса тәуелді адамдардың жағдайы өршіп қиындайды. Компьютердің алдында елігіп және өзін-өзі тұйықтау, ұмытшақтық, жауапсыздық дәнін себеді, өзінің үйреншікті бағалау қасиетін жоғалтады, ішкі түйсігін жоғалтады, жақындарына немқұрайлы қарайды [7].

Егерде ересек адамдар осындай қадамға саналы түрде барса, онда балалары да ата-анасының құрбаны болады. Өкінішке орай балаларды компьютероманиядан аластататын басқа да зиянды эффекттері компьютерде ұзақ пайдаланғанда пайда болады. Балалар қоршаған ортаға және компьютер әлеміне тез үйренеді. Көптеген өзгерістері бірден байқалмайды. Мұны тек маманданған педагог пен психолог қана анықтай алады. Мәселен, олардың эмоциясы, жоғары агрессиясы және зорлыққа үйірлігі байқалады. Басқа да қылықтарының байқалуы, атап айтқанда балалар қиялдамайды, өзінің визуалды кейіпкерін құрай алмайды, еш нәрсеге құлықсыз, түскен ақпаратты саралай алмайды. Компьютер балалардың интеллектуалды дамуына және психикасына ұзақ зиянды әсер етеді. Компьютерге тәуелді балаларда есте сақтау қабілеті нашар, эмоционалды пісіп жетілмейді, жауапсыз болып өседі [8].

Отбасында және мектепте жүйелі берілмеген тәрбие жасөспірімдерді көзсіз еліктеушілікке, құмарлыққа бой алдырушылыққа, нәпсісін тыя алмаушылыққа, ақырында өз тағдырын өз қолымен құртатын келеңсіз оқиғаларға себепші болады. Зиянды дағдылардан баланы тыя білу, сақтандыру-ата-ананың парызы.

Компьютерлік ойынға деген құмарлық, іңкәрлік әркімнің-ақ бойында жасырын жатады. Оның құмарлыққа ұласпауын ата-ана қадағалау керек. Осы орайда төмендегідей психологиялық кеңесті ұсынуға болады:

- Балаңыздың қандай ойындарды жиі ойнайтынын үнемі қадағалаңыз.
- Ойын барысында балаңыздың мінез-құлқында байқалатын өзгерістерге назар аударыңыз.
- Компьютер алдындағы уақыт мерзімін шектеуді ұмытпаңыз.
- Балаңызды мүмкіндігінше ақыл-ойын дамытатын ойындарға бағыттаңыз.
- Әрбір ойыннан кейін міндетті түрде балаңызбен ой бөлісуге тырысыңыз. Қандай әсер еткенін бақылаңыз.
- Монитор экраны көзден 50 см., тіпті 70 см. қашықтықта тұрғаны дұрыс.
- Бала жұмыс жасайтын жерде бір емес, бірнеше компьютер тұрса, бір-бірінен ара қашықтығы 1 м. болуы тиіс.
- Компьютердің арты мүмкіндігінше қабырғаға қарап тұрғаны жөн.
- Компьютер тұрған бөлме шаң болмауы қажет.
- Ауаны тазалап тұрыңыз, мүмкін болса, компьютердің жанына су қойылған ыдыс қойып қою керек.
- Жас балалар компьютер алдында тапжылмай отыра бермей, әр 20 минут сайын 15 минут демалуы тиіс.
- Ал ересек адамдар 2 сағатта бір 10-15 минутқа тынығуы қажет.
- Компьютермен жұмыс жасап болғаннан кейін міндетті түрде салқын сумен жуыну қажет .
- баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру;
- баланы мектептен мектепке ауыстырғанда, балаға қолайсыздық туғызбайтын жағын қарастыру;
- ата-ана өз ісімен үлгі болу, ертіп жүріп пайдалы еңбекке, өнерге баулу;
- қызығушылығын спортқа, музыка тәрізді өнер үйренуге баулу;
- музыка тыңдау, теледидар, компьютер алдында ұзақ отыруға тыйым салу;
- үйде отырса болды деп, компьютерлік ойындарға беріліп кетуге жол бермеу;
- компьютерге, ұялы телефонға т.с.с байланысты талаптарының бәрін орындай беруге тырыспау;
- ұтыс ойындарына қызықтыратындай әңгіме айтпау;
- лоторея сияқты ұтыс қағаздарына әуестендірмеу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бэрон Р., Ричардсон Д. Агрессия. - СПб, 1997. - 122 с.
2. Возрастная и педагогическая психология /Под ред. М.В.Гамезо.-М., 1984.-С.220-231
3. Шапкин А. Компьютерные игры: новая область психологических исследований //Психологический журнал. - 1999. - №1.
4. Шмелев А. Мир поправимых ошибок. Вычислительная техника и ее применение //Компьютерные игры. -1988. - №3.
5. Эрон Л.Д.- Агрессия: Трактование // Психология. - 1980. - №35.
6. Паренс Г. Агрессия наших детей. - М, 1997. - 115 с.
7. Аникеева Н.П. Воспитание игрой. - М.,1987. - с. 59-94.
8. Лоренц Конрад. Агрессия. Издательская фирма "Универс" /Пер. на русс. яз. Г.Ф.Швейника. - М.: Прогресс, 1994.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСТАРЛАРЫ

*Бапаева М.К.**психология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті.**Қазақстан, Алматы,
m.bapaeva@mail.ru*

Түйіндеме: Мақалада Абайдың шығармаларының психологиялық астарларына талдау жасалынған. Ақын мұраларын зерттеген ғалымдардың философиялық, педагогикалық, психологиялық көзқарастарына жүйелі жасалынған. Мақалада Абай – өлеңдері мен қара сөздерінің ең басты объектісі- адам, басты мақсаты- адам тәрбиесі екені анық көрсетілген. Адам болғанда да адамдар үшін еңбек ететін, өзі айтқандай, «ақыл, қайрат, нұрлы жүректі тең ұстайтын», жан-жақты жетілген адам яғни Абайша айтқанда, «толық адам». Ал «толық адам», «жетілген адам» дегендердің мағынасы терең философиялық, психологиялық мәнді ұғымдар. Адам, индивид, тұлға, дара тұлға адамгершілік тұрғысынан, тұлғалық тұрғысынан жетілдіруді көздейтін үлкен даналық ойлармен ұштасып жатқан күрделі мәселе.

Сондай-ақ мақалада ақынның еңбектеріне талдау жасай келе, оның ой-тұжырымдарының, пікірлерінің, шығармаларының астарларында қазіргі заманғы ғылыми психологияның қарастыратын негізгі проблемаларымен үндестігін көрсететін салыстырмалы кесте құрастырылған. Мәселен, кестенің бір тармағында әлеуметтік өмірде адамдардың өзара дұрыс қарым-қатынас жасаулары - бір-бірінің мінез-құлқын, психологиясын тани білудің негізі деген Абайдың тұжырымы қазіргі заманғы ғылыми психологиядағы қарым-қатынас мәселесімен, әрекеттермен алмасу, ортақ іс-әрекетті жоспарлап, бірлескен әрекеттердің формалары мен нормаларын қалыптастыру деген ғылыми тұжырыммен астасып келуі таңғалдырады. Бұл ақынның ғұламалығының бұл бір дәлелі ғана. Абай психологиялық көзқарастары жалпы және педагогикалық психология мәселелерімен ғана шектелмейді. Ақын туған халқының әлеуметтік жағдайымен, оның әртүрлі топтарының мінез-құлықтарына да ерекше зейін қояды.

Абай шығармаларын оқытуда жеткіншектерге ақынның «толық адам» тұжырымының мәнін түсіндіріп, осы ұғымға жету үшін қандай бала болу керек, нені мақсат тұту керек деген пікірін жеткізу жолдарын қарастырылады. Абай «толық адам» болудың бір белгісі адамның ойлы болуы, әр нәрсеге «өз көзімен» қарау дегенді меңзейді.

Абай мұраларын оқыту барысында ақынның еңбектеріне психологиялық тұрғыда жүйелі талдау жасап, оны нақты бағыттарға бөліп қарастырса, жеткіншектерде ғұламаның шығармаларын түсінуде, бағамдауда және қабалдауларына жеңіл түсіп, есте сақтап, ой қорытындысын жасауға тиімді болады. Осы орайда мақалада ақын шығармашылығын бес бағытқа бөліп көрсеткен. Мәселен, бірінші бағыты ретінде Абайдың қара сөздерінің психологиялық мәні алынған. Одан кейін өлеңдерінің психологиялық астарлары бағытында а) өнер - білімге шақыратын өлеңдері; ә) тұлғаның қалыптасуы жағдайлары; б) таным әрекеттерінің ерекшеліктері қарастырылса, үшіншіден, ақынның «Ескендір», «Масғұт» поэмаларындағы психологиялық ой-түйіндер, төртінші бағыты деп орыс классиктерінің шығармаларынан аудармаларының психологиялық ерекшеліктерін көрсетеді. Бесінші бағыты Абай әндерінің адам психикасына әсері деген бағыт талданады. Мақалада осы бес бағытқа қысқаша түсінік беріледі.

Артына мол философиялық, педагогикалық, психологиялық мұралар қалдырған ұлы ғұламаның шығармаларын оқу-тәрбие процесіне енгізіп, оқыту барысында жүйелі қолданып отырса, жеткіншектердің жан-жақты дамып, тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуына оңды ықпалы болары анық.

Жеткіншектердің жеке тұлғасын қалыптастыруда әрине Абай шығармаларының мәні зор. Оны тек оқу бағдарламасында берілген ақынның бірлі-жарымды өлеңдерімен, қарасөздерімен шектеліп қалу жеткіліксіз. Ол үшін үйірме сабақтарында, сабақтан тыс кездерде

де, оқушылармен жеке- жеке жұмыс жүргізгенде де қолданылып отырса жас ұрпақтың философ ақынның жайлы біленінен білері мол болатыны сөзсіз.

PSYCHOLOGICAL HINTS OF ABAY'S WORK

Bapaeva M.K

*Candidate of Psychological Sciences, Professor
Kazakh State Women's Pedagogical University,
Kazakhstan, Almaty,
m.bapaeva@mail.ru*

Annotation : The article analyzes the psychological hints of Abai's works. The philosophical, pedagogical, psychological views of scientists who have studied the heritage of the poet are systematically systematized. In the article Abai - the main object of his poems and words is human, the main purpose is up brining people. A person who works for human beings, as he says, is "full-fledged man," who is "full of intelligence, awe and joy," that is, a man of all ages. The meaning of "full human", "mature person" is deep philosophical and psychological meaning. A person, an individual, a person, a person is a complex issue with a great deal of wisdom that provides moral and personal development.

The article also analyzes the works of the poet, and draws on a comparative table reflecting the basic problems of contemporary scientific psychology, which is the basis of his thoughts, conclusions and works. For example, in one of the tables, Abay's statement on the relationship between people in social life is the basis of the behavior and psychology of each other, the problem of communication in modern scientific psychology, the exchange of actions, plans of joint action, forms of joint actions was amazed at the conclusion that the formation of norms is incompatible with the scientific conclusion. This is just one of the proofs of the poet's wisdom. Abay's psychological views are not limited to general and pedagogical psychology. The poet pays particular attention to the social situation of the native people, the behavior of different groups.

When teaching Abai's works, adults explain the meaning of the poet's "full human" conclusion and consider the ways in which a child should be asked and what to pursue in order to achieve that concept. A sign of being Abai's "full human" is to be human-minded, to look at things "with his own eyes."

While studying the Abai's heritage, psychological analysis of the poet's work and its focus on specific directions, it is helpful to memorize, memorize, and comprehend the compositions of the writer, and make conclusions. In this article, the poet devoted his creative work to five directions. For example, the psychological significance of Abay's quotation was derived as the first direction. Then the psychological aspects of poetry are: a) art - poems that call for knowledge; b) the occurrence of personality; b) the peculiarities of cognitive activity, thirdly, the psychological features of poet's poems "Iskander", "Masgut", the fourth direction - psychological features of translations of Russian classics. The fifth direction analyzes the direction of Abay's lyrics on human psyche. The article gives a brief overview of these five aspects.

Obviously, the systematic use of the great scientist's works in the educational process, which left abundant philosophical, pedagogical and psychological heritage, will have a positive impact on the development of all-round development and personality traits of young people.

Of course, the works of Abai have a great importance in the formation of the personality of children. It is not enough to limit it to the poet's poetry and poetry in the curriculum. It is also possible for younger generation to know about the philosopher's poet when it is used in classroom sessions, out-of-season sessions, and personal work with pupils.

«Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс» [1],-деген елбасының ойлы пікірін тірек өте отыра, жас ұрпақтың санасына халқымыздың ұлы тұлғаларын олардың жеке тұлғаны үйлесімді

қалыптастырудағы ой пайымдаулары мен психологиялық, педагогикалық көзқарастарын ғылыми негіздеп, оны оқу үрдісінде жүйелі түрде сабақтастыра отырып жеткізу-білім беру жүйесінің алдындағы жауапты міндеттердің бірі.

Абайдың психология ғылымы жайлы еңбек жазбағанымен, ғұламаның өлеңдері мен поэмаларында, қарасөздерінде адамның жан –дүниесінің қыр-сыры суреттеледі. Ақынның толып жатқан өлеңдері мен қара сөздерінен адамның психологиясын жете білуге аса зер салғандығын және оның өзін күнделік өмір үшін қажетті нәрсе деп есептегендігін көруге болады. Әлеуметтік өмірде және тұрмыста дұрыс қарым-қатынас жасау, өзара әрекеттесу, түсінісу, бағалау - осылардың бәрі де Абай түсінігінде, адамдардың психологиясы мен мінездерінің ерекшеліктерін тани білуді талап етеді.

Қазақ халқының ұлы философы Абай шығармаларын филология, философия, педагогика ғылымы саласының мамандары жан-жақты зерттегені анық. Ақынның мұраларын мәселен, әдебиет саласында М.Әуезов, М.Ғабдуллин, М.Мырзахметов, А.Қыраубаева, А.Көбесов сынды ғалымдар зерттесе, философтардан Ғ.Есім, Ж.Әбділдин, М.Орынбеков, Б.Бейсембаев және т.б. өз еңбектерінде ақынның дүниетанымының көздері, адам философиясы, этика мен этикасы, әлеуметтік, азаматтық ойларын, оның шығармасындағы адам мен адам болмысы, өлең сөздегі шеберлігі мен даналығын философиялық тұрғыдан қарастырса, Абайдың педагогикалық көзқарастырына қатысты жинақтаған материалдарда оны оқыту мен тәрбиелеуде қолдануға қатысты бағыттары белгіленеді.

Абайдың психологиялық көзқарастарын психология ғылымы саласында Ш.Әлжанов [2], Т.Т.Тәжібаев [3] сынды ғалымдар зерттеулер жүргізген. Т.Тәжібаевтың тұжырымдауынша «... Абай тек қана асқан кемеңгер ойшыл ақын ғана емес, сонымен қатар ірі философ, психологиялық білімдер жүйесін насихаттаумен айналысқан ғұлама. Ол ұлттық психологиялық ұғымдардың негізін қалады...» деп түйіндейді. Бұдан кейінірек Абайдың психологиялық көзқарасы туралы профессор Қ.Б. Жарықбаев[4]та терең зерттеулер жүргізіп, сындарлы пікірлерін айтқан.

Абай тұжырымдарының ауқымы мен тереңдігі оның әлем психологтарының еңбектерімен таныс болғандығын айқын дәлелдейді. Нақтырақ айтсақ оның, психологиялық көзқарастары Аристотель, әл-Фараби көзқарастарымен астарласып жатады. Оның таным процесіне байланысты материалистік – түсініктері, аллаға сену мен жанның мәңгілігі туралы ұғымдармен араласып отырады. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Көк тұман – алдындағы келер заман» т.б. өлеңдерінде ойшыл ақын адамның тәні ғана өледі, ал жаны ешқашан да өлмейді деп тұжырымдайды.

И.Р. Халитова Абайдың педагогикалық пікірлерін жас буындарды оқыту және тәрбиелеуде қолдануды философиялық-психологиялық-педагогикалық тұрғыдан, теориялық маңызын аша отырып, оқу –тәрбие практикасымен байланыстырып бүгінгі күн талабына сәйкестендіруге арналған еңбектер жоқ дейді[5].

Педагог-ғалым өз зерттеулерінде Абай шығармаларын оқытуда оның «толық адам» болу үшін қандай бала болу керек деген пікірін оқытушыларға жеткізу жолдарын қарастырады. Абай «толық адам» болудың бір белгісі адамның ойлы болуы, әр нәрсеге «өз көзімен» қарау-деп біледі.

Біз баланы, «кішкене, түсінбейді, ұқпайды»-деп оларға жеңіл-желпі сөз айтып, жеңіл-желпі істер орындатамыз. Жеңіл іс-дегенім, ойланбай орындай салатын шаруа. Баланың күшіне тимейтін бірақ ойлап істейтін жұмыс қана тәрбиелік ықпал етері хақ. Сол секілді бала кезден, сөз ұғарлық болған шағынан «ақылды сөз» тыңдатып өсірген бала оны бірде болмаса бірде ескереді. Ал ондай сөзді естімеген баланың есіне алары да шамалы. Шығыс, батыс ғұламалары, бала шағынан жақсы, жағымды әсер алып өскен баланың жан дүниесінің бай, таза болатынын білген және өз еңбектерінде осыны айтқан. Осы пікіріміздің жетегінде біз де оқытушыларға Абайдың ақылды сөздерін ертерек білсе деген ойдамыз» - деп тұжырымдайды ғалым.

Артына мол философиялық, педагогикалық, психологиялық мұралар қалдырған ұлы ғұламаның шығармаларын оқу-тәрбие процесіне енгізіп, оқыту барысында жүйелі қолданып

отырса, жеткіншектердің жан-жақты дамып, тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуына оңды ықпалы болары сөзсіз.

Ақынның еңбектерін оқып, таныса келе, оның ой-тұжырымдарының қазіргі заманғы ғылыми психологияның қарастыратын негізгі проблемаларымен үндестігін байқауға болады. Оны төмендегі беріліп отырған кестеден көруге болады:

Кесте-1

№	Абай түсінігі	Қазіргі заманғы ғылыми психологияның тұжырымы
1	Өлең мен ән (поэзия) адамның жан дүниесіне әсер студің керемет құралы болып табылады, ол үшін ақын адамдардың психологиясын жақсы білуі керек.	Оқу пәндерінің мазмұнына, яғни оқулықтарға іріктелініп енгізілген поэтикалық шығармалар балалардың таным процестерін ақыл-ойын дамытуды сатылап қалыптастыратындай жүйеге негізделеді.
2	Балалар психологиясын жете білу керек, оларды оқыту, тәрбиелеу ісі балалар психологиясының ерекшеліктерімен санаса отырып құрылуы тиіс.	Оқыту және тәрбиелеу мәселелері, оқу әдістемелік құралдар, оқу бағдарламаларының мазмұны балалардың жас ерекшелігін ескере отыра құрылады.
3	Әлеуметтік өмірде адамдардың өзара дұрыс қарым-қатынас жасаулары - бір-бірінің мінез-құлқын, психологиясын тани білудің негізі	Қарым-қатынас барысында қатынасқа түсу үшін тек мәліметпен алмасып және өзара түсінікке қол жеткізумен шектелу жеткіліксіз, әрекеттермен алмасу, ортақ іс-әрекетті жоспарлап, бірлескен әрекеттердің формалары мен нормаларын қалыптастыру да маңызды.

Абай шығармаларын оқыту барысында ақынның еңбектеріне психологиялық тұрғыда талдау жасап, нақты бағыттарға бөліп қарастырса, жеткіншектерде ғұламаның мұраларын түсініп, жүйелі ойлаудың қалыптасуына негіз болады. Мәселен, ақынның шығармаларын төмендегідей бағыттарға бөліп оқытуға болады:

1. Абайдың қара сөздерінің психологиялық мәні;
2. Өлеңдерінің психологиялық астарлары: а) өнер -білімге шақыратын өлеңдері; ә) тұлғаның қалыптасуы жағдайлары; б) таным әрекеттерінің ерекшеліктері.
3. Поэмаларындағы психологиялық ой-түйіндер “Ескендір”, “Масғұт”
4. Аудармаларының психологиялық ерекшеліктері: (М.Ю. Лермонтовтан, А.С. Пушкиннен, Буниннен т.б.)
5. Абай әндерінің адам психикасына әсері.

«Абайдың қара сөздерінің психологиялық мәні» бағыты бойынша жеткіншектердің ақынның ғақлия сөздеріне талдау жасатып, өз түсініктерінің қалыптасуына ықпал жасау, сөйтіп адамның тұлға ретінде жетілуі сияқты маңызды жайттарға назар аударту. Мәселен, Абай бала мінезінің қалыптасуы жөргектен басталатынын айта келіп, бұл жөнінде «Жетінші сөзінде» былай дейді: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады... Біреуі - білсем екен демекілік ... Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» тұжырымнан жақсы байқалады. Абай бала психологиясының басты ерекшелігі – білуге құштарлық деп есептейді. Баланың жеке басының ерекшеліктері жайлы айтқан психологиялық пайымдаулары өзінің ғылыми тереңдігімен ерекше бағалы.

Өзінің «Он бесінші сөзінде» ақын адам баласы алдына мақсат қоймайынша өмір сүруі мүмкін емес деп көрсетеді. Ақылды адам құмарлықтың айтарлықтай жақсы, пайдалы мақсатын дұрыс тауып алса, соны меңгеруге, игеруге, соған қолын жеткізуге тырысады, мақсатқа жету жолындағы күрес пен іздену дәуірі адам өмірінің ең таңдаулы, таптырмайтын кезеңі болып табылады. «Ақымақ адам өмірден өзіне орын таба алмайды».

Абай «Он жетінші сөзінде» ақын ақыл, сезім және қайрат арасындағы тартыс арқылы адам мінезінің қарама-қайшылықтарын түсіндіреді. Егер осы үшеуінің бір адамның бойынан табылса, онда адам жаны таза, әр істі адалдықпен, ақылмен шешіп,

қандай жағдайда да қайраттылық танытып, бойкүйездікке салынбай жігерлі көрінеді деп ой түйіндейді.

Ақынның «Отыз бірінші сөзінде» ес туралы пікірлері ғылыми психологиядағы ес процесінің мазмұнымен үндесіп келетіні таңғалдырады. «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі-көкірегі байлаулы берік болмақ керек: екінші – сол нәрсені естігенде иә көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші - ой кеселді нәрселерден қашық болу керек егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, иә бір қайғыға салыну, иә бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрселер», - деп жазды. Бір нәрсені есте сақтау, ренішті, қуанышты көңіл күйлерін тану барысындағы естің маңызы жайлы айта келіп, адам «...сөзді есіткенде шайқақтап, шалықтанып, не салбырап, салғырттанып естісе, не есіткен жерде қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек», - деп түйіндейді.

“Отыз жетінші” қара сөзінде Абай жеке тұлғаның бойындағы психологиялық қасиеттерге тоқталады. Онда ғибрат сөздердің мәні, мағынасы адамның күнделікті ісінде әр кез есінде тұтатын ұлағаты мол, тағылымды сөздер. Мәселен, адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес; көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады; әкесінің баласы - адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырын; дүниеде жалғыз қалған адам - адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды; Жамандықты кім көрмейді. Үмітін үзбек -қайратсыздық; Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны. Егер де ауызынан қара қан ағызса, домбыт мақтаншақ я қорқақ; Биік мансап - биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады. Жаман дос - көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; басыңды бұлт шалса іздеп таба алмайсың т.б.

Абай «толық адам» болудың бір белгісі- ойлы болуы, әр нәрсеге «өз көзімен» қарау деп біледі. Жеткіншектердің жеке тұлғасын қалыптастыруда Абай шығармаларының мәні зор. Оны тек оқу бағдарламасында берілген ақынның бірлі-жарымды өлеңдерімен, қарасөздерімен шектеліп қалу жеткіліксіз. Ол үшін үйірме сабақтарында, сабақтан тыс кездерде де, оқушылармен жеке- жеке жұмыс жүргізгенде де қолданылып отырса құба-құп.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Абай тойы (Ұлы Абайдың 150 жылдығындағы сөзінен)/Егемен Қазақстан. Тамыз.1995
2. Әлжанов Ш. Абайдың педогогика туралы көзқарасы. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы «Рауан» 1994
3. Тәжібаев Т. Абайдың психологиялық көзқарастары. Алматы. «Қазақ университеті» 2010. Таңдамалы шығармалар жинағы. 1-том. 266-296 бб
4. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы. Алматы «Қазақ университеті» 1998. 185 б
5. Халитова И.Р. Абай Құнанбаев мұрасын оқу процесіне ендіру мәселелері. Алматы, Қазмемқызпи. 2005. 158б

КӨНЕЛЕНГЕН СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН СӨЗДЕР

Байдаулетова Аякөз Өтеуқызы
 филология ғылымдарының кандидаты
 «Болашақ» университеті
 Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы
 Ayiagoz_i@mail.ru

Түйіндеме: Септік категориясы есімдердің жалпы грамматикалық категориялар ішінде маңызды рөл атқарады және тілдің грамматикалық құрылымын зерттеуде басты мәселенің қатарынан орын алады. Өйткені бұл категория – сөйлемде сөздерді байланыстыратын негізгі грамматикалық көрсеткіш. Сонымен қатар септік тұлғалы сөздер синтагматикалық тұрғыдан көбіне етістікпен байланысатындықтан, тілдік қатынастың оларсыз жүзеге асуы мүмкін емес. Септік категориясын лингвистер әр қырынан қарастыруда. Септік жалғаулары морфологиялық, синтаксистік және мағыналық тұрғыдан зерттелініп келеді.

Септік жалғауларын синтаксистік қызметі мен семантикалық қызметіне қарай ғалымдар екі топқа бөліп қарастырғаны белгілі: грамматикалық септіктерге атау, ілік, табыс, ал көлемдік септіктерге барыс, жатыс, шығыс септіктерін және қазақ тіліндегі көмектес септігін жатқызады. Септіктерді бұлай топтау олардың сөйлеудегі қызметтеріне байланысты. Грамматикалық септіктерде семантикаға қарағанда грамматикалық жағы, яғни синтаксистік қызметі басым түссе, көлемдік септіктерде семантикалық мәні басым келеді. Грамматикалық септіктер адвербиалдық мәнге ие болмайды, ал көлемдік септіктер адвербиалдық мәнге ие болады.

Қазақ тілінде септіктер жүйесін құрайтын септік тұлғаларының ішінде сөз бен сөзді байланыстырмайтын, сөздерді түрлендірмейтін, септік парадигмасынан қол үзген көнеленген септік тұлғалары бар. Бұл тұлғалар сыртқы формасы жағынан септік жалғауларына ұқсас болғанымен атқарар қызметі мен мағыналық қатынасы өзгеше. Септік жүйесіндегі барлық септік көрсеткіштері септік парадигмасынан қол үзіп, сөз байланыстыру қызметінен ауытқымайды. Тек көлемдік септіктер – барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері бұрынғы қызметінен ауытқып, жаңа қызметті иеленеді. Алайда бұл құбылыс тілдің ішкі және сыртқы факторлары әсер ететін, ұзақ, тарихи процесс болып табылады. Тілдегі қосымшалардың көнеру әрекетін ғалымдар лексикалану құбылысымен байланысты қарастырады. Қосымшалар ішінде септік жалғауларының көнеленуі де лексикалану әрекетінің бір тәсілі болып табылады.

Септік жалғаулары сөздердің түрлену жүйесіне енеді. Олар тек сөз бен сөзді байланыстырып, сөздердің (есімдердің) түрлі грамматикалық мағыналарын білдіреді. Алайда септік тұлғалары сөзге жалғанып, грамматикалық мағынада жұмсалмай, жаңа лексикалық бірлік құрайды. Қазақ тілінде тек септік жалғаулары ғана емес, сонымен бірге тәуелдік жалғаулары, көптік жалғаулары, етістіктің кейбір жұрнақтары да грамматикалық мағыналармен қатар, лексикалық мағынаны білдіре алады. Сөз түрлендіруші форманың сөз тудырушы формаға ауысуы лексикализация процесімен тығыз байланысты. Лексикализация процесі барысында грамматикалық форма түбірмен кіріге отырып, өздерінің бір септіктен екінші септікке ауыса алу қабілетінен айрылады, соның негізінде грамматикалық мағынасы көмескіленеді, сонымен бірге морфологиялық категория жүйесінен оқшауланады да жаңа лексикалық тұлға қалыптасады.

Бойына сөз тудырушылық қасиетті иеленген септік жалғаулары көнелене отырып, өзінің жалғастырушылық қызметінен, грамматикалық мағынасынан қол үзе келіп түбірмен кірігіп кетеді. Оқшауланған септік тұлғалы сөздер (сөз таптары) сөйлем ішіндегі байланыстыру қызметінен де алшақтап, синтаксистік тұрғыдан етістікпен байланысы артқан. Көнеленген септік жалғаулы лексикалық тұлғалардың лексикалық және грамматикалық мағыналары өзгеріп жаңа мағынаны иеленеді, бұл туынды сөздің синтаксистік қызметіне де өз әсерін тигізеді. Септік жалғаулы сөздердің көнеленуі негізінде жаңа лексикалық тұлғаға ауысу процесі синтаксистік деңгейде өтеді.

WORDS THAT ARE MADE WITH THE HELP OF OLD CASE ENDINGS

Baydauletova Ayiagöz Oteukyzy

candidate of philological sciences

University «Bolashak»

The Republic of Kazakhstan, Kyzylorda

Ayiagöz_i@mail.ru

Category of case plays an important role in the common grammatical categories of names and takes the leading place in the study of the grammar structure of the language. Because this category is the main grammatical indicator that links the words in a sentence. In addition, case words are often syntactically related to verb, and language relationships can not be realized without them. The linguists are investigating the category of case in different sides. Case endings are studied morphologically, syntactically and semantically.

Due to the syntactic activity and semantic activity of case endings, scientists divide into two groups: grammatical cases are nominative, genitive, dative, volumetric cases are accusative, locative, ablative and instrumental in Kazakh language. This sort of grouping depends on their speaking services. In grammatical cases, the grammatical side, i.e. syntax, prevails in semantics, in volumetric cases prevails semantic significance. Grammatical cases do not have adverbial value, and volumetric cases have an adverbial value.

In the Kazakh language there are old case figures among case systems, that don't link words and words, and don't convert the words, and are far from case paradigm. Although these figures are similar to their external shape, their function and meaning are different. All case indicators do not deviate from the case paradigm and act as word-linking function in the case system. Only volumetric cases – accusative, locative, ablative instrumental are retreated from the previous position and had a new service. However, this phenomenon is a long, historic process that affects the internal and external factors of the language. The scientists associate the expiration behavior of auxiliaries in language with the phenomenon of lexication. The expiration case endings among auxiliaries also means one of the ways of lexication.

Case endings are included in the word conversion system. They only link words and words and represent different grammatical meanings of words (names). However, case figures are connected to the word, are not used grammatically and make new lexical units. In the Kazakh language not only case endings, but also possessive endings, plurality endings, some suffixes of the verbs with the grammatical meaning, can also give lexical meaning. Form word converting form into a word-forming form is closely connected with the lexicalization process. In the process of lexicalization the grammatical form integrating with root loses its ability to move from one case to another, on the basis of which its grammatical meaning becomes obsolete, isolated from the morphological category system, and a new lexical figure is formed.

Having the word-forming quality the case endings get older, deviate from its continuing activity and grammatical meaning integrate with the root. Separate isolated case figures (parts of speech) are separated from the context-specific function, and have a higher syntactical connection to verbs. The lexical and grammatical meanings of the lexical figures with old case endings change and have a new meaning, which also affects the syntax of the derivative word. On the bases of deviating words with case endings the process of transition to a new lexicon is done at the syntax level.

Септік категориясы есімдердің жалпы грамматикалық категориялар ішінде маңызды рөл атқарады және тілдің грамматикалық құрылымын зерттеуде басты мәселенің қатарынан орын алады. Өйткені бұл категория – сөйлемде сөздерді байланыстыратын негізгі грамматикалық көрсеткіш. Сонымен қатар септік тұлғалы сөздер синтагматикалық тұрғыдан көбіне етістікпен байланысатындықтан, тілдік қатынастың оларсыз жүзеге асуы мүмкін емес. Септік категориясын лингвистер әр қырынан қарастыруда. Септік жалғаулары морфологиялық, синтаксистік және мағыналық тұрғыдан зерттелініп келеді.

Морфологиялық тұрғыдан септік категориясы грамматикалық мағыналары бар септік категорияларының жүйесі ретінде грамматикалық категория болып табылады. Септікті грамматикалық тұлға ретінде орыс тіл білімінде Ф.Ф. Фортунатов пен В.В. Виноградов қарастырған. Ф.Ф. Фортунатов септіктерді түрлену парадигмасында қарастырады. Ғалымның жұмысында септіктің мағынасынан гөрі түрлену парадигмасы мен оның дамып қалыптасуына көп көңіл бөлінген [1, 139 б.]. В.В. Виноградов өзінің іргелі жұмысында септікті «басқа сөз таптарына қатынасын білдіретін есімдер формасы» деп анықтайды [2, 139 б.]. Р.О. Якобсон да септікті морфологиялық тұрғыдан қарастырады. Ғалым әр септікке тән ортақ мағына бар деп біледі. Ол мағына морфологиялық сипатқа ие. Септіктердің жекелеген мағыналары сөз тіркесіне қатысты дейді [3].

Синтаксистік тұрғыдан септік сөйлемнің синтаксистік категориясы ретінде анықталады, септіктердің белгілі бір мағыналары оның парадигмалық тұлғаларында емес, сөйлемді құрайтын сөзформалар қатынасында қарастырылады. Сөз сөйлемнің құрылыс материалы бола отырып, сөйлемде түрлі тұлғаларда түрленіп келіп жұмсалады. Мысалы, зат есім септік тұлғаларының бірінде келе алады. Бұл тұлғалар сөздің сөйлемдегі орнына (позициясына) қатысты келеді. Сөздің мұндай формасы сөзформа деп аталады [4, 143 б.]. Септік категорияларын синтаксистік тұрғыдан А.А. Шахматов өз еңбектерінде талдайды, ол септіктерді анықтау негізі олардың синтаксистік қызметінде жатыр дейді. Е. Курилович көзқарасындағы септіктің синтаксистік сипаты септіктің функциясына негізделген. Ғалым септіктердің грамматикалық және семантикалық қызметтерін ажырата қарастырады [5].

Септік жалғауларын синтаксистік қызметі мен семантикалық қызметіне қарай ғалымдар екі топқа бөліп қарастырғаны белгілі: грамматикалық септіктерге атау, ілік, табыс, ал көлемдік септіктерге барыс, жатыс, шығыс септіктерін және қазақ тіліндегі көмектес септігін жатқызады. Септіктерді бұлай топтау олардың сөйлеудегі қызметтеріне байланысты. Грамматикалық септіктерде семантикаға қарағанда грамматикалық жағы, яғни синтаксистік қызметі басым түссе, көлемдік септіктерде семантикалық мәні басым келеді. Грамматикалық септіктер адвербиалдық мәнге ие болмайды, ал көлемдік септіктер адвербиалдық мәнге ие болады.

Қазақ тілінде септіктер жүйесін құрайтын септік тұлғаларының ішінде сөз бен сөзді байланыстырмайтын, сөздерді түрлендірмейтін, септік парадигмасынан қол үзген көнеленген септік тұлғалары бар. Бұл тұлғалар сыртқы формасы жағынан септік жалғауларына ұқсас болғанымен атқарар қызметі мен мағыналық қатынасы өзгеше. Септік жүйесіндегі барлық септік көрсеткіштері септік парадигмасынан қол үзіп, сөз байланыстыру қызметінен ауытқымайды. Тек көлемдік септіктер – барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері бұрынғы қызметінен ауытқып, жаңа қызметті иеленеді. Алайда бұл құбылыс тілдің ішкі және сыртқы факторлары әсер ететін, ұзақ, тарихи процесс болып табылады. Тілдегі қосымшалардың көнеру әрекетін ғалымдар лексикалану құбылысымен байланысты қарастырады. Қосымшалар ішінде септік жалғауларының көнеленуі де лексикалану әрекетінің бір тәсілі болып табылады. Қазақ тілі басқа түркі тілдері сияқты морфологиялық белгісі жағынан агглютинативті тілдерге жататыны белгілі. Сөздердің түрленуі түбірге белгілі бір қосымшаның жалғануы арқылы жүзеге асады. Септік жалғаулары сөздердің түрлену жүйесіне енеді. Олар тек сөз бен сөзді байланыстырып, сөздердің (есімдердің) түрлі грамматикалық мағыналарын білдіреді. Алайда септік тұлғалары сөзге жалғанып, грамматикалық мағынада жұмсалмай, жаңа лексикалық бірлік құрайды. Қазақ тілінде тек септік жалғаулары ғана емес, сонымен бірге тәуелдік жалғаулары, көптік жалғаулары, етістіктің кейбір жұрнақтары да грамматикалық мағыналармен қатар, лексикалық мағынаны білдіре алады. Сөз түрлендіруші форманың сөз тудырушы формаға ауысуы лексикализация процесімен тығыз байланысты. Лексикализация процесі барысында грамматикалық форма түбірмен кіріге отырып, өздерінің бір септіктен екінші септікке ауыса алу қабілетінен айрылады, соның негізінде грамматикалық мағынасы көмескіленеді, сонымен бірге морфологиялық категория жүйесінен оқшауланады да жаңа лексикалық тұлға қалыптасады.

Бойына сөз тудырушылық қасиетті иеленген септік жалғаулары көнелене отырып, өзінің жалғастырушылық қызметінен, грамматикалық мағынасынан қол үзе келіп түбірмен кірігіп

кетеді. Оқшауланған септік тұлғалы сөздер (сөз таптары) сөйлем ішіндегі байланыстыру қызметінен де алшақтап, синтаксистік тұрғыдан етістікпен байланысы артқан. Көнеленген септік жалғаулы сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналары өзгеріп жаңа мағынаны иеленеді, бұл туынды сөздің синтаксистік қызметіне де өз әсерін тигізеді. Септік жалғаулы сөздердің көнеленуі негізінде жаңа лексикалық тұлғаға ауысу процесі синтаксистік деңгейде өтеді.

Сөз түбіріне кіріккен тәуелдік жалғауларын зерттеген ғалым А.А. Раманова кірігу құбылысының бүгінге дейін қазақ тіл білімінде екі мағыналы сөздің бір-біріне бірігіп, өзара жымдасып кетуінің негізінде бір мағынаға ие болған сөздерге байланысты ғана қолданылып келгенін, ал түбір мен қосымшаның бір-біріне сіңісуінің нәтижесінде жаңа мағынаға ие болу жағдайын белгілі терминмен атау қалыптаспағанын тілге тиек етіп, автор «қосымшалардың түбірге кірігу әрекеті» деген атау ұсынады. Сонымен бірге төмендегіше белгілерін анықтайды:

- Түбірге жалғанған қосымша бастапқы мағынасы мен қызметінен бүтіндей не жартылай айырылады;

- Түбірге жалғанған қосымша көнелену әрекетіне ұшырайды;
- Бастапқы түбірмен бірігіп келіп, жаңа лексикалық мағынаны білдіреді;
- Тілде түбір ретінде саналып, өзге туынды сөздердің жасалуына негіз болады;
- Сөз таптарын қалыптастыруда негізгі тәсілдердің бірі саналады [6, 44 б.].

Бұл белгілер септік жалғауларының да көнеру әрекетін анықтайды. Бұл белгілер көнеленген септік жалғауларын мағыналық, сөзжасамдық және морфологиялық тұрғыдан айқындап тұр. Септіктердің көнеленуі барысында олардың синтаксистік сипаты да өзгеріске түседі. Септік жалғауларының түбірге кірігу, көнеру әрекеті тілімізде жиі кездесіп отырады. Бұл жағдайда септік жалғауларын бастапқы мағынасы мен қызметінен айырылып, көнеленіп, өзі жалғанған түбірге кірігіп кетеді. Соның негізінде ол сөзжасамдық қасиет атқарып, сол сөзді туынды түбірге айналдырады. Бұл сөздер тілімізде түбір мен жалғауға ажыратылмай, бір бүтін бірлік ретінде қолданылады.

Қазақ тіліндегі көнеленген септік жалғауларының өзіндік ерекшеліктері бар. Көнелену арқылы септік жалғаулары өз қызметтерінен алшақтап, жаңа семантикалық-грамматикалық қызметке ие болады. Өзі жалғанған түбірмен бірігіп, бір бүтін лексикалық мағына құрайды, сөйтіп сөздіктердің реестріне енеді. Бұл ерекшелік көнерген септік жалғауларына тән. Қазақ тіліндегі сөйлем ішінде грамматикалық қатынасты білдіретін әдеттегі септік жалғаулары мен көнеленген септік жалғауларының өзіндік ерекшеліктері болады.

1. Сөйлемдегі септік жалғаулары сөзге грамматикалық мағына үстейтін қосымша ретінде есептелсе, көнеленген септік жалғаулары жаңа лексикалық бірлік тудырып, сөзжасамдық қызмет атқарады. Мысалы, *1970 жылы бір топ ақын, жазушы шахтерлермен кездесу үшін Алматыдан Қарағандыға келді* (Ә. Нұршайықов) деген сөйлемде *шахтерлермен, Алматыдан, Қарағандыға* сөздері көмектес, шығыс және барыс септіктерінің жалғауларында тұр. *Шахтерлер, Алматы, Қарағанды* сөздеріне септік жалғаулары арқылы грамматикалық мағына үстелген. Сонымен бірге ол сөздер құрамын *шахтерлер* (түбір) + *мен* (көмектес септік), *Алматы* (түбір) + *дан* (шығыс септік), *Қарағанды* (түбір) + *ға* (барыс септігі) деп талдай аламыз. Көлемдік септіктер түбірден жеке морфема ретінде ажыратыла алады. Ал көнеленген септік жалғаулары сөздің түбіріне кірігіп, бөлшектеуге келмейтін біртұтас лексемаға айналады. Мысалы, *Бетімен жайылып жүрген бір ел бар, алыс-жақын, кедей-бай демей, барымталаса береді деп біржола сенісіп қойған сияқты* (Ғ. Мүсірепов). *Бірде жақын ағайынның Қалекең үйі мен Қожатай мағзұм үйлерінің аттарын мініп, Әзімхан деген ағайын жігіт екеуміз қашып кетіп едік* (С. Сейфуллин). *Бір-бірден тауып, аман лақтап берсе, сол төлді аман өсірсең де олжаң аз болмас, – деді Қазықан* (С. Бегалин).

Бетімен, бірде, бір-бірден сөздері құрамындағы көмектес, жатыс, шығыс және барыс септіктері түбірде көнеленуі арқылы алғашқы заттық, сандық мағыналарынан айрылып қимылсын, мезгіл үстеу мағынасын білдіріп тұр. Олар түбір мен қосымшаға жіктелмей, бір лексикалық бірлік ретінде танылады. Бұл сөздер сөздіктерде жеке-жеке, біртұтас сөз ретінде берілген.

2. Әдеттегі септік жалғауларының білдіретін грамматикалық мағыналары әртүрлі: бағыттық, мекендік, мезгілдік. *Өткен күзде «Ақиқат пен аңыз» біткен бөлімдерін өзіне оқып беру үшін Баукеңнің үйіне барғанмын* (Ә. Нұршайықов). *Шеткі үйдің іргесінен өте беріп, екі-үш қабат үсті-үстіне жөткірінді* (Б. Нұржекеев). Осы сөйлемдердегі септік жалғаулары бағыттық, мекендік мағынада жұмсалғанымен, сөздердің жеке тұрғандағы заттық мағынасы айқын. *Ал, өткен-кеткеннің бәрі еске түсіп, жұрт бет-бетіне дабырлап, әрқайсысы өз сөзін тыңдатудың таласын бастады* (Б. Майлин). *Алғашында ырыққа көңісі келмеген Сапар енді еріксіз ентелей басып бара жатыр* (А. Байтанаев) деген сөйлемдердегі *бет-бетіне*, *алғашында* сөздері септік жалғауларының көнеруі арқылы пайда болған. *Бет-бетіне* сөзі сын-қимыл мағынаны, *алғашында* сөзі мезгілдік мағынаны білдіретін үстеу ретінде жұмсалған.

3. Септік жалғаулары сөйлем ішінде меңгеру байланысу формасында жұмсалса, көнеленген септік жалғаулары арқылы жасалған сөздер қабысу байланысу формасында қолданылады, сонымен бірге сөйлем мүшелерімен байланысқа түспей, оқшау тұрып та жұмсалады. Мысалы, *Ниязбай қызыл тазыны ілуде болмаса, бұл тоғайға әкелмейтін* (С. Бегалин). *Ал кейініректе, үстіміздегі гасырдың басында бір пар ақбөкен мүйізі түйенің құнымен бағаланған* (Х. Қыдырбаев) деген сөйлемдерде септік жалғаулы сөздер *тоғайға әкелмейтін*, *құнымен бағаланған* түрінде меңгеру байланысу түрінде келген. Ал көнеленген септік жалғаулары арқылы жасалған сөздердің бір тобы сөйлем ішінде ешбір сөзбен байланысқа түспей оқшау тұрса, көнеленген септік тұлғалары арқылы қалыптасқан үстеу сөздер өзіне қатысты сөздермен қабысу байланысу түрі арқылы байланысқа түскен. Төмендегі сөйлемдерге назар аударайық, *Негізінде, Сәкен шығармаларындағы кемшіліктер, жазушының өсу жолындағы қиыншылықтарына берген бағамыз әлі де дұрыс* (Ғ. Мүсірепов). *Рас, оның бірлі-жарым балғын әні төбе көрсетіп қалады. Әйткенмен, өзге әндердің жанында ол теңізге тамшы түскендей елеусіз қалып қояды. Таяуда бір жас жігіттің повесін оқыдым* (М. Әлімбаев). *Маржанкүл Түлкібайға осы қорқынышының себебін хатында ұялта отырып лажсыздан білдіруге душар болды* (Н. Ғабдуллин).

4. Септік жалғаулы сөз әдетте сөйлем ішінде жанама толықтауыш қызметін атқаратын болса, түбірге кіріккен септік жалғауы арқылы қалыптасқан сөздер екінші сөз табына ауысуына байланысты сөйлемде тұрлаусыз мүшенің (пысықтауыштың) қызметін атқарады.

Мысалы, *Шегірткеден қорыққан егін екпес* (Мақал). *Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды* (Мақал-мәтелдер). *Әкесіне жыламағанда, қайда жылаймын дейді екен* (С. Мұқанов). *Ондай мінез кейбіреулерімізде әлі де бар ғой* (Ә. Әбішев). Сөйлемдердегі *шегірткеден*, *баламен* сөздері шығыс, көмектес жалғауларын, ал *әкесіне*, *кейбіреулерімізде* сөздері ІІІ, І жақ тәуелдік көрсеткіштерінен кейін барыс, жатыс тұлғаларын қабылдаған және сөйлемде толықтауыш қызметін атқарып тұр. Ал, *Үш гасырдан сақталған Орхон жазуының нұсқаларында шығыс септік жалғауы мен оның қосымшасы атымен болмаған* (Қазіргі қазақ тілі). *Күніне бір сағат кешкілікте сабақ беріп тұратын боп келісті* (Д. Әбілов). *Аузынан шыққан сөзге әдепкіде бойы мұздап, шошып қалса да, өңі қобалжыған жоқ* (Ә. Нұрпейісов). *Әлі күнге өздігінен отыра алмайтын болғасын айналасын көрпемен қоршап, мүйіттеп қойған кішкентай Әшім әжесін көре сала талпынып, қолын созып жылай бастайды* (Ә. Нұрпейісов). Сөйлемдердегі *атымен*, *өздігінен* сөздеріне көмектес, шығыс септіктерінің кірігуі арқылы пайда болған үстеулер сөйлем ішінде «қалай?» сұрауына және күніне, әдепкіде тәрізді барыс, жатыс септіктері жалғауларының көнеленуінен жасалған үстеу сөздер «қашан?» сұрауына жауап беріп, пысықтауыш қызметінде тұрғандығы анық. Сонда, алдыңғы мысалдардағы септік жалғаулары өзінің синтаксистік қызметін сақтаған болса, соңғы сөйлемдердегі септік жалғаулары түбірге кірігуінің нәтижесінде бастапқы қасиеттерін жойып, жаңа қызметіне көшкен. Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғауларының негізгі синтаксистік қызметі меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін құру, сөздерді бір-бірімен байланыстыру болса, аталған септік қосымшаларының түбірге кірігуі әрекетінің нәтижесінде септік жалғаулары бұл қабілетінен айырылады. Мысалы: *Ұяты өзіңе келіп жүрсе, өкпелемессің!* (Ғ. Мүсірепов). *Осы бір кішкене тірлікте араласып тұрдық, Бәкең үйімізде талай болған-ды* (Т. Төреханов). *Бес нәрседен қашық бол, адам болам десеңіз* (Абай). *Адамды ақылмен көндіру*

оңай ма, күшпен көндіру оңай ма? (Ғ. Сланов). Осы сөйлемдерден *өзіңе келіп жүрсе, тірлікте араласып тұрдық, бес нәрседен қашық бол, ақылмен көндіру түріндегі меңгеру байланысу формасын көре аламыз. Бұл тіркестердің бағыныңқы сыңарлары барыс, жатыс, шығыс, көмектес жалғаулы сөздер. Демек, тіркестің құрылуына да негіз болып отырған – септік жалғаулары. Ал, түбірге кіріккен септік жалғаулары сөйлем ішінде қабыса байланысып келеді. Мысалы,*

*Топырақтан өмір исі шығады,
Оны денең тиіп кетсе, ұғады.
Еңбегіңді есесімен беретін
Жақсылық та топырақтан жұғады (Ө. Тұрманжанов).
Естіп ем ел аузынан бір аңызды,
Сол аңыз жүрегімнен жыр ағызды.
Сырламай сол қалпында ұсынайын,
Кешір, дос, олақ айтсақ мына бізді (М. Әлімбаев).
Ар жақтан отыратын Көлбай, Жанбай,
Шідерімді кім алды, Ләйлім алмай.
Балағы шідерімнің алтын еді,
Асығыстан барамын сұрай алмай (Қазақ әндері).*

Келтірілген сөйлемдердегі көнеленген септік жалғаулы сөздер өздеріне байланысты сөздермен қатар тұрып, қабыса байланысқан: *есесімен беретін, орын-орнына қойып жүрмін, сол қалпында ұсынайын, асығыстан барамын.*

5. Көнеленген септік жалғаулары бір сөз табынан екінші сөз табына ауыстыру арқылы конверсия құбылысына да қатысады, ал әдеттегі көлемдік септік жалғауларына бұл қасиет тән емес. *Тегінде, әлі күнге шейін Балзиядан үмітін үзбесе керек, үсті-үстіне хат жазып тұрады* (С. Омаров). *Асылында*, бұл бөлме осы үйдің бұйым сақтайтын музейі секілді (Б. Соқпақбаев) деген сөйлемдердегі *тегінде, асылында* қыстырмалар тәуелденген есім сөздерге септік жалғауының кірігуі арқылы жасалған. *Маржанкүл Түлкібайға осы қорқынышының себебін хатында ұялта отырып лажсыздан білдіруге душар болды* (Н. Ғабдуллин). *Тек бір рет байқаусызда әйелінің Жұмашқа айтқан сөзін естігенде селт етті* (Т. Ахтанов) деген сөйлемдердегі *лажсыздан, байқаусызда* деген үстеу сөздер сын есімдерден септік жалғауларының көнеруі арқылы жасалған. Яғни септік жалғауларының түбірге кірігуі негізінде сөздің мағынасы өзгеріп, бір сөз табынан екінші сөз табына өткен.

6. Көнеленген септік жалғаулары арқылы жасалған сөздерді сөзжасамда туынды сөздер деп атайды. Себебі көнеленген септік жалғаулары сөзжасамдық қызмет атқарып, жаңа туынды мағына жасауға қатысады. Мысалы, *лажсыздан, байқаусызда, бетімен, бірде, бір-бірден, күніне* үстеу сөздері көнеленген септік арқылы туынды мағынаны иеленген, сонымен бірге септік жалғауларының түбірге кірігіп, көнеру процесінде қыстырма ретінде жұмсалатын сөздер де қалыптасатынын зерттеу еңбектерден көре аламыз [7].

7. Көнеленген септік жалғаулары арқылы қалыптасқан сөздер сөздіктерде реестр сөз қатарында беріледі. Бұған дәлел ретінде «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (Алматы, 1974-1986, 1-10 т.), «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» (Алматы, 2007), «Қазақ тілінің сөздігі» (Алматы, 1999), «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (Алматы, 1978, 2002) еңбектерінде көнеленген септік жалғауы арқылы жасалған сөздердің еш өзгеріссіз сол қалпында берілуін айтуға болады.

Сонымен, көнеленген септік жалғаулы сөздердің қазақ тілінде бар құбылыс екенін жоғарыдағы ерекшеліктер анықтайды. Осы аталған белгілер септік жалғауларының түбірге кірігуі, көнеру әрекетінің тілде бар құбылыс екендігін толығынан айқындап береді.

Тілімізде септік жалғауларының көнеленуі арқылы жасалған туынды сөздер мағынасы жағынан алшақ емес. Септік жалғауларының түбір сөзге кірігуі арқылы көбіне үстеу сөздер жасалатыны барлық морфологиялық еңбектерде үстеу сөз табының құрылымына байланысты айтылып келеді. Дегенмен көнеленген септік жалғаулы сөздердің түрлі мағыналық ерекшеліктерін көруге, кездестіруге болады. Мұндай көнеленген септік жалғаулы сөздер

тілімізде тек үстеулер ғана емес, сонымен бірге басқа да тілдік бірліктер жасалады. Септік тұлғалары тілдің дамуы барысында, тілдік қажеттіліктерден көнелене отырып, өзі жалғанған есім сөздерді екінші семантикалық-грамматикалық категорияларға ауыстырады.

Көнеленген септік жалғаулары арқылы қалыптасқан сөздердің қалыптасу сызбасын төмендегіше көрсетуге болады:



Қазақ тіліндегі бірқатар қыстырма ретінде жұмсалатын сөздер септік жалғаулар формасында қалыптасқан: *ақырында, расында, дұрысында* т.б. Қыстырма ретінде жұмсалатын сөздердің септік тұлғаларында түрленуі туралы М. Томанов пен Т. Сайрамбаевтың «Қазақ тіліндегі қыстырма ретінде жұмсалатын сөздер» еңбегінде былай делінген: «Бұдан қыстырма ретінде жұмсалатын сөздер өзгереді (яғни септеледі, не тәуелденеді) деген ұғым тумайды. Қыстырма ретінде жұмсалатын сөздер өзгермейтін сөздер тобына жатады. Егер белгілі бір қыстырма ретінде жұмсалатын сөз белгілі бір септік жалғауында қалыптасса, сол қалпында ғана қыстырмалық қызметте жұмсалады. Ал оның сол жалғауының орнына басқа септік жалғауын қоссақ, оның қыстырмалық қасиеті жойылады. Бұл жерде белгілі бір сөздердің қыстырма қызметінде қалыптасуы морфологиялық тұлғаға байланысты деп айту қиын. Бір ғана нәрсенің басы ашық: әңгіме болған сөздер қыстырма қызметінде сол тұлғаларда ғана қалыптасқан. Сөйлем құрамындағы интонациялық жіктеліс, сөйлемнің негізгі құрамынан синтаксистік оқшаулану сол тұлғаларда ғана мүмкін. Кейде қыстырма қызметінде, кейде сөйлемнің жеке мүшесі қызметінде жұмсалатын кейбір сөздер қыстырма қызметінде түрленбейді, бірақ сөйлем мүшесі қызметінде түрленеді» [7, 10 б.].

Авторлар қыстырма ретінде жұмсалатын сөздер қызметінде тұрақты жұмсалып жүрген сөздердің барлығы о баста қыстырмалық қызметте емес, сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалған сөздер болғанын, олар тіл дамуының кейінгі кезеңдерінде, сөйлемде қолданылу ыңғайында басқа сөздерден пауза арқылы ерекшелене бастап, бірте-бірте қыстырма ретінде жұмсалатын сөздер қызметіне ауысқанын айтады.

Қыстырмалардың морфологиялық құрылымы, семантикалық ерекшеліктері қарастырылған еңбектерде олардың көнеленген септік негізінде қалыптасқан түрлері арнайы қарастырылмаған. Алайда септік тұлғалары арқылы қалыптасқан қыстырма ретінде жұмсалатын сөздер тілімізде қалыптасқан. Септік тұлғалары арқылы қыстырма ретінде жұмсалатын сөздермен қатар қыстырма ретінде жұмсалатын сөз тіркестер де қалыптасқан. Қыстырма ретінде жұмсалатын сөз тіркестері де морфологиялық сипаты жағынан есім түбірлі және етістік түбірлі болып келеді. Есім түбірлеріне сын есім мен зат есімнің (*бір жағынан, екінші жақтан*), есім мен шылаудың (*бақытымызға қарай, өкінішке орай*), есім мен үстеудің (*әлі есімде*), үстеу мен үстеудің (*ең алдымен*) тіркестерінен жасалған қыстырмалар жатады. Етістік түбірлеріне есім мен етістіктен (*соры қайнағанда, шынын айтқанда, бір сөзбен*

айтқанда), үстеу мен етістіктен (*жалпы алғанда, былайша айтқанда*) және етістік пен етістіктен (*қорыта айтқанда, қорыта келгенде*) жасалған қыстырмалар жатады.

Қыстырма ретінде жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестері ішіндегі көнеленген септік жалғаулары арқылы қалыптасқан тұлғаларды жеке алып қарастыруға болады: *сайып келгенде, былайша айтқанда, жалпы алғанда, оның айтуына қарағанда, пәленшенің айтуына қарағанда, расында, тегінде, ақырында, задында, біріншіден, екіншіден, алдымен, шынында, ең алдымен, қорыта келгенде, үшіншіден, жалпы алғанда*. Қыстырма ретінде жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестерін қалыптастыруда жатыс пен шығыс септіктері көбірек қатысқан. Септік жалғауларының түбірде көнелену әрекеті бұл сөздердің қалыптасуына негіз болған. «...Туынды мағына негіз сөздің мағынасын өзгертпей, оның мағынасына үстеліп қосылуы мағынаның түрленуіне жатады. Сөзжасамда ол түрленген туынды мағына деп аталады» [8, 42 б.].

Сонымен, көнеленген септік жалғаулы сөздер – өз мағыналарын толық ашу үшін белгілі бір лексика-синтаксистік мәтінді талап ететін, тұлға жағынан тұрақталған, атауыштық қызмет пен модальдік қызмет атқаратын, семантикалық жағынан біртұтас бірлік.

Жоғарыда айтылғандарды септік жалғауларының түбірге кірігуі арқылы бастапқы түбірдің мағынасы түрленіп, жаңа мәнге ие болатынын байқадық. Осы тәсілдің негізінде пайда болған сөздер арқылы тіліміздің, ең алдымен, сөздік құрамы толығы түседі, бір-біріне мәндес сөздер қатары да молаяды. Бұл өзгерістерді сөздік құрамымыздың толық әрі жүйелі көрсеткіші түсіндірме сөздіктерден көруге болады.

Пайдаланылған Әдебиеттер

- 1 Фортунатов Ф.Ф. Избранные труды. – М.: Учпедгиз, 1957. – 471 с.
- 2 Виноградов В.В. Русский язык. – М.: Наука, 1972. – 614 с.
- 3 Якобсон Р.О. Шифтеры, глагольные категории и русский глагол // Принципы типологического анализа языков различного строя: сб.тр. – М.: Наука, 1972. – С. 14-27.
- 4 Ломтев Т.П. О некоторых вопросах структуры предложения // Общее и русское языкознание. – М.: Наука, 1976. – С. 140-158.
- 5 Курилович Е. Очерки по лингвистике. – М., 1962. – 456 с.
- 6 Раманова А.А. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз түбіріне кіріккен тәуелдік жалғаулары: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2004. – 144 б.
- 7 Томанов М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі қыстырмалар. – Алматы, 1983. – 47 б.
- 8 Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2001. – 213 б.

АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫН ТАНЫТУ

п.ғ.к., профессор м.а. Береке Жұмақаева
ф.ғ.д., профессор м.а. Алтынай Тымболова

Түйін. Мақалада қазақ халқының ұлы ойшылы, кемеңгер ақын Абайдың тұлға қалыптастырудағы басты ұстанымы, ағартушылық көзқарасы кеңінен талданады. Қоғамды ізгілендіруді аңсап, ілім-білімді, адамгершілікті, моральдық философияны барлығынан жоғары қойған ақынның тек жақсылықты мұрат еткен ойлары зерделенеді. Жаңа білім, ғылым, жоғары технология, рухани жаңғыру арқылы өркениетке қол созған бүгінгі таңда да ақынның «толық адам», «кемел» адам ілімі ескірмек емес. Абай «толық адам» тұлғасы жеке тұлғаның өзін дамытуы, үнемі ізденісі, ғылымды сүюі арқылы қалыптасады деп есептейді. «Толық адам» болу үшін адамда ақыл, қайрат, жүрек сияқты үш қасиет болуы керек. «Ақылмен ойлап-білген сөзден, жүрекпен толғап білген сөз бойға көбірек сіңеді» дейді. Сондықтан мақалада ақынның қарасөздеріндегі, өлеңдеріндегі жүректің рөлін, яғни сезімнің атқаратын қызметін ерекше арқау еткендігі бағамдалады.

Абай көптеген шығармаларында ғылымның мәнін ашып көрсетеді, яғни «Ғылымсыз дүние жоқтығын», ғылымның «дүние де өзі, мал да өзі» екендігін баса айта отырып, оған жетудің жолдарын ұсынады. Ғылымға жетудің бір жолы — талап, еңбек екендігін баса көрсетеді. Демек, танып-білу, ғылымды сүю адамзатты ізгілік жолына бастайды.

Күн мен түн, ақ пен қара, жақсылық пен жамандық – адамзат тіршілігімен қоса жасасып келе жатқан мәңгілік ұғымдар. Абай көрсетіп отырған қасиеттер адам табиғатына тән. Олар адам бойында көбіне қатар келіп, қабаттасып жатады. Адам жаратылысында жақсылықтың да жамандықтың да ұрығы бар. Тәрбиедегі мақсат – Абай ұсынып отырған жақсы қасиеттерді оқушы бойына ұялату. Ол үшін ең әуелі бала осы қасиеттердің ара жігін ажырата алатын, яғни жақсының не, жаманның не екенін терең ұға алатындай болуы шарт. Дүниенің жақсы-жаманын ажырата білген бала ғана сыртқы ортаға сын көзімен қарай алады. Сондай-ақ, білім жолында көбіне жеткіншектер мен жасөспірім ұл мен қызға тапшы болып жататын жігер, қайрат екені байқалады. Кеселді нәрседен дер кезінде бойын жиып, өзін тыйып, өз бойындағы еріншектік пен бойкүйездікті, жалқаулықты жүгендей алу – үлкен жеңіс. Адамның өзді-өзімен күресі – шайқастың да ең үлкені деген ой адамзат қоғамындағы өмірлік тәжірибеден туындайтыны рас.

Абай шығармаларында осы классикалық педагогикадағы тәрбиенің бес бағыты да (ақыл-ой, еңбек, адамгершілік, дене, эстетикалық) бар. Бүгінде педагогикада танылып жүрген тәрбиенің басқа да бағыттары Абай шығармаларында түгел қамтылады. Абай шығармаларындағы адамгершілік тәрбие мәселесі философиялық ойлармен қабат өріледі де, ол адам болмысындағы ғасырлар бойы зерттеу нысанынан түспей келе жатқан психологиялық мәселелермен астасады. Сол тұтастық барысында проблемалық деңгейге дейін көтеріледі.

Яғни, Абай тәлімінде адамның жас ерекшелігіне байланысты барлық тәрбие көздері қамтылған. Жаңа талпынған жас балаға да, дүние сырларын зерделеген жас жеткіншекке де, өмір жолын жаңа бастаған жастарға да, аға ұрпақ өкілдеріне де, бала тәрбиесіндегі ұстаз бен ата-анаға да, өнер жолындағы жасқа да – Абай тағылымы ортақ.

Ақынның еңбектері қанша ұрпақ ауысса да ұлтқа, ұлттық руханиятқа қызмет етіп келе жатыр. Ұлы ақын бұл мәселелерді бір ғасыр бұрын көтерген. Әйтсе де, Абай айтып кеткен осы жәйттардың қазір де қоғамның тынысымен үндес, өміршең, өзекті екендігі көрсетілді.

Кілт сөздер: ұлы ойшыл, тұлға, тағылым, адамгершілік, моральдық философия, ағартушылық көзқарасы, білім мен тәрбие өзегі.

TEACHING THE LEAD OF ABAY

Prof. Bereke Zhumahaeva
Prof. Altinay Timbolova

Summary. The article analyzes the main principles of the great thinker, wise poet Abai in the formation of the Kazakh people and the educational aspect. The poet, who wishes to humanize human society, puts the doctrine, moral, and moral philosophy higher, puts forward only the ideas of good. Even today, the poet's "full human", "perfect" human teaching, which has gained civilization through new knowledge, science, high technologies and spiritual renewal, is not obsolete. Abay thinks that the person "full man" is formed by personality development, constant search, love of science. To become "full" man, one must have three qualities, such as intelligence, courage, and heart. "The word that has been cleverly accustomed to, comes from the heart, and the word which has been filled with the heart, Therefore, in the article the poet's poems, poems, the role of the heart, that is, the specific function of the senses is estimated.

Abay discloses the essence of science in many of his works, suggesting that there is "a world without science" and that science is "the world itself and the livestock itself." One of the ways to reach science is to emphasize the need for work. Hence, learning and learning science will lead mankind to the path of goodness.

Day and night, white and black, good and evil are the eternal concepts that accompany human life. Abay's qualities are characteristic of human nature. They are often overwhelmingly human. In the creation of human beings, there is also the seed of evil. The purpose of education is to make Abay's good qualities pupil. First of all, it is important for the child to be able to distinguish between these qualities, that is, to understand what is right or wrong. Only a child who can detect the world's good and bad can criticize the outside world. Also in the way of education it is often seen that young people and adolescents are a source of energy and emotional energy for boys and girls. It is a great victory to get rid of the gossip from time to time, to stop herself from being self-deceitful, self-immoderate, and lazy. The idea that man's fight with himself is the largest of the battles arises from the experience of life in the human society. There are five directions of education in this classical pedagogy (intelligent, labor, moral, physical, aesthetic) in Abay's works. Other trends in pedagogy today are reflected in Abay's works. The issue of moral education in Abay's works is based on philosophical thoughts, and it is associated with psychological problems that have remained in the human subject for centuries. In the same integrity, it will rise to the problem level.

Abay's instruction has all the educational sources, depending on the age of the person. Abay's advice is shared both by a young man who is young and a young person who has studied worldly secrets, newcomers, older generation, educator and parents.

The poet's work serves the nation, the national spirit, even though many generations pass. The great poet raised these issues a century ago. Nevertheless, these facts, which Abay mentioned, have been shown to be harmonious, vibrant and relevant to the society.

Key words: great thinker, personality, tradition, moral, moral philosophy, enlightenment, core of education and upbringing.

Қазақ халқының ұлы ойшылдарының бірегейі Абайдың педагогикалық ой-пікірлерінде де сезім тәрбиесі басты орын алады. «Ақылмен ойлап-білген сөзден, жүрекпен толғап білген сөз бойға көбірек сіңеді» дейтін Абайдың педагогикалық көзқарастары бір арнаға тоғысады. Қазіргі қоғам алдындағы, білім мен тәрбие өзегіндегі басты ұстаным, басты мақсат жан-жақты жетілген тұлға қалыптастыру болса, өткен ғасырдың ұлы ойшылы Абай ғасыр бұрын осы мәселені көтерген болатын. Абайдың адам тұлғасы туралы ойлары бір арнаға тоғысады. Ол – «толық адам», «кемел» адам ілімі. Абай жеке тұлға туралы ойын айтуда «толық адам» деп қалыптасқан тұлға түсінігін осы сөзбен береді. «Толық адам» қалыптастыруда жүректің рөлі, яғни сезімнің атқаратын қызметі ерекше деген ойды өзінің қарасөздерінде де, өлеңдерінде де

баса айтады. Жеке тұлға қалыптасуында, яғни «толық адам» болу үшін ақыл, қайрат, жүрек сияқты үш қасиет те адамда болуы керек:

«Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, қалыпты, шыдамдылық,
Бұл – қайраттан шығады, білсек керек.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласын елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,

Жол да жоқ жерыместі жақсы демек» -дей отырып, осы ойын он жетінші қарасөзінде кеңіте түседі. «Ақыл, қайрат, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті», «Сонда ғылым бұл үшеуін тыңдап болып, айтыпты: - қайрат, сенің айтқандарыңның бәрі рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз еш нәрсенің болмайтуғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман... Ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі рас. Сенсіз еш нәрсе табылмайтуғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі де сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де – сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүресің, соның жаман... Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім, - депті» - ғылым. «Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді... Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет» деп тапсыруы — біз келтіріп отырған барлық мысалдардың байлауы болса керек. «Осы үшеуің бір кісиде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды» деуінде Абайдың сезім, жүрек тәрбиесін жоғары қойғаны көрінеді. Адамның ниетіне құдай да иеді, қалпыңды, ниетіңді бұзба деген Абай ойының астарында имандылық пен ізгілік берік бекігені байқалады.

Абай тәлімінде адамның жас ерекшелігіне байланысты барлық тәрбие көздері бар. Жаңа талпынған жас балаға да дүние сырларын зерделеген жас жеткіншекке де, өмір жолын жаңа бастаған жастарға да, аға ұрпақ өкілдеріне де, бала тәрбиесіндегі ұстаз бен ата-анаға да, өнер жолындағы жасқа да – Абай тағылымы ортақ.

Абай көптеген шығармаларында ғылымның мәнін ашып көрсетеді, яғни «Ғылымсыз дүние жоқтығын», ғылымның «дүние де өзі, мал да өзі» екендігін баса айта отырып, оған жетудің жолдарын да ұсынады. Ғылымға жетудің бір жолы — талап, еңбек екендігін

«Еждиһатсыз, михнатсыз,
Табылмас ғылым сарасы» немесе:

«Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге» – деп, мақсатқа бағыттылған еңбектің ғана жеміс беретінін әр шығармалары арқылы айқындай түседі. Ғылымға жетудегі мақсат – өзіне ғана сіңіру емес, сол үйренгеніңді басқаға да үйрету, яғни Абай сөзмен айтқанда:

«Біреу білмей, сен білсең,
Білгеніңнің бәрі – тұл» – немесе –

«Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың...», «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» деп өнер, білімді үйренудің қоғамдық мәнін ашып, оны келешек ұрпақ мүддесі тұрғысынан түсіндіреді. Абайдың өнер, білім тақырыбындағы шығармаларын оқытқандағы мақсат – оны түсіндіріп қана қоймай, болашақ қоғамның саналы азаматын тәрбиелеу.

Ғылым, білім адамшылықтың негізі ретінде таныта отырып, кемел адам болу (толық адам) идеясын кеңіте түседі. Абай өзіне дейінгі шығыс ғылымында белгілі болған адам болудың философиялық негіздерін түсіндіреді. «Мұны жазған білген құл – Ғұламаһи Дауани» деп шығыс ғұламасына сілтеме жасайды.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ғылымның қоғам мен адам өміріндегі мәнін «дүние де өзі, мал да өзі»дей отырып, оған жетудің жолдарын ұсынады. Ғылым жолында мақсатқа бағыттылған еңбектің ғана жеміс беретінін айқындай түседі. Ғылымға жетудегі мақсат – алған білімді өзіне ғана сіңіру емес, сол үйренгенінді басқаға да үйрету, яғни Абай сөзімен айтқанда: «Біреу білмей, сен білсең, Білгеннің бәрі – тұл» - деп өнер, білімді үйренудің қоғамдық мәнін ашып, оны келешек ұрпақ мүддесі тұрғысынан түсіндіреді.

Абай «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде адамгершілік қасиеттерді:

«Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ —
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой —

Бес асыл іс, көнсеңіз» – деп екі жікке бөле отырып, саралап көрсетеді. Бұлар адамшылықтың екі жағы, адам қасиеттерінің екі қыры іспетті. «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаділет, сезім. Бұл ғаділет, махаббат, сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым»- деп, ақын ғылым жолында да адамшылықтың жетекші екендігін аңғартады.

Күн мен түн, ақ пен қара, жақсылық пен жамандық – адамзат тіршілігімен қоса жасасып келе жатқан мәңгілік ұғымдар. Абай көрсетіп отырған қасиеттер адам табиғатына тән. Олар адам бойында көбіне қатар келіп, қабаттасып жатады. Адам жаратылысында жақсылықтың да жамандықтың да ұрығы бар. Тәрбиедегі мақсат – Абай ұсынып отырған жақсы қасиеттерді оқушы бойына ұялату. Ол үшін ең әуелі бала осы қасиеттердің ара жігін ажырата алатын, яғни жақсының не, жаманның не екенін терең ұға алатындай болуы шарт. Дүниенің жақсы-жаманын ажырата білген бала ғана сыртқы ортаға сын көзімен қарай алады. «Әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып, адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық бұл – адамға нұр болады»- деп Абай айтқандай сонда ғана қоғамдағы етек алып келе жатқан кеселдерден (ұрлық, жемқорлық, қылмыс, нәпсіқұмарлық т. б.) бойын тартуға үйретуге болары анық. Білім жолында көбіне жеткіншектер мен жасөспірім ұл мен қызға тапшы болып жататын жігер, қайрат екені байқалады. Кеселді нәрседен дер кезінде бойын жиып, өзін тыйю, өз бойындағы еріншектік пен бойкүйездікті, жалқаулықты жүгендей алу – үлкен жеңіс. Адамның өзді-өзімен күресі – шайқастың да ең үлкені деген ой адамзат қоғамындағы өмірлік бақылау мен тәжірибеден туындайтыны рас.

Сыртқы ортаға сын көзімен қарай алатын баланың өзіне де сын тұрғысынан қарайтындай мүмкіндігі туады. «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім»- дейді Абай. Ол «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп адамға ықпал етуші факторларды тұтас қамти отырып, тәрбиенің ролін биік қояды және оның құрғақ насихат, уағызбен ғана орындалмайтынын жақсы түсінеді. Адамның өзін сынға алуы, бойын билеуі – жақсылыққа жетудің де кепілі. Сондықтан да Абай:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек» - дейді.

Мектептегі Абай шығармаларының оқытылуында бүгінгі өмір биігінен қойылатын талап тұрғысынан келу аса маңызды.

Әдебиеттің адам тәрбиесіндегі, әсіресе, жас ұрпақ тәрбиесіндегі ықпал күші, осы бағытта оған жүктелетін міндет, адам баласының басынан қанша дәуір өтсе де, әлі өзгерген жоқ. Бірақ сол өзгерген дәуір талабына қарай әдебиеттің өзінің мазмұны да, ықпал ету нысанынан шығар нәтижесі қандай болу керектігі де өзгерді. Осыған орай, бүгінгі біздің өміріміздегі өзгеріс, яғни қоғам құрылысының, оның экономикалық жағдайының өзгеруі әдебиет мазмұнын да, ол бойынша мектепте жүргізілетін жұмыстардың да өзгеруін талап етеді.

Абайдың мораль мәселесін тереңнен толғап, кеңінен айтқан өлеңінің бірі – «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат». Өлеңнің алғашқы шумағынан-ақ ақын екі нәрсені салыстыра түсіндіреді. Оның бірі – ойын, екіншісі – күлкі. Ақынның қымбат деп баға бергені жай күлкі емес, ол адамның ішкі ниеті, шынайы ықыласы. Сондықтан ақын келесі тармақта «Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат» деп, сыр – ішкі болмыс, ниеті де, сымбат – сыртқы көрінісі, бет-бейнесі деп ойын айқындай түседі. «Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік, ер табылса жарайды, қылса сұхбат» деп, шынайы қарым-қатынастың адал көңіл, ақ ниетке ғана құралатынын түсіндіреді. Өлеңде ақын татулық (достық), әдеп, тұрлаулылық, адалдық, ар, мінез сияқты қасиеттерді насихаттайды. Абай қай дәуірде болсын құнын жоймайтын бағалы кеңесті әлі де өмірдің татымды-татымсызын таразылап көрмеген, көп дүниенің байыбына бара бермейтін жасөспірім қыз-жігітке ұғынықты жатық тілмен өрбітеді. «Болар елдің баласына» лайықты іс – талаптылық, татулық, жақсы қылық, сұхбаттастық, жолдастық, сырға беріктік және өнер дей отырып, осы қасиеттерге күншілдік, көрсеқызарлық, жеңсікқойлық, пайдакүнөмдік, ұсақтық, пысықсымақтық сияқты іс-әрекеттерді қарсы қоя сипаттайды. Өлеңнің мағыналық бір бөлігінде жар таңдау мәселесі мен отбасылық өмірдің мәні мен кейбір қалтарысты тұстары туралы ойлар айтылады. Абай:

«Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр,

Бүлк еткізбес қалайша соқса тамыр.

Жар көңіліне бір жанын пида қылып,

Білместігің бар болса, қылар сабыр» – деп, адам бойында сыйластық, сүйіспеншілік, имандылық қасиеттер биік болғанда ғана қол жетер жай екенін аңғартады. Жігіттің жар таңдауға байыппен қарауы, жеңілтек болмауы, болашақ мәнді өмірінің кепілі екендігін баса айтады. Абай өзара сүйіспеншілік пен жарға деген ықылас, пейілді болу жайынан:

«Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй,

Қоржаң суық келеді кей сасық ми», – дей келе –

«Ері ақылды, қатыны мінезді боп,

Тату болса, риаз үстіндегі үй» - деп үйлесімді отбасылық ғұмырды дәріптейді. Татулық, адалдық жігіттер арасында қаншалықты бағалы болса, жұбайлар (жар) арасында да, кейіндеп ерлі-зайыптылардың өзге құрбы-құрдаспен қарым-ақатынасына да маңызды фактор екендігін көрсетеді. Түптеп келгенде, ақын ойының өзегінде, «пайда ойламай, ар ойлайтын» салауатты қоғам құндылығы жатыр. Өлең ақынның «Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ, Қажымас, қайта айнымас қайран татуды!» көксеген мақсатынан туындағанын аңғаруға болады.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Жалпы білім беретін бағдарламалар жеке адамның жалпы мәдениетін қалыптастыру және адамды қоғамдағы өмірге бейімдеу міндеттерін шешуге, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау мен меңгеру үшін негіз жасауға бағытталған»[1]болуы керек екендігі атап көрсетіледі. Олай болса, бұл айтылғаннан туатын ұғым жаңа құрылып жатқан жас мемлекеттің, жаңа қоғамның әрбір жеке жаңа адамының қалыптасуында болатын мінез-құлық, адамдық қасиеттер негізі осы жалпы білім беру арқылы іске асырылады. Білім – адам баласының маңызды қасиеті. Тұлға білім арқылы өзінің ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, өзіндік «менін» сезініп, сыртқы ортамен әлеуметтік қарым-қатынас орната алады. Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестің, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Білім – тұлғаның қалыптасуы мен дамуында үлкен рөл атқарады, яғни философиялық әдебиет білімді адамның рухани келбеті деп қарастырады. Білім философиясы білім ұғымын тұлғаны тәрбиелейтін, жасайтын негіз деп қарастырады. Қазіргі жүрдек және ақпараттық өркениетте классикалық білім беру парадигмасына өзгерістер енгені белгілі. Білімнің прогрессивті дамуы мен модернизациясы білімгерлердің де мазмұндық жағынан өзгеруіне ықпал етіп отыр. Бүгінгідей қауырт дамып жатқан қоғамға коммуникативті қарым-қатынастарға бейім, қарама-қайшылықты жағдайларда жол таба алатын, шұғыл шешім шығаруға қабілетті, интелектуалды, криативті, тәуелсіз адамдарға сұраныс артып отыр. Қалай дегенде де адамзат қоғамы үшін адами қасиеттер мен тұлғалық қабілет аса маңызды екенін үнемі бағдар қылу қажет.

«Қазақстан Республикасы орта білім мемлекеттік стандарты» мектепте пән ретінде оқылатын әдебиеттің адам өміріндегі рөлін: «Әдебиет адам баласының алуан сипаты мен байлығын көркем бейнелер арқылы суреттей отырып, өмірді эстетикалық тұрғыдан танытады. Көркем әдебиетте қоршаған орта бізге сұрыпталып, сана мен сезімге бірдей әсер етерліктей қуатқа ие болып, ең жоғарғы деңгейде көркем жинақталған әлем ретінде көрінеді. Сондықтан да әдебиеттің адамға әсері өлшеусіз»,– дей келіп, жаңа адамды тәрбиелеп, қалыптастыруда әдебиеттің ықпал етудегі осы өлшеусіз күшін пайдалану үшін жалпы білім беретін оқу орындарында әдебиетті оқытуға көркем шығармаларды сұрыптап алудың бірнеше шарт-талғамын ұсынады. Әрине, оқылуға алынатын шығармалардың сұрыпталып алынуында оның көркемдігін және «оқушының ой-санасын, танымдық қабілеттерін, эстетикалық сезімін дамытатын, рухани байытарлық күш-қуатқа ие шығармалар» болуын талап етеді. Оған қоса осы қойылған талаптың орындалуын қамтамасыз етерлік көркем шығармалар ішінде «халқымыздың жақсы дәстүріне, әдет-ғұрпына, салт-санасына баулитын, ұлттық ізгі сананы қалыптастыруға керекті туындылар» болуын басты талаптың бірі етіп қояды[2, 3]. Осы орайда:

1) Бұл қойылған талаптардың қай-қайсысының іске асырылуында да Абай шығармаларын оқытудың үлкен үлес қосатындығында талас жоқ.

2) Ұлттық мінез-құлықты көрсетудегі шеберлігі, сұлулықты суреттеудегі, адамның ішкі сезім, күйін берудегі ұлттық тілдің шұрайлылығы мен ерекше байлығын жарқыратып көрсету үлгісі Абайда ең жоғарғы деңгейде. Біріншіден, бұл бүгінгі тілімізді өркендету тілегіне қызмет етсе; екіншіден, бүгінгі жаңа адамды қоғамға икем өмір сүруге жетектері анық.

Білім беру жүйесінде кеңес дәуірінен жалғасып келе жатқан басты олқылық әдебиеттің тәрбиелік рөлін босатып алуымызда. Яғни мектепте, үйде баланың әр ғылым саласынан білімді болуы, одан жақсы бағалануы ғана басты талап етілуінде. Білім жүйесінің өгерістері барлық уақытта әдебиетті оқыту үдесінен шығып отыр деуге келе бермейді. Білімді сынау жаппай тест үлгісіне көшіріліп отырған осы кезең әдебиетті оқуға, оны терең танымдық, тәрбиелік бағытта меңгеру мүдделеріне елеулі нұқсан келтіруде. Оқушылар білімнің ішкі мазмұнынан гөрі, сандық белгілерін: қай ақын қашан, қайда туды, қанша шығармасы бар, олар қашан, қайда жарияланды т.б. мәселелер көбірек есепке алынууда. Жас ұрпақтың тұлға болып қалыптасуындағы рухани байлығы екінші орынға ығыса түсті. Осы олқылықтан арылу жолында көмек етер өте құнды материал – Абайдың адамгершілік-эстетикалық шығармалары, ұлттық ерекшелікке негіздей айтылған қарасөздері екендігін ерекшелей атағымыз келеді. Мектеп бағдарламаларында әр сынып бойынша Абайдан оқылатын шығармалардың ішінде осы қарасөздері жеткілікті ескерілмеген. Әдебиет пәнінің бүгінгі мектепте жүргізілуіне қойылып отырған талап – білімдік жағын іске асыра отырып, оның негізінен тәрбиелік мәніне ерекше көңіл аудару. Сондықтан бүгінде мектептердің басшылыққа алып отырған негізгі құжаты – бағдарлама мен мектеп оқулықтары әлі де әдістемелік жағынан көп жетілдіруді, толықтыруды қажет етеді.

Абай шығармаларында классикалық педагогикадағы тәрбиенің бес бағыты да (ақыл-ой, еңбек, адамгершілік, дене, эстетикалық) бар. Бүгінде педагогикада танылып жүрген тәрбиенің басқа да бағыттары Абай шығармаларында түгел қамтылады. Абай шығармаларындағы адамгершілік тәрбие мәселесі философиялық ойлармен қабат өріледі де, ол адам болмысындағы ғасырлар бойы зерттеу нысанынан түспей келе жатқан психологиялық мәселелермен астасады. Сол тұтастық барысында проблемалық деңгейге дейін көтеріледі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасының заңы 2007ж. Білім туралы. (2017.28.12 берілген өзгертулер мен толықтырулармен)

2. Білім берудің тиісті деңгейдегі мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты. ҚР Үкіметінің 2012ж. 23 тамыздағы №10 Қаулысымен бекітілген.

3. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы орта білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу бағдарламасы.– Астана, 2010. – 27 б.

4. Абай Құнанбаев.Екінші том. Өлеңдер мен аудармалар. Поэма, Қара сөздер. Алматы, Жазушы, 1995.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНАНДАҒЫ ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Береке Жұмақаева

п.ғ.к., профессор м.а.

Алтынай Тымболова

*ф.ғ.д., профессор м.а.**Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті**d.bereke2009@mail.ru*

Түйін: Мақалада түркі тектес халықтардағы отбасылық құндылықтар, бала өсіру ғұрпы, ұл-қыз тәрбиесіне қатысты түркі халықтарындағы ойлар сараланады. Түркі дүниесінің басын біріктіретін құндылықтардың бірі – ортақ түркілік тәрбие екендігі белгілі. Демек, түркі халықтарының саяси, мәдени, әлеуметтік өміріндегі түркілік тәрбиенің алатын орнын айқындаудың қазіргі түркілік ықпалдасуда маңызы зор. Сондықтан түркі халықтарының тәрбиелік жүйесінің өзіндік ерекшелігін көрсету, ортақ әдеби мұралардағы ой-пайымдарды саралау, түркі тектес халықтардың дербес әдебиетіндегі ортақ арналарды табу, ұқсастықтары мен айырымдарын қарастырудың маңызы үлкен. Түркі халықтарына ортақ жәдігерлерден басталатын тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Түркілік тәлім-тәрбиелік мәдениеттің түп-төркіні сонау Орхон-Енисейден басталатын көне түркі ескерткіштерінен, тарихи жазба мұралар мен көшпенді ата-бабамыздың көшелі өмір салтынан бастау алады. Осындай асыл қазынаның бірі «Құтты білік» жәдігері. «Құтты білікте» адам баласының басындағы ақыл – сезімнен ажалға дейінгі жақсылы-жаманды жай-жапсары сан қатпарлы қалтарыстары өлең өрнегіне түскен. Солардың бір парасы қазақ халқының ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінде қалыптасты. Түркі халықтарының озық ой-пікірлерін шоғарланған даналық мектебінің заңды жалғасын Абай тағылымынан көруге болады. Абайдың тәлімдік ойлары сан салалы. Соның бір арнасы отбасылық құндылықтарға арналады. Өз бауырына, одан артылса ағайынына қамқорлық жасап жүрген ата-анасының іс-әрекеті балаға өнеге болмай тұрмайды. Бауырына, ағайынына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілік пен Отаншылдықтың бастауы бала бойындағы альтруизм. Абай тілінде айтқанда – жылы жүрек пен рахымшылдық.

«Ақылдың мінез сауыты», – деп айтқандай баланың мінез-құлқының іргетасы да ата-ана тәрбиесімен қаланады. «Болар елдің баласына» лайықты іс – талаптылық, татулық, жақсы қылық, сұхбаттастық, жолдастық, сырға беріктік және өнер дей отырып, осы қасиеттерге күншілдік, көрсеқызарлық, жеңсікқойлық, пайдакүнемдік, ұсақтық, пысықсымақтық сияқты іс-әрекеттерді қарсы қоя сипаттайды.

Татулық, адалдық жігіттер арасында қаншалықты бағалы болса, жұбайлар (жар) арасында да, кейіндеп ерлі-зайыптылардың өзге құрбы-құрдаспен қарым-ақатынасына да маңызды фактор екендігін көрсетеді. Түптеп келгенде, ақын ойының өзегінде, «пайда ойламай, ар ойлайтын» салауатты қоғам құндылығы жатыр. Өлең ақынның «Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ, Қажымас, қайта айнымас қайран татуды!» көксеген мақсатынан туындағанын аңғаруға болады.

«Тектінің ұрпағы, көргендінің баласы бол» дегенді ту етіп ұстанған түркі жұртының ұрпақ тәрбиесіне қатты көңіл бөлгендігі мақалада келтірілген мысалдар арқылы дәйектеледі.

Кілттік сөздер: Құндылықтар, жәдігерлер, мүдде, түркі мәдениеті, түркілік тәлім-тәрбие, тағылым, қарым-қатынас, ұрпақ жалғастығы, отбасылық құндылықтар.

PROBLEMS OF FAMILY EDUCATION IN TURKIC PEOPLES

Annotation: The article analyzes the thoughts of Turkic peoples related to the family values of the Turkic peoples, the way of raising children, the education of the son and the girl. One of the values that unites the Turkic world is common Turkic education. Therefore, the role of Turkic education in

the political, cultural and social life of the Turkic peoples is crucial in modern Turkish integration. Therefore, it is important to show the originality of the educational system of the Turkic peoples, to differentiate thoughts on the common literary heritage, to find common channels in the personal literature of Turkic peoples, to look at similarities and differences. The teaching-learning ideas starting with the common items of Turkic peoples are continuing from generation to generation. The origins of the Turkic teaching culture originate from the ancient Turkic monuments starting from the Orkhon-Yenisei, from the historical record and from the nomadic lifestyle of our nomadic ancestors. One of such noble treasures is the "Kutty bilik" legacy. In "Kutty bilik" the good from the head of the human being to the grave is a good example of a good thing. One of them was formed in the oral literature and written literature of the Kazakh people. The legitimate continuity of the intellectual wisdom of the peoples of Turkic peoples can be found in Abai's essay. Abai's educational ideas are numerous. One of them is dedicated to family values. The behavior of the parent who cares for his own clansman, who cares for his brother, is inappropriate for the child. Love for a relative, a brother, a country, a land, and altruism within the childhood of patriotism. Speaking in Abay - warm heart and mercy.

As the behavior of the "mind of the mind", the foundation of the child's behavior is also raised by parenting. Describing actions such as dignity, peace, goodwill, dialogue, friendship, secrecy, and art, "the child of a country of the future" describes the opposite of such attitudes as dishonesty, cynicism, delicacy, charisma, laxity, harshness.

The value of peace and loyalty is an important factor in the relationship between the fellows and between the couple and the spouse. Ultimately, the value of a healthy society lies at the core of the poet's thought, "thinking not for profit". It is possible to notice that the poet's poem is caused by the desire of the poet, "There is no shame in the chest, no restraint, no fuss! The Turkic people, who claim "to be a son of a noble, be good breeding" are attentive to the examples given in the article.

Key words: value, relic, concern, Turkic culture, Turkic teaching, convention, relationship, continuity of the generation, family values.

Бүгінгі таңда «XXI ғасыр түркі мәдениетінің ғасыры болады, түркі жұртының дәуірі басталды» деген пікірлер барша түркі халықтарын дүр сілкіндірді. Түркітанушы ғалым Дархан Қыдырәлінің «Түркі мәдениетінсіз, түркілік санасыз, түркі тарихынсыз Еуразия кеңістігін елестету мүмкін емес» деген сөзі түркі жұртының әлем алдындағы беделін көрсетеді. Осыдан кейін ортақ түпнегіз, ортақ өркениет сынды дүниелерді түгендейтіміз рас. Жалпы түркі дүниесінің басын біріктіретін құндылықтардың бірі – ортақ түркілік тәрбие деуге болады. Демек, түркі халықтарының саяси, мәдени, әлеуметтік өміріндегі түркілік тәрбиенің алатын орнын айқындаудың қазіргі түркілік ықпалдасуда маңызы өте зор.

Түркі халықтарының ортақ рухани, мәдени мұрасы ұшан-теңіз. Сондықтан түркі халықтарының тәрбиелік жүйесінің өзіндік ерекшелігі бар. Ол ерекшелік – тамыры терең тарихы мен төркіні бір тілі. Тілдес, тарихы тамырлас, діндес ұлттардың ұрпақ тәрбиелеудегі ұстанымдарының да ортақ болып келуі заңды нәрсе. Айталық, «Бесік тәрбиесі», «Салт-дәстүр, әдет-ғұрып тағылымы», «Адамгершілік-имандылық тәрбиесі», «Ерлік-отансүйгіштік тәрбие», «Еңбек пен өнер тәрбиесі», «Ақыл-ой тәрбиесі», «Сұлулық-сымбат тәрбиесі», «Дене тәрбиесі», т.б. тәрбиенің түрлері жас ұрпақтың не нәрсеге болса да құрметпен қарауына үлкен ықпалын тигізеді.

Осы орайда, түркілік тәрбиенің негізін белгілі ғалым Шәкір Ибраев былай деп бағамдайды: «Түркілік тәрбиенің тірегі – түркілік дәстүрдегі имандылық, адамгершілік, елін қорғау қағидасы – бұл көне аңыздар мен жырлар, тағылымдық туындылар, мақал-мәтелдер мен салт-дәстүр, әдет-ғұрып т.б. ру- хани мәдениет құрылымдары арқылы тәжірибеге айналып, іс-тәжірибе мен халық рухында, ұрпақтар санасында, түркі этностарының менталитетінде қолдау тапқан тәрбиелік тағылымдардың басты әсерлі факторларының бірі болған» [1].

Түркі тілдес даналардың гуманистік ағартушылық идеялары – адамзат ақыл-ойының асыл қазынасы. Түркі халықтарына ортақ жәдігерлерден басталатын тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Осындай асыл қазынаның бірі «Құтты білік» жәдігері. «Құтты білікте» адам баласының басындағы ақыл – сезімнен ажалға дейінгі

жақсылы – жаманды жай-жапсары сан қатпарлы қалтарыстары өлең өрнегіне түскен. Дана халық қашанда надандыққа, тасырлыққа ежелден ақыл, білім, тілді, сезімді қарсы қойған. Бұл өсиет кейін талай – талай ірілі – ұсақты шығармаларда жалғасын тапты. Солардың бір парасы қазақ халқының ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінде қалыптасты. Түркі халықтарының озық ой-пікірлерін шоғарланған даналық мектебінің заңды жалғасын Абай тағылымынан көруге болады. Абайдың тәлімдік ойлары сан салалы. Соның бір арнасы отбасылық құндылықтарға арналады.

Отбасы – адамдардың жаны –тәні жағынан өте жақын ұйымы. Тәні жағынан жақын дейтін себебіміз қандас, бауырлардың мекендеген ыстық ұясы. Барлық жан-тәнімен берілген ата-аналардың, яғни мүдделері бір екі одақтастың мейірім шуағының ордасы деуге болады. Сол отбасында бала алғаш әке, шеше, аға, іні, әпке, қарындас, сіңілі, бауыр дегеннің не екенін танып, әр қайсысының өзіндік орнын түсінеді. Ер жетіп есейіп, жеке отбасын құрғаннан кейін де әр алдамның туған ұясы мейірімнің мекені ретінде өзіне аяулы.

Биологиялық жағынан жақын болмағанымен бұндай сезім отандастарда да болады.

«Ата-анаға көз қуаныш –

Алдына алған еркесі.

Көкірегіне көп жұбаныш,

Гүлденіп ой өлкесі» [2] деген кемеңгер Абай ойы бала ата-ананың барлық мақсат-мүддесі, өмірінің өзегі, барша ғұмырының мәні екендігін айғақтайды.

Ата-ана өз баласына рухани, адамгершілік жағынан да, психологиялық жағынан да әсер етеді. Аялы алақан мен мейірімді көріп өскен баланың қатыгездік пен жауыздықтан алыс болатыны – ғылыми дәлелденген шындық.

Өз бауырына, одан артылса ағайынына қамқорлық жасап жүрген ата-анасының іс-әрекеті балаға өнеге болмай тұрмайды. Көп балалы отбасында тәрбиеленген балалар менмен, өзімшіл болмайтындығын өмір тәжірибесі көрсетіп келеді. Сондықтан қазіргі қоғамның көптеген кеселдері эгоистік тәрбиеден туындап жатады. Бауырына, ағайынына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілік пен Отаншылдықтың бастауы бала бойындағы альтруизм. Абай тілінде айтқанда – жылы жүрек пен рахымшылдық.

«Ақылдың мінез сауыты», – деп айтқандай баланың мінез-құлқының іргетасы да ата-ана тәрбиесімен қаланады.

Адамға әсер етуші үш фактор – генмен берілетін ерекшеліктер, тәрбие, қоршаған орта болса, сол басты тәрбиені арқалайтын негізгі тәлімгер – ата-ана.

«Қыран құстың балапаны ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді халық. Отбасында алған тәлім-тәрбиесі адамға өмір бойына азық болып, келесі буын ұрпағының өміріне де сәулесін түсіреді.

Өмірлік мектептің де алғашқы сабақтары отбасынан басталады. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дейді кемеңгер халқымыз. Отбасындағы ата-ана кәсібі мен тәлімі, өмір тәжірибелері ұл, қызына беріліп жатады. Сондай-ақ салт-сана, дәстүр жалғастығында да отбасының рөлі жоғары. Әр халық өз ұлтының ерекшелігін келесі ұрпағына қалдырып отыратындығы бергілі.

Қазақ халқының да ықылым заманнан отбасымен ауысып келе жатқан өз құндылықтары бар. Қазақ халқы жасы үлкенді, ақсақалды қарияны, ақ жаулықты әжені ақылдың, даналықтың қайнар бұлағы ретінде құрмет тұтып, ерекше қадірлейді. «Атасы тұрып, ұлы сөйлегеннен без,

Анасы тұрып, қызы сөйлегеннен без», [3] — деуінің мәнісі де үлкенге деген иба мен ықыласының ерекшелігінен.

Қазақтың туыс-тума, ағайыншылдығы кейде сынға да ілініп жатады. Дегенмен, дәл қазақ халқындай бауырмал халық сирек. Сол бауырмалдық отбасындағы ағайын, туыс, құда, жегжат, нағашы, жиен, қайын жұрт арасындағы қарым-қатынастан туындап жататыны аян. Осы туыстық қарым-қатынастырдың нәтижесінде халқымыз өз ұрпағын көпшілдікке тәрбиелеп, перзенттік парызды, ата-аналық борышты өтеудің де үлгі-өнегесін, із-соқпағын салап беріп келеді.

Отбасы - баланың ең алғашқы университеті іспеттес. Өмірдің сан-салалы торабына бастар алғашқы соқпақтар отбасынан бастау алады. Баланың болашақта атқаратын міндеттері яғни болашақта отбасының қорғаны отағасы бола ма, шаңырақтың шаттығы отанасы бола ма, біреуге жар бола ма, бір елге келін не күйеу бала бола ма? барлығының бастапқы үлгі-нұсқасын, алғашқы сабақтарын отбасынан қабылдап шығады. Сол себепті де қазақ халқында:

«Бала тентек болатыны – үйінен,
Ердің тентек болатыны – биінен,- деген немесе
«Аяғын (ыдысын) көріп асын іш,
Анасын көріп, қызын ал»[4]- деген көреген сөз айтылған.

Жақсы келін, асыл жар тәрбиелі отбасынан шығады. Қазақ халқында «келін» киелі ұғым. Құрылғалы отырған жаңа отбасының негізгі ұйтқысы болатын, болашақ бір елдің анасы болатын қыз бала жаңа ортаға келгенде өз отбасынан жинақтаған үлгі-өнегесін көрсететіні анық. Дегенмен адамның туған ұясында өткізген өмірі – балалық, жастық дәуірені ғана. Былайша айтқанда үйренгенінен, үйренері көп өмір жолы басқа отбасында басталмақшы. Жаңа оратада да жас келін тәрбиесі үшін отбасы ең маңызды рөл атқарары сөзсіз. Өр отбасының өзіне тән ерекшеліктері, заңдылықтары, әдет-салты болады. «Жаман жерге келген келін – келсап» деген сөз де ел ішінде жиі айтылады. Жақсының жақсылығын асырып, кем-кетігін түзейтін, өзінше үлгі-өнеге, өмір сабағын үйрететін енелер мектебі, аталар мектебі деген сияқты тұтас «қайын жұрт академиясы» да отбасында болады.

Қайын жұрт қыз балаға қаншалықты маңызды болса, ер бала үшін де атқарар рөлі ерекше. Жігерлі ұланның азамат болып бір отбасына тірек, болашақ ұрпаққа жауапты әке болмағы да отбасынадағы жинақтаған өнегесіне қатысты. Ертеңгі отбасының материалдық моральдік ахуалын, өмірлік статусын айқындауда отағасының рөлін алмастыру мүмкін емес. Сондықтан да ер балаң саналы, намысты, жігерлі, қайратты, еңбекқор болса, өмір жолында кездесер кедергілерді жеңе алатыны, отбасының мақсат, мүддесін қорғайтыны, өмірден өз орнын белгілей алатыны айқын. Ер балаңның қайын жұртқа қарым-қатынасы да өскен ортасынан сабақталып жатады. Бұл тарапта қыз бала тәрбиесі мен ер бала тәрбиесін бөле-жара қарамай тұтас қамту керегі анық. Ата сыйлау, қайын аға, қайын апа, балдыздармен дұрыс қарым-қатынасты орнату ер баланың тізгініндегі іс-әрекеттерге қатысты.

Бұл ретте Абай өмірдің татымды-татымсызын таразылап көрмеген, көп дүниенің байыбына бара бермейтін жасөспірім қыз-жігітке тағлымды ойларын өрбітеді. «Болар елдің баласына» лайықты іс – талаптылық, татулық, жақсы қылық, сұхбаттастық, жолдастық, сырға беріктік және өнер дей отырып, осы қасиеттерге күншілдік, көрсеқызарлық, жеңсікқойлық, пайдакүнемдік, ұсақтық, пысықсымақтық сияқты іс-әрекеттерді қарсы қоя сипаттайды. Өлеңнің мағыналық бір бөлігінде жар таңдау мәселесі мен отбасылық өмірдің мәні мен кейбір қалтарысты тұстары туралы Абай:

«Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр,
Бүлк еткізбес қалайша соқса тамыр.
Жар көңіліне бір жанын пида қылып,

Білместігің бар болса, қылар сабыр» – деп, адам бойында сыйластық, сүйіспеншілік, имандылық қасиеттер биік болғанда ғана қол жетер жай екенін аңғартады. Жігіттің жар таңдауға байыппен қарауы, жеңілтек болмауы, болашақ мәнді өмірінің кепілі екендігін баса айтады. Абай өзара сүйіспеншілік пен жарға деген ықылас, пейілді болу жайынан:

«Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй,
Қоржаң суық келеді кей сасық ми», – дей келе –
«Ері ақылды, қатыны мінезді боп,

Тату болса, риаз үстіндегі үй» - деп үйлесімді отбасылық ғұмырды дәріштейді. Татулық, адалдық жігіттер арасында қаншалықты бағалы болса, жұбайлар (жар) арасында да, кейіндеп ерлі-зайыптылардың өзге құрбы-құрдаспен қарым-ақатынасына да маңызды фактор екендігін көрсетеді. Түптеп келгенде, ақын ойының өзегінде, «пайда ойламай, ар ойлайтын» салауатты қоғам құндылығы жатыр. Өлең ақынның «Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ, Қажымас, қайта айнымас қайран татуды!» көксеген мақсатынан туындағанын аңғаруға болады.

«Тәрбие тал бесіктен» берілетінін жете білген халық тәлімді ұл, тәрбиелі қыз қалыптастыру үшін ата, ана, ата, әже, аға, әпке, ағайын, тума, ел, жұрт болып бала тәрбиесіне қатысып, үлгі, өнегені қауым боп жүзеге асырып отырған. Бұл ретте шағын отбасында дүниеге келіп, бір есіктен кіріп-шығатын, жеке бөлме, дербес өмір сүретін кейбір ұлт өкілдеріне қарағанда қазақ отбасының балаларының өмірден қарманары мен қамтыры мол.

Сонымен түркілік тәлім-тәрбиелік мәдениеттің түп-төркіні сонау Орхон-Енисейден басталатын көне түркі ескерткіштерінен, тарихи жазба мұралар мен көшпенді ата-бабамыздың көшелі өмір салтынан бастау алады.

«Тектінің ұрпағы, көргендінің баласы бол» дегенді ту етіп ұстанған түркі жұртының ұрпақ тәрбиесіне қатты көңіл бөлгендігін жоғарыдағы мысалдардан айқын аңғаруға болады. Ал, «Ел басшысы болсаң егер, жағымды істі кәсіп ет, Бек қасында адамдарға жақсылықты тасып өт».

Парасатпен жалықпастан үйренсең зор білімді,
Көрсетесің дандайсымай сынақта асыл сырыңды.

Ұлым, саған әдепті мирас етіп қалдырамын,

Жағалағын, жайқалған білімдінің бал құрағын,—дейтін [5] адамгершілікке, білімпаздыққа, парасаттылыққа баулитын тәрбиелік мәні зор философиялық сарындағы тәмсілдер де түркі жұртының өнегелі өмірінен хабардар етеді.

Қорыта келгенде, түркі тілдес халықтарға ортақ отбасылық құндылықтардың тілдік бейнесі ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінде көркем өрнек тапқан. Әсіресе сөз зергері Абайдың гуманистік ой-пікірлері идеялық жағынан, көркемдік, педагогикалық мазмұнының байлығымен ерекшеленеді. Бүгінде халықтың құнды қазынасына айналып отырған Абай тағлымы қоғамымызды рухани байытуға, оның гуманистік және адамгершілік идеяларына, мақсат-мұраттарына қызмет ететіні айдан анық. Ал Отбасы тәрбиесі қоғам тәрбиесімен сабақталып жатыр. Отбасынан болашақ ел қорғаны ұландар, ел анасы Ұмайлар, өз заманының Домалақ аналары шығары ақиқат. «Әр адам бақытты болса, адамзат қоғамы бақытты болады» демекші Егемен елдің озық болмағы да ұлағатты отбасыларға тікелей қатысты екендігі ақиқат деп түйеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Түркілік тәрбие» антологиясы. -Алматы: Интеллсервис, 2013. –1004 б.
2. Абай Құнабайұлы. Шығармаларының томдық толық жинағы. Алматы, Жазушы 1995.
3. Қазақ халқының мақал-мәтелдері. -Алматы, «Жазушы». 1989. 192 б.
4. Қазақ халқының мақал-мәтелдері. -Алматы, «Жазушы».1989ж. 192б.
5. М.Қашқари. Түбі бір түркі тілі. -Алматы, «Ана тілі». 1993. 200 б.

3D E-BOOK DEVELOPMENT

**Prof. Shynybekov Abduhali Nasyrovich
Dautbek Alan**

*International Information Technology University
Information Technologies
5B070500 – Mathematical and Computer Modeling*

Аңдатпа: Дипломдық жобада алға қойған негізгі мақсат – оқушыларға геометрия тақырыптарын анимация арқылы жүйелеп түсіндіру және тапсырмалар мен тесттер арқылы білімін шыңдау. Дипломдық жобаның құрамына: тақырыпты түсіндіретін бейне сабақтар, оқушының білімін тексеруге арналған тесттер, сайтқа кіре берісте өзінің деректерін енгізумен қатар, барлық нәтижелері мен рейтингін көру мүмкіндігі бар.

Мұғалімнің сабақ барысында түсіндірілген тақырыптарын жеке өзі анимациялық бейне сабақтар арқылы білімін толықтыра алады. Түсіндірмеден кейін арнайы сол тақырырлыққа байланысты тапсырмалар топтамасы бар.

Дипломдық жобадағы тест арнайы оқушылардың білім деңгейіне байланысты құрастырылған. Тестке кіру барысында алғашқы бетіне екі таңдау санаты шығады. Оңай және қиын сұрақтарды өз деңгейіне байланысты оқушы сұрақ санын көбейтіп, азайта алады.

Дипломдық жобаның құрылымы анимациялық бейне сабақтардан, кітаптың электронды беттерінен, әр сабақтың арнайы тапсырмаларынан, білім деңгейін тексеру тесттерден тұрады.

Кілт сөздер: IT, Adobe Flash, ActionScript, e-book, PC, Internet, multimedia, animation.

Abstract: The main goal set by the degree project is for students to explain with the help of an animated film based on a systematic approach to the themes of geometry and develop knowledge through assignments and tests. The degree project comprises: explanatory video tutorials, quizzes to test students' knowledge, along with the introduction of its data at the entrance to the site are able to view all the results and rankings.

After explaining the theme of the lesson time, students can individually himself to train and develop their knowledge. There are several exercises for development of this theme at the end of explanations.

The diploma project is designed to test the level of students in special education. There are two categories with a choice of easy and hard questions at the beginning of the test. They can reduce and increase the number of questions in the depending on the level of the student.

The structure of the degree project consists of an animated video lessons, pages of e-books, special assignments after each explanation, random tests to check the level of education.

Keywords: IT, Adobe Flash, ActionScript, e-book, PC, Internet, multimedia, animation.

The term "technology" has the Greek roots and in translation means science, set of methods and methods of processing of materials, semi-finished products, products and their transformation to consumer goods and etc.

Information technologies- process using set of means and methods of collecting, processing and data transmission for obtaining information of new quality on a condition of object, process or the phenomenon.

Personal Computer - any kind of computer equipment, which we use.

The relevance of research. Quite recently the PC not was so important thing, and people used only needs . But distribution of IT day by day, nowadays PCs is significant tool, and is essential part of our life. IT technologies, not just narrow sphere for IT specialists. Today representatives of different professions are active users of computers, opportunities, which can present of PC, and problems which are solved very simplify our life and our works. It should be noted also important in education. Many education institutions, especially schools use homework diary, and electronic books, as we can see even teaching profession is no exception.

These books can give opportunities for pupil with interest, and learn more detail subjects. Use both animation and synchronous voice and help to faster to master received information, tasks and tests consolidate knowledge. Automatically assessment allow of test were justly. However, time goes fast, and today it requires not only skills of the pupil, also teacher. Tutorials, test systems, web-resources, electronic databases and reference books - all the new information environment in which modern education is to develop, and to which students and teachers are adapting. Flash technology is one of the technologies, when you can create applications. In order to successfully complete project, and get a tangible practical result need to master theoretical and practical knowledge about the method of creating flash animation. This method based on basic knowledge of design, development of cognitive skills, the development of critical and creative thinking.

Objectives of the study:

- Defining the main concepts of flash-technologies.
- Considering the examples of the use of flash-technologies in mathematics lessons.
- Identifying the advantages and disadvantages of using flash-technology

Objectives of the study:

- To characterize the concepts of flash-technologies;
- To create animations to solve combinatorial using of flash-technology.

The importance of the work is presentation of materials in the form of animation using flash technologies will make the process of learning interesting for pupil, and results may help teachers in conducting classes.

Purpose of our work: get a result, which will helpful for both teacher and pupil, and may be maximum to convey the meaning of the information

Adobe Flash is a multimedia and software platform used for creating vector graphics, animation, browser games, rich Internet applications, desktop applications, mobile applications and mobile games. Flash displays text, vector and raster graphics to provide animations, video games and applications. It allows streaming of audio and video, and can capture mouse, keyboard, microphone and camera input.

Flash graphics and animation are designed using a variety of Flash editing software, such as Adobe Flash Builder, Adobe Animate, FlashDevelop, or any text editor when used with the Apache Flex SDK. Content may be viewed by end-users using Flash Player (for web browsers), AIR (for desktop or mobile apps) or third-party players such as Scaleform GfX (for video games). Adobe Flash Player enables end-users to view Flash content using web browsers, and is supported on Microsoft Windows, Mac OS X and Linux. Adobe Flash Lite enabled viewing Flash content on older Smartphone, but has been discontinued and superseded by Adobe AIR.

The ActionScript programming language allows creation of interactive animations, video games, web applications, desktop applications and mobile applications. Flash software can be developed using an IDE such as Adobe Animate, Adobe Flash Builder, FlashDevelop and Powerflasher FDT. Adobe AIR enables full-featured desktop and mobile applications to be developed with Flash, and published for Microsoft Windows, Mac OS X, Google Android, and iOS.

Flash is frequently used to display streaming video, advertisement and interactive multimedia content on web pages and Flash-enabled software. However, after the 2000s, the usage of Flash on Web sites has declined;[1] as of 2015, Flash is primarily used to build video games for mobile devices with Adobe AIR.

Currently, the textbooks meet the following requirements: structured, easy handling, presentation of the material. To meet the above requirements, it is advisable to use hypertext technology.

Multimedia - a set of hardware and software designed to bring together in a single user product text, graphics, audio and video. Multimedia can significantly enrich the learning material due to activation of all the ways of perception.

There are three principal modes of operation of electronic textbooks:

- test control, designed for total control of knowledge with the rating items.
- training with visual information, pictures and the accompanying sound effects;
- training without checking;

Multimedia e-learning tool (MEOS) - an electronic learning tool that contains a systematic presentation of the training course, which includes multimedia elements, which are an integral part of the teaching material.

The first computers did not have separate tools for working with graphics, but have been used for image acquisition and processing. Programming memory of the first electronic machines that are based on the matrix of lamps could get inwrought picture.

In 1961, a programmer S. Russell led the project to create the first computer game graphics. Creating games «Spacewar» («Space War») took about 200 man-hours. The game was created on the machine PDP-1.

In 1963, the American scientist Ivan Sutherland created a software and hardware system Sketchpad, which allows you to draw points, lines and circles on the tube a digital pen. Supports basic actions with primitives: moving, copying and other. In fact, it was the first bitmap editor implemented on a computer. Also the program can be called the first graphical user interface, with it being such even before the appearance of the term.

In the mid-1960s. Appeared in the development of industrial applications of computer graphics. Thus, under the direction of T. Moffett and N. Taylor company Itek developed digital electronic Drawing machine. In 1964, General Motors introduced the CAD system DAC-1, developed jointly with IBM.

In 1968, a group led by NN Konstantinov was created computer mathematical model of the motion of a cat. BESM-4, performing to write a program for solving differential equations, draw cartoon "Cat", which for its time was a breakthrough. Was used for the visualization of the alphanumeric printer. Substantial progress has experienced computer graphics with the advent of the opportunity to store images and display them on the computer display.

The software part - Adobe flash CS 5.5, DVDVideoSoft Free Studio, CorelDRAW GraphicsSuite X7, PROMT Professional 10, Irfan View, SunRavBookEditor, Aleo Flash Intro, Adobe Photoshop CS6.

Nowadays, students are often too lazy to carry textbooks, instead of them, they prefer to take their electronic handheld device such as tablets, smartphones, kindle, etc.

And with the help of my e-book "Geometry" students can learn to repeat the material, not taking with him an extra burden. Both at home and on the street, in parks and other places, have a great opportunity to use the e-book.

Previously, if a student does not have the book he copied whole paragraphs that would do homework, and now with the help of the e-book you need to send it in the mail and you're done.

When reading long books, readers at some point start to hurt your eyes, forcing stop. The book is accompanied by an audio effect until the individual points explanation, which in turn saves time.

Nowadays, one of the main problems is the ecology deforestation, for the use of paper, e-book solves this problem.

In our country, the sphere of e-books is very poorly developed compared to European countries, which in turn affects the education of today's youth, whose life is connected with the electronic device.

The purpose of this section is to assess the complexity and cost of creating and implementing programs developed and compare it with the cost of existing alternative means of training.

The main criterion on the basis of which you can really appreciate the value of creating a software tool can serve as the complexity of the value of its creation. As the program becomes a product of any type, the approach to its production must largely be similar approach to industrial production. Therefore become extremely important economic efficiency of their creation and use.

Calculating the cost of developing software educational software "Geometry" will produce the following formula:

$$S = (n * Tr * Zro * ((1 + Krd) * (1 + Krs) + Kn) + Tmo * Er), (1) \text{ where}$$

S - the cost of the program;

n - the number of developers;

The program is developed by 1 people.

Tr - the time spent on the development of this program specific programmer man-months;

The development of this embodiment, the program took a total of 3 months.

Zro - basic wage, taking into account the regional coefficient, tg / month.

The basic wage programmer excluding regional coefficient equal to 15000. For our region, district coefficient is equal to 30% and 30% of the server. Thus, we obtain:

$$Zro = 15000 + 15000 * 0.3 + 15000 * 0.3 = 24000tg$$

Krd - coefficient taking into account additional payroll software developer, as a fraction of the basic salary.

The extra salary includes payment of the next, educational leave, days performing public duties, seniority.

Take KRD = 0.4.

Krs - unified social tax.

Take Krs = 26%.

Kn - coefficient taking into account the overhead of the organization, which developed the program (2.0 to 4.0).

Take Kn = 2.0.

Tmo - computer time computer for debugging a computer programmer, machine-hours.

About debugging program took 110 hours.

Er - operating costs for 1 h. The machine time, rub / mach-hours. Let us find the value of E, the formula for calculating the value of operating costs associated with the use of the program:

$$E = Tmv * Er, (2)$$

Therefore $Er = E / Tmv$, where

E- value of operating costs associated with the use of the program, p. / Year. In turn E can be found by the formula:

$$E = Aob + Wm + Ve, \text{ where}$$

Aob - depreciation on equipment, tg. / Year. Since the approximate life of your computer is 5-years, and the average value of its parameters the computer is up to date 80000 tg, therefore, depreciation amount to 16000 tg. / Year.

Vm- costs of basic and auxiliary materials, tg. / Year. In the calculation of consolidated annual cost of basic and auxiliary materials (floppy disks, paper) shall be determined in the amount of 1% of the cost of basic equipment, ie, 600 n.

Ve - energy costs, n. / Year. Energy costs are determined on the basis of the annual fund-time TM and computer power consumption Rm ($Rm = 400W$.);

$$Ve = SkWtc * Rm * Tm, (3) \text{ where}$$

SkWtc - the cost of 1 kWh of electricity, tg. (TSP = 11,2tg.)

The annual amount of work in the computer clock is defined as follows:

$$Tm = 253 * Tcr, \text{ where}$$

Tcr - average loading equipment, h. (Computer of the third group of 6 hours);

253 - the average number of days of computers throughout the year.

$$\text{Obtain } Tm = 253 * 6 = 1518 \text{ hours.}$$

In turn, $Ve = 11,2 * 0,4 * 1518 = 6800,7 \text{ tg. / Year.}$

Then $E = 16,000 + 600 + 765 = 17365 \text{ tg. / Year.}$

Tmv - machine time required to solve customer problems with this software, machine-hours / year.

We take $Tmv = 253 * 3 = 759 \text{ machine hours / year.}$

Then $Er = 6800,7 / 759 = 8,96 \text{ tg / mach-hours.}$

For this program, the following values:

$$n = 1$$

Tr = 3 months.

$$Zro = 24000tg. / Mo.$$

Tmo = 110 h.

Krd = 0,4

Kpc = 26%

Kn = 2

Er = 8,96 tg. / Hour

According to the above formula (1) the amount of the development costs of the program are as follows:

$S = 1 * 3 * 24\ 000 * [(1 + 0.4) * (1 + 0.26) + 2] * 8.96 + 110 = 271\ 008 + 985.6 = 271993.6$ tg.

Calculating the cost of the product "educational software" Hydromechanical drive "will produce the following formula:

$Z = S + 0,2 * S, (4)$

Z - cost of the program.

$Z = 271993,6 + 0,2 * 271993,6 = 326392,32$ tg.

Based on the calculations, we can conclude that the use of the software educational software "Hydromechanical drive" facilitates the training of a large number of people at the same time, with a decrease in maintenance costs. Payback period of a software product less than one year.

Degree of development of modern communication resources has opened up new horizons reasonable humanity in the field of educational activities, but at the same time and set new goals. The decision of one of them - the essence of the work done.

The rapid development of information technology, a slow but steady transformation of a computer from the sacred object that is available only to a narrow circle of initiates, in the phenomenon of everyday routine, the emergence of Internet, etc. - All this sooner or later had to touch upon such a traditionally conservative area as domestic education. E-course was created to provide efficient access to large volumes of information necessary for students.

Stages discussed how to create a training course that provides storage and access to information. Of a variety of currently available remote sensing systems, was chosen as the optimal system CMS Moodle, as appropriate in the price category (distributed free of charge as a software open source Open Source licensed under the GNU Public License), and the convenience of implementation and operation.

The advantages of e-learning course include the ability to include a modern (including multimedia) ways of presenting information in the form of training programs, using, including animation tools, and the ability to include interactive controls and verification of knowledge, including and self-examination. Goals and objectives are met, and developed e-learning course is quite possible to apply.

References

- Grandmasters of Flash: An interview with the Creators of Flash, Cold Hard Flash.
- MACROMEDIA FLASH BACK, Digital Archaeology.
- PC Graphics & Video, Volume 6, Issues 1-6, Advanstar Communications, 1997.
- Personal Computer Magazine, PC Communications Corporation, 1995
- Waldron, Rick (August 27, 2006). "The Flash History". Flashmagazine. Retrieved June 18, 2001.
- Gay, Jonathan (2001). "The History of Flash". Adobe Systems Inc. Retrieved October 18, 2009.
- The History of Flash: Back to Graphics
- The History of Flash: The Dawn of Web Animation
- "Grandmasters of Flash: An Interview with the Creators of Flash". ColdHardFlash.com. Retrieved February 12, 2008.
- "Flash Player in 2005". ZDNet. Retrieved 2008-12-26.
- Joseph Labrecque (2011). What's New in Flash Player 11. O'Reilly Media, Inc. p. 17. ISBN 978-1-4493-1110-0.
- Adobe Flash Roadmap, Adobe
- Introducing Flash Player 11.4/AIR 3.4 beta!, by Thibault Imbert (Adobe employee), ByteArray

I. ULUSLARARASI ABAY KUNANBAYOĞLU KAZAK KÜLTÜRÜ, TARİHİ VE EDEBİYATI SEMPOZYUMU

- AIR app installs cross a billion, Adobe AIR and Adobe Flash Player Team Blog
- 1 Billion AIR Installations, Ben Forta
- Compass Intelligence Announces Winners of the 2014 Mobility Awards, Compass Intelligence
- Compass Intelligence Announces Winners of the 2015 Mobility Awards, Compass Intelligence
- WARREN, CHRISTINA (2012-11-20). "The Life, Death and Rebirth of Adobe Flash". Mashable. Retrieved 2015-06-11.
- Pinho, Carlos (2009-07-07). "50 Beautiful Flash Websites". Smashing Magazine. Retrieved 2015-06-11.
- Looking back at the best Flash sites of 2009, Adobe Developer Connection, 14 December 2009
- DAVLIN, ANN (2011-06-15). "35 Of The Best 3D Flash Websites Ever". Smashing 3D. Retrieved 2015-06-11.
- 20 Best 3D Websites, Web Designer Drops, September 15, 2012
- Google to automatically convert Flash web ads to HTML5, IT Pro Magazine, Caroline Preece, 27 Feb 2015
- YOUTUBE NOW PLAYS HTML5 VIDEO BY DEFAULT, ESCHEWS ADOBE FLASH, Popular Science, Dan Moren, January 28, 2015
- YouTube ditches Adobe Flash for HTML5 on most browsers, The Inquirer, Chris Merriman, Jan 28 2015
- So long, Flash! YouTube now defaults to HTML5 on the web, PC World Magazine, Ian Paul, Jan 28, 2015
- McCune, Doug (2009-02-23). Adobe Flex 3.0 For Dummies. John Wiley & Sons. p. Chapter 1, "From HTML to RIA". ISBN 0470436824. Retrieved 2015-06-11.
- Rocchi, Cesare (2011). Data Visualization with Flash Builder. Focal Press. ISBN 0240815033.

**РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІН ЖОЮҒА
БАҒЫТТАЛҒАН ОТАРЛЫҚ САЯСАТЫ (БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫ МЫСАЛЫНДА)**

Муханбеткалиев Есбол Есенбайұлы
Философия ғылымдарының кандидаты

Аринов Ерлан Кенжебаевич
Философия магистрі

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті
Yesbol-@mail.ru, erlan.arinov@mail.ru

Түйіндеме: Мақалада авторлар XIX-XX ғасырлардағы түркі халықтарының арасындағы бауырмал әлеуметтік-саяси байланыстарды, рухани жақындықты, ортақ түркілік рухты әлсіретуге, жоюға бағытталған Ресей патшалығының, оның кейінгі мұрагері Кеңес Одағының отарлық пиғылын сол кездегі білім беру саясаты арқылы талдайды.

Ресей империясының түркі халықтарын күшпен орыстандыру жолында ұстанып келген саясатының өзекті желісі отарлаушылардың тілін таратуда және бойында Ресейдің отарлық санасын арқалаған білімдерін беруде еді. Ресей империясының Халықтық ағарту министрлігі мен ағартушы-миссионерлері бұратана халықтар арасында ашылған, орыстандыру саясатын көздеген мектептерге ерекше мән берді. Түркі халықтары үшін мектептер ашудың түбінде оларды сауаттандырып, ғылым-білімге тарту емес, керісінше өздерінің күнделікті саяси-әлеуметтік мұқтажына қызмет етер төменгі дәрежелі қызметкерлер даярлау мақсаты жатты. Жұрт ісін түзейтін оқу-тәрбие жұмысы екендігін жақсы түсінген Абай отарлық біліммен сусындаған қазақ балаларының алған білімдерін халықтың пайдасына жұмсамай, орыс ұлықтарына қосылып алып, халқын талауға жәрдемші болып жүргендерін сынап, «қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек» екендігін барша түркі халқының балаларына насихат етті.

Абайдың насихатымен сусындаған XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының шоғырын топтастырған ортақ мұрат – бодандық бұғауында жаншылған елін құлдықтан, құлдық санадан құтқару, тарихи жадыны жаңғырту, өзге өркениетті елдер қатарына қосу болғаны белгілі. Заманында дүниені дүр сілкіндірген түркі рухының отаршылдықтың салдарынан іріп-шірігенін, «жауған оқтан қайтпайтұғын, түріктің жолбарыстай жүрегінен» жаралған, «ерікке ұмтылған түрік жанды» түркі халықтарының бірігетін уақыты жеткенін жырлаған М. Жұмабаев сынды ойшылдар оқу-білімді отарлық саясат негізінде жасалған ескі әдіспен емес, зайырлы білім беруді көздейтін жаңа әдіске сай ұйымдастыру төңірегінде топтасты. Осы тұста қазақ зиялыларының түркішілдік идеясы жадидизм идеясымен ұштасты.

Жадидшілдік бағытының қазақ жерінде кең өріс алып, Алаш қозғалысына ұласу шағы 1910-1920 жылдарды қамтыды. Жадидизм – саяси сипаттағы ағым емес, ол – ағарту ісі мен руханиятты тұтастай қамтыған идеялық негізі бар ағым еді. Жадидшілдер отаршылықтан құтылудың бірден-бір жолы түркі жұртының «тілде, ойда, істе – бірлігі» және халыққа білім беру арқылы санасын жаңғырту деп білді. Мектептер мен медреселерде жүргізілетін оқу жүйелерін «жаңа әдіске» сай реформалап, діни сабақтармен қатар ғылымның әр саласынан хабар беретін арифметика, жағырапия, тарих, жаратылыстану, тіл пәндерін жүргізуді алға қойды. А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, М. Дулатұлы т.б. қазақ зиялылары жадид бастамасын батыл қолдай отырып, қазақ даласында «жаңа әдіс» бойынша сауат ашуды қолға алды, бар күштерін халыққа миссионерлік пиғылдан ада оқу-білім үйретуге жұмсады. Бірақ, күшіне енген Кеңес үкіметі «панисламист», «пантүркист» деген жалған желеумен түркі халықтарының тілде, дінде, ойда және істегі бірлігін жырлаушы қазақ зиялыларын түрлі себептермен қудалап, «халық жауы» ретінде репрессияға ұшыратты.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында мемлекеттік деңгейде жүзеге асып жатқан рухани жаңғыру бағдарламасының мақсаты түркі халықтарының бірлігін, рухани тұтастығын, түбі бір түркілік тарихи жадысын жаңғырту екені, қазақ тілін латын қарпіне көшіру жөніндегі

шешімдер бауырлас түркі халықтарымен қазіргі өркениетте қайта тоғысу екені мақалада қарастырылады.

Кілт сөздер: отаршылық саясат, білім беру, жадидизм, түркі халықтарының бірлігі, тарихи жады, латын қарпі

COLONIAL POLICY OF THE RUSSIAN EMPIRE AGAINST THE UNITY OF TURKIC PEOPLES (ON THE EXAMPLE OF EDUCATIONAL POLICY)

Muhanbetkaliev Yesbol Yesenbaiuly

Candidate of philosophical sciences

Arinov Yerlan Kenzhebaevich

Master of philosophy

Republic of Kazakhstan, Astana

Saken Seifullin Kazakh agrotechnical university

Abstract: In the article authors analyze colonial intention of the Russian Empire and its successor the USSR directed to weaken and obliterate common Turkic spirit, spiritual affinity, and friendly social and political ties among Turkic nations in the 19th and 20th centuries through its education system.

Topical motives of the Russian Empire directed to enforced Russification of Turkic nations were to spread colonial language and to educate in the context of colonial spirit. Ministry of National Education (the Russian Empire) and teaching missionaries paid great attention to schools opened for non-Russian nations and aimed at Russification policy. The main purpose of schools for non-Russian nations was to train lower level employee serving for their political and social needs, but not to educate and motivate them. Abai who realized that education was necessary for people criticized the Kazakhs who studied in colonial schools and capitalized their knowledge assisting Russian authority to oppress the Kazakh people, he said “We ought to educate ourselves, learn what other people know so as to become their equals and be a shield and a pillar for our people”, and spread these ideas among the Turkic nation people.

Common goal gathered Kazakh intellectuals educated by Abai’s ideas in the early 20th century was to release the oppressed people from slavery, to emancipate them from mental slavery, to refresh historical memory, and to become a developed nation. Such thinkers as Magzhan Zhumabayev, who versified the collapse of Turkic spirit a great in his time, and the time to unite for the freedom-loving and courageous Turkic nations as brave as a lion, gathered within the idea of new method teaching aimed at secular education, but not colonial policy. At that point Pan-Turkism idea of “Alash” political movement coincides with Jadid ideas.

Jadid ideology was widespread in Kazakh territory and developed into “Alash” movement in 1910-1920. Jadid was not political trends, but one with platform totally covered enlightenment and spirituality. Jadids considered “language, thought, and action unity” of Turkic nations and spiritual renewal through enlightenment as main ways of decolonization. They reformed schools and madrasah education system according to the “new method”, and started to deliver such subjects as arithmetic, geography, history, natural science, and languages as well as religion. Akhmet Baitursynuly, Magzhan Zhumabayev, Mirzhakyp Dulatuly, and the other Kazakh intellectuals supporting Jadid initiatives began to teach Kazakh people by “new method”, and fostered all the efforts to educate them without missionary intentions. However the USSR government persecuted Kazakh intellectuals who spread the ideas of Turkic nations’ unity on false charges as “Pan-Islamist” and “Pan-Turkist”, and repressed them as “enemies of the people”.

This article presents that nationwide program of “Spiritual revival” implemented in Kazakhstan is aimed at renewal of Turkic nations’ unity, spiritual integrity, and common Turkic historical memory; states decisions to switch Kazakh from a Cyrillic to a Latin alphabet makes Turkic nations closer in the modern world.

Keywords: colonization policy, education, jadid, unity of the Turkic peoples, historical memory, latin script

Түркі халықтарының барлығы дерлігі XIX-XX ғасырларда Ресей империясының боданына толықтай айналғаннан кейін Ресей патшалығы және оның кейінгі мұрагері Кеңес Одағы өзінің боданындағы түркі халықтарының арасындағы бауырмал әлеуметтік-саяси байланыстарды, рухани жақындықты, ортақ түркілік рухты әлсіретіп, орыстандыруға тырысқаны тарихтан белгілі. Орыстандыруды отаршылдар халықтардың саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани өміріне қатысты ұйымдасқан түрде кезең-кезеңімен, арнайы дайындалған бағдарламаларға сәйкес жүргізді. Осы мақсатта дайындалған арнайы бағдарламалардың бірі – түркі халықтарының арасында отарлық білім беру саясаты еді.

Алдымен түркі халықтарының өмір сүру тәсілінің ерекшелігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, тарихы жайлы тыңғылықты зертеулер жүргізілді және отаршылдықтың идеологиясын бойына сіңірген миссионерлерді дайындады. 1869 жылы Мәскеуде құрылған миссионерлік қоғамы орыстандыру идеясын жүзеге асыру міндетін атқарды. В.В. Григорьев, В.В. Вельяминов-Зернов, Н.Ф. Костылецкий, И.К. Березин, Н.И. Ильминский, А.Е. Алекторов, В.Н. Витебский, Н.П. Остроумов, А.В. Васильев, П.М. Мелиоранский, А.П. Харузин, В.А. Колпаковский, Н.И. Гродеков, Н.Ф. Катанов, Я.Я. Лютш, Г.Н. Потанин, В.В. Радлов сияқты тағы да басқа миссионер-ғалымдар түркі халықтарын танып-білуге ұмтылды. Орыстың миссионер-ғалымдары түркі халықтары арасында орыстың тілін таратуда және бойында Ресейдің отарлық санасын арқалаған білімдерін беруде шешуші қызмет атқарды. Сөзіміз дәлелді болуы үшін мұрағаттық құжаттардан алынған тарихи деректерге жүгінейік.

Алаш мұраларын зерттеуші ғалым Тұрсын Жұртбай «Сүре сөз» еңбегінде: «Бұратана жұрттың әдеби үлгілерін жиып, оны іріктеп, бастыруға үлкен үлес қосқан Қазақ халқының «ең сенімді досы», Ы. Алтынсариннің миссионер-ұстазы Н.И. Ильминский өзінің мақсатын ешқандай қысылып-қымтырылмастан 1891 жылы 27 желтоқсан күні В.Н. Витебскийге: «Бұратаналарға білім беру жүйесінің түпкі мақсаты – бұратаналарды орыстандыру және дінін де, тілін де мүлдем ұмыттырып, бүтіндей орысқа сіңіріп жіберу. Міне, соған ұмтылуымыз керек», – деп ашық жазды [1, 17]. «Бұратана» халықтардың арасында мектептердің ашылып, халыққа зайырлы білім беруінің астарында орыстандыру саясаты жатқандығын Түркістан мұғалімдер семинариясының 25 жылдық мерекесінде Н.П. Остроумовтың жасаған баяндамасынан да көруге болады. Ол баяндамасында: «Русско-государственные задачи и стремления нашего отечества по отношению к инородцом состоят, в обрусении... еще другая задача – способствовать слиянию киргиз с русскими в один целый политическо-государственный организм», [2, 25] – деп тайға таңба басқандай айтып берді.

Отарланған халықтарды орыстандырудың шешуші кілті – аралас мектеп немесе әртүрлі саяси-әлеуметтік жағдайларға орай ашылып отырған мектептер мен кейбір кәсіптік оқу орындары болды. Ағарту министрлігі мен миссионерлердің шет аймақтағы бұратана халықтар арасында ашылатын, бірақ негізінен орыстандыру саясатын көздеген аралас мектептерге ерекше мән берілді. Түркі халықтары үшін мектептер ашудың түбінде оларды сауаттандырып, ғылым-білімге тарту емес, керісінше өздерінің күнделікті саяси-әлеуметтік мұқтажына қызмет етер төменгі дәрежелі қызметкерлер даярлау мақсаты жатқан еді. Отарлық біліммен сусындаған қазақ балаларының алған білімдерін халықтың пайдасына жұмсамай, ұлықтарға қосылып алып, халқын талауға жәрдемші болып жүргендерін көрген Абай сияқты ойшылдардың миссионерлердің бұл ойын түсінбеуі мүмкін еместін. Түсінбесе, Абай: «Баламды медресеге біл деп бердім. Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім», «Ойында жоқ бірінің, Салтыков пен Толстой. Иә тілмаш, иә адвокат, болсам деген бәрінде ой», – деп білім алып жатқан балаларды сақтандырмас еді. Мұның барлығы даланы отарлауға қызмет ететін кәсіп екенін Абай өте терең түсінген.

Ұлықтардың сойылын соғып жүргендерді Абай: «Жорғалықпенен көңілін алсам екен деген надан әке-шешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын жауырынынан бір қаққанға сатады. Тек майордың күлгені керек деп, к...і ашылса да, қам жемейді. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Ләкин осы күнде орыс ғылымын

баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес» [3, 109] – деп сынайды, алған білімін елдің мұң-мұқтажы үшін жұмсауды міндет етеді.

Абайдың жиырма бесінші қара сөзінде: «Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол – мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көре ме, я жұртқа рахат көрсете ме?» [3, 109] – дейді. Абай балаға білім берудің қажеттілігін ашып көрсетеді. Бала бала болсын десең қатын әпермесең де, енші бермесең де оған білім үйрет. Жай білім емес, орыстың білімін үйрет. Бұл сөзден соң Абай орысшыл болған, орыстың отарлық саясатын қолдаған деген жалған пікірлер тумауы қажет. Орыс білімін, ғылымын меңгерудің астарында отарлыққа болысушылық емес, қайта одан сақтану жатыр. «Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек... Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды» [3, 109]. Тілін, оқуын, ғылымын меңгерсең олардың әрекеттерінің қазақ үшін пайдалы тұсын және зиянды тұсын аңғарасың, олардың пиғылың түсінесің. Аңғарып қана қоймай, көкірек көзін ашылса, бірдейлік дағуасына кіресің. Күштінің қаруын меңгермей күшінді теңестіре алмайсың. Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы, «Дүнияда ерге теңдік, кемге кеңдік, азды көпке теңгеретін ғылым менен өнерді, елсізді елдіге теңгеретін, жоқты барға теңгеретін ғылым менен өнерді керек қылатын қазақ аз. Теңдікке қолы қалай жетсін? Қатерлі жерде қаперсіз отырдық. Өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ» [4, 214]. Орыстың қаруы оның ғылымында, білімінде, егер оның ғылымын меңгерсең, «аса арсыздана жалынбайсың». Онымен тең тұрасың, халқыңды басыбайлықтан құтқару үшін күресесің, қорлығына көнбейсің.

Сондықтан қазақтарға орысша оқу керек, бірақ алдымен «құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады» [3, 109]. Абай бірден орыс ғылымын меңгер демейді, алдымен түркі танырлық сауатыңды аш, өз халқыңның мәдениетін, тарихын, дәстүрін, дінін біл. Одан кейін «араб, парсы керек» [3, 109]. Араб пен парсы мәдениетінің қазақпен рухани байланысы, ортақ тарихы мен ортақ діни мүддесі бар. Өз жұртыңның дүниетанымы бойынша негіз қалыптастыр, сосын барып орыс мәдениетін меңгеруге кіріс.

Жоғарыда отаршылдардың «бұратаналарға» білім беріп, мектеп ашуларының астарында орыстандыру саясаты жатыр деген болатынбыз. Бұл Абайдың білім алу, ғылым меңгеру туралы ойларына мүлдем кереғар саясат. Абай жұрт ісін түзейтін оқу-тәрбие жұмысы екендігін жақсы түсінген. Бірақ бұл іс өз тілінде, халықтық тәрбиеде жүргізілсе құба-құп. Және оқығанда да, «қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек» [3, 110]. Абай ұсынған оқудың мақсаты осы. Орыс ғылымын «соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен» деп емес, қазаққа күзетші болайын деп оқы, халық қатарына қосылудың қамын же. Бұл орыс миссионерлерінің ағарту жүйесіне мүлдем қарсы мақсат еді. Олардың көздегені ұлттық тілін, мәдениетін, дәстүрін ұмытқан, отаршылдардың сойылын соғатын адамдар жасап шығаруын. Бұл мақсат үшін отаршылдар түрлі-түрлі әдістерді ойлап тапты және орыстандыру ісіне қазақтан шыққан оқыған азаматтарды тартқысы келді. Н.И. Ильминский 1869 жылы Ағарту министріне жазған хатында: «Ыбырай Алтынсарин қазақтардың ортасына өзі мектеп ашса, орыс әліпбиін сонда қолданса, оны орыстар істетіп отыр дегізбей атқарса,... ең әуелі идея Алтынсариндікі болса...», [5, 1-2] – деп пікір қосады.

Миссионер-ғалым Н.И. Ильминскийдің хатында айтылған қазақ халқының ғасырлар бойы қолданып келген араб графикасы негізіндегі жазуын кирилл қарпімен алмастырудың салдарын академик М. Мырзахметов «Қазақ қалай орыстандырылды?» еңбегінде былай түсіндіреді: «Күнделікті тұрмыста ғасырлар бойы қолданып келе жатқан арабша жазуын кириллицамен алмастыруда – бүкіл халықтың келер ұрпағын ата-баба салтынан, ұғым-нанымынан, тарихи естегі дәстүрлік жалғастығынан үзіп, рухани жағынан қалай илесен солай қарай жығыла беретін көнбіс құлға айналдыру мақсаты жатты» [6, 45]. Патшалық Ресей кезінде

жоспарланған боданындағы түркі халықтарының араб қарпі негізіндегі жазуын кирилл жазуына ауыстыру ісі кеңестік кезеңде де өз мақсатынан ауған жоқ. Орыс отаршылдарының мұндай әрекетіне қазақ зиялыларының көбісі наразылық танытып жатты. Мәселен, А. Байтұрсынұлы: «...қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отыр. Школдар қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді. Сол үшін балалар орыс әрпімен оқысын дейді... Хүкметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі де бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, ал халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуының сақталуы» [4, 268] – деп орыс әрпімен оқуға қарсылығын көрсетті.

Қарсылықтардың көптігінен орыс жазуына бірден көшу қауіп тудыратындығын ескерген Сталин уақытша латын жазуын ендіре тұру керек деген кеңеске құлақ асып, 1929 жылы латын жазуын қабылдады. Ал 1940 жылы латын жазуының орнына халықтың қалауы бойынша деген жасанды сылтаумен орыс жазуы кириллицаға көшірілді. Бұған қарсылық болмады, себебі қазақ жерінде болған ашаршылық, одан кейінгі 1937 жылғы қазақтың оқыған, білімді азаматтарын репрессиялаудан зәрезап болған халықтың қарсылық жасауға дәттері бармады. Философия ғылымдарының докторы Г.Батыгин Кеңес Одағының бұл әрекетінің әсерін: «Сталинские репрессии обрели такой масштаб, что во многих регионах была истреблена национальная интеллигенция, которая является носителем исторической памяти народа... В Азербайджане, Казахстане, Молдавии традиционный алфавит был заменен кириллицей. Корни культуры, державшейся на многовековой традиции, были подрезаны» [7, 25] – деп сипаттаған еді.

Ресей империясы осылайша өзінің түркі халықтарын орыстандыру саясатын отарлық білім беру және жазу қарпін ауыстырумен жүзеге асырғысы келді. Осы саясатты түсінген зиялы қауым түркі жұртының бірлігі болмайынша, түркілік рухты оятпайынша отарлықтың «қайыс қамытынан» құтыла алмайтынын жақсы білді. Абайдың насихатымен сусындаған ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының шоғырын топтастырған ортақ мұрат – бодандық бұғауында жаншылған елін құлдықтан, құлдық санадан құтқару, тарихи жадыны жаңғырту, өзге өркениетті елдер қатарына қосудың. Осы ортақ мұрат үшін Мағжан Жұмабаев:

Япыр-ай, айрылдық па қалың топтан,
 Шабылып қайтпайтұғын жауған оқтан?!
 Түріктің жолбарыстай жүрегінен,
 Шынымен қорқақ болып жаудан бұққан?!
 Шарқ ұрып ерікке ұмтылған түрік жаны,
 Шынымен ауырды ма, бітіп халы?!
 От сөніп жүректегі құрыды ма
 Қайнаған тамырдағы ата қаны?!
 Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта
 Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа
 Лайық па құл боп тұру? Жүр, кетелік
 Алтайға, ата мирас алтын таққа [8, 40]
 – деп жырлады.

Заманында дүниені дүр сілкіндірген түркі рухының отаршылдықтың салдарынан іріп-шірігенін, «жауған оқтан қайтпайтұғын, түріктің жолбарыстай жүрегінен» жаралған, «ерікке ұмтылған түрік жанды» түркі халықтарының бірігетін уақыты жеткенін жырлаған М. Жұмабаев сынды ойшылдар оқу-білімді отарлық саясат негізінде жасалған ескі әдіспен емес, зайырлы білім беруді көздейтін жаңа әдіске сай ұйымдастыру төңірегінде топтасты. Осы тұста қазақ зиялыларының түркішілдік идеясы жадидизм идеясымен ұштасты.

«Жадит» термині ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. «Жадид-и» арабтың «жаңа» деген мағына беретін сөзі. Алаштанушы ғалым Д. Қамзабекұлы жадидизм идеясына «Алаштың рухани тұғыры» еңбегінде: «ХІХ ғасырдың соңында Ресей империясын әлемдік озық педагогика тәжірибесіне сәйкес, алғаш рет мұсылман балаларын дыбыс жүйесімен оқытуды қырым-татары, күллі зиялының аузында жүрген ағартушысы Исмаил Гаспринский бастайды. Бұл жүйе «усул жадит» деп аталады. Қырымдағы Бақшасарайдың Зинд-жирлы медресесінде басталған осы жаңаша оқыту әдісі санаулы жылдарда Ресейдің күллі аймағына, тіпті шетел –

Үндістанға дейін тарайды», [9, 14] – деп сипаттама бере келе, жадидшілдік бағытының қазақ жерінде кең өріс алып, Алаш қозғалысына ұласу шағын 1910-1920 жылдарды қамтыды деп көрсетеді.

Жадидшілдік – саяси сипаттағы ағым емес, ағарту ісі мен руханиятты тұтастай қамтыған идеялық негізі бар ағым еді. Жадидшілдер отаршылықтан құтылудың бірден-бір жолы түркі жұртының «тілде, ойда, істе – бірлігі» және халыққа білім беру арқылы санасын жаңғырту деп білді. Мектептер мен медреселерде жүргізілетін оқу жүйелерін «жаңа әдіске» сай реформалап, діни сабақтармен қатар ғылымның әр саласынан хабар беретін арифметика, жағырапия, тарих, жаратылыстану, тіл пәндерін жүргізуді алға қойды. А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, М. Дулатұлы т.б. қазақ зиялылары жадид бастамасын батыл қолдай отырып, қазақ даласында «жаңа әдіс» бойынша сауат ашуды қолға алды, бар күштерін халыққа миссионерлік пиғылдан ада оқу-білім үйретуге жұмсады. Бірақ, күшіне енген Кеңес үкіметі «панисламист», «пантүркист» деген жалған желеумен түркі халықтарының тілде, дінде, ойда және істегі бірлігін жырлаушы қазақ зиялыларын түрлі себептермен қудалап, «халық жауы» ретінде репрессияға ұшыратты. Мәселен, А. Байтұрсынұлы №1 «пантүркист» ретінде И.В. Сталиннің тікелей бақылауында болды. Ғұмыр бойы қудалануда болған А. Байтұрсынұлы 1937 жылы 6 желтоқсанда «халық жауы» ретінде атылды. Оның барлық еңбектері пантүркистік, антикеңестік пиғылда деген жала жабылып, жиналып-теріліп өртелінді. Тіпті, оның атын атап, шығармаларын сақтаған азаматтар ұлтшыл буржуазия өкілі, халық жауы ретінде лагерьлерге қамалып, «ит жеккенге» айдалып, ату жазасына кесіліп те жатты. Бұл тек А. Байтұрсынұлының басына түскен нәубет қана емес, Ресей империясының боданы болған барлық түркі жұртының зиялыларына келген зауал еді.

Мұндай зауал Кеңес Одағының ыдырауымен тарихқа айналғанымен, қазіргі уақытта Ресейдің отарлық саясатынан зардап шеккен түркілік рух пен бірлікті жаңғыртудың да шешілмеген түйіндері бар екені белгілі. Бірлік дегенде бірліктің мағынасын дұрыс түсінгеніміз абзал. Бірлік, Абай айтпақшы: «ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малынды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы...» [3, 95]. Сондықтан Қазақстан Республикасының қазіргі таңда мемлекеттік деңгейде жүзеге асырып жатқан рухани жаңғыру бағдарламасының түркі халықтарының бірлігін, рухани тұтастығын, түбі бір түркілік тарихи жадысын жаңғыртуға, қазақ тілін латын қарпіне көшіру жөніндегі шешімдері бауырлас түркі халықтарымен қазіргі өркениетте қайта тоғысуына маңызды үлес қосатынына сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Т.Жұртбай. Сүре сөз. Алматы: Экономика. – 2005. – 400 бет.

Остроумов Н.П. Отчет Туркестанской учительской семинарии за XXV лет ее существования. Ташкент, 1906. – С. 25.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005. – 336 бет.

Ахмет Байтұрсынұлы. Ақ жол. Алматы: Жалын. – 1991. – 464 б.

Қазан архиві, 968-қор, 1-тізім, 16-іс, 1-2 беттер

М.Мырзахметов. Қазақ қалай орыстандырылды. Алматы: Атамұра. – 1993. – 128 бет.

Батыгин Г.С. Вопросы по национальному вопросу: Межнациональные конфликты при социализме. Новое время. 1989, №18. – С. 25.

М. Жұмабаев. Алматы: Жазушы. – 2002. – 400 бет.

Д.Қамзабекұлы. Алаштың рухани тұғыры. Астана: Ел-шежіре. – 2008. – 357 бет.

С. Торайғыров. Дүние дөңгелегі айналады: таңдамалы / ред. Ә. Қайран. Халықаралық Абай клубы, Жидебай. – 2009. – 350 бет.

БӨГДЕ САНА – ОТАРШЫЛДАРДЫҢ МӘДЕНИ ҚАРУЫ

Муханбеткалиев Есбол Есенбайұлы

Философия ғылымдарының кандидаты

Аринов Ерлан Кенжебаевич

Философия магистрі

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Yesbol-@mail.ru, erlan.arinov@mail.ru

Түйіндеме: Авторлар мақалада Ресей отаршылығының түркі халықтарының сана болмысына, ойлау мәдениетіне тигізген әсерін философиядағы «сана» ұғымы арқылы қарастырады. Авторлар бауырлас түркі халықтарының сана болмысына тиген отаршылықтың зардабын Ресей империясының қазақ халқын отарлауы мысалында талдау мақсатында қазақ ойшылдарының «төл сана» және «бөгде санаға» қатысты ой-толғамдарын, әсіресе, М. Шоқайдың «Отаршылдардың мәдени қаруы» мақаласын негізгі зерттеу нысанына алған.

Отарлаушылар отарлаған елдерін өздеріне қарсы бас көтертпеу үшін бірінші кезекте халықтың елдік санасын, ұлттық намысын жоюға тырысатыны тарихтан белгілі. Бойында намысы бар халық құлдыққа көнбейді, қарудың күшімен бағындырғанымен, келешекте бәрібір азаттығы үшін күреске шығады. Осыны болдырмау үшін отарлаушылар елдің төл санасына қатыстылардың барлығын бөгде сана арқылы тоз-тозын шығарып, бұзуға, халықтың тарихи-мәдени жадын ұмыттыруға тырысады. Отарлаушыларға тән бұл сипатты Ресей империясының түркі халықтарын отарлау саясатынан көруге болады.

Сана философиялық ұғымдардың бірі. Бұл ұғым философияда объективті шындықты бейнелеудің адамға тән жоғары формасы ретінде түсіндіріледі. Әлемдегі әр халықтың өзінің дүниеге деген өзіндік көзқарасы болатыны белгілі. Қандай да болмасын халықтың өзіндік ойлау жүйесі, дүниені бейнелеу тәсілі бар. Дүниені бейнелеуді, объективті шындықты бейнелеуді сана деп атаймыз. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеттің, философияның негізін құрайды. Халықтың ойлау мәдениетінде сол халықтың рухани болмысы, дүниетанымы, дүниені қабылдауы мен түсінуі, дүниеге қатынасы өрнектеледі. Ұлттық дүниетаным, ұлттық ойлау тілге байланысты. Ұлттық ойлаудың басты ерекшелігі оның тілінде. Тіл арқылы ұлт өз болмысын, өмір тіршілігін, дүниеге көзқарасын бейнелейді. Неміс ойшылы Мартин Хайдеггер айтпақшы, «тіл – болмыстың үйі». Халықтың дүниетанымы тіл арқылы көрініс тауып, тіл арқылы халықтың санасының болмысы көрінетіндіктен, отарлаушы ел отар елінің ұлттық ана тілін өшіруге күш салады. Олардың ұлттың тілін құртудың астарында отар елдің елдігін, бірлігін бұзу, ұлттық рухын құлдырату ниеті жатады.

Кеңестік кезеңде елімізде болған төңкерістер, бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар тұсындағы қазақ халқы көрген қиындықтар, бай-кулактармен күрес, ұжымдастыру саясаты, бірнеше мәрте әдейі жасалған ашаршылықтар, қазақ зиялыларын репрессиялау, коммунизм құрудағы асыра сілтеулер салдарынан қазақ халқының ұлттық рухы құлдырады. Сол кезеңдердегі қазақтың санасын, мәдениетін, тілін, дінін ұмыттыруға бағытталған бөгде сана ілімдері құрудың алдында тұрған халықтың тарихи жадысын, рухани құндылықтарын, дүниетанымын өзгеріске түсірді. Авторлар мақалада Ресей отаршылығының қазақ халқының сана болмысына жасаған осы ықпалдарын философиядағы «төл сана» және «бөгде сана» ұғымдарына талдау жасау арқылы көрсетеді. Кеңес дәуірінде үстемдік еткен бөгде сана ілімдері мен еуропацентристік және ориенталистік өлшемдер бойынша қалыптасқан дұрыс емес таным-түсініктерді айқындайды.

Сонымен қатар, мақалада қазақ елінің тәуелсіздігінің іргетасын бекіте түсуде және қоғамдық сананы рухани жаңғыртуда барша түркі халықтарымен ортақ өткен тарих пен мәдениеттің отаршылық заманынан, тарих сүргінінен қазіргі кезге көмескіленіп жеткен құндылықтарын жас тәуелсіз мемлекет ретінде қайта бағалау қажеттілігі, өшкенімізді

жаңғыртып, тарихи тұлғаларымыз туралы, олардың дүниетанымдық мәселелері туралы объективті көзқарас қалыптастыру қажеттілігі баяндалады.

Кілт сөздер: сана, төл сана, бөгде сана, отарлық саясат, ойлау мәдениеті, түркілік дүниетаным.

THE OTHER MIND IS A CULTURAL WEAPON OF COLONIALISTS

Muhanbetkaliev Yesbol Yesenbaiuly

Candidate of philosophical sciences

Arinov Yerlan Kenzhebaevich

Master of philosophy

Republic of Kazakhstan, Astana

Saken Seifullin Kazakh agrotechnical university

Abstract: This article presents influence of Russian colonization on consciousness and principles of thinking of Turkic nations through the philosophic concept “consciousness”. It examines ideas of Kazakh philosophers about “own consciousness” and “alien consciousness”, especially the article called “Cultural weapon of colonizers” by M. Shokai to analyze fallouts of colonization influenced on Turkic nations’ consciousness through the examples of Kazakh nation colonized by the Russian Empire.

It is known that first of all colonizers try to destroy national pride and consciousness of colonized nation to make them not to rebel. People with the sense of national pride will stand against slavery; even colonized nations will fight for their independence. To prevent it colonizers destroy national consciousness by introducing “alien” consciousness and change historical and cultural legacy of the nations. This feature can be seen through Russian colonizer’s policy of Turkic nations.

Consciousness is one of philosophical concepts. This concept is explained as high form of human activity to describe objective reality. Each nation has its own world view. Every people have their own thinking, view of the world. Describing of objective reality is known as consciousness. It forms the fundamentals of centuries-long national culture and philosophy. Nation’s spiritual being, world outlook, world perception, and philosophy of life are formed through the nation’s thinking. National world outlook and national thinking is connected to language. The main peculiarity of national thinking is in its language. Nations describe its being, world outlook and world perception through the language. German philosopher Martin Heidegger said “Language is the home of the Being”. Since national world outlook and being of national consciousness are seen from its language, colonizers foster all efforts to destroy native language. They design to destroy national integrity, national spirit, and national identity.

Revolts in the Soviet period, hardships of World War I and World War II, dekulakization, collectivization, man-made famine in the territory of Kazakhstan in the first half of the 20th century, repression of Kazakh intellectuals, and hardships of establishing communism destroyed national spirit of Kazakhs. “Alien” consciousness learning had changed national historical memory, spiritual values, and world outlook of the nation. This article presents influence of Russian colonization of Kazakh nation through analyzing philosophic concepts as “own consciousness” and “alien consciousness”. It determines wrong insights formed by “alien consciousness” learning of the Soviet period, Eurocentric and oriental standards.

Also this article states needs to reevaluate half-forgotten values of common history and culture of Turkic nations colonized by the Russian Empire as a young independent country, and to form objective reality about the great names of Kazakh history, their world outlook. These issues are topical in the process of establishing independence and spiritual revival of Kazakh nation.

Keywords: consciousness, self-consciousness, the other mind, colonization policy, a culture of thinking, Turkic worldview

Сана философиялық ұғымдардың бірі. Бұл ұғым философияда объективті шындықты бейнелеудің адамға тән жоғары формасы ретінде түсіндіріледі. Философияда сана ұғымының күн тәртібіне қойылуы сонау ерте замандардан басталды. Философия тарихына үңілсек, сана

және материя ұғымдарының қатынасы турасында ойшылдардың үлкен екі топқа бөлінгендігін аңғаруға болады. Оның бірі сананың материядан тәуелсіздігін және оның біріншілігін мойындайтын идеализм ағымы болса, екіншісі керісінше, материяның санадан тәуелсіздігін және оның біріншілігін жақтайтын материализм ағымы еді. Идеалистер мен материалистер арасындағы тартыс философия тарихының өң-бойынан көрінеді. Тіпті, диалектикалық марксизм өкілдері философияның негізгі мәселесін сананың материяға қатынасы деп біржақты анықтады. Біржақты дейтініміз философияның негізгі мәселелері тек сананың материяға қатынасынан көрініс табуы мүмкін емес, себебі философия бұл қатынастар төңірегіндегі ғана сұрақтармен айналысып қана қоймайды. Оның айналысатын мәселелер аумағы тым кең. Философия ғылым ғана емес, оның ғылыми тұсынан гөрі дүниетанымдық негіздері басымырақ. Біз білетін барлық ғылымдардың нақты зерттеу объектісі, пәні, заңдары, түсініктері (категориялары), сол ғылым сүйенетін ұстанымдары, зерттеу әдіс-тәсілдері бар. Егер философияға Еуропа ойшылдарының көзімен қарайтын болсақ, әсіресе марксизм ілімі, философия, сөзсіз, ғылым болып табылады. Бірақ Еуропа философиясымен мойындалған түсініктер мен ұғымдар әлемнің барлық халықтарының дүниетанымы үшін әмбебап бола алар ма екен? Әлемдегі әр халықтың өзінің дүниеге деген өзіндік көзқарасы болатыны белгілі. Қандай да болмасын халықтың өзіндік ойлау жүйесі, дүниені бейнелеу тәсілі бар. Жоғарыда дүниені бейнелеуді, объективті шындықты бейнелеуді сана деп анықтаймыз дедік. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеттің, философияның негізін құрайды. Халықтың ойлау мәдениетінде сол ұлттың рухани ерекшелігі, тыныс-тіршілігі, сезімі, дүниетанымы, адамдардың өзара қатынасы, құндылықтарды түсіну мен қабылдау формасы өрнектеледі. Жеке бір халықтың ойлау мәдениетінің болуымен қатар, сол халықтың ойлау жүйесін өзінің дүниетанымының негізіне айналдырған, ұлттық ойлаудан нәр алған данышпандары да болады. Сондықтан халықтың дүниетанымын басқа бір халықтардың дүниетанымымен салыстырып, бір халықтың дүниетанымында қамтылмай қалған сұрақтарды, түсініктерді екінші халықтың дүниетанымынан тауып алып, біріншісіне қарағанда екіншісінің дүниетанымы философияға жақынырақ деп анықтауға болмайды, бұл жалған түсінік. Жер бетіндегі халықтар бір-бірінен дүниетанымдарымен ерекшеленеді. Қазақты қазақ қылатын оның өзінің ұлттық дүниетанымы, бұл – оның төл санасы. Егер оның дүниетанымына бөгде жұрттың дүниетанымын телісек, бұл сырттан келген бөгде сана болады.

Төл сана ұлттық тілге байланысты болады. Тілі арқылы, сөзі арқылы ұлт өз болмысын, өмір тіршілігін, дүниеге көзқарасын бейнелейді. Неміс ойшылы М.Хайдеггер айтпақшы, «Тіл – болмыстың үйі». Халықтың дүниетанымы тіл арқылы көрініс табады, тіл арқылы халықтың санасының болмысы көрінеді.

Отарлаушы елдердің не себепті отар елінің ұлттық ана тілін өшіруге күш салатыны белгілі болды. Олардың ұлттың тілін құртудың астарында отар елдің елдігін, бірлігін бұзу, ұлттық рухын құлдырату ниеті жатыр. Бойында намысы бар халық құлдыққа көнбейді, қарудың күшімен бағындырғанымен, келешекте бәрібір азаттығы үшін күреске шығады. Осыны болдырмау үшін отарлаушылар елдің төл санасына қатыстылардың барлығын бөгде сана арқылы тоз-тозын шығарып, бұзуға, халықтың тарихи-мәдени жадын ұмыттыруға тырысады. Отарлаушыларға тән бұл сипатты Ресей империясының түркі халықтарын отарлау саясатынан көруге болады.

Бауырлас түркі халықтарының сана болмысына тиген отаршылықтың зардабын Ресей империясының қазақ халқын отарлауы мысалында талдау мақсатында қазақ ойшылдарының «төл сана» және «бөгде санаға» қатысты ой-толғамдарын, әсіресе, Мұстафа Шоқайдың «Отаршылдардың мәдени қаруы» мақаласын негізгі зерттеу нысанына алайық.

М. Шоқайдың 1937 жылы жазылған «Отаршылдардың мәдени қаруы» мақаласында түркі халықтарының басына орнап жатқан мәдени және ұлттық бодандықтың белгісі ретінде орыс халқының әйгілі ақыны А.С. Пушкиннің Кеңес үкіметінің насихат құралына айналғандығы айтылады. Ол мақаласында: «Көптен бері кеңес баспасөз беттерінен түспей келе жатқан бір есім бар. Ол – Пушкин есімі, «Пушкиннің өмірбаяны», «Пушкин дәуірі», «Пушкин және декабристер», «Пушкин және бостандық», «Пушкиннің туған жері», «өлген жері», Пушкин...

Пушкин... Міне, осылайша Пушкиннің атына байланысты жазылған материалдар бүкіл орыс баспасөзі беттерін ғана емес, орыс емес халықтар беттерін, сол қатарда біздің Түркістан басылымдары беттерін де жауып жатыр», [1] – дей келе, Пушкиннің Кеңес Үкіметіне және оның жүргізіп отырған саясатына, большевизмге еш қатысы болмағанымен, оның Кеңес Одағындағы барлық халықтардың ақыны деп мәлімденуін «Кеңес патриотизмі желеуі астында орыс патриотизмін, орыс ұлтшылдығын дәріптеу бағыты үстемдік алды. Сонымен, кеңестік патриотизмге қызмет ету үшін жегілген бас тұлғалардың бірі – орыс ұлтшылдарының серкесі – Пушкин болып отыр», – деп түсіндіреді. Пушкиннің өліміне 100 жыл толуына орай орыс емес барлық халықтардың тілдеріне Пушкин шығармаларын аудару міндеттелген кезде кейбір ақындардың ұраншылдыққа салынып, әсіре сілтеулерін М. Шоқай әлгі мақаласында: «Біздің ақын «тіліміз тек Пушкин шығармалары арқасында байып, ажарлана түсті» деп көкіді. «Мәдени бодандықтың» бұдан өткен сорақы түрі, сірә, бола қоймас! Пушкин шынында талантты, бостандық сүйгіш ақын. Алайда, ол – орыс ақыны. Осы күнге дейін еуропалықтарға жат саналып келген ол біздің түркістандықтар үшін де жат еді және бұдан кейін де солай болып қала береді», [1] – деп, отаршылдардың Пушкиннің атын жамылып, түркі халықтарының танымына бөгде танымды сіңіру әрекеттерін әшкерелейді. Бұл жерде бір ескерерлігі М. Шоқай Пушкиннің жеке басына қатысты ешқандай сын айтып отырған жоқ, Пушкиннің тамаша поэзиясын большевиктер біздің халыққа қарсы жұмсайтын мәдени қаруға айналдырып отырғанын сынайды. М. Шоқай мақаласының соңында: «Орыс халқы Пушкинімен мақтануға хақылы. Пушкин де оған тұратын тұлға. Алайда, Пушкин мұралары біздің халқымыздың таным-түсінігіне, рухани болмысына ешбір жанаспайды. Сол себепті оның шығармаларын күштеп аудартып, оның есімін балиғатқа толмаған жас ұрпақтарымыздың санасына зорлап сіңіруге бағытталған большевиктік іс-әрекеттер біздің халқымыздың басына орнаған мәдени және ұлттық бодандықтың ең жарқын белгілерінен басқа ештеңе де емес», [1] – деп қорытындылайды. Шынында, бөгде мәдениеттің үлгілерін талғамсыз аударып, оны жас ұрпақтың санасына сіңіру ісінің салдары төл дүниетанымға ауыр тиетіні бар. Бұл ауырлықты сезбесе аудармашылыққа талғампаздықпен және ой тереңдігімен қарайтын хакім Абай бөгде мәдениет туындыларын оңды-солды аударма берер ме еді? Абайдың осы талғамын байқаған академик Ғарифолла Есім көңілге тұшымды ой айтады. Ол өзінің «Қазақ философиясының тарихы» аталатын еңбегінде: «Абай орыс ақыны Александр Пушкиннің өлеңмен жазылған «Евгений Онегин» деген романын толық аудармаған, одан үзінділер тәржімалаған. Неге Абай романды қазақ тіліне толық аудармаған, әрине, оның себебін дөп басу айту қиын, бірақ та ойлаймын, егер «Евгений Онегин» толық аударса, оны қазақ оқырмандары қабылдамас еді, сірә, Абай соны түсінген. Қазақ оқырмандары махаббат, ғашықтық тақырыбына «Ләйлі Мәжнүннен» бастап классикалық туындылармен сусындап келе жатқан қауым, сондықтан олар Онегиннің Татьянаға шала-жансар сезімін қалайша қабылдамақ», [2, 129-130] – деп, шығыс халықтарының танымындағы махаббат ұғымы мен бөгде жұрттың танымындағы махаббат ұғымының арасындағы өзгешелікті атап өтеді. Боданындағыларды «мәдени құлға» айналдыруды көксеген отаршылдар дүниетанымдағы осындай өзгешеліктерді ескермей, төл санаға жат түсініктерді тықпалау арқылы дұрыс емес таным-түсініктерді әдейі қалыптастырады.

Отаршылық кезеңінде дұрыс емес таным-түсініктерді қалыптастыру үшін қазақ халқының тарихы, философиясы, руханияты еуроцентристік және ориенталистік сүзгіден өтіп отырды. Отаршылық дәуірдегі қоғамдық сананы зерттеуші қазақ философтарының бірі М.С. Бурабаев ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның барлық қоғамдық ғылымдар саласын еуроцентризмнің ықпалында болғандығын зерттеу еңбектерінде көрсеткен. Ол: «Наша республика вопреки воле народа, в составе СССР оказалась в системе мифического российского евроцентризма. В ходе колониальных захватов и становления современного Запада сложилась система идеологических мифов, названная евроцентризмом», [3, 91] – деп, еуроцентризмнің пайда болуын Еуропаның кейбір елдерінің өздерінен әлсіз елдерді отарлау саясатына байланысты түсіндіреді.

Еуроцентризм еуропалық халықтардан басқасының төл танымын ескермейтін, басқа халықтардың руханияттағы, ғылымдағы жетістіктерін елемейтін әмбебап сана қалыптастыруға

ұмтылады. Бұл ұстаным бойынша Еуропа өркениетінің жүріп өткен жолынан басқа дұрыс жол жоқ. Барлық этностардың түсінігі, дүниетанымы, санасы еуроцентризмнің өлшемдерімен, түсініктерімен өлшенуі керек. Еуроцентризмнің кемшілігі де осында. Әр этностың өзіндік санасы, өзіндік болмысы, өзіндік танымы, өзіндік тыныс-тіршілігі бар. Сондықтан әр этностың осы ерекшеліктерін әмбебап сана жасап берген «өлшемнің» қалыбына салып өлшеуге болғанымен, этностың төл «өлшемдері» әмбебап «өлшемдердің» арнасынан түптің-түбінде асып шығатыны да бар.

Еуроцентризмнің әмбебап сана өлшемдерін бұзып жарып шыққан тарихтағы мысалдардың бірі ретінде Үнді халқының ағылшындарға қарсы күресінің көшбасшысы Джавахарлал Неруді айтуға болады. Дж. Неру 1955 жылы жазылған «Үндістанның ашылуы» атты еңбегінде мынадай ойларды айтады: «Индиялық ұлтжандылықтың жатжұрттық билікке қарсы бірігуі – заңды әрі солай болуға тиісті құбылыс еді. Соған қарамастан, біздің зиялыларымыз XIX ғасырдың аяғына дейін саналы түрде немесе оны қаперіне алмастан империяның ағылшындық идеологиясын қалай қабылдап келді десеңші. Өзінің барлық уәжін соған негіздеп құрды, тек ішінара ғана оның кейбір сыртқы сыпаттарын сынаумен шектелді. Тарих, экономика және басқа да пәндер мектептер мен университеттерде оқылатын Британ империясының көзімен жазылды және оның біздің өткеніміз бен бүгінгі күндеріміздегі көптеген кемшіліктерімізге иек сүйей отырып, ағылшындардың жасап берген жақсылықтары мен олардың «ұлттық парызы» баса көрсетілді. Біз белгілі мөлшерде осынау жалған пайымдауды қабылдадық, тіпті оған іштей қарсы тұратын күннің өзінде ол бізге өз ықпалын жасады. Өйткені менің елімнің тарихы ағылшындардың көзқарасымен жасалған тарих еді» [4, 283].

Қазақ елінің тарихы да солай жазылды. Ресейдің қоластына қосылмай тұрғандағы Қазақ халқының тарихы бұрмаланды, мемлекеттігінің болғандығына күмәнмен қаралды. Ресейді отарлаушы ел емес, керісінше өз еліндегі қанаушылардан құтқарушы, қазақтың көкірек көзін ашушы, қазаққа теңдік алып беруші ретінде көрсетілді. Марксизм-ленинизм ілімдеріне сай келетіндері асыра дәріптеліп, оған мазмұны келмейтіндер терістеліп отырылды. Ғылымға еуроцентристік өлшеммен қаралды. Қазақ тарихына оң көзбен қараған ғалымдар қудаланды. Мәселен, Е. Бекмахановты Кенесары Қасымұлы көтерілісін зерттеуге арналған «XIX ғасырдың 20-40 жылдардағы Қазақстан» (1947 жыл) атты монографиясы үшін 1952 жылы 4 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы сотының сот алқасы 25 жылға бас бостандығынан айырды. Шынайы тарихты жазушы ғалымға мұндай жаза кесу Батыс Еуропадағы инквизиция сотынан кейінгі заманда әлемнің бірден-бір елінде орын алмаған сорақы жағдай еді. Өз халқының өткені туралы жақсы көзқараста болған А. Жұбанов, Х. Жұмалиев, Б. Сүлейменов, Е. Смаилов, Ә. Әбішев, Қ. Аманжолов, Қ. Бекхожин, С. Бегалин, Қ. Сәтпаев, М. Әуезовтер сияқты ғалымдар, жазушылар мен өнер қайраткерлері саяси және буржуазиялық-ұлтшылдық қателіктер жіберді деп нақақтан танылған айыптармен қудалануға ұшырады. А. Құнанбайұлы, Ш. Құдайбердіұлы, «Зар заман» ойшылдары, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Т. Рысқұлов сынды азаматтардың атын атауға мүлдем тыйым салынды.

Кеңестік кезеңде елімізде болған төңкерістер, бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар тұсындағы қазақ халқы көрген қиындықтар, бай-кулактармен күрес, ұжымдастыру саясаты, бірнеше мәрте әдейі жасалған ашаршылықтар, қазақ зиялыларын репрессиялау, коммунизм құрудағы асыра сілтеулер салдарынан қазақ халқының ұлттық рухы құлдырады. Құлдыраған сол рухты қазіргі кезде қайта жаңғыртып жатқан жайымыз бар. Ұлттық рухтың, ортақ түркілік рухтың жаңғыруына екі жағдай әсер етіп жатыр деп айта аламыз. Біріншісі, ата-бабаларымыздың ешбір өзге елге бағынбайтын, азат ұлттық мемлекет құру туралы қиялын, арманын, мақсатын шындыққа айналдырып, еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі болса, екіншісі – қарға тамырлы қазақтың қалыптасуынан бастап, осы кезге дейінгі тарихын қайта зерделеу, мәдениетін, әдебиетін, данышпан ғұламаларын қайта тану.

Тарихымыз бен данышпандарымызды, тарихи тұлғаларымызды қайта тануды қолға алып жатсақ та, еңсерілмей отырған мәселелер жоқ емес. Бұл, Шәкәрім Құдайбердінің сөзімен айтсақ, «Басқа жұрт қазақты, әсіресе өзіміз –надан, білімсіз, өнерсіз, мәдениетсіз дейміз.

Өнерсіз надан қалғанымыз рас. Бірақ жете тексерсек, біздің де зор білімді адамдарымыз болған. Жер жүзіне жайылған, ғылым іздеп, өмірін сарп еткен бабаларымыз өткен. Әбу Насыр, Әбу Сина, Қорқыт, Ұлықбек тағы-тағылар түрік қауымынан, бізден шыққан. Тіпті кешегі өткен Әнет Бабаның өзі ғалым-философ адам екен. Соны да тани алмай, баға бере алмай келдік қой. Абайға не қылмадық, не көрсетпедік – қарғадық, сөктік, жала жаптық, ұрдық, соқтық, талас-тартыс, ру партиясын қуумен өттік қой. Нақыл сөздердің иесі, алтын қазынаның қорларын жасаған – Асан, Бұқар, Марабай, Марқасқа, Өтеген, Үмбетей сияқты дүлдүл, төкпе ақын, жыраулар, осыларды жете ұғынып, түсіне алдық па? Жоқ!» [5, 31-32]. Оларды жете ұғынып, дұрыс тани алмауымыздың себебі отаршылдардың мәдени қаруы – бөгде санамен таным-түсінігі қалыптасқан, әлі де еуроцентризмнің ықпалында қалып отырған ғылыми жүйеміз, құлдық санамыз. Тіпті, ұлттық философияның өзі батыстық үлгідегі парадигмалардан, қағидалардан, категориялардан, заңдардан бас тарта алмай келеді. Ресей отаршылығымен келген құлдық сана мен еуроцентристік өлшемдерден арылу қазақ елінің тәуелсіздігінің іргетасын бекіте түсуде және қоғамдық сананы рухани жаңғыртуда, барша түркі халықтарымен ортақ өткен тарих пен мәдениеттің отаршылық заманынан, тарих сүргінінен қазіргі кезге көмескіленіп жеткен құндылықтарын жас тәуелсіз мемлекет ретінде қайта бағалауда, тарихи тұлғаларымыз туралы, олардың дүниетанымдық мәселелері туралы объективті көзқарас қалыптастыруда аса қажет екенін барлығымыз мойындауымыз керек. Мойындап қана қоймай, бабаларымыздың дүниетанымын түсінуде қазақтық өлшеммен келу, олардың тарихтағы орындарын дұрыс бағалау біздің ата-баба алдындағы борышымыз. Борышымызды өтей алсақ қана, қоғамда дұрыс таным-түсінік қалыптастыра аламыз деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- М. Шоқай. Таңдамалы шығармалары: I том.
[https://kitap.kz/books/bota_tandamali1/read#epubcfi\(/6/130\[id65\]!/4/2/2/1:0\)](https://kitap.kz/books/bota_tandamali1/read#epubcfi(/6/130[id65]!/4/2/2/1:0))
Ғарифолла Есім. Қазақ философиясының тарихы. Алматы: «Қазақ университеті». – 2006. – 216 бет.
- М.С. Бурабаев. Партия разрушает историческую и культурную память туранцев. Алматы, 2009, С. 290.
- Тарих. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Әлемдік тарихи ой. Астана: Фолиант. – 2006. – 423 бет.
- А. Шәкерімұлы. Менің әкем, халық ұлы –Шәкерім // Жұлдыз. – 1992. – №11.

**BIOTEHNOLOJİLER “YÜZ KİTAP” PROJESİ SRASINDA YAZAR ASKAR
ALTAY’LA GÖRÜŞTÜ**

**G.İ.Ernazarova
S.K.Turaşeva
S.S.Kenjebaeva
S.D.Atabaeva**

Al-Farabi Kazak Milli Üniversitesi, biyoteknoloji kürsü

Şimdiki kazak nesrinde değişik yeri var, sosyal problemleri yazan Askar Altay`la beraber olan görüşme özeldi. Görüşme “Çehov” kütüphanesinin okuma salonunda geçti. Geçen yıl mart ayında olan görüşmeye Al-Farabi Kazak Milli Üniversitesinin biyoloji ve biyoteknoloji kürsü öğretmenleri ve öğrencileri, Kazak Milli kızlar pedagoji Üniversitesinin öğrencileri katıldı. Görüşmede öğrenciler yazarın eserinden bir parça oyun yaptı. Bizim öğrenciler şimdiki zaman konusu olan “Kazino” oyununu yaptı.



Eser hakkında biraz konuşsak: Eserde gelecek nesile terbiye, eğitim, toplumda kendini nasıl tutmanın, hayata bakışını değiştirmenin, genellikle gençlere terbiye ve eğitimin önemi yazılı. Özellikle yazar oyunun anlamı ve mağnasına çok önem verdi. Yazar eserlerinde toplumdaki acı gerçek ve dürüstlük meydana geliyor. Hakikat bayrağını yüksek tutup, dürüstlük sembolü olan eserleri insan ruhunu kendisine nasıl sevdirmesin.

ОСОБЕННОСТИ РАБОТЫ УЧИТЕЛЯ – ЛОГОПЕДА В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Исаева Лаура Тлеужановна

магистр педагогических наук

по специальности дефектология

Казахский государственный женский педагогический университет

Республика Казахстан, город Алматы

Электронный адрес: lelik_daur@mail.ru

Аннотация: В статье рассматривается проблемы инклюзивного образования, а именно особенности работы логопеда в общеобразовательной системе где обучаются детей с речевыми нарушениями.

Особенности работы учителя-логопеда начиная с начало года и до конца года, время занятий, планы, рабочее время и формы обучения.

А так же рассматривается особенности работа учителя-логопеда:

В первую очередь, прежде чем приступить к коррекционной работе, учитель-логопед, как и в случае с обычными учениками, путем тщательного специального обследования выясняет характер нарушения речевой деятельности ребенка при помощи специальных методик; на основе диагностики логопеда, совместно с другими специалистами, с учетом особенностей ребенка, составляется план индивидуального развития, определяется образовательный маршрут, вырабатываются стратегии и меры по устранению или предотвращению причин неуспеваемости детей с особыми образовательными потребностями; специфика работы учителя-логопеда в логопедическом кабинете предполагает оказание помощи разным категориям детей с ограниченными возможностями в развитии и проводится с учетом личности ребенка, как ее отрицательных сторон, так и положительных, которые используются в процессе компенсации, то есть используется привлечение здоровых анализаторов для компенсации деятельности неполноценных; в центре внимания логопедической работы все время остается наиболее пострадавший компонент речи. Так, например, при алалии - словарь, при тугоухости – фонематическое восприятие, при дизартрии - звукопроизношение и т. д.; в зависимости от этапов речевого развития логопед должен изменять свои целевые методические установки; организация, форма работы, привлекаемый материал должны соответствовать возрасту логопата: в работу со школьником быстрее включаем программный материал, а с дошкольником используем в основном игровые формы, но все же строим свою работу в виде организованных и плановых занятий; Большинство дошкольников и школьников с ограниченными возможностями в развитии, как правило, имеют проблемы в развитии восприятия, внимания, памяти, мыслительной деятельности, различную степень моторного развития и сенсорных функций, наблюдается повышенная утомляемость. Чтобы заинтересовать учащихся, нужны нестандартные подходы, индивидуальные программы, инновационные технологии.

Процесс организации и осуществления инклюзивного образования в Казахстане теоретически обоснован специалистами и учеными. Не смотря на это внедрить инклюзивное образование не так то и просто.

Ключевые слова: инклюзивное образование, логопед-учитель, дизартрия, тугоухость, инновационные технологии

**FEATURES THE WORK OF A TEACHER OF SPEECH THERAPIST IN THE
CONDITIONS OF INCLUSIVE EDUCATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Issayeva Laura

master of pedagogical Sciences

Kazakh state women's pedagogical University

The Republic of Kazakhstan, Almaty

Email: lelik_daur@mail.ru

Abstract : In the article inclusive education in Kazakhstan is more and more is a leader in the education of children with disabilities in the education system, as well as in other countries, by which we mean the inclusion into a single educational process of all children, in recognition of the value of their differences and learning disabilities, individual and group approaches are most appropriate for each child way.

The process of organization and implementation of inclusive education in Kazakhstan is theoretically substantiated by the following experts as a, Iskakova A. Movkebayeva Z. aitbayeva A. Baitursynov A., Kusainov A., Argin A., Zhumakanova R. and others. But the implementation of the content and conditions of the provision of special assistance and support to children with development disabilities in educational institutions in practice is a complex socio-pedagogical problem.

Within the framework of the action plan for the second stage of the implementation of the State Program for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2016-2019, it is also envisaged by 2019:

to create conditions for inclusive education in 30% of pre-school organizations; in 70% of schools; expand the network of the offices of psychological and pedagogical correction and psychological, medical and pedagogical consultations.

One of the most important specialists in inclusive education this is a speech therapist.

The content of the work of a teacher of speech therapist in the schools in terms of inclusive education:

- Diagnoses of children with the aim of identifying speech disorders and determining the level of speech development.
- Defines the contents of correction of speech disorders.
- Discussion with other professionals school examination of children to determine their educational path.
- Provides consultative and methodological assistance to parents (legal representatives) for the prevention of speech disorders in children.

Most preschoolers and students with disabilities in the development, tend to have problems in the development of perception, attention, memory, mental activity, various degrees of development of motor skills and sensory functions, there is increased fatigue. To motivate the students need innovation, customized programs, innovative technology.

Pedagogical technology:

Dialogue training

Information and computer education

Advanced training

Learning through play

Health saving technologies

Keywords: inclusive education, speech therapist-teacher, dysarthria, hearing loss, innovative technologies

Инклюзивное образование является одним из процессов трансформации системы образования, ориентированным на формирование условий доступности качественного образования для всех. Инклюзивное образование предполагает включение детей с особыми образовательными потребностями независимо от их физических, психических,

интеллектуальных, культурно-этнических, языковых и иных особенностей в общеобразовательную среду, устранение всех барьеров для получения качественного образования, социальной адаптации и интеграции в социуме. Развитие инклюзивного образования с конца прошедшего столетия стало ведущим ориентиром образовательной политики многих развитых стран мира: США, Великобритании, Дании, Испании, Финляндии, Германии, Италии, Австралии и др. Дети с психофизическими нарушениями и отставаниями в развитии в этих странах успешно обучаются совместно с нормальными сверстниками в общеобразовательных организациях, в которых для их развития и социальной адаптации созданы соответствующие психолого-педагогические условия. Концептуальные подходы к развитию инклюзивного образования разработаны согласно основополагающим международным документам в области прав человека, с учетом тенденций и достижений мировой практики в сфере образования и приоритетных задач развития казахстанской системы образования. [1, с 13]

Инклюзивное образование в Казахстане все активнее занимает ведущие позиции в обучении детей с ограниченными возможностями здоровья (ОВЗ) в системе образования, так же как и в других странах мира, мы подразумеваем включение в единый образовательный процесс все категории детей (обычно развивающихся учеников и детей с ОВЗ), признание ценности их различий и способности к обучению, индивидуальный и дифференцированный подход, которые ведут наиболее подходящим для каждого ребенка способом.

Процесс организации и осуществления инклюзивного образования в Казахстане теоретически обоснован следующими специалистами как, Искакова А.Т., Мовкебаева З.А., Айтбаева А.Б., Байтурсынова А.А., Кусаинов А.К., Аргынов А.Х., Жумаканова Р.А. и др. Но реализация содержания и условий оказания специальной помощи и поддержки детей с ОВЗ в условиях общеобразовательного учреждения на практике представляет сложную социально-педагогическую проблему. [2, с 3-11]

Экономические, социальные, экологические мероприятия, проводимые в нашем обществе, не привели к снижению количества детей с проблемами здоровья. Согласно диагностике, проводимой учителями – логопедами в дошкольных учреждениях г. Алматы, до 50% детей имеют те или иные проблемы: различные речевые нарушения, нарушения слуха, нарушения связанные с двуязычием в семье.

По результатам ежегодной логопедической диагностики учащихся первых классов, проводимой учителем – логопедом в государственной учреждении в школе г. Алматы, 60% детей имеют различные нарушения речи, в том числе на фоне тугоухости, двуязычия в семье, проблемы со зрением, не оказанной во время логопедической помощи.

Актуальность проблемы инклюзивного образования определяется особенностями современной социальной и образовательной ситуации: ростом рождаемости детей, сокращением в 1990-х гг. числа дошкольных образовательных учреждений, занятостью родителей и отдаленностью специального детского сада от места проживания, а также нежеланием родителей признавать проблему своего ребенка важной и работать над ней вместе со специалистами.

Логопедическая помощь в качестве дополнительной образовательной услуги — это частный пример внедрения инклюзии в деятельность современного образовательного учреждения. [3, с 17]

Работа учителя-логопеда в условиях инклюзивного образования имеет ряд особенностей:

1. В первую очередь, прежде чем приступить к коррекционной работе, учитель-логопед, как и в случае с обычными учениками, путем тщательного специального обследования выясняет характер нарушения речевой деятельности ребенка при помощи специальных методик.

2. На основе диагностики логопеда, совместно с другими специалистами, с учетом особенностей ребенка, составляется план индивидуального развития, определяется образовательный маршрут, вырабатываются стратегии и меры по устранению или предотвращению причин неуспеваемости детей с особыми образовательными потребностями.

Совместное сопровождение ребенка учителем – логопедом и педагогом психологом проводятся такие направления работы как:

Диагностическое

- определение уровня речевого и психологического развития ребенка;
- анализ полученных результатов;

Коррекционно – развивающее

• личностно-ориентированный подход;

• принципы системности (опирается на представление о речи как о сложной функциональной системе, структурные компоненты которой находятся в тесном взаимодействии. В связи с этим изучение речи, процесса ее развития и коррекции нарушений предполагает воздействие на все компоненты, на все стороны речевой функциональной системы);

- учет структуры дефекта;

Аналитическое

- выделение положительных и отрицательных сторон деятельности;
- отслеживание динамики развития ребенка.

3. Специфика работы учителя-логопеда в логопедическом кабинете предполагает оказание помощи разным категориям детей с ограниченными возможностями в развитии и проводится с учетом личности ребенка, как ее отрицательных сторон, так и положительных, которые используются в процессе компенсации, то есть используется привлечение здоровых анализаторов для компенсации деятельности неполноценных.

4. В центре внимания логопедической работы все время остается наиболее пострадавший компонент речи. Так, например, при алалии—словарь, при тугоухости – фонематическое восприятие, при дизартрии - звукопроизношение и т. д.

5. В зависимости от этапов речевого развития логопед должен изменять свои целевые методические установки.

В связи с этим может использоваться модульное планирование. Например, планирование коррекционно – развивающего обучения детей 6 -7 лет с общим недоразвитием речи (ОНР) – III уровня состоит из трех модулей:

Формирование фонетической стороны речи.

Совершенствование лексико - грамматических представлений.

Развитие навыков звукового - слогового анализа и синтеза, обучение грамоте.

Удобство данного подхода в том, что если ребенок с какой – то задачей справляется легко, то количество часов на изучение данной темы можно сократить, а для выполнения более сложной задачи увеличить. Благодаря чему больше внимания уделяется пробелам в развитии речи детей, сокращается процесс коррекционно – логопедического обучения.

6. Организация, форма работы, привлекаемый материал должны соответствовать возрасту логопата: в работу со школьником быстрее включаем программный материал, а с дошкольником используем в основном игровые формы, но все же строим свою работу в виде организованных и плановых занятий.

Для реализации личностно – ориентированного подхода в развитии ребенка, с целью повышения качества коррекционно – логопедического воздействия, мною была выбрана такая форма работы, как индивидуальные занятия. Занятия проводятся по коррекционным программам, которые подбираются для детей в соответствии с речевым нарушением и возрастом. Количество занятий состоит из двух индивидуальных в неделю (30 мин). Основная задача занятий — максимальное развитие речевой функции с опорой на возможности ребенка.

- Добиться высоких результатов в логопедической работе позволят;
- тщательный отбор дидактического и наглядного материала к занятиям;
- оптимальное распределение времени на каждый этап занятия;
- компетентная, научно-обоснованная подача учебного материала;
- использование разнообразных форм и методов логопедического воздействия;

- использование компьютерных технологий и технических средств обучения и т.д.

7. Большинство дошкольников и школьников с ограниченными возможностями в развитии, как правило, имеют проблемы в развитии восприятия, внимания, памяти, мыслительной деятельности, различную степень моторного развития и сенсорных функций, наблюдается повышенная утомляемость. Чтобы заинтересовать учащихся, нужны нестандартные подходы, индивидуальные программы, инновационные технологии. [4, с 18-27]

Педагогические технологии: см. Таблица 1.

Таблица -1. - Педагогические технологии в логопедии

<i>Образовательная технология</i>	<i>Способы реализации</i>
Диалогового обучения	Способствует тому, что в процессе коррекционного обучения дети учатся выражать свои мысли, отвечать на вопросы правильно построенными предложениями, а также самостоятельно задавать вопросы уточняющего характера.
Информационно компьютерного обучения	Использование компьютерных программ позволяет повысить интерес к логопедическим занятиям, поддержать мотивацию ребенка, заинтересовать его в получении новых знаний, помочь найти свою нишу в окружающем его социуме.
Опережающего обучения	Предполагает учет задач, трудностей, этапов, которые находятся в зоне ближайшего развития ребенка.
Игрового обучения	Основывается на том, что основными видами деятельности детей в дошкольном возрасте являются игровая и конструктивная, поэтому имеет смысл использовать такие игры, которые имеют выраженный моделирующий характер. Тренируя пальцы, мы оказываем мощное воздействие на работоспособность коры головного мозга, а, следовательно, и на развитие речи. В условиях логопедического кабинета возможно использование конструкторов, строительного материала, кубиков, мозаики для автоматизации и дифференциации звуков, для развития навыков пересказа и составления рассказов по построенным декорациям, особенно по теме «Город», для ориентировки в пространстве, в том числе при помощи предлогов. Использование конструкторных технологий и мозаики, дает возможность осуществлять коррекцию с наибольшим психологическим комфортом, способствует эмоциональному подъему, что повышает результативность работы в целом, так как дети воспринимают занятие как игру. Она не вызывает у них негативизма, приучает детей к внимательности, усидчивости, интересна и детям дошкольного возраста, и учащимся младших классов.
Здоровьесберегающие технологии	Для детей, а особенно с ОВЗ, полезно включение в логопедическое занятие здоровьесберегающих технологий В.Ф. Базарного. Дополнительными средствами, обеспечивающими здоровьесберегающую направленность логопедического занятия, выступают: кинезиология, стимулирующая интеллектуальное развитие и моторику ребенка, межполушарное взаимодействие («Колечко», «Кулак – ребро – ладонь», «Лезгинка»), пружинные и шариковые массажеры и т.д.

Таким образом, в первую очередь учитель-логопед обследуя выясняет характер нарушения речевой деятельности ребенка при помощи специальных методик; на основе диагностики логопеда, совместно с другими специалистами, с учетом особенностей ребенка, составляется план индивидуального развития; используется привлечение здоровых анализаторов для компенсации деятельности неполноценных; в центре внимания логопедической работы все время остается наиболее пострадавший компонент речи; в зависимости от этапов речевого развития логопед должен изменять свои целевые методические установки; учет индивидуальных особенностей; педагогические технологии для развитие речевой деятельности.

Список литературы:

1. Концептуальные подходы к развитию инклюзивного образования в Республике Казахстан. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 13 с.
2. Исакова А.Т., Мовкебаева З.А., Айтбаева А.Б., Байтурсынова А.А. Основы инклюзивного образования (учебное пособие). - Алматы: L-Pride, 2013. - 280 с.
3. Кусаинов А.К., Аргынов А.Х., Жумаханова Р.А. Профессиональная подготовка взрослого населения в области инклюзивного образования: методическое пособие. - Алматы: ROND&A, 2008. - 120 с.
4. Мовкебаева З.А., Оралканова И.А. Включение детей с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс. Учебное пособие. - Алматы, 2014. - 241 с.

**ПСИХОМОТОРЛЫҚ ДАМУЫ КЕШЕУІЛДЕГЕН ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ
МОТОРИКАСЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Нурсеитова Ж.Ж.

аға оқытушы, дефектология магистрі

Исаева Л.Т.

оқытушы, дефектология магистрі

(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Қазақстан, Алматы қаласы

электр.пошта:l.defektolog@mail.ru

lelik_daur@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада ерте жастағы ауытқуы бар балалардың қимыл-қозғалысының даму ерекшеліктері қарастырылған. Арнайы педагогика мен психология саласындағы әдебиеттерге талдау жасалған: қалыпты және ауытқуы бар балалардың дамуы туралы Л.С.Выготский, Г.Я.Трошин, В.И.Лубовский, Р.А.Сулейменова, А.К.Ерсарина, Т.Г.Щедрин, Л.М.Шипицына және басқа да ғалымдардың еңбектерінде көрініс табады. Қозғалыс саласының ақауларының құрылымдары туралы ғылыми жұмыстар Л.О.Бадалян, Е.И.Гусев, М.В.Ипполитова, С.С.Ляпидевский, Е.М.Мастюкова, Е.Д.Хомский және т.б. еңбектерінде баяндалады. Қозғалыс саласын басқару теориясы туралы ережелер Н.А.Бернштейннің, оқу-тәрбие жүйесінің түзету бағытындағы принциптері Л.С.Выготский, В.И.Лубовский және басқаларының, ал тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық технологиясының теориялары О.Г.Приходько, Е.В.Клочкова, И.Ю.Левченко, Е.М.Мастюкова, А.А.Потапчук және басқа да ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Зерттеуге психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру мамандарының «Психомоторлық дамуы кешеуілдеген» деген қорытындысы бар балалар алынды.

Ерте жастағы ауытқуы бар балалардың қимыл-қозғалысының даму ерекшеліктерін анықтау мақсатында арнайы зерттеу жүргізіліп, қорытындысы ұсынылған. Әр бағытқа қозғалыс аясының келесідей зерттеу көрсеткіштері анықталды:

1) Жалпы моторика: еңбектеу, еңбектеу кезінде кедергілерден өту, жылдам еңбектеу, отыра алу, тұра алу, жүру, көтерілу, түсу, жиһазға шыға білу, кедергілерді аттап өту, отырып-тұру, жүгіру, секіру, доп қағып алу, допты екі қолымен лақтыру, таныс қимылдарды орындау тәсілі, жаңа қимылдарды орындау тәсілі;

2) Ұсақ моторика: ұстау, лақтыру, ұсақ мөлшердегі заттарды ұстау, моторика үйлесімі, сурет салу және қарапайым заттарды құрастыру кезіндегі көз-қимыл координациясы.

Тексеріс жүргізу кезінде зерттеушімен қатар, жұмыс мазмұнының білетін мұғалім-дефектолог қатысты. Қорытынды мәліметтер барлығымен талқыланып, сәйкесінше бағалар хаттамаға тіркеліп отырды. Бала туралы мағлұматтар ата анасының мәліметтерімен толықтырылып отырды.

Баламен үйреншікті ортасында немесе дефектологтың бөлмесінде бірнеше рет кездесу арқылы жүзеге асты. Кездесудің ұзақтығы 20 минуттан 35 минутқа дейін болады, сол себепті тапсырмалардың бар көлемі бірнеше бөліктерге бөлінген, олар қиындығына және көлеміне қарай бір-біріне сәйкес келеді.

Алынған нәтиже мектепке дейінгі мекемелердегі психомоторлық дамуы кешеуілдеген балалардың тәрбиесінде маңызды мәнге ие, өйткені мектепке дейінгі жастағы балалардың ерте және кіші кезеңдегі психомоторлық дамуының жағдайын көруге мүмкіндік береді. Бұл балалардың психомоторлық дамуының тапсырмасын адекватты анықтауға, шешімі бойынша жұмыс бағдарламасын құрастыруға көмектеседі. Ерте жастағы психомоторлы тежелісі бар балалардың моторикасының сипаты қозғалыс әлсіздігі, ырғақсыздығы, темп пен қозғалыс баяулығы, моторлық ебедейсіздік бұлшықет күшінің жеткіліксіздігі. Алынған мәліметтерді ерте

жастағы ауытқуы бар балалардың қимыл-қозғалысын дамытуда, оқытып тәрбиелеуде, арнайы орталықтарда, оналту орталықтарында қолданылуы мүмкін.

Түйін сөздер: ауытқу, психомоторлы даму, моторика, ерте жастағы балалар, жалпы моторика, ұсақ моторика.

FEATURES OF DEVELOPMENT OF MOTILITY OF CHILDREN OF EARLY AGE WITH DEVIATIONS OF PSYCHOMOTOR DEVELOPMENT

Nurseytova Z..Z.

senior teacher, master of defectology

Issayeva L.T.

master of pedagogical Sciences

(Kazakh state women's pedagogical University)

The Republic of Kazakhstan, Almaty

e-mail: l.defektolog@mail.ru

lelik_daur@mail.ru

Abstract

This article discusses the features of the movement of children with early age disorders. Analysis of the literature on special pedagogy and psychology: the development of children with normal and deviations L.S .Vygotsky, G.Y. Treshin, V.L.Lubovskii, R. A. Suleimenova, A.K.Ersarina, T.G .Shedrin, L. Shippitsyn and other scientists. Scientific works on the structure of defects in the field of the field include L.O .Badalian, EGusev, M.V .Ippolitova, S.S.Lyapidovsky, E.Mastyukova, E.D.Homsky and others in his works.

Psychological, medico-pedagogical consultations were given to children with the conclusion "Delay of psychomotor development".

A special study was conducted to determine the characteristics of the movement and movement of children with anemia.

For each direction, the following areas of research were identified:

1) General motivation: work, obstacles in work, fast work, sitting, standing, hiking, rock climbing, rock climbing, rock climbing, obstacles, jumping, running, jumping, throwing, the way of performing familiar gestures, the way of performing new gestures;

2) Fine motor skills: hold, throwing, hold small objects, combination of motor skills, drawing simple objects and when assembling eye-moving coordination.

During the inspection with a researcher who knows the content of the teacher-defectologist. These conclusions are discussed with all relevant assessment recorded in the report. Information about the child is updated in cooperation with parents .

The meeting with the child is held in the center with speech pathologists or in a common room several times. The duration of the meeting is 20 minutes to 35 minutes, so the tasks are distributed in volume, depending on the volume and complexity of the corresponding to each other.

This result is important in the education of children in pre-school institutions with delayed psychomotor development, psychomotor development of children of early and early preschool age, as it allows to see the state of psychomotor development of children. Data obtained at an early age of children with disorders of support movement, development, education and training in specialized centers can be used in rehabilitation centers.

Keywords: deviations, psychomotor development, motility, children of early age, general motility, small motility.

Арнайы педагогика мен психологияның ережелері, қалыпты және ауытқуы бар балалардың дамуы туралы Л.С.Выготский, Г.Я.Трошин, В.И.Лубовский, Р.А.Судейменова, А.К.Ерсарина, Т.Г.Щедрин, Л.М.Шипицына және басқа да ғалымдардың еңбектерінде көрініс табады. Қозғалыс саласының ақауларының құрылымдары туралы ғылыми жұмыстар Л.О.Бадалян, Е.И.Гусев, М.В.Ипполитова, С.С.Ляпидевский, Е.М.Мастюкова, Е.Д.Хомский

және т.б. еңбектерінде баяндалады. Сондай-ақ, қозғалыс саласын басқару теориясы туралы ережелер Н.А.Бернштейннің, оқу-тәрбие жүйесінің түзету бағытындағы принциптері Л.С.Выготский, В.И.Лубовский және басқаларының, ал тірек-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық технологиясының теориялары О.Г.Приходько, Е.В.Клочкова, И.Ю.Левченко, Е.М.Мастюкова, А.А.Потапчук және басқа да ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты айтылған.

Тұлғаның одан әрі қалыптасуының негізін қамтамасыз ететіндіктен, заманауи педагогика мен психологияда ерте балалық шақ кезеңі – бала дамуындағы ерекше құнды кезең болып қарастырылады. Осыған байланысты, педагогика мен психологиядағы ерте балалық шақтың негізгі ұғымдарының бірі болып «даму» түсінігі саналады. Бұл ұғымның аясында баланың тұлғасындағы жалпы және жеке алғандағы сапалы және сандық өзгерістер түсіндіріледі. Бала дамуының осы кезеңі шетелдік ғалымдардың үлкен қызығушылығын тудырады.

Бала дамуының алғашқы жылдарындағы диагностика мен мониторинг жасау саласындағы жетістіктер, биологиялық тұрғыда балалардың көру мен есту анализаторларының сақталған кезінде негізгі психомоторлық қызметтерінің (қимыл қозғалыс, таным процесстері, эмоционалдық жай күйі) зақымдалуы бар көптеген балалар топтарын анықтауға мүмкіндік тудырды.

Қазір бұл дамудың артта қалуына «Психомоторлық дамудың кешеуілдеуі» ұғымы қолданыла бастады. Осы уақытқа дейін бұл түсінік бір мағыналы анықтамаға ие болмады. Алиция Зарин мен Марина Яковлеваның зерттеулерінде психомоторлық дамудың кешеуілдеуі баладағы әр түрлі деңгейдегі: тірек-қимыл аппаратына, таным процесстері мен эмоционалдық ерік-жігер сферасына, сонымен қатар ерте жасқа тән түрлі әрекеттеріне жағымсыз биологиялық және әлеуметтік факторларының әсер етуі ретінде қарастырылады.

Зерттеуге Түзеу педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығындағы 10 бала қамтылды. Зерттеудің мақсаты: Ерте жастағы ауытқуы бар балалардың қимыл-қозғалысының даму ерекшеліктерін анықтау.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру мамандарының «Психомоторлық дамуы кешеуілдеген» деген қорытындыны бар балалар алынды.

Зерттеуді жүзеге асыру барысында *екі бағыт* қарастырылды: жалпы және ұсақ моториканы зерттеу.

Әр бағытқа қозғалыс аясының келесідей зерттеу көрсеткіштері анықталды:

1) Жалпы моторика: еңбектеу, еңбектеу кезінде кедергілерден өту, жылдам еңбектеу, отыра алу, тұра алу, жүру, көтерілу, түсу, жиһазға шыға білу, кедергілерді аттап өту, отырып-тұру, жүгіру, секіру, доп қағып алу, допты екі қолымен лақтыру, таныс қимылдарды орындау тәсілі, жаңа қимылдарды орындау тәсілі;

2) Ұсақ моторика: ұстау, лақтыру, ұсақ мөлшердегі заттарды ұстау, моторика үйлесімі, сурет салу және қарапайым заттарды құрастыру кезіндегі көз-қимыл координациясы.

Тексеріліп отырған қызметінің онтогенезіне сүйене отырып, әрбір оқытылған кезеңді сапалы бағалау үшін 0-6 ұпай арасын қамтитын шкала жасалынды.

Тексеріс жүргізу кезінде зерттеушімен қатар, жұмыс мазмұнының білетін мұғалім-дефектолог қатысты. Қорытынды мәліметтер барлығымен талқыланып, сәйкесінше бағалар хаттамаға тіркеліп отырды. Бала туралы мағлұматтар ата анасының мәліметтерімен толықтырылып отырды.

Баламен үйреншікті ортасында немесе дефектологтың бөлмесінде бірнеше рет кездесу арқылы жүзеге асты. Кездесудің ұзақтығы 20 минуттан 35 минутқа дейін болады, сол себепті тапсырмалардың бар көлемі бірнеше бөліктерге бөлінген, олар қиындығына және көлеміне қарай бір-біріне сәйкес келеді.

Зерттеуге сүйене отырып, тәжірибе мәліметтерін талдау үшін біз 3 жастағы психомоторлық дамуы кешеуілдеген барлығы 10 баланың зерттеу нәтижелерін іріктедік.

Жүру дағдысы толықтай үш жастағы балалардың 28%-ында ғана қалыптасқан. Қалған балалар асқан қиыншылықпен, баяу және сүйеніш заттарды пайдаланып немесе ересектердің қолдарынан ұстап жүрді. Шектеулі кеңістікте қозғалғанда, балалар тепе-теңдікті жиі сақтай

алмады және кенеттен құлай берді. Олар өз бетінше жүруге еріксіз келісті, қорқыныш сезімдері басым болды, жылау арқылы жағымсыз реакцияларын көрсетті және көбінесе ата-атаналырының қасында отыруды жөн көрді. Кеңістікте қозғалу үшін жүрудің алғашқы дағдыларын игергендеріне қарамастан, олар қимыл-қозғалыстарында еңбектеуді жиі пайдаланды. Мысалы: жүру арқылы өз беттерінше қозғалуды бастай отырып, қысқа уақыт аралығында еденге отырып ары қарай еңбектей бастайтын. Тұрып тұрған жағдайынан отыруға үш жастағы балалардың тек 36%-ы ғана қабілетті болды. Олар бөкселеріне сүйеніп немесе табанымен емес, тізерлеп тұруды жөн көрді, себебі оларға ыңғайлы болды. Қалған балалар отыруға талпынбады немесе отыруға әрекет жасау кезінде тепе-теңдікті сақтай алмай құлады.

3 жасар балалардың үшінші жартысы (32%) жаяу жүру кезінде кедергілерді байқамайды, ал кедергілерге ұшыраған жағдайда, тепе-теңдік ұстай алмай құлайды. Қалған бөлігі, кедергілерді байқаған сәтте жүру жылдамдығын бәсеңдетеді, құламауға әрекеттер іздеп (көбінесе табысты емес) соның көмегімен кедергіден өтуге тырысады. Дегенмен, ересек адам көмегімен кедергіден өтуге 3 жастағы балалардың 36%-ы қабілетті.

Өз бетінше баспалдақпен жүруге (көтерілу-түсу) 3 жасар балалардың көбісі әрекеттер жасағанымен, сәтсіздікпен аяқталады. Олар баспалдақтың қанатынан ұсталып, ересектердің көмегіне жүгініп адымдап қана баспалдақпен жай көтеріліп, жай түсетін болған. Жылдамдығының күрт өзгеруінен бұл балалар тепе-теңдік жоғалтып құлайды, құлағаннан ересектердің көмегінсіз тұруға қабілетсіз. Ересектердің қолынан ұстап жүгіру 3 жасар балалардың арасында тек 32%-ды құрайды. Жүру мен жүгіру дағдыларының дұрыс қалыптаспауына, біздің ойымызша, балалардағы қимылды ойындарға деген қызығушылығының жоқтығы әсер етеді. Кейбір балалар эмоционалды тұрғыда ойынға берілгенімен, қуалаған адамнан қашуда ересек адамның көмегіне жүгінуге тура келді. 3 жасар балалардың кейбірі (36%) ересектерге еліктеп жүгірсе де, тепе-теңдігін жоғалтып құлауға әкеліп соққан. Жүгіру, секіру қабілеттерінің жоқтығын бұл балалардағы қозғалыс дағдыларының онтогенезде жай қалыптасқанымен, дамуындағы ақаулықтармен түсіндіруге болады.

Балалардың саусағының арасынан ұсақ зат сырғып кетіп тұрды. Шамамен топтағы балалардың жартысы затты алақанымен алды. Оларға тұрақты ұсақ заттарды (бұрандалар, ұсақ ойыншықтар және тұрақты геометриялық фигуралар) ұстау оңай болды. Едәуір қиындықтар тегіс және қатты кеңістікте орналасқан домалақ заттарды (моншак), тегіс (пластмасса таяқшалар) ұсақ заттарды ұстауда байқалды.

Бұл қиындықтар көбіне сәйкес қимылдарды орындау кезінде, (заттарды бірінің ішіне салу) сонымен қатар, қарапайым сурет салу және құрастыру кезінде байқалған қимыл координациясының жетіспеушілігімен байланысты. Олардың қимылында дәлділік пен ырғақтылық қиынға соқты, көп жағдайда олар көмекті қажет етті. 3 (52%) жастағы балалардың арасындағы көбісі бірдей деңгейде қарындашты күшпен ұстап тұрып парақтың сыртына шыға отырып сызу әрекетін жасады. Қалғандары қарындашты және фломастерді дұрыс ұстай отырып, әр түрлі қимыл координациясымен параққа сызды.

Тігінен құрастыру (мұнаралар) кезінде оларда моторлық ыңғайсыздық байқалды, олардың қимылы екінші және үшінші текшелерді бір бірінің үстіне қояр кезде нашар үйлесім тапты. Ерекше қиындық ұсақ және орта көлемдегі заттарды құрастыру кезінде байқалды. Олар заттарды бір бірімен дәл сәйкестендіре алмағандықтан, құрастырып бітпей жатып бөлшектер шашылып жатты. Кейде бөлшектер бір бірімен өте ретсіз жалғасып тұрды.

3 жастағы балалардың жартысынан астамы (56%) белсенді түрде ересектердің үлгісі бойынша және сөздік нұсқаулар бойынша қол шапалақтады.

Алынған нәтиже мектепке дейінгі мекемелердегі психомоторлық дамуы кешеуілдеген балалардың тәрбиесінде маңызды мәнге ие, өйткені мектепке дейінгі жастағы балалардың ерте және кіші кезеңдегі психомоторлық дамуының жағдайын көруге мүмкіндік береді. Бұл балалардың психомоторлық дамуының тапсырмасын адекватты анықтауға, шешімі бойынша жұмыс бағдарламасын құрастыруға көмектеседі.

Жалпы моториканың дамуы және оның бұзылысын түзету тірек-қимыл аппаратында церебральді патологиясы бар балаларға білім беру, тәрбиелеу маңызды орынды алады.

Мұндағы басты мақсат – жалпы моториканың дамуы мен оның бұзылысын түзету болып табылады.

БЦП бар баланың моторлық дамуы жай ғана артта қалып қоймай, сонымен қатар әр этапта күрделі түрде бұзылады. Баланың жалпы қимыл-қозғалысын дамытуды негізгі қимыл-қозғалыс дәрежесіне сүйене отырып арнайы жаттығулардың көмегімен жүйелі түрде жүзеге асыру қажет. Коррекциялық жұмыс барысында мына міндеттерді шешу қарастырылады:

- баланың басын қозғалтуы мен ұстауын бақылаудың қалыптасуы;
- денсінің жоғары бөлігін бүгуге үйрету;
- қолдың тірек функциясын жаттықтыру (иығына және білезігіне тіреу);
- кеудесін бұруға үйрету (арқасынан ішіне және ішінен арқасына аударыла алуы);
- отыру және өздігінен отыра алу қабілетінің қалыптасуы;
- еңбектеуге және еңбектеу барысында тепе-теңдікті сақтауға үйрету;
- тізесіне және аяғына тұруға үйрету;
- бір орында тұруға және тіреу арқылы жүруді дамыту мүмкіндіктері;
- өз беімен жүруді және бұзылысты түзеуге талпыну.

Классикалық емдік массаж спастикалық бұлшықетті босаңсытуға және гипотониялық (әлсіз) бұлшықеттің жұмысын жақсартып, қатайтуға әсерін тигізеді. Массаж жасауда мына жұмыстар басты орынды алады: уқалау, урғылау, діріл.

Пассивті қолғалыстар ерте жастағы балаларға тиімді деп көрсетілген, себебі олардың қимыл-қозғалыстарының белсенділігі әлі толық дамымаған. Пассивті гимнастика қозғалыс жүйесінің кинетикалық және сенсорлық сезінулерінің жұмысына әсерін тигізеді. Пассивті жаттығуларды баланың назарын оның орындалуына аудара отырып көп қайталау қажет. Бала ең болмағанда қозғалыстың бір бөлігін жасауға үйренген кезде пассивті-активті гимнастикаға көшуге болады.

Қол алақанының және саусақтарының функционалдық мүмкіндіктерінің дамуы

Арнайы педагог жұмыс барысында алақан және саусақтардың моторикасын дамыту кезеңдерін ескерген жөн: ашық алақанға тірену, алақанмен затты еркін ұстай алуы, саусақпен ұстаудың қосылуы, саусақтарын бір-біріне тигізіп қарсы қоя білу, бірте-бірте қиындатылған манипуляциялар және заттық іс-әрекеттер, саусақтардың сараланған қозғалысы. Қол алақанының және саусақтардың функционалдық мүмкіндігін қалыптастырмас бұрын, қолдың жоғары жағының бұлшықет тонусын қалыпқа келтіру қажет. Бұлшықеттің босаңсуына қолды Фелпс методикасы негізінде сілкілеу ықпал етеді (қолдың 3 тен бір бөлігінен ұстап, жеңіл тербелмелі-сілку қозғалыстары жасалады). Әрі қарай алақанға және саусақтарға массаж бен пассивті жаттығулар жасалады:

- сипалау, спираль түрінде, саусақтың ұшынан негізіне дейінгі қозғалыстар;
 - ұрғылау, шаншу арқылы, саусақ ұштарын және саусақтардың арасын уқалау;
 - саусақтың және алақанның (саусақтан шынтаққа дейін) сыртқы бетін сипалау мен ұрғылау;
 - баланың алақанымен педагогдың қолына шапалақтау, қатты және жұмсақ жақтарын;
 - саусақтарын айналдыру (әрқайсысын жеке);
 - алақанын дөңгелете айналдыру;
 - алақанын тартып-созуы (оңға - солға);
 - супинациялық қозғалыс (алақанды жоғары қаратып қолды бұру), пронация (алақанды төмен).
 - Алақан саусақтарын кезекпен ашу, содан кейін саусақтарды түгелімен бүгу (бас бармақ жоғары жағынан орналасады).
 - Бас бармақтың басқа саусақтармен беттестіру (саусақтардан сақина жасау);
 - Щеткамен массаж (саусақ ұштарын және алақанның сыртқы бетін, саусақтың ұшынан білекке дейін) қаттылығы әртүрлі бағанды щеткалар қолданылады;
- Щеткамен массажды қозғалыс сезінулерін дамытуға және алақан мен саусақтың проприоцептивтік сезінулерін ынталандыруда қолданады.

Алғашында балаңың қолына ойыншық ұстатып, аузына апаруға көмектеседі. Баланың қолына салынған ойыншықтар формасы, үлкендігі, салмағы, температурасы жағынан әртүрлі болуы қажет. Бұл сипап сезу арқылы тануға үйретеді. Олар ұстауға ыңғайлы болуы керек. Әртүрлі жағдайда (ішінде, арқасында жатқанда, отырғанда, еңбектегенде, тізесіне тұрғанда, аяғында тұрғанда), әртүрлі қашықтықта, алдында, баланың жан-жағында әртүрлі биіктікте орналасқан затты алуы мен ұстауын жаттықтырады. Бала затты шынашақ пен аты жоқ саусақпен ұстауын емес керісінше бас бармақ пен сұқ саусағын қолданып ұстауын қадағалау керек. Баланы тек ұстауға емес, сонымен қатар жіберуге де үйрету қажет. Алақанның жұдырыққа түйіліп қалуын шынашақ саусақтан ұстап сілкілеу арқылы, алақанды жоғары қаратып бұру арқылы, сонымен қатар кедір – бұдыр бетімен немесе құмның үстімен жүргізу арқылы жеңілдетуге болады. Келесі іс-әрекетті орындауды ұсынуға болады:

- ойыншықты ерікті түрде жіберу (ересек адамның қолына немесе шелекке, қорапқа лақтыру);

- бір жерден шығарып алу немесе бір жерден екінші жерге ауыстырып салу;
- қорапты ашып және жабу;
- пирамидаға сақиналарды салып қайта алу;
- допты, машинаны жүргізу;
- кубиктерден мұнара жасау;
- алақанымен үлкен затты ұстау (бір және екі қолымен);
- ұсақ заттарды екі және үш саусағымен теру.

Балалармен жүргізілген кешенді сабақтардың нәтежиесінде балалардың қимыл-қозғалыс дағдыларында алға жылжушылық орын алды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында БЦП диагнозымен 9 мыңға жуық бала тіркелеген. Л.С.Выготскийдің, С.Л.Рубинштейннің, А.И.Леонтьевтің, И.М.Сеченованың, П.К.Анохиннің, А.Г.Лурияның, А.В.Запорожецтің және басқа авторлардың теориясымен келісе отырып тәжірибелік іс-әрекеттің анықталған түрлерінде, қимыл-қозғалыстың негізінде белсенді сипатта болатын танымдық қабылдау процесстері қалыптасады деп көрсеткен.

О.Г. Приходько қимыл-қозғалыс потологиясы бар балаларды зерттеуде олар туралы жеке мәлімет алу, таным процесінің қаншалықты дәрежеде екендігін білу, сөйлеу әрекетін зерттеу біз ойлағандай көрсеткіштерге қол жеткізе бермейтіндігіне тоқталған. Кешенді жан-жақты тексеру дамуында тірек-қимыл бұзылысы, психикалық, сөйлеу тілінің, әр түрлі анализаторларды зерттеу арқылы баланың сөйлеу тілі мен қимыл қозғалыс аппаратының деңгейін білуге көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар олармен түзету жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

Ерте жастағы психомоторлы тежелісі бар балалардың моторикасының сипаты қозғалыс әлсіздігі, ырғақсыздығы, темп пен қозғалыс баяулығы, моторлық ебедейсіздік бұлшықет күшінің жеткіліксіздігі. Алынған мәліметтерді ерте жастағы ауытқуы бар балалардың қимыл-қозғалысын дамытуда, оқытып тәрбиелеуде, арнайы орталықтарда, оңалту орталықтарында қолданылуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Левченко И.Ю., Приходько О.Г. Технологии обучения и воспитания детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата. М., 2001.
2. Булекбаева Ш.А. Разработка и оценка эффективности реабилитационных мероприятий при различных формах детского церебрального паралича: дисс. докт.мед.наук. – Алматы, 2010.
3. Приходько О.Г. Ранняя помощь детям с двигательной патологией. СПб., 2006
4. Бот О.С. Игры и упражнения для тренировки тонких движений пальцев рук у детей с задержкой речевого развития. М., 1997.

**БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ
ЖАНДАНДЫРУДЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ**

Измагамбетова Раиса Кудайбергеновна

Булабаева Сауле Талғатовна

Измагамбетова Райля Кудайбергеновна

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан, Алматы қ.

Ключевые слова: инновация, педагогика, процесс, проблемы, образование, образование, высшее образование, технология.

Keywords: innovation, pedagogies, process, problems, education, higher education, technology.

Аннотация

В данной статье рассматривается важность инновационных технологии в образовании, особенности, инновация и проблемы инновации. Методы, используемые в учебном процессе, определены результаты инновационной педагогической деятельности.

Annotation

The importance of innovative technologies in education, its peculiarities, the innovation, the problems are analyzed. The methods used in education process, the definite results of innovative pedagogical activities are defined.

Заман талабына сай білім берудің парадигмасының өзгеруіне сәйкес құзыретті білім беру басшылыққа алынып, оқу-білім үйретудің жаңа әдістері пайда болды. Құзыретті білім беру көбіне Еуропа елдерінде ұлттық білім беру стандарттарында қолданылады. Әр мұғалім өз пәнінде ақпараттандыру технологиясын пайдалануы: Мультимедия, электронды оқулықтармен жұмыс істеу, керекті ақпараттарды интернеттен шығарып алып пайдалануды іс жүзінде үйренуі керек. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде «Жаңа ғасыр – адамгершілік ғасыры, ал адамгершілік бастауы – мектеп. Ауыл баласының білімі мен тәрбиесі жаһандану аясында ұлтты рухани мәңгүрттіктен сақтандыру ұлттық тәрбие мен білімнің қайнар бұлағы» - деген еді. Ал, әлемдік өркениетке жету, мектепті компьютерлендіру, интернет желісіне енгізу және қолданудан көрінбек. Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімде ғана. Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасы мен ішкі және сыртқы саясатын дамытатын да бүгінгі жас ұрпақ.

Қазіргі қоғам дамуының маңызды міндеттерінің бірі – мектептік білім беру аясында біліктілігі жоғары мамандарды даярлау болып табылады. Біздің қоғамның болашағы мұғалімнің кәсіби біліктілігіне және кәсіби деңгейіне тікелей байланысты.

Білім саласындағы маңызды өзгерістер болашақ мұғалімдердің кәсіптік дайындығына күрделі де нақты талаптар қойып отыр. Қазіргі қоғамда болып жатқан кең шеңбердегі өзгерістер білімді, саналы жастарды тәрбиелеуде үлкен міндет жүктері сөзсіз. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейдегі білім негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелерінің бірі.

Қазір «Ғасырдың мектебі мен мұғалімі қандай болу керек?» деген негізгі сұраққа жауап ізделуде. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Қазір заман да, қоғам да өзгерген. Бүгінгі балалардың мақсаттары да, құндылықтары да, идеялары да бұрынғыдан мүлде басқаша. Өйткені олар – өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, жоғары талап қоя білетін адамдар.

Ол үшін мектепке заман талабына сай мемлекеттік білім стандартын енгізу, соған сәйкес кәсіби шеберлігі дамыған кадрлармен қамтамасыз ету, өркениетті ғылыми-әдістемелік бағытқа ынталандыру, жаңа базистік оқу жоспары мен жаңа буын оқулықтарына көшу, орта білімді ақпараттандыру, тағы сол сияқты білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды істер.

Бұл талаптарды орындау үшін «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының оқушылардың шығармашылық жұмыс істеуіне, жаңа талапқа сай оқытуда көмегі зор.

СТО (сын тұрғысынан ойлау) – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлеуге, пікір таластыруға, бір-бірін ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге көмектесетін бағдарлама.

СТО-ның әдіс тәсілдері оқушылардың тынымсыз іздемпаздыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Белгілі бір мазмұнға сын тұрғысынан қарау арқылы жастардың ойы дамиды.

Оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда «оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану оқытудың шығармашылық сипатын күшейтуге маңызы ерекше. Оқушының оқу еңбегіндегі ой дербестігін, оқу әрекетін жандандыруда, сыныпта және жалпы мектеп бойынша оқушылардың білім деңгейін көтеруде қолданылған стратегиялардың қай-қайсысы болмасын сабақ сапасының артуына үлесі зор. Сын тұрғысында ойлау барысындағы стратегияларды білімді меңгерудің әр түрлі кезеңінде қолдануға болады.

«Оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту» бағдарламасына негізделген сабақтар оқушыларды жан-жақты және тереңірек ашуға, оларға бағыт-бағдар беріп, әсер етуге, оқушы көзқарасын өзгертуге септігін тигізеді. Мұндай сабақты өту барысында сабақтың мақсатын нақтылап, оған шығармашылық тұрғыдан келіп, оқушының білімділік, тәрбиелік жағынан қызығушылығын арттырып, ой-өрісін дамытуға назар аудару аса қажет.

Ойлау үрдісі жазу кезінде көрінеді, демек мұғалім үшін қол жетерлік. Жазып жатқан адам әр кезде белсенді. Ол әр уақытта өзіндік ойлайды да, өзінде бар білімнің барлығын қолдана алады. Ол өзінің айтқандарын нақтылай түсу үшін дұрыс дәлелдер келтіре біледі. Жақсы жазба жұмысы белгілі бір мәселені шешудің жолын іздеуді қамтып, одан шығу жолын оқырманға ұсынады.

Оқушыларға жүйелі білім беру және алған білі негізінде іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру сияқты оқу процесінің негізгі мәселелері сабақ беру арқылы жүзеге асады. Сондықтан да сабақ беру әдістеріне әрқашан да ерекше көңіл бөліп, оны жетілдіру күн тәртібінен түспейтін мәселе.

Оқу жүйесінде білім беру мен тәрбиелеудің әр түрлі әдістері мен қалыптары болуға тиіс. Оқушылардың сабаққа ынтасын, шығармашылық белсенділігін арттыруда сабақты түрлендіріп, әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана өткізудің де маңызы зор. Мұғалім – сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын білдіріп, пікір айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен, әр бала жасаған еңбегінің нәтижесін бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жағжайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Соның ішінен сабақ беруде басшылыққа алып, қолдануға ынғайлысын келтіре кетейік:

1. Оқыту үрдісінде танып-білуге арналған материалға және оны игеру уәжіне оқушының қызығуын тудыру.

2. Оқыту үрдісі оқушының өзіне берілген тапсырманы орындау барысында орындауға қабілеті, білімі жеткендіктен оны ұжымдық талқылап, ойланып, гипотеза ұсынып, оны тексеруіне, қосымша әдебиеттермен жұмыс істеуіне негізделуі керек.

3. Оқушының тиімді даму жолдарын ашу үшін олардың әрқайсысының жеңістік жағдаятын алдын ала ескеру қажеттігі туады, яғни, оларға өз күштерімен орындай алатын

тапсырмалар мен атқара алатын оқу тапсырмалар мен атқара алатын оқу тапсырмаларын беру керек. Сонда бала өзін жеңімпаз, қиын шыңды басып өтуші, меншікті жеңісті иеленуші ретінде сезінеді.

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Сондықтан танымдылық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Бұл әдістемелік жүйенің басқа бөліктерінің де өзара байланысы қалпында өзгертілуін талап етеді. Мұны орындау үшін мына ұстамдар жүзеге асуы тиіс:

1. Оқушылардың өзіндік әйдену іс-әрекетінің әдістерін меңгеру талап етіледі. Өйткені бұл әдістердің күнделікті пайдаланылып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни, жаңа жағдайдағы «оқыту әдістемесі» деп отырғанымыз: «оқушы - мұғалім» ұстанымының өзара тығыз байланыстығы. Демек, мұнда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алуындағы белсенділігіне баса назар аударылады.

2. Жаңаша оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері болып табылады. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат – оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Ал оқытудың фронталды түрі, көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету енгізуде ғана пайдаланылады.

3. Жаңа технологияның мақсаты бойынша «оқытуды ізгілендіру» қажет. Бұл үшін оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар мұндай талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына аса бейімделген жаңа типтегі оқулықтар керек-ақ.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып отыр. Ал, бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылығының жемісімен келмек. Сондықтан да, әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді. Инновациялық педагогикалық іс-әрекет белгілі оқытудың, тәрбие беру мен дамытудың стереотипіне қарама-қайшы, ол белгілі межеден шығып, жеке шығармашыл, өз бағытымен жұмыс істей алатын мұғалім қалыптастыруға бағытталады. Педагогикалық жаңалықтарды жасау, игеру қолдауды біріктіретін инновациялық процесстер білім беруді жаңарта алатыны сөзсіз. Сондықтан да, инновациялық процесстерді игеру, жасау, қолдану мәселелерін талдау және жүзеге асыру білім беру жүйесінің әр түрлі баспалдақтарында кеңінен қолдануда. Мұғалімдер мен практикалық қызметкерлердің педагогикалық жаңа білімге деген қажеттіліктің күшеюінен келесі тенденция туындайды. Педагогикалық жаңалықтарға объективті баға бере алатындай, инновацияларды игере алатындай педагогикалық қауымның құрамын және құрылысын жаңарту жүзеге асып жатыр. Жаңа ақпараттық технология білім берудің стратегиясы ел мақсаттарына қызмет етеді, Қазақстан Республикасы Білім беру стандартына қоғамның қазіргі даму кезеңінен туындап отырған әлеуметтік сұранысқа орай баланың тұлға ретінде қалыптасуына, ақыл-ойын дамытуға, интеллектуалдық және ерік пен сезім белсенділігін қалыптастыруға септігін тигізетін жаңа технологиялық білім мазмұнын жасау және онымен үйлесімді оқытуды ұйымдастыру түрлерін анықтау қажеттілігі атап көрсетілген. Алайда, ғылыми зеріттеулер және біздің тәжірибеміз көрсеткендей баланы тұлға ретінде қалыптастыру үшін, қазіргі дидактиканың көкейтесті мәселесі - мектеп пәндерін соның ішінде технология мектеп курсы педагогика ғылымына сай әдістемелік жаңарту, білім беру жүйесін инновацияландыру керек екендігін көрсетіп отыр. Технология пәнін оқытудағы тиімді жолды таңдап алу үшін эканомиканың осы қағидасын сүйгенді жөн көрдік. Әрбір бала мектепке білім алуы мақсат етіп келетіні аян. Бірақ нарықтық қатынас жағдайында оқушының білім алуға деген ынтасының төмендеп кеткені бізді қатты алаңдатады. Ұстаздың алға қойған мақсаттарының бірі оқушы белсенділігін арттыру, олардың іс-әрекеттерін басқару арқылы

іздістіру, олардың іс-әрекеттерін басқару арқылы іздестіру ой – таласын туғызу. Сатылай комплексті талдау дегеніміз - оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай жүйелі, комплексті меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарда бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Бұл технологияның басты ерекшелігі-оқушы өз бетімен ізденіп, шығармашылықпен жұмыс жасайды,оның сабаққа деген ынтасы,қызығушылығы артады. Жаңаша педагогикалық технология- ғылым жетістігі. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Жаңа технологияны күнделікті сабақ үрдісіне пайдалану үшін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагог мақсат-мүддесін өз шеберлігіне байланысты тандап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруды, мұғалім белсенділігін, шығармашылық ізденісін, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін әділ бағалауы ерекше орын алады. Білім беру –оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі қазіргі кездегі білім берудегі мақсат жан-жақты, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой – толғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.Оқушылардың дүниетанымын кеңейту,істеген ісіне тұжырым Мектептерде жаңа технологиялық оқытудың тиімді жолдарын іздестіру жалғасуда. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына, сабақта пікір таластырып, өз ойларын ортаға емін –еркін сала отырып, ашық айтуының да маңызы зор. Оқушылармен шығармашылық бағытта жұмыс жасаудың ұтымды жағы:

1. Бала оқулықкөлеміненшығышпойланады.
2. Ойлағаны мен оқығанынсаралап, салыстырабіледі.
3. Көпшілікалдындашығармашылықжұмысынқорғап, пікірайтабіледі.
4. Оқуға, білімге, ғылымғақызығушылығыартып, оданәрідамибереді.

Partners in business communication can not understand each other in connection with the different level and a directivity of vocational training, narrow vision, differences in the social status, however the important factor hindering on the way of mutual understanding of interlocutors psychological barriers are. The entity of such barriers consists in a psychological and emotional state of the interlocutor, in his personal installations and methods of perception. Thus, psychological barriers in business communications are:

1. The negative emotions of the partner expressed in bad mood, anger or irritation. Aggression, unwillingness to listen, sharp criticism and denial – one of the most probable and obvious forms of manifestation of negative emotions. Though emotions – the situational phenomenon, however, if they overflow the head of the organization, even let in the latent form, during the meeting or negotiation process, then it can lead to rash decisions and irreversible consequences. In case of such barrier the interlocutor captured by emotions can give the wrong assessment of the situation caused by the distorted idea of reality.

2. Perception barriers. Perception, or perception, represents set of processes by means of which the ideal model (a subjective image) of objectively existing reality is formed. Any judgment or action of the partner during business communication is projected in our subconsciousness from a position of our own vital installations and experience. However deeper perception is assessment of appearance and behavior of the person. If from one partner of the second doesn't cause due respect or sympathy then he doesn't correspond to his earlier created stereotypes that breaks communicative process.

Keywords: business communication; psychological barriers; perception; role communication.

В эпоху глобализации и всемирной интеграции успешность предприятия напрямую зависит от способности его руководства налаживать коммуникационные связи и заключать взаимовыгодные сотрудничества. При правильном подходе к деловому общению руководители могут повышать значимость и имидж компании в глазах сотрудников, партнеров и даже мировой общественности.

Деловое общение – это процесс взаимосвязи и взаимодействия, в котором происходит обмен деятельностью, информацией и опытом, предполагающим достижение определенного результата, решение конкретной проблемы или реализацию определенной цели [1, с. 58].

В современном мире, в котором присутствуют постоянные коммуникации с другими людьми и быстрый темп жизни, знание навыков эффективного делового общения является обязательным преимуществом.

Общение – это сложный многоплановый процесс установления и развития контактов между людьми (межличностное общение) и группами (межгрупповое общение), порождаемый потребностями совместной деятельности и включающий в себя, как минимум, три различных процесса:

- коммуникация (обмен информацией);
- интеракция (обмен действиями);
- социальная перцепция (восприятие и понимание партнера).

Деловое общение – это вид общения, цель которого лежит за пределами процесса общения и которое подчинено решению определенной задачи (производственной, научной, коммерческой и т. д.) исходя из общих интересов и целей коммуникантов.

Примеры делового общения: деловая беседа, совещание, заседание, собрание, переговоры, презентация, конференции и телеконференции, деловая переписка, консультация эксперта по конкретному вопросу, консилиум, интервью журналисту, задания подчиненным, их отчеты перед руководством, выступление студента на семинаре, сдача экзамена, зачета, собеседование с преподавателем.

Суть делового общения имеет регламентированный (целевой) характер и ограничивается рамками определенной темы или круга вопросов. Оно осуществляется, как правило, в ходе делового взаимодействия, в официальной, рабочей обстановке как в форме непосредственного личного контакта, так и через технические средства.

Психологами отмечаются некоторые **современные тенденции в изменении роли, содержания и качества делового общения:**

▪ Наблюдается значительное усиление в современной жизни как в России, так и за рубежом, роли общения, причем как делового, так и межличностного. В настоящее время расширились контакты между людьми, особенно в сфере международных отношений. В России существенно усилилась роль общения в процессе создания и оказания различных услуг.

▪ Происходит заметное ослабление роли непосредственного общения в связи с развитием электронных коммуникационных систем и виртуальной организации труда.

Процесс деловых коммуникаций проходит как с членами самой организации, так и с внешними партнерами. Суть «внутреннего», или «служебного» делового общения кроется в обмене информацией между сотрудниками и их руководителями, между низшим и высшим звеном руководства. Оно выражается в деловых беседах, совещаниях, дискуссиях, телефонных звонках и переписках, в процессе которых производится анализ результатов, высказываются возражения и различные точки зрения по поводу предмета обсуждения, на основе которых совместно разрабатываются и оцениваются рабочие идеи. В данном случае, деловое общение выступает средством контроля и координации деятельности, получения обратной связи. Деловые коммуникации с внешними партнерами, как правило, в форме переговоров, встреч или телефонных звонков, позволяют организовать совместные мероприятия, обозначить круг обязанностей, закрепить ответственность и сформировать условия взаимовыгодного сотрудничества.

Следовательно, целью деловой коммуникативной связи выступает сбор информации и выработка определенного решения (мероприятия), где важным психологическим аспектом достижения данной цели выступает взаимопонимание участников деловой беседы.

Партнеры по деловому общению могут не понимать друг друга в связи с разным уровнем и направленностью профессиональной подготовки, узким видением, различиями в социальном статусе, однако немаловажным фактором, препятствующим на пути взаимопонимания собеседников, являются психологические барьеры. Сущность таких барьеров заключается в психологическом и эмоциональном состоянии собеседника, в его индивидуальных установках и способах восприятия. Таким образом, психологическими барьерами в деловых коммуникациях являются:

1. Отрицательные эмоции партнера, выраженные в плохом настроении, гневе или раздражении. Агрессия, нежелание слушать, резкий критицизм и отрицание – одни из наиболее вероятных и явных форм проявления отрицательных эмоций. Хотя эмоции – ситуативное явление, однако, если они переполняют руководителя организации, даже пусть в скрытой форме, во время совещания или переговорного процесса, то это может привести к необдуманным решениям и необратимым последствиям. В случае возникновения такого барьера охваченный эмоциями собеседник может дать неправильную оценку ситуации, вызванную искаженным представлением о действительности.

2. Барьеры восприятия. Восприятие, или перцепция, представляет собой совокупность процессов, посредством которых формируется идеальная модель (субъективный образ) объективно существующей реальной действительности [2, с. 122]. Любое суждение или действие партнера во время делового общения проецируется в нашем подсознании с позиции наших собственных жизненных установок и опыта. Однако более глубоким восприятием является оценка внешнего вида и поведения человека. Если со стороны одного партнера второй не вызывает должного уважения или симпатии, то значит он не соответствует его ранее сформированным стереотипам, что нарушает коммуникативный процесс.

Перцептивная сторона общения заключается, таким образом, в восприятии внешних признаков собеседника, в соотношении их с его личностными характеристиками, в интерпретации и прогнозировании на этой основе его поступков [2, с. 122]. Следовательно, если партнер по общению не привлекает ни своим поведением, ни внешним видом, то есть не отвечает нашим стереотипам, то все его суждения, идеи и поступки будут заведомо отрицаться или вовсе не будут восприниматься собеседником. Несмотря на то, что у каждого человека имеются собственные жизненные ориентиры, на которые он опирается в процессе общения, существуют и общие, навязанные обществом, социально-психологические механизмы (схемы) восприятия. Одним из таких социокультурных факторов является социальный статус партнера: чем выше его уровень, тем более положительный образ складывается в глазах большинства людей. Построение образа партнера по этим схемам иногда приводит к так называемым эффектам первого впечатления или систематическим ошибкам социального восприятия [1, с. 18].

Принципы делового общения. К общим принципам, регулирующим протекание процессов делового общения, относят:

1. межличностность;
2. целенаправленность;
3. непрерывность;
4. многомерность.

1. Межличностность:

межличностное общение характеризуется открытостью и многоплановостью взаимодействия людей, основанного на их личном интересе друг к другу. Несмотря на преимущественно деловую направленность, деловое общение неминуемо имеет характер межличностного контакта, содержит некий межличностный радикал. Осуществление делового общения, в любом случае, обусловлено не только конкретным делом или обсуждаемым

деловым вопросом, но и личностными качествами партнеров, их отношением друг к другу. Поэтому деловое общение неотделимо от межличностного контакта.

2. Целенаправленность:

направленность делового общения многоцелевая. В процессе общения, наряду с осознаваемой целью, информационную нагрузку несет и неосознаваемая (подспудная) цель. Так, например, докладчик, сообщая аудитории статистические данные, хочет обрисовать объективную ситуацию в проблемной области. Вместе с этим, может быть, на неосознаваемом уровне у него есть стремление продемонстрировать присутствующим свой интеллект, эрудицию и красноречие.

3. Непрерывность:

попав в поле зрения делового партнера, мы инициируем непрерывный деловой и межличностный контакт с ним. Поскольку общение включает как вербальные, так и невербальные элементы, мы постоянно посылаем поведенческие сообщения, которым собеседник придает определенный смысл и делает соответствующие выводы. Даже молчание партнера или его физическое отсутствие в данный момент включены в акт общения, если они значимы для другого человека. Это происходит потому, что любое наше поведение информирует о чем-либо. Оно представляет собой реакцию на ситуацию и на окружающих людей.

4. Многомерность:

в любой ситуации делового взаимодействия люди не только обмениваются информацией, но так или иначе регулируют свои взаимоотношения. Например, когда, собираясь в поездку, Леонид говорит Денису: «Нам надо взять с собой карту», он не только передает информацию. Важно, как Леонид говорит — в зависимости от тона его сообщение может подразумевать: «я главное тебя — если бы не я, мы бы забыли важную вещь для нашей поездки».

В ходе делового общения могут реализовываться, по крайней мере, **два аспекта взаимоотношений:**

1. поддержание делового контакта, передача деловой информации;
2. передача эмоционального отношения партнеру (позитивного или негативного), присутствующего в любом взаимодействии.

Деловая общение, как правило, состоит из следующих этапов:

- ознакомление с решаемым вопросом и его изложение;
- уточнение влияющих на выбор решения факторов;
- выбор решения;
- принятие решения и доведение его до собеседника.

Залог успеха деловой беседы — компетентность, тактичность и доброжелательность ее участников. Важным элементом как деловой, так и светской беседы является *умение слушать собеседника*.

Регламентаторами беседы являются вопросы. Для уяснения проблемы целесообразно задавать *вопросы открытого типа*: что? где? когда? как? зачем? — на которые невозможно ответить «да» или «нет», а требуется развернутый ответ с изложением необходимых деталей.

Если возникает необходимость конкретизировать беседу и сузить тему обсуждения, то задают вопросы закрытого типа: должен ли? был ли? имеется ли? будет ли? Такие вопросы предполагают односложный ответ.

Этика делового общения является профессиональной этикой, регулирующей систему отношений между людьми в сфере бизнеса. Деловое общение должно протекать в соответствии с профессионально-этическими нормами и стандартами. Их можно объединить в две группы:

- комплекс этических представлений, норм, оценок, которыми личность владеет от рождения, представление о том, что такое добро и что такое зло — то есть собственный этический кодекс, с которым человек живёт и работает, какую бы должность он ни занимал и какую бы работу ни выполнял;
- нормы и стандарты, привносимые извне: правила внутреннего распорядка организации, этический кодекс фирмы, устные указания руководства, профессиональный этический кодекс.

Деловое общение отличается от общения в широком смысле тем, что в его процессе ставятся цель и конкретные задачи, которые требуют своего решения [3, с. 31]. Поэтому обмен информацией в ходе делового общения осуществляется в основном по строго определенным правилам – в рамках делового этикета. То есть деловое общение представляет собой стандартизированную процедуру, где определены схемы проведения деловых переговоров, совещаний и встреч, а также распределены роли участников коммуникативного процесса. Поэтому «типизация» делового общения связана с тем, что деловое общение – это ролевое общение. В таком общении человек лишается возможности выбирать тот или иной образ поведения, потому что все действия предопределены его социальной позицией и должны соответствовать ожиданиям участников общения. Таким образом, можно выделить психологические аспекты делового общения:

- на объективную профессиональную оценку информации во время делового общения оказывают субъективные представления и восприятия друг друга каждым отдельным участником общения;
- деловое общение будет результативным только в том случае, если влияние психологических факторов на участников – минимальны;
- это ролевое общение, которое обязывает участников держаться определенных устоев поведения.

Для эффективного делового общения характерно прежде всего достижение взаимопонимания партнеров, а также лучшее понимание ситуации и предмета общения (достижение большей определенности в понимании ситуации способствует разрешению проблем, обеспечивает достижение целей с оптимальным расходом ресурсов) [3, с.31]. Принцип стандартизации общения в деловых коммуникациях закрепляет систему определенных ценностей, которая помогает преодолеть зависимость от субъективности и сосредоточиться на получении результата от общения, а следовательно установить скорейший контакт и взаимопонимание между участниками общения.

Существуют определенные общие правила, которые целесообразно придерживаться при ведении деловой беседы:

- Говорить нужно так, чтобы каждый участник беседы имел возможность легко вступить в разговор и высказать свое мнение.
- Недопустимо нападать с эмоциями и нетерпением на чужую точку зрения.
- Высказывая свое мнение, нельзя отстаивать его и повышать голос: спокойствие и твердость в интонациях действуют более убедительно.
- Изящество в разговоре достигается через ясность, точность и сжатость высказываемых доводов и соображений.
- Во время беседы необходимо сохранять самообладание, хорошее расположение духа и благожелательность.
- Серьезная полемика, даже при уверенности в своей правоте, негативно сказывается на взаимно полезных контактах и деловых отношениях.
- Ни при каких обстоятельствах нельзя перебивать говорящего. Лишь в крайних случаях можно сделать замечание со всевозможными формами вежливости.
- Воспитанный человек, прервав беседу, когда в комнату вошел новый посетитель, не продолжит разговор, прежде чем не ознакомит вкратце пришедшего с тем, что было сказано до его прихода.
- Недопустимо в беседах злословить или поддерживать злословие в адрес отсутствующих. Нельзя вступать в обсуждение вопросов, о которых нет достаточно ясного представления. Упомянув в беседе третьих лиц, необходимо называть их по имени-отчеству, а не по фамилии.
- Женщина никогда не должна называть мужчин по фамилии.
- Необходимо строго следить за тем, чтобы не допускать бестактных высказываний (например, критика религиозных воззрений, национальных особенностей и т.п.).
- Считается неучтивым заставлять собеседника повторять сказанное под тем предлогом, что вы не расслышали каких-то деталей.

▪ Если другой человек заговорит одновременно с вами, предоставьте право сначала высказаться ему.

▪ Образованного и воспитанного человека узнают по скромности. Он избегает хвастать своими знаниями и знакомствами с людьми, занимающими высокое положение.

Однако в современной культуре эмоциональные отношения и субъективная оценка имеют высокую значимость в деловых коммуникациях, и скорее будут присущи всегда системе субординационных отношений и делового общения как психологический аспект российского менталитета.

Список литературы:

1. Бороздина Г.В. Психология делового общения : учебник / Г.В. Бороздина. — 2-е изд. — М. : ИНФРА-М, 2017. — 295 с.

2. Кошечкина И.П. Профессиональная этика и психология делового общения: Учебное пособие / И.П. Кошечкина, А.А. Канке. - М.: ИД ФОРУМ: НИЦ Инфра-М, 2013. - 304 с.

3. Сидоров П.И. Деловое общение: Учебник для вузов / П.И. Сидоров, М.Е. Путин и др.; Под ред. проф. П.И. Сидорова - 2-е изд., перераб. - М.: НИЦ ИНФРА-М, 2013. - 384 с.

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ҚАСҚЫР БЕЙНЕСІ

Қымбат Нұрсұлтанқызы

*Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
nurkyz999@mail.ru*

Түйіндеме: Фольклор – халық өмірінің айнасы іспеттес, өте ерте замандарда туып, жазба мәдениеттен бұрын қалыптасқан мәдени құбылыс. Ауыздан-ауызға, атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ел аузында сақталып келген көркем сөз өнері. Кез келген фольклор үлгісі – нақты бір халықтың ортақ рухани-мәдени мұрасы. Ол халықтың көркем ойлау ерекшеліктерін – эстетикалық және тарихи талап-талғамдарын аңғартады.

Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде пайда болған фольклор дамыған қоғамның этностарында да сақталған. Ол нақты тарихи фактілер мен тұлғаларды бейнелеуге ғана арналмай, өткен тарихтың басты-басты мән-мазмұнын көркемдік бейнесі тұрғысынан да суреттейді. Фольклор – рухани мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі, халық бұқарасының, этностардың көркемдік ой-толғамының пәрменді нысаны, эстетикалық талғамының, адамгершілік қағидаларының шоғырлы көрінісі болып табылады. Фольклордағы көркемдік жинақтама бейнелер арқылы халық қоғамдық өмірдің әр түрлі құбылыстарына өз көзқарасын білдірген.

Соның бірі – халық шығармашылығындағы бөрі бейнесі. Көшпелілердің көне мифтік көзқарастары жыр-аңыздарында көрініс тапқан. Көшпелілер мәдениетінің ең бір көне нұсқалары – миф пен эпсаналар. Миф – фольклордың ең көне жанры. Оның түп-тамыры сонау алғашқы қауымдық құрылыстан басталады. Адам баласы өзін қоршаған орта, табиғат, жан-жануарлар, өмір, өлім, өсіп-өну туралы ерте заманнан-ақ өз түсініктерін қалыптастырған.

Көк бөрі тотемі түркілер өмірінде үлкен орын алды. Тотем түсінігі – халықтың өз тегіміз, туысымыз деп жан-жануарды қастерлеуі, оларға сиынуы. Түркілер өздерінің ата-тегі қасқыр деп санаған. Осы қайратты да ерікті, айлакер де ақылды тұз тағысы жаулардың шабуылынан қырғынға ұшыраған тайпаның ең соңғы ұрпағын – кішкентай сәбиді желеп-жебеуші, асыраушы, құтқарушы болып танылған. Аңыз бойынша, түркі халқының көсемі Ашина өзінің осы тектік ерекшелігін білдіру үшін ордасының қақпасына бөрі басының суреті бар ту байлаған. Бұл аңыздың бұлыңғыр сілемі кейінгі қазақтарға дейін жеткен. Қазақта бөріні «тәңір серісі» деп құрметтеген. Қасқыр бейнесі – қазақ халқының діни наным-сенімін, дүниетанымын, рухани деңгейін аңғартатын танымдық тұлға, ерлік пен қайсарлықтың, күштілік пен еркіндіктің символы.

Кілт сөздер: Қасқыр, миф, фольклор, тотем.

THE IMAGE OF WOLF IN KAZAKH FOLKLORE

Kymbat Nursultankyzy

*Member of the Journalists Union of the Republic of Kazakhstan
Almaty, Republic of Kazakhstan
nurkyz999@mail.ru*

Abstract: Folklore – a mirror of the people's life, it was born in very early times and is a cultural phenomenon before printing. It's a literary style that reached from mouth to mouth, from father to child, from generation to generation. Any kind of folklore is a common spiritual-cultural heritage of a specific nation. It refers to the peculiarities of the artistic-literary thinking of the people – aesthetic and historical taste. The folklore that emerged during the first community building was also preserved in the cultures of a developed society. It does not only represent specific historical facts and figures, but also illustrates the main point of view of the past in the context of its artistic image. Folklore – an important component of spiritual culture, is the effective form of artistic thought of the ethnos, of the

people's masses, a consolidated view of aesthetic taste and moral principles. Through the artistic-literary collectional images in folklore, people express their own views on various aspects of social life. One of them is the image of wolf in folk art. Ancient mythical views of nomads are reflected in legends. One of the oldest versions of nomadic culture is myths and epics. Myth is the oldest genre of folklore. Its origins begin with the very first community society. Human beings have formed their own understanding of the environment, nature, animals, life, death, reproduction from the earliest times. The totem of gray wolf has a great place in the life of the Turks. The notion of Totem – is the respect for the animals, praying on them as people's family relatives. Turks believed that their ancestors were wolves. This courageous and voluntary, cunning and clever wild animal depicting as a supporter, a feeder, a rescuer of a child, the last generation of the tribe that has been attacked and slaughtered by enemies. According to the legend, Ashina, the leader of the Turkic people, hangs a picture of the head of the wolf to the gate of the horde to express her originality. This legend reached the Kazakhs of later time. The Kazakh people respected as a «god knight». The image of a wolf is a symbol of the cognitive personality of the Kazakh people, which reflects the religious beliefs, world outlook, spirituality, heroism and fortitude, strength and freedom. At the present time, the words «қасқыр, көкжал, бөрі» are spoken as praise to the Kazakh guy. Giving the spirit to the generation by «Wolf flag is my motto!» («Бөрілі байрақ – ұраным!») our ancestors continue giving the name of wolf to their children. Examples of such names are Boribay, Burikul, Boltyrik, Kaskyrbai and Bori. The main character in the Alpamys batyr poetry is the father of Baibori - a reflection of that process. The image of this holy and honorable Gray wolg - an old-fashioned image of ancient Turkic literature and folklore. It can be found in the ancient Turkic inscriptions. One of them is the legend of the common to all of the Turkic peoples archive «Oqiznama», written in XIII-XV centuries. The phrase in the poem «Our motto is Gray wolf» is of great importance. Here the Gray wolf, which has been promoted to the slogan, is an honorable and sacred legend of the Turkic-speaking peoples.

Keywords: Wolf, Myth, Folklore, Totem.

Фольклор – халық өмірінің айнасы іспеттес, өте ерте замандарда туып, жазба мәдениеттен бұрын қалыптасқан мәдени құбылыс. Ауыздан-ауызға, атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ел аузында сақталып келген көркем сөз өнерінің асыл қазынасы, ортақ рухани-мәдени мұрасы. Фольклор – кең ауқымды ұғым. Ол ауызекі әңгіме, хикаят, миф, аңыз, ертегі, әпсана, эпос, мақал-мәтел, музыка, би, сурет, сәулет, археология тәрізді жанрларды қамтиды.

Адам баласы өзін қоршаған орта, табиғат, жан-жануарлар, өмір, өлім, өсіп-өну туралы ерте заманнан-ақ өз түсініктерін қалыптастырған. Қазақтың сөз өнерінің тегі әріден, түркі тілдес тайпалардың өз алдына халық болып қалыптаспай тұрған кезінен басталады. Сан ғасырлық ақыл-ойының жемісінен халықтың көркемдік тарихы, эстетикалық талғам-талабы, адамгершілік қағидаларының көрінісі аңғарылады. Фольклордағы көркемдік жинақтама бейнелер арқылы халық қоғам өмірінің әр түрлі құбылыстарына өз көзқарасын білдірген.

Соның бірі – халық шығармашылығындағы қасқыр бейнесі. Көзі қарақты жан фольклор жанрларында қасқыр бейнесінің негізінен ақ, көк және қара түспен сипатталатынын аңғарары анық. Бұл тегін емес. Ғылыми мәлімет бойынша, табиғатта қара және көк қасқыр кездеспейтіндігі, қасқырлар қара-қоңыр, сұр және ақшыл түсті болатындығы белгілі. Ал, фольклорлық шығармалардағы сипатталатын түстер қасқыр бейнесінің символикалық мазмұнын ашатын маңызды мәнге ие. Көк бөрі адамның қамқоршы, жебеушісі, ал қара қасқыр зұлымдықты бейнелейді.

Көшпелілер мәдениетінің ең бір көне нұсқалары – миф пен әпсаналар. Оның түп-тамыры сонау алғашқы қауымдық құрылыстан басталады. Көк бөрі тотемі көшпелілер өмірінде үлкен орын алды. Тотем түсінігі өз тегіміз деп жан-жануарды қастерлеп, оларға сиынудан шыққан. Түркілер өздерінің ата-тегі қасқыр деп санаған. Түз тағысы жаулардың шабуылынан қырғынға ұшыраған тайпаның ең соңғы ұрпағын – кішкентай сәбиді құтқарушы, асыраушы болып танылған. Аңыз бойынша, түркі көсемі Ашина өзінің осы тектік ерекшелігін білдіру үшін ордасының қақпасына бөрі басы бейнеленген ту байлаған екен. Бұл аңыздың көріністері қазақ фольклорында да орын алған. Көк бөрі бейнесі көк Тәңірі түсінігімен астасып жатыр. Ол – адамзаттың арғы тегі, ғайыптан пайда болған құтқарушысы.

Көк бөрі образы түркі халықтарының ежелгі дәуір әдебиетінде, фольклорында көнеден келе жатыр. Оны көне түркі жазба ескерткіштерінен де кездестіре аламыз. Соның бірі – XIII-XV ғасырларда жазылған, түркілерге ортақ көне мұрағат «Оғызнама» дастаны. Дастандағы «Ұранымыз көк бөрі болсын!» деген тіркестен ұран дәрежесіне дейін көтерілген бөрі бейнесін түркі тілді халықтардың аса қадір тұтқанын аңғарамыз.

Бөріні "тәңір серісі" деп қастерлеген қазақ халқы «бөрілі байрақ – ұраным!» деген бір ауыз сөзбен-ақ ұрпағына рух берген. Кескілескен шайқастарда бөрілі байрақпен атойласа, баласының бесігіне ырымдап, қасқырдың азуын байлаған. Қасқыр бейнесі – қазақ халқының дүниетанымын, рухани деңгейін, діни наным-сенімін айқын аңғартатын танымдық тұлға, ерлік пен қайсарлықтың, күштілік пен еркіндіктің символы. Әйелінің аяғы ауыр кезде ер адам түсінде көк бөрі көрсе, аса бір жақсылыққа балап, текті бала туады деп жорыған. Баланың болашақ тағдырына азан шақырып қойған есімі үлкен ықпал етеді деген сеніммен қасқыр атын беру үрдісі де ерте заманнан жалғасын тапқан. Бұған ел арасында кең таралған Бөлтірік, Бөрібай, Бөрікұл, Бөрі, Қасқырбай тәрізді есімдер мысал бола алады. «Алпамыс батыр» жырындағы басты кейіпкердің әкесінің Байбөрі аталуы – сол үрдістің бір көрінісі. Қазіргі уақытта да қасқыр, көкжал, бөрі деген сөздер қазақта жігітке мақтау ретінде айтылады. Ертеде жарық дүниеге жаңа келген шақалаққа анасының уыз сүтінен бұрын көкжалдың жүнімен таңдайына су тамызып, ауыздандырып, талмау жасатқан. Содан соң таң асырып барып, анасының сүтін емуге мүмкіндік берген. Қасқырдың жүрегімен баланы ауыздандырса, ол бала қасқырдай алғыр әрі тегін болмайды деп ырымдаған. Тісін, тырнағын бойтұмар қылып тағып жүрсе, тіл-көзден сақтайды деп ұққан. Күшті де қаһарлы, ақылды да айралы қасқырдың қасиеті нәрестенің бойына жастайынан сіңгенін көкसेген.

Қалай болғанда да, мифтік сана әлі күнге дейін адаммен бірге өмір сүріп келеді. Ежелгі заманда тотем-бабаның етінен дәм тату арқылы оның қасиетін иеленуге болады деп сенген. Әрине, бертінгі замандарда оның түпкі негізі ұмытылып, ол мотив тек шығарма қаһарманын дәріптеу үшін көркемдік құрал ретінде пайдаланылған. Бұл тәсіл көбінесе аңыздар мен шежірелерде байқалады. Әдетте, болашақ көсемнің немесе ханның, батырдың анасы құрсақ көтерген кезінде өте күшті жыртқыш аңның етіне, бауырына, өтіне жерік болады. Жұбайы міндетті түрде әйелінің аңсағанын тауып береді. Содан кейін туған бала анасы жерік болып, етін жеген күшті аң сияқты аса қайратты, ержүрек, елден ерекше болып өседі. Оның алабөтен жаратылысы – анасының тотемдік қасиеттерді бойына сіңіруінен деп түсіндіріледі. Мысалы, ел аузындағы шежіре бойынша, Шапырашты батырдың анасы қасқырдың бауырына жерік болыпты. Жерігі қанғаннан кейін әйел мезгілі жетіп ұл туады. Кейін ол бала асқан батыр, жауынгер болып өседі. Оның ержүректігі мен қайсарлығын анасының бөрі бауырына жерік болғанымен байланыстырып, ел оны «бөрі бауырын жеген Шапырашты» деп атаған дейді. Сүйінбай ақынның:

«Бөрілі байрақ астында ту түсіріп,
Жау алған Шапырашты батыр бабамыз.
Бөрі басы – ұраным,
Бөрілі – менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым», – дегені де сондықтан.

Фольклорлық мотивтің тағы бір қыры – халық нанымындағы қасқыр бейнесінің тәңірі мен пенделердің арасын байланыстырушы күшке және нагуалға, яғни жеке адамдардың жебеуші рухына айналуы. Бір аңыздарда атақты Қаз дауысты Қазыбектің жиені Абақ керей Жәнібектің, Есет батырдың жебеушісі көк бөрілер болған деп суреттеледі. Керей Жәнібек ұйықтаған кезде үстінде екі бөлтірік ойнап жүрсе, Есет батырдың езуін арлан жалап тұрады екен. Бұл батырлардың бойындағы асқан күш-жігер мен қайсарлық Тәңірінен берілгендігінің белгісі, ал бөрілер – Тәңірінің қолдауын жеткізуші. Қиын-қыстау кезеңде ұрпағына жәрдем етеді, қолдап-қорғап, желеп-жебеп жүреді. Қысылған халыққа көктен көмекші ретінде келеді, жорықтарда қол бастап, көшкенде жол көрсетеді, ажалдан арашалап қалады.

Адам баласының аңмен туыстығы туралы көне миф кейін ертегіге айналып, аң мен адам арақатынасы басқа мәнде баяндалады. Оның мысалын қазақ ертегілерінен көруге болады. Ауыз әдебиетінің ықылым заманнан келе жатқан мол мұрасында халық басынан кешкен ғасырлар ізі жатыр. Онда халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрып, арман-мұраты, мұң-шері бейнеленген. Сол дүниеде жаңалық пен жамандық, әділдік пен жауыздық, адалдық пен қаскөйлік бітіспес арпалыста болады. Тартыс осы қарама-қарсы күштер арасында өрбиді. Ертегілерде қасқыр бейнесі екі түрде кездеседі. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі ақ қасқырлар – сиқырлық қасиеті бар, адамзаттың киелі досы. Қалаған уақытында қасқырдан адам кейпіне ауысып, құбыла алады. Адам баласымен келісімге келіп, уағдаласады, одақ құрады, некелеседі. Ертегілердің негізгі арқауы бөрінің тылсым сиқыр әлемімен адамдардың байланысы төңірегінде өрбиді. Ал жер астын, түнек әлемін мекендеген қара қасқырлар адамға зұлымдық жасайды. Қасқырдың осылайша жағымды-жағымсыз бейнеде сипатталуы белгілі бір түсте берілуімен символикалық түрде байланысады. Бұл образдар біріккен күйде халқымыздың әлем құрылысы туралы ескіліктегі түсінігімен астасып жатқанын аңғару қиын емес. Ертедегі ата-бабаларымыздың дүниені үш бөлікке: бірінші бөлік – жеті қат көк – Тәңірі тұрағы; екінші бөлік – қара жер – адамзат пен оған дос, сиқырлы киелердің мекені; үшінші бөлік – жер асты – зұлым, қараңғы күштердің қонысы деп бөліп, жаратылыс пен оның құпия сырларына дендеуге ұмтылғандығының көрінісі бола алады.

«Қасқыр мен жігіт» ертегісінде қасқырды соққалы қуған бозбала бөрінің қызына үйленеді. Ал «Қасқырдың жасаған қамқорлығы» ертегісінде қасқыр адамға ғажайып қамқорлықтар жасайды. «Сырттандар» деген ертегіде жігіттің, қасқырдың, иттің сырттаны, аттың тұлпары тайталасқа түседі. Бұл ертегідегі қасқыр – айқын қаскөй күш, зұлымдықтың жиынтық бейнесі. Қасқыр сырттаны жалғыз баланы туа салысымен жеп қоймақ болады. Баламен бірге адал серігі, ажалына арашашы болып, құлын тұлпар да қоса туады. Осы арпалыс арқылы дүние адам үшін жарымы дос, жарымы қас, мәңгі жойылмас керісте деген ұғым-наным танылады. Кейінірек жігітке жәрдемші боп ит сырттаны да араласады. Тіршілік үшін жанталасқан күресте ат пен ит достығы арқылы қасқыр сырттаны жеңіліп, жігіт үлкен сыннан өтеді.

Ертегінің тағы бір саласы – тұрмыс-салт ертегілері және хайуанаттар туралы ертегілерде көбінесе елдің тұрмыс-тіршілігі суреттеледі. Сондықтан да қасқыр бейнесі адамның мінез-құлқына бейне, тұспал, мысқыл есебінде қолданылған. Адамның кемдігін, мінін ұлғайтып, жаман қасиетін жиренішті етіп көрсету үшін, сондай сын арқылы жаманшылықпен алысу үшін мысал етіп алынады. Екінші көркемдік тәсіл – қасқырды өзінің хайуан бейнесінде, тағылық сипатында көрсету. Оның қайсарлығы мен сақтығына қарамастан қорқаулықтың символы ретінде, жағымсыз ұғымға балапатын тұстары да жеткілікті. Осы жайттар фольклордағы қасқыр символикасын аса күрделендіре түседі.

«Қасқыр мен кісі» ертегісінде өзін аңшылардан құтқарып қалған егіншіні жеп қоймақ болған қасқырдың ашкөздігі суреттелсе, «Түлкі мен қасқыр» ертегісінде қомағайлығының кесірінен қақпанға түсіп қалған ақымақтығы сөз болады. Тұрмыс-салт ертегілердің басым көпшілігінде қасқыр ақымақ, қаскөй, қомағай хайуан ретінде, сатиралық образ түрінде бейнеленеді.

Ал қасқыр жайындағы ауызекі әңгімелерде оның нағыз жыртқыштық, тағылық қасиеті боямасыз беріледі. Мәселен: «Бір байдың иті қасқырға қой алдырмас, ауыл маңына қасқыр жолатпас бөрібасар болса керек. Бір күні бай төбеден ауылға қарап тұрған ерекше ірі көкжал қасқырды көреді. Содан мақтаулы итін шақырса, ол тіптен шегіне-шегіне киіз үйдің ішіндегі жүкаяқтың астына ұмтылып, кіріп кетпек те болады. Қатты таңырқаған бай көкжалдың мысы басып тұрғанын бірден түсінеді. Сөйткенше, қасқыр да төбетпен алыспақ ниетте үйге тақап келе жатады. Бай қысылтаянда айбалтасын ала салып, босағаға тұра қалады. Кіре берген көкжалды қақ маңдайдан салып қалып, ұрып жығады. Сонда ғана ит жүк астынан шығып, өлген қасқырды талай бастаған екен».

Халық шығармашылығының тағы бір үлгісі – фольклорлық айтыста бір адамның жануармен, аңмен немесе басқа бір затпен айтысқа түсіп, екеуінің де атынан өзі сөйлейтіні жиі кездеседі. Қазақ халқы ғасырлар бойы көшпелі өмір сүріп, табиғатпен қоян-қолтық тіршілік

кешкендіктен, бұл жанрда да әлбетте, қасқыр жайлы айтылмай қоймайды. Соның біреуі – «Қасқыр мен тоқтының айтысы». Мұнда белгісіз автор өзі әрі қасқыр, әрі тоқты болып сөйлейді.

«Тоқты: – Қасқыр-ау, аузың құрсын ырбыңдаған,
Жол таппай, қараңғыда тұрған жаман.
Ер болсаң тайлақ пенен тайды жеші,
Тоқтының несін жейсің тырбыңдаған?»

Қасқыр: –Тоқтышық, не десең де құтылмайсың,
Ішінде шым қораның жұтылғайсың.

Әуелі сені жеймін, сосын тайды,

Ешбірің де сәтін салса ұмытылмайсың», - дегендей, қасқырдың айлакерлігі мен тегеурінділігін бейнелейтін шумақтар аз емес.

Ал батырлар жырында қасқыр образы кейіпкердің әлеуетін, қайрат-күшін, жігерін, алғырлығы мен салмақтылығын көрсетуге, жауды қойша қырған сәтін бейнелеуге, кейде автордың позициясын айқындауға, енді бірде шығарманың идеясын кеңейтіп, күшейтуге әсерін тигізеді. Мәселен, «Тама батыр» атты жырдағы:

«Мен Ноғайлы деген ер едім,

Асыл туған төре едім,

Азулы туған бөрі едім», - деген шумақта батыр өзін азулы бөріге балайды.

Көлемі шағын болғанымен, мазмұны бай халық шығармасы – мақал-мәтелдердегі қасқыр бейнесі халықтың қоғам тіршілігінен, әлеуметтік және жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастарды зерделеуінен, табиғат құбылысынан жасалған қысқаша қорытындысынан, шаруашылық кәсібі мен тұрмыс-салтына байланысты пайымдарынан жинақталған. «Иттің иесі болса, бөрінің Тәңірісі бар», «Қасқырдың терісін сыпырсаң да, тектілігін сыпыра алмайсың», «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына», «Қасқыр айдағанға көнбес, шошқа байлағанға көнбес», «Бөрі арығын білдірмес, итке сыртын қампайтар» дегендей мақалдарда қасқыр бейнесі тектіліктің, өрлік пен намысқойлықтың символы ретінде асқақталады.

«Құтты қонақ келсе қой егіз табар, құтсыз қонақ келсе қойға қасқыр шабар», «Қасқырлы жердің елі айтақшыл», «Қасқыр қарызын терісімен өтейді», «Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан», «Бөрік тастап бөріден құтылмассың», «Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен алады», «Қасқырдың ойлағаны – арамдық, қойдың ойлағаны – амандық», «Қасқыр тойғанына емес, қырғанына маз», «Қасқырдан қорыққан қой ұстамайды», «Қасқырлы жердің елі айтақшыл», «Айтақтай-айтақтай қасқырдан да ұят болды» тәрізді мағынадағы мақал-мәтелдерден қасқырдың табиғи жыртқыштығы, ашкөздігі тайға таңба басқандай көрінеді. Сонымен бірге ауыл өмірінің күнбе-күнгі тіршілігі, тынысы сезіледі.

Ал «Бөлінгенді бөрі алар, ұзағанды ұры алар», «Қасқыр мен ұры мінездес, екеуі де түнді андиды, бұлбұл мен гүл мінездес, екеуі де күнді андиды», «Елді жерде ұры бар, таулы жерде бөрі бар», «Ұры түн асқанша, бөрі қыр асқанша», «Орман бөрісіз болмас, ел ұрысыз болмас», «Бөрі азығы мен ұры азығы жолда» сияқты бірсарынды, бір ғана мәнді мақалдар арқылы халық ұры мен бөрі бейнесін әдеби синонимдік образ ретінде көрсетеді. Елді қан қақсатқан ұрының табиғаттағы егіздің сыңарындай қайталамасы мен көшірмесі қасқыр деп табады. Тұрмыс-тіршілікке зардабын тигізіп, отбасының несібесін қаққан адамның жыртқышы мен аңның жыртқышына деген ішкі ыза-кегінің, жеккөрініштілігінің өзін қысқа да тұжырымды тілмен, айтылған ойды ажарлап, әрлеп жеткізеді.

Қорыта келгенде, фольклордағы қасқыр бейнесі – сан қырлы, аса күрделі жиынтық образ.

1. Тотем мен нагуал бейнесі. Ол – жоғарғы сананың иесі. Ол – түркі тектес халықтардың түпкі атасы, ілкі бабасы. Тұтастай бір халықтың жол бастаушысы, құтқарушысы. Қасқыр мен адамның некесінің нәтижесінде бүтіндей бір халықтың дүниеге келіп, іргелі елге айналғаны туралы аңыз ғасырлар бойы адам тіршілігімен қатар өмір сүріп келді. Бөрі бейнесі – тектілік пен қайсарлықтың, өрлік пен жігерліліктің мінсіз үлгісі. Сонымен бірге, жеке адамдардың нагуалы, яғни рух беретін жебеуші киесі.

2. Магиялық күш иесі. Уағдасына берік адал дос, қысылтаяң шақтарда көмекке келетін желеп-жебеуші, қорғаушы күш. Фольклорлық шығарманың бас қаһарманын барша мұратына жеткізетін жанқияр досы. Азуы мен тырнағы тіл-көзден сақтайтын сиқырлы күшке ие. Бауыры мен өті дауасы табылмаған кеселдердің мың да бір емі, ал еті адам бойына батырлық күш дарытады деп саналды.

3. Сатиралық жағымсыз, ұнамсыз кейіпкер. Бұл қырында қасқыр бейнесі ақымақтық пен қомағайлықтың шынайы көрінісін еш боямасыз береді. Қасқыр бейнесі арқылы әлеуметтік мәселелер көтеріліп, ұнамсыз қылықтар сыналады. Мұндағы қасқыр бейнесі – халықтың өмір тәжірибесінен алынған тәлімін ұрпағына ақыл-өнеге ретінде бағыттаудың әдеби құралы.

4. Табиғаттағы жыртқыш аң бейнесі. Қарапайым жыртқыш. Малды қынадай қырып кететін, шаруаны шығынға батыратын кәдуілгі аң. Бұл бағыттағы шығармалардан халықтың рухани әлемі ғана емес, материалдық және шаруашылық бедері де айқын көрініс табады.

Бір ауыз сөзбен ойымызды түйіндер болсақ, фольклордағы қасқыр бейнесі – халықтың ертедегі көзқарасы мен пайымын, діни наным-сенімін, дүниетанымын танытатын, бірде тотемдік-нагуалдық тұлғада, бірде сатиралық-аллегориялық астарда, бірде кәдуілгі жыртқыштық кейіпте суреттелетін аса күрделі бейне.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайбарұлы А, Бопайұлы Б. Қазақ ырымдары. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1981. – 160 бет.
2. Ертегілер. Т.І (Жауапты шығарушы Т.Алпысбаев) – Алматы: Жазушы, 1988. – 288 бет.
3. Гумилев Л.Н. Көне түріктер: көпшілік оқырман қауымға арналған. Алматы: Білім, 1994. – 480 бет.
4. Батырлар жыры (Жауапты шығарушы Ж.Әбішев). Т.ІІІ. – Алматы: Жазушы, 1987. – 304 бет.
5. Қазақтың мақал-мәтелдері. (Алғы сөзін жазған Ш.Ыбыраев, құрастырған Б.Абдульдина) – Алматы: Өлке, 2000. – 160 бет.

БОЛАШАҚ БИОЛОГ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖОЛДАРЫН ДАМУ

Кырбасова Э.А.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Қазақстан Республикасы, Алматы

kyrbasova_elzira@mail.ru

Андатпа: Мақалада биология пәндерін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқыту арқылы студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру туралы берілген. Көптілді болу – уақыт талабы.

Көптілділік – соңғы жылдары академиялық тұрғыда көп көңіл аударылып келе жатқан өте кең таралған құбылыс [1]. Әлемнің көптеген елдерінде негізгі немесе тіпті, оқу бағдарламаларын ағылшын тілінде жүргізу кең етек алуда. Бірақ кейбір елдерде мұндай әрекеттің кері әсерлері блуы мүмкін деп санап, сабақтарды қайтадан өз тілдерінде жүргізуде. Көбісі өз мамандары болмағандықтан тілдер әлсіреп, ағылшын тілі ұлттық тілмен немесе олардың ұлттық тілі ағылшын тілімен алмастырылуы мүмкін деп те қауіптенеді. Бұл жергілікті мәдениетке де сонымен қатар, халықаралық қатынастарға да әсері болуы мүмкін. Тілге қатысты маңызды шешімдер көп жағдайда мансап үшін ағылшын тілінің қажеттілігінен туындайды [2].

Бүкіл әлемде соңғы он жылдықта экономикалық және саяси өзгерістер жүріп жатыр. Бұл өзгерістер бүкіл әлемдік оқыту мен оқу жүйесіне де өз үлесін қосуда. Көптілді практикаға бағытталған білім беру туралы ЮНЕСКО-ның «Көптілді әлемде білім беру» атты құжатында нақты қадамдар берілген [3].

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында: «Үкіметке тиісті ұсыныстар беруді тапсырамын. Атап айтқанда, үш тілді оқуға кезең-кезеңмен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірленсін. Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, бүгінде ағылшын тілі – жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі. Қазіргі кезде 90% ақпарат ағылшын тілінде жарияланады. Әрбір екі жыл сайын олардың көлемі 2 есе ұлғайып отырады. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды.» деп ағылшын тілін меңгерудің өзектілігін нақты айтып кетті [4].

Мектепте оқу пәндерін қазақ және орыс тілдерімен қатар ағылшын тілінде жүргізу үшін ең алдымен пәндік біліммен қатар осы тілдерді меңгерген мұғалімдер қажет.

Осыған байланысты, біздің университетімізде де білім беру жүйесі көптілділікті дамыту бағытында жүреді. Биылғы оқу жылында 1-курсқа қабылданған 5B011300-биология мамандықтарының студенттерінің оқу жұмыс жоспары бойынша элективті кәсіби пәндердің 50 %-ы қазақ, 30 %-ы ағылшын және 20 %-ы орыс тілдерінде жүргізілетін болады. Биология пәндерін үш тілді саясатта оқыту біртіндеп іске асырылады. Екінші курста өтілетін «Кәсіби қазақ/орыс тілі» және «Кәсіби бағытталған шет тілі» кәсіби жоғары білім берудің практикалық - бағдарланған сипаттағы және әлеуметтік-экономикалық жаратылыстану және кәсіби циклдардағы пәндермен пәнаралық байланыстары ескеріліп жазылған пән болып табылады. Ол биология саласындағы мамандықтар бойынша оқитын студенттердің шет тілін кәсіби деңгейде қолдана білу дағдыларын жетілдіруге және дамытуға бағытталған.

Кілт сөздер: көптілді білім, құзыреттілік, TUNING

Abstract : This article considers the formation of the professional competence of students through the teaching of biological disciplines in Kazakh, Russian and English. A multilingualism - the dictates of time.

Multilingualism is a very common phenomenon that has received much scholarly attention in recent years. [1] In many parts of the world, it has also become popular to teach mainstream or even all curriculum subjects in English. Some, however, have found this to be detrimental in several ways and have therefore reverted to teaching subjects in their national language. Many are concerned about the possibility that languages with a small number of speakers are doomed to being lost and replaced

by a national language, or that their national language could eventually be replaced by English. This could have important repercussions both on local cultures and on international relations, given the emotive aspects of one's first language. Vital decisions on language are frequently made based on the need for English in careers [2].

Over the past few decades, significant economic and political changes have taken place around the world. These changes also have put a significant mark on language teaching and learning practices across the globe. There is a clear movement towards multilingual practices in the world, which is also evident in the title of UNESCO 2003 education position paper, "*Education in a multilingual world*" [3].

Head of State N.Nzarbayev in his messages to the people of Kazakhstan on January 31, 2017 clearly showing the relevance of studying the English language and the way of transition to it said: "I instruct the Government to submit relevant proposals. On the issue of phased transition to trilingual education. The Kazakh language will retain its dominant position. Much attention will be paid to its further development. At the same time, today English is the language of new technologies, new industries, and a new economy. Currently, 90% of the information is created in the world in English. Every two years its volume is doubled. Without mastering English, Kazakhstan will not achieve national progress." [4].

To teach school discipline in Kazakh, Russian and English, the teachers of the school, along with the subject knowledge, must master these languages.

In this regard, educational programs are made up in the developmental directions of multilingualism. In this academic year, first year students of 5B011300- biology specialty will be study 50% - in Kazakh, 30% - in Russian and 20% - in English according to the curriculum of elective professional disciplines. The transition to the teaching of biological disciplines in the three languages will be gradual. The disciplines "Professionally-oriented Kazakh / Russian Language" and "Professionally-oriented Foreign Language", that are studied in the second year, are compiled taking into account the interdisciplinary connections of the disciplines of natural sciences and the discipline of the professional cycle. In addition, this program fully reflects the main provisions on which the concept of language training of students of a higher education institution is built.

Кіріспе. Педагогикалық білім бағытындағы бакалаврдың жалпы педагог ретінде қалыптасуы, оның педагогикалық білімі мен білігінің дамуы және білім беру үдерісіндегі әдістерді меңгеруі үшін жалпы мәдениеттік және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қажет. Бірақ педагог пән мұғалімі (мысалы, биология мұғалімі) болу үшін, тек оқу материалын білу жеткіліксіз. Педагог ең алдымен, арнайы пән бойынша кәсіби қызметіне қажет көлемде білім, білік, дағдысы, яғни оның пән саласының ерекшелігіне сәйкес арнайы құзыреттіліктері қалыптасқан болуы керек [5]. Себебі, маман дайындау сапасы оның заманауи әлемнің жылдам өзгеруі жағдайына бейімделу қабілетімен және тиімді кәсіби іс-әрекетімен яғни, кешенді кәсіби құзыреттіліктерді меңгеру деңгейімен анықталады. Сократ-Эразмус Еуропалық комиссиясының білім беру бағдарламасы аясында Деусто (Испания) және Горнинген (Нидерландия) университеттерінің жетекшілігімен жүргізілген TUNING жобасында құзыреттіліктің төмендегідей топтарын ажыратып көрсетті: жалпы, арнайы және мамандандырылған [6]. Жалпы құзыреттілік үшке бөлінеді: инструментальды, тұлғааралық және жүйелік. Соның ішінде, инструментальды құзыреттілікке жататыны – ана тілі мен шет тіліндегі коммуникативтілік қабілетін дамыту. Осы тұрғыда тұлғаның кәсіби коммуникативті құзыреттілігі барлық кәсіби құзыреттіліктердің стержені болып табылады. Көптілді білім беру нәтижесінде әртүрлі коммуникациялық жағдайда қарым-қатынасқа түсе алатын құзыретті көп тілді тұлға қалыптасады. Ол өз кезегінде әртүрлі халықаралық жобаларға, конференцияларға қатыса алады, дәрістер тыңдайды, басқа ұлт өкілдерімен өз мамандығы және ғылыми жұмыстары бойынша еркін тілдеседі, ғылыми баяндамалар жасайды, шет елдік серіктестерге іскерлік хаттар құрастырады.

Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты

қажеттілік. Әр адамның рухани-адамгершілігін арттыру үшін, бүгінгі тез өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп, еңбек ету үшін жан-жақты болу қажет. Осыған орай, бүгінгі таңда Қазақстанға ақпараттық-технологиялық, ғылыми, медициналық, оқу-әдістемелік т.б. салаларда жаңалықтарды, әлемдік ілгері тәжірибелерден хабары болып, бұл жаңалықтарды өзінің ана тілінде халқының игілігіне пайдаланып, халықаралық байланыстарды нығайтып, әлем аренасына шығу үшін көп тіл білетін мамандар қажет. Осы бағытта балабақшалар, мектептер, ЖОО-дары өз үлесін қосуда. Нарықтық экономика еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды қажет ететіні белгілі. Бұл оқу орындарының барлық салаларына жаңа талап, жаңа міндет, жаңа мақсаттар жүктейді. Осыған орай білім беру жүйесінде оқытушыларға қойылатын басты талаптардың бірі — өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеу [7].

Көптілді білім беруді өзара байланысты және бір-біріне тәуелді әлем жағдайындайында жас ұрпақты дайындауда маңызды құрал деп қарастыруға болады [8].

Көптеген шет елдерде көптілділік қалыпты жағдай. Мысалы, Италияда техникалық мамандықтар үшін ағылшын тілін білу міндетті, ал Қытай мектептерінде бұл негізгі оқылатын тіл.

Интернет желісінде ең кең таралған тіл – ағылшын тілі. Ондағы ақпараттардың 57% ағылшын тілінде берілген.

Сонымен қатар, ғылым, медицина, техника, экономика, спорт, туризм, сауда және т.б. салаларда ағылшын тілі маңызды рөл атқарады. Қай елдің ғалымы болса да өз ашқан жаңалығы немесе қызықты зерттеу нәтижелерін ағылшын тілінде шығатын ғылыми басылымдарда жариялайды. Ағылшын тілі көптеген халықаралық ғылыми, техникалық, кәсіби конференциялардың, симпозиумдардың және семинарлардың жұмысшы тілі болып табылады [9].

Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлттаралық қатынас мәдениетін, толеранттылығын және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Қазақ тілін тереңдетіп оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгертуді жолға қою – бүгінгі таңда білім жүйесіндегі педагогикалық үдерістің негізгі бағыттарының бірі [10].

Зерттеу бөлімі. Бүгінгі күні ғылымның, техниканың, ақпараттық және инновациялық технологиялардың қарқынды дамуы кезеңінде болашақ мұғалімдерде қалыптастырылатын кәсіби құзыреттіліктерінің бірі ағылшын тілін меңгерту болып табылмақ.

Осыған байланысты, бідің университетімізде де білім беру жүйесі көптілділікті дамыту бағытында жүреді. Биылғы оқу жылында 1-курсқа қабылданған 5B011300-биология мамандықтарының студенттерінің оқу жұмыс жоспары бойынша элективті кәсіби пәндердің 50 %-ы қазақ, 30 %-ы ағылшын және 20 %-ы орыс тілдерінде жүргізілетін болады. Биология пәндерін үш тілді саясатта оқыту біртіндеп іске асырылады. Екінші курста өтілетін «Кәсіби қазақ/орыс тілі» және «Кәсіби бағытталған шет тілі» кәсіби жоғары білім берудің практикалық-бағдарланған сипаттағы және әлеуметтік-экономикалық жаратылыстану және кәсіби циклдардағы пәндермен пәнаралық байланыстары ескеріліп жазылған пән болып табылады. Ол биология саласындағы мамандықтар бойынша оқитын студенттердің шет тілін кәсіби деңгейде қолдана білу дағдыларын жетілдіруге және дамытуға бағытталған. Бұл екі пәндер міндетті компоненттерге жатады.

Биологиялық терминдерді, анықтамаларды және заңдылықтарды 2-ші курста орыс және ағылшын тілінде меңгеріп алғаннан кейін, оқу жоспарына сәйкес 3-курста элективті кәсіби пәндер орыс және ағылшын тілдерінде өтіледі.

Еліміздің жоғары оқу орындарына көптілді білім беруді енгізуде Білім беру және ғылым министрлігі тарапынан нақты қадамдар жасалып отыр. Болон үдерісінің басты шарттарының бірі – ол білім алушылардың ұтқырлығы болып табылады. Бұл мәселе де қазақ мемлекеттік

қыздар педагогикалық университетінде жақсы жолға қойылған. Ұтқырлық бағдарламасы бойынша университетіміздің студенттері мен магистранттары Силезия университетіне және Миссисипи (АҚШ) Валлей мемлекеттік университетінде білім ала алады. Жылдан-жылға өзінің ана тілмен қоса ағылшын тілін жетік меңгерген студенттер саны артып келеді.

Қазіргі Қазақстандық жоғары оқу орындарының үш тілді білім беру жағдайында кәсіби бағыттылықты дамытудың ерекшеліктеріне студенттердің білім алу траекторияларын өз беттерімен тиянақты жоспарлауы; бірыңғай халықаралық жоғары білікті еңбек нарығында бәсекелестік қабілетке дайындығын дамыту. Сондықтан, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілдіңді құрметте» демекші жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығушылығы мен талпынысын арттыруымыз керек және де сол арқылы Отанға деген патриоттық сезімі жұдырықтай жүректерінде оттай лаулап тұратын тұлға тәрбиелеуді – басты міндетіміз деп білуіміз керек [11].

Қорытынды. Қорыта айтқанда, бүгінгі күні біздің алдымызда тұрған міндеттердің бірі – өз ана тіліміз бен мәдениетімізді дамыта отырып, көп тілді тұлға қалыптастыру. Әртүрлі этникалық және конфессионалды топ өкілдері тұратын көптеген елдердің білім беру практикасында көптілділікті ендіру негізгі мәселенің бірі болып табылады. Көп тілді білу уақыт талабы, ол арқылы адамдар бір-бірімен түсініседі, яғни көптілді білім беру нәтижесінде әртүрлі ұлт, нәсіл, діни өкілдерімен бейбітшілікте және көп ұлтты, көп мәдениетті ортада белсенді өмір сүру қабілеті бар тұлға қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. [Jasone Cenoz](#) Defining Multilingualism. Volum 33 March 2013 , pp. 3-18
2. Angela Rogers. Multilingualism in education: the role of first language. Indonesian Journal of Applied Linguistics, Vol. 4 No. 1, July 2014, pp. 1-9.
3. Navin Kumar Singh; Shaoan Zhang; Parwez Besmel. Globalization and language policies of multilingual societies: some case studies of south east Asia. Rev. bras. linguist. apl. vol.12 no.2 Belo Horizonte Apr./June 2012.
4. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»
5. Кырбасова Э.А., Кеңесбаев С.М., Дюскалиева Г.У. Болашақ биолог мамандарының кәсіби құзыреттіліктерінің мазмұны мен құрылымы. ҚазМемҚызПУ профессор Қазна Аймағамбетқызы Аймағамбетованың 80 жылдығына арналған «Қазіргі мектепке дейінгі және бастауыш білім беру: теориясы, әдістемесі мен тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 6-шы секция: «Үздіксіз білім беру жағдайында педагогтардың кәсіби дамуы». Алматы, - 2017. 185–188 б.
6. TUNING Educational Structures in Europe Deusto P. 70-73
7. Абдиркенова А.К. Көптілділік – заман талабы. «Қазіргі әлемде көптілділік және мәдениет тоғысындағы білім беру» – Кросскультурное и полиязычное образование в современном мире: Халықаралық ғылыми-практикалық конф. материалдары– Қостанай, 2013 ж. – . 2013. 221-223 б.
8. Жаданова, К.Х. Культурологический аспект полиязычного образования // Наука и образование. – 2013. – № 2(69). – С. 33.
9. Шарипов К.О., Омирзакова К.К., Жакыпбекова С.С., Мухамадиева Е.О., Яхин Р.Ф. Полиязычное образование как фактор подготовки конкурентноспособных медицинских специалистов // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, №2 (50), 2016 ж. – 18-22 б.
10. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Орта мектепте оқыту процесінде көптілділікті дамыту мәселелері / Әдістемелік құрал. – Астана 2013.
11. Раманова Л.Б. Студенттерге көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттілігін дамыта оқыту ерекшеліктері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, № 3(51), 2016 ж. – 79-82 б.

М.ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ ТӘРБИЕ

**Қыяқбаева Ұлбосын Қозыбаевна,
Айбергенова Салтанат Төлегенқызы,
Бекмағамбетова Роза Карпыковна,
Демеуова Ляззат Нұрмаханқызы,
Сержанқызы Жансая**
*АБАЙ атындағы Қаз ҰПУ
Алматы қаласы*

Түйіндеме: Ұлттық тәрбие - ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман тәрбиелеуде білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге - жерге, тілімізге, дінімізге, салт-дәстүрімізге деген құрмет жатыр. «Ұлттық тәрбие» атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М. Жұмабаев болды. Мақалада ХХІ ғасырда жас ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттары мен педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыруға бай көкейкесті мәселелердің маңыздылығы мен қажеттілігінің қаншалықты құнды екенін алаш ардақтысы, ұлттық педагогикамыздың негізін қалаушылардың бірі М.Жұмабаев ата-бабамыздан бірге келе жатқан ұлттық рухани құндылықтарымызды «Педагогика» оқулығында қарастырған.

Ұлттық тәрбие Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат тәрбиелеу үшін қажет. Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Түйінді сөздер: Жас ұрпақ, ұлттық тәрбие, ұлттық құндылық, ұлттық сана-сезім, тәлім-тәрбие, ұлттық сана-сезім, дін, тарих, мәдениет, өнер, салт-дәстүр, рухани-мәдени мұра, патриот.

M.ZHUMABAYEV PEDAGOGY AND NATIONAL EDUCATIONAL TEACHING

**Kiyahbaeva Ulbosyn Kozybayevna,
Aybergenova Saltanat Tulegenovna,
Bekmagambetova Roza Karpykovna,
Demeuova Lyazzat Nurmakhanovna,
Serzhanovna Zhansaya**
*KazNPU named after Abai
Almaty city*

Abstract: National education national identity part of the system of higher education in the upbringing of the future specialist. Overall, the "word" under - country, land, language, religion, traditions and customs of respect.

"National education" enter the name of the literary and pedagogical, included in the textbooks. M. Zhumabayev.

In the article the younger generation in the twenty-first century the education and formation of national consciousness of the importance of education and the need to improve and priorities in the pedagogical science that everyone knows how rich in valuable Alash topical issues, one of the founders of the national pedagogikasy M. Zhumabayev ancestors, which, together with the national spiritual values "Pedagogy" in the textbook under consideration.

A patriot loves his country, national education, high moral owner, the citizen, the education of national spirit, for a reasonable. If the main goal is the education of the younger generation the benefit of national and universal values, spiritual and cultural heritage of respecting the continuity of education.

For the education of national values, capable of leading to the global face level: students, the formation of national identity;

- in the minds of the younger generation of respect for the native people, love of country, instilling a sense of pride and national spirit.

- native language and religion , its history, culture, art, traditions, spiritually-cultural heritage project;

- the younger generation, compassion, confidence, as only the main, when you perform tasks such as the formation of the national namechild masters to reach the goal.

Keywords: The younger generation, national education, National values, national identity, education ,national identity, religion, history, culture, art, traditions, spiritual and cultural heritage, patriot.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасырда жас ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн» [1].

Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

- ана тілі мен дінін , оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін,

рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты

мақсатқа жетеміз.

Қазақ халқы бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі-әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Баланың жастайынан ұлттық құндылықтарды дәріптеуінің, елімізді, жерімізді, дініміз бен тілімізді құрметтеуінің негізі осы ұлттық тәрбиенің негізінде жатыр. Ұлттық тәрбие Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат тәрбиелеу үшін қажет. Оның маңыздылығы мен қажеттілігінің қаншалықты құнды екенін алаш ардақтысы, ұлттық педагогикамыздың негізін қалаушылардың бірі М.Жұмабаев: «Біз дәл қазір ұлттық мектептің берік негізін қалауымыз керек. Соңғы кездері біз соқыр еліктеу ауруына шалдыққанымызды ескеруіміз керек. Бұл дерт жаңа мектептің негіздерін құруда ғана емес, шаруашылық және саяси өмірдегі қайта құруда да байқалады. Біз қазақтың жанына жаңа бейне беруіміз керек. Қазақтың жанын басқа үлгіге қарай ауыстыру қорқыныш тудырады. Жаңа мектептің негізін қалай отырып, осы соқыр еліктеу жолына тағы да түсіп кетпегеніміз дұрыс

болар еді» - деп өзі өмір сүрген қоғамда ерекше назар аударған болатын [2]. Қазақ жастарының бойындағы қабілеттерін ел мүддесі үшін қолдана білуін, танымдық жаңашылдыққа бет алуын арман етті. Мағжан арман еткен жаңашылдық мен ұлттық тәрбие мәселелері бүгінгі күні өзекті сипатқа ие болып отыр. Мектеп тұрмақ, отбасылық тәрбиемізге де кіріп алған өзге жұрттың тәрбиесі ұрпағының келешегіне кесірін тигізетінін Мағжан күні бұрын болжап білді. Соқыр еліктеудің соңы сүріндірерін, опындырарын біліп, сақтанудың жолдарын қарастырған болатын.

Ұлттық тәрбие- ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман тәрбиелеуде білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге- жерге, тілімізге, дінімізге, салт-дәстүрімізге деген құрмет жатыр. «Ұлттық тәрбие» атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М. Жұмабаев болды. «Педагогика» атты еңбегінде [3]: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі көрініп тұрады... Ұлттың тілінің кеми бастауы – ұлттың құри бастауы» - деп, ата-бабамыздан мирас рухани байлыққа үстірт қараудан ақын ұрпағын әбден сақтандырған [2]. Атақты Бонапарт: «Халық толық азат болу үшін ұлқыздары дана, басшысы құдай текті болуы керек» депті. Ұлттың кемелденуі - ұлынан, елдің көгермегі - ерінен екенін әсірелеп жеткізген. Азаматы парасатты болса, халықтың жұлдызы жанады, басшысы кемеңгер болса, бағы жанады. Елбасының «Табанды тұлғалар тәрбиелеу арқылы ғана ел тәуелсіздігін баянды етуге болады» деуі де осыдан. М.Жұмабаев ұлттық тәрбиенің мақсаты мен міндетін белгіледі [3]. Ұлттық тәрбие мақсаты - ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу, ал ұлттық тәрбие міндеті- ұлттық тәрбиенің дінгегі- ана тілі болып қалатынын негіздеу екендігіне айрықша тоқталады. Ана тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастырудың жолдарын көрсетеді. Қазақ халқы арыстанның айбатын, жолбарыстың қайратын, қыран құстың қырағылығын дәріптеген. Жастар бойынан осындай ұлттық ерекшелікке тән қасиеттерді көрсем деген ақын болашақ жастарға сенім білдіреді. Ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру ең маңызды шарттардың бірі. Бүгінгі күннің шешімін табуда кезек күттірмейтін мәселелердің бірі де жастардың ұлттық санасын оятып, жат діни ағымдарға кіріп кетпеуін, бұрыс жолға түспеуін қадағалау. Қазіргі таңда жаңартылған білім беру бағдарламасына дінімізді танытуға бағытталған жұмыстардың қолға алынуы көпшілікті қуантуда. Қазақстан білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – әлеуметтік-экономикалық өзгермелі жағдайларда жаңа үдерістерге бейімделуге қабілетті және ол жағдайларды жақсартуға игі ықпал ете алатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – білімділік, рухани сауаттылық, жоғары интеллектуалдық, кәсіби сауаттылық. Осыған байланысты білім беру институттарының бала дамуындағы қоғамдық жауапкершілігі артып отыр. Жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуын, өзіндік көзқарасының қалыптасуы және ой-өрісінің кеңеюін қамтамасыз ету басты назарда тұрған мәселе.

Елбасы «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа жолдауында ұлттық тәрбие берудің маңыздылығы жайлы: «Ұлттық намыс –ұлы ұғым. Ұлттық намыс ұлттық рухтан тамырланатынын, ал ұлттық рухты сақтау үшін тәрбие ісін ұлттық мазмұнда дамыту керектігін»- деп, ел өміріндегі дерек-дәйектермен жеріне жеткізе дәлелдеді. «Ұлтты жаңа сапалы мазмұнда жаңғырту ұзаққа созылатынын, ол үшін үйренетін ұлттан енді үйрететін ұлтқа айналуға тиіс» [4] екендігімізді алға тартты. Бұл бағдарламалық құжатта жоғары және арнаулы оқу орындарының алдында заман талабына сай тың да жаңа міндеттер қойылып отыр. Оқыту үдерісіне заманауи әдістеме мен технологияны енгізуге, оқытушы-педагогикалық құрамның сапасын жақсартуға,біліктілікті растайтын тәуелсіз жүйені құруға, талапты шәкірттер үшін білімге қолжетімділік аясын кеңейтуге, тағы да басқа өзекті мәселелерге келіп саяды. Осы орайда, Елбасы тек білім беріп қана қоймай, алған білімдерін

әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге икемделу қажеттігін нақтылай түсті. Бұл білімгерлерге деген талапты күшейте түсу деген сөз. Мағжан ұлттық психологияны қалыптастыруды да көлемді түрде сөз етеді. Ол жан көріністерін «білу, яки ақыл, сезім яки көңіл, һәм қайрат» деп үшке бөліп қарастырады.

М.Жұмабаев өзінің қысқа өмірінде нағыз поэзия биігіне самғаған, оның асқар асуларынан өлшеусіз нәр алған біртуар, әмбебап зиялы қайраткер болды. Сонымен бірге оның тәлім-тәрбие ғылымының теориялық жағына төңкерістен кейін тұңғыш терең үнілушілердің бірі болуы Мағжан дарынының тағы бір қырын көрсетеді. Осы тұрғыдан, Мағжан 1922 жылы «Педагогика» атты ғылыми еңбек жазды. Кітабы жөнінде автор былай дейді: «Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттық мұғалімдер курсына оқытылған дәрістерден түзілген еді. Бұл күнге дейін басылып шығып, жарық көре алмады». Біз бұдан кітаптың басылуы оған оңай болмағанын, көпшілік талқысына түсіп, тәжірибелі мұғалімдердің сынынан өткен еңбек екенін байқаймыз. М.Жұмабаев тағы да былай дейді: «Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым... Бізде бұрын пән тілі болмағандықтан, түрлі терминдерге таңдап тап басқанда қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда, курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орысшадан қазақшаға айналдырылды. Ал енді жаһан тілі болып кеткен сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиіс таппадым». Автор өз еңбегін төрт аяғын тең басқан дүние демейді. Сөйтіп тұрса да, бұл еңбектің ғылыми әлемді елең еткізген керемет туынды екені хақ. Оқу құралының бірінші бөлімі педагогиканың жалпы мәселелеріне арналған. Оның пікірінше, тәрбие саласы төртке бөлінеді. Олар: дене, жан, ақыл тәрбиесі сұлулық пен әдеп құлық тәрбиесі. Автор олардың бір-бірімен табиғи тамырластығын тәптіштеп түсіндіре келіп, былай дейді: «Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егер де ол ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын күштерді елемейтін мықты берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...», «...баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек заманына лайық қып шығару», – деу арқылы М.Жұмабаев тәрбие мақсатын келер күн талабымен ұштастырғысы келеді. Оның туған халқының тәлім-тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт-бағдары да құптарлық.

« Ұлт тәрбиесі,- деп жазды ол,- баяғыда сыналып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» [3] . М.Жұмабаев халық тәрбиесін қастерлей отырып, оны да жұрт талқысынан өткізіп қабылдаудың қажеттігін ескертеді.« талай нашар, зиянды әдеттер әрбәр ұлт тәрбиесі ішінде толып жатыр», -дей келіп, автор тәрбиешінің педагогикалық шеберлігін ұштау мәселелеріне ден қояды. Мағжанның көшпелі қазақ тұрмысындағы тәлім-тәрбиеге байланысты көзқарасында ұлттық бояу ерекше байқалады. «Киіз үйдің зиянды жағы болғаны сияқты, – деп жазды ол, – пайдалы жағы да бар. Әңгіме сол киіз үйдің ішінде баланы ұстай білуде. Шын таза ауа сол киіз үйде болмағанда қайда болады? Тегінде жаратылыспен бауырласып, құшақтасқан, алдындағы малымен бірге жүріп, бірге өскен қазақ баласын аса нәзік қылып, үлбіретіп тәрбие қылмағаны дұрыс болар еді. ... қазақ баласының тәрбиесі қазақ тұрмысына қабысуы мақұл». Оның ойлары адамның табиғатпен кіндіктестігін ескере келіп, оқу-тәрбие жұмысының жаратылыспен астарластығын меңзейді. Табиғат-анадан алшақтап, оған немқұрайды салқындықпен сырт айналудың зардабын бүгінгі ұрпақ көріп отырғаны белгілі.

М.Жұмабаев: «Адамның әдемілікті сүю сезімін тереңдететін де осы есту сезімі», – дей келіп оларды дұрыс жетілдірудің жолдарын көрсетеді. Бұларды жетілдіруде ұлттық дәстүрге сүйене отырып жүргізуді, мәселен құлынның кісінеуін, қойдың маңырауын, түйенің боздауын ажырата білу арқылы тәрбиелеуді ұсынады. Біріншіден ұлттық тәрбие беруде халықтың бай ауыз әдебиетін оқытудың маңыздылығын түсіндірді. Мағжан қазақ әдебиетінің қалыптасуында ежелгі сақ, хұн, түрік,қыпшақ дәуірінен бастау алған ауыз әдебиетінің роліне ерекше ден қойған. Халқымыздың аса бағалы рухани байлығы деп бағалап, оны сақтауға ерекше мән

берген. Мағжан бала тәрбиесінде фольклорды пайдалануының бір себебі -халық ауыз әдебиетін халықтың санасын оятып, сол арқылы әлеуметтік орта мен қоғамдағы орын алып отырған келеңсіздікке қарсы күрестің құралы деп түсінді. Біздің халқымыздың бала тәрбиесіндегі ерекшелігі - ежелден қалыптасқан ауыз әдебиетінің түрі боп саналатын бесік жырында, ертегілерінде, мақал-мәтелдерінде, батырлар жырларында. Ол адам өміріндегі қиялдың (фантазияның) рөліне тоқтала келіп «Қиялы дамымаған адам мылқау адам... Қиял адам ойын дамытады... Ол үшін балаларға жастайынан қиял-ғажайып ертегілер айтқызып үйрету керек», - дейді. Оқушылардың танымдық-шығармашылық ойын дамыту оқу әрекетін белсендірумен тығыз байланысты. Ал белсенділіктің бастауы – қызығушылық, яғни мотивациялар жүйесі, қызығушылық өз қолымен істеген әрекеттен нәтиже алудан, өз еңбегінен ләззат алудан туындайды. «Бала еш уақытта іссіз отыра алмайтын болғандықтан, балаға ылғи пайдалы іс беріп отыру керек. Сол уақытта бала өмір бойы пайдалы іске әдеттеніп кетеді», - дейді. М.Жұмабаев қашан да тәрбие мақсатын келер күн талабымен ұштастырды. М.Жұмабаев халық тәрбиесін қастерлей отырып, оны да жұрт талқысынан өткізіп қабылдаудың қажеттігін ескертеді. «Талай нашар, зиянды әдеттер әрбір ұлт тәрбиесі ішінде толып жатыр», - дей келіп, автор тәрбиешінің педагогикалық шеберлігін ұштау мәселелеріне ден қояды. Қоғамға қалыпты бейімделген, қалыптасқан және әлеуметтік нормаларды игерген адам қоғамда тұлғалық дамуға, жүйелі өмір сүруге қол жеткізеді. Отбасында алған – тәрбие, білім беру мекемелерінде алған - білімі мен тәрбиесі және тағы басқа институттардан алған оң құндылықтар адамның өмір бойы дұрыс, салауатты өмір сүруінің кепілі болады. Адам баласының хайуанаттан басты ерекшелігі оның «өте әлсіз, аса сараң өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды» дей келе, оған дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық һәм құлық тәрбиесін беру керектігін ескертті. Баланың дұрыс әлеуметтенуінде тәрбиешінің маңызды роль атқаратындығын осыдан бір ғасыр бұрын жан-жақты талдап берді. Автор олардың бір-бірімен табиғи тамырластығын тәптіштеп түсіндіре келіп, былай дейді: «Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егер де ол ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын күштерді елемейтін мықты берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек заманына лайық қып шығару», - деу арқылы өмір салттарымызды жырға қосты. Жанталасқан заманда алыс пен жақын деген ұғым теңескен. Есігінді қағып тұрған ғаламмен табыспасаң, адамзаттан алыстайсың. Ұшқыр ғасыр жүйріктен тұлпарға, тұлпардан пыраққа айналмасаң шаң қаптырады.

Қорыта келгенде, ұлттық тәрбие дегеніміз- дені сау, ұлттық сана- сезімі оянған, рухы биік, мәдениеті жоғары, ар- ожданы мол, парасатты, еңбекқор, іскер, т.б. жағымды қасиеттері жеткілікті адамды тәрбиелеу. Тәлім- тәрбиенің негізіне адамгершілік, имандылық, ізгілік, елжандылық үрдістер, соларға негізделген айла- тәсілдер алынуға тиіс. Ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру ең маңызды шарттардың бірі десек қателеспейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2030». – Астана, 2005
2. Жұмабаев М. Үш томдық толық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2003
3. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдау. «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Егемен Қазақстан, 2014

ОТБАСЫ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ БАЛА ДАМУЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ

*Қыяқбаева Ұлбосын Қозыбаевна,
Бекбенбетова Қазына Асанқызы
Азимбаева Дариға Қуанқызы,
Каримова Разия Елеупанқызы
Алимбекова Анар Аймолданқызы
Абай атындағы Қаз ҰПУ
Алматы қаласы*

Түйіндеме: Еліміздің өркендеуі, дамуы, болашағы қазіргі жас ұрпағымыздың тәрбиелі, жан-жақты білімді болуына көп байланысты. Қай ғасырда болсын, тәрбие мәселелері назардан тыс қалып көрген емес. Бала тәрбиесі - мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі.

Отбасы тәрбиесінің негізгі мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады. Балалар ата-анасының еңбектегі ісіне көңіл бөліп, оны түсінуге тырысады. Ата-аналар да балаларының күн сайынғы әрекеттерін қадағалап жағдайларын біліп отырады. Отбасының берік негізі міне, осы рухани мүдденің бірлігінде. Оның біртұтас ынтымақта болуы, береке бірлігі ең алдымен ата-ана мүддесінің мәні мен мағынасында, әке мен шешенің бір-біріне, балаларына, олардың достары мен жолдастарына деген қарым-қатынасына байланысты болады.

Әрбір ата-ана өз ұлы мен қызының әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының білімді азаматы мен азаматшасы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі қажет. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы - бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қарым-қатынасы мазмұнды, сенімді болады.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы - туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі.

Түйінді сөздер: Отбасы, ата - ана, тәрбие, отбасы тәрбиесі, отбасында ата-ананың рөлі, ынтымақтастық, ұлт болашағы, берік отбасы, бақытты отбасы, адамгершілік қасиет.

THE ROLE OF FAMILY AND FAMILY EDUCATION IN CHILD DEVELOPMENT

*Kiyahbaeva Ulbosyn Kozybayevna
Bekbenbetova Kazyna Asanovna
Azimbayeva Dariga Kuanovna
Karimova Razia Eleupanovna
Alimbekova Anar Aymoldanovna
KazNPU named after Abai
Almaty city*

Abstract: The prosperity, development and prospects of our country are largely due to the fact that today's young generation is educated and versatile. In all ages, the issues of upbringing did not go unnoticed. Child rearing is one of the most important tasks of the state.

The main subject of family education is mutual understanding and understanding in the family. Children tend to understand and appreciate the work of their parents. Parents also know the circumstances of their children's daily activities. The strong foundation of this family is the unity of this spiritual interest. The unity of one's unity will depend first of all on the meaning and meaning of the parent's interests, the relationship between the father and the mother, their children, their friends and companions.

Every parent wants his son and daughter to be educated, intelligent, and educated, educated citizen and citizen of their homeland. Parents should be aware of the subtle aspects of their upbringing in their own family so that their child can be a good citizen. Family with a sense of tolerance, understanding, and sense of responsibility is a happy family. In a happy family, parents and their relationships are content, confident.

The first golden trump card for the upbringing of the child is the nesting nest, the education of his own fire.

Keywords: Family, parenting, upbringing, family education, parents' role in the family, cooperation, nation's future, strong family, happy family, moral qualities.

Еліміздің өркендеуі, дамуы, болашағы қазіргі жас ұрпағымыздың тәрбиелі, жан-жақты білімді болуына көп байланысты. Қай ғасырда болсын, тәрбие мәселелері назардан тыс қалып көрген емес. Бала тәрбиесі - мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі. Осы қағиданы нақты ұғынған елбасы Н.Ә.Назарбаевтың, «Ұлт болашағы білімді ұрпақ қолында» деп әрдайым айтқан сөзі дәлел [1]. Шын мәнінде бүгінгі жас - ертеңгі елдің мызғымас тірегі, келешек келбеті. Сол себепті олардың білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты әлеуметтенуі ел дамуындағы аса маңызды фактор болып табылады. Сондықтан да кешеден бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқан ұрпақ тәрбиесі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы бала тәрбиесі - берері де, сұрауы да, жемісі де мол тәрбие саласының ең өзектісі. Дана халқымыз «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған.

Қай халық болмасын үмітін ең алдымен өзінің ұрпағымен тікелей байланыстырады. Отбасы-адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтіп жатыр. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі. Ата-аналардың балалары алдында олардың денсаулығының дұрыс жетіліп өсуін қамтамасыз ету, тәрбие беру, білім беру, үй болып аяққа тұрып ел қатарына қосылып кетуін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін орындауы, ал балалары алдында ата-анасын қамқорлыққа алып, сүйеніш болуы секілді міндеттері ұштасып жатады. Бүгінгі таңдағы отбасы тәрбиесінде қоғам ата-аналар алдына үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі «ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу» деп көрсетілген Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында [2].

Отбасы тәрбиесінің негізгі мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады. Балалар ата-анасының еңбектегі ісіне көңіл бөліп, оны түсінуге тырысады. Ата-аналар да балаларының күн сайынғы әрекеттерін қадағалап жағдайларын біліп отырады. Отбасының берік негізі міне, осы рухани мүдденің бірлігінде. Оның біртұтас ынтымақта болуы, береке бірлігі ең алдымен ата-ана мүддесінің мәні мен мағынасында, әке мен шешенің бір-біріне, балаларына, олардың достары мен жолдастарына деген қарым-қатынасына байланысты болады. Босағасы берік отбасында әрбір адам өзара қамқорлық пен татулыққа, үй іші жұмыстарын жұмыла кірісіп орындауға, жақсы мен жаман туралы пікірлерін ортаға салып ұштастыруға, қаражатты дұрыс бөліп тұтынуға, еңбекпен табылған ақша құнын бағалап, қадірлеуге үйренеді. Отбасындағы тіршіліктің дұрыс ұйымдастырылуы балалардың еңбекқор болуы, әр нәрсеге жоғары жауапкершілік сезіммен қарау, адамды құрметтеу сияқты адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Баланың адамдармен қарым-қатынас жасауы, қоғамға енуі отбасынан басталады. Сондай-ақ, отбасының баланың дамуы мен қалыптасуы процесіндегі рөлі де ерекше. Отбасында тұрмыстың белгілі жағдайлары жаслады, мәдени орта қалыптасады, сезімдік күйлер орнығады. Бала өскен сайын, оның тәрбиесі де күрделеніп, оған қойылатын талаптарда күшейе түседі. Ақыл-ойының дамуы, ұнамды мінез-құлық қалыптастыру ең негізгі міндетке айналады. Оның негізгісі мектепке дейінгі жаста қаланады. Бала жақсы адам болып өсуі үшін ол күн сайын отбасы мүшелері арасында ең

жарасымды, ең әділетті қарым-қатынастардың куәсі болуы керек. Анасы баласына әкесін өз әрекеттері арқылы қуантып, сыйлап құрметтеуді, оның жұмысын жеңілдетіп, оған қолқанат болып жүруін талап етіп түсіндіріп отырады. Отбасы шын мәнінде тату-тәтті, өзара түсіністікте болса, одан адамгершілік пен әділеттің көрінісі айқын сезіліп тұрады. Отбасының бірлігі мен ынтымақтастығы оның құрамындағы адамдардың бір-біріне деген қамқорлығынан, тіпті бірегей саяси көзқарасты ұстануын, соған орай ерлі-зайыптылық және ата-аналық сезімін терең түсіне білулерінен байқалады. Отбасының негізгі міндеті-баланы еңбек етуге, жарқын сезімдер мен мұраттарға тәрбиелеу және адамдар арасында өмір сүре білуге үйрету. Бұл қасиеттердің бәрі негізінен отбасы-ошақ қасында қалыптасып нығаяды. Мұнда әсіресе, отбасындағы ересек адамдар өздерінің жеке бастарының өнегесі арқылы жас балалардың бойында осындай сезімдерді қалыптастырады. Өз ата-анасын сыйлап, құрметтеп үйренген бала өзге ата-аналарды да құрметтей біледі, қашан да үлкендер алдында өзін дұрыс ұстап, құрмет пен қамқорлық таныта біледі.

Отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі Чехтің ұлы педагогі Ян Амос Коменский еңбектерінің төрінен орын алған. Ол тәрбие негізі ретінде отбасын бөліп, қарастырып, оны білім беру жүйесінің алғашқы сатысы «Ана мектебі» деп көрсетеді [3]. Өйткені, бала адамгершіліктің негізгі түсіністіктерін отбасында алып, алғашқы адамдық қасиеттерін отбасында қалыптастырады.

Орыстың ұлы педагогі К.Д.Ушинский баланы дұрыс тәрбиелеу туралы былай деп жазады: «Адамның жеке қара басы біреудің жеке басының қалыптасуына және дамуына әсер ете алады, мінезді қалыптастыру үшін де мінезбен әсер ету керек» [4]. Бала тәрбиелеу оңай жұмыс емес, ол үлкен шеберлік пен шыдамдылықты талап етеді.

Қазақтың ұлы ақыны Абай да отбасындағы баланы тәрбиелеуде ата-аналар тарапынан жол берілетін кемшіліктерді ескерте отырып, отбасы тәрбиесін ұйымдастыруға кеңестер береді. Нақтырақ айтатын болсақ, Абай өзінің 10 қара сөзінде: «Әуелі баланды өзің алдайсың: әне, оны берем, міне, мұны берем деп, баста баланды алдағаныңа маз боласың. Соңынан балаң алдамшы болса, кімнен көресің?» деп балаларына теріс тәрбие беретін ата-аналарды сынаиды [5].

Қазақ ағартушысы С.Көбеев те отбасы тәрбиесі мәселелеріне аса үлкен мән берген. Ол өзінің «Баланы семьяда тәрбиелеу» деген еңбегінде ата-аналардың балалары алдындағы беделі отбасындағы тәрбие нәтижесі екендігін атап көрсетеді [6]. Ұзақ жылдар бойы отбасы тәрбиесі баланы тәрбиелеудің бірден-бір формасы болып келеді. Қазіргі қоғамда отбасы баланың шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап өмірінің соңына дейін тәрбиелік ықпал ететін негізгі ошақ болып отыр. Әрине, әркім баласын жаман болсын демейді, оның тәрбиелі, білімді, әрі еңбек сүйгіш, жақсы адам болса, еліне, халқына пайдасын тигізетіндей бір маман иесі, үлкен қызмет иесі болса екен деп тілейді. Жақсы тілек пен ниеттің орындалуына мүмкіндік жасайтын ата-ананың өзі. Балаға дүниеге келісімен көп көңіл ауларып, «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей оның өнегелі қасиеттерін отбасында қалыптастырған жөн.

«Адамның бір қызығы бала деген, баланы медресеге біл деп бердім, қызмет қылсын шен алсын деп бермедім деп», - Абай Құнанбайұлы айтқандай, адам ұрпағымен қымбат, адам баласының ең қызығы, бақыты, ұрпағының жалғасы [5].

«Балалы үй базар, баласыз үй мазар», - дегендей бала отбасы жалғастығы, ұрпағы. Ал тәрбие тал бесіктен емес құрсақтан басталады. Оның себебі болашақ ана баланы бесіктен емес, құрсақтан бастап тәрбиелеуі керек. Балаға деген мейірімі, сезімі, махаббаты ананың ыстық ықыласы мен тәрбиесінен берілетін құнды дүние. Бала тәрбиесі ата-ана тәрбиесімен ұштасып жатуы тиіс. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі мақсаты - болашақта баланың жеке тұлға болып қалыптасуына, саналы ұрпақ болып өсуіне, дұрыс білім алып жетілуіне, өмірде өз орнын табуына көмек беру. Себебі, білім тәрбие арқылы беріледі. Тәрбие жоқ жерде білім де жоқ. Тәрбие қаншалықты тереңде болса білім де соншалықты тереңде. Болашақ білімді, дарынды, адмгершілігі мол ұрпақ үшін бұл өте маңызды. Отбасының бала тәрбиесінде алатын орны айрықша. Ал қазақ отбасының өзіндік ерекшеліктері бар.

1. Халықтық сипат алуы: көп балалы болуды қалауы, ауыл қариялары, көрші-қолан, тума-туыс, құрбы-құрдас және т.б. тәрбиеге баулуы;

2.Ізгіліктілігі: отбасындағы әрбір әрекет, қарым-қатынас, ұлттық мерекелер мен салт-дәстүрлер;

3.Жеке-даралығы: ұл мен қыз бала тәрбиесі.

Осы аталған қасиеттер тұтас қамтылған жағдайда тұлғалық қасиеттер қалыптасып, кемелдікке жеткізеді.

Әрбір ата-ана өз ұлы мен қызының әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының білімді азаматы мен азаматшасы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі қажет. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы - бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қарым-қатынасы мазмұнды, сенімді болады.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы - туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы - ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» - дегендей, тәй-тәй басып, есі кіріп, тілі шыға бастағаннан-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған дұрыс. Қай заманда болса да бала тәрбиесі - басты байлық, ал ең асыл дүние - оның тәрбиесі. Әрбір мемлекеттің болашағы оның төл мектебінде шыңдалады.

Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік секілді құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады.

Бүгінгі ұл - ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз - ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім,тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші - ата-ана, қала берді қоғам. Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Қоғамның алғашқы ұйтқысы отбасында бала үлкендермен араласады. Баланың қоғамдық әлеуметтік дамуы жанұяда өз орнын алуынан басталады. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай, жақсыға да жаманға да бірдей бейімделгіш. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» немесе «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген нақыл сөздер тегін айтылмаған.

Ата-ана өзінің мінезі, дағдысы, сөзі, іс-әрекеті арқылы баласына үлгі көрсетеді. «Сіздер баланы тек сөйлеген кезде ғана, оған ақыл айтқанда немесе бұйрық берген кезде ғана тәрбиелейміз деп ойламаңыздар, - деп жазады белгілі педагог А.С. Макаренко, «Сіздер оны өмірлеріңіздің әрбір минутында, тіпті өздеріңіз үйлеріңізде жоқ уақыттың өзінде тәрбиелейсіздер, сіздер қалай киінесіздер, сіздер басқалармен қалай сөйлесесіздер немесе басқа адамдар туралы қалай қуанасыздар және ренжисіздер, сіздер достарыңызбен қандай қарым-қатынаста боласыздар, сіздер қалай күлесіздер, газет-журнал оқисыздар - осылардың бәрінің бала үшін маңызы бар» [7]. Бала әрқашанда ата-анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата-ананы өмірдің тірегі деп санайды. Дүниенің ең тамаша туындысы - тамаша тәрбие алып шыққан адам болып табылады. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы - оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы - бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол. Ал берекелі отбасының ата-анасы өзінің міндеті мен жауапкершілігін жақсы білуі тиіс:

1. Мәдениетті адам тәрбиелеуге және өз баласын таза өмір сүруге бейімдеуге міндетті;
2. Жүйелі білім алуына көмектесуге міндетті;
3. Ұдайы ата-аналар жиналысына қатысуға, оқытушымен кездесуге, баласының мектептегі өмірімен танысуға міндетті;
4. Баланың өміріне, денсаулығына зиян келтіретін темекі, арақ, т.б. улы заттарды қолданбауға, олардың балаға зиянды екенін түсіндіруге міндетті;
5. «Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше білім беріп қина, он төрттен кейін үлкен азамат деп сыйла» деген қағиданы берік сақтауға міндетті.

Отбасында ата-ана баланың жеке басын танып білуге де міндетті.

1. Бала туралы жалпы мағлұматтарды;
2. Оқуға қабілеті мен әрекетін;
3. Баланың еңбекке әрекеті мен бейімін;
4. Баланың арнайы қабілеті
5. Баланың тәртібін
6. Баланың темпераменті мен мінезіндегі ерекшеліктерін.

Сонда ғана бүгінгі оқушы мемлекетіміздің ертеңгі үлкен азаматы, кәсіп иесі. Сондықтан да бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап, жас ұрпақты назардан тыс қалдырмаған жөн. Оны жұмыс жүргізу формасы ретінде де көрсетуімізге болады.

Қорытындылай келе, белгілі жауынгер Б.Момышұлының «Жауынгерлік тәрбие әскери киімде емес, жөргекте жатыр» деген аталық сөздерінде үлкен мән жатқанын баса айтқымыз келеді. Отбасы – ана-ата – мектеп үштік ұғымы біріккенде сапалы білім мен саналы тәрбие болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Ғасырлар тоғысында». –Астана, 2016
2. Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасы. –Астана, 2012
3. Коменский Я.А. «Ұлы дидактика». –Алматы, 2004
4. Ушинский К.Д. Таңдамалы педагогикалық шығармалары. –Алматы 1990
5. Абай. Қара сөздері. –Алматы, 2015
6. Көбеев С. Баланы семьяда тәрбиелеу. –Алматы, 1992
7. Макаренко А.С. Ата-аналар кітабы. -Алматы, 1985

ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР ТАБИҒАТЫ ЖӘНЕ АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ «ШАШЫЛЫП ТҮСКЕН ТІРКЕСТЕРІ»

Әділбекова Л. М.

фил.ғ.к., профессор,

Көпесбаева М. Б.

I курс магистранты,

(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)

элек.почта: lazzat.m.adilbekova@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада жазушы, драматург, аудармашы Асқар Сүлейменовтің шығармаларындағы қанатты сөздердің көркемдік ерекшеліктері, құрылымы мен ой қуаттылығы қарастырылады. Қанатты сөздердің, ең алдымен, әдеби жанр екендігін мойындай отырып, олардың ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдермен құрылымы жөнінен ұқсастығы болғанмен, қай жағынан да аясы кеңірек. Негізгі энциклопедиялық жинақтарда қанатты сөздерге, немесе, афоризмдерге апофегмаларды, максималарды, сентенцияларды жатқызамыз. Бұл сөздердің ортақ ерекшеліктеріне: ақиқатқа ұмтылған терең ойы, көлемінің қысқалығы, қосымша түсініктемені қажет етпейтіндей, аяқталған ой екендігі, айтылған ойдың анықтығы, дәлдігі, сыртқы көркемдігі, эстетикалық тартымдылығы жатады. Нақылдардан, мақалдардан қанатты сөздер түр пішінімен, шығу тегімен ажыратылады. Мақалада афоризмдердің эпиграммадан, парадокстан, эсседен өзіндік ерекшеліктері қарастырылады. Қанатты сөз авторларының басты мақсаты – ақиқатқа жеткісі келетін терең ой, күрделі мәселені айта отырып, өз көзқарасы бойынша адамдарға ең дұрыс жолды жеткізгісі келуі. Қанатты сөздер көптеген деректер мен сана-сезімнің синтезінен туады және оны тұжырым, ереже, ұстаным, қорытынды деп санауға болады. Яғни көлемді ойдың сығындысы, квинтэссенциясы. Ықшамдылық қанатты сөздің ең байыпты өзгешілігі әрі бұл ерекшеліктер оқушыға ойда жақсы жатталынып қалатындай әсер етеді. Ойдың аяқталғандығы қанатты сөздердің дербес тіршілік ете алатындығын көрсетеді. Бейнелілік, кемелділік, ұшқыр ой, нақтылық — оқырманды өзіне тартатын қанатты сөздің қасиеті. Зерттеуде әдебиет теориясына афоризмдерді алғаш ғылыми түрде сипаттап, түсіндіріп, айналымға кіргізген, өз кезеңінде-ақ (XVIII ғасыр) қоғамның рухани емшісіне айналған испан философы, әдеби теоретик, мифологияның білгірі Бальтасар Грасианның «Қалта орақулы» еңбегіне сілтемелер жасалынады. Сонымен қатар, мақалада, теориялық тұжырымдардың анықтамасына, белгілі қазақ жазушыларының қанатты сөздері, олардың ішінде жазушы, драматург, аудармашы Асқар Сүлейменовтің «Шашылып түскен тіркестері» негізге алынып отырады. Сөз, сөйлем, стиль, драма т.б. әдебиет терминдеріне өзіндік түсініктемелерін берген жазушының сан тақырыпты қозғайтын қанатты сөздері халық арасына кеңінен тап кеткен. «Сөйлемнің жазатын өмірі бар да, сөйлемнің өз өмірі бар. Жазарман сөйлемді тірі шөпті таптағандай таптайды. Сөйлемнің тән екені, оның сан тарау тамырлары, капилляр-тамыршалары бары ұмыт қалады. Абзацқа, тарауға, бүкіл кітапқа қызмет ететін сөйлемнің автономды өмір кешерін ұмытады. Шығарманың бір аты – ырғағы ыңқылдаған, бояуы кемпірқосақ боп көрінер, күміс ойы түпке тартар сөйлем ғана. Жазарман емес жазушы үшін қиынға түсері: сөйлемдегі өмір мен сөйлемнің өмірін жымын білдірмей өру. Сөйлемдегі өмір мен сөйлемнің өмірі бірікпегесін тірі тіркес тумайды. Өмірдің тамыр солқылы мен сөйлемнің тамыр солқылын лингвистикалық проза ғана қоса алады» сынды талғампаз суреткердің талғамды ойлары мақалада кеңінен пайдаланылды.

Түйін сөздер: Қазақ қанатты сөздері, драматург, Асқар Сүлейменов, көркемдік қуаты, жанр.

THE NATURE OF THE WINGED WORDS AND DIFFERENT UTTERANCES OF ASKAR SULEIMENOV

*Adilbekova L.M. - Candidate of Philology, Professor,
Kopesbaeva M.B. - Master of I course
(Republic of Kazakhstan, Almaty city)
Email: lazzat.m.adilbekova@gmail.com*

Summary: The article explores the artistic features, structure and power of winged words in the works of writer, playwright, translator Askar Suleimenov. It is clear that the structure of winged words as a genre of literature is similar to proverbs, but winged words are broader. In the main encyclopaedic collections winged words are relating to the apophages, maxima. Common features: short words, deep thoughts, accuracy, external beauty and aesthetic appeal. Winged words are divided from from proverbs by their origin. The article discusses features of aphorisms from the epigram, the paradox, the essay. The main goal of the winged words authors' is to explain to reader the deep meaning of the wise words by two words. Winged words arise from the synthesis of many data and consciousness and can be considered as conclusions, rules, regulations, conclusions. That is, an excerpt from a broad idea, a quintessence. The simplest difference is that the features of the winged word are so well remembered. The end of the idea indicates that winged words can exist independently. Virtuosity, perfection, energetic thought, realism are qualities of a winged word that attracts the reader. The article explores the scientific description of the Spanish philosopher and literary theorist and expert on mythology Baltasar Grasiyan's work called "Pocket Oracle" (XVII century) where aphorism theory was explored as genre of literature at the first time. In addition, the definition of theoretical conclusions in the article is based on Kazakh winged words of the authors, including the work of the novelist, playwright, translator Askar Suleimenov called "Disjointed expressions". Word, sentence, style, drama, etc. wounded words of the writer, who gave his explanations for the conditions of literature are widely explained to the public. "The phrase has a life of writing, and this phrase has its own life. The writor tries to strike with a phrase, as if he tramples on the grass. One of the explanations of the works is a rhythm and glimpse. The article widely uses the complex thoughts of a different writers. **Keywords:** Kazakh aphorisms, playwright, Askar Suleimenov, artistic power, genre.

Әлем әдебиеті бойынша қарастырғанның өзінде қанатты сөздерге берілген нақты тұжырым әзірге жоқ. Ой тереңдігі мен кемелдігіне қатысты философтар, тілдік бірлік ретінде лингвистер, поэтикалық сұлу, әрі ықшам көркем сөз тіркесі ретінде әдебиетшілер қанатты сөздерді өз аясына тартып, өз тұрғысынан бағалауға тырысып келген, әрі бұл үрдіс жалғасуда [1]. Әйтсе де, қанатты сөздерді, ең алдымен, әдеби жанр екендігін мойындауымыз керек. Қалай десек те, қанатты сөздердің ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдермен құрылымы жөнінен ұқсастығы болғанмен, қанатты сөздердің қай жағынан да аясы кеңірек. Негізгі энциклопедиялық жинақтарда қанатты сөздерге, немесе, афоризмдерге апофегмаларды, максималарды, сентенцияларды т.б. [2, 64] жатқызады. Егесі бар, авторы анық бұл сөздердің ортақ ерекшеліктеріне: ақиқатқа ұмтылған терең ойы, көлемінің қысқалығы, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» екендігі, қосымша түсініктемені қажет етпейтіндей, аяқталған ой екендігі, айтылған ойдың анықтығы, дәлдігі, ойының көркемдігі, сыртқы сұлу сымбаты, эстетикалық тартымдылығы жатады. Яғни, нақылдардан, мақалдардан қанатты сөздер түр пішінімен де, шығу тегімен ажыратылады. Айтар ойы толық аяқталғанған қанатты сөз эпиграммадан үлкен тематикалық тереңдігімен, парадокстан – ой ақиқатына жету күштарлығымен, эсседен – кішігірім көлемімен, лаконизмімен ерекшеленеді. Жоғарыда көрсетілген басты айқындауыштық құрамы – ақиқатқа жеткісі келетін терең ой болса, ондағы басты мақсат - автордың күрделі мәселені айта отырып, оның көзқарасы бойынша адамдарға ең дұрыс жолды жеткізгісі келуі. Қанатты сөздер көптеген деректер мен сана-сезімнің синтезінен туады және оны тұжырым, ереже, ұстаным, қорытынды деп санауға болады. Сонымен қатар, ықшамдылық – қанатты сөздің ең байыпты өзгешілігі әрі бұл ерекшеліктер оқушыға ойда жақсы жатталынып қалатындай әсер етеді. Ойдың аяқталғандығы – қанатты сөздердің дербес

тіршілік ете алатындығын көрсетеді. Бейнелілік, кемелділік, ұшқыр ой, нақтылық — оқырманды өзіне тартатын қанатты сөздің қасиеті десек те болғандай.

Қанатты сөздердің стилистикасы туралы айтпас бұрын, алдымен композициялық ерекшеліктерін қарастыру керек. Қанатты сөздер негізінен екі бөлімнен тұрады: нақты ой және түйінделген тұжырым. Кейде бұл сыңарларды бөліп қарастыра алмайсың. Алайда, олар әрқашан көрініс тауып отырады. Тұжырымда, әдетте афоризмнің «сөлі» - бірінші бөлімге деген авторлық баға мазмұндалады. Қанатты сөздерге өзара жиі қарама-қайшылықта келетін екі аспекті тән. Мысал келтірсек, А.Сүлейменовтің [3] «Ай айнасын бұлт басса, жан айнасын шаң басқан», «Өтірікті кешіруге болады – тек ақтауға емес» сөздерін алып қарастырайық. Айды бұлт басқанынан жан айнасын шаң басқаны қауіптірек, өтірікті ақтауға болмайды кешіруге болса да. О.Уайльдтің: «Көңіл толмау – адамның да, ұлттың да алға жылжудағы (прогресс) алғашқы қадамы», - деген қанатты сөзін [4] алар болсақ, «көңіл толмау – әрекетке итермелейді» деп жеңіл түсіндіруге де болар еді. Қанатты сөздердегі қарама-қайшылықтар оларды парадокстерге айналдырмайды. Парадокстер жалпылай пікірге қарама-қарсы тұрады. Ал қанатты сөздердің қарама-қайшылығы олардың өз ішінде тұйықталады.

Химияны пәнаралық байланыс арқылы оқыту үдерісінде қазіргі заманғы оқыту технологияларын қолдану әдістемесінің контент-талдауын жасау.

Химияны пәнаралық байланыс арқылы оқытуда кейбір физикалық,

Химиялық құбылыстардың модельдерін жасау;

Қазіргі кезде, педагог яғни білім беруші ол – менеджер, кеңесші, модератор, тьютор болып табылады. Ал білім алуші ол – серіктес ретінде есептеледі. Осыған орай білім алушыда өзін-өзі басқару жүйесіне қатысуы, жеке тұлғалық сипатының дамуы, шығармашылық бейімнінің шындалуы, өзіне деген сенімділігі мен коммуникативтік құзыреттілік қабілеттерінің қалыптасатынын байқай аламыз. Әрбір білім алушының дамуы басқа білім алушымен емес, өзімен салыстырылады. Білім алушының өзін-өзі бағалауға мүмкіндігі болады және өзіне дұрыс баға беруге үйренеді.

Білім алушылардың танымдық қызметін белсендіру үшін келесі әдістемелік тәсілдерді қолдануға болады:

Жаңа материалды түсіндіру үрдісінде басқа пәндерден алған білімдерін еске түсіру үшін қайталау арқылы әңіселесу процесін жүргізу;

Білімді толықтыруды қажет ететін мәселелік сұрақтар қойып, мәселелік ситуацияларды тудыра отырып оларды шешу;

Әр түрлі пәндерден алған білімдерін жинақтайтын ұжымдық, жекелей, топтық тапсырмалар орындай отырып білім алушының құзыреттілігін арттыру [3].

Пәнаралық байланысты қолдана отырып білім алушыға білім, құзыреттілік қалыптастыратын тәрбие беруде педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді және орнымен қолдануда ғана нақты нәтиже шығары анық. Сондықтан: Әр сабақтың соңында білім алушы өзінің тақырыпқа қатысты ой-пікірін қайталау сұрақтарына жауап беру арқылы білдіріп, бөлісіп отырғаны жөн. Осы мезетте білім алушының өзінің:

шығармашылық қабілетін тани білуіне,

ғылыми ұғымдар мен түсініктерді дұрыс қолданып мәдениетті сөйлеуге дағдыландыруға;

мәдениетті жолдастық қарым-қатынас дамытуға;

жаңашыл іс-әрекет жасауға;

білімнің жетіспеушілігін сезініп білуіне;

жаңаны танып білуге деген құлшынысын, қабілеттерін оята білуге бағытталады, заман талабына сай маман «дайындап шығаруға» мүмкіндік туады [4].

Химия пәнін оқытуда – биология, физика, математика пәндерін білмейінше, қазіргі кездегі химия негіздерін меңгеру мүмкін емес, ал жаратылыстану пәндерін химияны білмей, толық түсіне алмайды. Олай болса, химия пәнінен алған сапалы білім, жалпы білім алушының көзқарасының қалыптасуына әсері зор. Химия жаратылысты зерттейтін ғылымдардың бірі. Жаратылыс дегеніміз – бізді айнала қоршаған материалдық дүние. Сондықтан химия жаратылыстану ғылымдарының қатарына жатады. Бұдан шығатын түйін пәнаралық байланыс арқылы берілетін білім барлық пәнді, білімді бір жүйеде тоғыстыра отырып толық ақпарат береді [5].

Әдебиеттер тізімі

Құдайбергенова К.С. Құзырлылық табиғаты- тұлғаның өздік дамуында//Алматы - 2006.

Бәкелестікке қабілетті тұлға тәрбиелеу. Қ.Жүнісханов. 2008.3бет, 39бет.

I. ULUSLARARASI ABAY KUNANBAYOĞLU KAZAK KÜLTÜRÜ, TARİHİ VE EDEBİYATI SEMPOZYUMU

Оқытудағы жаңа технологиялар оқытушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыру құралы //Білім берудегі менеджмент. –Алматы, 2010.- №4. -Б.149-153.

К. Ж. Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. Оқу құралы. //Алматы. Жазушы, 2004 Б. 28-52

Мамандарды кәсіби жетілдіруде пәнаралық байланысты қолдану ерекшеліктері //Қазақстан кәсіпкері-Профессионал Қазақстана. – Алматы, 2010.-№ 10. –Б.12-13.

A. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ

Б. Молдағали

PhD докторы, доцент, Инновациялық Еуразия университеті
bahados@mail.ru, Қазақстан, Павлодар

Г.Т. Кәріпжанова

филол.ғыл. канд.доцент

С.Торайғыров ат. Павлодар мемлекеттік университеті
Adon70@mail.ru, Қазақстан, Павлодар

Райымкулова Сауле

ғылыми әдіскер, Алматы қаласы

Аңдатпа: Мақалада Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының тарихы қарастырылады. Бүгінгі қоғамның басты назарындағы әліпби мәселесі де ұлттық құндылықтың негізімен тамырлас, өзектес. Қазақ жазуының бастауы пиктография, бітік жазуларынан нәр алатындығы аян. Бітік жазу түркі халқының тарихы мен мәдениетінің негізі. Араб алфавиті арамей жазуының бір тармағы набатей алфавитінің негізінде пайда болғанын білеміз. Осы араб жазуынан қазақ жазуының «жаңа емелесін» Ахмет Байтұрсынұлы құрастырды. Бұл «төте жазуы» немесе ғалымдардың сөзімен А. Байтұрсынұлы жазу. «Төте жазу» дейтініміз, онынан солға қарай жазылуынан. «Төте жазу» бүгінгі күнге дейін Қытай қазақтарының арасында сақталған.

Қазақ жазуының тарихында VI ғасырда 22 әріпті қамтыса, VIII ғасырда олардың саны 28-ге жетті. Жалпы араб жазуының кемшіліктерімен қоса, алғашқы қазақ баспасөзінің жазу құралы болған араб графикасының қазақ әдеби тілінің қалыптасуына көп септігі тигендігін де айта кетуіміз керек. Баспа беттерінде жарияланған мәліметтерге сүйенсек, 1915 жылдың бір өзінде жаңа емлемен 15-тей кітап басылып шығыпты. Сондай-ақ А. Байтұрсынұлы ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ - орыс мектептерінде де қолданыла бастады. Жалпы А.Байтұрсынұлының бұл жазу жүйесі ұлттық қазақ жазуы деп аталды. Тілші ғалымның араб әріптері негізінде лайықталған қазақ графикасы 1924 жылы Орынборда маусымның 12-сінде басталған қазақ, қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде ресми түрде талқыланған. XXI ғасыр қазақ жазуына үлкен өзгеріс кіргелі тұр. Барлық түркі халқына ортақ әліпбиі латын графикасына енбек. Мақалада латын әліпбиі жөніндегі ғалымдардың пікірлері басшылыққа алынып, өз ой пікіріміз қорытындынды.

Кілт сөздер: араб, төте жазу, әліпби, латын, қазақ.

A.BAITOURSINOV AND KAZAKH WRITING

B. Moldagali, PhD, Associate Professor
Innovative University of Eurasia
bahados@mail.ru

Kazakhstan, Pavlodar

G. Karipzhanova, Ph.D. Candidate of sciences
S.Toraigyrov. Pavlodar state university
Adon70@mail.ru

Kazakhstan, Pavlodar

Raimkulova Saule - scientific methodologist
Almaty city

Annotation :The article considers Akhmet Baitursynov and trich of Kazakh writings. The alphabet, which is in the focus of today's society, is also fundamental and relevant to national values. Revealed that the beginning of the Kazakh inscription comes from the pictographs, inscriptions. The inscription is the basis of the history and culture of the Turkic people. We know that one of the Arabic

alphabets was written on the basis of the alphabet of the Arabian alphabet. Akhmet Baitursynov, the "new member of the Kazakh writer", wrote this Arabic letter. This is a "direct inscription" Baitursynuly write. The word "write" is from the right to the left. The "Quick Recording" is still preserved among the Chinese Kazakhs.

In the history of the Kazakh writer, there were 22 letters in the VII century, while in the VII century there were 28 of them. In addition to the shortcomings of the Arabic script, it should be noted that the Arabic graphics, the first Kazakh press, had a great impact on the formation of the Kazakh literary language. According to the information published in the print media, in 1915 alone, about 15 books were published with a new spelling. And also A. Baitursynov's "new spelling" began to be used in Muslim madrasahs and Kazakh-Russian schools since 1913. In general, this recording system of A. Baitursynov was called the national Kazakh script. The Kazakh graphics, based on the Arabic alphabet, was officially discussed at the First Congress of the Kyrgyz, Kyrgyz intellectuals, which began in Oman on June 12, 1924. A big change in the Kazakh writing of the 21st century is expected. All Turkic people will get Latin alphabet. The article is based on the views of the Latin alphabet, and our conclusions have been summed up.

Key words: Arabic, direct writing, alphabet, Latin, Kazakh.

Ахмет Байтұрсынұлының есімі қазақ жазуы, қазақ әдебиеті ұғымдарымен қатарлас, мәндес саналып, одан қала берді жалпы қазақ руханиятының айнымас, ажырамас бөлшегіне айналған ардақты есімдердің бірі. Ғалымның ұлт үшін жан пидалықпен атқарған еңбектерінің бағасы еш ортаймақ емес.

Бүгінгі қоғамның басты назарындағы әліпби мәселесі де ұлттық құндылықтың негізімен тамырлас, өзектес. Қазақ жазуының бастауы пиктография, бітік жазуларынан нәр алатындығы аян. Бітік жазу түркі халқының тарихы мен мәдениетінің негізі десек те болады. Араб алфавиті арамей жазуының бір тармағы набатей алфавитінің негізінде пайда болған Ахмет Байтұрсынұлының «төте жазуы». «Төте жазу» дейтініміз, оңынан солға қарай жазылуынан. «Төте жазу» бүгінгі күнге дейін Қытай қазақтарының арасында сақталған.

Тарихқа үңілсек VI ғасырда 22 әріпті қамтыса, VIII ғасырда олардың саны 28-ге жетті. Жалпы араб жазуының кемшіліктерімен қоса, алғашқы қазақ баспасөзінің жазу құралы болған араб графикасының қазақ әдеби тілінің қалыптасуына көп септігі тигендігін де айта кетуіміз керек. Баспа беттерінде жарияланған мәліметтерге сүйенсек, 1915 жылдың бір өзінде жаңа емлемен 15-тей кітап басылып шығыпты. Сондай-ақ А. Байтұрсынұлы ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ - орыс мектептерінде де қолданыла бастады. Жалпы А.Байтұрсынұлының бұл жазу жүйесі ұлттық қазақ жазуы деп аталды. Тілші ғалымның араб әріптері негізінде лайықталған қазақ графикасы 1924 жылы Орынборда маусымның 12-сінде басталған қазақ, қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде ресми түрде талқыланды. Бұл съездің күн тәртібінде алты мәселе қойылды:

- 1) жазу, яғни орфография ережелері,
- 2) әліпби (яғни алфавит, графика мәселесі),
- 3) қазақша пән сөздер (терминология),
- 4) ауыз әдебиетін жою шаралары,
- 5) оқу, ғылым кітаптарын көбейту шаралары,
- 6) бастауыш мектептің программасы.

Съезде Ахмет Байтұрсынұлы «Әліпби тақырыпты» [1] деген атпен баяндама жасайды. Түркі халықтарының қолданылып келе жатқан жазуы бар екендігін, оны тастап, басқа графикаға көшу оңай емес деген пікірін осы съезде дәлелдейді. Әліпби (алфавит) қандай қасиеттерге ие болу керек деп, қазақ халқы қолданып отырған, икемделіп, өңделген (реформаланған) араб алфавитінің оң сипаттарын (қасиеттерін) көрсетеді де, латынға көшкенде, латын алфавитін қолданушы Европа халықтары тіліне түркі жұрттарының қатысы жоқ дей келіп, «латын әліпбиін тұтынған (европалық) жұрттар орыстың орнында болып, аузына қарап... балаларымызға тілін үйретіп отырған жұрттар болса екен... Онда алуға мағына бар дер едік» [1.83] деп ойын орнықтыра түседі. Бұл жерде, сірә, араб алфавитін тастау қайткенде де қажет

болса, латынға емес, тілін қоса үйреніп жатқан, отандас, тағдырлас орыс халқы қолданып отырған жазу қолайлы емес пе деген ой ұшқыны жалт ететін тәрізді. А.Байтұрсынұлының осы баяндамасын және латын таңбаларын алуды қостаған Нәзір Төреқұловтың баяндамасын талқылап, екі алфавиттің оң-теріс жақтарын сарапқа салып қарағаннан кейін, съезд: «Қазақ тұтынып отырған түрік (араб таңбалы) әліпбиінің баспа түрінің дара болмауы баспа ісіне де, үйрету жағына да қолайсыздық қылатын болғандықтан, ол қолайсыздықтан құтылу үшін түрік әліпбиінің өзін түзету өзге әліпби алудан анағұрлым оңай болғандықтан, түрік әліпбиінің жазба түрін осы күйінде қалдырып, баспасын дара түрінде алу керек» [1] деп А. Байтұрсынұлы реформалаған және баспа түрінің де вариантын ұсынған араб жазуы негізіндегі қазақ алфавитін қабылдау керек деген ҚАРАП ұсынды. Соған қарамастан, қазақ жазуы 1929 жылы латын графикасына көшірілді. Бұл туралы белгілі ғалым Ә. Қайдаров: «1929 жылы Қазақстанда тіліміздің табиғатына бейімделіп, ресми ұлттық жазу болып қалыптаса бастаған Ахаңның әліпбиін аластатуға ешқандай объективті себеп, қажеттілік болмаған еді», - дейді.

А. Байтұрсынов фонемографиясына ғылыми анализ жасаған түрколог-фонетист М.Жүсіпов түркі тілінің дыбыс үндесім тіл екенін анықтап тұңғыш рет «дыбыс үндесім» (сингармофонем) деген атау енгізіп келді [2.11-19]. Кейін 2005 жылы белгілі фонетист Ә. Жүнісбек осы дыбыс үндесім теориясын байытып байырғы түрік жазба тілінің фонологиялық моделін жасады [3.120-125].

1940 жылдан бастап Ресей миссионер Ильминскийдің арманын жүзеге асырды, яғни түркі халықтарын орыс жазуын қабылдауға мәжбүр етті. Осылайша, түркілер ұлттық санасынан ажырай бастады.

1938 жылы шыққан «Батырлар жыры» кітабындағы «Қыз Жібек» жыры:

Qыssa воӊр вуӊ Ҷивек, Васвасьна qarasam , Bәri sala sөziniӊ Eӊirep ҫылар ҫур ҫудер... Тындаған адам ҫылаған. Arvaqтарӊ ҫar volsa Syjejn mupь bir demer [5116].	Құса (қыйса) болып бұл Жібек Бас басына қарасам Бәрі шала сөзінің Еңіреп жылап жүр жүдеп Тындаған адам жылаған Аурақтары жар болса Сүйейін мұны бір демеп
--	---

«Б- ы, с-ш, ҫ-ж, в-б, ӊ-ң, Q - ғ, қ, j-й» деп берлігенін көреміз. Ал Ә, Ө дыбыстары өзгеріссіз қалдырылған. Ғалым С. Н. Мырзабеков «Қазақ тілінің айтылым сөздігі» (2001ж). «Орфографиялық сөздік» демей «айтылым сөздік» деудің өзінде де мағына жатыр. Мәселен, ғалым С.Н. Мырзабеков А. Байтұрсынұлының ізімен қазақ әліпбиінің 28 таңба ғана пайдаланған. Қазіргі 32 деп беріп отырған әліпбидің 4-еуі артық (ф, в, ч, х). Сөзіміз дәлелді болу үшін тағы С.Н. Мырзабековке сүйенеміз.

Айтылу сарын бойынша «ф –п» әріпі / Фәни-дүние- пәни дүние. X- қ / Хабар-қабар, хат-қат.

Егер латын таңбаларын баптап қабылдай алсақ, онда көптеген тіл бұзар әріптер мен емлелер өзіннен-өзі түсіп қалады.

Латын әліпбиіне ауысуға жөнінде әріптестеріміз де құпатайды, атап айтар болсақ, филол.ғылым. докторы Бекен Сағындықұлы «Жаһандану кезінде латын әліпбиіне көшеміз деген мемлекеттік саясатты екі қолымды көтеріп тұрып қолдаймын. Бұл – дұрыс нәрсе! Тіпті, сандық жағынан салыстырып көрсеңіз де кирилл әліпбиі мен латын әліпбиін қолданатындардың арасы жер мен көктей. Егер кирилл әрпінде қала беретін болсақ, жаһанданудан қалдық деп ойлаймын. Ал латынды қолданар болсақ, алдыңғы қатарлы елдермен тереземіз тең болатын деңгейге жетеміз» десе, фонетист ғалым, профессор В. А. Шнайдер «Біздің негізгі мақсатымыз, қазақты латын әліпбиіне көшіру арқылы, басқа латын әліпбиіне жазатын, оқитын түркі тілдеріне жақындасу. Дұрыс алфавит қабылдасамыз, біз тілдің жүйесін құртамыз. Тілдің жаны - дыбыстық жүйесінде. Қаншалықты бұрыс не, дұрыс алфавит

қабылданады, мен жүрген жерімде айтып жүремін бұл бүгінгі күннің ісі емес, үстіртін қарауға болмайды, бақандай бір халықтың тілінің тарихы, болашағы. Ертең алвафит теріс болса, тілде теріс кетеді. Дыбыстық жүйесіне нұқсан келсе, онда шынында бабалардың мұрасы жоққа кетеді». Ағылшын тілінің маманы, «Болашақ» халықаралық стипендиаты, филол.ғылым. кандидаты А.В. Алиясова «Бұл Қазақстан үш өте дұрыс шешім, мен тіл маманы ретінде оң жақтарын көп көремін. Біріншіден, біз дамыған ел қатарында болуымыз, лингвистикалық мәселелер Қазақстанның экономикасына әсер етеді. Көбі ойлайды, қазақтың тарихы, әдебиеті, дәстүрі ұмыт қалады деп, латынға көшкен басқа да мемлекеттердің соның ішінде Азия елдері әлі күнге дейін латын әліпбиін қолданып келеді. Олардың әдебиеті, өнері және ежелгі салт-дәстүрлері де сақталып қалған. Сондықтан менің ойымша, бұл қазақ тілінің дамуына ешқандай кері әсер бермейді. Әрине егде адамдарға бұл жазуға үйренісе алмауы қиын болады, бірақ уақытша ғана. Уақыт - шекараны өшіреді. Жас ұрпақ бұған тез үйреніп кетеді» деп өз ойларын ортаға салады.

Неге қазақ жазуы төте жазу, латын әліпбиі, одан қала берді кириллица болып өзгере келе енді қайта латын әліпбиіне көшеміз? Кириллицада қала берсек болмай ма? дейтін сұрақтар туындайтыны рас. Елімізді Тәуелсіздігін алды. Тәуелсіз елдің қоғамдағы өзгерісі, саяси-идеологиялық, экономикалық тиімділігі байланысты жазу емлесін де өзгертуіміз керек. Бұл Тәуелсіздігіміздің жетістігі.

Жазу реформасын игеру үшін көпшілік бұқараға бір жылдың ар жақ бер жағы жетіп жатыр. Ал мектеп және өзге оқу орындары үшін жазба құралдарының дайындығына кететін уақытты есепке алуға тура келеді. Дегенмен, тарсыл-гүрсіл боп жатқан баспаханалар жоқ, компьютердің кілтпен кириллицадан латыншаға қас қағымда аударып алуға болады. Ағылшын тілін жаппай оқып жатқан балаларға қазақ латыншасына жаттығу қиындық туғызбайды. Ендеше жылдан жылға созақтаудың еш реті жоқ. Егер оқулықтар мен оқу-құрадарының латыншаға көшірілуі қол байлау болмаса, қазақ латыншасының көз жаттамы мен қол дағдысын қатар игеріп алу, арысы екі-үш жылдың шамасы, берісін тым жақындатпай-ақ қояйық, уақыт көрсетер.

Сөз сонында, қазақ тілі дамып, кірме дыбыстармен байып жатыр немесе жазудағы қаражат шығындары көп деп қорқу, терминдер мәселесі тағы бар, айта берсек бітпес іске себеп көп. Сонымен,

- бірінші, алымен, «сауат ашып алу» керек, көпшілік үшін қазақ мәтінінің «әліпби дыбыс жазбасын (транскрипциясын)» дайындау.

- екінші, «әліпби дыбыс жазбасына» лайық морфем, буын, тасымал емле-ережелерін қайта дайындау (өзгерістер енгізу);

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. А., 2005. – 114 б.
2. Джусупов М. Фонемография А.Байтурсынова и фонология сингармонизма. - Ташкент, 1995.
3. Жүнісбек Ә. Көне түркі жазуының фонологиялық моделі жайлы // Тіл және қоғам. -Астана, 2005. -№1. -120-125 б.

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТЕГІ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР

Жазира Нұрсұлтанқызы

*Филология ғылымдарының кандидаты, доцент**Болашақ университеті**Қызылорда, Қазақстан Республикасы**zhaznur@mail.ru*

Түйіндеме: Қарым-қатынастың тілдік амалдары сияқты бейвербалды амалдар да ұлттық нышандарға ие. Бейвербалды амалдар әр халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көрсеткіші болып табылады. Ұлттық-мәдени негіздегі бейвербалды амалдардың мағыналық астарында халық өмірінің бүкіл қыр-сыры жан-жақты сақталған. Сондықтан ұлттық-мәдени негіздегі бейвербалды амалдар этносымыздың ұлттық-ментальдық ерекшелігін бойына сіңірген басты мәдени байлығымыздың бірі болып саналады. Ұлт болмысын танып білуде бейвербалды амалдардың қосар үлесі зор. Мысалы, Европа және Америка елдерінде бас бармақты көрсету «өте жақсы», «бәрі де жақсы» деген мағынаны білдірсе, бұл кинема Грецияда – сақтандыру, Шығыс Африкада – масқаралау ұғымын айқын береді. Сол сияқты болгар халқында бас шайқау – мақұлдау, келісуді аңғартса, бас изеу – қарсылық білдіру, келіспеушілікті ұғындырады.

Қазақ халқының ұлттық-мәдени ерешеліктерінің бірі – әдет-ғұрпы, ырымы, салт-дәстүрі. Қай халықтың болмасын өзінің өмір сүрген дәуіріне қарай тұрмыс-тіршілігі, сол ұлтқа ғана тән әдет-ғұрпы, ырымы, салт-дәстүрі қалыптасады. Әр елдің өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрі арқылы халықтың тұрмыс-салты, мінез-құлық ерекшеліктері мен дүниетанымының сыр-сипаты көрінеді. Бейвербалды амалдар тілдік амал-тәсілдер сияқты ұлттық феномен. Әр халықтың бейвербалды амалдары сол халықтың мәдениетімен тығыз байланысты. Бейвербалды амалдар әр этностың ұлттық-мәдени ерешеліктерін анықтауда маңызды рөл атқарады.

Қазақ ұлты салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа бай халық. Коммуникативтік актіде қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрпына қатысты бейвербалды амалдар өзіндік көркемдік таныммен ерекшеленеді. Мысалы, ата-бабамыздың ежелден келе жатқан салтының бірі – **біз шаншу**. Бұл – «құда болайық» деген өтініш, елшілік хабарды аңғартатын бейвербалды амалдардың бірі. Қазақ халқы жолаушылап жүрген адамдарды жылы қарсы алып, сый-сыяпатын көрсетіп, аттандырып салатын. Біз шаншуға келгендер ешкіммен сөйлеспейді. Қандай шаруамен жүргенін де айтпайды. Қонақасын ішкеннен кейін үн-түнсіз аттанып кетеді. Қонақтар кеткен соң, үй иелері сырмақ қағады. Егер сырмаққа қадалған бізді көрсе: «Ұл ержетті, қыз бойжетті қасқұлақ бала бізде бар, қаса сұлу сізде бар, құда болайық», - деген ұсынысты сөзсіз түсінген.

Бейвербалдық сипатқа ие қазақ халқының салт-дәстүрінің бірі – **сырға салу**. «Сырға салу» амалы ерте кезден келе жатқан дәстүр екені белгілі. Ертеден келе жатқан дәстүр бойынша, әдетте үйінде оң босағада отырған қызы болса, керегедегі түскиізге сырға іліп қоятын. Құда түсудің тағы бір амалы – **қамшы іліп кету**. Қызды көруге келген жігіттің әкесіне шешесі Қызымның ұнағаны рас болса, белгі тастап кет» деген. Жігіт әкесі «құдалықтың басы осы болсын» деп үйдің төріне қамшысын іліп кеткен. Осындай жоралғыдан кейін ол үйдің қызы «үкі таққан қыз» атанған. Яғни қамшы бұл дәстүрде құдалықтың бір белгісі болып табылатыны байқалады. Осындай әдет-ғұрыптық сипатқа ие бейвербалды амалдардың бірі – **қамшы тастау**. Бұл ұлттық салт-дәстүр, әдет заңының жолы бойынша шешендер мен билердің, талапкерлердің дау-шар кезінде сөз сұраған белгісі болып саналады. Дау-жанжал, ақылдасу сәттерінде ер адам бір тізерлей отырып, қамшысын бүктеп, жерге қадаса, бұл бітімге келушілік белгісін аңғартқан.

Қорыта келгенде, әр ұлттың ерекшелігі этностың салт-санасынан, дәстүрінен, әдет-ғұрпынан байқалады. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып әртүрлі бейвербалды амалдар арқылы орындалады, толығыады. Және де бұндай бейвербалды амалдар этностың мәдени-ментальдық ерекшеліктерін, болмысын ашады.

Мақалада бейвербалды амалдардың зерттелуі, бейвербалды амалдардың ұлттық-мәдени ерекшелігі сөз болады. Қазақ халқының ұлттық-мәдени ерешеліктерінің бірі – әдет-ғұрпы,

ырымы, салт-дәстүрі. Қай халықтың болмасын өзінің өмір сүрген дәуіріне қарай тұрмыс-тіршілігі, сол ұлтқа ғана тән әдет-ғұрпы, ырымы, салт-дәстүрі қалыптасады. Әр елдің өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрі арқылы халықтың тұрмыс-салты, мінез-құлық ерекшеліктері мен дүниетанымының сыр-сипаты көрінеді. Бейвербалды амалдар тілдік амал-тәсілдер сияқты ұлттық феномен. Әр халықтың бейвербалды амалдары сол халықтың мәдениетімен тығыз байланысты.

NONVERBAL ACTIONS IN NATIONAL CULTURE

Zhazira Nursultankyzy

Candidate of philological sciences, associate professor

University Bolashak

Kyzylorda, Republic of Kazakhstan

zhaznur@mail.ru

As the actions of linguistic communication, nonverbal actions also have national symbols. Nonverbal actions are an indicator of the national-cultural peculiarities of each population. In the context of the nonverbal actions of national and cultural backgrounds, all aspects of national life have been preserved in various ways. Therefore, nonverbal actions on a national-cultural basis are considered as one of the main cultural treasures of the national-mentality of our ethnoses. It's a great deal of nonverbal actions to get to know the identity of the nation. For example, in Europe and America, showing the thumb means "very good" and "everything is good", in Greece this action means insurance, in East Africa - conception of shame. Likewise, in the Bulgarian people head shaking means to approve, to agree, nodding - to discriminate, to express disagreement.

One of the national and cultural features of the Kazakh people is customs, ritual, tradition. No matter what people, according to their lifestyle, there is the custom, ritual and tradition of only the same nation. The peculiarities of the way of life, behavior and attitudes of the people of each country are shown through their own customs and traditions. Nonverbal actions are a national phenomenon as language approaches. The nonverbal actions of every nation are closely linked to the culture of the people. Nonverbal actions play an important role in determining the ethnic and cultural identity of each ethnic group.

Kazakh people are rich with national traditions and customs. In a communicative act, the nonverbal actions associated with the customs and traditions of the Kazakh people are characterized by their own artistic knowledge. For example, one of the ancient traditions of our ancestors is **to hit with bradawl**. This means - "Let's be relatives", one of the nonverbal actions that make request, embassy message. The Kazakh people warmly welcomed the passengers, gave them a gift and showed off. People who came to hit with bradawl do not talk to anybody. They don't not tell what they are doing. After having meals they go away silently. After the guests leave, the homeowners shake the syrmaq. If they see the bradawl hit in syrmaq, they understand such kind of offer without a word: «We have a boy, you have a beautiful girl, so let's be relatives».

One of the traditions of the Kazakh people, which is nonverbal action, is **the putting on earring**. «Putting on earring» is known that it is an ancient tradition. According to ancient tradition, usually if a family has a girl, parents hang earrings on side of the yurt. Another way to get relatives is **to hang a whip**. Girl's mother tell the father of the guy, who came to see the girl, "If you like my daughter, leave a mark". The boy's father saying "the beginning of relationship", hang his whip on top of the house. After this ritual, the daughter of that home became "an owl girl". That is, the whip is one of the symbols of this tradition. One of the most nonverbal actions of this kind is **to drop the whip**. This is a sign of asking a word of orators and judges according to the national tradition, customary law during the contestants' conflict. During the conflict and consultation, if a man stumbles over his knees and casts his whip on the ground, it is a sign of agreement.

In conclusion, the peculiarity of each nation is observed in national consciousness, traditions and customs of ethnos. Traditions and customs are accomplished by means of various nonverbal actions. And such nonverbal actions reveal the cultural and mental features of the ethnos.

As the actions of linguistic communication, nonverbal actions also have national symbols. Nonverbal actions are an indicator of the national-cultural peculiarities of each population. In the context of the nonverbal actions of national and cultural backgrounds, all aspects of national life have been preserved in various ways. Therefore, nonverbal actions on a national-cultural basis are considered as one of the main cultural treasures of the national-mentality of our ethnos. It's a great deal of nonverbal actions to get to know the identity of the nation.

Бейвербалды амалдарды зерттеу алғаш Г.Спенсер, В.Вундт, Ч.Дарвин еңбектеріннен бастау алған. Ч.Дарвиннің 1872 жылы жарық көрген «Эмоцияның адам және жануарларда бейнеленуі» атты еңбегін атап өткен абзал. Зерттеуші тілдің шығу тарихы мен ым-ишараның дамуындағы байланыстарды ұштастырады. Ч.Дарвиннің қазіргі «бейвербалды амалдарға» қатысты айтқан тұжырымдары мен бақылауларын бүгінгі күні әлемнің барлық ғалымдары мойындайды. Зерттеуші осы күнгі адамда байқалатын айтайын деген бір ұғымды жеткізуге арналған қозғалыстардың біразы біздің ерте кездегі ата-бабаларымыздың тіршілігінде елеулі орын алған әрекеттердің қалдығы екендігін айтады. Содан бері көптеген ғалымдар бейвербалды амалдардың сөйлеудегі ерекшеліктерін анықтай келе, адам өмірінде қайсысы қандай қызмет атқаратынына айрықша назар аударған. Мәселен, француз психологы Альберт Мейербиан қарым-қатынас кезінде вербалды амалдар (тек сөз) жеті пайыз, дыбыс, интонация отыз сегіз пайыз, бейвербалды амалдар елу бес пайыз қолданылады деген пікір айтқан. Ал профессор Бердвислл адамдар қарым-қатынасында отыз сегіз пайыз сөз, алпыс бес пайыз хабар бейвербалды амалдардың көмегімен беріледі деп тұжырымдайды [1,13]. Әрине, бұл статистикалық мәліметтер қазақ халқының қарым-қатынасында қолданылатын бейвербалды амалдардың негізінде жасалмаған. С.Татубаев: «Казахов нельзя отнести к народам многожестиколирующим. Раньше, да и сейчас по этикету не рекомендуется интенсивная жестиколяция (здесь мы не касаемся вопросов, связанных с типом высшей нервной деятельности, в том числе и с темпераментом индивидумма)», - деп ой түйеді [2,6].

Бейвербалды амалдар – өз мәні мен өзектілігін қазіргі таңда да жоғалтпаған мәселелердің бірі. XX ғасырдың елуінші жылдарынан бастап бұл сала аса үлкен қарқынмен зерттелді. Шетел тіл білімінде бейвербалды амалдар елуінші жылдардың басында қолға алынды. Дж.Трейгер, М.Джос, Т.Сибек, Ч.Хоккет, М.Уэст, Р.Бердвислл т.б. лингвистердің еңбектерінде, П.Бэтсон, П.Оствальд, У.Лабарр, А.Шефлен, М.Уэст, К.Л.Пайк т.б. психологтардың еңбектерінде сөз болып, ғылыми зерттеулер жарық көрді.

Қарым-қатынастың бұл түрі қазақ тіл білімінде тек соңғы жылдар жемісі болса да, бейвербалды амалдардың қызметі туралы ойларды, терең тұжырымдарды ертеден кездестіруге болады. Атап айтсақ, бейвербалды амалдар туралы көзқарастар, алғашқы ойлар қазақ филологиясының тұңғыш профессоры Қ.Жұбанов еңбегінде кездеседі. Ғалым ымның ерекшелігі туралы былай дейді: «Ауызекі сөйленетін сөздердің андай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар. Дыбыстап сөйлеген сөздің олқысы, көбінесе, ыммен толығыады. Тіпті бірінің тілін бірі білмеген я болмаса, бірінің тілі мүлде жоқ болған уақытта да, ыммен ылаждап түсінуге болады» [3,148]. Қ.Жұбановтың ойынан бейвербалды амалдар ауызекі тілдің ажырамас бөлігі екенін, сонымен қатар қарым-қатынасқа көмекші компонент ретінде рөл атқаратынын аңғаруға болады.

Қарым-қатынастың тілдік амалдары сияқты бейвербалды амалдар да ұлттық нышандарға ие. Бейвербалды амалдар әр халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көрсеткіші болып табылады. Ұлттық-мәдени негіздегі бейвербалды амалдардың мағыналық астарында халық өмірінің бүкіл қыр-сыры жан-жақты сақталған. Сондықтан ұлттық-мәдени негіздегі бейвербалды амалдар этносымыздың ұлттық-ментальдық ерекшелігін бойына сіңірген басты мәдени байлығымыздың бірі болып саналады. Ұлт болмысын танып білуде бейвербалды амалдардың қосар үлесі зор. Көрнекті лингвист Е.Д.Поливанов: «...значение слов дополняется

разнообразными видоизменениями звуковой стороны, куда входит главным образом мелодия голосового тона, и, наконец,- жестами... При этом надо иметь в виду, что в разных языках имеется различное использование интонации и жестов»,- деп, бейвербалды амалдарды әр халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің ажырамас бөлігі екендігі туралы айтады [4,296]. Мысалы, Европа және Америка елдерінде бас бармақты көрсету «өте жақсы», «бәрі де жақсы» деген мағынаны білдірсе, бұл кинема Грецияда – сақтандыру, Шығыс Африкада – масқаралау ұғымын айқын береді. Сол сияқты болгар халқында бас шайқау – мақұлдау, келісуді аңғартса, бас изеу – қарсылық білдіру, келіспеушілікті ұғындырады. Сонымен қатар «тілін шығару» кинемасы қытай халқында сес көрсетудің, үнді тайпаларында даналықтың, айн халқында сәлемдесудің, қазақ халқында мазақтау, келемеж қылудың белгісін береді. Бейвербалды амалдар барлық халыққа тән болғанымен, әр ұлттың бейвербалды амалдар жүйесі әр түрлі, бірдей емес. Бұл айырмашылық сол елдің тұрмысының, қоғамдық-әлеуметтік өмірінің, осыған орай халықтың таным-түсінігінің әр түрлілігімен сипатталады.

Қазақ халқының ұлттық-мәдени ерешеліктерінің бірі – әдет-ғұрпы, ырымы, салт-дәстүрі. Қай халықтың болмасын өзінің өмір сүрген дәуіріне қарай тұрмыс-тіршілігі, сол ұлтқа ғана тән әдет-ғұрпы, ырымы, салт-дәстүрі қалыптасады. Әр елдің өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрі арқылы халықтың тұрмыс-салты, мінез-құлық ерекшеліктері мен дүниетанымының сыр-сипаты көрінеді. Бейвербалды амалдар тілдік амал-тәсілдер сияқты ұлттық феномен. Әр халықтың бейвербалды амалдары сол халықтың мәдениетімен тығыз байланысты. Бейвербалды амалдар әр этностың ұлттық-мәдени ерешеліктерін анықтауда маңызды рөл атқарады.

Қазақ ұлты салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа бай халық. Коммуникативтік актіде қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрпына қатысты бейвербалды амалдар өзіндік көркемдік таныммен ерекшеленеді. Мысалы, ата-бабамыздың ежелден келе жатқан салтының бірі – **біз шаншу**. Бұл – «құда болайық» деген өтініш, елшілік хабарды аңғартатын бейвербалды амалдардың бірі. Қазақ халқы жолаушылап жүрген адамдарды жылы қарсы алып, сый-сыяпатын көрсетіп, аттандырып салатын. Біз шаншуға келгендер ешкіммен сөйлеспейді. Қандай шаруамен жүргенін де айтпайды. Қонақасын ішкеннен кейін үн-түнсіз аттанып кетеді. Қонақтар кеткен соң, үй иелері сырмақ қағады. Егер сырмаққа қадалған бізді көрсе: «Ұл ержетті, қыз бойжетті қасқұлақ бала бізде бар, қаса сұлу сізде бар, құда болайық»,- деген ұсынысты сөзсіз түсінген.

Бейвербалдық сипатқа ие қазақ халқының салт-дәстүрінің бірі – **сырға салу**. «Сырға салу» амалы ерте кезден келе жатқан дәстүр екені белгілі. Ертеден келе жатқан дәстүр бойынша, әдетте үйінде оң босағада отырған қызы болса, керегедегі түскиізге сырға іліп қоятын. Осы дәстүр туралы қазақ зергерлік өнерінің лексикасына этнолингвистикалық сипаттама берген ғалым Р.Шойбеков былай дейді: “Ертеде қыздың басы бос, атастырылмаған болса, керегеге, кілемге, тіпті бақанға сырға іліп қою салты болған. Үйге келген қонақ, яки жолаушы үй ішін көзімен шолып, ілулі тұрған сырғаны көрсе, «бұл үйдің бой жетіп келе жатқан не бой жетіп отырған қызы бар екен, ата-анасы әлі ешкіммен құда болмапты, қыздың басы бос екен» деген ой түйген. Мұның аяғы кейде құдалыққа ұласып жататын. Мұндай салт сонау көне заманнан келе жатыр. Оны ертегі-аңыздардан да байқаймыз. Қазақ ертектің ішіндегі ең көнесі «Ер Төстік» ертегісінде былай деген этнографиялық мәні күшті дерек кездеседі: «...тоғыз ұлым бар, соған тоғыз келіншек іздеп жүрген адаммын; тоғыз ұлымның бір әке-шешеден туған болуын іздеп жүрген адаммын. Керегенің басындағы көп сырғаны көргенде, тілегіме жеттім ғой деп қуанып қалып едім, санасам, біреуі кем екен, соған жылап отырмын», - дейді Ерназар. - Ендеше жылама, тағы біреуі бар, әне тұр,- деп бәйбіше тұс бақаннан тағы бір сырғаны алып келеді... Сөйтіп Ерназар тоғыз қызға құда түсіп қайтады [5,20-21]. Құда түсудің тағы бір амалы – **қамшы іліп кету**. Қызды көруге келген жігіттің әкесіне шешесі Қызымның ұнағаны рас болса, белгі тастап кет» деген. Жігіт әкесі «құдалықтың басы осы болсын» деп үйдің төріне қамшысын іліп кеткен. Осындай жоралғыдан кейін ол үйдің қызы «үкі таққан қыз» атанған. Яғни қамшы бұл дәстүрде құдалықтың бір белгісі болып табылатыны байқалады. Осындай әдет-ғұрыптық сипатқа ие бейвербалды амалдардың бірі – **қамшы тастау**. Бұл ұлттық салт-дәстүр, әдет заңының жолы бойынша шешендер мен билердің, талапкерлердің дау-шар

кезінде сөз сұраған белгісі болып саналады. Дау-жанжал, ақылдасу сәттерінде ер адам бір тізерлей отырып, қамшысын бүктеп, жерге қадаса, бұл бітімге келушілік белгісін аңғартқан. Қамшы – өте ерте заманнан бері қолданылып келе жатқан құрал. Сондықтан қамшы төңірегінде айтылатын әр түрлі әдет-ғұрып, салттық ерекшеліктер жиі кездесіп отырған. Сондай-ақ ертеректе «үйге қамшыны бүктеп алып кіру» әдептілікті байқатады деп есептеген. Қамшыға байланысты тағы бір бейвербалды амал – **«қамшы тастар»**. Үй иесі үйінде болмаған кезде жолаушы қамшысын тастап, басқа үйге кетеді. Бұл бейвербалды амал қайта соғамын деген мағынаны білдірген. Қазақ халқы еш уақытта «қанша балаң бар?» деп сұрамаған. Жөн-жосық білетін адам керегеде ілулі тұрған қамшының санына қарап, ол үйдің қанша баласы бар екенін, оның нешеуі ұл, нешеуі қыз екенін айтқызбай-ақ болжап білген. Ата-бабаларымыздан жалғасып келе жатқан дәстүріміздің бірі – **шашу**. Қуанышты сәттің бәрінің шашумен басталуы – арты той-томалаққа ұласып, игілікті істерге жалғасын деген ізгі ниеттің белгісі. Сондықтан да халқымыз келін алғаш босағадан аттаған сәтте, күйеу қайын жұртына келіп түскенде, қыздың жасауы келгенде, отау көтергенде, бәріне шашу арнайды. Гендерлік ерекшелікке байланысты шашуды әйел адамдар шашады. Қазақ халқында ант ету, ант беру дәстүрінде **құранды кеудеге басу, нан ұстау, нан жеу, тілінен қан шығару** сияқты қимылдары да кездесіп отырады. Ұлттық-мәдени негіздегі бейвербалды амалдардың мағыналық астарында халықтың ерте уақыттан бергі өмірінің бүкіл қыр-сыры жан-жақты сақталған. Ұлт болмысын танып білуде бейвербалды амалдардың қосар үлесі зор. Көптеген салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарда ата-бабаларымыз тіл қатпай-ақ түрлі іс-әрекеттер, дене қимылдарымен демек, бейвербалды амалдармен көп нәрсенің мән-жайын жеткізе білуге тырысқан. Қазақ халқының ұлттық-мәдени ерешеліктері бейвербалды амалдармен толығып отырады. Бейвербалды амалдардың ұлттық-мәдени ерешеліктерін түсіндіру үшін оның ұлттық-мәдени негізіне сүйену керек.

Халқымыздың ерте заманнан келе жатқан салт-дәстүрлерінің бірі – **бата беру**. Бата негізінен екіге бөлінеді. Бірі – оң бата (ақ бата), екіншісі – теріс бата. Әдетте, оң бата жолың болсын, ісің сәтті болсын деген жақсы тілекті білдіреді. Оң бата берерде адам **екі алақанын алға қарай жайып тұрып**, ақ тілегін, адал ниетін айтып, **қос қолымен бетін сипайды**.

Қазақ халқында бұрын өлген адамның әйелі, апа-қарындастары мен қыздары, келіндері шаштарын жайып жіберіп жоқтау айтатын. Қара киім киіп, үйіне кісілер келіп көңіл айқан сайын дауыс салатын болған. Кейбіреулерінің күйініштерінің күштілігі сондай, өз бетін өзі тырнап, жаралап тастайтыны да кездесіп отырған. Сонау көне замандарда түркі тайпалары өлген адамға қатты қайғырып, марқұмның тумалары шашын жұлып, бетін тырнап, құлағын кесіп, өздерін қорлайтын әдет болған. Оның мәнісі «өлген адамның артында қалып, онсыз сүрген өмірде не мән бар?»,- деген ұғымнан шыққан. О дүниелік пендені жоқтауда әйелдердің атқаратын қызметі ерекше. Тұрмыс-тіршілікте сирек кездесетін «шаш жаю», «шашын жұлу» немесе «шаш тарқату» сияқты бейвербалды амалдар – жоқтаудың көне түріне жатады.

Қарым-қатынастың көңіл айту ситуациясы аса күрделі. Көңіл айту дәстүрінде қарым-қатынастың вербалды түрімен қатар, бейвербалды түрі де ерекше қызмет атқарады. Көңіл айтушылардың «ой бауырымдап» ат қойып, дауыс салып келуі, аза тұтушылардың көңіл айтушылармен құшақтасып көрісуі, аза тұтушы әйел адамдардың үй ішінде дауыс айтып жоқтауы – көңіл айту дәстүріндегі бейвербалды амалдар болып табылады.

Аза тұтушыларға көңіл айтушылардың жылап, құшақтасып көрісуі – қайғыға ортақтықты білдіретін бейвербалды амалдар. Жоқтаудың тағы бір үлгісі – **жер бауырлап жылау**. Бұл жылау жазушы шығармаларында жас жігіттің жарым көңілін білдіреді.

Ертеректе қадірлі азаматы өлген қаралы ауыл киіз үйдің түңлігінен, кейде жапсарынан аза туын іліп қоятын болған. Егер өлген адам жас болса, қызыл түсті жалау; орта жастағы адам болса, қара түсті жалау; қарт адам болса, ақ түсті жалау ілінетін. Бұл жөнінде Ш.Уәлиханов қысқаша болса да, баға жетпес мәлімет беріп кеткен. Айтып кететін бір жайт, қаралы үйде қандай адам өлгенін осындай бейвербалды амалдар арқылы жүргінші-жолаушыға білдірген. Арғы дәуірлерде суық хабарды сөзбен айтудан гөрі түрлі ишара, дене қимылдары, шартты белгілермен жеткізу салты басым болған. **Қара жамылу, шашын жұлу, бетін тырнау,**

шашын жұлу т.б. сияқты бейвербалды амалдардың барлығы қазаның хабаршысы қызметін атқарған.

Сәлем ету. Халық дәстүрінде қазақ келіншектері қайын аталары мен енелеріне, қайынағалары мен жасы үлкен абысын-ажынға қырындап тұрып, тізесін бүгіп, оң қолын кеудесіне қойып, иіліп сәлем беруі кездеседі. Қырындап тұрып амандасуда өзіндік сыр бар. Үлкен кісіге қарама-қарсы тұру әдепсіздік болып саналады. Келіннің сәлем беру салты беташар дәстүрінен бастау алады. Белгілі жазушы-этнограф С.Кенжеахметұлы: «Жаңа түскен келінді «беташар» дәстүрі жасалмай ешкім көре алмайды. Оны көру үшін әдейі «беташар» жасалады. Оған тойға жиналған туыс-туғандар тегіс қатынасады. Мұнда «Беташар» жыры айтыла отырып, келінге оның атасы, енесі, оның басқа туыстары таныстырылып, келін оларға сәлем жасайды», - дейді [6,15]. Үлкен кісілерден табақ қайтқанда да келін сәлем ету дәстүрі қалыптасқан. Ондайда үлкендер өз ризашылықтарын білдіріп, батасын береді. Келіннің сәлем етуі әдептілік пен сыйлаудың белгісі ретінде қабылданады. Сәлем әйелге қатысты болса оны «сәлем етті» дейді.

Қорыта келгенде, әр ұлттың ерекшелігі этностың салт-санасынан, дәстүрінен, әдет-ғұрпынан байқалады. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып әртүрлі бейвербалды амалдар арқылы орындалады, толығыады. Және де бұндай бейвербалды амалдар этностың мәдени-ментальдық ерекшеліктерін, болмысын ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Пиз А. Язык телодвижения: Как читать мысли других людей по их жестам (пер. с англ. яз.). -Нижний Новгород: Ай Кью, 1992. -262 с.
- 2 Татубаев С. Жесты как компонент искусства. -Алма-Ата: Қазақстан, 1979. -108 с.
- 3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. -Алматы: Ғылым, 1999. -581 б.
- 4 Поливанов Е.Д. По поводу «звуковых» жестов японского языка //Статьи по общему языкознанию. -М.: Главная редакция восточной литературы, 1968. -С. 295-306.
- 5 Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. -Алматы: Қазақстан, 1993.-129 б.
- 6 Кенжеахметов С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. -Алматы: Ана тілі, 1994. -79 б.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ АЛАШ ИДЕЯСЫ

М. Оразбек

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы
Астана, makpal_zere@mail.ru*

Түйіндеме: Мақалада ХХ ғасыр басында проза жанрында М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Әуезов, С.Торайғыров сияқты алаш азаматтары көтерген қоғамдағы әлеуметтік жағдайлар мен экономикалық дағдарыс, адамның рухани құлдырауы, қылмыстың өршуі сияқты құбылыстың көркем шығармада бейнелену тәсілі жан-жақты талданған. Аталған жазушылар ХХ ғасыр басындағы Қазан төңкерісінің салдарынан ел ішінде орын алған оқиғаларды жеке адам образы арқылы бейнелеген еді. Аталған мәселелердің алаш қайраткерлерінен кейін қазіргі қазақ әдебиетінде өзінің заңды жалғасын тапқаны, жаңа мазмұн, өзгеше тәсілде суреттелгені қарастырылған.

Қазіргі әдебиетте Н.Ораз, Т.Ахметжан, Р.Мұқанова, Ж.Қорғасбек шығармаларында қоғамда болып жатқан жағдайды адамның ішкі субъективизмі арқылы бейнелеуге жете мән берді. Тәуелсіздіктен кейінгі жазылған көркем шығармаларда тақырып, идея, композиция мен сюжеттік оқиғаның өрілу тәсілі де өзгерді. Жазушылар ұзақ роман, повесть жазудан гөрі қысқа мазмұнды әңгіме, новелла жазуға ойысты. Нарықтық қатынастың пайда болуы мен жеке меншіктің орнауына байланысты адам характері алмасқан қоғамның ұлтқа, қазақ өміріне қаншалықты әсер еткенін суреттеуге күш салды. Қазақ арасын жайлаған, жалпы қоғамға тез жайылған алып-сатарлық, алдау-арбау, күштінің әлсізге қокан локқы жасауы, көзбояушылық, ғылым мен өнерді қор қылу сияқты мінез-құлықтың қалыптасуын, жеке адамның психикасы мен дара тіршілігіне үнілу арқылы суреттеуге ойысты.

Көркем шығармада бұрынғы кеңестік кезең әдебиетіндегі еңбек адамының, зиялы қауым өкілдерінің бейнесі өзгеше сипатқа ие болды. Ол кездегі әдебиетте өнер мен ғылым саласындағы адамдардың биік рухы, асқақ арманы, ел ішіне сіңірген еңбегі суреттелсе, кейінгі прозада есіл еңбегі еленбеген, өнері бағалбай, қоғамнан оқшау қалған бейнелер алға шықты.

Кілт сөздер: кейіпкер, авторлық идея, әдеби туынды, баспасөз, қаламгер

THE ALASH IDEA IN MODERN KAZAKH PROSE

М. Оразбек

*Prof., Dr., L.N.Gumilyov Eurasian National University
Astana, makpal_zere@mail.ru*

SUMMARY Earlier of XX centuries, M.Jumabayev, J.Aytmatov, M.Dulatov, M.Awezov and S.Torayhirov are try to describe the social problems like economy crisis, spiritual falls, crime problem on their proses. In our paper I try to analyze those description methods. Alash Writers also describe the social problems during the Kazan Revolution through the single person images. After the Alash Writers, how these issues show in modern Kazakh proses. I will also answered these questions.

In modern proses, Writers (N.Oraz, T.Ahmetjan, R.Mukanova, J.Qorhasbes) who pay more attention to show the social issues with the inner subjectivities of images. The method of theme, idea, composition and storytelling are had been changed after the independence. Those Writers also prefer to write a short contentious story or novella than novels. In their works, they described the impact of a market economy on the Kazakh people. The work describes the experiences of people, fraud, they were involved in, and the weakness of science and art throughout the country. The image of the workers and intellectuals of the former Soviet period in belles-letters was significantly distorted. The works of that time described the spiritual life of the people, honesty and ability to work of the young people.

The prose of independent Kazakhstan, in turn, reveals the existential character of people.

Key words: Figure, Writers idea, Literature work, Publication, Writer

Қазақ әдебиетінде проза жанры ХХ ғасырдың басында қалыптасып, жаңа даму сатысына аяқ басты. Проза жанрының жандануына алаш қайраткерлері: М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Әуезов, С.Торайғыров т.б. қаламгерлер ерекше үлес қосты. Аталған жазушылар ХХ ғасырдың басында-ақ өз шығармаларында өмірдің күңгірт, көлеңкелі жақтарына тереңірек мән беріп, сол кездегі қазақ қоғамындағы түрлі жағдайлардың (сайлау, ақ пен қызылға бөліну, таптық күрес, революция, аштық т.б.) ел ішінде сұрқиялық пен сұмдық атаулыны қоздырып, адам санасына селкеу, арасына іріткі түсірген кеселдің бетін ашуға, тамырын тануға ұмтылған болатын. Бір М.Әуезовтың өзі 20-30 жылдары-ақ қазақ арасында орын алып отырған оғаш оқиғалар мен ел ішіндегі кесел мінезді арқау етіп, бірнеше әңгіме жазған болатын. Және ол шығармаларда суреттелген оқиғалар қазақтың өз өмірінен алынып, суреткердің *терең интуициясы, тиянақты позициясы* арқасында бай қиялынан өріліп шыққан еді. Ол туралы жазушының үзеңгілес інісі, дос-жар серігі болған, белгілі ғалым Қ.Мұхамедханов: «Тегінде Мұхтар Әуезов ешбір шығармасын ойдан алып, қиялмен жазған емес, оның әрбір шығармасының негізі шын өмірде болған және болатын оқиғаның көркем әдебиеттегі шежіресі, оның әрбір кейіпкері, өмірде болған адамдардың, ұлы жазушының құдыретті қаламымен мүсінделген көркем образдары» [1, 27] деп, Әуезовтей шығармашылық тұлғаның нақты өмірде көргені мен түйгенін әрбір шығармасына қазық еткенін атап көрсетеді. Демек, ұлы суреткер зары мол заманның адам баласын түңілдіріп, түршіктірген жақтарына жете мән бере отырып, адам баласының бүркеулі жатқан қиян-қилы табиғатын ашқаны ақиқат. Сондықтан “Қорғансыздың күні”, “Оқыған азамат”, “Үйлену”, “Кім кінәлі?”, “Жетім”, “Кінәмшіл бойжеткен”, “Қаралы сұлу” әңгімелері ел арасында болған оқиғалардың сілемінен алынып, сол соқталы оқиғалар адам жанын жаралап, біреулерге күйік-қайғы болып жабысқандықтан да жазушының авторлық позициясына ықпал етіп, оның субъективтік ой-санасында сан қилы қаһарман туғызуға мәжбүр еткені байқалады.

Жалпы әлем әдебиетінде өткен ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басындағы өнер дүниесінде адамның жан-дүниесі мен психологиясына үнілу басты орында тұрды. Себебі қоғамдық дағдарыс, бірінші дүниежүзілік соғыс елдің кедейленуіне, қылмыстың көбеюіне жол ашты. Батыс пен Ресей, Американдық әдебиетінде Ф.Кафка, Д.Джойс, Д.Хармс, С.Беккет, Э.Ионеско, Т.С.Элиот, Т.Уильямс, Ф.Достоевский, Гоголь, У.Фолкнер, жапон әдебиетінде Р.Акутагава, Ю.Мисима сияқты белгілі қаламгерлер М.Әуезов, М.Жұмабаевтар сияқты өмірдің күңгірт жақтары мен адам баласының өзі байқай бермейтін мінезінің тұңғыық, неғұрлым түсініксіз астарын айқындауға ұмтылды. Сондай шығармалардың тууына қоғамды билеп алған *әлеуметтік дағдарыс, кедейлік пен жұмыссыздық, дүниежүзілік соғыс, нашақорлық* сияқты адамды материалдық жүдеулікке, моральдық азғындыққа ұрындырған түрлі тұманды жағдай суреткер атаулының шығармашылық әлеміне ерекше ықпал етті.

Француз жазушысы Альбер Камюдың ойына үңілсек, “Мен жарты [өмір – М.О.] жолымды қайыршылық пен жарық күн арасында өткіздім. Қайыршылық маған күн астында және тарихта бәрі сәтті болатындығына сенуге бөгет жасады, сондай-ақ жарық күн маған тарих дегеніміз балығы емес екенін үйретті” дей келіп, күнделігіне өзінің өмір сүрген кезеңі туралы да жазуды ұмытпаған. “Әр жолы мен бізді басқарушылардың саяси сөздері мен мәлімдемелерін оқыған кезде түршігіп кетемін және бұл бірінші жыл емес, мен одан адамшылықтың мысқалын да ұстай алмаймын. Мәңгі бақи бәрі сол сөздер, бәрі сол бір өтірік” [2,6].

Жазушы өзі өмірдің көлеңкелі жақтарын көріп, басынан өткізгендіктен де қоғамдағы “қайыршылық” пен басшы атаулының да рухани “қайыршы” болғандығынан адам баласының азып-тозған жан әлемін суреттеуге мәжбүр. Қитұрқы саясат пен жалғандыққа толы құрғақ та саяси уәделер, екі жүзділікке салынған, адамшылықтан жұрдай ел басшылары мен зәбір-жапа шеккен, азғындаған елдің бұлтартпайтын бейнесін жасауға суреткердің толық творчестволық құқы бар. Осындай қоғамдағы әділетсіздік жазушыны адам мен ол өмір сүрген қоғамды суреттеуге еріксіз итермелейді. Автордың қиял дүниесі мен ақыл ойында жаңа идеялар тууға,

кереғар позицияның пайда болуына ықпал етеді. М.Әуезов «Қорғансыздың күні» әңгімесінде болыс, елге басшы азаматтырдың дертке ұшыраған санасын суреттеу арқылы қоғамның дертін қозғайды. Бір емес бірнеше қылмыс жасаған (адам зорлау және оны өлімге итермелеу) болыстың жазасыз кетуі мен жас ұрпақтың қыршынынан қиылған тағдырын суреттеуі тектен тек емес. Санасы дертке шалдыққан адамның билікке келуінің қоғамда қандай жағдай туғызатынын меңзесе керек.

Американ жазушысы Уильям Фолкнер де, “Жазушы, ақын немесе романист болсын, олар жай ғана адамшылық істің “регистраторы” [тіркеп отырушысы] ғана емес, ол адамға одан да жақсырақ болу сенімін есіне түсіріп, ойына салу керек деп есептеймін. Егер жазушы бірдеңе істеуге үндесе, онда өмірді өзі көргеннен де күштірек етуге, өзінің бар күшімен, қандай жолмен болса да соғыс сияқты зұлымдықтың, әділетсіздік пен қиянаттың болмауын жасау керек, – міне, оның жұмысы” [3, 4] дейді. Фолкнер айтпақшы «әділетсіздік пен қиянаттың болмауын жасау керек» болғандықтан да жазушы көркем шығармада адамның ары мен ол өмір сүрген заман шындығын ащы бейнелейді.

М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романдары мен М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», М.Әуезовтың «Кім кінәлі?», «Қорғансыздың күні» әңгімелері мен Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесін бір ауыз сөзбен әйел теңсіздігі тақырыбына жазылған шығармалар деп айту оңай. Бұрын солай талданды. Шындығында әйел теңсіздігі мәселесі де бар. Бірақ осы аталған әрбір шығарманың идеясы әйел тағдырын сөз ете отырып, ол өмір сүрген заманның шешілуі қиын қағидалары мен өсіп келе жатқан ұрпақтың болашағының қорғансыздығы, қазақтың бейқам, қамсыз, надан тіршілігі мен ел арасындағы араздықтың өршуі сияқты келеңсіздіктің ұлт санасына сызат түсіріп, психологиялық күйзеліске түсірген кеселдер еді. Алаш қайраткерлері мен ақын-жазушылары осындай келелі оймен, қоғам сырына терең үңілгендіктен де жан-дүниесі астан-кестең кейіпкерлер сомдады. Орыстың белгілі әдебиеттанушы ғалымы Л.Гинзбургтың пікіріне сүйенсек, «романтикалық роман қаһармандарының бойында қасиет те, құмарлық та бар, бірақ оларды байланыстырушы, қаһарман етуші нағыз принцип – идея болып табылады» [4,126].

Демек, қаһарман бүкіл көркем шығарманың көркемдік, адамгершілік, тәрбиелік мән-мазмұнын танытушы ролін атқара келіп, оның ең басты ерекшелігі – *авторлық идеяны жеткізушілігі* болып табылады. «Қаһарман оқиғаларды өткізетін стержень емес, тип те, характер де, маска да емес, ол – идеяны сөзсіз жеткізуші. Міне, осы тұрғыдан келгенде ол – символдық фигура» [4,126].

Гинзбург бұл жерде кейіпкердің тип, характер ретіндегі негізгі мағынасынан да гөрі автордың идеясын тікелей иеленуші екендігіне, автордың танытқысы келген ой-пікірі мен көзқарасын өз мойнына алып, іс-әрекеті мен адамдық характері негізінде автор идеясын жеткізушілік қабілетіне баса назар аударған.

Идея – адам образы немесе кез келген құбылыстың символдық бейнесі, яғни көркем бейне ұғымына өте жақын екендігін Карл Юнг та нақтылай түседі. “Белгілі психологиялық элемент “идеяны” кейде мен оған жақын түсініктегі образ деп те атаймын. Сондықтан образ жеке-дара немесе өзіндік бет-бедері жоқ жалпылама да болады” [5, 518].

Идея ұғымының образбен етене жақындығын көрсету үшін Юнг идеяның автор ойында, қиялында нақты образбен немесе белгілі бір көркем бейнелермен, суреттермен елес беретінін, *заттанатынын* айтып отыр. Тіпті, идеяны символ деп те ұғындырады. Өйткені автор психикасында пайда болған идея белгілі бір символдық бейнелер арқылы заттанып, нақты мәнге, тіпті белгілі бір *характерге* ие болатындығы шындық.

XX ғасыр басындағы шығарма кейіпкерлері сөзсіз автор идеясын жеткізуші, әрі жаңғыртушы мәнге ие. М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Әуезов, С.Торайғыров, Б.Майлин т.б. қаламгерлер шығармаларының идеясы – сол заманның қордаланған, күрмеуі қиын ел мен жердің, ұлттың мәселесі. Ал оны арқалап сол заманға да бүгінгі біздің заманымызға да жеткізген шығарма кейіпкерлері екені сөзсіз. Сондықтан да жоғарыда аталған шығарма кейіпкерлері қазіргі таңда да жан-жақты талдауды қажет етеді. Осы тектес шығармалар қазіргі қазақ прозасында өз жалғасын табуда.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басындағы Т.Ахметжан, Ж.Қорғасбек, А.Алтай, Р.Мұқанова өз шығармаларында елдің рухани және моральдық ахуалын, адам баласының болмыс-бітімін әрқайсысы шығармашылық әлеміне өзінше арқау етті. Нарықтық қатынастың пайда болуы мен жеке меншіктің орнауына байланысты адам характері алмасқан қоғамның ұлтқа, қазақ өміріне қаншалықты әсер еткенін суреттеуге күш салды. Қазақ арасын жайлаған, жалпы қазаққа тез жайылған алып-сатарлық, алдау-арбау, күштінің әлсізге қоқан лоққы жасауы, көзбояушылық, ғылым мен өнерді қор қылу сияқты мінез-құлықтың қалыптасуын оқырманға аңдатып отыруды жеке адамның психикасы мен дара тіршілігіне үнілу арқылы суреттеуге ойысты.

Жүсіпбек Қорғасбектің “Өлі көл”, “Қасқыр-Адам” повестері мен “Жансебіл”, “Үрей” т.б. әңгімелерінде жалғыздықта жаны құлазып, жапа шеккен, уайым-қайғы көкірегінен кернеп, дүниеден баз кешкен адам образы орын алса, Роза Мұқанованың “Монастырь”, “Тұл”, “Мәңгілік бала бейне”, “Мұқағали”, т.б. әңгімелерінде қоғамдағы әділетсіздік пен өнердің ауыр жүгін арқалаған, өнерде жолы болмаған немесе басындағы бақты қадірлей алмай қасиетсіздіктің зардабын шеккен жеке тұлғалар мен бүлінген, зақымданған табиғатпен бірге кемтар күй кешіп, азап тартқан адамдар бейнесін суреттеуге жете мән береді.

Еуропа әдебиетінде Сартр мен Камю антиқаһарман сипатты “абсурд адам” бейнесін неғұрлым ащы, әрі анық бейнелеген еді, ал Мұқанованың әңгімелерінде абсурд адаммен қоса жалпы *абсурд қоғам бейнесі* анық елес береді. Өйткені “Құбыжық” әңгімесіндегі арманшыл бастықтың “алдамшы болса да сұлулығы басым өмірден” безінуге, адамдық тоқырауға, өз-өзін жатсынуға себепкер – тағы да қоғам. “Тұтқын” әңгімесіндегі “Жалғыз боламын деп, жалғыз қаламын деп тіпті де ойламаған” әумесер суретшінің де қызығы тек өнерге байланып, “қалың нөпір” қоғамнан бөлініп қалған. Ол – тек мәңгі-бақи өз қиялының “тұтқыны”. Қоғамның әділетсіздігі мен адамдардың күншілдігінен қорланған, өмірден өз орнын таппаған, одан қалса тереңге тұнған сырын сыртқа шығара алмай тұншыққан, өз-өзін жатсынған, күллі ел мен жарық дүниеден безінген адам образы басқа шығармаларынан да алдымыздан шығып отырады. Жазушы кез келген адам түсіне алмайтын өнердің биік мұратына, ұлы қасиетіне ой жүгірте отырып, керемет дарын басына бақ боп қонақтаған адамдардың бақыттан гөрі қасірет құшатынын, ақыреттік азап шегетінін – тағдырын тәрк еткен адамдардың жан әлемі арқылы танытқысы келгенін ұғамыз.

Т.Ахметжанның «О дүниенің қонағы» әңгімесіндегі Қияқ образынан қазақ қоғамында кәсіпкерлікті дүние мен қызыққа айналдырып, ел ішіне тек зиян әкелгендігін анық аңғарамыз. А.Алтайдың «Қаладағы құтпандар» повесі мен «Прописка», «Лайбаран» әңгімелеріне қалада үйсіз-күйсіз жүрген, жұмыс іздеп сандалған қазақ жастары мен қымбатшылық жайлаған ел өмірі өзек болған.

Өзіміз куәгер болған 90-шы жылдардан кейін жазылған бұл шығармаларда кейіпкерлер өмір сүрген орта, әлеуметтік жағдай, уақыт бейнесі авторлық баяндауға немесе жалпылама таныс көзқарас тұрғысынан заман келбетін суреттеуге құрылмайды. Керісінше бірді-екілі дара кейіпкердің жан азабы, ішкі ой-сезім арпалысы, жан-дүниесінің алай-түлей құбылыстары арқылы олар өмір сүрген қоғам мен уақыт бедерін түсінуге жетелейді. Қазақ қоғамындағы экономикалық дағдарыс пен жұмыссыздықтың кеселі ұлт санасына, ел тіршілігіне ықпал еткенін олардың кейіпкерлерінің қилы тағдыры арқылы білеміз. Ендеше кейіпкер жазушының өз шығармасында суреттеп отырған заманның ырқы мен болашағы туралы ой қозғайтын негізгі фигура. Жазушының идеясы заманның көлеңкелі жақтарын суреттеу арқылы елді түңілдіру, тұңғыыққа тарту емес, тығырықтан шығудың жолын қарастыру. Ел ішін жайлаған кеселден арылудың жолдарын ойластыру десек артық айтқандық емес.

Ж.Қорғасбек “Қасқыр-Адам” повесінде жаны таза, үміті таудай, ғылым жолына түскен Әділет атты жас жігіттің ғылымды ақшаға айналдырған ғалымсымақтардың кесірінен айдалада қаңғырып, тағы хайуанға айналған сорлы кейпіне куә етеді. Автор қоғамда, әсіресе ғылым мен өнерде орын алған тамыр-таныстық, көзбояушылық, біреудің еңбегін сыртынан ұрлау, тіпті сатып алу, таланттың жолына кесе-көлденең тұру сияқты зұлым әрекеттің күнделікті әдетке айналып бара жатқанына зер салып, көркемдік әлеміне, шығармашылық кредосына әдейі арқау

еткен сияқты. Өйткені мұндай рухани құлдыраудың салдары адамның өмірін ойрандап, кесірін тигізетін зор қауіп екенін, әсіресе ұлт үшін, болашақ ұрпақ үшін үлкен қатер екенін ескертетіні анық.

Повестегі Әділеттің адамдық бет-бейнесін жоғалтуға себеп болғандар – өзінің ғылыми жетекшісі мен еңбектеріне сын айтқан ғылымдағы “мүйізді” ағалары. Автор өз өміріне ренжулі, тағдырына да іштей налыған, кеудесін үрей мен қорқыныш билеген жігіт жанының қасіретті күйін бейнелей отырып, өмірдегі сенімнен айырылудың, үмітсіздік пен үрейдің не екенін ұқтырғысы келетін сияқты. Қазақтың ғасыр соңындағы қасіретін сорлы жігіттің жалғызсыраған көңіл ауаны мен бейшара халіне үңілу негізінде басқаларға да ой салады. «Жалғызсырап, жанына жылу сұрап, даусын толғай созып, қасқырша ұлыды. Өз даусынан өзі шошып, іштен тына қалған мезетінде, кепесін шынымен де қасқыр торып жүргендей сыртта қыбыр-жыбыр көбейіп, айнала төңіректі суық үрей қаптады... Кешелі-бүгін қасқырлар көзге түсе қоймаған соң, аң екеш аң да мұны жалғыз тастап кеткендей, көңілі және жабыққан-ды. Ит-құсты жанына шақырғандай ұлырын ұлып алып, алақандай кепенің қуысына тығылып жатыр енді» [6, 100].

Адамдардың арасынан орын таппай, есіл еңбегі жанбай, пендешілік пасықтықты кешіре алмай, өзіне де көңілі толмай, рухани дағдарысқа ұшыраған жігіттің жер-кепедегі өмірін автор оның қу жанына медет таппай аласұрған, алай-түлей ой мен үрей аралас сезім иектеп, жалғызсыраған бейшара кейпін бейнелеу арқылы көрсетеді.

Әдебиеттегі қаһарманның өз-өзін жатсынған, өзінен де, өмірден де запы болып түңілген образы батыс әдебиетінде жиі бейнеленетіні белгілі. Ал енді қазақ әдебиетінде мұндай кейіпкерлер қазіргі қазақ прозасында жиі көрініс бере бастады. Т.Ахметжан, Ж.Қорғасбек, А.Алтай, Р.Мұқановалар бір кезде М.Әуезов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев алаңдаған қорғансыз, панасыз, әлсіз адамдардың өмірін бүгінгі күнде енді өздері де сезінгендіктен, әрі туған ұлтының басында сондай сұмдықтар жиі қайталанғандықтан, оны терең түйсінгендіктен де шығармашылық әлеміне ащы шындықты арқау еткен.

Библиографиялық тізім:

1. Мұхамедханов Қ. Ұлы ұстаз, қамқор аға // «Абай» журналы, 2004, № 2, Б. 22-33.
2. Камю А. Избранное: Сборник. – М.: Радуга, 1989. – 464 с.
3. Фолкнер У. Вступ. Статья Б.Грибанова “О чести, достоинстве и выдержке человека”. //В кн.: Фолкнер У. Рассказы. Медведь. Осквернитель праха. – М.: Правда, 1986. – 544 с.
4. Гинзбург Л.Я. О литературном герое. – Ленинградское отделение: Советский писатель, 1979, –224 с.
5. Юнг К.Г. Психологические типы. – М.: Университетская книга, ООО “Фирма “Издательство АСТ”, 1998. – 720 с.
6. Қорғасбек Ж. Жансебіл: Повестер мен әңгімелер. – А.: Жалын, 1995. – 240 б.

АБАЙ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТЕГІ «КӨЛЕҢКЕ» АРХЕТИПІ

М. Оразбек

*Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қаласы*

Түйіндеме. Көлеңке – адамдар мен жан-жануарлардың, қоршаған ортадағы пішіні бар кез-келген заттар мен нәрселердің жарық түскен кездегі күңгірт, көмескі сұлбасы. Көлеңкенің өзіне тән формасы бар. Бірақ сұлбаның пішіні уақыт қозғалысына қарай өзгеріп отырады. Сондықтан өнер дүниесінде, көркем әдебиетте, психология және жаратылыстану ғылымында көлеңкенің өзіндік философиялық мәні бар. Ал әдебиетте көлеңкенің аллегориялық, метафоралық және ауыспалы мағыналары жеткілікті. Сондай-ақ адам санасында «көлеңке» архетипі әр түрлі образға ие. Көлеңке өмірдегі нәрселердің, оның ішінде адамдардың да күн түспейтін жағындағы көмескі сұлбасы болғандықтан, шындықтан алыстау, жұмбақ, құпия жақтарымен қатар, тұрлаусыздық пен тұрақсыздықтың символы ретінде де ұғым қалыптасқан. Күнді бұлт басқанда көлеңке де жоғалады. Абай бұл туралы: «Жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың» дейді.

Көлеңке күн батып бара жатқанда ұзарады. Көркем әдебиетте адам өмірінің қартайған шағын ұзарған көлеңке деп метафоралық ұғымда бейнелейді. Оған дәлел ретінде Абайдың «Көлеңке басын ұзартып» өлеңін алуға болады.

Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса,

- деп қызарып күн ұясына батып бара жатқан уақытты бейнелеген сияқты болғанымен, келесі өлең жолдарында:

Күңгірт көңілім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуаққа,

Ақын кешқұрым, бейуақ мезгілді айтқанымен адам өмірінің егделеп, «күңгірт, сұрғылт» тартқан шағын:

Өткен өмір — қу соқпақ,
Қыдырады талайды.

– деп, артында қалдырған өнегелі ізің де жоқ, әбден тапталып, талайлар жүріп келген «қу соқпақтан» өзге ой тоқтататын ештеңе жоқ «елес» қана қалғанын анық бейнелейді. Жалпы әлемдік әдебиетте көлеңке әр түлі символдық ұғымдармен суреттелді. Соның бірі «елес» (призрак) образы. В.Дальдің сөздігінде көлеңкені күннің жарығы түспейтін «бұлыңғыр» деп түсіндірумен қатар, адамның «елесі» деп те түсіндіреді. Абай да адамның өлер шағында ойға алғаны тек өкінішті өмірінің елесі екенін:

Нені тапсаң, оны тап,
Жарамайды керекке.
Өңкей ұды жиып ап,
Себеді сорлы жүрекке. –деп,

қанша қармансаң да өткеніңнен «керекке жарайтын нәрсе» таппай, бүкіл өмір бойы өзің жиған «умен» уланып өмірден өтесің дегенді меңзейді.

Г.Х.Андерсеннің «Көлеңке» ертегісінде, Шварцтың «Көлеңке» пьесалық ертегісінде де көлеңкенің адамның екінші жартысы, көлеңкелі жағы үнемі қаралық жасап, өзінің өліміне алып келетінін түспалдайды.

«Көлеңке» архетипі жалпы адамзат баласының санасына тән ұғым екені батыс ойшылдары К.Г.Юнг пен Э.Нойманн еңбектерінде айтылған болатын. Сондай-ақ көлеңкенің магиялық күші туралы жан-жақты зерттейді. Яғни, адам санасы іштей екіге жарылып, екінші «көлеңкелі» жағының адамды бейсаналы түрде жаулап алатынын психоаналитикалық тұрғыда зерттелді. Демек, Абай шығармасы әлемдік оймен сабақтасатынына көз жеткіземіз.

Кілт сөздер: Көлеңке архетипі, адам өлімі, Абай шығармалары, жаман дос, елес, өмір

ABAY AND THE «SHADE» ARCHETYPE IN THE LITERATURE

M.Orazbek,

L. N. Gumilyov Eurasian National University
Astana

Summary. A shadow is a dark, obscure scheme of lightning, when things and objects are formed in the form of people and animals.

The shadow has its own form. But the form of the scheme varies depending on the movement of time. Therefore, the shadow of art, literature, psychology and the natural sciences has its own philosophical meaning.

However, in literature, the shadow has allergic, metaphorical and variable meanings. In the human mind, the "shadow" has different archetypal symbols. The shadow is a symbol of things in life, including people, this fuzzy scheme on the sunny side, so far from the truth, mysterious, secret, a symbol of instability and instability. Shadows also disappear when clouds are scratch. Abay says, "You can not find a bad friend, you can not run away, you can not find your face."

The shade grows during sunset. In a profane literary, the lifeless shadow of a lifeless image reflects the metaphorical concept. In the goodness of this story can use "Extending the shadow head".

Expanding the head of the shadow,

If he is hiding from the source,

Although it seems that the sun scrapes in the sunlight, in the following verse lines:

I'm sorry

To the gray-haired.

The poet is a little man with a gray past:

Past Life - A Path to Go,

It jumps.

– and that there is no moral trace left, and it is clear that there is no "ghost" who has nothing to stop thinking about "the curve."

In the world literature, each shadow has been described with symbolic concepts. One of them is the image of a ghost. In the words of Walsh Dale, the shadow is interpreted as "dull," and is interpreted as "the illusion of a man." Abay also admits that the idea of a person's death was a miracle of his life:

Find what you find, find it,

Not a must.

When he went out,

The reason is the heartbreaking heart.

– you know that no matter what you do, it will mean that you will die a lifetime throughout life. In the shadow of H.H. Hadersen's fairy tale, in the play "The Shadow" by Schwartz, the shadow suggests that the second half of the shadow, the shadow side, will always lead to the death. They say that the Western thinkers K.G. Yoon and E. Neumann have a shadow of the "shadow" inherent in the mind of the universal human race. He also explores the magical power of the shadow. That is, a psychoanalytic study of human consciousness exploded in the middle, and the second "shadow" side won unconsciously. So, we see that Abay's work corresponds to the worldview.

The key words: Shadow Archetype, person's death, Abay's work, bad friend, ghost, lifetime.

Әлемдік философия ғылымында ғалымдар архетип ұғымының бастау көзін көне грек ойшылдары Платон, Сократ еңбектерімен тығыз байланыста қарастырады.

Архетип дегеніміз адам санасында сақталып келе жатқан бастапқы образ. Философиялық сөздікте: «грекше арғы, бастапқы образ деген мағынаны береді. Кейінгі антикалық философияда (*Филон Александрийский т.б.*) бейне, идея» [1.] деп түсіндіреді.

Бұл ұғымды философиялық категория ретінде жандандырған швейцариялық ғалым К.Юнг[2.]. Ол Филон, Цицерон, Плиния еңбектеріне сілтеме жасай отырып, адам санасындағы

туа біткен алғашқы кескіндердің өмірде әртүрлі жағдайлардың (қайғы, қорқыныш сезімдері, алаңдаушылық немесе шығармашылық қиял, фантазия т.б.) әсерінен жанданып белгілі бір образдарға айналуы деп түсіндіреді. Ендеше, архетип көркем әдебиетке, ақын-жазушылардың шығармашылығына тікелей қатысты екенін байқаймыз. Шығармашылық психологиясын зерттеуші ғалымдар көркем шығарманың тууын, идея мен символдардың жанды суретке айналуын, адам санасының терең түпкірінде жасырын жатқан, күллі адам баласының жаратылысында туа біткен кескін, бейнелерден іздейді [2.]. «Бағзы [первобытный] образ немесе архетип – адам немесе демон кескінді фигура, бұл тарих қойнауында пайда болып, үнемі қайта туындап отыратын процесс барысында творчестволық фантазияның [шығармашылық қиял] өзін-өзі танытуы»[2, 26].

«Автор шығармашылық процесс барысында өз психикасында бұрыннан бар бағзы архетиптік образдар елесі негізінде өзі де ойламаған кездейсоқ, бірақ нақты әрі жаңа образдарды да кемелділікпен бейнелейді» [3,50]. «Юнг шығармашылық процесс кезіндегі автордың көптеген зерттеушілер шешімін таба алмай жүрген “жұмбақ” күйін, оның творчестволық тұлғасындағы “архетип образдардан бастау” алып, соның ырқында барлық басқа дүниені ұмытып, о баста өзі ойламаған кейіпкерлерді тудырып, сұмдық ситуацияларды кейіпкерінің бейсаналық ырқында суреттеп кететінін түсіндіріп берген» [3,51]. Көркем өнер дүниесінің ішінде, әсіресе әдеби көркем шығарманың табиғаты күрделі, психологиялық қатпары өте терең, адам баласына жұмбақ болып келетін өнердің айрықша бір түрі. Сондықтан да психолог ғалымдар көркем шығарманы туғызушы автордың психологиялық қырларын ашып, автор тұлғасының шығармашылық ерекшеліктерін [особенности] анықтауға ұмтылды. Шығармашылық тұлғаны анықтау үшін оның шығармасында суреттелген образдарды психологиялық жағынан зерттеуге тура келеді. Бұл туралы ХХ ғасыр басында Ж.Аймауытов: «Адамның жан құбылыстарын зерттеп, таныс болу үшін сол шығармалардағы кейіпкерлердің [тип] бастан кешірген халдерін бақылау керек»[4,263 б.]деп түсіндіреді. Ендеше жазушы шығармасында бейнеленген образдың архетипіне үнілу арқылы көркем шығарманың идеясын, авторлық позициясын айқындаймыз.

Адамзат санасында бағзы заманнан келе жатқан ұжымдық архетиптер бар. Солардың бірі көлеңке архетипі. Бұл архетип қазақ санасына да тән.

Көлеңке – адамдар мен жан-жануарлардың, қоршаған ортадағы пішіні бар кез-келген заттар мен нәрселердің жарық түскен кездегі күнгірт, көмескі сұлбасы. Көлеңкенің өзіне тән формасы бар. Бірақ сұлбаның пішіні уақыт қозғалысына, күн сәулесінің түсуіне қарай өзгеріп отырады. Сондықтан өнер дүниесінде, көркем әдебиетте, психология және жаратылыстану ғылымында көлеңкенің өзіндік философиялық мәні бар. Ал әдебиетте көлеңкенің аллегориялық, метафоралық және ауыспалы мағыналары жеткілікті. Сондай-ақ адам санасында «көлеңке» архетипі әр түрлі образға ие. Көлеңке өмірдегі нәрселердің, оның ішінде адамдардың да күн түспейтін жағындағы көмескі сұлбасы болғандықтан, шындықтан алыстау, жұмбақ, құпия жақтарымен қатар, тұрлаусыздық пен тұрақсыздықтың символы ретінде де ұғым қалыптасқан. Күнді бұлт басқанда көлеңке де жоғалады. Абай бұл туралы: «Жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың» дейді.

Өлем әдебиетінде көлеңке архетипі туралы шығармалар өте көп. Өлемге танымал жазушы Г.Х.Андерсеннің «Көлеңке» («Тень») ертегісі, Е.Шварцтың «Көлеңке» («Тень») атты ертегілік пьесасы бар болса, А.Шамиссоның «Петер Шлегельдің таңғажайып тарихы» деп аталатын фантастикалық ертегісі, Э.М.Ремарктың «Жұмақтағы көлеңке» («Тени в раю»), А.Камюдің «Чужой» романдары баршаға мәлім. Тіпті осы ХХІ ғасырдың басында да шетел жазушылары бұл тақырыптан бас тартқан емес. Испан жазушысы К.Руис Сафонның «Желдің көлеңкесі» («Тень ветра»), Д.Робертстің «Шантарам. Тень горы» романдары жарыққа шықты.

Орыс жазушылары мен ақындарының да бұл тақырыптың айналасында жазған шығармалары аз емес. ХІХ ғасырда әйгілі орыс ақындары К.Н.Батюшковтың «Досымның көлеңкесі» («Тень друга»), М.Лермонтовтың «Силуэт», «Я видел тень блаженство, но вполне...», «Я жду ее в сумрачной равнине», «Как жизнь скучна, когда борнья нет» т.б.

бірақатар өлеңдері, Л.Н.Толстойдың «Ит және оның көлеңкесі» мысалын атауға болады. XX ғасырдағы орыс жазушысы Н.И.Сладковтың «Көлеңке» («Тень») деп аталатын ертегісі бар. Демек, әлемдік әдебиетте көлеңке туралы философиялық ұғым-түсінік әрбір халықтың дүниетанымына сәйкес көркем шығармаларында өзіндік образдар мен кескінге айналған.

Көлеңке ұғымына байланысты қазақтың мақал-мәтелдері, тұрақты тіркестері де бар. «Қоян көлеңкесінен қорқады», «қорыққанға қос көрінеді» деген мәтелдермен бірге «көлеңкесінен қорқу» деген тұрақты тіркесті кездестіреміз. Аталған мысалдарда көлеңкенің қорқыныш ұғымымен байланысты екеніне көз жеткіземіз.

Бұл ұғым – әлемдік философияда жалпы адамзатқа ортақ түсінік. Неміс зерттеушісі, К.Юнгтің шәкірті Э.Нойманн «Өнер және уақыт» («Искусство и время») еңбегінде: «Дүниеде тұрақтылық бұзылған кезде, адамды қашып құтылмастай тозақ жалмайды (человека неизбежно пожирает *nigredo*) қараңғылық және хаос (*prima materia*), және әлемде екі архетиптік кескін: Сайтан (Дьявол) мен қаһарлы Ана билік орнатады. Сайтан (Дьявол) – бұл көлеңке, жауыздық, депрессия, сөніп бара жатқан жарық, өршеленген үйлеспеушілік (отчаянная дисгармония)» [2,177] деп көлеңкені «қараңғылық, жауыздық, депрессия» сияқты адамға үрей туғызатын ұғымдармен қатар атайды. Осы қорқыныштың өнер адамдарында, олардың шығармаларына әсерін: «Егер суретшілер туралы айтатын болсақ, соңғы алпыс жылда атақ-даңқы шыққан бірнешеу ғана: Сезан, Ван Гог, Гоген, Руссо, Мунк, Клее, Матисс, Шагал, Пикассо – тарихта бұлардан өзге ештеңе болған жоқ. Бұлардың әрқайсысы өздерімен тұтас әлемді танытты, әрқайсысы өздеріне тән жанқиярлықпен жалғыздықта өз бастарына төнген хаосты жеңіп шықты немесе осы хаосқа форма берді. Біз бүгінде нәтижесіздік, түңілу мен индивидуалдың (тұлғаның) қараусыз, керексіз қалғаны туралы жиі еститініміз кездейсоқ емес. Суретшілерге тән бұл сенімсіздік, тамырынан жұлынып қалу және әлемдік қираудың қорқынышы композиторлар мен ақындарға да тән» [2, 176-177] деген тұжырым жасайды.

Қазақ әдебиетінде Абай да «Көлеңке басын ұзартып» өлеңінде:

Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса,
Күнді уақыт қызартып,
Көкжиектен асырса;

-деп қызарып, ұясына батып бара жатқан беймезгіл уақытта ұзарған көлеңкеге айналған ақын мағынасыз тіршіліктен ешбір мән таппайды. Көлеңке күн батып бара жатқанда ұзарады. Абай адам өмірінің егделенген шағын ұзарған көлеңке деп метафоралық ұғымда бейнелейді.

Күңгірт көңілім сырласар

Сұрғылт тартқан бейуаққа,

-деп, сырласарға қара таппай, өзінің де құр сұлдері қалып, «көңілі күңгірт» тартып, көлеңке болып, беймезгіл уақытпен сырласады.

Төмен қарап мұңдасар,

Ой жіберіп әр жаққа.

Өткен өмір — қу соқпақ,

Қыдырады талайды.

-деп, әбден тапталып, талайлар жүріп келген «қу соқпақпен» өзі де жүріп келгендіктен, ел ішінің бұзылуынан, заман адамының мың құбылған мінезінен, нәтижесіз істерінен түңіліп, байлауы жоқ босқа кеткен уақытына, артта қалған өкінішті өміріне «ой жібереді».

Нені тапсаң, оны тап,

Жарамайды керекке.

Өңкей улы жиып ап,

Себеді сорлы жүрекке. –деп,

қанша қармансаң да өткенінен «керекке жарайтын нәрсе» таппай, бүкіл өмір бойы тартысып, таласып жиғаның «у» болып, сол «уынмен» «сорлы жүректі» улайсың дейді. Адам ағзасындағы тіршілік көзі – жүрек. Қу тіршілікте азап көретін де адамның жүрегі дегенді меңзейді.

Г.Х.Андерсеннің «Көлеңке» ертегісінде, Шварцтың «Көлеңке» пьесалық ертегісінде де көлеңкенің адамның екінші жартысы, көлеңкелі жағы үнемі қаралық жасап, өзінің өліміне алып

келетінін тұспалдайды. Г.Х.Андерсен шығармасына ыстық өлкеге алыстан келген ғалымның күні бойы ешқайда шықпай қайырымдылық, сұлулық, жақсылық, махаббат туралы жазып, дәлелдеп, зерттеп жүргенінде жанынан бір елі қалмай жүрген көлеңкесімен болған оқиға өзек болады. Абайдың «ұзарған көлеңкесі» сияқты ғалымның да көлеңкесі кешқұрым балконға даланың ауасымен тыныстауға шыққанда сөйлеседі. Андерсеннің кейіпкері көлеңкесін қуып жібереді. Арада көп уақыт өткенде көлеңкесі адам кейпінде қайтып оралады. Қайдан келгенін сұрағанда ол көрші үйдегі поэзиядан келгенін жеткізеді. Құлпырған, көңілді көлеңке поэзияның соншалықты асқақ, жоғары көңіл-күймен өмір сүріп жатқанын да баяндайды. Ендігі жерде адамзат үшін еңбек жазып, жүдеп-жадаған ғалымды азғырып, өзімен саяхатқа ертіп алып, өзінің көлеңкесіне айналдырады. Ендігі жерде ғалым өзі көлеңкеге айналып, ал көлеңкесі мұның әміршісіне айналды. Ханшайыммен көңіл жарастырған көлеңке оны мәңгіге өзінің тұтқыны еткісі келеді. Шындықты айтқысы келген ғалым көлеңкесінің құрбаны болады. Адамзатқа арнап жазған қайырымдылық, сұлулық, жақсылық, махаббат туралы дәлелдері өзінен өзге ешкімге керегі болмай қалады. Абай да өзінің айналасына айтқан ойлары туралы былай дейді:

Адасқан күшік секілді,
Ұлып жұртқа қайтқан ой.

Қара сөздері мен өлеңдерінде, поэмаларында Абай адам өмірінің мәні туралы, оқу, білім, өнер, еңбек, махаббат, имандылық, сұлулық туралы жеріне жеткізе жырлады. Бірақ сол ойларын өзіне қайтып келген «ұлыған, адасқан күшікке» балайды. Еліне арнаған ұлы ойлары жетімсіреп, «адасқан күшік секілді» болған ақынның жан-дүниесі құлазыған жалғыздықта күй кешіп, ұзарған көлеңкеге айналған ақын образын көреміз. Халқының отаршылдық қамытын кие бастағаны, «бас басына би болып», елдің өз билігі өзінен кете бастағаны ақын жүрегіне у болып құйылды деуге әбден болады. Жалпы әлемдік әдебиетте көлеңке әр түлі символдық ұғымдармен суреттелді. Соның бірі «елес» (призрак) образы. Абай да адамның өткені, артындағысы тек өкінішті өмірінің елесі екенін,

Өкінді, жолың бекінді,
Әуре болма, оны қой.

-деп, тіршілікте текке әуре болудың қажеті жоқ деген байламға келеді.

Орыс зерттеушісі Н.Г.Урванцева «Зеркала как принцип поэтики в русской детской литературе XX века» (Казань, 2015) еңбегінде «көлеңкенің адамның екінші жартысы (двойник) немесе елесі, кескін сұлбасы» [5.] деп түсіндіреді. Қазақ әдебиетінде Ж.Аймауытовтың «Елес» әңгімесі осы сарынға құрылған. Жазушы біреумен дауласады. Сөйтсе ол өзінің екінші жартысы немесе елесі болып шығады. Андерсен мен Абайда да көлеңке елес пен адамның екінші жартысына айналады. М.Бахтин әдебиеттегі мұндай құбылысты: «Айнадағы адам. (Человек у зеркала) Бұл құбылыстың қиындығы (қарапайым болып көрінуінде). Оның элементінде. Жай ғана формуласы: мен өзіме басқа біреудің көзімен қараймын, өзімді басқаның көзқарасымен бағалаймын. Бірақ бұл қарапайымдылықтың астарында өзгеше қиындық бұл оқиғаға қатысушылардың (олар көптігі) өзара қарым-қатынасы. Менің өзіме сыртқы бейнем қалай көрінеді. Мен өзім туралы ойлағанда, өзімді өзіме қалай көрсете алам» [6,241] деп адамның өзіне айнадан қарағандай, өзінің жан-дүниесіне үңілуі деп түсіндіреді. Ендеше, көркем шығарма мазмұнына арқау болған көлеңке кескіні де кейіпкердің өз жан дүниесіне үңілуі, айнадан көргендей өз бейнесіне өзге біреудің көзқарасымен қарауы деген байламға келеміз. Л.Н.Толстойдың «Ит және оның көлеңкесі» мысалында сүйек тістеген иттің судан өз бейнесін, суға түсіп тұрған көлеңкесін көріп, аузындағы сүйегін тастай салып, судағы иттің сүйегін алам деп суға батып кеткен мысалы да көлеңке архетипінің жазушы шығармасында өзгеше образға ие болғанын көрсетеді. Н.И.Сладковтың «Көлеңке» ертегісінде де әсем табиғат аясында аюдың өз көлеңкесімен алысқан сәтін суреттейді. Демек әдебиетте көлеңке тек адам образына ғана қатысты бейнеленбейді. Ол жан-жануарлар туралы шығармаларда символдық бейнеге айналады.

А.Байтұрсыновтың «Кісі мен көлеңке» мысалында өзінің көлеңкесін қанша қуса да жете алмаған ессіз адамға біраздан соң «әуре болып, неге қудым» деп ой түседі. Сол кезде мұның артынан көлеңкесі өзі қуады. Бұл жерде ақын адамның басына «қонатын бақты» осы көлеңке

кейіпінде көрсетеді. Бақ адамның басына қашан қонатыны және қай кезде кететіні белгісіз. Бақ – ол да жұмбақ құбылыс. Бақ қонақтап бір жерде тұратын, тұрмайтыны белгісіз. Ол да адамның ақылы мен hareketіне байланысты. Демек көлеңке архетипі көптеген ұғымдармен байланыста қаралады. Әдебиеттегі «айна мифологемасымен», дьявол, сатана мифологиясымен, елес, аруак (призрак) немесе түрлі күштер мотивімен, көлеңкенің магиялық күші туралы, жұмбақ, құпия жаратылыс, көмескі сұлба ұғымдарымен және адамның іштей екіге жарылуы (раздвоение личности) сияқты бейсаналықпен байланыста қарастырылады. Қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың ортасында С.Бақбергенов «Адам және көлеңке» деп аталатын роман жазды.

Қазақ әдебиетінде Абай дәстүрі ғасырлар бойы өз жалғасын табуда. «Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті» деп аталатын ұжымдық жинақта академик, абайтанушы З. Ахметовтің «Абайдың адам мен қоғам жайындағы концепциясы қазақ топырағындағы жаңа концепция, Абай адамды белгілі қоғамдық өмірдің жемісі, нәтижесі ретінде қарады, оның қимыл-әрекетін, психологиясын, моральдық келбетін өмірге, әлеуметтік тұрмысқа байланысты көріп, бағалап-бейнеледі» [7,356] деген тұжырымына ден қоямыз. Абайдың көлеңке архетипін негіз еткен шығармасы әлемдік әдебиеттің көтерген мәселесімен үндестік тапқан.

«Көлеңке» архетипі жалпы адамзат баласының санасына тән ұғым екені батыс ойшылдары К.Г.Юнг пен Э.Нойманн еңбектерінде айтылған болатын. Сондай-ақ аталған ғалымдар көлеңкенің магиялық күші туралы жан-жақты зерттейді. Яғни, адам санасы іштей екіге жарылып, екінші «көлеңкелі» жағының адамды бейсаналы түрде жаулап алатынын психоаналитикалық тұрғыда зерттелді. Демек, Абай шығармасы әлемдік оймен сабақтасатынына көз жеткіземіз.

Көлеңке архетипі әлем әдебиетінде күні бүгінге дейін көркем шығарманың өзегіне айналып келеді.

Пайдаланылған Әдебиеттер

1.Философский энциклопедический словарь. — М.: Советская энциклопедия. Гл. редакция: Л. Ф. Ильичёв, П. Н. Федосеев, С. М. Ковалёв, В. Г. Панов. 1983.

2.Юнг К.Г., Нойманн Э. Психоанализ и искусство. – М.: REFL-book, К.: Ваклер, 1996. – 304 с.

3. Оразбек М.С. Автор және шығармашылық процесс. – А.: Атамұра, 2006, -488 б.

4. Аймауытұлы Ж. Психология. – А.: Рауан, 1995. – 312 б.

5. Н.Г.Урванцева «Зеркала как принцип поэтики в русской детской литературе ХХ века» <https://books.google.Қаралды> 13.03.2018.

6.Бахтин М.М. Автор и герой: К философским основам гуманитарных наук. – СПб.: Азбука, 2000. – 336с.

7. Сариев Ш. Абай дәстүрі және тәуелсіздік кезіндегі қазақ лирикасы // Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: «Арда», 2009. – 392 б.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАУЛЫ АЙМАҚТАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ж.ғ.м., аға оқытушы Садыкова Дамежан
тарих пәні оқытушысы Әділхан Динура

Алматы қаласы
Қазақстан
damelia_71@mail.ru

ТҮЙІНДЕМЕ: Туризмнің дамуы халықаралық экономиканың ең басты динамикалық салалары ретінде әлемдік деңгейдегі өзекті мәселе.

Мақалада Қазақстандағы тау туризмінің қалыптасуы мен даму тарихы, туризмнің басты нысаны тау ландшафттарын қорғау, экологиялық ластанудың алдын алу мәселелері мен экотуризмді дамыту бағыттары қарастырылды. Дүниежүзілік дамыған және дамушы мемлекеттердің тау туризмі ерекшеліктері, тау ландшафттары мен рекреациялық ресурстарын қорғаудағы әдіс-тәсілдері, табиғат қорғау заңдары мен ұлттық туризм саласын дамытудағы жобалары мен тәжірибелері айқындалып болашақта еліміздегі тау экотуризмін дамытуда пайдаланатын әдістері мен тиімді жолдары көрсетілді. Қазақстанның көрікті тау аймақтары мен рекреациялық ресурстары, экологиялық туризм нысандарын пайдалану, экотуризмді дамыту арқылы еліміздегі экологиялық, экономикалық мәселелерді шешу, экотуризм саласын аймақтық деңгейде дамыту мүмкіншіліктері, еліміздегі таулы аймақтарда экотуризмді дамыту бағыттары, жобалары, әлемдік тәжірибелерді пайдаланудың салыстырмалы әдістері мен экотуризмді дамытудың статистикалық, ғылыми болжау әдістері айқындалды.

Кілттік сөздер: экология, экотуризм, тау ландшафты, рекреация, тұрақты даму, табиғат ресурстары, рекреациялық аймақтар, кепілдеме, лицензия, ерекше қорғалатын аймақтар, туризм.

PROBLEMS OF MOUNTAIN TOURISM DEVELOPMENT IN VILLAGE REGIONS IN KAZAKHSTAN

251

Senior teacher Sadykova Damezhan
teacher of history Adilkhan Dinura

Almaty city
Kazakhstan
damelia_71@mail.ru

ABSTRACT: The development of tourism this is actual problem of world-class as the main dynamic sectors of the international economy.

The article discusses the history of the development and formation of mountain tourism in Kazakhstan, protection of mountain landscapes - the main objects of tourism and eco-tourism development trends. It also determines the characteristics of mountain tourism, methods and ways to protect mountain landscapes and recreational resources, nature conservation legislation, projects and experiences of domestic tourism in the world's developed and developing countries, provides a method and effective ways used in the future development of mountain tourism in Kazakhstan. It is defined as follows: scenic mountain landscapes and recreational resources of Kazakhstan, the possibility of solving the economic problems of the country through the development of eco-tourism, eco-tourism development at the regional level, direction and development of ecotourism projects mountain regions, comparative methods use global experience and statistical methods for the development of ecotourism and methods of scientific forecasting.

Keywords: ecology, eco-tourism, mountain landscapes, recreation, sustainable development, natural resources, recreational areas, warranty, license, specially protected areas, tourism.

Туризм - халықаралық экономиканың ең басты динамикалық салаларының бірі.

Туризмнің шаруашылық саласы ретінде дамуы мемлекеттердің орнықты даму стратегиясымен тығыз байланысты. Әлеуметтік - экономикалық дамудың катализаторы болып табылатын бұл күрделі құрылымды сала табиғаты экономикалық мақсатта тиімді пайдаланудың негізінде адамдар өмірінің жоғары деңгейін қамтамасыз ете алады. Туристік базалардың салынуы және туристік ағымның шамадан тыс шоғырлануы табиғи ортаның туристік құндылығын төмендетеді. Жыл сайын күшейіп отыратын туристік миграция, туристік инфрақұрылымның дамуы табиғи ортаға қауіп төндіреді, оның әсерін өнеркәсіп, көлік пен урбанизацияның дамуымен салыстыруға болады. Сондықтан да, кейде туризмнің табиғатқа, қоршаған ортаға тигізетін әсерін "агрессивті" деп те атайды. Туризмнің бұндай әсерлерін көре отырып, мамандар ең маңызды рекреациялық ресурстарды "туризмнен және туризм үшін" қорғауды мақсат етіп отыр. Осыған байланысты, зерттеушілердің көбісі туристік құбылыстар мен нысандарды аймақтарда бірқалыпты орналастыру принципін қолдайды, ол туристер көп баратын аудандарға әсерін азайтады. Көптеген мемлекеттерде туристік қозғалыстың жоспарлы аймақтық саясаты жүргізіліп отыр. Бұндай саясаттың ерекшелігі - ол туристік ықпалдың аймақ бойынша біркелкі таралып, табиғи ландшафттарды сақтап қалуында. Табиғи кешендердің бірқалыптылығын сақтайтын туризм түрін "экологиялық туризм" деп атайды. 1972 жылы Стокгольмде «Қоршаған ортаны қорғау» туралы білім беру, 1977 жылы Тбилиси қаласында өткен БҰҰ жанындағы ЮНЕСКО және ЮНЕП ұйымдары экологиялық мәселелерді шешу бағытында 40-тан астам шешімдер қабылдап, оның ғаламдық стратегиялық жоспарлары қабылданды. Осыған байланысты дүниежүзілік мемлекеттерінің келісімшартымен 1980 жылы экологиялық туризм пайда болды. Экологиялық туризм табиғат нысандарына белсенді, танымдық саяхат жасау. Қоғамның дамуымен өнеркәсіп дамиды. Жер бетіндегі халықтар саны артып, урбандалу дәрежесі кеңейді. Антропогендік іс-әрекет, туризмнің экологиялық талаптарды орындамай дамуы табиғи кешендердің біртіндеп деградацияға ұшырауына әсер етті. Рекреациялық аймақтардың деградацияға ұшырауының бір себебі ол туристік ұсыныстың туристік сұраныстан әлдеқайда төмен болуы, яғни рекреациялық саланың дамымауы. Өндірістік технология, индустрияның дамуы қала халқының психологиялық және физиологиялық тұрғыдан қажеттілігін қанағаттандыру сұранысын туғызды. Туризм дамуында адамдар таза ауада демалып, көрікті табиғат аясында, экологиялық ластанбаған аймақта тынығу қажеттілігі артты.

Экологиялық туризмнің басқа туризмдерден айырмашылығы табиғатта туристердің берілген тәртіпке бағынуы, табиғи ландшафттарды шектен тыс ластаудан қорғау және индустриялық туризм дамуының басты шарты болып табылатын табиғи ресурстардың деградациясын болдырмау, ластанудан қорғау. Экотуризм табиғи ортасы жақсы сақталған аймақта болады. Экотуризмде туристердің көңіл-күйін, тәртібін қатал қадағалайды, яғни өсімдіктерді жұлмау, аяусыз қарамау, арнайы соқпақтармен жүру, айқайламау, тыныштықты сақтау мәселелеріне көңіл бөледі. Экотуризм жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, қызмет көрсету салаларының сапалылығына, салт-дәстүрлерді қорғауға және дамытуға, табыс арқылы әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Жалпы экотуризм үшін тау ландшафттарының орны ерекше. Дүниежүзінде көптеген мемлекеттерде экотуризмді дамыту үшін көрікті ландшафттар мен минералды су көздеріне ие болған тау рекреациялық ресурстарын жиі пайдаланады. Таулар пайда болу ерекшелігіне, табиғат жағдайларының қалыптасуына қарай туристік іс-әрекеттерді дамытуда өте қолайлы. Таулар ертеден өзінің табиғи ерекшелігімен адамдарды қызықтыратын туризмнің, экотуризмнің басты нысаны болды. Таулы аймақтарда туристік іс-әрекеттер ұйымдастыру, инфрақұрылымды дамытуда біршама қиыншылық, кедергілер туындатқанымен таулар туристерді қызықтыратын факторлар түріне жатады. Таулар арқылы экотуризмнің танымдық, спорттық және мәдени тәжірибелік жорықтарын ұйымдастыруға болады. Жер шарының 35,9 млн шаршы км (24,3%) аумағын таулы аймақтар алып жатыр. Жер шарының 24% халқы тауларда жасайды. Жер шарының ірі мегополис қалалары Мехико, Токио, Джакарта биік таулы аймақтарда орналасқан. Дүниежүзі мемлекеттердің іс-тәжірибесінде жалпы туризмнің, экотуризмнің

дамуында тау ландшафттары маңызды роль атқарады. Антикалық туризм дамуын Грекия және Риммен байланыстыратын болсақ Римдіктер алыс сапарларға су жолдары арқылы сапар ұйымдастырса Грекияда курортология мен емдік туризм таулы аймақтарында пайда бола бастайды. Сонымен бірге Олимпиялық ойындар, яғни спорттық туризм түрлері де Грекияда дамыған. Алғашында қалада тұратын бай гректер мен римдіктер қала сыртындағы таулы немесе таулы аймақтарда орналасқан ауылды мекендерге шығып отырса, кейініректе бұл саяхаттардың географиялық шектеулері кеңейе түсті. Минералды бұлақтар мен храмдардың қасында қазіргі емдік-сауықтыру орындарына ұқсас нысандар салына бастады, ал емдік жерлер жоғары қолайлы жағдайлары мен ойын-сауықтың көп түрлілігімен әйгілі болды. Орта ғасырларда Ресейдің таулы өлкесі Кавказ аудандарына кеңінен саяхаттар жасалып, олардың мақсаттары тек діни және сауда болып қана қоймай, танымдық мақсаттар да көзделеді. XIX ғасырдың соңында ресейліктер арасында екінші таулы аудан - Қырым әйгілі бола бастайды. 1980-ші жылдардың соңында Ялтада «Табиғат, тау туризм және Қырым тауларын сүйгіштедің үйірмесі» ашылды. Ол Ресейде тау туризмін дамытуға үлес қосты. 1890 жылдың 25 қаңтарында «Қырым тау клубы» құрылды. XIX-XX ғ.ғ Қырым мен Кавказдың таудағы тұзды, емдік суларымен бірге Ресейде туризмнің ролі көтеріле бастады. Ол Кавказдағы Эльбурс және Кавказ шындарымен байланысты. 1901 жылы Мәскеуде Орыстың тау қоғамы ашылды және Верный қаласында (қазіргі Алматы қаласы) Орыс тау қоғамының бөлімшесі ашылып, 1927 жылға дейін іс-әрекет аясында болды. Қазақстандағы таулы аймақтар Жетісу, Іле-Алатауының тау бөктері мен Қарқаралы тау массивтері арқылы жиі саяхат маршруттары ұйымдастырылды. 1910-1912 жылдары Әліби Жангелдиннің таяу "жер дүниесін айналып өтетін" жаяу жорық саяхаты, 1913ж Жетісуда атты туризмнің дамуы, 1925-1926 жылдардағы Алматы - Ыстық көл арасындағы жаяу жорықтар, 1931 жылы Жетісу губерниялық мұражайы жанынан ашылған «Пролетарлық туризм мен экскурсиялардың бүкілодақтық қоғамының бастауыш ұйымы» ның тау аймақтарында ұйымдастырған іс-шаралары, 1930 жылдары Іле Алатауында альпинизмнің дамуы, 1936 жылы тау аймағында "Горельник" туристік базасының салынуы, тау массивтерінде әртүрлі вело, мото спорттық сайыстарын ұйымдастыру, Шығыс Қазақстан өңірінде теңіз деңгейінен 1750м биіктікте орналасқан «Рахманов бұлағы»-ның ашылуы еліміздің туризм саласын дамытуда тау ландшафттары мен тау аймақтарының ролі ерекше болғандығын айқындауға болады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары 1941ж В.Зимин биік тау жорығын ұйымдастырып, қарлы шындарға саяхат жасады. 1943ж Қазақстанда Бүкілодақтық тау инструкциясын дайындау мектебі, 1945ж Алматыда дене шынықтыру институты, 1946ж туризм-алпинизм кафедрасының ашылуы елімізде тау туризміне басты назар аударылғандығын айқындатады¹. 1953ж Горельникте Бүкілодақтық тау туризмін дайындау сборы өтіп, 1962 ж туристер Жоңғар Алатауына шаңғы жорығын жасады. 1978ж Қазақстандық велотуристер Тянь-Шань тау жолымен жорық, 1990ж Алматыда шаңғы жорығы, Орталық Тянь-Шань тауында 6 қатерлі жорық ұйымдастырылды. Сонымен бірге экотуризмнің негізгі нысандары болып нақтыланған еліміздің емдік бағыттағы емдік-сауықтыру орталықтары, туризм және демалыс орындары Орталық және Солтүстік Қазақстанда, Қарағанды облысындағы Қарқаралы тау-орман массивінде, Қостанай, Павлодар облысындағы Баянауыл тау-орман массивінде біршама алдыңғы дәрежеде болды. Қазақстандағы емдік 500-ге жуық анықталған минералды су көздері, 78 шипалы батпақ көлдер, 50 климатпен емдеу аудандары және зоналары республикамыздың барлық облыстарында, басым бөлігі негізінен еліміздің таулы аймақтарында дамыған. Қазақстанның оңтүстігіндегі Іле Алатауында «Жаркент – Арасан» - республикалық маңызы бар, бальнеологиялық емдік-сауықтыру орталығы, Іле Алатауының солтүстік беткейінде 1800 км биікте *Алма-Арасан* - емдік сауықтыру орталығы, Алтай тауында орналасқан «Рахманов бұлағы», Іле Алатауының етегінде теңіз деңгейінен 1100 м биіктікте «*Көктем*» - таза ауамен және шипалы сумен емдейтін емдеу -сауықтыру орталығы, Алматы облысы Іле Алатауының солтүстік беткейінде Түрген өзенінің бойындағы табиғаты әсем шатқалда «*Түрген*» су көздері, Жамбыл облысы, Мерке темір жол

¹ Храбоченко В.В. Экологический туризм Москва 2010г, стр 194-200

I. ULUSLARARASI ABAY KUNANBAYOĞLU KAZAK KÜLTÜRÜ, TARİHİ VE EDEBİYATI SEMPOZYUMU

станциясының оңтүстігінде 14 км жерде, теңіз деңгейінен 1200 м биіктікте, таулы аймақта «Мерке» бальнеологиялық емдеу - сауықтыру орталығы, Бурабай көлінің жағасында теңіз деңгейінен 350-480 м биіктікте орналасқан «Көкшетау» демалыс үйі орналасқан (Сурет-1)


Сурет-1



Экологиялық туризмнің негізгі нысандары елміздің табиғатын қорғау үшін ұйымдастырылған 9 мемлекеттік қорық, 66 қорықша (оның 44 зоологиялық, 20 ботаникалық, 2 палентологиялық), 6 ұлттық саябақ және 24-тен астам табиғат ескерткіштерінің негізгі бөлігі таулы аймақтарда орналасқан. *Ақсу-Жабағалы мемлекеттік қорығы* – Талас Алатауы мен Угам жоталарының ең бір шұрайлы, табиғаты көркем жерінде 4 мың м тау биіктігінде, *Батыс Алтай қорығы* - қазақстандық Алтайдың Линей, Холзун, Кокшин атты тау сілемдерінде, *Алматы мемлекеттік қорығы* - Іле Алатауының таулы алқабын алып жатыр. Оның ең төменгі нүктесі 1000 метрлік биіктіктен басталып 5017 метрлік Талғар шыңына дейінгі аралықты қамтиды. Болашақта ұйымдастырылатын қорықтардан *Жоңғар қорығы*, *Кент қорығы* Қазақстанның оңтүстік бөлігінде Жоңғар Алатауы аймағында *Көкшетау ұлттық табиғи саябағы* Зеренді, Шалқар және Имантау және Айыртау табиғи аймақтарының таулы-орманды, өзен-көлді өлкелерінде орналасқан. «*Көлсай көлдері*» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы - Алматы қаласынан 300 шақырым қашықтықта Күнге-Алатау баурайында Көлсай мекенінде, *Іле Алатауы саябағы* - ұзындығы 2500, көлденеңі 600 километрге созылып жатқан аса ірі таулы алқапта орналасқан. *Баянауыл ұлттық саябағы*- Павлодар облысының Қарағанды облысымен шектескен жерінде жартылай шөлейт жерлердің арасынан шағын ғана таулы алқапта, *Қарқаралы мемлекеттік ұлттық саябағы* –Қарағанды облысының Қарқаралы тау массивінде, *Сайрам-Ұғам (Өгем) мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы*- аумағы Оңтүстік Қазақстан облысында Іле Алатауында орналасқан. Қорықшалардан Оңтүстік Қазақстан облысының Жамбыл және Шалдар қорықшалары Іле Алатауында, Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданында орналасқан Үржар және Атлет, Солдат жырасы қорықшалары Тарбағатай тауында, Тораңғылы, Бектауата қорықшалары Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында Қарқаралы тауында, Берікқара қорықшасы Жамбыл облысының Жуалы ауданында, Қара қоңыз қорықшасы Қордай ауданында таулы аймақта орналасқан. Зоологиялық қорықшалардан Алматы облысында «Лепсі», «Тоқты», «Қоқан» және «Жоғарғы Көксу» қорықшалары, Шығыс Қазақстан облысында Алтай, Тарбағатай тауларында «Құлжа» және «Тарбағатай» қорықшалары, *Алматы қорықшасы* Алматы облысының аумағында Іле Алатауында, *Боралдай қорықшасы* –Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданында, *Жоғарғы Көксу қорықшасы* – Жетісу өңірінде тау аймақтарында орналасқан (мониторинг-1).

Мониторинг-1

Қазақстанның облыс аймақтары бойынша қорық, қорықша, ұлттық саябақ мониторингі



Бүгінгі күнде көрікті таулы аймақтардың рекреациялық ресурстарын тиімді пайдалану арқылы туризмді дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселесі болғанымен оның экологиялық тұрғыдан ластанбауын қорғау, экологиялық проблемалардың алдын алу мәселелері айқындалуда. Сондықтан дүниежүзі мемлекеттерінде тау ландшафттарында туризмді дамыту шараларын арттырумен бірге оның экологиялық тұрғыдан ластанбауына басты назар аударуда. Дамыған және дамушы мемлекеттерде тау массивтеріндегі туризмді экотуризм бағытында дамыту жұмыстары жандандырылуда. Кейбір мемлекеттерде тау туризмнің дамуы арқылы түскен пайда тауды қорғау жұмыстарына емес шет елдік компаниялар мен фирмалардың қалтасына кетіп жатқандығы анықталды. Осыған орай таулы аймақтарда туризм дамытудың табиғи түрі экотуризмді дамыту мәселелері нақтыланып оның болашағы мен экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан тиімділігі айқындалуда. Әлемдік дамыған және дамушы мемлекеттердің іс-тәжірибелерін салыстыру арқылы көптеген мемлекеттердің табиғи көрікті аймақтарды қорғау мен туризмді дамыту іс-шаралары таулы аймақтарда көп шоғырланғандығы нақтыланды. Дүние жүзі дамыған мемлекеттердің бірі АҚШ мемлекетінің негізгі табиғатты қорғау аймақтары мен туризм дамыған аудандары мемлекеттің батыс бөлігінде Кордилер таулы аймағында көп шоғырланған. АҚШ да 1916 жылдан бастап «Ұлттық саябақтар жүйесі» негізінде ұлттық саябақтарды қорғау қызметтері АҚШ мемлекеті ішкі істер министрлігі тарапынан басқарылып жүргізілуде. 1978 жылы «Ұлттық саябақтарды қорғау туралы заң» қабылданды. Қазіргі күнде АҚШ да 350 ден астам ұлттық саябақтар бар, олардың жалпы аумағы 30 млн га (3,2%) аумағын алып жатыр. АҚШ да орналасқан 26 әртүрлі табиғи қорық аймақтарды 3 топқа бөлеміз: табиғи, тарихи, рекреациялық. Табиғи топқа ұлттық саябақтар, ескерткіштер, резерваттар жатады. 1980 жылға дейін АҚШ да аумағы 20 млн га жерді алып жатқан 50 ұлттық саябақ қалыптасып жыл сайын 300 млн туристерді қабылдаған. АҚШ дағы негізгі ірі ұлттық саябақтар мемлекеттің батыс бөлігінде орналасқан. Олардың ең негізгілері: Йеллоустон, Йосемит, Глейшер, Секвойэ, Гранд-Тетон, Гранд-Каньон, Калифорния штатындағы Йосеми-ты. Калифорния штатындағы Йосеми-ты ұлттық саябағында Солтүстік Америкадағы ең ірі, биіктігі 800м Йосемит-Фол сарқырамасы бар. Секвойэ ұлттық саябағында биіктігі 100 метр, диаметрі 8-9 м секвойя ағаштары қорықталады. АҚШ мемлекетінің батысында Колорадо таулы үстіртінде бірнеше ұлттық саябақтар орналасқан. Олардан әлемге белгілі Колорадо өзенінің 170 км аумағын қамтыған Колорадо шатқалы. Бұл шатқалға жыл сайын 20 млн туристер келетіні айқындалған. Скала тау жүйесіне байланысты теңіз деңгейінен 2300 м биікте орналасқан Йеллеустон ұлттық саябағы 1872 жылы құрылған. Ұлттық саябақ Вайоминг штатында 900 мың га аумақты алып жатыр және жылына 3 млн туристерді қабылдайды. Йеллоустон ұлттық саябағында теңіз деңгейінен ең биікте орналасқан Йеллоустон тау көлі, орман ағаштар, әрбір 65 минутта әрекет ететін Олд-Файтфул гейзері Мамонт ауданындағы ең ыстық қайнар көздерден бірі

орналасқан. Йеллоустон ұлттық саябағының оңтүстік бөлігінде Гранд-Тетон ұлттық саябағы орналасқан. Солтүстік бөлігінде, яғни Канада мемлекетімен шекаралас Глейшер ұлттық саябағы орналасқан. Орталық бөлігінде әртүрлі живописілік жер бедерін қалыптастырған Роки-Маунтин саябағында әлемге әйгілі Колорадо-Спрингс емдеу-сауықтыру орталығы орналасқан. Таулы аймақтың шығыс бөлігінде Ұлы жазық аймағына қарай бірнеше ұлттық саябақтар бар. Оңтүстік Дакота штатының солтүстік бөлігінде географиялық терминге байланысты (күрделі жер бедеріне ие болған жер аумағы) Бедленд ұлттық саябағы, оңтүстік бөлігінде Нью-Мексика штатында Карлсбад ұлттық саябағы, оңтүстігінде Техас штатының «жабайы» табиғатын айқындататын Биг-Бенд ұлттық саябағы орналасқан. АҚШ тың шығыс бөлігінде ұлттық саябақтар біршама аз, оңтүстігінде Айкейдия, Эверглейд, Флорида штатында Шенадоа ұлттық саябақтары бар. Шығыс бөлігіндегі ең белгілі ұлттық саябақ Теннесси және Солтүстік Каролина штаттарының шекарасындағы Аппалач тауларында орналасқан Грейт-Смоки-Маунтинс ұлттық саябағы. Солтүстік аймақта орналасқан Аляска түбегінде ХХ ғасырдың 90 жылдары 8 ұлттық саябақ құрылды. Олар аумағы бойынша басқа ұлттық саябақтардан ерекшеленеді. Мәселен, Денали ұлттық саябағының аумағы 23 мың км. Гавай аралдарында екі ұлттық саябақ бар, олар Гавай жанартау ұлттық саябағында Килауэаимануа-Лоа белсенді жанартау аймағында орналасқан. Табиғат қорғау аймақтарына табиғат ескерткіштері мен резерваттар жатады. АҚШ да 800 ге жуық ұлттық ескерткіштер, табиғи қорықшалар бар. Әрбір ұлттық саябақтар жылына 1 млн туристерді қабылдайды. Америкалықтар жылдық еңбек демалыстарында ұлттық саябақтарға, табиғи ландшафттарға туристік саяхат, демалыс, тынығу шараларын ұйымдастырады. Ұлттық саябақта су маршруттары моторлы қайық, байдар немесе жүзу арқылы ұйымдастырылады. «Жабайы табиғат» аясына жаяу жүру, тауға атпен жүру маршруттары жүргізіледі. Ұлттық саябақ аумағында от жағуға, тамақ дайындауға демалуға арналған жеке орындарда ғана рұқсат беріледі. Оған қарсы болған жағдайда заңды түрде айыппұлдар мен жазалау шаралары қарастырылған. Көптеген ұлттық саябақтарға демалу, танымдық саяхаттар ұйымдастыру күн мерзіміне байланысты ақылы болады. Бірнеше ұлттық саябақтарды көруге арналған жылдық билет сатылады, онда билет сатып алушы үшін немесе барлық жолаушылар үшін арнаулы жеке автокөлік қамтылады. Сонымен бірге ұлттық саябақ аумағында қонақ үйлер орналастырылған. Туристердің сұранысына байланысты шаңғы, жаяу, атты маршруттар ұйымдастырылады.² Ұлттық саябақтардағы рекреациялық ресурстар теңіз, өзен жағалаулары, шатқал, тау, аңғар, скала әртүрлі табиғи аймақтар. 1968 жылы жалпы ұлттық соқпақтар жүйесі бірнеше мың шаршы км алып жатқан 250 ге жуық нысандарды қамтыған. Ең ірі ұлттық табиғи соқпақ Нью-Йорк штатынан батысқа қарай 5,2 мың км созылған. Африка мемлекеттерінде ең көп халықаралық туристік орталықтар Африканың шығыс бөлігіндегі таулы аймақ Шығыс-Африка таулы үстіртінде орналасқан. Онда Килиманджаро (5895м), Кения (5199м) жанартаулары мен Маргерита (5109м), Карисимби (4507м) шыңдары қамтылған. Килиманджаро жанартауының шыңы қар және мұздықтармен жамылған. Сонымен бірге әртүрлі эндемик өсімдіктер бар. 1973 жылы таудың ерекше табиғатын қорғау мақсатында 2700 м биіктен бастап ұлттық саябақ, 1989 жылдан Әлемдік ескерткіш мұрасына айналды. Ұлттық саябақ 1977 жылы туристер үшін ашылып жыл сайын 36000 адам «Африка төбесін» көру үшін келеді және тау басында 5 күндік демалыс маршруттарын ұйымдастырады. Бірақ адам іс-әрекеті нәтижесінде бұл аймақтың экологиялық тұрғыдан ластануына себеп болуда. Туристер тау өсімдіктерінің азаюына, эрозиялық әрекеттердің қалыптасуына, әртүрлі коқыс қалдықтардың көбеюіне әсер етуде. Мәселен, 1993 жылы 2 шет ел туристінің әсерінен 4500 тұрмыстық қалдықтар жиналған, әрбір 10 км аралықта ағаш арасында 450 тұрмыстық қалдықтар табылған. Туризмдегі экологиялық проблемалар Африка мемлекеттері үшін экономикалық тұрғыдан кері әсерін тигізуде. Сондықтан мемлекет экотуризмді дамыту арқылы табиғатты, көрікті аймақтарды қорғау шараларын қарастыруда. Мысалы, Кения мемлекетінің экотуризм аймақтарында әрбір 1га жерге саяхат жасау үшін 0,8 ден 40\$ АҚШ доллары көлемінде ақылы болады. Себебі Африка ормандарының көлемі жылдан жылға азаюда, соңғы мәліметтер бойынша 17 млн га орман жойылған. Осыған байланысты орманға ақылы саяхат маршруттарын ұйымдастыру жұмыстары жандандырылған. Африка флорасы мен

² Александрова А.Ю. Международный туризм. М., 2001.

фаунасының ерекшелігін тамашалау үшін жыл сайын миллиондаған туристер келеді. Амбоси ұлттық саябағындағы бір арыстан жылына 27000\$, ал бір піл 610000 \$ АҚШ доллары көлемінде табыс табады екен. Бұл әрине табиғатты қорғау шаралары мен экономикалық тұрғыдан жандануына әсер етеді. Африкадағы ең белгілі экотуризмнің бірі табиғат кешеніне сафари ұйымдастырумен байланысты. Америкалық туроператорлардың сараптамасы бойынша бұл экотуризмді ұйымдастыру төмендегідей нәтижеге ие болады:

- селолық аймақтарда жасайтын Африка халқының тұрмыстық, әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына әсер етеді:

- жабайы табиғаттың қорғалуына себеп болады:

- табиғатты қорғаумен бірге Африка мемлекеттері үшін ең маңызды табыс көзі болды:

- шет елдік аңшылар табыс көзінің бір бөлігін, яғни жабайы аңдардың етін жергілікті халыққа қалдырып отырады бұл халықтың тұрмыс жағдайына, цеце шыбынының азаюына әсер етеді:

- ұйымдастырушылар арнаулы су қоймаларын жасау арқылы жергілікті халықтың сумен қамтылуын қамтамасыз етеді:

- туризм маршрутын ұйымдастыруда көптеген жергілікті адамдар жұмыспен қамтылады (лагерь құрылысы, аңшылыққа үйрету, зергерлік бұйымдарды, тамақ өнімдерін сату т.б):

- маршрут ұйымдастырушылар шалғай аймақта орналасқан жергілікті халық үшін арнаулы медициналық көмек орталығына айналады;

- маршрут ұйымдастыру жергілікті халықтың қолөнерін дамытуға (сүйек қалдықтарынан бұйымдар жасау), инфрақұрылымын жақсартуға (көпір, жол т.б) әсер етеді:

- аңшылық кәсібі жергілікті халықтың өз жеміс-жидектерін, бақша жемістерін сатуға, сол арқылы әлеуметтік жағдайларын жақсартуға әсер етеді³.

Әлемдік банк табысының 55% дамушы мемлекеттерді дамытуға бөлінетін болса, 1990 жылдары дамушы елдер өз мемлекетінде экотуризмді дамыту арқылы жылына 12 млрд доллар табыс көзіне ие болды. Таяу Шығыс пен Оңтүстік Азия елдерінде экотуризмді дамыту бағыттарын қарастырсақ Оңтүстік Азиядағы экотуризм аймағы Индонезия мемлекеті. Әлемге әйгілі Суматра аралында орналасқан Ганнинг ұлттық саябағы. Аумағы 10950 шаршы км (кв) орман қорықталады. 1981 жылы биосфералық қорық атауын алды. Соңғы мәліметтер бойынша 1993 жылы келген туристердің саны 18000 шет елдік, 54000 өз мемлекетінен маршрут ұйымдастырған. Туристердің кері әсері жергілікті жануарлардың өз жасау жерін өзгертіп түнде жорықтауына, керісінше кейбір тиіндердің адамға бейімделу жағдайларының қалыптасуы айқындалған. Сондықтан жануарлардың табиғи өмірінің өзгермеуі үшін арнаулы зоналарға бөлу, өсімдіктердің жойылмауы үшін арнаулы бейне камералар орнату жұмыстары жандандырылды. Әрбір маршрут саяхатында 10 адамнан артық адам болмауын қадағалады. Үндістан мемлекетінде экотуризм Үндістан мемлекетінің тау фонды тарапынан бақыланады, қадағаланады. Әрбір турист топтары туристік саяхат жасаудан 3 ай бұрын Үндістан Үкіметіне сұраныс жазады, осыған байланысты рұқсат қағазында маршрутқа қатысушылардың тізімі мен тау шыңдарына саяхат жасауы бойынша шешім шығарылады. Рұқсат қағазы бойынша маршрутқа 12 адамнан артық қатыспайды және маршрут үшін төмендегідей ақы төленеді:

- Шығыс Қарақорым - 4000 АҚШ доллары:

- ішкі аудан – 4000 АҚШ доллары:

- Нунь-Кунь – 3000 АҚШ доллары:

- 8000м биікке көтерілу-8000 АҚШ доллары:

- 7000м жоғары-3000 АҚШ доллары:

- 6501м жоғары 7000м дейін-2000 АҚШ доллары:

- 6500 м төмен-1500 АҚШ доллары:

- Канченджанга тауы үшін-20000 АҚШ доллары лагерге келуден 15 күн бұрын төленуі тиіс. Әрбір экспедиция үшін арнаулы әскери офицер бөлінеді. Оның киім т.б экспедиция

³ Храбоченко В.В. Экологический туризм Москва 2010г., стр 200-210

камтамасыз етеді, 4 станция үшін 4 аптаға арнаулы сөйлесу құралы рация алады және оның лицензиясын 200 АҚШ долларына сатып алады. Әрбір экспедиция алдын ала 300 АҚШ доллары көлемінде табиғатты қорғау, ластамау үшін кепілдеме береді. Қаржының 4/1 бөлігі Гималай штатына табиғатты қорғау жұмыстарына беріледі. Төтенше қорғау вертолеттері 6000 АҚШ долларын құрайды. Үндістанда соло-экспедицияға, яғни жалғыз саяхат жасауға тиым салынған. 1999 жылы экотуризмге қатысушылар үшін 198 шың ашылды. Үндістандағы әйгілі шыңдар: Сикким, Гарвал, Кулу-Лахул, Падар, Жанскар, Ладк. Әрбір аймақ өзіне тән рекреациялық ресурстарымен ерекшеленеді. Непалда халықаралық тау экотуризмі Туризм Министрлігі тау бөлімі және азаматтық авиация тарапынан бақыланады. Тауға саяхат ұйымдастыру Непал тау ассоциациясынан шешім қабылдайды. Бұл жерде альпинизм және тау туризміне арналған тау биіктігінен төмен бөлігіне дейін маршрут ұйымдастыруға ғана рұқсат берілген. Саяхат ұйымдастыруға рұқсат шешім Туризм Министрлігінен беріледі және маршрут ұйымдастыру ақысы 2 ай бұрын төленеді. Саяхат тобында 7 немесе 12 адамға дейін болуы тиіс. Саяхатта:

- Эверест -70000 АҚШ доллары:
- Эверест (басқа маршрут)-50000 АҚШ доллары:
- 8000м-10000 АҚШ доллары:
- 7501-8000м-4000 АҚШ доллары:
- 7001-7500 дейін-3000 АҚШ доллары:
- 6501 м ден 7000м дейін-2000 АҚШ доллары:
- 6500м төмен-1500 АҚШ доллары:

Турист топтары үшін қызмет көрсетушілер (аспазшы, жол көрсетуші, жүк көтеруші т.б) жергілікті халықтан камтамасыз етіледі. Бейне түсірілім, рацияны пайдалану, спутник құралдары үшін алдын ала рұқсат алынады және табиғатты қорғау үшін қаржы көлемінде кепілдеме береді. Кепілдеме ақысы: Эверест аймағы үшін-4000 АҚШ доллары, одан төмен қарай 3000, 2000 АҚШ доллары көлемінде беріледі. Альпинизм, тау туризмі үшін гид алынады және табиғатты қорғау кепілдемесіне 150-300 АҚШ доллары көлемінде алынады. Топ үшін саяхат маршрутын ұйымдастыру мерзімі 1 ай. Қазіргі күнде тау экотуризмі үшін 1310 шыңдан 140 шыңы айқындалды және оның ең әйгілісі Махалунгур, Лангтак, Ганеш, Манаслу, Аннапурна, Дхаулагири, Нилгири. Пакистанда тау туризмі Пакистан Үкіметі туризм бөлімі тарапынан бақыланады. Мемлекеттер туристердің саяхаты үшін қызмет көрсету жағдайлары туралы мәліметтерді Пакистан елшілігінен алады. Тау туризмі үшін топта 5 адам болуы қажет:

- К2 Чогори шыңы – 9000 АҚШ доллары:
- 8001м-8500м – 7500 АҚШ доллары:
- 7501м-8000м - 3000 АҚШ доллары:
- 7001м – 7500м – 2000 АҚШ доллары:
- 6000м -7000 м аралығы -1200 АҚШ доллары⁴.

Тау аймақтарына туристік саяхат ұйымдастыру үшін 6000 м биіктік үшін трекинг рұқсатын алу керек. Сонымен бірге әскери-офицер байланысшысын камтамасыз ету, экологиялық тазалық үшін әрбір топ 200 АҚШ доллары көлемінде ақша төлеуге дайын болуы тиіс. Пакистандағы ең әйгілі тау туризмі Каракорум және Гиндукуш. Тау туризмі үшін ақылы қызметтердің ұсынысы, тау экотуризм маршруттарын жасауда мемлекеттік рұқсаттың болуы төмендегідей жетістіктерге әсер етеді:

- саяхат жасау жүйесі жеке, өзіндік іс-әрекет ұйымдастырудың алдын алады:
- тау туризмін ұйымдастырушы турфирмалар немесе туризм бөлімі мемлекет тарапынан қатаң бақылауға алынады:
- отандық турфирмаларды ұлттық рыноктағы шет елдік турфирмалардан қорғайды:
- әр жылғы жаңадан ашылған экотуризм тау шыңдары хабарланып отырады, ол табиғат кешеніне шектен тыс кері әсердің болмауын қадағалауға мүмкіндік береді:

⁴ А.В.Бабкин Специальные виды туризма учебное пособие Москва 2003г

- алдын ала рұқсат алу маршрут міндеттері мен турист топ адамдарымен танысуға, сол арқылы шет елдік туристердің мінез-құлқын айқындауға мүмкіндік береді:

- байланыс офицерлер институты, жолсеріктер тау халқы үшін экотуризм маршруттарын, қозғалысын бақылау және экотуристердің іс-әрекетін қадағалау үшін жаңадан жұмыс орнын қалыптастырады:

- табиғатты қорғау жүйесіндегі кепілдеме туристердің ұлттық қоршаған ортаны қорғау заңын орындауға жауапкершілігін арттырады:

- тау туризмін дамыту ұлттық тау қорғау Фонды және Ассоциациясымен байланыста жұмыс жасайды. Осының әсерінен туристік әкімшілік жұмыстарын жүргізу, тау аймақтарына қызығушылығын арттыру, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жандандыруға әсер етеді.

Тау туризмі жақсы дамыған Батыс Кавказ аймағында тау ландшафттары мен рекреациялық ресурстарын қорғау мақсатында экотуризмді жандандыру шаралары ұйымдастырылуда. Батыс Кавказдағы *Краснодар өлкесі* туристік ауданның батысында, Кавказ тау жоталары аласа таулы өлкеде орналасқан. Таулы аймақ минералды су көздеріне, емдік суға бай. Туристік ауданда тауға тән болған емдік-сауықтыру орталықтары бар. Әлемге әйгілі «Горячий Ключ» бальнеологиялық емдеу-сауықтыру орталығы осы өлкеде орналасқан. Сондықтан Ресей мемлекетіндегі тау экотуризмін дамытуға мүмкіндігі бар аудан болып саналады. Болашақта трекинг экотуризмі (тау аңғары арқылы Қара теңізге саяхат жасау), спорттық және оқу скала (Планческ, Монастыр, Индюк), спелотуризм (Фанатау тоғайы, Богатыр тоғайы т.б), шатқал (Двубрат шатқалы, Бе-шенки озені шатқалы). Орман арасындағы жолдар тау велотуризм, атпен жүру туризмін дамыту арқылы тау экотуризмін дамыту бағыттары айқындалуда. Бұл аймақта қыста қар 20-50 күн аралығында ғана болады сондықтан шаңғы туризмін дамыту біршама күрделі. *Апшерон туристік ауданы* Кавказ тау жоталарында, Кубань тауы бөлігінде орналасқан. Туристік ерекшеліктеріне байланысты ауданды екі топқа бөлеміз: Черниговско-Отдаленный және Гуамо-Мезмайск. Черниговско-Отдаленный аудан Гуамо-Мезмайск ауданынан табиғат ескерткіштері, экзотикалық табиғат ресурстарының көптігімен ерекшеленеді. Бірақ бұл туристік ауданға туристер өте аз немесе мүлдем келмейді, себебі бұл ауданның туристік өлкелер арасында жарнамалау қызметтерінің аз болуы, инфрақұрылымның дамымауы. Апшеронда емдік-минералдық су көздерінің болуы емдік туризмнің дамуына әсер етуде. Болашақта туристік ауданда экотуризмді дамыту мақсатында Қара теңіз арқылы тау аңғары, Пшеха өзені арқылы радикалды маршрут ұйымдастыру, Собор, Спящий Черкес арқылы жаяу жүру мен спелотуризм (Қаратау үстірті, Исиченко тоғайы, Лагонаки тау тоғайы), шатқал (Гуам, Вольчи, Курджип өзені шатқалы, Хахопсе, Гогопсе) тау экотуризм маршруттарын ұйымдастыруға мүмкіндіктері айқындалып жандандыру жұмыстары жүргізілуде. *Сочи туристік ауданы* 1902 жылы анықталған емдік-демалыс мақсатында пайдаланылды. Сонымен бірге жағажай, экологиялық (шытырман, табиғатқа тарихи жорықтар, табиғи резерваттарға саяхат жасау), экскурсия, фестиваль, спорт туризмі, бальнеологиялық, аэротерапия, гелиотерапия, талассотерапия дамыған. Болашақта жаяу, Фишт тауларында альпинизм, Алек тау жоталарында спелотуризм, шатқал, джиппинг (Красная поляна селосында), Ачишхо тауларында тау шаңғысы, спорттық туризм түрлерін дамыту тау экотуризмін қалыптастыруда негізгі көзі болып саналады. Тау туризмін дамыту мақсатында 4 аспалы жолдарын салу жобалануда. Адыгей республикасында *Майкоп туристік ауданында* тау экотуризмін дамыту жобалары жандандырылуда. Туристік ауданның ең биік нүктесі Чугуш (3238,2м), ауданның оңтүстік батысында Фишт (2867м) тауы орналасқан. Фишт таулары альпинизмде «А», «Б» санаты үшін күрделі маршруттар ұйымдастырылады. 1985 жылы В.В.Литвинов жетекшілігімен тұңғыш қысқы шаңғы спорт түрі өткізілді. 1981 жылы Абадзеш-Мурзикао массивінде дельтаплан спорт түрлері бойынша сайыс ұйымдастырылды. Туристік аудандағы Лагонак таулары алуан түрлі биологиялық ресурстары бойынша ерекшеленеді. 600 түрлі өсімдіктің 23 түрі дүниежүзінде кездеспейтін локальды эндемик, 44 субэндемик, яғни Батыс Кавказ аймақтарында кездесетін өсімдіктер, 35 эндемик өсімдіктер Кавказ тау жоталарында кездеседі. Сондықтан бұл аймақта ғылыми-зерттеу экспедициялары жиі маршруттар ұйымдастыруда. Болашақта халықаралық тау экотуризмі, тау табиғаты тарихы,

ғылыми, шытырман экотуризмін дамытуға мүмкіншілікгі айқын⁵. *Архыз туристік ауданы* Карачай-Черкесс Республикасында орналасқан, онда Пшиш тауы (3790м) бар. Туристік ауданда шаңғы, альпинизм, демалыс, танымдық туризм мақсатында қолданылған. Белгілі неміс жазушысы Альфред Курелла 1938 жылы осы аймақта болып оның ерекше рекреациялық ресурстарына тәнті болып «Адхыз! Сенің көркің келешек ғасырлар бойы біздің ұрпақтарымызды қуантатын болады!» деп өз ойын жазып қалдырған. Туристік ауданда трекинг, тау шаңғы туризмі, спело экотуризмді дамыту жобалары жандандырылуда. *Домбай туристік ауданы* Теберда өзені жағасында орналасқан. Ең биік нүктесі Ульген (4046м). Бұл аймақта климатпен емдеу орталықтары жақсы дамыған. 1923 жылдан «Аманауз», «Алибек» т.б демалыс үйлері мен орталықтары салынды. Таудың 800-1200 м биіктігінде жылы климат, орта бөлігінде ылғалды климат қалыптасқан. 1913 жылы швейцар ғалымы М.Рикли Батыс Кавказ өлкесін психологи-эстетикалық тұрғыдан флора мен фаунасы, рекреациялық ресурстары бойынша бай өлке деп атаған. Өсімдіктері мен жануарларын қорғау мақсатында Тебердин мемлекеттік қорығы, орман арасында Теберды емдік-сауықтыру орталығы құрылды. Инфрақұрылымы жақсы дамыған. Болашақта экотуризмді дамытуда тау спорт туризм түрлері мен жабайы табиғатқа саяхат жаяу, ғылыми-танымдық туризм түрлерін дамыту жұмыстары жобалануда.

Қазақстанда экологиялық туризмді дамытуда жаңадан бастамалар мен іс-шаралар жүргізіліп жатқанымен экологиялық туризмнің дамуының көптеген шешілмеген мәселелері бар. Елімізде әлі күнге дейін экотуризм аймақтары мен нысандарының саны белгісіз, және де күнделікті тауға, қорықтар мен ұлттық саябақтарға саяхаттап баратын туристерді ешкім бақыламайды. Осының салдарынан қорықтардағы «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктер мен жануарлар жойылып бара жатыр. Туризм дамыған таулы аудандарда инфрақұрылым, қызмет көрсету салалары әлі нақты қолға алынбаған және осыған байланысты еліміздің көрікті рекреациялық аймағы тау ландшафттарының ластану деңгейі артуда.

Сондықтан бұл мәселелерді дұрыс, әрі тиімді шешуде әлемдегі экотуризмді жақсы дамыған АҚШ, Африка, Аустралия, Азия, Еуропа, Ресей мемлекеттерінің іс-тәжірибесін өз мемлекетіміздің табиғи ерекшеліктерін ескере отырып пайдалану арқылы дамытуға басты назар аударуымыз қажет. Швецияда "Natures Best" немесе "Табиғат кереметтері" деген экологиялық сапа белгісі бар. Бұл сапа белгісін табиғаты көркем жерлерге беріп қоймай, жыл сайын мемлекеттік бюджеттен сол жердің инфрақұрылымының одан әрі дамуына нақты ақша бөледі. Сонымен бірге мемлекет көрікті аймақтар мен экотуризм нысандарына шетел инвесторларын көптеп тартады екен. Осының нәтижесінде Швеция Еуропадағы экотуризм жөнінен ең көп турист келетін және сәйкесінше ең көп табыс табатын мемлекет болып табылады. Осы тәжірибе арқылы айқындасақ елімізде табиғаты көркем, керемет жерлер өте көп. Көрікті аймақтарға Швеция тәрізді арнайы жоспармен экотуризмді дамытса біздің де табыстың шыңына жетеріміз анық.

Экотуризмді дамытуда Коста-Рика тәжірибесін пайдалансақ Латын Америкасының көптеген мемлекеттері өздерінің табиғаттарына кері әсерін тигізіп жатқанда, Коста-Рика мемлекеті табиғатқа қарсы қол ұшын тигізбей, табиғатты қорғау мақсатында тиімді заңдар қабылдаған. Сол заңдардың нәтижесінде қазіргі таңда бұл мемлекет әсем табиғатының ерекшелігімен экотуризмнен үлкен табыс алып, мемлекеттік бюджетін осы сала арқылы жоғарғы деңгейге жеткізіп отыр. Қазіргі кезде Коста-Рика халқының жағдайы керемет, өмір сүру ұзақтығы әлемдегі ең жоғары болып табылады. 1996 жылы Пакистан Үкіметінің тау шыңдарына шығуға лицензия сатудан жиналған қордың мөлшері АҚШ-тың 390800 долларына жетті. Экологиялық туризмнен түскен табыс тау ландшафтының сақталуы мен қалпына келтірілуіне жұмсалады.

Қазақстан туристік рынокта көлемі бойынша және табиғаты көрікті, рекреациялық бай өлке екендігі айқын. Соңғы статистикалық мәліметтер бойынша Қазақстанға шет мемлекеттерден демалыс мақсатында туристердің көп келуі анықталды және Германия, Франция, Оңтүстік Корея, Жапония мемлекеттері мен т.б шет мемлекеттер Қазақстанның


⁵ Захаров П. П. Западный Кавказ. Узункол - М.: Издатель И.В. Бабанов, 1999.

I. ULUSLARARASI ABAY KUNANBAYOĞLU KAZAK KÜLTÜRÜ, TARİHİ VE EDEBİYATI SEMPOZYUMU


экологиялық турларына жоғары деңгейде қызығушылық туғызатынын айқындалды. Болжам бойынша 2020 жылы Қазақстанды экотуристік бағытта дамытуда 1 млрд көлемде қаражат салу қажеттігі анықталды. Сондықтан елімізде іскерлік туризмі мен экотуризм бағытындағы туристік өнімді жоғарғы деңгейде дамытуымыз қажет. Жыл сайын шет мемлекеттерден Қазақстанға іскерлік мақсатта келеді. Жалпы туризмнің 72% іскерлік туризмі. Қазақстан Республикасы статистика агенттігі мәліметі бойынша еліміздегі келу туризмі бойынша соңғы жылдары төмендегідей көрсеткішке ие болған (Мониторинг-2,3).

Еліміздегі ең алғаш өткізілген «Белуха-2002» (Шығыс Қазақстан обл, Қатон - Қарағай ауданы) Халықаралық туристік фестиваль таулы Алтай бөктерінің ерекше табиғатын, экологиялық туризмді насихаттаған болатын. Әлемдегі халықаралық туризм дамыған Америка, Австрия, Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия, Ресей, Украина елдерінен 260- тан аса адамдар жиналған мұндай шара елімізге келген қонақтардың ағымын ұлғайтады. Алматы, Астана, Ақтау қалаларында өткізіліп жүрген Халықаралық көрмелер Бүкіләлемдік Туристік Ұйымның шаралар күнтізбегіне еніп, жыл сайын ұйымдастырылуда.

Мониторинг-2
Қазақстандағы келу туризмі мониторингі
(ҚР Статистика агенттігі)



Мониторинг-3
Қазақстандағы экотуризм бағытындағы турлар мониторингі



I. ULUSLARARASI ABAY KUNANBAYOĞLU KAZAK KÜLTÜRÜ, TARİHİ VE EDEBİYATI SEMPOZYUMU

Болашақта еліміздегі аймақтар бойынша экотуризмді дамыту бағыттарын анықтау арқылы Оңтүстік Қазақстандағы Іле Алатауы аймағында альпинизм, спорттық және танымдық туризмді дамытуға әсерін тигізетін таулы массивтер (мұздықтар, шығуы қиын тау шындары, таудағы өзендер және т.б.) туристік қызмет пен демалысты ұйымдастыруда маңызды аймақ. Солтүстік Қазақстан аумағындағы республиканың негізгі табиғи ресурстары (Баянауыл, Көкшетау таулы массивтері мен көлдері) минералды сулардың қоры мен аймақтың климаттық жағдайына байланысты емдік, спорттық экотуризм түрлерін дамытуға алғышарттар жасайды. Орталық Қазақстан климатының құрғақтығына жекелеген жерлерде халықтың демалысы мен туристік қызметті ұйымдастыру, минералды су көздері орындарының болуы бальнеологиялық мекемелер құрудың мүмкіндіктерін туғызады. Республикадағы орман қорының 60% пайызы шоғырланған минералды су көздері мен биік тау ресурстарына бай Шығыс Қазақстан экотуристік қызметті қалыптастырудың орталығы бола алады. Мұндағы қарлы қыс тау шаңғысы және жаяу жорық экотуризмін дамытудың ролі жоғарғы деңгейде (Кесте-1).

Кесте-1

Қазақстан аумағында экотуризм түрлерін дамыту

Оңтүстік	Солтүстік	Орталық	Шығыс	Батыс
Тау туризмі	Шаңғы	Экскурсия	Тау туризмі	Су туризмі
Жаяу жорық	Жаяу жорық	Су туризмі	Танымдық	Жаяу жорық
Велотуризм	Экскурсия	Спелотуризм	Экскурсия	Экскурсия
Экскурсия	Емдік	Тарихи	Емдік	Тарихи
Тарихи			Шаңғы	Танымдық

Қорыта айтқанда экологиялық туризм қазіргі таңда әлемде болып жатқан экологиялық мәселелерді шешудегі мемлекеттің тұрақты дамуына жетуінің бір жолы бола алатын туризм саласының бір бағыты болып табылады. Экологиялық туризм әрбір мемлекеттің туризм саласында орнығатын болса, онда экологияның да тұрақтануы байқалар еді. Себебі, экотуризм табиғи ресурстарды, табиғи ландшафтар мен кешендерді сақтауға, туристік ағымдардың біркелкі таралуына үлкен үлесін тигізеді. Қазақстандағы туризм дамыған таулы аймақтарда экологиялық туризмді дамыту арқылы еліміздің жабайы табиғат қорын, табиғат ресурстары мен көрікті - рекреациялық аймақтарын қорғаймыз. Әлемдік тәжірибелердің тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы рекреациялық ресурстарымызды қорғау жұмыстарын жандандырамыз. Еліміздегі экологиялық туризм салаларын жан-жақты дамыту, қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, еліміздегі ішкі және сыртқы туризмді дамыту арқылы ұлттық экологиялық мәселелерді шешу мүмкіншіліктерін арттырамыз. Еліміздегі экотуризмді дамыту арқылы экономикалық жағдайымызды жақсартамыз, әлемдік деңгейдегі мәртебемізді айқындаймыз, бәсекеге қабілетті өркениетті мемлекеттер қатарында боламыз.

Пайдаланылған Әдебиеттер

- 1.Александрова А.Ю. Международный туризм. М., 2001.
2. Ердавлетов С.Р. Основы географии туризма: Учебное пособие. Алма-Ата : КазГУ, 1991.
3. Карпова Г.А. Экономика современного туризма. - СПб., 2001.
- 4.А.В.Бабкин Специальные виды туризма учебное пособие Москва 2003г
5. Пирожник И.И. Основы географии туризма и экскурсионного обслуживания. Минск Университетское, 1985.
- 6.Декина В. С. Анализ современного состояния ресурсов США// www.wsu.m/Vtravel, 2000.
- 7.Храбоченко В.В. Экологический туризм Москва 2010г
8. Долженко Г. П. История туризма в дореволюционной России и СССР. - Ростов-на-Дону: Изд-во Ростовского университета, 1988.
- 9.Захаров П. П. Западный Кавказ. Узункол - М.: Издатель И.В. Бабанов, 1999.
10. Кропф Ф. А. Спасательные работы в горах. - М.: Физкультура и спорт, 1966.

I. ULUSLARARASI ABAY KUNANBAYOĞLU KAZAK KÜLTÜRÜ, TARİHİ VE EDEBİYATI SEMPOZYUMU

11. Штюрмер Ю. А. Охрана природы и туризм. - М.: Физкультура и спорт, 1974.
12. С.Р.Ердаулетов. Проблемы и перспективы казахстанского туризма. Алматы, 1997г
13. В.Н.Вуколов. Экономика и география туризма. Москва. 1984г.
14. Алиева Ж.Н. Экологический туризм. — Алматы, 2002.
15. Сергеева Т.К. Экологическая туризм Учебник М.: Финансы и статистика 2002г
16. Закон РК «О туризме», Постановление РК 3.07.1992г. Алматы.
17. Садыкова Д.А. Мухамединова Н.Н. ҚР экологиялық проблемалары, -А.: ҚазмемПУ. 2010ж.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨНІМДЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ПРОБЛЕМАЛАР

Садыкова Дамежан

ж.ғ.м., аға оқытушы

Алматы қаласы

damelia_71@mail.ru

Әділхан Марияш

Әдіскер, Жамбыл облысы

Қордай ауданы

Түйіндеме: Қазақстан – пайдалы қазбалар қоры жағынан әлемдегі ең бай елдердің бірі. Қазақстанның баға жетпес байлығы - ол оның табиғи ресурстары. Сонымен бірге энергетикалық және ауыл шаруашылық ресурстар да мол табыс әкеледі. Осындай байтақ жері мен аздаған елі барда Қазақстанның ауыл шаруашылықты дамытуға үлкен әлеуеті болуына қарамастан көптеген ауылшаруашылық өнімдерін шет елдерден импорттау мәселелері бүгінгі күннің өзекті мәселелеріне айналууда. Қазақстандағы экономиканың дамуының ең басты көзі соңғы он жылда орташа шамамен 20% артқан, қарқынды өсіп келе жатқан экспорт болып табылады. Соның ішінде тамақ өнімдерінің өндірісі елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стратегиялық маңызы бар сала болып табылады. Тамақ өнімдерін тұтынудың өсуімен және тұтыну құрылымының неғұрлым сапалы өнімдер жағына өзгеруі ауыл шаруашылығы өндірісімен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметі бойынша тамақ өнімдері өндірісі құрылымындағы негізгі үлесті астық өңдеу саласы (23,5%), сүт өңдеу (16,3%), нан және нан-тоқаш өнімдері (15,3%), ет өңдеу (13,4%), жеміс-көкөніс (8,1%), май-тоң май (7,8%) және өзге де салалар (15,6%) алып отыр. Еліміздегі экспортқа шолу жасасақ Қазақстаннан экспортталатын негізгі танымал азық-түлік өнімі астық болып табылады. Негізгі нарықтар Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Ресей, Иран, Түркия, Түркмения, Грузия мемлекеттері болып табылады. Қазақстанның шет мемлекеттерден өнімдерді импорттау мәселелері шешімі анықталмаған өзекті мәселерге жатады. Бүгінде елімізде жыл он екі ай бойы сатылатын көкөністер мен жемістердің 90 пайызы – Қытай өнімдері.

Мақалада Қазақстандағы трансшекаралық өнімдер, олардың түрлері мен пайдалану жолдары, экспорт өнімдерінің экологиялық зардаптары туралы мәселелер және оның алдын алу шаралары туралы мәселелер қарастырылған.

Кілт сөздер: экспорт, импорт, трансшекара, трансөнімдер, экономика, тамақ, табиғат ресурстары.

ECOLOGICAL PROBLEMS IN TRANSBOUNDARY PRODUCTION IN KAZAKHSTAN

Sadykova Damezhan - Senior Lecturer

Almaty city

damelia_71@mail.ru

Adilkhan Mariyash - Methodist

Zhambyl Oblast

Korday district

Summary: Kazakhstan is one of the richest countries in the world in terms of mineral resources. The priceless wealth of Kazakhstan is its natural resources. As well as big energy and agricultural resources are generated income. Despite the fact that Kazakhstan possesses such a vast and rich country, and the fact that Kazakhstan has a great potential for agricultural development, many issues of imports of agricultural products from abroad are becoming relevant today. The most important source of economic development in Kazakhstan is dynamically growing export, which has grown by about

20% in the last ten years. In particular, food production is a strategically important area ensuring food security of the country. Food consumption and an increase in consumption structure change towards higher quality products closely depend to agricultural production. According to the Statistics Committee of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan, the main share in the structure of food production was accounted for by grain processing industry (23.5%), milk processing (16.3%), bread and bakery products (15.3%), 13.4%), fruits and vegetables (8.1%), oils and fats (7.8%) and other industries (15.6%). According to the Statistics Committee of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan, the main share in the structure of food production was accounted for the following sectors: grain processing industry (23.5%), milk processing (16.3%), bread and bakery products (15.3%), meat processing (13.4%), fruit and vegetable (8.1%), oil and fat (7.8%) and other industries (15.6%). If we make an overview of the country's export, we will find that Kazakhstan's main export is popular for food grain production. The main markets are Uzbekistan, Tajikistan, Kyrgyzstan, Azerbaijan, Russia, Iran, Turkey, Turkmenistan and Georgia. The problem of Kazakhstan's imports from foreign countries refers to the key issues that have not been solved. Today, 90 percent of the vegetables and fruits sold in the country within twelve months a year – Chinese products.

This article was dealt with the issues of transboundary products in Kazakhstan, their types and uses, environmental consequences of export products and their prevention measures.

Keywords: export, import, transboundary, transproducts, economy, food, natural resources.

Қазақстан – пайдалы қазбалар қоры жағынан әлемдегі ең бай елдердің бірі. Қазақстанның баға жетпес байлығы - ол оның табиғи ресурстары. Сонымен бірге энергетикалық және ауыл шаруашылық ресурстар да мол табыс әкеледі. Осындай байтақ жері мен аздаған елі барда Қазақстанның ауыл шаруашылықты дамытуға үлкен әлеуеті болуына қарамастан көптеген ауылшаруашылық өнімдерін шет елдерден экспорттау мәселелері бүгінгі күннің өзекті мәселелеріне айналады. Қазақстандағы экономиканың дамуының ең басты көзі соңғы он жылда орташа шамамен 20% артқан, қарқынды өсіп келе жатқан экспорт болып табылады. Соның ішінде тамақ өнімдерінің өндірісі елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стратегиялық маңызы бар сала болып табылады. Тамақ өнімдерін тұтынудың өсуімен және тұтыну құрылымының неғұрлым сапалы өнімдер жағына өзгеруі ауыл шаруашылығы өндірісімен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметі бойынша тамақ өнімдері өндірісі құрылымындағы негізгі үлесті астық өңдеу саласы (23,5%), сүт өңдеу (16,3%), нан және нан-тоқаш өнімдері (15,3%), ет өңдеу (13,4%), жеміс-көкөніс (8,1%), май-тоң май (7,8%) және өзге де салалар (15,6%) алып отыр. Еліміздегі экспортқа шолу жасасақ Қазақстаннан экспортталатын негізгі танымал азық-түлік өнімі астық болып табылады. Негізгі нарықтар Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Ресей, Иран, Түркия, Түркмения, Грузия мемлекеттері болып табылады. Қазақстанның шет мемлекеттерден өнімдерді импорттау мәселелері шешімі анықталмаған өзекті мәселерге жатады. Бүгінде елімізде жыл он екі ай бойы сатылатын көкөністер мен жемістердің 90 пайызы – Қытай өнімдері. Көптеген шет елдерде тағам құрамына трансгеннің қай түрі және қанша қосылғаны бақыланып отырады. Қазақстанда шетелден әкелінген тауарларға әзірге трансгені тұрғысынан тексеру жасалмайды. Себебі, гендік инженерия елімізде соңғы жылдары ғана қалыптасқан. Бүгінде алманың отаны болған Алматыда апортты сабанның іздеп табу қиынға соғады. Алманы будандастырып, неше түрін жасап шығаратын қазақстандық «Мичуриндер» де жоқ. Оның орнына қытайдың әртүрлі алмалары көбейіп халықтың ең басты тұтынушы өнімдеріне айналып кетті. Қытайдан экспортталатын алмалардың көлемі үлкен және құрт түспейді. Сондай-ақ алмұрт сияқты жемісін жесеңіз, қағаз шайнағандай боласыз. Соған қарамастан Қытай жемістерін тұтыну біздің елде ең жоғарғы деңгейде. Еліміздің жеміс-жидек импортына деген тәуелділігі жыл санап артып барады. Нарықтық экономика еліміздің жеміс-көкөніс саласын құрдымға жіберді десек, артық айтқандық болмас. Бүгінде шетелден ең көп тасымалданып жеміс түрі алма мен жүзім болып тұр. Басты экспорттаушы, әрине, Қытай. Былтыр

елімізге осы елден 145 мың тоннадан астам алма тасымалданған. 2007 жылы алманың импортынан гөрі, керісінше, экспорты басым болған еді. Отандық алма Ресейге экспортталып, елімізге келетін қытайлық алма импортының ауқымы көбейді. Қытайда жеміс шаруашылығына басым көңіл бөлініп, қарқынды дамуына байланысты біздің нарықты жаулап алды. 2007 жылы алма мен алмұрт 60 мың тоннадан артық әкелінді. Сөйтіп, алма экспорты бірден 90 пайызға жетті. Әрі құрт түспеген соң іріп-шірімейтін қытай алмасы базар жаймаларында жылдап тұра береді. Өтпей қалып кері қайтару деген тағы жоқ. Зиянды екенін біле тұра тұтынушы нарығы қанша әкелсе де сатып алып жатыр. Еліміздің Оңтүстік, Алматы және Жамбыл облыстары алманы да, жүзімді де өсіріп жатыр. Ресми деректерге жүгінсек, 2008 жылы – 947,4, ал өткен жылы 1,180 мың центнерге жуық алма жиналып алынған. Алайда бұл ішкі нарықты толық өтей алмайды. Осыған қарап-ақ қытай тауарына деген тәуелділіктен құтыла алмасымызды аңғаруға болатындай. Мамандар ол жақтан келетін алмаларға шамадан тыс химикаттар қосылатынын айтып дабыл қақса да, импорт алмадан бас тартып жатқан ешкім жоқ. Білетіндер оны парафинмен пісірген деседі. Ал сол алмалардың әрқайсысын ұқыптап, бөлек-бөлек ораған ақ «дәкелерін» тышқанның ұясына тастасаңыз, кеміргіштерді сеспей қатырады. Оның ішінде сақталған алманы жеп жүрген адамдардың да сау емесі сөзсіз. Қытай асып келетін тауарлардан улы заттар табылып та жатыр. Қазіргі таңда шекарада қытай тауарларын тексеріп өткізетін зертханалар салу күн тәртібіндегі мәселеге айналууда. Қытайдың тауарларына Еуроодақ, АҚШ, Жапония, Малайзия сияқты көптеген елдер тыйым салды. Себеп біреу: адам денсаулығына зиянды, тіпті улы заттары көп. Бір кездері АҚШ үй жануарларына арналған Қытай тағамдарынан зиянды қоспа тауып еді, ит пен мысығының денсаулығын мемлекеттік деңгейде қорғап, Пекинге қарсы нота жіберді. 2003 жылы Павлодар облыстық СЭС-і Қытайдан әкелінетін ашытқының құрамынан қалыптағыдан 50 есе жоғары токсиндік заттар бар екенін анықтап, дабыл қақты. Ал 2008 жылы Петропавлда қытай ойыншықтарының зиянды партиясы тәркіленді. Ол ойыншықтардағы улы заттардың мөлшері шекті нормадан 60 есе асатын болып шыққан. Қазақстанға 2004 жылы 0,5 мың тонна алма тасымалданса, 2008 жылы 4,6 мың тонна жеткізілген. Алма мен алмұрттың импорты 1,4-тен 151 мың тоннаға дейін өскен. Өзге елден тасымалданатын жеміс-жидек пен тамақ өнімдері жылдан жылға артып келеді. Соымен бірге Қытайдағы әрбір бесінші сүт зауытының өнімінде адам өміріне аса қауіпті химиялық зат – меламин бар. Бұл улы зат Қытайда шығарылатын кондитерлік өнімдер – кофе, печенье, шоколад, тіс пастасы сияқты т.б. өнімдердің құрамынан табылған. Адамдарды бүйрек дертіне, несеп жолдарының қатерлі ісігіне және бедеулік пен белсіздікке әкеп соғатын меламинді адамдарды қырып - жою үшін тағамдарға әдейі пайдаланды деген күдік бар. Азия, Африка мен Еуропалық Одақтың бірқатар елдері қытайлық өнімдерге заң жүзінде тыйым салды. Таяуда ресейлік “Роспотребнадзор” басқармасы Ресей мен Қытай арасына қатынайтын әуе ұшақтарында күмәнді ет таратылатынын айтып, дабыл қаққан-ды. Басқарманың мәлімдеуінше жолаушыларға атжалман, әлде егеуқұйрықтың еті қосылған тамақтар беріледі екен. Осындай күмәндарын жариялаған “Роспотребнадзор” басқармасы “ол еттердің кәдімгі сиыр және қой етінен айырмасын таппайсыз” дейді. Мамандардың мұндай шешімге келуіне Қытайда егеуқұйрықтың еті қосылған жартылай фабрикаттар шығарылғаны туралы ақпарат себеп болған.

Бұл қытай тауарларына қатысты бірінші мәселе емес. Осыған дейін де қытайлық компаниялар өндіретін адам ағзасына зиянды неше түрлі тауарлар сауда айналымына түсіп, елді талай дүрліктірген. Осы жылдың басында Германия, Франция, Испания елдеріне боялған күмәнді еттердің экспортталғаны мәлім болды. Сәбилерге арналған құрамында меломині бар жасанды сүттер, сиыр, жылқы, қой етіне ұқсас түрлі химикаттармен боялып, “сүрленген” еттер, адам ағзасына өте қауіпті улы ойыншықтар мен есірткі тектес дәрі-дәрмектер әлі күнге әлемдік сауда нарығы айналымынан шыққан жоқ.

Қытай неліктен қауіпті тауар өндіруші елге айналды? Біріншіден, бұл елде өндіріс орындары өте көп. Әрқайсысы нарықтағы бәсекелесін басып озу мақсатында тауардың сапасынан гөрі санына мән берері анық. Сонымен қатар тұтынушының сұранысына қарай арзан тауар өндіру – қытайлық тауар өндірушілердің негізгі ұстанымы. Кез келген заттың

көшірмесін қытайлық компаниялардың айнытпай, дәл етіп шығаратыны сондай, кейде ажырата алмайсыз. Қытайда азық-түлік құрамына кәдімгі пластик қосып шығарғаны туралы мақала батыс басылымдарында үздіксіз шыққан еді. Соған қарамастан, қытайлар зиянды заттардан тауарларының құрамын тазартқан емес. Керісінше, күн санап қытай тауарларының қауіпті тұстары еселеп өсуде.

Қазақстанға келетін тауарлардың 70-80 пайызы қытайлық тауарлар. Олардың ішінде әлі күнге мәселесі шешілмей отырған балалар ойыншығы да бар. Осыған дейін біздегі сауда нүктелерінде сатылатын ойыншықтардың құрамында бала ағзасын улайтын зиянды қоспалар бары анықталған. Бірер жыл бұрын ресми Пекин өз елдеріндегі 242 түрлі ойыншыққа тексеру жұмыстарын жүргізу барысында 242 түрлі ойыншықтың жартысынан астамы бала денсаулығына зиян заттардан жасалғаны анықталған. Ал тағы ондаған ойыншық түрлері талапқа сай жасалмағаны белгілі болды. Ең қауіптісі, 242 ойыншық түрлерінің 80 пайызының құрамынан хром және мырыш қоспалары табылған.

Қытайдан біздің елімізге күріш экспортталады. Қытайда өсірілген күріштердің 35 пайызында кадмий және мырыштың үлесі көп және бұл күріштер талапқа сай емес. Сондай-ақ қарақұмық жармасы, жержаңғақтардың да құрамында адам ағзасына қауіпті химикаттар өте көп екен. Мұндай мәліметті халықаралық сарапшылар анықтауда және сарапшылар мұның себебін қытайдағы өндіріс аймақтарының экологиялық жағдайымен салыстырады.

2011 жылы алкогольсіз саналатын “спорттық” сусындардың құрамынан тератогенді және канцерогенді әсері бар диэтилгексил фталат табылып еді. Ет-балық өнімдерінде кездескен антибиотиктер, картопты қытырлақта, бисквит нандарда болатын меломиндер, түрлі дәрі-дәрмектердің құрамындағы есірткі тектес қоспалар мен жартылай фабрикаттардағы улы химикаттар бар екендігі анықталуда. Қазақстандағы негізгі тұтынатын тамақ өнімдері Қытай өнімдері. Ал киімдеріміздің 90 пайызы қытайда жасалған. Қазақстан үшін ең қауіпті трансшекаралық өнімдердің бірі дәрілік заттар. Әсіресе арықтауға, емделуге, беттің әрін келтіруге және ішкі ағзалар үшін Қытайдың дәрісін сатады. Бұл дәрілердің құзырлы орындарда тіркелмегенін, контрафактілік жолмен келгенін былай қойғанда, емін-еркін қаламыздың қақ ортасында оны саудалау неге оңай деген сұрақ туады. Дәрілерді сақтаудың да нормалары ескерілмейді. Күннің шыжыған ыстығында түрлі жақпамайларды да сатып тұрғанын көзіміз көрді. Фармацевтердің айтуынша, оның бәрі контрафактілік жолмен келген. Ұлттық сараптау орталығының Дәрілік заттарды фармакологиялық сараптама басқармасының бастығы Шынар Байдуллаева: «Олардың бәрі сараптамадан өтпеген, біздің мемлекеттік тіркеуде ол дәрілер жоқ. Сондықтан, адам өміріне адам өміріне қауіп төнуі мүмкін» деп өз пікірін дәлелдеуде. «Дәрілік заттарды сараптау Ұлттық Орталығынан тіркеуден өтуге жылына 1000 түрлі дәрілік зат келсе, оның тек 70 пайызы ғана қабылданады» дейді ол. Өйткені олардың сапасы, қауіпсіздігі, сақталуы, тіпті сыртқы қабына дейін жоғары талап қойылады. «Кез-келген дәрілік заттың өлшемі болмаса - оның бәрі уға айналады» дейді дәрігерлер.

Қытайды зерттеп жүрген ғалымдардың зерттеулері бойынша Қытайдың жалпы табиғи ресурстары 2 миллиард адамды қамтамасыз етуге ғана жетеді екен. Қытайда су көздері тартылып, орман сиреп, жайылымдар азайып, егістік алқаптар уланып, экологиялық апат төне бастағаны туралы өздері де біліп дабыл қағуда. Сондықтан Қытай мемлекеті халықты азық түлікпен қамтамасыз етуде биотехнология арқылы ас өндіруді жоғарғы деңгейде қолдануда. Себебі 9,2 миллион шаршы шақырым жерде екі жарым миллиардтай халқымен тығыз орналасқан Қытай мемлекеті табиғи өнімдерді пайдаланып халықты табиғи азық-түлікпен қамтамасыз етуге мүмкіндігі жоқ. Сол себепті де, химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтерді шектен тыс пайдаланып, жылдам өсіп шығатын, тез пісетін және ұзақ сақталатын өсімдіктер өсіру жолын пайдаланды.

Гендік модификация – биотехнологиялық жолмен улы заттарға, суыққа, ыстыққа төзімді өсімдік түрін жасап шығару. 1950 жылдарда атом энергиясымен қосанжарласа дамыған биотехнология ғылымы бүгінде адам баласына өсімдіктің жаңа түрлерін тұтынуға мүмкіндік тудырды. Мұның бір пайдасы – бүгінгі күні Жер шарындағы азық-түлікпен қамтамасыз ету проблемаларын шешуге көмектеседі. Мәселен, Америка, Англия елдері ғалымдардың

көмегімен осындай жаңа өнім түрлерін өндіріп, Кения, Үндістан, Африка елдеріне экспорттау жұмыстарын жүргізуде. Бірақ, бұны мемлекеттік деңгейде жүргізбеген. Жекелеген кәсіпкерлердің қолымен жүзеге асырды. Биотехнология арқылы өндірілген азық-түлік пен жеміс-жидектер өз елдерінде сатылуына жол берілмейді. Ғылымның осы түрі арқылы адам баласы азық-түлік, жеміс-жидек пен көкөністер тұтына отырып, түрлі жан-жануарлар мен жәндіктердің генін сіңіруде. Мәселен, акуланың азу тісінің бір генін алып, қызанақ жасушасының ішіндегі ДНК-ның бір бөлігімен алмастырып жібереді. Осылайша қызанақ ДНК-сы өзгеріп, мүлдем басқа өсімдік өсіп шыға келеді [Шамшина Ж.К. ГМО өнімдерінің пайдасы мен зияны].

Дүниежүзілік сауда ұйымының талабы бойынша, құрамдас елдер генетикалық түрлендірілген тағамдарды импорттауға шектеу қоймауға тиіс. Алайда, айтып өткеніміздей, АҚШ пен Англия гендік модификациядан өткен өнімдердің өз елдерінде сатылуына шек қойып отырады. Сонымен бірге Америка осыдан бірнеше жыл бұрын Қытайға қарсы нота жариялап, қытайлық азық-түлік тауарларының елге кіргізілуіне тыйым жасады. Дәл осылай Еуроодақ, жекелеген елдерден – Малайзия мен Жапония да Қытай тағамдарының кейбір түрлерінің әкелінуіне тосқауыл қойды. Ресей ғалымдары, дамыған жетекші мемлекеттер қауіптің алдын алып жатқандықтан гендік модификацияланған тағам түрлері адам денсаулығына зиян деген байламға келді.

Елімізде ГМА (гені модификацияланған ағза) бағдарламасы енгізілген. Тіпті, ғалымдар алғашқы жоба бойынша трансгенді өсімдік өсіріп те көріпті. Ол бірақ өндіріске енгізілген жоқ. Өйткені, гендік модификациядан өткен өнім әбден тексеріліп, ұрығы алынып, көбейтіліп болғанша біраз уақыт өтеді. 1993 жылы құрылған Биотехнология орталығы күріш, мақта, соя, картоп, т.б. өнімдер бойынша ғылыми жұмыстарын жалғастыруда.

Қазақстанда 2010 жылы қабылданған «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» заң бойынша, бізде қазір трансгенді өнім нарыққа енгізілмесін деген тыйым жоқ. Алайда, бүгінгі күні Парламент «Гендік инженерия қызметін мемлекеттік бақылау туралы» заң жобасымен жұмыс жасап келеді. Қазіргі бет алыс бойынша, депутаттардың мақсаты – гендік өзгеріске ұшыраған өнімдердің отанымызда кіргізілуіне, сатылуына шек қою.

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің 2013 жылғы I жартыжылдықтағы тексерісінен кейін 400 тонна тамақ өнімдері жарамсыз деп танылса, соның ішінде сақтау мерзімі өтіп кеткен азық 80 тоннадан асыпкеткен. «7 тонна өнімнің қауіпсіздігі расталатын тиісті құжаттары жоқ болып шықты. Сонымен қатар микробиологиялық көрсеткіштермен сәйкес келмейтін 300 тонна өнім анықталған. «Оның айтуынша, мамырдың басынан 18 шілдеге дейін зертханаларда көкөніс пен жеміс-жидек өнімдерінің 10 мың сынамасына зерттеу жүргізілген. Солардың 178-інде нитрат (тұз және азот қышқылының эфирі) деңгейінің тиісті мөлшерден асып кету жағдайы тіркелген. Ал қазіргі таңда әлі де болса қарбыз бен қауындардағы нитрат құрамының деңгейі тиісті мөлшерден 1,5 есеге асып отырғаны байқалады [www.bcrb.kz/.../401-azastanda_6_ajda_400_tonna_tama_nmder_zheuge_zharamsyz].

Бізде ешқандай зерттеу орталықтарының жоқтығынан қытай тауарлары арқылы аурулардың түрі көбейіп келеді. Қытай тағамдарының дерлік бәрі гендік модификацияланған тағамдар. Тіпті кейбір тағам түрлерінің зияндылығын анықтауға мүмкіндігіміз жетпейтін көрінеді. Бірде қытайдан Семейге келген шошқаның еті қаншама тексерулерден өтіп халық тұтынатын орынға келгенде ғана зияндылығы анықталады.

Еліміз бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енудің стратегиялық бағдарламасын жасап қойды. «Ел боламын десең бесігінді түзе» демекші жас ұрпақтың генетикалық тұрғыдан дені сау болып қалыптасуы үшін табиғи таза өнімдерді қолданудың маңызы үлкен.

Статистика агенттігінің мәліметінше елімізде 14 жасқа дейінгі 3,5 миллион бала бар екен. Әрқайсына бір қуыршақты 1 мың теңгеден есептегеннің өзінде Қытай бюджетіне қыруар қаражат құйылады. Сонымен бірге 3,5 млн бала ойыншық құрамындағы қорғасын, мырыш, сынаппен зардаптануда. Сонымен бірге күнде қолданып жүрген ұялы телефонымыздың маркасы басқа елдікі болғанымен Қытайда жасалғандығы және оның

радиация мөлшері шектес тыс болғандықтан миымызды зақымдап жатқанынан көбіміздің хабарымыз жоқ.

Қазақстанның Қытаймен экономикалық байланысымыздың шектен тыс асып бара жатқандығын, яғни қауіптілігін салыстырмалы түрде айтар болсақда қытай тауарларына тыйым салып, сауда нүктелерін жаба алмаймыз. Сондықтан қытай тауарларына қатысты екі нұсқа жол бар:

- шекарада сауда орталықтарын ашып, сол арадан тауарын алып, өздерін сол жерде қалдырып отыру;

- тауарларды Қазақстанда өндіру.

Егер бізде өндіретін болса Қытайдағыдай зиянды қоспаларды қосуға, өндіруге тыйым салынып жас ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтанатын едік. Сонымен бірге тарншекаралық өнімдерден қорғанудың бір жолы шекарада қытай тауарларын тексеріп өткізетін зертханалар салуымыз керек. Себебі Қытайдың көптеген тауарларына Еуро Одақ, АҚШ, Жапония, Малайзия сияқты көптеген елдер тиым салды. Себеп біреу, Қытай өнімдері адам денсаулығына зиянды, улы заттар.

Статистикалық мәліметтер бойынша бүгінде жер бетінде күн сайын 20 мың адам аштықтан қайтыс болуда екен. Осыны ойлағанымызда халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету бағытында гендік инженерия арқылы өнім өндіру қажеттілігі айқындалуда. Бірақ кең-байтақ жері бар, суы бар, күні де жылы, мал өсіріп, егін егуге қолайлы аймақта небәрі 17 миллион халық тұратын бізге гендік модификациядан өткен өнімді тұтынудың қажеті қаншалық? Қытай ғалымы Лао-Цзы: «не жесең, соған тартасың» деген екен. Адамның қандай малдың етін көбірек жесе, мінезі соған ұқсап кететінін басқа ғалымдар да дәлелдеп баққан. Ендеше доңыздың гені қосылып, пішіні өзгерген, үлкен шие мен қауынмен бірдей қытай қиярларын жеу бізді жылқы мінезімізден алыстатып доңыз тектес геніміздің қалыптасуына әсер етпесіне кім кепіл береді. Өртүрлі жан-жануардың гені қосылып өндірілген өніммен экологиялық улы химикаттарды шектен тыс пайдаланған улы азық-түлікті пайдалану болашақ ұрпағымыздың да геніне, мінезі мен болмысына әсер ететіні айқын. Сондықтан траншекаралық өнімдердің әсіресе Қытай өнімдерінің елімізде шектен тыс қолдануының алдын алу мемлекеттік және ұлттық деңгейде шешілетін өзекті мәселелердің бірі.

Пайдаланған әдебиеттер.

1. Интернет сайт.
www.bcrb.kz/.../401azastanda_6_ajda_400_tonna_tama_nmder_zheuge_zharamsyz
2. Шамшина Ж.Қ. ГМО өнімдерінің пайдасы мен зияны. – 2013.
3. Раманқұлов Е. Дамыған деген елдерде ГМО пайдалану қалай реттелуде?! – 2013.
4. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңы.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОТУРИЗМДІ ДАМУ АРҚЫЛЫ БИОРЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ

Садыкова Дамежан

ж.ғ.м., аға оқытушы

ҚазмемқызПУ

Даутбек Аккия

4 сынып оқушысы

№157 орта мектеп, Алматы қаласы

Түйіндеме: Экологиялық туризм - қазіргі заман туризм бағытындағы әлемдік дамыған туризм түрі.

Экологиялық туризм адамның айналадағы ортаға тигізетін әсерінен пайда болады. Экологиялық туризм табиғат нысандарына белсенді, танымдық саяхат жасау.

Антропогендік іс-әрекет, туризмнің экологиялық талаптарды орындамай дамуы табиғи кешендердің біртіндеп деградацияға ұшырауына әсер етті. Соған байланысты әлемнің көптеген елдерінде табиғи кешендердің бірқалыптылығын сақтайтын жоспарланған аймақтық туризм, яғни экологиялық туризм пайда болды.

Экологиялық туризмді дамыту мақсатында дүние жүзілік табиғат қоры, табиғат ресурстары мен табиғатты қорғау халықаралық одағы ұйымдары құрылды [1].

Әрине, «экологиялық туризм» ұғымы жер шарының адам аяғы баспаған, әрі пайдаланылмаған жерлерімен саяхат жасауды ғана білдірмейді. Қазіргі уақытта бұл ұғым кең ауқымды қамтиды. Ол экологиялық туризмнің басты мақсатымен анықталады: табиғатпен бірігу, оның түпкілікті маңызын ұғыну және қорғау қажеттілігін түсіну. Сондықтан туризмді адамзаттың «ашық» ортада болуымен сипаттауға болады. Сонымен қатар оның көркемдік, экзотикалық, қайталанбас табиғат құбылыстары мен нысандар арасындағы тығыз байланысты білдіретін, адамның ғылыми аймақтанушылық қажеттіліктерін қанағаттандырады. 2001 жылы халықаралық конференцияда экологиялық туризмнің нақты анықтамасы ұсынылды.

Экологиялық туризм:

1. Кез-келген туризм түрі мемлекеттердің тартымдылығы мен табиғи негізі.
2. Экотуризм-экологиялық білім мен экологиялық тұрақты даму принциптері негізінде қоршаған ортаны қорғау.
3. Табиғаттың сирек өсімдіктері мен жануарларын зерттеу, ерекше экожүйелерін зерттеу мақсатындағы тиімді саяхат.
4. Туризм мен жергілікті халық, биоалуантүрлілік арасындағы қолайлы орта қалыптастыратын саяхат. Сонымен; «экологиялық туризм- табиғатты зерттеу, білу арқылы зиянды әсерін тигізбей саяхат жасау, экологиялық жағдайларының алдын - алу арқылы қорғау». Экологиялық туризмнің басқа туризмдерден айырмашылығы табиғатта туристердің берілген тәртіпке бағынуы, табиғи ландшафттарды шектен тыс ластаудан қорғау және индустриялық туризм дамуының басты шарты болып табылатын табиғи ресурстардың деградациясын болдырмау, ластанудан қорғау.

Кілт сөздер: қорық, туризм, саяхат, экология, экожүйе, биоресурс, табиғат, ландшафт.

PROTECTION OF BIORESOURCES THROUGH THE DEVELOPMENT OF ECOTOURISM IN KAZAKHSTAN

Sadykova Damezhan - Ph.D., Senior Lecturer

Kazakh State Women's Pedagogical University

Dautbek Akkiya is a 4th form pupil

Secondary school №157

Almaty city

Ecological tourism is a modern type of tourism in the developed world in the field of tourism.

Ecological tourism is the result of human impact on the environment. Ecological tourism is an active and educational travel to nature objects.

Human action, fulfilling the requirements of the environmental tourism development contributed to the degradation of natural systems gradually. Thereby, in many countries of the world planned regional tourism, ie environmental tourism, which maintains the uniformity of natural complexes. In order to develop ecological tourism, the World Wildlife Fund, the International Union of Natural Resources and Environmental Protection has been established [1].

Of course, the concept of "ecological tourism" does not just mean traveling around the globe with no human feet came and unused areas. Currently, this concept covers a wide range. It is defined as the main purpose of ecological tourism: to understand the need to integrate with nature, understand its essential meaning and protect it. Therefore, tourism can be characterized by the presence of an "open" environment of mankind. At the same time, it is closely linked with its artistic, exotic, unique phenomena and phenomena, and meets the scientific geographical needs of a person. In 2001 the international conference presented a clear definition of ecological tourism.

Ecological Tourism:

1. Any type of tourism is the appeal and natural base of states.
2. Ecotourism - Environmental protection based on sustainable environmental development and environmental sustainability principles.
3. The study of the nature and rare animals, plants, ecosystems in order to effectively study a special journey.
4. Tourism and local population, creating a favorable environment for biodiversity. Now then; «ecological tourism - protection of nature through research, knowledge of travel without harmful influence, prevention of ecological situations». The ecological tourism differs from other tourism in order to protect the natural environment from excessive pollution and to prevent the degradation of natural resources, which is the main condition for the development of industrial tourism, from pollution.

Keywords: nature reserve, tourism, travel, ecology, ecosystem, bioresources, nature, landscape.

Экологиялық туризм - қазіргі заман туризм бағытындағы әлемдік дамыған туризм түрі.

Экологиялық туризм адамның айналадағы ортаға тигізетін әсерінен пайда болады. Экологиялық туризм табиғат нысандарына белсенді, танымдық саяхат жасау.

Антропогендік іс-әрекет, туризмнің экологиялық талаптарды орындамай дамуы табиғи кешендердің біртіндеп деградацияға ұшырауына әсер етті. Соған байланысты әлемнің көптеген елдерінде табиғи кешендердің бірқалыптылығын сақтайтын жоспарланған аймақтық туризм, яғни экологиялық туризм пайда болды.

Экологиялық туризмді дамыту мақсатында дүние жүзілік табиғат қоры, табиғат ресурстары мен табиғатты қорғау халықаралық одағы ұйымдары құрылды [1].

Әрине, «экологиялық туризм» ұғымы жер шарының адам аяғы баспаған, әрі пайдаланылмаған жерлерімен саяхат жасауды ғана білдірмейді. Қазіргі уақытта бұл ұғым кең ауқымды қамтиды. Ол экологиялық туризмнің басты мақсатымен анықталады: табиғатпен бірігу, оның түпкілікті маңызын ұғыну және қорғау қажеттілігін түсіну. Сондықтан туризмді адамзаттың «ашық» ортада болуымен сипаттауға болады. Сонымен қатар оның көркемдік, экзотикалық, қайталанбас табиғат құбылыстары мен нысандар арасындағы тығыз байланысты білдіретін, адамның ғылыми аймақтанушылық қажеттіліктерін қанағаттандырады. 2001 жылы халықаралық конференцияда экологиялық туризмнің нақты анықтамасы ұсынылды.

Экологиялық туризм:

1. Кез-келген туризм түрі мемлекеттердің тартымдылығы мен табиғи негізі.
2. Экотуризм-экологиялық білім мен экологиялық тұрақты даму принциптері негізінде қоршаған ортаны қорғау.
3. Табиғаттың сирек өсімдіктері мен жануарларын зерттеу, ерекше экожүйелерін зерттеу мақсатындағы тиімді саяхат.

4.Туризм мен жергілікті халық, биоалуантүрлілік арасындағы қолайлы орта қалыптастыратын саяхат. Сонымен; «экологиялық туризм- табиғатты зерттеу, білу арқылы зиянды әсерін тигізбей саяхат жасау,экологиялық жағдайларының алдын - алу арқылы қорғау». Экологиялық туризмнің басқа туризмдерден айырмашылығы табиғатта туристердің берілген тәртіпке бағынуы, табиғи ландшафттарды шектен тыс ластаудан қорғау және индустриялық туризм дамуының басты шарты болып табылатын табиғи ресурстардың деградациясын болдырмау, ластанудан қорғау.

Экологиялық туризмдегі ең басты нысан қорықтар.

Қорық-ерекше қорғауды қажет ететін құрып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін табиғи күйінде сақтайтын жер.

Көптеген тарихшы ғалымдардың еңбектерінде қазақ жерінде ерекше қорғалатын жерлер YI-YII ғасырларда болғанын жазады. Мысалы, тарихшы В.В.Бартольд еңбектерінде жер жаннаты-Жетісу аталған мекенде өмір сүрген үйсін тайпалары шұрайлы, көк аталған мекенде өмір сүрген үйсін тайпалары шұрайлы, көк шалғынды, бау-бақшалы салқын жерлерді қорыққа айналдырып, ретсіз мал жаймағандығын, мезгілсіз аң ауламағандығын жазған. Бұдан бабаларымыз ерте кезде-ақ келешек ұрпақ үшін туған табиғаттың әсем жерлерін аялап, сақтай білгенін байқаймыз.

Табиғатты, биоалуантүрлілікті қорғаудың ең жоғарғы формасы – қорықтар ұйымдастыру. Бүкіл дүниежүзілік тәжірибелерге сүйенсек жер шарының жекелеген елдерінде қорық ұйымдастыру XIX ғасырдың басқы кездерінен бастап жүзеге аса бастағаны көрсетіледі. Ал, оны алғашқы нәтижелердің бірі – тіптен 1872 жылы Америка жерінде ұйымдастырылған алғашқы ұлттық саябақтар (бақтар). Одан соң Канада, Африка, Австралия, Жаңа Зеландия, т.б. материктерде қорықтар мен ұлттық саябақтар ұйымдастырылғаны белгілі. Ресейде 1874 жылы Аскания – Нова ұлттық бағы құрылған болатын.


Қазіргі кезде жер шарында қорықтарға қарағанда ұлттық бақтардың саны әлдеқайда көп. Оның себебі, шет елдерде қорықтар аймақтары шектелген табиғат қорғау жүйесі болғандықтан, табиғатты қорғау үшін ұлттық бақтар ұйымдастыру әлдеқайда ұтымды екенін дер кезінде түсіне білді. Шын мәнінде, табиғатты қорғау оның аймағымен шектелмеуі тиіс, керісінше барлық жер адам баласы үшін саялы бақ, құтты қонысы болуы керек. Осы орайда, Канада, Африка, Австралия, Англия, т.б. өркениетті елдерде мемлекеттің барлық аумағы ұлттық байлық деп қорғауға алынған. Мәселен, Англияның кішкене ғана жерінде 189 ұлттық қорықша, 10 ұлттық саябақ, 81 корольдік қорықтар болса, ал Германия жерінде 735 қорықшалар, 400-ден астам ландшафттық заказниктер, 9100 табиғат ескерткіштері бар. Сол сияқты Франция жерінде 22 ұлттық саябақ, 20 қорық бар екенін ескерсек, жоғарыдағы «өркениетті» елдердің табиғатты қалайша сүйетінін айқындауға болады.

Бұрынғы Кеңес үкіметінің жағдайына тоқталсақ, КСРО, қазіргі ТМД елдері бойынша 141 мемлекеттік қорық, 2700 қорыққор, 12 ғана ұлттық саябақ, бірнеше мың табиғат ескерткіштері болған. Әрине, шет елдермен салыстырғанда бұл өте аз. Оның да өзіндік себептері бар. Десе де, табиғат қорғау ісінде шетелдік тәжірибелер мен парасатты көзқарастарымыздың жетпей жатқанын мойындауымыз тиіс[2,4].

Өртүрлі ландшафт және биологиялық ресурстарға бай Қазақстан әлемдік беделге ие. Бірақ бүгінгі күні елімізде 9 мемлекеттік қорық, 66 қорыққор (оның 44 зоологиялық, 20 ботаникалық, 2 палентологиялық), 6 ұлттық саябақ және 24-тен астам табиғат ескерткіштері бар. Әрине, біздің аумақтың көлеміне шаққанда қорғалатын жерлер барлық жердің 3% пайызын қамтиды. Мұның өзі табиғат қорғау проблемасының өз шешімін таппай отырғанын көрсетсе керек. Дегенмен, республикамызда қорықтар ұйымдастыру соңғы жылдары қолға алына бастады. Мәселен, соңғы жылдары Батыс Алтай мен Алакөл қорығының ұйымдастырылуы, Алтынемел, Ордабасы, Қарқаралы, Іле Алатауы ұлттық саябақтарының құрылуы осының айғағы болса керек (Мониторинг-1).

Мониторинг-1

Экологиялық туризм нысандары



Егеменді Қазақстан жері жақын жылдары Қаратау, Қаптанқыр, Балқаш, Ерейментау, Торғай т.б. көптеген қорықтар мен ұлттық саябақтарды пайдалану шараларын қарастыруда. Негізінен ландшафттарды қорғаудың 10 категориясы бар: қорықтар, қорыққорлар, ұлттық саябақтар, табиғат ескерткіштері, қорғалатын ландшафттар, табиғат ресурстарының қорыққорлары, биосфералық қорықтар, микроқорықтар (омыртқасыз жәндіктер мен өсімдіктерге арналған), табиғат объектілері және көп мақсатта қорғауға алынған жерлер. Қазақстан жері жасыл өсімдіктер әлемі мен жабайы жануарлар дүниесі өкілдеріне бай өлке. Өздеріңізге белгілі, олардың арасында туған өлке топырағына ғана тән жануарлар мен өсімдіктердің эндемикалық түрлерімен қатар, сонау мұздану дәуірінен бері бізге жеткен реликт және толып жатқан себептерге байланысты азайтып кеткен түрлері де аз емес. Елімізде жойылып кету қаупі бар және сиреп кеткендер тізіміне жануарлардың 87, өсімдіктердің 306 түрі бар екен. Олардың алдын алу үшін қорықтар мен табиғи саябақтар, қорыққор мен табиғат ескерткіштерін ұйымдастырып, ботаникалық бақтар мен жануарлар саябағын құру қажет.

Қорықтарды ашық аспан астындағы нағыз «табиғат зертханасы» деп те атап жүр. Өйткені, мұнда ұзақ жылдар бойына табиғат кешендерін табиғи жағдайда ғылыми терең зерттеу, «табиғат жылнамаларын» жүргізу сияқты алуан түрлі жұмыстар жүзеге асырылады. Қорықтарда тек саны азайып, жойылып кетуге жақын тұрған жануарлар мен аса бағалы өсімдіктер ғана қамқорлыққа алынып қоймай, сонымен қатар, өлкеміздің көрікті табиғат ландшафтты, жалпы табиғат комплекстері сол қалпында сақталады.


Қазақстанда ұйымдастырылған «Ақсу-Жабағылы» (1926), «Алматы» (1934), «Наурызым» (1959), «Барсакелмес» (1939), «Қорғалжын» (1968) және «Марқакөл» (1976), «Үстірт» (1984), «Батыс Алтай» (1992), «Алакөл» (1998) қорықтары бар. Осы орайда Қазақстан қорықтары республикамыздың табиғат байлықтарын қорғау ісіне орасан зор үлес қосып отыратындығын айта кетпеске болмайды [2,3].

Сурет-1



Мониторинг-2

Қазақстанның облыс аймақтары бойынша қорық, қорықша, ұлттық саябақ мониторингі



Қазақстан Республикасы жерінде ұйымдастырылған мемлекеттік 9 қорық туған өлке табиғатының небір көрікті жерлерін, қойнауындағы бар байлығымен сақтап, көркейту тұрғысында табиғат қорғау ісіне зор үлес қосып келеді. Дегенмен де, Қазақстанның қорық ұйымдастыру ісінде көп кейіндеп қалғандығы байқалады. Осынау ұлан-ғайыр өлкеде 9 қорықтың болуы кімге болса да ой салады. Оның үстіне бұл қорықтардың көлемі республика аумағының 0,3% пайызын алып жатыр [2].

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясы мен Экология және Табиғи Ресурстар министрлігі жанынан құрылған «Қазақстанда қорық ұйымдастыру ісінің ғылыми негізі» проблемасы жөніндегі комиссия бүгінде республикамызда әр түрлі географиялық аймақтарды қамтитын 20 шақты қорық ұйымдастыруға болады деген қорытындыға келіп отыр. Сондықтан келешекте ұлан-ғайыр өлкемізде құрылатын қорықтармен таныстыра кеткеніміз жөн болады. Олардың негізгілері атап айтқанда мыналар:

Ерментау қорығы, Қаратау қорығы, Бетпақдала немесе Андасай қорығы, Торғай қорығы, Жоңғар қорығы, Кент қорығы, Қапланқыр қорығы, Зайсан шөлді қорығы [2].

Кез келген мемлекеттің ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды құрып, дамыту стратегиясы негізгі екі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс:

- оның аймағындағы барлық негізгі географиялық аймақтар мен өңірлердің табиғи эталондарын барынша толық көрсетілуі;

- жүйелі топтастырылған деңгейдегі биологиялық ресурстарды, топырақты енгізе отырып, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін және микроорганизмдерді сақтау. Мұны арттыру үшін ең дұрыс шара қорықтар мен ұлттық саябақтарды ұйымдастыру болып табылады.

Еліміздің жер құнарын, орман мен тоғайдың әсем келбетін бұзбай, өзен-көл тұнығын шайқамай, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қымбат қазынадай қастерлеп, қамқорлыққа алатын бірнеше мемлекеттік қорық ұйымдастыру - бүгінгі күннің талабы.

Болашақта еліміздің басты экологиялық туризм нысандары қорықтарды дамыту арқылы аймақтардың көріктілігі мен рекреациялық ерекшелігін сақтау мәселелеріне ерекше көңіл аударуды қажет етеді.

Қорыта айтқанда Қазақстандағы экологиялық туризмді дамыту арқылы еліміздегі экологиялық туризм салаларын жан-жақты дамытамыз, қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, биоалуантүрлілікті сақтау, жабайы табиғат қорын, табиғат ресурстары мен көрікті – рекреациялық аймақтарын қорғау, еліміздегі ішкі және сыртқы туризмді дамыту арқылы ұлттық экологиялық мәселелерді шешу мүмкіншіліктері артады. Экотуризмді дамыту арқылы экономикалық жағдайымызды жақсартамыз, әлемдік деңгейдегі мәртебемизді айқындаймыз, бәсекеге қабілетті өркениетті мемлекеттер қатарында боламыз.

Пайдаланылған Әдебиеттер

- 1.Алиева Ж.Н. Экологический туризм. — Алматы, 2002.
2. Садыкова Д.А.Мухамединова Н.Н. ҚР экологиялық проблемалары,-А.: ҚазмемПУ.2010ж.
3. Н.Н.Дублицкий. Туристские маршруты по Казахстану.Алматы, 1985г.
- 4.Белусова Л.С. Охраняемые природные территории: нац парки, заповед.Москва.
- 5.Закон РК «О туризме», Постановление РК 3.07.1992г.Алматы.
- 6.Природные ресурсы и охрана окружающей среды в РК. Алматы 1994г.
- 7.А.В.Чигаркин. Памятники природы Казахстана. Алматы, 1980г.

ETHNOEDUCATIONAL BASE OF “KAZAKH ARU” SPECIAL COURSE TEACHING IN THE KAZAKH STATE WOMEN’S TEACHER TRAINING UNIVERSITY

Konyrbayeva S.S.,

*Candidate of pedagogy science, socialized professor
Department of general pedagogy,
Kazakh State Women’s Teacher Training University.*

Kazakhstan, Almaty, Aiteke bi str. 99

Tel: 8-701-440-3860. E-mail: pedsheberlik@mail.ru

Summary:

In the article author takes stand for necessity of promulgating the historical individuals – aru displays and morals and also socialization possibilities of it during the special course education “Kazakh aru” in the Kazakh state women’s teacher training university in Kazakhstan.

Keywords:

Kazakh aru, historical individuals, Kazakh women, traditional experience, social roles

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «ҚАЗАҚ АРУЫ» КУРСЫ БОЙЫНША БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Түйін сөздер: Қазақ аруы, тарихи тұлғалар, қазақ әйелдері, дәстүрлі тәжірибелер, әлеуметтік рөлдер.

Аннотация:

Мақалада этномәдени мұраларымызды зерделей отырып, халқымыздың отбасы жағдайында өз ұрпағын жұбайлық өмірге даярлаудағы, оның ішінде қыз бала тәрбиесіне қатысты қолданылған ұлттық құндылық сапаларының мағынасын ашу қажеттігі ғылым үшін де, ұрпақтар сабақтастығы мақсатында ұлттық тәрбиенің тереңіне бойлау үшін де маңыздылығы айтылған.

Қыз тәрбиесіне қатысты: «ару», «тектілік», «қылықтылық», «он екі де бір гүлі» немесе «пәктік» ұғымдары ашылып, оның этнопсихологиялық қырлары қарастырылады.

Қазақтың ұрпақ тәрбиесіне қатысты ұлттық құндылық сапаларды қалыптастырудың психологиялық мүмкіндіктерін ескеріп, тәрбие өлшемінде басшылыққа алуға болады деген тұжырым жасалған.

The issues as preparing, adapting and bringing up girls to the family life which were worded in the nomad culture gives a problematic idea from the social point of view of that period. If to analyze our consequence concerning to the girls upbringing by making a sense of our history and ethno culture we will get an opportunity to give ground from the methodological point of view. It is not so hard to prove that naming of the special course as “Kazakh Aru” which is educated in the Kazakh State women's teacher training university is connected with the destination and inner meaning.

About the etymology of the word «KYZ» (girl) in the historical work «Fact about Kazakh in the Chinese historiography» was given the meaning as «Kyz (gia) – is used instead of word princess. In ancient times, daughters of khan and tsar, man of quality was called «kyz» and daughters of ordinary folks were called «kyrkyn» [1, 42]. Nowadays, all the weak half of humanity is called «kyz», because the nation wants their offsprings to be as daughters of aristocrats, to be respected and well-regarded.

We met great many the concept «aru» relative to kyz (girl) in the Chinese historic records and in the poetries of poets. This epithet runs on XV, XVIII centuries. We use this word until today. We give consideration the synonym only for the word kyz (girl). In the defining dictionary the definition of word kyz as following: «very beautiful, miraculous, graceful, lovely, posh, nymph» [2, 46]. We often hear this saying that «Kazakh – equate daughter to honour, son to generosity». However, if to take on the base the proverb «I learned from my hero ancestor to defend homeland, I learned from my aru (pure) mother to protect honour» («Batyr bolgan babamnan el korgaudy uyrensem, aru bolgan

anamnan ar korgaudy uyrengem») it is not difficult to understand that to be «aru» is equal to protect your homeland and to be hero. The “honour” that “aru” saves is humaneness virtuous quality. It give the meaning with the numerous concepts: ar-namys (honour), ar-uyat (conscience), ar-uzhdan (breast), ar-abyroi (kind reputation). Therefore, if we pay attention to jonour, conscience, breat, reputation in the bringing up process of our daughters, we will increase up our daughters level to the «aru».

There are many examples in historical works for that «Aru» is proper apellation for girls and it has the high level of upbringing. We can concretize our first thought through this examples.

Maybe because of saying «Forty bounds for girls» we understand the opinions about girls upbringing and on theme about girls as carefulness to nation accomplishment. We can understand that “aru” is purity and innocence after these sayings: «Oh beauties of the modern world! You have to understand that men aspire to marry girls who saved her honor in every period! Oh beauties of the modern world! Remember, that at the tradition «ak neke tuni (wedding night) girl honor will be tested!» [3]. Also one example is that when the man is dead and buried we can hear about «cover him with white, make him pure». These mean that the «pureness» is part of Sharia. Thus, ARU is heavenly-minded and conscientious, pure and innocent, ambitious person and honorable person:

- *Can save her honor.*
- *Resist desire.*
- *Innocent from bad offence.*
- *Can get on track with people.*
- *Behavior and character are praiseworthy.*
- *Par excellence in the homeland.*
- *Authoritative around the relatives. By these characteristics, the meaning of «Aru» became larger and better.*

The conception «Aru» is asset which is needed for preparing Kazakh youth to the family life. Our girls must be worthy who we will prepare for the wives life in the future family.

In the matter of upbringing generation based on national qualities, the meaning of the word "Noble birth" has roots in Chinese writings. the word «birth» is the root of the word «Noble birth». We know that Olzhas Suleimenov has investigated the word «birth» according to the Orkhon-Enisei writings of the eighth century. In Turkic: tek-birth (in Kazakh language), tik-birth (in Tatar language) etc. Derivative: tegi, tegin - descendant, prince (in ancient Turkic language). The earliest values were separated from Greek: tek – 1), «child», 2) «birth» [4, 145]. In the dictionary, the meaning of the word «birth» is passed as «noble ancestors, peculiar origins of noble people. Man of a noble family never to disgrace their ancestors, and has protected the authority of its ancestral roots», and concerning to a noble-birth, with the pedagogical-psychological point of view, will fully designate, that «individual should be like its noble-birth, to be reasonable and solid [5, 213]. Man of a noble family respects the dignity of their ancestors».

In matters of identification of the person and when choosing a wife/husband, in the culture of nomadic Kazakhs related to individual qualities of noble-birth had a deep meaning than the word «elite». In her entitled article «Traditional Kazakh culture» [6, 54]. G. Omarov pointed that «In Medieval Europe, the word elite was adopted as the group of sectionalism, and in our nation as the link between generations». Earlier we had marked the poetry of narrators on the theme of noble-birth and the indiscretion. Noble birth rebuffing bad qualities and different kind of testing. To improve the quality of noble-birth, our ancestors did not allow marriage to the seventh generation of ancestors, it contributes to the understanding of human nature

A distinguishing features of noble-birth: parents, legal marriage, well-mannered, no bad relation parents' and the dynasty, having a conscience and honor, a sense of dignity. These words of the speaker of Nakysbek «don't take a ill-mannered people as a friend, they are not men, just ordinary people», and these words of Bauyrzhan Momyshuly "Muck is better than ill-mannered, animal is better than shameless", this kind of sayings have become canons, that our people were estranged from the bad qualities. The lack of quality education, in the concept of nation equals to bad manners. And also, sometimes, the meaning of the word «celibacy is equals to the ill-mannered. The reason for this statement is given in the dictionary as «uncertain origin». They are sometimes called «born on the

road», «illegitimate child» and «vile». For Kazakhs: the child is wealth. Therefore, among the peoples you can meet receivers of such children, saying «Olzhatay» they brings them up. For born out of wedlock children, famous ethnographer S. Kenzheakhmetuly gave such kind of naming as: «unexpectedly born», «born on the road», «rootless», «vile» [7, 83].

Anyway, from the origin of good people, friendly, honestly acting, whose married with good intentions and not because of the lust of man, will expect good descendants.

Ill-mannered is typical for impolite people, cruel people, people who are under the passion and human weaknesses. In addition, the people have such a measure of education as «not having a noble-birth ancestors» and «ill-mannered». «Not knowing their ancestry to the seventh generation children are stupid», from such words are born of thoughts as, the unreasonableness from children, lack of manners from parents, from the Not having a noble-birth ancestors from ancestors. Such measurements as «a descendant of the noble», «children of the civilized people», «smart generation» in the upbringing of children will remain valuable things for the nation [8].

Anarchy is the coresponding name for those who have bad manners and slave of their lust. Also there is the understanding as «unshaven», «unmannered». Thoughts from concept «Unshaven who do not know his seven ancestors»: «Ignorance from child, unmannered from parents, anarchy from ancestors».

This is one of the national values "attractiveness", meaning of the word from the ethno pedagogical and ethno psychological point of view was not defined and revealed. Then what kind of girls offered us Balasaguni, Caycaus, Bukhar and Aktamberdy? In the dictionary, the meaning of the word «attractive» is passed as «fascination of the character, pleasantness, attractiveness» [2, 435]. The representative of the Kazakh psychology S. Balaubaev, translated the word «behavior» as a «misbehavior» [9, 130]. On the one hand, the word «behavior» means dealing and action. If «behavior» is translated as «order», then «attractiveness» is translated as «discipline». Attractiveness - is peculiar to the girls attractiveness, seductiveness and richness of character. Actions and behavior must not go beyond ethics and should influence in a spectacular way. If the girl has precious qualities, but does not know how to convey with an attractive way, does not show through fascinating appeal, then they are unacceptable. Besides, in which cases attractiveness is manifested, and to become attractive? In our opinion, girl's behaviors are in:

- *relationship;*
- *deportment;*
- *understanding of jokes;*
- *admitting the truth;*
- *avoid the quarrels;*
- *showing the feelings;*
- *heart-to-heart talking;*
- *speaking before the people;*
- *doing the favorite things;*
- *being tested during the emotional issues, making richer the Kazakh girl's manners. Thus, attractiveness is the fullness of character.*

In our days, girls who had patience, innocence, discipline, due to the lack of completeness of the character can't show properly. That is, not enough appeal. Therefore, for girls who are adapting to family life, attractiveness is a very necessary thing and qualification. In this case, the grandfather who bringing up Nurila (recognized as Domalak Ana) which had imbibed by Islamic education, descendant of Kozha Ahmet Yassau, the Imam Agzam said «I'll give you to the first man who touched your forearm» these words are formulated requirements for the girls, which has been generated from the Shariah.

In our nation we have the phrasal verb as «not unsolved in their twelve» for girls. Concerning to the describing of narrators, we want to show the following:

- *No one has touched (in the Domalak ana legend);*
- *No one has seen her hair (Dospambet);*
- *«The sun» has not seen her forehead (Dospambet);*

- *Has not look straight to anyone (Shal akyn: «two eyes is around if the people nomadize»);*
- *No one touched her cloth (Dospambet);*
- *Has not see the men's face (Dospambet)*
- *No one has touched her waist (Dospambet);*
- *Saved her beauty (Aktamberdi)*
- *Attracted with laugh (Bukhar)*
- *Made to fall in love with character (Bukhar)*
- *Fragrant (Bukhar);*
- *Has honour (Kopesh).*

But, it seems like nowadays the understanding as «not unsolved in their twelve» is have been destroyed. The writer of folk pedagogy Z. Akhmetova in her entitled article "the Sources of the examples of the Kazakh people" said that the Kazakh girl, for not to spend tickling, didn't give the opportunity to hold her hand, «if she begins to give the opportunity to everyone, then she will be shameless", such kind of saying clarified above-mentioned measurements.

But these days, there is no possibility to perform all above-mentioned measurements. Because, since kindergarten they are sitting together, playing together, swimming together, such kind of contrary activities. In our society in the early grades may not be visible, but over time the girls begin develop freedom rather than the tenderness and delicacy. Due to the fact that their bodies grow at an early age than boys, they begin to feel grown-up. They begin to dictate as a senior's on the boys. Boys have late terms of physiological development, due to the advantages of girls they subside. Even in high school, in the classroom, limits the activity in public works. Not for no secret that, without observing these requirements in the education of girls, not only girls but also boys, we'll have a lot of weaknesses and backwardness.

However, the measurement is «not unsolved in their twelve» generally means «chastity». At all times, for girls, to protect with the conditions of the «chastity» does not lose its value. In ethno-pedagogical works it was not considered as a concept and national measurement. Ethnographer S.Kenzheahmetov pointed out that these words «unexposed flowers» are expressive words, and accordingly gave the following definition as a «young, chaste, and clear» [7, 82]. Thus, clarifying with the ethnographic point of view, from a pedagogical point of view, we consider that the chastity - is compliance with noble qualities, sensible and having good figure girl.

So, by studying our ethno-cultural heritage, we from ethno pedagogical point of view, made sure that our people determine the value of the nurture of girls according to traditional values while preparing for the marriage relationships, it plays a significant role and contributes to the science, with the purpose of the relationship between generation helps plunged into the depth of a traditional nurture. Based on these ethno pedagogical principles (basis), during the planning of a special course of the University «Kazakh Aru» comprehended guided by questions from the point of view of methodology of ethno pedagogical, offering students a special item, we have provided the possibility of adapting to life.

In our university's girls will be influential teacher in the future of children education, bring a life and be good mother, it can only lead to the generation of educational preparation of their life, taking into account the national outlook and values, with the main instrument for the valuable qualities of the future are taken by the teachers' pedagogical culture. Taken directly at the university's ethno-pedagogic educational work «Kazakh Aru» (Miss Kazakh) special course concept, made within 7 module training programs. This special course was offered as elective subject in credit educational system to 2nd year students. Because, they will study "Genders" as compulsory subject in 1st year. After gaining knowledge of gender, it had decided studying special course of university. This is logical settlement by pedagogical point of view too.

Special course has 2 modules: made up myself, and I want to tell about peculiarities of syllabus which were involved into studying process since 2007-2008. The university has historical figure's gallery and it is called «The great women of great steppe» (Uly dalanyn kyzdary) This program had done by conclusion that the students of university should know about these figures.

The program «GREAT KAZAKH STEPPE HISTORICAL INDIVIDUAL WOMEN» (Uly Kazak dalasynda otken tarihi dara tulga-arular) daughters of the great history of the Kazakh steppe: think about the future generation of women leaders and patriotic heroes headed by mothers and grandmothers genius, love, feeling proud of precious lives and properties of the individual who are learning, promoting, based on imitating life. In this program will be consider the educational-knowledge attains of kazakh women which are listed below.

Educational attains: will get acquainted with life of individual historical figure of kazakh steppe; will absorb the knowledge of everyone's peculiarities and features; will know how to make the model of human honorable peculiarities.

Knowledge attains: acquired glorifying of image of individual historical figures; adopted the honorable peculiarities of mothers and women; command, govern a country, activity, power which cheer up heroism and aura of patriotism are appreciated; women's good qualities and human peculiarities would know to appraise.

Concrete directions under consideration of syllabus: image of holy mother (Umai ana, Domalak ana); commander women (Tomiris, Zarina); haughty women (Aysha bibi, Bayan sulu, Kyz Zhibek); women who govern a country (Suimbike, Aiganym, Ulpan); well-wisher grandmothers (Aiganym, Zere); strong mothers (Nurbike hanym, Borte hanym, Tauke khan's mother, Zhagan Begim, Alzhan grandmother and etc.); good wives (Borte hanym, Karashash, Domalak ana, Aiganym, Gauhar, Ulpan); patriotic brave women (Gauhar, Nazym, Bopai, Manshuk, Aliya, Hiyaz); public figures (Alma Orzabayeva, Nazipa Kulzhanova); celebrities (Sara Tastanbekkyzy, Dina Nurpeyisova, Maira Ualikyzy, Kulyash Baiseyitova, Shara Zhienkulova); scientist women (Nazipa Kulzhanova, Fatima Gabitova, Naila Bazanova); suffered Alash women (because of left-handed policy daughters and wives of the Kazakh intellectuals were called as «enemy of the nation» and their's true human image (Saken's wife Gulbahram, Beyimbet's wife Gulzhamal, Ilyas's wife Fatima, Asfendiyarkyzy Magmura, Mirzhakypkyzy Gulnar Dulatova, Mukhtarkyzy Mugamila Auezova, etc.); nowadays honorable mothers (daughter-in-law of Tasmagambet Dilda Mataikyzy wrote several books about upbringing, scientist Nemat Kelimbetov's wife Kuanysh Tazabekkyzy who has difficult destiny and proved her true woman nature, writer A.Nurshaiykov's wife Halima Kaliakbarkyzy, etc.).

«TRADITIONAL FAMILY EDUCATION» (Dasturli otbasy tarbiesy) through this program family education in the context of the present and future pedagogical knowledge and experience in order to deduce that the family is the main source of education for girls-students of the relevant factors and explain the role of the daughter of Kazakh, and national education will focus on topical issues. During the study of the special program educational and knowledge attains will build up.

Educational attains: get knowledge in the context of theoretical-scientific in family pedagogy, pedagogy of the mother, pedagogy of the father; study the laws related to family and marriage, national peculiarities of history essence, and aspects for future generation's education; from kazakh standard level to social level's education types: education of daughter-in-law, abdominal education, girl's education, boy's education, generation's education etc. teaching; as a future teacher find out ways and methods to work with parents, ethno-social roles in family, and know legal capability.

Knowledge attains: to research the meaning of social-pedagogical in kazakh ethno-pedagogic traditions, to implement into life attains; to be ready for family issues: incline to social role, acquire the norms of good behavior, to save a community, respect to family members, fidelity to carry out duty; appreciate the value things in social life of marriage and through family behaviors and traditions as parents, mother-in-law.

Since the 2007-2008 academic year, according to the credit system «Қазақ аруы» (Miss Kazakh) special course of study offered the choice of students as an elective subject.

This subject several times in order to introduce a wide range of extra-curricular educational activities have been implemented to the university. The heads of the educational work of the university in the country, as well as the organization of the head of the education system and teaching staff of the national Institute for professional development classes with teachers from all over the country was held several times, evidenced by the results and expressed his gratitude to the teachers' comments. At the same time, from parents of students were call attention and spoke gratitude often. Taking into account

the students' future education system is the subject, and the opinion polls on the subject. As well as the teaching of this discipline, organization and methods, about the experience of undergraduate and graduate students research work is ongoing.

Adults, although there are often complaints from the education of youth, through surveys of our students: to become a specialist in high-quality education, civilization, scientific and technical capabilities to work for the good of the country, to be a good citizen of our country is good you can do good to others to learn about their ancestors have become a favorite with affection, to become a bride, become intimate and sympathetic sister-in-law, brother-sister become the mother of a child to be respected educator, to be wise grandmother, etc. many companies as the necessary specialist knowledge in the future as a happy family and social roles, and ethno-social roles have learned that there is a demand for spiritual fulfillment. Where has genuine desire, interest and intention, there is no place for failure. Prospects for strengthening students' knowledge and as an individual who is leading a happy life, and want to maintain the level «KAZAKH ARU» (Miss Kazakh).

Reference:

1. Konyrbayeva S. Қазақ қызы ару да қылықты болсын десек...//Қазақ әдебиеті 52(1) (3109) 25. 12. 2008. 42-43 бб.
 2. Қазақ тілінің сөздігі. –Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.
 3. Буурабай В. Тектілік деген ұғым бар немесе «Қызға қырық үйден тыю қала берді қара күннен тыю» деген қазақ, соны білген. //Ислам және өркениет. –2003. мамыр. - №5 (29).
 4. Suleymenov O. Язык письма. – Алматы: Рим, 1998. - 502 с.
 5. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. – Алматы: Мектеп, 2002. - 256 б.
 6. Омарова Г. Дәстүрлі қазақ мәдениеті //Ақиқат журналы. –2004. -№1. 54-б.
 7. Kenzheakhmetuly S. Жеті қазына (екінші кітап). – Алматы: Ана тілі, 2003. 82,83-б.
 8. Nelidov S. Егерде балаңыз 100% сіздікі болсын десеңіз, етегін жел ашпаған қызға үйленіңіз //Ислам және өркениет. –2003, мамыр. -№5 (29).
 9. Zharykbayev K. Қазақ психологиясының тарихы. /Ред: М.Қазбеков,– Алматы: Қазақстан, 1996, - 160 б.
 10. Torekululy N. Билер сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Қазақстан, 1996. -240 б.
- Akhmetova Z. Қазақ тәлімінің кәусары //«Аружан» журналы. –2006. -№4. 18-19 бб.

СТУДЕНТТЕРГЕ МӘТІНДІ ОҚИТУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Сарбасова Арайлым Нұрғабылқызы
тіл білімі магистрі, лектор
КИМЭП Университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы
arailym@kimep.kz

Түйіндеме: Жоғарғы оқу орындарында оқылатын қазақ тілі пәнінің мақсаты- студенттерге қазақ тілін меңгерту, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білуге үйрету, ойлау, тыңдау қабілеттерін арттырып, пікірін білдіре алуға бағытталады. Осы үдерістерді жүзеге асыруда тіл үйренуші студент сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін қолдану арқылы білімін жетілдіреді. Лексикалық қорды толықтырып, пікірін айтып, талдауға үйрететуде оқылым әрекетінің орны ерекше. Оқылым әрекеті студенттің тілдік біліктілігін қалыптастыратын негізгі бағыт екенін ескере келе, грамматикалық құрылымдар мен лексикалық ерекшеліктерді меңгерте отырып, жаттығуларды орындату тәжірибеде айтарлықтай нәтиже беретіні белгілі. Олай болса оқылымның негізі – мәтін, ал мәтінді меңгеру үш кезең арқылы жүзеге асатыны мәлім. Бірінші кезеңдегі мәтін алды тапсырмалардың мақсаты – лексикалық тапсырмалар. Ол тапсырмаларды екі түрге бөлуге болады: мәтіндегі ойға алып келетін сөйлесім тапсырмалары және мәтінде кездесетін сөздік тапсырмалар. Бұл тапсырмаларды орындау барысында студент кіріспе жасап, мәтіннің мазмұнын алдын ала болжамдап түсіне алады. Мәтінмен жұмыс кезеңінде ақпаратпен жұмыс түрлері талданады. Мәтіннен негізгі, қосымша ақпараттарды тауып, түсінуге бағытталған жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Мұндағы мақсат - мәтіннің мазмұнымен жұмыс, яғни мәтінді оқу барысында кездескен тілдік бірліктерді түрлі айтылымдарда қолдануға мүмкіндік береді. Мәтіннен кейінгі кезеңде мәтіннің мазмұнында көтерілген мәселелерге пікір білдіру, қолдау, қарсы шығу сияқты студенттің шығармашылығымен байланысты тапсырмалар жүргізіледі. Мақалада өз тәжірибемізден алынған оқылым тапсырмалары үш бағытта: сабақ барысындағы оқылым, үйде оқу жұмысы және аутенттік мәтіндерді үйретуде қолданылатын үш кезеңдік тапсырмалардың түрлері беріліп, мысалдармен талданады.

Кілт сөздер: оқылым түрлері, үйде оқу жұмысы, аутенттік мәтіндер, үш кезеңдік тапсырма.

FROM THE EXPERIENCE OF TEACHING READING TO STUDENTS

Arailym Sarbassova
MA, lecturer of Kazakh Language
KIMEP University
Republic of Kazakhstan, Almaty
arailym@kimep.kz

Abstract: The goal of the “Kazakh language” course in higher education is to teach students to improve their ability to speak and express their opinion in Kazakh language, improve their thinking and listening skills. In carrying out these processes, the language learner improves his knowledge with the help of different forms of interaction. “Reading” plays one of the most important roles in the learning process of a foreign language. It is always aimed at perceiving a ready-made speech message (rather than creating it), receiving information. Considering that reading activity is the main direction in improving student's language proficiency, it is clear that the studying process of grammatical structures and lexical features have a significant impact on the use of language in real-life practice. It is known that the basis of reading is text, and textuality is realized in three stages. The purpose of the first part of the text is to perform lexical tasks. These tasks can be divided into two types: discussion of the text and vocabulary of the text. When performing these tasks, the student can enter and anticipate the content of the text. While working with the text, the type of work with information is analyzed.

Text is taught to find and understand the key, additional information. The goal here is to work with the content of the text, that is, the use of language units that occur when reading the text in different versions. During the post-text period, the content of the text raises tasks related to the creativity of the student, such as feedback, support and contradictions. The article presents three types of theoretical tasks that are used in reading our experience and are analyzed by examples.

Keywords: types of reading, home reading, authentic texts, three-stage tasks

Студенттерге қазақ тілін меңгерту, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білуге үйрету, олардың ойлау, тыңдау қабілеттерін арттырып, пікірін білдіре алуымен қатар, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жоғарғы оқу орнындағы қазақ тілінің мақсаты болып саналады. Кәсіби бағыттағы ақпаратты мерзімді басылымдардан, арнайы оқулықтардан алынып, студенттің қарым-қатынасқа түсуіне ықпал ететінін ескерсек, оқылым әрекетінің орны ерекше. Оқылым мақсаты, шарты, уәждеме беруі және нәтижесі арқылы сипатталады. Оқылымның мақсаты ақпарат алу болса, ақпарат қарым-қатынасқа уәждеме туғызады. Оқылымның шарты ретінде тілдік жүйелерді меңгеру қажет болса, нәтижесі ретінде ақпаратты түсіну, талдай білу болып табылады. Оқылым әрекетінің маңызын ғалым Ф.Оразбаева былайша жіктеп көрсетеді: 1)Тіл үйренуші оқылым арқылы бүкіл тілдік қатынасқа қажетті ақпараттан хабардар болады және оны тілдік қарым-қатынаста керегіне жаратады. 2)Оқылымның нәтижесінде әдеби, мәдени, әлеуметтік салалардағы жылдар бойы жиналған адамзаттық тәжірибелер бір кезеңнен екінші кезеңге өтіп, адамдардың қарым-қатынасын жетілдіреді, ішкі ой-санасын дамытады. Ойлау қабілеті мықты дамыған адамның сөйлеу қабілеті де ерекше болады. 3)Оқылым әрекеті арқылы көңілге түйгенін тіл үйренуші жинақтайды, сұрыптайды, тұжырымдайды [1].Оқылым әрекеті теориялық және практикалық тұрғыда зерттеліп, тіл үйретуде табысты қолданылып келсе де әр оқытушының тәжірибесінде түрлі әдістерімен, нәтижесімен ерекшеленеді.Мақалада өз тәжірибемізден алынған оқылым әрекетінің тәжірибесімен бөлісіп, студентке мәтінді оқытуды үш бағытта алып, талдау түрлерін ұсынамыз. Біріншіден, аудиторияда оқылатын шағын мәтіндермен жұмыс істеу түрлері, екіншіден, үйге оқуға арналған көркем әдебиетті оқыту, үшіншіден, аутенттік мәтіндерді пайдаланудың ерекшеліктері.

Аудиторияда оқылатын мәтін студенттің деңгейіне сай болуы шарт. Бірақ кейбір әзірлемелердің ақпараттық мазмұны, грамматиканың деңгейге сәйкес берілуі бір мәтіннің бойынан табыла бермейді. Сондықтан мәтін алдын ала студенттің қызығушылығы мен қажеттілігіне сай коммуникативті, ақпаратты, тілдік деңгейге сәйкес іріктелуі міндетті. Мәтін таңдауда мынадай ерекшеліктерге көңіл бөлеміз: 1)студенттің деңгейіне сай қандай да бір тілдік тапсырманы орындауға бағытталуы; 2)студенттің танымдық мүмкіндігі мен қызығушылығын ескеретін мазмұндылығы,3)қарым-қатынас тудыра алатындай ақпараттығы.

Күнделікті сабақ барысындағы мәтіндерді оқытудың мақсаты студенттің түсіну, талдау, қарым-қатынасқа шығу, ақпаратты пайдаланып жазу жұмыстарына үйретіп, тілдік деңгейін кеңейтуге бағытталады. Бұл әрекеттер мәтін алды, мәтіндік, мәтіннен кейінгі жаттығу жұмыстарымен жүзеге асып, меңгеріледі. Бірінші кезеңдегі мәтін алды тапсырмалардың мақсаты – лексикалық тапсырмалар. Тіл үйренушінің мәтін тілімен жұмыс істеуі қиындық тудырмау үшін оқытушы мәтіндегі бұрыннан таныс емес лексикалық және грамматикалық материалдарды қарап, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін ауыстырып немесе алып тастап, яғни деңгейге сай бейімдеу қажет. Мәтін алды тапсырмаларды екі түрге бөлуге болады: мәтіндегі ойға алып келетін сөйлесім тапсырмалары және мәтінде кездесетін сөздік тапсырмалар. Бұл тапсырмаларды орындау барысында студент кіріспе жасап, мәтіннің мазмұнын алдын ала болжамдап түсіне алады.

Мәтінмен жұмыс және мәтіннен кейінгі кезеңдерде түсінуге бағытталған тапсырмаларды орындайды. Ғалым С.К.Фоломкина мәтінді түсінуге бағытталған оқылым әрекетінің түрлерін төртке бөліп көрсетеді: танысып оқу, зерделей оқу, шолып оқу, ізденіп оқу[2].Танысып оқудың мақсаты мәтіндегі негізгі мазмұнды немесе негізгі фактілерді таңдау арқылы жылдам оқып шығу. Оқылымның бұл түріне мәтіннің 70 % -ын түсіну жеткілікті. Ең маңыздысы – мәтін мазмұнын жалпылай білу, яғни мәтіннің негізгі қарым-қатынастық міндетін анықтай білу. Бұл

оқылым түрінде мәтіннен негізгі, қосымша ақпараттарды тауып, түсінуге бағытталған жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Мысалы, жалпы мазмұн бойынша сұрақтарға жауап бер, тұжырымдардан негізгі, қосымша ақпаратты көрсет, шын/жалған ақпаратты тап деген сияқты тапсырмаларды ұсынамыз. Екінші оқылым түрі – шолып оқу. Мәтінді оқудың бұл түрі қандай да бір пайдалы ақпараттың бар/ жоқтығын түсіну, яғни жылдам қажетті ақпаратты тауып оқу. Мысалы студент өзіне қажетті ақпаратты жинау үшін мәтіннің құрылымын, тықырыбын немесе жеке абзацтарды оқып шықса жеткілікті. Шолып оқудың мақсаты- мәтіннен ақпаратты білдіретін нақты кілт сөздерді табу. Мысалы, абзацтарға сәйкес келетін кілт сөздерді көрсет, тұжырымдар қатарынан мәтін мазмұнына сәйкес сөйлемдерді тап т.б. тапсырмаларды беруге болады. Оқылымның үшінші түріне ізденіп оқу жатады және оның мақсаты мәтіннен нақты ақпаратты іздеу. Ол ақпарат жыл, күн, немесе нақты атаулар, ақпараттың суреттелуі немесе аргументтелуі болуы мүмкін. Мысалы, мәтіннен тұжырымдарға сәйкес келетін 3 аргументті табыңыз, кейіпкерді суреттейтін екі оқиғаны табыңыз деген сияқты тапсырмаларды бере аламыз. Мәтінді оқудың төртінші түрі – зерделеп оқу. Зерделеп оқудың мақсаты - мәтінді толық түсініп, ондағы негізгі, қосымша ақпараттарды айыра біліп, мәтінді бағалап, түсіндіріп, сыни тұрғыда пікір білдіре алу. Бұл оқылым түрін орындау барысында студент контекстегі сөздердің мағынасын, сөйлемдердің логикалық жүйесін, абзацтар арасындағы байланысты түсінгенде ғана орындай алатыны белгілі. Мысалы, абзацтарға сәйкес келетін сөйлемдерді көрсет, әр абзацтың негізгі идеясын тап, автордың көзқарасына өз пікіріңді білдір немесе логикалық ретсіз берілген сөйлемдердің мәтін мазмұны бойынша ретін тап деген сияқты шығармашылықпен байланысты тапсырмаларды қолданамыз.

Жоғарыда аталған оқылым түріне бағытталған оқылым тапсырмаларын орындап, мәтінді талдаған студенттің мәтінді толық түсінуіне мүмкіндігі туады. Студенттің қызығушылығын жоғалтып алмау үшін жоғарыдағы тапсырмаларды жұппен, топпен орындау да нәтижелі, мысалы шағын топ алдында өз пікір айту немесе мәтін абзацтарын топқа бөліп, бір-біріне түсіндіре алуы.

Мәтінді оқытудың екінші бағыты – үйде оқу жұмыстары. Түпнұсқа тілінде көркем шығарманы оқу студенттің ауыз екі тілін дамытып, сөздік қорын кеңейтіп, елдің мәдениеті мен әдебиетін түсінуге мүмкіндік береді, сондықтан үйде оқу жұмысы оқу үдерісіндегі міндетті әрекет. Көркем шығарманы оқу барысында студент шартты-оқу мәтінін емес түпнұсқа тілімен танысады; екіншіден, шығармаға, кейіпкерге, ситуацияға өз пікірін білдіре алады. Көркем шығармаларды оқытудың тиімді жолдарын зерттеген әдіскер Қ. Бітібаеваның еңбегі зор. Әдіскер М.Әуезов шығармашылығын оқыту мәселесіне байланысты үш кітап жазып, образдық талдау жүйесін негізге алған. Көркем шығарманы талдау жүйесі, ең алдымен көркем туындыда жазылған, баяндалған оқиғалардың тарихи негізіне назар аударады. Мұғалімнің түсіндірме әңгімелерінен кейін, мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнымен танысу, мәтінді бөлшектерге бөліп, ат қою, әр бөліміне жоспар құру, құрылған жоспар бойынша тірек сөздерді қолданып мазмұндау, шығарманың басталуы, шығарма ішіндегі оқиғалардың байланысы, оқиғаның шарықтау шегі, шешімі айқындалады. Әр шығармадағы адам тағдыры жеке кейіпкерлер арқылы пайымдалып, іс-қимылы, мінезі, қылығы, әрекеті айқындала түседі. Кейіпкерді танытатын, айқындап, даралап беретін негізгі элементтер: портрет, іс-қимыл әрекеті, тілдік көрінісі, көркемдік детальдар, суреттеме, кейіпкерлер диалогы, жанама сипаттамалар, кейіпкердің өзара қарым-қатынасы жақсы талданған. Кейіпкерді талдап, тану барысында оқушы көркем шығармадағы кейіпкердің жүйесін нақтылайды, өзара байланысын, жазушының әр кейіпкерге қандай сипаттама бергенін, портретін, кейіпкерлердің диалогтары арқылы олардың мінезін ерекшелеп айқындап, негізгі тұлғаны анықтайды[3]. Шағын әңгімелерді үйде оқу жұмысын жоғарыда аталған әдіскердің әдістерін пайдалану арқылы студенттерге жеткізуге болады. Көркем шығарманы да оқымас бұрын студентке мәтін алды тапсырмаларды берген дұрыс. Бұл тапсырмалар лексикалық тапсырмалармен қатар шығармаға кіріспе ретінде қызығушылық тудыратын тапсырмалар, мысалы, тірек сөздерді беріп шығарманың мазмұнына болжам жасау, жазу, кейін мазмұнмен салыстыру. Қазіргі уақытта электронды кітаптар қолжетімді, сондықтан кез келген шығарманы табуға мүмкіндік бар. Мысалы, ikitar.kz сайтынан біздің студенттер оқытушы ұсынған көркем

шығарманы оқып, талдау жұмыстарын түрлі тапсырмаларды орындау арқылы пайдаланып келеді. Мысалы, өзіне ұнаған бір эпизодты қысқаша баяндау, тезис жазу, негізгі кейіпкерлерді жинақтау, аудитория алдында шығрамадан алған әсерін баяндау немесе кейіпкердің мінезін ашатын аргументтерге дәлелдер келтіріп, сипаттамалық жазылым жұмысын жүргізу, шығраманың эпизодтарына сәйкес тезистерді табу т.б тапсырмаларды пайдалану нәтиже беріп келеді. Осылайша өздік жұмыс ретінде берілген көркем шығармалар студенттер арасында сұранысқа ие.

Үшінші оқылым әрекетінің бағыты - аутенттік мәтіндер. Аутенттік мәтін дегеніміз (грек сөзі – authentikos- алғашқы, түпнұсқа) кәсіби салада мамандық бойынша тіл иеленуші жазған мәтіндер. Өзге тілді аудиторияда Сөйлеу, жазу тілі толық қалыптаспаған студентке аутенттік мәтінді оқыту үшін алдын ала дайындық қажет. Берілген аутенттік мәтіндер студенттердің тілдік даярлығына қарай іріктеліп алынып, олардың кәсіби дағды қалыптастыруға жұмыс жасауы керек. Студенттің кәсіптік тілдік дағдысын жетілдіру үшін аутенттік мәтіндерді деңгейге сай іріктеу, бейімдеу жұмыстары белгілі бір ұстанымдарға негізделеді. Кәсіби қазақ тіліндегі аутенттік мәтінді іріктеу барысында мынадай қағидаларға сүйенеміз: біріншіден, мәтін кәсіби бағдарлы соңғы ақпараттармен қамтылуы тиіс; екіншіден, студенттің қызығушылығын ескере отырып, коммуникативтік қажеттілік тудыра білуі қажет. Сонымен, мәтін таңдауда студенттердің коммуникативтік қажеттіліктерімен қатар мәтіннің көлемі мен деңгейі студенттің сөйлеу деңгейіне сай берілуін ескерген жөн және сол аутенттік мәтін арқылы берілген лексика кәсіби жағдаяттарда пайдалануы тиіс. «Методическая аутентичность допускает методическую обработку подлинно аутентичного текста в целях достижения его доступности для обучаемых» деген пікірді алға тартқан ғалымдар Носонович Е.В., Мильруд Р.П. [4]. Аутенттік мәтіндер көбінесе кәсіби саламен байланысты беріледі, сондықтан әр саланың терминдері мен ұғымдарын түсіну студентке қиындық туғызатындықтан жоғарыдағы ғалымдардың пікірін қолдай келе, біз де мәтінді бейімдеуді жөн көреміз. Аутенттік мәтін лексикалық, грамматикалық бейімделгенде ғана студентке қолжетімді болады. Мәтінді бейімдеу – кәсіби салада кездесетін қиын ақпаратты түсіну үшін өзгертілген мәтін. Мәтінді бейімдеу деп ғылыми, кәсіби салада жазылған аутенттік мәтіндердің оқырманға арналған мәтіннің екінші нұсқасын айтамыз. Аутенттік мәтіндерді бейімдеуді құрылымдық, мағыналық және коммуникациялық тұрғыдан бөліп қарастыруға болады. Мәтінді бейімдеудің құрылымдық түріне сандық және сапалық бейімдеуді жатқызуға болады. Сандық бейімдеу- мәтіннің негізгі идеясы түсінікті болу үшін қосымша сөйлемдерді алып тастау, қысқарту. Сапалық бейімдеу – мәтіннің лексикалық, синтаксистік және грамматикалық деңгейде қайта құрылуы. Мағыналық бейімдеу түрінің өзін бірнешеге бөлуге болады. Лингвистикалық бейімдеу – мәтіндегі лексикалық бірліктердің ауысуы және грамматикалық трансформациялануы. Бейлингвистикалық бейімдеу – мәтін мазмұнының жеңілдетіліп, қысқартылуы. Прагматикалық бейімдеу – түпнұсқа мәтіннің прагматикалық тиімділігін сақтау. Мәдени бейімдеу – лингвомәдени ақпаратты оқырманға түсіндіру. Коммуникативтік бейімдеу түріне мына тәсілдерді жатқызуға болады: Субъектті бейімдеу – егер автор түпнұсқа мәтіндегі ақпараттан білімі болса, дұрыс түсінсе оқырманға жеңілдетіп бере алады. Ал сол саланы толық түсінбесе өз пікірін ұсынып, интерпретация жасайды. Инструменталды бейімдеу – кәсіби мәтінді бейімдеуші түпнұсқа мәтінді саласындағы маманның көмегіне жүгінеді. Адресаттық бейімдеу – жеке, топтық адресатқа бағытталады. Түпнұсқа мәтінді көпшілікке бағытталап бейімделеді немесе белгілі тілдік деңгейіне қарай бейімделеді [5]. Жоғарыда көрсетілген бейімдеуден өткен мәтінді оқу материалы ретінде ұсынып, мәтіннің үш кезеңдік тапсырмаларын орындату кәсіби қазақ тілінің негізгі әрекеті болып табылады. Аутенттік мәтін мәтіналды оқу кезеңінде терминдерді түсіну, сөйлемдерде пайдалану, дефинициялар беру тапсырмаларымен жүзеге асып, мәтінді түсінуге дайындық жұмыстары жүргізіледі. Мәтіндік, мәтіннен кейінгі кезеңдерде оқылымның төрт түрін пайдаланып мәтінді талдаймыз, мысалы кәсіби мәтін кәсіби сұхбатқа қызмет етуі үшін мәтін мазмұны бойынша сұхбат құру, диаргаммаларды пайдаланып, сөйлеу әрекеттерінің іскери түріне байланысты тапсырмалар беру. Кәсіби мәтінді түсініп, талдап,

ондағы ақпарат пен лексиканы пайдаланып қарым-қатынасқа шығу кәсіби қазақ тілінде басым орын алатын оқу үдерісі.

Оқылым қай бағытта да өзінің ерекшелігімен, қызметімен, мақсатымен маңызды. Тек оқылымды студенттің түсінуіне ұтымды пайдалану оқытушының шеберлігіне байланысты. Әр оқытушы мәтінді меңгеруде оқылымның мынандай әрекеттерін оқу үдерісінде қолдануы тиіс деп түсінеміз: студенттерге мәтіндік материалды оқыту барысында интерактивті тапсырма түрлерін ұсыну; өзбетінше мәтінмен жұмыс істеу түрлеріне үйрету, сонымен қатар студенттердің тілдік материалды меңгеруге бағытталған ойлау қабілетін дамыту; студентті өзге тілді материалды қарқынды, табысты үйренуге ықпалын тигізетін оқу тәсілдерін өзбетінше іздеуге ынталандыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер — Алматы, «Ан Арыс» баспасы, 2009 жыл, 360 - б.
2. Фоломкина С. К. Обучение чтению на иностранном языке в неязыковом вузе. М.: Высшая школа, 2005 -255 с.
3. Бітібаева. Қ. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары, А., «Жазушы», 1990.
4. Мильруд Р.П., Носонович Е.В. Критерии содержательной аутентичности учебного текста // ИЯШ. 1999. № 2. С. 8–12.
5. Первухина С.В. Виды адаптации текста /Вестник ЮУрГУ. Серия «Лингвистика», 2014 – С. 98, № 1.

СТУДЕНТТЕРДІҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ КАРТАЛАРЫН ЕСЕПКЕ АЛАТЫН
АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІ ҚҰРУ

проф.Аженов Алмат
Маманова Сымбат
Сәтбаев университеті
Mamanova Symbat

5B070300 – ақпараттық жүйелер мамандығы

Аңдатпа: Қазіргі кезде қандайда бір жұмыс орнының жұмыс өнімділігін арттыру мен адамдарға көрсететін қызмет сапасын жақсарту үшін жұмыс орнының ақпараттық жүйесі болу қажет. Мәліметтер базасы дегеніміз - ақпаратты сақтауға және жинақтауға арналған ұйымдасқан құрылым.

Ақпараттық технологиялардың даму үрдісі адам өміріне көптеген жаңалықтар, мол мүмкіншіліктер туғызуда. Атап айтқанда, ақпарат алу мен алмасу, ғылым-білім, қаржы, жарнама, транспорт, бұқаралық-ақпарат, медицина сынды салалардағы жаңалықтарды, жетістіктері мен нәтижелерді жедел түрде, қолма-қол пайдалана алуға мүмкіндік туғызатын жаңа жүйелерді, нысандарды енгізуде.

Жұмыстың мақсаты: Студенттік емханада мед. Карталардың электронды жүйесін және дәрігерге жазылуға болатын жүйе құру. Осы мақсатқа жету үшін келесі операцияларды орындау қажет:

- Кестелерді құру;
- Кестелерді байланыстыру;
- Сұраныстарды өңдеу;
- Ақпараттық жүйені тестілеу;
- Ақпараттық жүйені іске қосу.

Аталған есептерді орындау үшін Oracle мәліметтер базасын басқару жүйесін қолданған жөн.

Пәндік аймақты талдау барысында қажетті деректерді қанша кестеге орналастыруға болатыны туралы мәліметтер анықталады.

Кілт сөздер: Oracle, C#, SQL, МБ, МББЖ, XML.

CREATING INFORMATION SYSTEM FOR STUDENT'S MEDICAL CARDS
CALCULATION

Prof. Azhenov Almat
Mamanova Symbat
Satbayev University
Information Technologies
5B070300 – Information System

Abstract: Now it is necessary to create an information system in a workplace for increase in productivity of any workplace and improvement of quality of the services provided to people. The database represents organized structure for storage and storage of information.

Tendencies in information technology development create many new opportunities and opportunities for life of people. In particular, they introduce new systems and means which allow them to get direct access to news, achievements and results in the field of information and exchange, science, education, finance, advertizing, transport, mass media and medicine.

Work purpose: Creation of electronic system of a medical card in student's polyclinic and the system of registration of the doctor. For achievement of this purpose you need to execute the following operations:

- creation of tables;

- To connect tables;
- processing of inquiries;
- testing of information systems;
- Start of an information system.

For performance of these tasks it is recommended to use Oracle Database.

At design of subject domain it is in detail described how many data can be placed in the table.

Keywords: Oracle, C#, SQL, DB, DBMS, XML.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолданысқа кеңінен еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – студенттерге ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау, құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым.

Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Ақпараттық технологиялар бүтіндей объектті зерттеу көзқарасынан, сонымен қатар бөлек құрылыстық құраушылар көзқарасынан да классификациялануы мүмкін. Әдетте ақпараттық технологиялар классификациясына келесі ұғымдар кіреді: ақпараттың материалды тасығыш типі, ақпаратты техниканың даму деңгейі, адамның интеллектуалды қызметінің автоматтандыру мәртебесі және т.б. Осындай әдістеме сәйкестілігімен ақпараттық технологиялардың келесі түрлерін белгілеуге болады: жаратылысты-табиғи, қағазды-механизацияланған, автоматтандырылған.

Электронды медициналық карталарды есепке алатын ақпараттық жүйені құру не үшін керек және оның артықшылықтары қандай ?

Ақпараттық технологиялардың даму үрдісі адам өміріне көптеген жаңалықтар, мол мүмкіншіліктер туғызуда. Атап айтқанда, ақпарат алу, алмасу ғылым-білім, қаржылық, жарнамалық, транспорттық, бұқаралық-ақпараттық медициналық сынды т.б. салалардағы жаңалықтарды, жетістіктері мен нәтижелерді жедел түрде, қолма-қол пайдалана алуға мүмкіндік туғызатын жаңа жүйелерді, нысандарды енгізуде.

Менің мақаламның мақсаты электронды медициналық карталарды есепке алатын ақпараттық жүйені құрудың артықшылықтарын түсіндіру. Ең бірінші кезекте емханалардағы бірнеше өзекті мәселеге тоқтайтын болсақ:

- Науқастардың медициналық карталарының жоғалуы;
- Науқастардың тапсырған анализдерінің жоғалуы;
- Науқастардың дәрігерге кезекке тұрып, көп уақыт жоғалтулары.

Айтылып кеткен үш мәселе ең көп кездесетін мәселелер қатарына кіреді. Барлық шолып өткен мәселелерді электронды медициналық карталарды есепке алатын ақпараттық жүйені енгізу арқылы шешуге болады.

Ақпараттық жүйенің артықшылықтарына тоқталатын болсақ:

- Медициналық карта әрдайым қолжетімді болады.
- Медициналық карта ешқашан жоғалмайды.
- Анализдердің барлығы медициналық картаның ішіне сақтаулы болады.

- Медициналық карталарды есепке алатын жүйеде қаралушының дәрігерге онлайн режимде жазылуға мүмкінділігі болады. Соның арқасында науқастар өз уақыттарың үнемдей алады.

- Электронды медициналық картаға көшу арқылы, медицина саласында қағаздан толық бастартуға мүмкіндік туады. Бұл қадам арқылы көптеген ағаштарды сақтап қала аламыз. Әрине, бұл экологияның дұрыс бағдарда дамуына ықпал етеді.

Өнімді жасау барысында бірнеше құралдарды қолданамыз. Нақты айта кетсек: мәліметтер базасы, C# программалау тілі, Oracle 11g. PL SQL.

Мәліметтер базасы (МБ) есептеу жүйесінің жадысында сақталатын және қарастырылатын пәндік облыста объектілердің жағдайын мен олардың байланысын көрсететін мәліметтердің арнайы ұйымдастырылған жиынтығы. Электронды медициналық карталарды есепке алаын ақпараттық жүйені құру кезінде мәліметтер базасын Oracle 11g тілінде көтереміз. Oracle деректер базасы - деректерді және қосымшаларды басқарудың ең икемді және үнемді әдісі - кәсіпорын торының есептеуі үшін жасалған алғашқы дерекқор. Enterprise grid computing индустриялық стандартты, модульді сақтау және серверлердің үлкен бассейндерін жасайды. Осы архитектурамен әрбір жаңа жүйе құрамдас бөліктерден тез арада қамтамасыз етілуі мүмкін. Oracle Database 11g МББЖ - ашық платформалар түрлі қолжетімді болып табылады және үшінші тарап қолданбаларының түрлі қолдайды ақпаратты басқару үшін бірыңғай интеграцияланған шешімін береді. Дерекқор тек реляциялық деректерді ғана емес, сонымен бірге деректердің орналасуы және GIS ақпараты туралы құжаттар, XML, мультимедиялық ақпаратты сақтайды. Жүйе өнімділігі сияқты (файлдар Secure), олар сақтау жіберіледі және артқы тезірек басқа жүйелерде қарағанда алынуы мүмкін «Қауіпсіздік Файл» пайдалана отырып, деректер базасында сақталған файлдар, сондай-ақ деректер осы түрлерін, оңтайландырылған. дерекқорындағы деректерге барлық түрлері үшін индексі орындаған және ол оңай қолданыстағы қосымшалар деректер жаңа түрлерін енгізу қабылдау, SQL-қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Мәліметтерді модельдеудің реляциялық моделі

Қазіргі кездегі МББЖ құруға, соның ішінде Oracle, мәліметтерді модельдеудің реляциялық тәсілі әсер етті. Ол бөлігі "реляциялық модель" болып табылатын "реляциялық теорияға" негізделген. Бұл теорияның негізін қалаушы Э. Кодд (E. F. Codd) 1969 жылы "Derivability, Redundancy, and Consistency of Relations Stored in Large Data Banks" (IBM Research Report RJ599) мақаласын жариялады.

Реляциялық модельді жобалау есебі ретінде МБ да пәндік облыс туралы қажетті пікірді қалпына келтіретін қатынастар жиынына қол жеткізу және де пәндік облыстың барлық мағлұматтары қайталанбай бір рет қана көрсетілу деп санауға болады. Мұндай жобалаудың реляциялық модельден ерекшелігі оны математикалық сипаттау күрделі және оны жасау жобаалушының тәжірибесіне байланысты болады[4].

МБ өмірлік циклы. Мәліметтер база жүйесінің өмір сүру кезеңінде белгілі бір уақыт аралығы бар: мәліметтер базасын жасау шешімі қабылдаған кезден бастап оларды жою шешімі, содан соң шын мәнінде физикалық түрде жою қабылдаған сәтке дейін.

Өмір кезеңдерінде екі фаза бар:

1)Талдау және жобалау фазасындағы кезеңдер:

- а) Талаптарды түрге келтіру және талдау;
- ә) астарлы (концептуалды) жобалау;
- б) логикалық жобалау;
- в) физикалық жобалау.

2) Іске асыру және қолдау фазасындағы кезеңдер:

- а) Мәліметтер базасын іске асыру;
- ә) мәліметтер базасының жұмысын талдау;
- б) мәліметтер базасының бейімделуі мен түрлендірілуі[5].

Логикалық жобалау нәтижесі – логикалық модель, яғни МББЖ бағытталған схема және де барлық бағдарламалар пакеті үшін схема бөлшектері. Одан басқа мәліметке

жеткізетін жолдарды және тәсілдерді таңдау бойынша бағдарламалар пакетіне ұсыныс жасалынады және МБӘ шығарып салу топтары үшін басшылықтар түзеледі.

Физикалық жобалау.

Физикалық зердеде мәліметтерді ұйымдастыру үшін көптеген құрылымдар бар. Сыртқы және оперативті зерделер арасындағы алмасулар физикалық жазылымдар арқылы өтеді.

Олардың құрылымдары былай болады:

Кез келген басқа физикалық жазылымға көрсеткіштер арқылы қол жеткізуге болады. Бұл іс жүзінде көрсетілген физикалық жазылымдар мекен-жайы болып табылады.

Физикалық жобалау кезеңінде шешілетін есептер:

- физикалық жазылымның конструкциясын жасау;
- физикалық жазылымды орналастыру;
- қол жеткізу тәсілдерін таңдау.

Физикалық жазылымның конструкциясын жасау: физикалық жазылым жоспарлау кезінде логикалық модель ішінде жасалған логикалық жазу құрылымына арқа сүйейді. Зердені үнемдеу үшін кодтауды және мәліметтерді тығыздауды қолданады. Кодтау дегеніміз – мәліметтерді өңдеу немесе жіберу кезінде қателерді табу және түзету мақсатында мәліметтерді нормалды немесе қысқартылған форматтарға аударуға мүмкіндік беретін кең тәсілдер сыныбы.

Тығыздау тәсілдері мәліметтер алатын зерде көлемін әжептәуір қысқартады және оларды өңдеуді жылдамдатады.

Мәліметтерді тығыздау тәсілдері:

- аббревиатураларды қолдану;
- нольдерді басу (жою);
- шаблондарды пайдалану

Ақпараттық жүйенің программа бөлігін Си-шарп тілінде көтеру ең икемді опция болып табылады. C# - объектілі-бағытталған бағдарламалау тілі болып табылады. C# CLR үшін қолданбалы бағдарламалау тілі ретінде дамытылған және сол сияқты, ең алдымен, CLR-тің мүмкіндіктеріне байланысты. Бұл, ең алдымен, BCL жүйесін көрсететін C# типті жүйеге қатысты. Тілдің белгілі бір экспрессивтік ерекшеліктерінің болуы немесе болмауы белгілі бір лингвистикалық ерекшеліктің CLR құрылымына тиісті. C# бірнеше іске асыру бар:

- Csc.exe компиляторының C# түрінде орындалуы .
- NET Framework құрамына кіреді (.NET Micro Framework, .NET Compact Framework және оның Silverlight және Windows Phone 7 астында іске асырылуы).
- Microsoft роторының (Shared Source Common Language Infrastructure) жобасының бөлігі ретінде.
- Mono жобасы C# -тің ашық көзі бар іске асырылуын қамтиды.
- DotGNU жобасы ашық көзден C# компиляторын қамтиды.
- DotNetAnywhere - енгізілген жүйеге бағытталған CLR іске асыру, C# 2.0 толық сипаттамасын қолдайды.

Oracle-да база құрып және Си шарп программалау тілімен қосу арқылы біз жақсы ақпараттық жүйені құрып шыға аламыз.

Қорытындылайтын болсақ, электронды медициналық карталарды есепке алатын ақпараттық жүйенің медицина саласына алып келетін пайдасы өте көп. Қазіргі таңда ақпараттық жүйе адамның өмірінің ажырамас бөлігі болып келеді, демек ақпарат жүйелері деректерді тарату, құру, өңдеу, фильтрлеу, жинауға, адамдар мен компанияларға қажетті техникалық құрал-жабдықтар мен бағдарламалық жасақтамаларды оқу мүмкіншілігін беретініне көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиет

1. <http://stud.kz/referat/show/13692>
2. "Мәліметтер база жүйелері" пәні бойынша оқу –әдістемелік кешені. Балғабаева Л.Ш., Абдуллина В.З. Алматы.: КазНТУ, 2004ж.
3. Ульман Дж. Основы систем баз данных.- М.: Финансы и статистика, 1983.
4. Тиори Т, Фрай Дж. Проектирование структур баз данных.- М.: Мир, 1985.
5. Четвериков В.Н. и др. Базы и банки данных. - М: Высшая школа, 1987.
6. Дейт К. Введение в системы баз данных.- М.: Мир, 1980.
7. Пржиялковский В.В. Введение в Oracle SQL. 1-е изд. 2012

WELCOME, AZ NAURYZ OR ABOUT THE HOLIDAY WITH THE ONE THOUSAND YEARS HISTORY

Dauren YESKEKBAYEV

*National Museum of the Republic Kazakhstan,
Senior Scientific Researcher,
History sciences candidate, Ethnographic*

One of sacred and ancient traditional great feasts of our people is the Nauryz holiday. For any people, the role of national traditions as an archaic source of its vital essence, especially for Kazakhs, is especially important. Because it is well known that one third of our people (approximately more than five million) live abroad, far from the ethnic territory. There is no doubt that such ancient traditional holidays unite not only our blood relatives who are spread to different parts of the world (neither with their native state nor with their native language environment), but also all Turkic *Uluses*.

There are many disputes about the origination of *Nauryz* holiday. And the real history of *Nauryz* covers very long periods, originating from the eras before the emergence of Islam. Some scholars attribute this to the period of religious Zoroastrianism and shamanism during the era of the Ahmendy dynasty, and others relate it to the campaigns of the Persian king. The *Nauryz* holiday is one of the oldest holidays in the world. *Nauryz* is not a religious holiday. This means that it emerged before traditional religions of our days. Considered by nations of Central Asia as a holiday that has a history of five thousand years, it had been honored before the Islamic era and had a huge support among the population.

Through associating the hypothesis of the last flood of the Earth 12-13 thousand years ago, the well-known historian Zh. Artykbaev had come to following scientific conclusions: *"I suppose that the Nauryz holiday is celebrated in the Eurasian steppes not two or three thousand years ago, but twelve to thirteen thousand years ago. The steppe region that covers lands beginning from the Chinese fortresses in the east to the Danube is an environment that had formed "homo sapiens", i.e. conscious person. Because the vast steppe region extends in such a natural environment where all four continental periods are present... Saying Nauryz, first of all we designate the time of the vernal equinox... And who will cognize it if not the steppe people that experience all his life outside? Engineers like Nelson Fell, who came from Europe in the Saryarka steppe to work in the mining, had admired: "The Kazakhs, looking at the sky, determine the exact time of day!" [1, p.50-53]. It should be noted that it is not true that this is a holiday only of people that lived in the Near East before coming of the Arab Khalifate, i.e. before emergence of Islam here, and Arabs did not celebrate this holiday. If so then one of four nations who can state "The Noah's ark stopped in our land" is Arabs (other three are Jews – Mount Zion, Armenians – Ararat, Kazakhs – Kazyghurt, -Zh.A.); it means that this concept should be researched yet.*

According to calendar of Eastern countries (shamsy calendar) the beginning of *Nauryz* is a first day of the month Hamal (Amal). Hamal is a name of the Taurus asterism in old Persian language. At the moment of equinox and entering of the Hamal month the Taurus asterism appears. *Nauryz* is a beginning of a New Year. At this day, i.e. in the night from 21st to 22nd of the month of *Nauryz*, the celestial bodies come to their original point, the length of day and night equals. Therefore, Kazakh people name it 'az *Nauryz*', 'Great Day of the nation'. In the beginning of the 20th century 21-22 of *Nauryz* had been recognized by Kazakhs as the beginning of the year officially. In the calendar issued in Orynbor in 1922 the 22nd *Nauryz* is stated as the end of year of the Dog and beginning of the year of the Pig. According to Kazakh people's calendar a New Year starts in the day of vernal equinox that exactly coincides with 20th and 21st of *Nauryz*. However this time is not strictly observed in practice. Earlier Kazakh people celebrated *Nauryz* holiday from three to nine days. As the Kazakhstan's territory is vast, when the spring came to one region, it might still be winter in other region. Therefore, while Kazakhstan inhabitants consider the 22nd of March as official New Year, the *Nauryz* holiday is not celebrated exactly on this day. Particularly, in the Zhetisu region it is celebrated on February 15, in warm south regions in days of return of some spring birds, in west regions of Kazakhstan it coincides

with March 14-15. And in Central Kazakhstan it is celebrated in first equinox of a first day of a New Year. Also, interfacing of Pleiads with Moon on the western part of the sky means the beginning of the Nauryz. Chinese ambassadors also wrote that they witnessed celebration of the New Year by nomads when the green starts to grow and livestock start to breed [2, p.23].

It is wonderful that there are interesting matches between star gazing experience of Sumerian oracles and astronomical concepts of Kazakh astrologers in observation of Pleiads. For instance, the change of a season at replacement of asterisms had been beheld. In IV-III milleniums B.C. Sumerian oracles in Mesopotamia commanded to start seedage on February 10. It was time when Leo and King stars are appeared in the sky and Pleiads and Roedeer come down and disappear. On May 15 the Leo and King stars disappear when stars Pigin and Capricorn appear. Such exchanges repeat in autumn months after fourty days. These astronomical concepts are observed in archaeological artifacts discovered in the Sak ruins. In the wonderful 'animals style' art of nomads the composition of a lion eating a goat or a roe means the coming of Autumn and a lion eating a bullock (Pleiads) means the vernal equinox., i.e. a New Year.[3, p. 61-62]

From ancient sources it is known that the holiday of Nauryz was celebrated in Ancient Greece, Ancient Rome, Great Britain until the XVIII century, celebrated in ancient Russia until 1700-th year. The information about the Spring Festival is met in the works of ancient writers and writers of the Middle Ages. According to the Gregorian calendar, on March 9th, in the old style calendar, the night from March 21st to March 22nd corresponds exactly to this holiday. Before the adoption of Christianity in ancient Russia, there was a tradition to welcome the New Year on the first of March. And the British celebrated the New Year on March 26 until the beginning of the XVIII century [4, p.11].

A tradition of celebrating the Nauryz holiday exists in the culture of majority of world peoples for a long time. We have obtained old data with description of celebration of Nauryz by Eastern peoples through works of Abu Raikhan Biruni, Ibn Balkhi, Omar Hayam. According to Eastern calendar the Nauryz holiday coincides with Iranian new year Nawrooz and they had celebrated this feast during several sequential days. In this day they set several big fire and poured oil in flames; forecast future harvest looking at vegetating seed; offer traditional national *kozhe* (beverage) – 'saumalyq'.

If there were wars, armed clashes in the East, on that day they were stopped. In this regard, **the scope and significance of celebrating Nauryz** can only be compared with **the popularity of the Olympic Games**.

Alongside with this people forgive previous offences in this day and renew their friendship. They change old wear to new and beautiful ones and visit each other. Majority of Turkic nations celebrate Nauryz. Nations of Central Asia pronounce the word 'nauryz' differently because of earlier influence of Persian culture while the root of those words is common. In Persian the word 'nauryz' means 'A new day'. Old men called the 22nd of Nauryz as 'Nauryz of *Qyzylbas*' (Qyzylbas is Iran, current name of former Persia).

According to Kazakh concept of Nauryz, Qydyr Ata is spiritual image of this holiday. In the eve of 22nd of Nauryz all people look forward for his visit. And the people name this night as 'the night of Qydyr'. Qydyr Ata is a saint that cares about all the people and cause of goodness, carrier of well-being, welfare, happiness, owner of wisdom. There is belief that he comes in this Great Day of Nation to every people and blesses every family. Regardingly, waiting for his visit all try to keep pure and clean their souls, bodies, wear, dishware and implements. They clean house and yard, landscape and irrigate plants. The society imagined that Qydyr Ata comes to such houses and blesses them. Old men are generous for good blessings in this day.

Nauryz is a great National holiday. The holiday of Nauryz not only in Kazakhstan, but also widely celebrated in the near abroad: Kyrgyzstan, Uzbekistan, Turkmenistan, Tajikistan, Azerbaijan, Russia: Buryatia, Chuvashia, Bashkortostan, Tatarstan, Dagestan, Crimean Tatars, in Xinjiang Uygur Autonomous Region of China, and also in some regions of India, in Afghanistan, Iran, Albania, Bosnia, Herzegovina, Macedonia, Pakistan, Turkey and other countries. In some countries, for instance in Syria and Iraq, Nauryz is still prohibited.

In 1920 Soviet government returned the Nauryz to people and on 22nd March of 1925 had published the congratulations on national newspapers 'Enbekshi qazaq'. Kazakh activists of that time had supported celebration of Nauryz as the beginning of the year and all they agreed that the Nauryz is only national holiday beyond holidays common for all Muslim population as *Oraza*, *Qurban Ait*.

This renewal of celebration of this Great Day of nation had been interrupted in 1926. Only in 1988 this holiday had been returned to our people. Head of our State proclaimed the 22nd of Nauryz month as 'Nauryz holiday'. And on April 24, 2009 N.A.Nazarbayev, President of the Republic of Kazakhstan assigned to 21, 22, 23 of Nauryz month the status of 'Nauryz holiday'.

Literature:

1. Artykbaev Zh., "Nauryz is original Kazakh holiday". - "Astana" Journal, February-March, 2014, №1.
2. Nauryz: renewed traditions (compiler M. Kazbekov). – Almaty: "Kazakhstan", 1991. – p. 256.
3. Grodekov N. Kirgizes and Karakirgizes of the Syr-Darya Oblast, - Tashkent, 1889. – vol. 1. – p. 280.
4. Komsomolskaya Pravda, 1988 // Nauryz: renewed traditions.
5. Welcome, Nauryz! Almaty: "Ak Orda", publishing house "Olke", 1993. – p. 80.
6. History of the Kazakh Literature. – Almaty, 1948. – p.160
7. "Tan", - 1925, - №4, - p. 121.
8. Omirzaq T.M. The Ulys Day book. – Astana: "Center of the Spirituality", 2001. – p. 136.
9. Akhmedov G. The periods of life of A. Baytursynov. //Zhuldyz. - №6. – June, 1989. - p. 109.

АРМЫСЫҢ ӘЗ-НАУРЫЗ НЕМЕСЕ МЫҢ ЖЫЛДЫҚ МЕЙРАМ ТУРАЛЫ

Дәурен Ескекбаев

ҚР музейі аға ғылыми қызметкері

Тарих ғылымдарының кандидаты, этнограф

294

Халқымыздың қасиетті де көнеден келе жатқан дәстүрлі ұлы мейрамдарының бірі бұл - Наурыз мерекесі. Ұлттық дәстүрлер қай халықтың болмасын тіршілік болмысының архаикалық көрінісі ретіндегі ролі әсіресе, қазақ халқы үшін орасан зор, себебі тағдыр-талайымен халқымыздың үштен бірі (шамамен бес миллионнан асады) өз ортамыздан тыс, этникалық территориясынан шалғай жерлерде ғұмыр кешіп, өмір сүріп жатқандығы белгілі. Әлемнің әр түкпіріне тарыдай шашылып кеткен (не мемлекеті не тілдік ортасы жоқ) қандастарымыз ғана емес жалпы түркі ұлыстарының басын қосып, бірлігін арттыратын осындай дәстүрлі көне мейрамдар екендігі даусыз.

Наурыз мерекесінің туу тарихы турасында талас көп. Наурыздың нақты тарихы тереңде жатыр, ол өзінің бастауын мұсылмандыққа дейінгі заманнан алады. Кейбір ғалымдар бұны Ахменидтер династиясы дәуіріндегі діни мейрам зороастризм мен шаманизм кезеңіне дейінгі уақытпен, ал енді біреулері Парсы патшасының жорықтарымен байланыстырып жүр. Наурыз мерекесі — әлемнің ең көне мерекелерінің бірі. Наурыз - діни мереке емес. Яғни, қазіргі дәстүрлі діндерден бұрын пайда болған. Орта Азия халықтарында бес мың жылдық тарихы бар деп саналатын бұл мереке Ислам дәуіріне дейін-ақ тойланып, халық арасында ерекше қолдауға ие болып келген. Алайда, белгілі тарихшы Ж.Артықбаев жер бетін соңғы топан судың бұдан 12-13 **мың** жыл бұрын басуымен байланыстыра келіп «Наурыз мейрамы Еуразия даласында екі-үш мың жыл емес, он екі- он үш мың жыл бұрын тойлана бастады деген пікірдемін. Шығысында Қытай қамалынан басталып Дунайға дейінгі жерді алып жатқан далалық алқап адамзаттың «homo sapiens», яғни саналы адам есебінде қалыптасқан ортасы. Оған себеп далалық алқап жылдың төрт мезгілі түгел континентальды табиғи ортада жатыр... Наурыз деп біз алдымен күн мен түннің теңелген уақытын айтамыз, оны бар тіршілігі далада өтетін ... сахара адамы аңғармағанда кім аңғарады? XIX ғасырдың соңында Европадан Сарыарқа

жеріндегі тау кен өндірісіне келген Нельсон-Фелл сияқты инженерлер «Қазақ аспанға қарап, тәуліктің сағатына дейін дәл айтып береді» деген деп өзінің ғылыми тұжырымдарын жасаған [1,б.50-53]. Атап өтетін бір нәрсе бұл мейрам Таяу Шығыс елдерін Араб халифаты яғни, арабтар келіп ислам діні пайда болғанға дейін мекендеген халықтардың ғана мерекесі, ал бұл мейрамды арабтар тойлаған емес. Олай болса әлемде «біздің жерімізде Нұқ пайғамбардың кемесі тоқтаған» деп айта алатын төрт халық болса соның бірі арабтар (қалған үшеуі еврейлерде - Сион тауы, армияндарда-Арабат, қазақтарда-Қазығұрт - Ж.А.); демек бұл концепцияны әлі де болса тереңірек зерттеу қажет болар.

Шығыс елдерінің (шәмси) күнтізбесі бойынша, наурыздың басталуы хамал (амал) айының бірінші жұлдызы болып есептеледі. Хамал — Тоқты шоқжұлдызының ескі парсыша атауы. Күн мен түн теңеліп, амал кірген сәтте Тоқты шоқжұлдызы туады. Жыл басы Наурыз - Жаңа жылдың басы. Бұл күн, яғни наурыз айының 21-нен 22-не қараған түні - аспан денелері өздерінің бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңеледі. Сондықтан қазақтың халық санасында ол - Өз Наурыз, «ұлыстың ұлы күні ұлыс күні» деп аталынған. XX ғ. басында 21-22 наурыз қазақтарда жыл басы деп ресми саналған. 1922 жылы Орынборда шыққан қазақ календарында 22 наурыз ит жылының аяқталып, доңыз жылының басталуы деп жазылған. Қазақтың халықтық календары бойынша Жаңа жыл көктемгі күн мен түннің теңелуі - тоғыз күні басталады, яғни Наурыздың 20-сы мен 21-не дәл келеді. Алайда, тәжірибеде бұл мерзім қатаң түрде сақталмаған. Бұрынғы қазақ жұрты Наурыз мерекесін үш күннен тоғыз күнге дейін тойлаған. Қазақстан территориясының аумағы өте кең болғандықтан, әр аймағында әр кезде көк шығып, мал төлдеп бір шетінде көктем шығып жатса екінші бір аймағында қыстың ызғары сақтала береді. Сондықтан да Қазақстан тұрғындары 22 март күнін Жаңа жыл деп ресми санағанымен, барлық жерде бірдей дәл осы күні Наурыз мерекесі тойлана бермейді. Дәлірек айтсақ, Жетісу өңірінде 15 ақпанда, оңтүстік жылы өлкелерде «жыл басы жылқышы торғайдың» (наурызек, наурыз торғай, көктұмсық торғай) ұшып кеуімен тұспа-тұс тойласа, Қазақстанның Батыс өңірлерінде 14-15 мартқа сәйкес келеді. Ал Орталық Қазақстанда Жаңа жылдың алғашқы күнінің тоғысуы бойынша аталып өткен. Сонымен бірге Үркердің, оның аспанның батыс бөлігінде жаңа туған Аймен ұшырасуы да Наурыздың басталғанын білдірген. Көшпелілердің Жаңа жылды көк қылтиып, мал төлдей бастаған кезде қарсы алып, атап өтетінін өз көзімен көрген Қытай елшілері де жазып қалдырған [2, б.23].

Бір таңғаларлық жайт, Үркер шоқ жұлдызын бақылауда Шумер абыздарының жұлдыз есептеу тәжірибесі мен қазақ есепшілерінің астрономиялық түсініктерінің арасында қызғылықты сәйкестіктер байқалады. Мысалы, шоқ жұлдыздар бірін бірі алмастырғанда маусым өзгеретінін жіті байқаған. Шумер абыздары біздің заманымызға дейінгі IV-III мыңжылдықтарда Месопотамиядағы егін жұмыстарын 10 ақпанда бастатқан. Бұл шақта аспан төрінен Арыстан мен Патша жұлдызы көрініп, ал Үркер мен Елік жұлдыздары болса жерге түсіп, 40 күн көрінбей кететін. 15 майда Көнек пен Теке жұлдыздары туған кезде керісінше Арыстан мен Патша көрінбей кететін. Осындай алмасулар араға қырық күн салып, күз айларында да керісінше қайталанатын. Осы астрономиялық ұғым түсініктер сақ жұрттарынан табылып отырған археологиялық артефактілерден де көрініп отыр. Көшпелілердің талайды тамсандырған ғажайып «жануарлар стильді» өнерінде арыстанның текені немесе елікті жеу көрінісі күздің түсуін бейнелесе, ал арыстанның өгізді (Үркерді) жеу көрінісі көктемгі күн тоғысын, яғни Жаңа жылды бейнелеген [3,б.61-62].

Наурыз мерекесі XVIII ғасырға дейін Ежелгі Грекияда, Ежелгі Римде, Ұлыбританияда аталып өтіліп, 1700 жылға дейін ежелгі Русьте тойланып келген деген дерек бар. Көктем мерекесі туралы мәліметтер антикалық және орта ғасырлық жазушылардың еңбектерінде кездеседі. Григориан календары бойынша ескіше 9 март, жаңаша 21-нен 22-не қараған түн осы күнге сәйкес келеді. Христиан дінін қабылдағанға дейін ежелгі Русьте Жаңа жылды бірінші март күні қарсы алу дәстүрі болған. Ал Ағылшындар XVIII ғасырдың бас кезіне дейін Жаңа жылды 26 мартта тойлап келген [4,б.11].

Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс салтында бағзы замандардан бері орын алған. Шығыс халықтарының Наурызды қалай

тойлайтындығы жайындағы көне деректер бізге Әбу Райхан Бируни, Ибн Балхи, Омар Хайям еңбектері арқылы бізге жетіп отыр. Шығыс жыл санағы бойынша Наурыз мерекесі ирандықтардың жаңа жылы Наурузбен жанасып олар бұл мерекені арасын үзбей бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндері әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды; жаңа өнген жеті дәнге қарап келешек егін жайлы болжайды; жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже - «саумалық» ұсынады. Жаңа жыл келіп, алғашқы күн күркірегенде ел ішінде «саумалық» айту дәстүрі болған. Саумалық деп бабаларымыз жаңа сауған саумал сүтін айтқан (Өзбектер мен Тәжіктерде «Сумәләк» немесе «Сумалақ» деген Наурыз көжеге ұқсас дәм болған). Ауыл аналары табалдырық үстіне жаңа сауған сүтті шөмішке құйып қойып:

Саумалық, саумалық,
Жаңа келген жақсылықты,
Көрдік пе, көрмедік пе?
Ескі жыл шығып, жаңа жыл кірді,
Сүті көп, көмірі аз.
Жаңа жыл жарылқа,

Ескі жыл есірке, - деп үйдегі ескі ыдысты (қабақты) сындырып, «қабақ сынды, қайғы кетті» деп ырым жасаған [5,55-56].

Егер шығыс елдерінде бұған дейін соғыстар, қарулы қақтығыстар болып келсе, бұл күні олар тоқтайтын болған. Бұл жағынан Наурыздың ауқымы мен маңызын олимпиялық ойындармен ғана теңестіріп, салыстыруға болар еді. Сонымен қатар, адамдар бұрынғы өкпе-наздарын ұмытып, бұл күні бір-бірімен татуласады. Көнетоз киімдерін тастап, бар жақсысын киініп, бір-біріне қонаққа барады. Ескі шыны аяқтарды сындырады; бір-біріне гүл ұсынып, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою «күн символын» салады; үйдің тіреу ағашына гүл іледі. Бұл күндері әр түрлі ұлттық ойындар, жамбы ату, ат жарыстары өткізіледі. Наурыз мерекесін түркі тілдес халықтардың көпшілігі тойлайды. Тәжік халқы бұл мерекені «Бәйшешек», «Гүл гардон», «Бәйшешек», «Гүлнаурыз», Соғдылықтар «Наусарыз», Хорезмдіктер «Наусарджи», Армяндар «Навасарди», татарлар «Нардуган», Ежелгі гректер «Патрих», Бирмалықтар «Су мейрамы», Буряттар «Сагаан сара», Чуваштар «Норис ояхе» деп түрліше атаған [2,б.10]. Орталық Азия халықтары сол кездері дәуірі жүріп тұрған Парсылық мәдениет ықпалымен түбірі бір болса да тілдік ерекшеліктеріне байланысты «наурыз» сөзін түрліше атаған екен: әзірбайжандар - Novruz, парсылар - نوروز — Now ruz, пуштундар - نوورخ Naw wruz, курдтар - Newroz, тәжіктер - Наврӯз, өзбектер - Наврӯз, Navro 'z, түркмендер - Новруз, Nowruz, қазақтар - Наурыз, ұйғырлар - Норуз, қырғыздар - Нооруз, татарлар - Нәүрүз / Näwriiz, түріктер - Nevruz, қырым татарлары - Navrez / Наврез, башқұрлар - Науруз, чуваштар - Нарӑс т.б. Сол сияқты жергілікті ерекшеліктеріне байланысты да түрлі аталымдар болған.

«Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» деген мағынаны береді. Бұрынғы қариялар 22 наурызды «Қызылбастың наурызы» дейді екен (Қызылбас — Иран, бұрынғы Парсы елінің қазіргі атауы). «Наурыз» сөзі парсы тілінен шыққан, «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Қазақта Қыдыр ата мерекенің рухани бейнесі. 22 наурызға қараған түні бүкіл халық оның келуін күтеді. Бұл түнді «Қыдыр түні» атайды. Қыдыр ата - бүкіл халықтың қамқоры, оларға жақсылық жасаушы, ырыс, құт, несібе әкелуші, бақыт, береке, өмір сыйлаушы қасиет иесі, кемеңгер, жарылқаушы көріпкел әулие. Ол Ұлыстың ұлы күнінде әр елге келіп, әр шаңыраққа соғып бата береді, деген сенім бар. Сондықтан әр үй Қыдыр атаның жолын күтіп, өздерінің жанын да, тәнін де, киер киім, ыдысы мен бұйымдарын да таза ұстауға тырысады. Үйдің іші-сыртын, қора-қопсыны тазартып, ағаш егіп, өсімдікке су құяды. Мұсылман қауымы мұндай үйге Қыдыр ата түнеп немесе бата беріп кетеді деп түсінген. «Қыдыр қонған», «Қыдыр дарыған» деген сөздер осындайдан шыққан. Бұл күні ақсақалдар ақ батасын аямайды. Қазақ халқында батаның небір түрлері бар. Сондай баталардың бірі төмендегідей: «Ұлысың оң болсын», «Ақ мол болсын» немесе:

«Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар.

Ұлы кісіден бата алсаң,
Сонда олжалы жол болар»

деген сияқты көнеден келе жатқан бата түрлері де кездеседі [6, б.41].

Қазіргі уақытта Батыс қазақтары Атырау және Маңғыстау облыстарында Наурыз мерекесі 14 наурыздан басталынып жүр. Мұның себебі қазан төңкерісіне дейін Юлиан календары бойынша Наурыз 9 марттан басталатын. 1918 жылы Кеңес өкіметінің Еуропалық календарды қолдану жөніндегі декретіне байланысты бұрынғы есепке он үш күн қосылып ол осы күнгі 22 наурызға сәйкес келді. Көне замандарда мереке 13 күні бойы тойланған екен. Қазақ халқы наурыз демей Амал (Хамал қазіргі кезде Тоқты аталынып жүр) деген, осы мейрамның дәстүрлі элементтерінің бірі — «Көрісу» қазақта Наурыз мейрамының негізгі салты.. Бұл күні адамдар қол алысып қауышып, төс қағыстырып татуласады. Осыған байланысты:

«Ұлыс күні кәрі жас,
Құшақтасып көріскен.
Жаңа ағытқан қозыдай,

Жамырасып өріскен» деп [7, с.21] көрісу мен татуласудың ұлылығын жырға қосып насихаттап отырған. Сонымен бірге, барлығы «Жаңа жыл құтты болсын!» деп амандасады. Наурыздың дәстүрлі тағамы — «Наурыз көже». Ол жеті түрлі азықтық заттан тұрады. Жеті деген сан аптаның жеті күнін бейнелейді, бұл санның мағынасы терең, 7 санға байланысты әдет-ғұрыптар бар. Наурыз мерекесін тойлау кезінде, ақсақалға наурыз көжеге толы жеті кесе ұсынылады. Наурыз кезінде әр адам өз үйіне 7 қонақты шақырып, өзі де 7 үйге жолығады. Яғни, Наурыз, (парсыша «нау» (жаңа) және «руз» (күн). Орталық Азия халықтары арасында Жаңа жылдың басы болып саналады. Киелі сан. Бұл күні басты тағам - Наурыз көже. Оны кем дегенде жеті түрлі дәмнен: су, сүрленген ет, тұз, май, дән, айран, құрт және басқа дәмдерден жасайды. Тұзды қосқаны тұз астың дәмін келтіреді. Тіпті «Тұз астын дәмін келтіреді, мақал сөздің мәнін келтіреді» деген де сөз бар. Сүт немесе ақ құйғаны - «Сүттей ұйып отырайық, көңіліміз ақ, таза болсын» деген ұғымды білдіреді. Қазақта: «Ағы бардың бағы бар» деген түсінік бар. Құрт қосатын себебі - құрт аурушаң адамдарға қуат беретін күшті ас. Ет қосқаны - ет қазақтың төл асы. «Қазан толсын, асар мол болсын» деген мақсатта сақталған сүр етті Наурыз көжеге мол етіп салған. Ал дәнді дақылдардың емдік қасиеттері бар. Бұл күні барлық адам наурыз көжені тойып ішулері керек. Тойып ішкен адам жыл бойы тоқ жүреді, дені сау болады, отбасында береке-бірлік орнайды деген сенім бар.

Наурыз - Ұлыстың ұлы күні. Наурыз мейрамы Қазақстанда ғана емес өзімізбен тамырлас жақын шет елдерде Әзербайжан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстанда, Ресейде: Буряттар, Чуваш, Башқұртстан, Татарстан, Дағыстан, Қырым татарлары, Қытайдың Шыңжан Ұйғыр автономиялық аудандары, сондай-ақ Үндістанның кейбір аймақтары, Ауғанстан, Иран, Албания, Босня, Герцеговина, Македония, Иран, Пәкістан, Түркия, т. б секілді алыс шет елдер де Наурыз мерекесін қарсы алады. Кейбір елдерде мәселен, Сирия мен Иракта Наурызға күні бүгінге дейін тыйым салынған. Сонымен қатар Түркияда 1925 жылдан 1991 жылға дейін мемлекеттік деңгейде Наурызға тыйым салынып келді. 1920 жылы Кеңес өкіметі Наурызды халыққа қайта тарту етіп 1925 жылы 22 март күні «Еңбекші қазақ» газеті бұқара халықты наурыз мейрамымен құттықтап, өзінің бірінші бетіне ірі әріптермен:

«Қыс өтіп, қар кетіп,
Шырайлы жаз жетіп,
Шаруаның кенелген
Мейрамы ежелден

Құтты болсын, бұл Наурыз!» - деп жазған екен [8,62].

Қашанда жаңалықтың жаршысы болып жүрген ұлт жанашырлары, алаш қайраткерлері де зор қуанышпен қарсы алып отырғаны мәлім. 1917 жылы Ресейдегі ақпан төңкерісін үлкен үмітпен қарсы алған алаштықтар өздерінің қуаныштарын баспасөз бетінде былайша білдірген екен. «Өзінің саяси партиясы жоқ, бұрын саясатқа, мемлекет ісіне араласып көрмеген қазақ зиялыларына, солардың ішінде «Қазақ» газетіндегілерге февраль революциясы күтпеген уақиға болып, оны ешбір дайындықсыз қарсы алған сияқты. Патшаның жергілікті ұлықтары Николай

патшаның тақтан түскенін халыққа естіртпей, кешеуілдеп барып жариялағаны мәлім. «Қазақ» газетінің ескіше 9 март (жаңаша 22 март) күнгі нөмірінде: Барша алаш азаматтарын жаңа жыл – һәм наурыз мейрамымен құттықтаймыз. Алла тағала киіз туырлықты қазақтың оң жағынан ай, сол жағынан күн тудырып, ырыс- дәулет, бақ-береке насыб етсін!» деген тілек ірі әріптермен басылған [9,80].

«Ескі қазақта (ескі түрікте) жаңа жыл күнінің аты - ұлыс. Жыл басының ұлыс екендігінің дәлелі мынау: «ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы болар», - деген ескі мақал бар деп еске салады Шәкәрім қажы.

Ахмет Байтұрсынұлы «Біреулер Наурыз марттың бірінде, екіншілері тоғызында келеді деседі. Жаңа жылымыз Наурыз туып, ата ғұрпымызды ұмытпай белгілі бір күнді жыл басы қылып алсақ ұнамды іс болар еді» деп арманы мен аңсарын қатар білдірген.

Міржақып Дулатов болса «орыста мейрам көп, қазақта айран көп. Жалпы мұсылман жұрттарына ортақ жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, ол бізде жалғыз - ақ мейрам бар, ол - Наурыз ... қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы» деген пікірде болған. Бұл айтылғандарға ақын Сәбит Дөнентаев та «бұл мейрам - дін мейрамы емес, ұлт мейрамы» деген ой қосып тиянақтаған. Міне, бұған қарап ұлт зиялыларының ой - пікірлерінің бір жерден шығып жатқандығына көз жеткіземіз [5, бб. 8,11,13-14].

Алайда Қазақстанда қайта тойлана бастаған Ұлыс күні асыра сілтеушіліктің салдарынан 1926 жылы күрт тоқтатылып, тек 1988 жылы ғана халқымен қайта қауышты. Елбасы наурыз айының 22 жұлдызын «Наурыз мейрамы» деп жариялады. Ал 2009 жылдың 24 сәуірінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев наурыз айының 21, 22, 23 күндеріне «Наурыз мейрамы» деген мәртебе берді.

Пайдаланылған Әдебиеттер

1. Артықбаев Ж. «Наурыз қазақтың төл мейрамы». - Астана журналы, Ақпан - Наурыз, 2014, - №1.
2. Наурыз: жаңғырған салт- дәстүрлер (құрастырған М.Қазбеков). - Алматы: Қазақстан, 1991. – 256 с.
3. Гродеков Н. Киргизы и каракиргизы Сыр-Даринской области, - Ташкент, 1889. - Т.1. – 280 с.
4. Комсомольская правда, 1988 // Наурыз: жаңғырған салт- дәстүрлер. - Алматы: Қазақстан, 1991. – 256 с. ???
5. Қош келдің, Наурыз! Алматы: «Ақ Орда», «Өлке» баспасы, 1993. – 80 бет.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. - Алматы, 1948. -160.
7. Таң, - 1925, - №4, - 121 б.
8. Өмірзақ Т.М. Ұлыс күн кітабы. -Астана: «Руханият орталығы», 2001. – 136 бет.
9. Ахмедов Ғ. Ахаңның өмір кезеңдері. //Жұлдыз. - №6. –июнь, 1989. -109 бет

Проблемы улучшения экологии юга Казахстана, города Алматы и дешевый способ выращивания дуба, можжевельника, акации, клена, туи, сирени и других деревьев, воспитание молодежи экологическому патриотизму

Universal Decimal Classification Code (UDC): 574 (075)

The problems of the south Kazakhstan and city of Almaty ecology improvement and cheap way of oak, juniper, acacia, maple, cedar, lilac and other trees growing and upbringing the young generation in the spirit of ecological patriotism

K.N. Zhailybay

Doctor of Biological Science;

Medeuova G.Zh.

associate professor

N.K. Nurmash

senior lecturer

of the Kazakh State Women Teachers Training University,

Almaty, Kazakhstan.

23. Renvoise S.A. A survey of leaf-blade anatomy in gresses. 111, Garnotiae.- Kew Bull., 1982. Vol. 37, № 3.- p. 497-500.
24. Ляховкин А.Г., Петрова Л.Р. Структурные особенности листа и корня некоторых полегающих и неполегающих сортов риса *Oryza sativa* L. // Ботан. журнал. 1968, том 53, № 9.- С.1209-1218.
25. Ерыгин П.С. Физиология риса. М.: Колос. 1981.- 208 с.

ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

п.э.д., проф. Ж.Н.СУЛЕЙМЕНОВА

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

e-mail: zharkyn123@mail.ru

ф. з.к., аға оқытушы Ж.А.АБИТЖАНОВА

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

e-mail: abitzhanova.zhanar@mail.ru

магистрант А.С.ПОЛАТОВА

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

e-mail: zhan.myrsa@mail.ru

Түйіндеме

Бұл мақалада әлемнің тілдік бейнесі мәселелері қарастарылады. Тіл біліміндегі әлем бейнесін зерттеген ғалымдардың ой-тұжырымдары сарапталады. Әлемнің тілдік бейнесі деген ұғым қазіргі таңда дүние жүзі бойынша көптеген ғалымдардың зерттеу объектісі болып келеді. Бұл мәселемен айналысу көне заманнан басталды деуге дәлелдер бар. Тек зерттеудің әр кезеңінде ғалымдар «әлемнің тілдік бейнесі» деген ұғым аясын кеңейтіп, тіл білімі ғылымына өз үлестерін қосуда. Сонымен қатар «әлем бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі», «әлемнің концептуалды бейнесі» туралы түсініктер баяндалады.

Тірек сөздер: әлемнің тілдік бейнесі, ойлау ерекшелігі, дүниетаным.

LANGUAGE PICTURE OF THE WORLD

315

Prof. Dr. Zharkynbike SULEIMENOVA

University Kazmkpu

Kazakhstan. Almaty

Candidate of Philology

ZH.A. ABITZHANOVA

Kazakh State Women's Pedagogical University

Almaty city, the Republic of Kazakhstan

E-mail: abitzhanova.zhanar@mail.ru

MASTER A.S. POLATOVA

Kazakh State Women's Pedagogical University

Almaty city, the Republic of Kazakhstan

E-mail: zhan.myrsa@mail.ru

Abstract

This article looks at the language picture of the world. The opinion of the researchers on the language picture of the world is considered. The notion of linguistic image of the world is now the object of many researchers around the world. There is evidence that the issue began with ancient times. Only at each stage of the research, scientists are expanding the concept of "language image of the world" and contributes to linguistic science. Characterized by the terms "picture of the world," "language picture of the world, a conceptual picture of the world."

Key words: language picture of the world, features of thinking, world view

Ғасырлар бойы қалыптасқан философиялық ойлау мәнері, қоршаған әлемді қабылдау үрдістерінің нәтижесі және ұлттық құндылықтар әлемінің көрсеткіші – халықтың санасындағы

дүниені бағалау, қабылдау, жалпы тіршілігі, әлемге деген көзқарасы болып табылады. Бұл жөнінде Г.А. Брутян былай дейді: «Нақты бір этникалық топтың тұлғалық терең мәні бар құндылықтар құрылымына сәйкес - күнделікті мінез-құлық пен жүріс-тұрысын қалыптастыруы ұлт ментальдығын көрсетеді. Бұл құндылықтар тұлғаның бойына әлеуметтік тұрақтану үрдісінде – жанұясымен, туыстарымен, достарымен, яғни, өзін қоршаған ортадағылар тарапынан қабылданады» [1, 11 б.]. Сол менталитеттің бірі тілдің қарым-қатынас, экспрессивтік тағы басқа қызметтерінен өзге тарихи жинақталған реалий және абстракт ұғымдарды көрсететін ұлттық-мәдени қызметін атауға болады.

Әр ұжым, әр ұлт шындықты өз биігінен таниды, ал өз биігі дегеніміз ғасырлар бойы қалыптасқан ойлау ерекшелігі, сана-сезімі, дүниетанымы болып табылады. А. Вежбицкаяның пікірі бойынша, тіл біріншіден, адамға қызмет ету үшін жаралған және әлемдегі объектілер мен құбылыстардың тілдегі барлық категориялары дамуға бағытталып жасалған. Бұл – кез келген тілдің қасиеті. Екіншіден, кез келген тілдің ұлттық ерекшелігі бар және тілде тек табиғи немесе мәдени ерекшеліктер ғана емес, сонымен қатар, ұлттық мінез-құлықтың ерекшеліктері де айқындалады [2].

Тіл білімінде әлем бейнесін көптеген ғалымдар зерттеу объектісі етіп алған: Б.А. Серебренников, Е.С. Кубряков, В.М. Поставалова, А.Леонтьев, Г.В. Колшанский, Г.А.Брутян, Н.Г. Комлев, Э.Д.Сүлейменова т.б.

«Әлемнің тілдік бейнесі» мәселесіне қызығушылық танытып, оны тереңдете зерттеген – неміс лингвисті В. фон Гумбольдт өз еңбегінде: «түрлі тілдер – ұлт үшін ерекше пайымдау мен қабылдау органдары болып табылады» дейді [3, 324 б.]. Аталған пікірді Е. Кассирер, Ш. Балли, Л. Вайсгербер сияқты ғалымдар қостаған болатын.

Америкада В. Гумбольдт зерттеулерін әрі қарай жалғастырған лингвистердің бірі –Эдуард Сепир. «Әлемнің тілдік бейнесі» ұғымын алғаш зерттеушілер ретінде Э. Сепирдің лингвистикаға қосқан үлесі зор. Э.Сепир «Тіл» (1927), «Грамматист және оның тілі» (1924), «Лингвистиканың ғылым ретіндегі статусы» (1929), «Қарапайым тілдердегі концептуалды категориялар» (1931) атты және т.б. мақалалар жазды. Ғалым «Лингвистиканың ғылым ретіндегі статусы» деген еңбегінде тілдің «социалды шындықтағы» жол көрсетуші екендігін көрсетеді. «Мы видим, слышим и вообще воспринимаем окружающий мир именно так, а не иначе, благодаря тому, что наш выбор при его интерпретации предопределяется языковыми привычками нашего общества» - деп жазады Э. Сепир [4, 261]. «Әлемнің тілдік бейнесі» ұғымы ғалымның еңбектерінде былай қарастырылады:

1) Белгілі бір тілдің шеңберінде алынған тілдік формалар әлемі таңбаланудың аяқталған жүйесі болып табылады. Бір тілден екінші тілге көшу психологиялық тұрғыдан бір геометриялық санау жүйесінен екіншісіне көшумен барабар.

2) Әрбір тіл психологиялық тұрғыдан алғанда қанағаттанарлықтай формалды түрде аяқталған бағыт-бағдарды иемденеді, бірақ бұл бағдар тілде сөйлеушілердің саналық ойлау жүйелерінің қатпар қатпарында тым тереңдеп орналасқан.

3) Тілдер іс-жүзінде психикалық үрдістердің мәдени қоймасы болып табылады [4, 255 б.].

Л. Вайсгербер «Неогумбольдшылардың лингвофилософиялық концепциясы» деген мақаласында «әлемнің тілдік бейнесі» деген терминді «Weltbild der Sprache» деп атап, алғаш рет тіл ғылымына енгізеді [5]. Лео Вайсгерберді тілдің идиоэтникалық мазмұны ерекше қызықтырды. Ғалым этникалық идеяны В. Гумбольдтың тілдің ішкі формалары жайында жазған еңбектерінен тапқан. Л. Вайсгербер 30-жылдардың басында «Әлемнің тілдік бейнесі» ұғымын тұжырымдауды бастайды. Өзінің «Ана тілі, ойлау және іс-әрекет арасындағы байланыс» деп аталатын тұңғыш мақаласында «белгілі бір тілдің сөздік қоры барлық тілдік таңбалар жиынтығынан және сол тілдік қоғамның үлесінде болатын ұғымдық пайымдау құралдарынан тұрады; сол тілде сөйлеушілердің әрқайсысы осы сөздік қорды меңгеру шарқына қарай осы тілдік қоғамның әрбір мүшесі өз ұлтына тән пайымдау құралын да меңгереді; осы тұрғыда ана тілдің мүмкіндігі өз түсініктерінде белгілі бір әлемдік бейнені иемденетінінен және осы бейнені өз қоғамының барлық адамдарына тарататындығынан тұрады» деп жазады [5].

Ғалым «әлемнің тілдік бейнесін» тікелей тіл феноменімен байланыстырады, дегенмен ол бейне бүкіл тіл бойынан емес, тек тілдегі сөздік қордан көрінетінін айтады. Кейіннен Л. Вайсгербер «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымындағы сыртқы объективті дүниенің ролін төмендетіп, тіпті назарынан тыс қалдырып, оның дүниетанымдық, субъективті ұлттық, идиоэтникалық жағын қарастыра бастайды. Дүние дегенді дүниеге көзқарас деп алып, Л. Вайсгербер 1953 жылы жазған «Мазмұнға бағдарланған грамматика» атты кітабында тілдің ішкі пішінінің әсері адамдық рухтың мүмкіншіліктері мен жағдайларына сәйкес, болмыстың әр тілдің жеке болмысына айналуына көмектеседі дейді [6].

Л.Вайсгербердің объективті дүниенің тілге қатысы жайлы тұжырымдары әлемнің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесін салыстыра зерттегенде өзгере бастады. Ол Эрнест Кассирердің «Символикалық пішіндердің философиясы» деген еңбегінде философиялық таным ең алдымен тіл мен мифтің құрсауларынан арылуы қажет деп жазғанымен келіспеді. Сайып келгенде Э. Кассирер әрбір теориялық танымның алғышарты тіл арқылы құрылған дүние және барлық ғылым адамдары заттарды тіл қалай көрсетсе солай қабылдайды дегенді айтады. Э. Кассирердің пікірі бойынша тіл айналымындағы ғылыми таным одан босап шығуы керек, өйткені тілдердің сан алуан дүниетанымды тасымалдаушы болуы ғылымның универсалдылығына сәйкес келмейді [7].

Американ лингвисті Б.Уорф әлемнің ғылыми бейнесі әлемнің тілдік бейнесінен туындайды дейді. Ол «Біз табиғатты және де бүкіл дүниені біздің ана тілімізбен көрсетілген бағытта бөлшектейміз. Біз құбылыстар әлемінде қайсібір категорияларды өздігінен білініп тұратыны үшін емес, керісінше, дүние біздің алдымызда біздің санамызбен реттеліп, ұйымдастырылуы тиісті түрлі әсерлердің калейдоскоптық толқыны түрінде көрінетінінен байқап ажыратамыз. Сана арқылы реттеледі дегеніміз - санамызда сақталатын тілдік жүйе арқылы бір ретке келтіріледі деген сөз» [8]. Б. Уорфтың пікірінше әлемнің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесі арасына теңдік белгісін қойған жөн. Өйткені әлемнің тілдік бейнесі жалпы халықтық, үйреншікті сананы кескіндейді. Америкалық ғалымның тұжырымы бойынша біз қоршаған ортадан алған барлық әсерлерімізді реттеу мақсатымен осы сананың елегінен өткізуіміз қажет.

Л. Вайсгербер әлемнің ғылыми бейнесінің универсалды болуы оны кеңістік және уақыт жағдайларынан тәуелсіз болуында, және де ғылым нәтижелері адамзаттың рухына сәйкес болған жағдайда ғана ғылымның универсалдылығы танылады деген пікірді баса айтады. Л. Вайсгербердің ойы бойынша әр адам өзінің ана тілін меңгеру және қолдану процесінде маневр жасауға мүмкіндігі бар, және адам бұл тұрғыда өзінің жеке тұлға ретіндегі өзіндік ерекшелігін сақтай алады дейді. Бірақ бұл жерде Л. Вайсгербердің тұлғаның қзіндік ерекшелігі деп отырғаны оның әлемдік тілдік көріністің ұлттық ерекшелігімен шектелген. Сондықтан да Л.Вайсгербердің айтуы бойынша, әр ұлт қоршаған ортаны, дүниені өз танымы арқылы өз көкжиегінен көреді [5, 56 б.]. Бұл жердегі Л. Вайсгербердің «әр тілде сөйлейтін адамдар әр түрлі дүниеде өмір сүреді» дегені Э.Сепирдің пікірімен сәйкес келеді. Л. Вайсгербер өз еңбектерінде адамның өзінің ана тілінен танымдық тәуелділігін көрсету үшін біршама лексикалық мысалдар қолданған. Осы жерде сол мысалдардың ең көрнектісін айта кеткен жөн. Ол аспандағы түрлі шоқжұлдыздарға қойылатын есімдер турасында. Әр тілде жұлдыз атауларының саны әр түрлі болуына байланысты осы тілде сөйлеушілердің де жұлдыздар әлемі әр түрлі болады. Сөйтіп, қарастыра келе Л. Вайсгербер грек тілінде тек - 48 жұлдыз атауларын тапса, қытай тілінде – 283 атау бар екенін анықтаған. Сондықтан, дейді ғалым, гректің өз жұлдыздар әлемі, қытайлықтардың өз жұлдыздар әлемі бар деп тануымыз керек.

Осы тақырып саласында жұмыс істеген келесі бір американдық ғалым Бенжамен Ли Уорф. Л. Вайсгербер сияқты Б.Уорф та тілдің идиоэтникалық жағын көп қарастырып, «біз дүниені бөлшектейміз, ол бөлшектерді ұғымдарға топтастырамыз, таңбалау үрдісі де тек сол ретте қойылады, өйткені біз тап осы жүйелілікті талап ететін келісім шарттың мүшелеріміз. Бұл келісім белгілі бір тілдік ұжымда ғана күшіне ене алады» дейді [9, 45-48 бб.]. Б. Уорф әлемнің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесін салыстыра отырып, ол бейнелердің екеу де «қоршаған дүние анализдерінің жүйесі» дейді. Бірақ екі бейне арасындағы айырмашылық тілдік бейне – тілді өздері жасап, сол тілде сөйлеушілердің еңбегінің нәтижесі болса, ғылыми бейне – ғылым

адамдарының еңбегінің нәтижесі деп тұжырымдайды. Біріншісі тұрмыстық түсінікті бейнелесе, екіншісі ғылыми түсінікті бейнелейді. Өзінің кейінгі салыстыруларында Б.Уорф әлемнің тілдік бейнелері ғылыми бейнелерден әлдеқайда бұрын пайда болғанын және осымен байланысты мазмұндық жақтарының да әлдеқайда бай болып келуін айтады. Оған қосымша тілдік бейнелер универсалдылыққа ұмтылған ғылыми бейнелерден алуан түрлілігімен және плюралистік сипатқа ие болуымен ерекшеленеді. Жоғарыда келтірілген тілдік бейнелердің аипаттаулары Б. Уорфты ғылымның бұлақ көзі объективті шындық емес, сол объективті шындықтың тілдегі көрініс болуы қажет деген ойға келтірді. Б. Уорфтың пікірі бойынша құбылыс, болмыс, зат, ара қатынас және тағы сол сияқты философиялық категориялардың мәнін түсіндіруде бұл атаулардың объективті мазмұнына емес, олардың тілдегі таңбалануларына назар аудару қажет дейді. Өйткені, болмыстың немесе құбылыстардың мағынасын олардың табиғаттағы түрімен анықтамаймыз, әлдебір тілдің грамматикалық категорияларымен анықтаймыз дейді.

Осы мәселені қазіргі таңда зерттеушілердің бірі, ресейлік ғалым В.П. Даниленко «Языковая картина мира в гипотезе Сепира-Уорфа» (1999) атты еңбегінде Б.Уорфтың көптеген жұмыстарын талдай келе оның таным процесіндегі тілдің ролін асыра бағалауымен келіспейді және де әлемнің тілдік бейнесі ғылыми жетістіктердің алғы шарты бола алмайды, өйткені әрқашан алғы шарт, бұлақ көзі болып қалатыны объективтік шындық болмыс деп көрсетеді [44 б.]. Сепир-Уорф гипотезасы тілдің семантикалық жағына аса көңіл бөлуімен, тілді белгілі бір халықтың мәдени ерекшеліктерімен тығыз байланыста зерттеуге талпынумен, бірақ сонымен қатар идеалистік және метафизикалық алғышарттық позициялар салдарынан адам санасын құраудағы, әлемнің тілдік бейнесін алдын ала анықтаушы дүниетанымды құрудағы тілдің белсенді ролін асыра бағалаумен сипатталатын тіл білімі бағыты болып қарастырылатын американдық неогумбольдтандықтың аса маңызды өзіндік ерекшеліктерін қамтиды. Неогумбольдтандықтар әлемнің тұтас бейнесі тілдің көмегімен адам санасы арқылы құрылады деп есептеп, адамның танымдық мүмкіндіктерінің адамға әлемнің тілдік бейнесін құрауға көмекші болатын тілдің қасиеттерімен шектелуін мойындайтын «лингвистикалық агностицизм» жағына бұрылып немесе кетіп отырған. Әлемдік бейненің ұлттық өзіндік ерекшелігі неогумбольдтандықтармен жылдар бойы тарихи дамудың нәтижесі ретінде қарастырылмай, анау бастан тілдерге берілген қасиет деп саналды.

Әлем бейнесінің тілде көрініс табуы қалай жүзеге асады деген сұраққа жауап іздей келе, Б.А. Серебренников «Язык и мышление» (1988) атты еңбегінде: «Әдетте әлем бейнесінің тілдегі көрінісі мәселелерін зерттеуде мынандай үштікті негізге алады: адамды қоршаған шындық, осы шындықтың адамның миындағы көрінісі және көрініс нәтижелерінің тілде айтылуы» - деп жазады [87 б.].

Н.Ю. Шведова «Язык, культура, общество: проблемы развития» (1986) атты еңбегінде: «Тілдегі әлем бейнесі дегеніміз – халықтың көп ғасырлық тәжірибесі негізінде және тілдегі бірліктер арқылы жасалатын бүкіл тіршіліктің бүтін және бөлшекті әлем ретіндегі бейнесі. Өз құрылымында ол біріншіден, оның материалды және рухани өмірін, екіншіден, оны қоршаған кеңістік пен уақытты, тірі және тірі емес табиғатты, адам өзі ойлап тапқан мифтер социумды көрсетеді» [15 б.].

Г.В. Колшанский «Объективная КМ в познании и языке» (1990) атты еңбегінде былай дейді: «адам санасында орын алған әлем бейнесі объективті әлемнің белгілі бір материалды формада бекітілген және қолданылған екінші мәні, мағынасы. Осы материалдық форма тіл болып табылады» [18-26 бб.]. Ол Г.Д. Гачев және тағы басқа ғалымдардың әлемнің ұлттық бейнесі туралы пікірлерін сынға алып, «әр ұлт әлемді өзінше, алуан түрде қабылдауының» мүмкін еместігін, өйткені, халықтар бір – бірін логикалы түрде түсінеді, әлемді игеруде ұлттар ортақ тәжірибеге ие екендігі туралы айтады [18-26.].

Ғылымда «тілдегі әлем бейнесі ұғымы» жаңа категориялардың біріне жатады және оның зерттелуі әлі көп уақыттық еңбекті қажет етеді. Лингвистикада *тілдегі әлем бейнесі* және *әлемнің тілдегі ұлттық бейнесі* сияқты екі түрлі термин қалыптасқан. Г.Д. Гачевтің «Опыт выявления мотивированности» (1975) атты еңбегінде былай дейді: «ұлттық әлем бейнесін анықтау үшін ұлттық өмір бүтіндей қарастырылады: табиғат, оның құбылыстары, тұрмыс,

фольклор, поэзияның образдылығы, кеңістік пен уақыттың қарым-қатынасы т.с.с.». Ал осының бәрін, бірінші кезекте, тіл арқылы біле аламыз. Кез келген этностың тілін білу үшін аударма және салыстырма тәсілдері қолданылатыны белгілі [89 б.].

В.А. Маслова «Заметки по теории лингвокультурологии» (1998) атты еңбегі бойынша, «тілдегі әлем бейнесі ұғымына сөздің ішкі мағынасы, сөйлемдер мен пайымдаулар, сөз мағынасының өзгеруі, ауыспалы мағынада қолданылуы, сөздің эмоционалды қызметі, оның қолданылуының жеке сыры мен қыры» жатады [37 б.].

Л.З. Будагов «История слов» (1971) атты еңбегінде мынадай анықтама береді: Дүниенің тілдік бейнесі дегеніміз – белгілі бір тілде көрініс тапқан, сол ұлт өкілдеріне ортақ, ұжымдық тәжірибе негізінде жасалған білімдер жүйесі. Дүние тіл арқылы танылады, танылған дүние тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады [16 б.].

Әлемнің тілдік бейнесі деген ұғым қазіргі таңда дүние жүзі бойынша көптеген ғалымдардың зерттеу объектісі болып келеді. Бұл мәселемен айналысу көне заманнан басталды деуге дәлелдер бар. Тек зерттеудің әр кезеңінде ғалымдар «әлемнің тілдік бейнесі» деген ұғым аясын кеңейтіп, тіл білімі ғылымына өз үлестерін қосуда.

Сонымен, этникалық топтың тұлғалық құндылықтары ұлт ментальдығын танытады, яғни бұл құндылықтарға тұлғаны қоршаған ортадағылар тарапынан әсері болады. Әр ұжым, әр ұлт шындықты өз биігінен таниды, ал өз биігі дегеніміз ғасырлар бойы қалыптасқан ойлау ерекшелігі, сана-сезімі, дүниетанымы болып табылады. Тіл адамға қызмет етеді, оның табиғи, мәдени ерекшеліктерінен өзге ұлттық сипаты бар. Психикалық үрдістердің мәдени қоймасы - тілдер болып табылады. «Әлемнің тілдік бейнесі» тіл феноменімен байланысты, ол бүкіл тіл бойынан, әрі тілдегі сөздік қордан байқалады. Әлем бейнесінің тілдегі көрінісі адамды қоршаған шындық, осы шындықтың адамның миындағы көрінісі және көрініс нәтижелерінің тілде айтылуы сияқты үштікті негізге алады. Тілдегі әлем бейнесі тіл бірліктері арқылы халықтың көп ғасырлық тәжірибесі негізінде жасалған бүкіл тіршіліктің бүтін және бөлшекті әлем ретіндегі бейнесі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Брутян Г.А. Языковая картина мира и ее роль в познании // Методологические проблемы анализа языка. - Ереван, 1976. – С. 11 б.
2. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – Москва: 1996. – 365 с.
3. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. Пер. с нем. – Москва, 2000. – 400 с.
4. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – Москва, 1993. – 656 с.
5. Вайсгербер Л. Родной язык и формирование духа. – Москва, 1993. – 135 с. – 224 с.
6. Радченко О.А. Язык как мирозидание. Лингвофилософская концепция неогумбольдтианства Т.1. –Москва, 1997. – 256 с.
7. Кассирер Е. Культура как объект системного исследования. – Ленинград, 1956. – 116 с.
8. Уорф Б.Л. Отношение норм поведения и мышления к языку. Новое в лингвистике. Вып. I. - М.: 1980. - 123 с.
9. Уорф Б.Л. Наука и языкознание // Новое в лингвистике. Вып. 1. –М.: 1960. – С.45-48. - с. 174.
10. Даниленко В.П. Языковая картина мира в гипотезе Сепира-Уорфа. -1999. – 120 с.

ҰЛТТЫҚ БАСКИМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Жазира Нұрсұлтанқызы

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Болашақ университеті

Қызылорда, Қазақстан Республикасы

zhaznur@mail.ru

Түйіндеме: Қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшелігін танытатын этнографизмдердің бірі – киім-кешек. Әр халықтың ұлттық киімі өзінің айшығымен басқа халықтың киімдерінен ажыратылып отырады. Қазақ халқының киіну мәнері көшпелі тұрмыстың салтымен тығыз байланысты. Мақалада баскиім атауларының ұлттық-мәдени негізі қарастырылады.

NATURE OF THE NATIONAL HEADGEAR NAMES ETHNOCULTURAL

Zhazira Nursultanevna

Candidate of philological sciences, associate professor

Bolashak University

Kyzylorda, Republic of Kazakhstan

zhaznur@mail.ru

Summary: One of the ethnographies representing the national and cultural identity of the Kazakh people is clothing. The national costumes of every nation, in its own right, are separated from other people's clothing. The style of the Kazakh people is closely linked to the tradition of nomadic life. The article considers the national-cultural basis of the names of the heads.

Әр этностың ұлттық киімі өзінің шаруашылығын, тұрмыстық өмірін, ұлттық дәстүрін, мәдени ерекшелігін, ұлттық мінезін, ұлттық дүниетанымын танытады. Киім-кешек адамдарға әлеуметтік және этикалық қызмет атқарады. Қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшелігін танытатын этнографизмдердің бірі – киім-кешек. Әр халықтың ұлттық киімі өзінің айшығымен басқа халықтың киімдерінен ажыратылып отырады. Қазақ халқының киіну мәнері көшпелі тұрмыстың салтымен тығыз байланысты. Адамның үстіндегі киіміне қарап әлеуметтік жағдайын, жыныстық ерекшелігін, жас мөлшерін, этникалық ортасын аңғаруға болады. Осыған байланысты қазақ халқының ұлттық киімдері жас және жыныс ерекшеліктеріне сәйкес мынадай түрлерге бөлінеді: сәби киімі, бала киімі, бозбала киімі, бойжеткен киімі, қалыңдық киімі, келіншек, бәйбіше киімі, күйеу, жас жігіт, ақсақал киімдері т.б. Сол сияқты той, жиын, аза кезінде киетін киім түрлері де болған. Киім сонымен бірге этникалық (рулық, жүздік, аймақтық т.б.) және жалпы ұлттық ерекшеліктерді бейнелейді. Киім адамның жас ерекшелігі, әлеуметтік ортасы туралы хабар бере келіп, коммуникативтік қызмет атқарады.

Қазақ халқында баскиімдері жыныстардың гендерлік ерекшеліктеріне орай ерлер баскиімі, әйелдер баскиімі болып бөлінеді. Ерлердің баскиіміне: тымақ, бөрік, тақия, қалпақ, мұрақ, құлақшын, малақай, жалбағай, башлық, далбай, күләпара, пәс, топы т.б. жатады.

Тақия – сәтен, шұға, барқыт тәрізді маталардан тігіледі. Тақияның зерлі, үкілі, оқалы, сырма, шошақ төбе, тікше, қатипа тәрізді бірнеше түрлері бар.

Оқалы тақиясының жібек шоғы ырғала түседі (М.Әуезов «Абай жолы»). Ол ән, асқақ есіп соққанда, Көкшенің қалың сыпсың қарағайы – мынау әнші басындағы **оқалы тақияның** жібек шоғындай болып, теңселіп барып, төгіле жапырылып, жол береді, бас иеді... (М.Әуезов «Абай жолы»). Басында хажы сапарынан киіп қайтқан **шошақ төбе ақ тақиясы** бар (М.Әуезов «Абай жолы»). Базар қолды, тікше келген, ұнамды **қара қатиға тақиясы** бар (М.Әуезов «Абай жолы»).

Қалпақ – ақ киізден, қалың матадан жасалады. Қойдың ақ жүнінен, қозының ақ күзем жүнінен, ешкінің ақ түбітін қосып басқан шымыр киізден тігіледі. Еркектердің жеңіл баскиімі [ҚТТС,594].

Мұрақ – екі жағы қошқар мүйізді, лауазымды адамдар киетін қалпақ. Оны сән-салтанатқа киеді.

Пәс – шашақты биік тақия.

Топы – жан-жағы тік, төбесі шошақ жалпақ тақия [ҚТТС,205]. Танабайдың қызы басына күмістенген, үкілі қызыл шұбар **топысын** киіп, үйге бір кіріп, бір шығып жүр (С.Сейфуллин. шығ. Жин.). Олар да кимешек орнына ылғи қымбатты тастармен кестелеп, шимайланған **топы**, мойындарында жібек бөкебай (С.Шәріпов «Бекболат»).

Айыр қалпақ – аса қымбат матамен тысталып, ішіне жұқа киіз немесе қалың мата салынып сырылып тігілетін ер адамдардың баскиімі. Сыртына өсімдік тектес өрнек салынып, алтын жіппен зерленеді. Оны ертеде, негізінен, хан-сұлтандар салтанатқа киетін болған.

...көпшік жайылған төрге **алтынды айыр қалпақ**, шолақ жең ұшы шым жібектен кестеленген жарғағын желбегей жамылған Ораз-Мұхамедтің өзі отыр (М.Мағауин «Аласапыран»). Оған басына **алтын оқалы айыр қалпақ**, үстіне етегі төгілген, өңірі мен екі шалғайы әшекей әдіпті, жон арқасы мен қос омырауы оюлы қызыл шапан... (М.Мағауин «Аласапыран»).

Тымақ – қасиетті баскиім. Тымақ – аңның немесе малдың терісінен тігілетін қыстық баскиім. Тымақтың тігілген терісіне байланысты түлкі тымақ, елтірі тымақ, құндыз тымақ, қарсақ тымақ сияқты түрлері бар. Тымақ төрт сайлы, биік төбелі, суықтан қорғайтындай етіп тігіледі. Тымақтың екі құлағы және мойынды жауып тұратын артқы етегі болады. Тымақты айырбастауға болмайды, аяқ тигізбейді. Жақсы кісілердің тымағы атадан балаға мұра есебінде қалып отырған. Ертеректе қазақтар шала туған баланың неше күні кем болса, сонша күн тымаққа салып, кереге басына іліп қоятын болған. Тымақтың теріс киілуі – бүкіл бір жұрттың арыстай азаматынан айырылып, жұртының қабырғасы қайысқанын, яғни өте ауыр қазаны білдіреді.

Мысалы, Олары өзге қыздан бөлінгенде байқалды. Бастарына еркектің баскиімін киіпті. Қара мақпалмен тыстаған жұқа қара **елтірі тымақтары** бар. Қыз кимейтін **баскиімнің артын алдына келтіріп, теріс киіпті**. Енді ғана анық көрінді, орталарына жетекке алған тұлданған қара көк аттың үстіне Бөжейдің ертоқымы ерттеліпті. Ер үстіне сол Бөжейдің осы өткен қыста Қарқаралыға киіп барған қызыл күрең ішігі жабылыпты. Ердің қасына қамшысын шәншіп, соған да **теріс қаратып**, Бөжейдің қысқы **түлкі тымағын кигізіпті** (М.Әуезов «Абай жолы»).

Ертеректе қазақ халқы тымағына қарап қай жүздің, қай рудың адамы екенін тани білген. Яғни, Арғын тымағы, Жалайыр мен Найман тымағы, Семей тымағы деген үлгілері болған. Ғалым Е.Жанпейісов өз еңбегінде тымақтың этнолингвистикалық табиғатын аша келіп, бірнеше түрін көрсетеді: төрт сай қарқаралы тымағы; алты сай сырма найман тымағы; жіңішке, ұзын төбелі керей тымағы; сегіз сай уақ тымағы; төрт сай аласа төбелі тобықты тымағы; алты сай тобықты тымағы т.б. [1,130]. Тымақтың жаба салма тымақ, қайырма тымақ, дөңгелек төбелі тымақ, шошақ төбе тымақ, жекей тымақ сияқты түрлері бар.

Бұнда төрт сай, **аласа төбелі Тобықты тымағы**, жіңішке, **ұзын төбелі Керей тымағы**, сырмаланған **алты сай Найман тымағы**, **сегіз сай Уақ тымағы** бар (М.Әуезов «Абай жолы»). Дулығасыз **түлкі тымақ** киген, мылжа-мылжа болған төртбақ денесі анадай жерге дейін домалап кетті (І.Есенберлин «Алмас қылыш»). Ал қыс болса киері – түйе жүн қалың күпі, тозығы жетіп қалған **қарсақ тымақ** (І.Есенберлин «Жанталас»). Басында жарғақ тысты **құндыз тымақ** қара мақпал жеңіл құндыз ішігінің сыртынын бозғылт түйе жүн шекпен жамылған (І.Есенберлин «Қаһар»). Астарындағы жұпыны аттары мен үстеріндегі **елтірі тымақ**, түйе шекпен, сірі етік, бұлардың кедей ауылдан екенін аңғартады (І.Есенберлин «Қаһар»).

Бөрік. Оны ерлер мен бірге әйелдер де киеді. Сырты мақпал, пүліш, барқыт тәрізді қымбат маталардан жасалады. Жиегіне қымбат бағалы аң, мал терісі ұсталатын бөріктің жазғы, қысқы түрлері болады. Төбесі көбінесе, төрт сай немесе алты сай болады. Қыздар киетін бөрік дөңгелек төбелі конус тәрізді биіктеу болып келеді. Сал-серілер бөріктеріне үкі таққан. Аңның

терісіне қарап оларды құндыз бөрік, кәмшат бөрік, түлкі бөрік, күзен бөрік деп атайды. Ал сеңсең бөрік – сабалақ жүнді елтіріден жасалады.

Қазандай-қазандай бастарындағы **сеңсең бөріктерін** серпілдете, қолдарындағы көк найзаларын күнге ойната, жау шебіне садақ оғы жетер жерге жеткенше жұбын бұзбай, кішігірім тайлақтай астарындағы текежауыт, ақалтеке сәйгүліктерін желе шоқытып, жауар бұлттай тұтаса келе жатқанда қандай жау жүрек әскер болса да бір әбігерленіп қалатыны айдан анық (І.Есенберлин «Алмас қылыш»). Мінбеге қияқ мұтты, ақсұл келген **құндыз бөрікті**, отыздар шамасындағы жігіт шықты (І.Есенберлин «Жанталас»).

Қазақ халқы бөрікті тек киім ретінде емес, этникалық құндылық ретінде жоғары бағалаған. Қарым-қатынас жағдаяттарында біреудің аяғына жығылып, кешірім өтінгенде, бөрікті шешіп оның аяғына тастап, кешірімін алған. Осындай бейвербалды амал кешірім сұрау ретінде қолданылып отырған. Сондай-ақ «бөркін аспанға ату» кинемасы адамның қатты қуану әсерінен туған.

Құлақшын – бағалы аң терілері мен бұзау, құлын, қозы-лақтың бұйра терісінен (елтірі) тігіледі.

Малақай – аң терісі мен елтіріден арасына жүн, мақта салып, сырып тігеді.

Сәлде – молдалардың орап киетін баскиімі. Көтеріле ашылған есіктен жасы қырықтың жуан ортасына жаңа келген, қайратты, төртпақ тұлғалы, қаба сақал, ширатылған ұзын бурыл мұртты, үстіне киіп, басына **әсем көк сәлде** ораған келбетті кісі иіле қол қусырып ішке кірді (М.Мағауин «Аласапыран»).

Жалбағай, башлық, далбай, күләпара. Оларды тымақ тәрізді етіп қалың не жұқа ақ киізден тігіледі. Жалбағай – малшылардың жаздық баскиімі. Матадан астар салынып тігілетіні – күләпара, қысқа киетін түрі – жалбағай.

Сырдың бойынан, қырдың қойнынан өре түрегелген өңшең **жалбағай** тымақтылар тұс-тұсынан қалың қолға қосылып кетті (І.Жансүгіров. Шығ.жин.). «Күлә» парсы тілінен аударғанда баскиім деген мағынаны береді. Мауыттан, шұғадан, шидемнен тігіледі. Басты шаңнан қорғау үшін жазда не жаңбыр мен қардан сақтану үшін қыста тымақтың сыртынан киетін жеңіл баскиімнің бір түрі.

Күн кешкірді. Өзірге дүние тек қабағын түйіп тұрған тәрізді. Қазанғап **күләпарасын** жаңа киді басына (Ғ.Мұстафин. (Дауыл)). Жалбағайды тымақ сыртынан да киген. Түйе жүн далбайды ертеде түріктер «башлық» деп атаған. Ақ таяғын кеудесіне тіреп, бара **далбайды** баса киіп Әлекең тұр (Б.Майлин. Шығ.жин.).

Делегей – қыста қардан, жауын-шашыннан қорғану үшін құлақшынның, тымақтың сыртынан киетін жамылғыш бас киім.

Қазақ әйелдері жасы мен отбасы жағдайына байланысты өзіндік ерекшелігі бар баскиімдер киген. Олардың жазғы, қысқы түрлері болады. Әйелдердің негізгі баскиімдері: бергек, бөрік, жаулық, желек, жырға, кимешек, күндік, орамал, қарқара, сәукеле, тақия, шәлі т.б. Бойжеткен қыз бен тұрмысқа жаңа шыққан жас әйелді, дүниеге сәби әкелген ананы, өмірден көргені мен түйгені мол саликалы бәйбішені ата-бабаларымыз, ең алдымен олардың баскиімінен ажыратқан. Қыздар бастарына үкілі тақия, кәмшат бөрік киген.

Тақия. Оны қымбат матадан тіккен. Бұл – ерлер тақиясынан басты ерекшелігі. Қыздардың тақиясы міндетті түрде үстіндегі камзолға, бешпентке сәйкес келуге тиісті. Етегі, жоғары бөлігі алтын немесе күміс паршамен оюланып, сәнді жіптермен тақияға зер төгіледі. Қыздар киетін тақиялар жібек, зер жіптермен кестеленіп, моншақ, асыл тастармен безендіріледі. Сонымен бірге тақияларына үкі тағылады.

Қырыққа таяп қалған Хақназардың түрулі шәйі шымыллықтың астында ақ дүрия көйлек, оқалы бешпент киген, басында **үкісі бұлаңдаған асыл тасты жағалбайлы шошақ тақиясы** бар қалыңдығын көргенде, жүрегі шымыр ете қалды (І.Есенберлин «Жанталас»).

Қыздар кепеші. Қабырғасы биік, төбесі дөңгелек, ою-өрнектермен, моншақ, асыл тастармен безендірілген сәнді баскиім.

Сораба – «қыздар киетін, тақия тәріздес, бірақ артында салпыншағы, төңірегінде шашағы бар баскиім» [2,578]. Қыздар тіл-көзден аман болсын деп, оларға ырымдап кигізеді.

Бергек – жаңа түскен келіншектің әшекейлі баскиімі, той өткен соң киетін сәукеленің жеңіл түрі.

Жырға – асыл тас, моншақ тізіп тіккен, көп салпыншақты сәнді баскиім.

Бөрік. Аң терісінен тігіледі, жиегіне жұрын жүргізіледі. Бөріктің этникалық және әлеуметтік мәніне байланысты: алтай қызыл бөрік, қамқа бөрік, қазақы бөрік, қарқаралы бөрік, құлын бөрік, құндыз бөрік, нар өркеш бөрік, ноғай бөрік, оқалы бөрік, шеркеш бөрік, шоқты бөрік т.б. түрлері бар.

Арғы беттен астындағы жорғасын жанындағы серік қызына ұстатып, төмен қарай асыға аяндаған **үкілі бөрікті**, былқ-сылқ басқан жас сұлу (І.Есенберлин «Алмас қылыш»). Басындағы алтай құндызынан тіккен шөк үкілі **кәмшат бөркі** де, үстіндегі дүрия шайы қос етекте көйлегі де, белін қынай киген қамқа ішігі де, гауһармен безенген алқасы мен аяғын басқан сайын қоңыраудай сылдып қаққан қақтаған алтын шолпысы да басқалардікінен анағұрлым қымбат, өзгеше (І.Есенберлин «Алмас қылыш»). **Түлкі бөрікті** қыз жамбы жанында шоғырланған топқа қарап бірдемені сұрады да, қолындағы сойылын қасында тұрған жігітке ұстата беріп, оның садағын алды (І.Есенберлин «Алмас қылыш»).

Қарқара. Биік төбелі, милығына айнала құндыз тұтады. Маңдай тұсын жоғарыдан төмен қарай үшкілдеп жырға тігеді. Оған құтанға, тырнаға ұқсас сұңғақ, сымбатты құс – қарқараның қауырсыны қадалады. Бұл қыз баланы пәле-жаладан сақтап жүрсін деген ырым бойынша жасалады.

Желек – «жас келіншектің басына жамылатын шәлі. Жаңа түскен келінге жыл өткен соң сәукелесі алынып, желек кигізіледі» [ҚТТС,62]. Қазақ әйелдерінің баскиімдері практикалық қызметінен өзге әйелдердің отбасылық жағдайының көрсеткіші болып табылған. Олар желекті тұңғыш баласы, кейде екінші баласын туғанға дейін киген.

– Ауылдағы енелер мен абысындарға қосылып Ділде келініне кимешек-шаршы, **қалың жібек желек** кигізіп жіберіпті (М.Әуезов «Абай жолы»). Тап орта тұста басына **қара желек** жамылған Бөжейдің бәйбішесі аңырап отыр (М.Әуезов «Абай жолы»). Қазір басында **желегі** бар жас келіншек қалың қонақ ортасында, Абай қасында отыр (М.Әуезов «Абай жолы»).

Кимешек. Жас келіншектерден бастап егде әйелдерге дейін киетін дәстүрлі ұлттық баскиім. Ақ матадан, жібек матадан тігіп, әртүрлі әшекеймен безендіріледі. Қазақтың салт-дәтүріне сәйкес жас келіншек балалы болғаннан кейін кимешек киюге тиіс. Төменгі бөлігі – кимешек, жоғарғы бөлігіне жаулық оралады. Кимешек кеудені, иықты, жонды жауып тұрады, бет-әлпеті көрінетін жері ойық келеді. **Кимешек** – «ақ матадан тігіліп, омырауы мен арқасын жауып тұратын, беті ойылып жасалған әйелдің ұлттық баскиімі» [ҚТТС,34]. Қазақ әйелдері тұңғыш баласын туған соң оның басынан желегі алынып, кимешек кигізіледі.

Әйтсе де, маңдайы оқалы, **биік төбе сұлама кимешек** оның өңіне қайғылы емес, салтанатты кейіп беретін (М.Мағауин «Аласапыран»). Кенет қыр жаққа қарап, тәкәппар кейіпте еңсесін жазды да, жағы шашақ оқалы биік **кимешегін** артқа қарай ысыра, жұқа әжімді, жазық маңдайын көтеріп, қатты да қалды (М.Мағауин «Аласапыран»).

Шылауыш немесе жаулық. Ақ түсті матадан немесе жібектен тігілген жаулықты егде әйелдер басына орап киеді. Жаулық әр руға байланысты әрқилы аталады. Шығыс Қазақстанда матаның көлеміне қарай оны шаршы деп, Жетісу, Алтай өңірінде шылауыш деп атап, аналарды «ақ жаулықты аналар» деп ардақтайды.

Жаман тымақ, жыртық шапанды ерлер, шұбылған көйлек, **желбегей жаулықты** әйелдер – алтын ер, күміс тұрманды арғымақ атқа мінген қымбат киімді жас сұлтан мен сұлу ханымға жер асты патшалығынан келген адамдардай үрке, жатырқай қарап, безірейе состиып қалған (М.Мағауин «Аласапыран»). **Жаулық** астынан көрінген самай шашы бұл күнде аппақ болған Ұлжан, бұрынғысынша етті болса да, қазір кәрілікке жеңгізгендей (М.Әуезов «Абай жолы»).

Орамал. Ол пішіміне сәйкес шаршы, қиықша болып бөлінеді. Орамалды жаулық деп те атаған. «Жеті жарғы» бойынша қылмыстық, бұзақылық істе ол үшін кімге, кімнің құн төленетінінің орнына «сары жаулық» жүрген. Бұл жаулық құн төлеуге келіскендікті білдіреді. Күйеуі өлген әйел өзінің қаралы екендігін таныту үшін бір жыл бойы сары жаулықты тағып жүретін болған. **Бөртпе** – жібектен шашақтап тоқылған баскиім.

Салы – жібектен, матадан шашақталмай, қалындау келген баскиім түрі. Бірақ, ол бетіне салы жамылып, сырт беріңкіреп, қырын отыр (М.Әуезов «Абай жолы»). Бөжейдің қызы да бастарындағы бөркін тастап, қара салыны шорт байласып алыпты (М.Әуезов «Абай жолы»).

Шәлі – торғын тектес, үлпілдек, жұмсақ матадан немесе ешкі түбітінен жасалған баскиім түрі. –Мойнында әсемдеп, кең ораған құбылма түсті **торғын шәлі** (М.Әуезов «Абай жолы»). Және екінші қолымен келіншегін құшақтай қошеметтеп, **торғын шәлісінің** сыртынан құрметтей сипады (М.Әуезов «Абай жолы»). Ең шеткі – тұр-тұлғасы Көшекке ұқсас, жалпақ бет, тәмпиш мұрын, шегір көзді, бірақ өңі сары емес, қоңырқай, басына **ақ торғын шәлі** салған, жасы кіші шешемен қушық иықты, бөкселі әйел – Асыл-ханым (М.Мағауин «Аласапыран»). Алтын-ханымның сол жақ қарында – буы бұрқыраған шүмекті көнек, басында – орыстың қалың, **түбіт шәлісі**, үстінде, етегі шұбатылған жібек көйлек сыртынан желбегей кие салған, өңіріндегі оқасы ыдыраған көнетоз мақпал шапан (М.Мағауин «Аласапыран»). Арқасына бадам өрнекті **кермен шәлі** жамылып, оның омырауға түсіре байланған ұшына салақтатып алтын қын, сүйек сапты қанжар ілген... (М.Мағауин «Аласапыран»).

Бөкебай – түйе, ешкі түбітінен тоқылады. **Шаршы шыт** – ақ матадан тігіледі. Ендігі сәтте қалт тұрып қалған бізге шатырдан екі-үш бала сығалады да, артынша ақ **шытты** келіншек шықты (О.Бөкеев «Жылымық»). **Шарқат** – әйелдердің басқа тартатын үлкен жібек орамалы. **Сарапшаң** – жұмсақ торғын, жібекпен жылқының қылынан, шуданың қылшығынан тоқылған, қыздар мен келіншектердің бетін шаң-тозаңнан қорғайтын бет перде. Сарапшаңды «шаң тимес» деп те атайды. **Ақбүркеншек** – алғаш түскен келінге сәукеле сыртынан жабатын жамылғыш.

Қасаба. Ол қыз тақиясының бір түрі. Үшкірлеу төбесіне бір шоқ қауырсын қадайды, маңдай тұсына түгелдей алтын, күміс әшекейлер тағады. Қыздар үйлену тойында қасабаны сәукеле орнына да киген. Күрең, көгілдір түсті жібек, ши барқыт, пүліш, дүрия, шұға, парша сияқты маталардан тігеді. Ал Ө.Жәнібековтің көрсетуінше, **қасаба** - дөңгелек, бірақ желке тұсынан аздап төмен қарай қисайып келген ежелден келе жатқан баскиім түрі. Ол күміспен оқаланып, мақпалдан тігіледі, айналасы алтынмен кестеленіп, ұсақ металдармен әшекейленеді, Маңдай жағы нақышталған, көгілдір ақықтан, асыл тастардан және теңге тәріздес салпыншақпен безендіріледі. Бөріктің оң жақ самай жағына ұшында күміс қоңыраушалары бар бес-алты моншақтан жасалған ұзын салпыншақ қадалады. Төбесіндегі қауырсын да бұл бөріктің сәнін күшейте түседі [3,44]. **Қасабалы қатыннан** қай жерің артық екен, шіркін! Қол-аяғы байлаулы адамды бас-көзіне қарамай тепкілеп, қорғансыз жетім-жесірге әңгір таяқ орнату ма сенікі? (Ж.Шаштайұлы «Жала мен нала»).

Зере. Өзі ұзын, іші қуыс, сәукелемен бірге киетін баскиім. Ертеде бір қабат киім сыртынан киетін сауытты да «Зере» деп атаған.

Күндік – егде әйелдер басына орай тартатын жаулықтың бір түрі. Мұғалім Арайдың басындағы **күндікке** қарап біраз тұрды (Ш.Мұртаза. «Мылтықсыз майдан»).

Сәукеле. Сәукеле – ұзатылған қыз киетін аса қымбат бағалы, кәделі әрі әсем баскиім. Сәукеленің өн бойы қымбат маталармен қапталып, оның сыртына алтын, күміс, інжу, маржан, меруерт, ақық сияқты асыл тастардан жасалған моншақтар түрлі-түсті қымбат жіптермен тігіледі. Матасына әшекей, шашақ, оқа тағылады, жиегіне бұлғын, құндыз терілерінен жұрын ұсталады. Ұзатылған қыздың дәрежесі, шыққан тегін осы сәукелесіне қарап бағаланады. Әрине, мұндай бағалы баскиімді байлар мен өте ауқатты адамдардың қыздары ғана киген. Бұл туралы мынандай этнографиялық дерек бар: Қуандықта Алтай-Қарпықтың үш баласы болған: Тінәлі, Мәмбет, Көзи, Көзіден туған – Тоқа. Тоқадан шыққан бай – Сапақ. Сапақ үш жүзден құда болуға бай кісі таңдайды. Кіші жүзде Байсақал деген бай бар деп, байлығын өзіне тең көріп, сол Байсақалға Кенесары-Наурызбайдың ағасы Саржан төрені алып, елу кісімен құда түсе барады. Сонда Байсақал құдаларының ортасына бір сәукеле жібереді, «Қызымның қарақан басы, мінген аты, артқан түйесі, тігілген отау, қылған жасауы – бәрі сатусыз, тегін. Бір сәукеленің құнын, пұлын берсе болады», - депті. Басы Саржан төре – отырған құдалар сәукелені малға шамалап, өздері пішіп, өздері кесіп, «бес жүз байталға тұрады екен» десіп, «Мұның қызының қалың малы бес жүз жылқы болсын»- десіпті [4,12]. Сәукеленің жоқтығы өз кезінде жоқшылықтың, кедейліктің белгісі ретінде танылған.

Әсіресе Рабиу-Сұлтан-Бегімдей емес, қолына ұстаған найзасы, басына кеген меруертпен торлаған қызыл **барқыт сәукелесі**, астындағы ақ боз аттың кекіліне таққан үкісі, бұның жауынгер елден шыққан әйел екенін көрсетеді (І.Есенберлин «Алмас қылыш»). Меруертпен шытырмалап, гауһар таспен безеген қызыл **мауыты сәукелесі**, аш белін қынаған алтын оқалы қызыл барқыт камзолының түсін ашқандай жарасып тұр (І.Есенберлин «Алмас қылыш»).

Қорыта келгенде, қазақ лексикасындағы киім-кешек атаулары – қазақ халқының әсем тұрмысын, табиғи сұлулықта жарастыра білген мәдени өмірін, әр кезеңнің тарихын, эстетикалық талғамын танытады. Ұлттық мәдениеттің көрінісі болып табылатын баскиім атауларынан этносымыздың ұлттық дүниетанымы, халықтық болмысы, эстетикалық талғамы, әлеуметтік ерекшелігі айқын байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жанпейісов Е. М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының тілі. -Алматы: Ғылым,1976. - 167 б.
2. Қазақ тілінің сөздігі. Ред. Т.Жанұзақов. -Алматы: Дайк-Пресс, 1999. -774 б.
3. Жәнібеков Ө.Культура казахского ремесла. -Алматы: Өнер, 1982. -144 с.
- 4.Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Бұрынғы құдалық // Қазақ әдебиеті, 1996, №2. -12 б.

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ АБАЙ АЙТҚАН КЕМЕЛ АДАМ ҮЛГІСІ

Данияров Талгат Абубакирович

педагогика ғыл. кан., профессор

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,

Shakarim08@mail.ru, Қазақстан, Түркістан

Жолдасбеков Абдиманап Абдразахович

педагогика ғыл. док., профессор

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті,

Abeke56@mail.ru, Қазақстан, Шымкент

Аңдатпа

Бүгінгі таңда қоғамның ең жоғары құндылығы – Адам. Қазақстан Республикасында жүріп жатқан экономикалық, әлеуметтік, демократиялық өзгерістердің бәрі сол адам үшін, оның қайта түлеуі және игілігі үшін жасауда.

Міне осы орайда ұлттық салт-дәстүрімізді білу, өзімізді-өзіміз танып, өзгелерге таныту бүгінгі қоғам сұранысына лайық ұлттық қасиет сапалары жоғары, ғасырлар бойы жалғасқан мол халықтық мұраны өз бойына сіңірген кемелденген толымды адам тәрбиелеу мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр.

Тамыры тереңге тартқан тарихымызды педагогикалық тұрғыдан таразыласақ, адам тәрбиесі ұлы ғұламалардың еңбектерінде әр қырынан зерттеліп отырғаны мәлім. Осы тұрғыда Абай педагогика мәселесіне арнайы еңбек жазбаса да, педагогтік қызметпен тікелей айналыспаса да, жастарды тәрбиелеу жөнінде терең аса құнды пікірлер айтқан.

Кемелденген толымды адам туралы, оның жан дүниесі туралы Абайдан артық айтқан ешкім жоқ. Сондықтан толымды адам келбеті оның тәрбиесі туралы Абайға сүйенгенді жөн көрдік. Абайдың рухани әлемі, оның негізгі зерттеу объектісі – адам. Ол адамның мінез-құлқын, адамгершілік ізгі қасиеттерін тәрбиелеуді өмір бойы басты идея етіп ұстап, кісілік тұрғыдан жетілдіру қажеттігін айқындаған. Осы тұрғыдан келгенде Абай өзінің бүкіл шығармашылығын жастарға «адам бол», «қатарыңнан қалма» деген философиялық, педагогикалық, психологиялық көзқарасында адамгершілігі мол адам қоғамға ең пайдалы адам деп тұжырымдаған.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген сөзі толымды адамның адамшылығының алды ар, ақыл, мінез екенін көрсетеді. Абайдың айтуынша, адамгершілігі мол адам батыл ержүрек болуға, қорқыныш дегенді білмеуге, оқу-білім, ғылым негіздерін меңгеріп, алдына қойған мақсатына жетуге талапты болу деп есептеген.

Адамның толымды адамшылық жағын көре білу және дамыту арқылы, білімді адамды жоғары бағалау, өмірінің аяғына дейін адам болып дұрыс қартаю, өз халқына қажымай, талмай қызмет ету, бүкіл адамзатты сүю және құрметтеу бүгінгі таңдағы басты мәселенің біріне айналуға. Ұлы ғұлама адамды кісілік қалыпқа жеткізіп қалыптастыратын қоғам, уақыт, дәуір талабы екенін жақсы білген.

Кілт сөздер: дәстүр, салт, халықтық мұра, рухани құндылық, тәрбие.

SAMPLE OF A GENIUS IN THE NATIONAL PEDAGOGIKAL IDEAS OF ABAI

Daniyarov Talgat Abubarirovich—candidate of pedagogical science, professor

H.A Yasawi International Kazakh –Turkish university,

Turkestan, Kazakhstan

Shakarim08@mail.ru

Zholdasbekov Abdimanap Abdirazakovich - doctor of pedagogical science, professor

M.Auevov South Kazakhstan State university

Shymkent, Kazakhstan.

abeke56@mail.ru

Annotation

Today, the highest value of society is Adam. All the economic, social, and democratic transformations that are taking place in the Republic of Kazakhstan are for the person, for his redemption and for the good.

Here is a question of knowing our national traditions, self-disclosure and self-disclosure, the issue of a national quality of deserved to the present-day society, a well-educated mature human being, who has been continuing the centuries-old folk heritage.

From the pedagogical point of view of our deeply rooted history, it is known that human education is studied in all aspects of the work of great scholars. In this context, Abai did not write a specific job on pedagogy, but did not engage in pedagogical activities, but spoke very deeply about education of young people.

There is no one who has told Abai about the full man, his soul. Therefore, we decided to rely on Abai for his full-fledged appearance. The spiritual world of Abai, the object of his research is man. It has identified the need to maintain man's behavior, moral values, and to improve man's lifelong ideas. From this point of view, Abai formulated his philosophical, pedagogical, and psychological views as "the most useful person" for the whole society.

The phrase "Human beings with the mind, science, every character, from human beings" refers to the fact that human beings are full of intelligence and behavior. According to Abay, a man of moral character was brave, fearless to know, to study and to learn the basics of science and to achieve the goals he had set for himself.

Through the ability to see and develop the full humanity of man, a high appraisal of knowledge, the correct aging of the person to the end of his life, his dedication to his people, love and respect for all humanity become one of the key issues today. The great man was well aware that society was a time, a time, a time when the human being was transformed into a normal state.

Key words: traditions, customs, national heritage, spiritual values, upbringing.

Кемел адамның маңызды бір мүмкіндігі – өзі мен айналадағы дүниені өзгертуге бейімделгенінде. Адамның кемелденуі оның өскен ортасына да байланысты болады. Бұл туралы Абай «Адам баласын заман өсіреді, кім де кім жаман болса, оның өзінің замандастарының бәрі кінәлі» деп тәрбиесінің рөліне үлкен мән беріп, әркім өзін-өзі жүйелі түрде тәрбиелеп отыру керектігіне айрықша көңіл бөлген.

Абай кемеліне жеткен толымды адам, ол «сегіз қырлы, бір сырлы сарбаз адам», «толық адам» деп «Адам деген даңқым бар» дей келе Абай адам болуға талпынған жас ұрпақтың алғашқы қадамы неден басталу керек дегенге «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады» деп жауап береді.

Не болмаса, «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек»,

Жылатқан тұла бойды ыстық жүрек.

Тоқтаулылы, талапты, білсең керек,

Бұл қайраттан шығады білсең керек

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста.

Сонда толық боласын елден ерек - деп толымды, кемелденген адам үлгісін ұсынады. Адамның толымды адамшылық жағын көре білу және дамыту арқылы, білімді адамды жоғары бағалау, өмірінің аяғына дейін адам болып дұрыс қартаю, өз халқына қажымай, талмай қызмет ету, бүкіл адамзатты сүю және құрметтеу бүгінгі таңдағы басты мәселенің біріне айналуға.

Ұлы ғұлама адамды кісілік қалыпқа жеткізіп қалыптастыратын қоғам, уақыт, дәуір талабы екенін жақсы білген.

Қазіргі жаңарған ХХІ ғасырдағы Қазақстан Республикасы біліммен қарулану ұлттық рухта тәрбиеленген, келешекте ел басқарып, елін гүлдендіріп, әлемге танытатын ұрпақ тәрбиелеу мәселесін көтеріп отырған жағдайда Абайдың ұсынған кемел тұлға келбеті бүгінгі қоғам талабына жауап береді деп ойлаймыз.

Осы ретте бүгінгі кемелденген, толымды адам тәрбиесі заман талабына сай жан-жақты білімді, ерекше ойлау қабілеті жетілген, көзқарасы кең, белсенді кез келген іске еркін араласа алатын тұлға тәрбиелеуге жауап бере алатындай ұйымдастырылуы керек.

Кемелденген толымды тұлға тәрбиелеуде мектептің атқаратын рөлі зор. Қазіргі мектеп – егемендік білім беру саясатын жүзеге асыратын, оқушыларда ұлттық мінезді және ана тілінің негізінде өз халқының рухани әлемін еркін қалыптастыратын, Отанды сүйе білетін, этникалық қауымдастықты құрметтейтін орта.

Кемелденген толымды адам тәрбиесі мектептің тәрбие жүйесіне байланысты. Мұнда нарық экономикасының сұраныстарынан туындаған талаптар жасөспірімнің көп жағдайда өзін-өзі билей алуымен, өзін-өзі дамытумен, өзін-өзі жетілдірумен, өзіне-өзі бұйрық бере алатын, өзіне-өзі сын көзімен қарай алатын қасиеттерінің жетілуімен сабақтастықта айқын көрінеді. Бұл тәрбиелік жүйе кәсіби біліктілікті жоғары педагог, мұғалімдердің оқу-тәрбие процесін, тәрбиелік мақсаттағы іс-әрекеттерін барлық деңгейде жана ғылыми бағытта қайта қарау, жетілдіру және тәрбие технологиясын пайдаланатын педагогикалық материалды жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде «ашық қоғам жағдайына сай өзара ынтымақтастық негізінде құрумен алдындағы азаматтық, мамандық жауаптылығымен айқындалады».

Жоғарыда аталған белгілер жеке тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде толымды, кемел тұлға ретінде қалыптасуы үшін барлық жүргізілетін тәрбиелік үрдіс білім, ғылым саласы бойынша шығып жатқан мемлекеттік құжаттарға негізделуі қажет.

Сонымен толымды кемелденген тұлға дегеніміз – білімді де, білікті, бірнеше тілді меңгерген, өзгемен араласуға, яғни қарым-қатынас жасауға икемді, еңбек етіп, өзін ұдайы жетілдіріп отыруға ұмтылысы бар, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қадірлейтін, өз ұлтының тарихын меңгерген, іскерлігі, тәрбиелігі тоғысқан әмбебап адам.

Осы орайда төменде толымды кемелденген тұлға үлгісін ұсынамыз: (үлгіні қосымшадан қараңыз).

Бұл үлгідегі толымды адам бойында болатын адамдық қасиет – сапалар үнемі жетілдіріліп, толықтырылып отырылуы қажет деген ойды білдіреді. Себебі, адам үнемі өсу, өрбу, толысу процесінде болуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген қасиет – сапаларға әрбір адам жете алады, егер де мектепте оқушылардың ұлттық дүниетанымы әлемдік мәдени құндылықтар мен диалектикалық тұтастықта жетілдіріме білім беру барысында бір жағынан, өркениетті дүниеде болып жатқан өзгерістерді ескеріп отырса, екінші жағынан, өз елінің этномәдени, тарихи әлеуметтік-экономикалық ахуалын терең тануға көңіл бөлінсе.

Yüce Allah, bir bazı insanları doğuştan lider olarak yaratmıştır. Onların değeri halk tarafından çok değerlidir. Ağustos ayında Orsk'u (Kazaklar Jamankala diye adlandırıyordu) şehrine gelen General Leytenant Abulmambet ve Abılay'a büyük bir otağ diktirmişti. Abılay kurduğu taraftan kendisine ayrı otağ diktirerek, han ile aynı saygıyı görmeyi talep etmişti. 1776 yılında “kadın sultan” İkinci Ekaterniağa “Beni üç Cüzün hanı yaparak onaylayınız” diye kısaca betimleyen bir mektup yazmıştır. Abılay'ın değerini arttırmayı istemeyen Sank-Peterburg hükümdarı halkı oyalayarak, ancak bundan iki yıldan sonra 24 Mayıs 1778'de Abılay'ı Orta Jüzün Hanı yapıp onayladığını dünyaya duyurdu. Hakkındaki belgeyi Orenburg'da vermek istedi. Ancak Abılay oraya gitmedi.

Açıkçası, Abılay'ın Rusya'ya yemin etti ancak, ölümüne dek bu yüzden kendisini rahatsız hissetti. Örneğin, 1771'de kıymetli Türkistan'da, Hoca Ahmet Yesevi meclisinde bir han olarak seçildikten sonra, Sankt Petersburg'dan gelen emir boyunca Sibirya yönetimi ve Genel Valiliği, Abılay'ın Omsk'a veya Orenburg'a gelerek, Rusya'ya bağlılığına yemin etmesinin gerekliliğinden bahsedildi. Ama, Abılay, oraya gitmeyeceğini söylemişti. İmparator, belgesini Orenburg Valisinin katılımıyla sadece Petropavlovsk'u kabul edeceğini bunun sebebini de kendisinin o civara yerleşeceğini, Han sarayını oraya dikeceğini bildirmişti. Diplomatik görüşmeler birkaç yıl sürdü. Son olarak, Orenburg'da görüşecek olup, tam vaktinde geldiğinde Abılay'ın oraya da gitmeyeceği biraz önce bildirildi.

Abılay'ın tutsak düşmesi ise şu şekilde gerçekleşti. 1741 yılına gelindiğinde, 30 bin Cungar Kazak topraklarına girmiş ve Tobol ve Esil'e kadar ulaşmıştır. Bu defa saldırganların Rus kontrolündeki sınırlı bölgeye aniden girmesi ücretsiz değildi. Cungarlar, Kazakların Rusya'ya yaklaşarak güçlenir mi diye korkuyordu Gerçekten de, ülkeye endişelenmezseniz, Kazak tarafındaki insan zaiyatı bu defa azdı ve köylerin hepsi

Rus birliklerinin bulunduğu siperlere ulaşmıştı. Abılay küçük bir birlikle sınırı geçtiğinde düşman arasına girmiş de, atı ölüp, kendisi ellerine geçmişti. Tutsaklığı iki yıldan fazla oldu. Yakın zamanda yayınlanan “Kazakistan” Ansiklopedisinin birinci cildindeki “Abılay” adlı makalede, “Kazak'ın üç cüzünden Tölebi'nin yönettiği 90 kişi elçi gidip, diplomatik görüşme yaptı ve 5 Eylül

1743'te Abılay serbest bıraktırdı” diye yazılmıştı. Buna ek olarak, Rusya'nın diplomatik misyonlarının bu tarihi adalete dahil olduğu da belirtilmelidir. Vatanına geldikten sonra Abılay Rus yetkililerine şükranlarını dile getirerek şunları söyledi: Kaldan Seren'den kurtardığı için imparatora şükranlarını salık vermesi bunun bir delilidir. Rusya'nın bu konuyla ilgilenmesinin elbette başka bir amacı vardır. Ancak, yakınlıkları da apacık bellidir. Aslında Abılay tutsaklıktan kendi kendini kurtardı/9/

Hikayenin başında Şokan'ın "Abılay devri Kazakların kahramanlık ile mertliğinin asrı" adlı sözler ifade edildi. Kahramanlık da mertlik de nereden çıkmaktadır? İmanımından çıkmaktadır. Abylai'nin en büyük hizmeti Kazak'ın kendi kendine güvenini arttırmasıdır. Aynı inancı Kazaklar tarihin çok zor dönemlerinde de asla kaybetmedi. Onun neticesi bugünkü bağımsız Kazak ulusunun torunlarıdır.. Abılay bizi geçitten geçite, yüksekte yükseğe davet ediyor, davet ediyor.

Tarihsel temalar Kazak edebiyatında bir heves değildir. Abış Kekilbayulı'nın eserlerinde bu konunun ağırlıkla hakim olduğu iyi bilinmektedir. Fakat çağdaş tecrübeli yazın edebiyatımızda o vakte kadar Abılay Han hakkında, ayrı eşsiz bir bütün kaleme alınmamıştır. Bir vakitlerde Muhtar Avezov'un "Abılay hakkında yazabilir miyim?" diye Çifte standartlarından dolayı yaşlılarımızın anılarının farkındayız. Tabii ki, zalim sömürge hâkimiyeti kurulduğu vakitler hiçbir korkusuz yazar bu konuda çalışmazdı, önemi görülmeyen çalışması hiç olmuştu. Abılay devri şimdi başladı/10/.

Demek ki, yazarın Abulkhayr'dan sonra Abılay'a varması bugün de değişmez kurallara uygunluk sırasında kabul edilmelidir. Ve hepimizin tanımaya başladığı Abılay Han'ın hayatı, tarihi ve kaderinin dipsiz derin bir okyanus, sonsuz ve sınırsız bir boşluk olduğunun farkına varmaya başladık. Literatürde daha zor bir konunun bulunması ve daha ciddi bir sorumluluk taşımaması kolay değildir.

Ancak, Abış bey daha da Abışlığını tanıttı. Yirminci yüzyılın sonunda, Kazakistan tartışmalarına daha önemli, harika bir dünya eklendi. O "Abılay Han" diye adlandırılır. " "Halk Kahramanlık Destanı" adlı bir giriş bulunmuştur. Basitçe anlatırsak, esasında beyaz şiirle nüshasıyla yazılan dört boyutlu bir oyundur/11/.

Bu kez, "Abılay Han'ın" sahne nüshasına girmeden, onun saf edebi saf edebi yeteneğinden ve sanatsal kompozisyonundan bahsedeceğiz.

Yazar öncelikle "Abılay Han'ın" yapısal sistemini (besteciler, aşamalar, çarpışma çarpışmaları) açıkça tanımladı. Büyük hükümdarın tüm tarihini ve kaderini kapsamaması nedeniyle yalnızca devirleri ayırdı ve onları tüm olaya götürdü. Sonuç olarak, bu makalede Abılay tek yönlü değil, bütün yönleriyle ışıldayan , geçmiş XVIII. asırda Kazak halkının başına düşen parlak epik bir ışıltısı haline geldi.

Dışarıdan bakıldığında, dramada bir paralel olay, kat kat mücadele vermiyordu. Genç yetenekli kahraman Abılay'ın Kalmuk başı Kaldan Seren'in şiddetlenen, kibirlenen çocuğu Şarış'ı düelloyla öldürmesi, ondan sonra kapıdaki Kalmuk'ın eline tutsaklığa düşmesi, babası- Çin, annesi Kazak olan Kulpaş'ın güzelliğiyle dikkat çekmesi, ikisinin arasındaki samimi sevgiden dünyaya gelen Amir Sana'nın belirsiz kaderi...Hepsi işte böyle. Abılay ve Kaldan Seren'in, Abılay ve Topış'ın, Abılay ve Kazak sultanları Botakan ve Jakay'ın – kendi aralarında hikaye kahramanlarının çekişmeleri ne kadar güzel! Birbirine çok yaklaşan Karatau'un çakmak taşları gibi ateş püskürtüyordu. Birbirine dilektaş, niyettaş Abılay ve Kömey Avliya'nın (Aşık Bukar'ın) aksi Divanan'ın (Oraz babalığın) düşünce yarışları ve söz yarışları olgunlukla, gerilimle doluyordu.Kalmuk'ın liderinin kardeşi Emir Sana'yı kaçıp gizlenerek Abılay'ın yanına geldi. Abılay kendisine sığınan Emir Sana'yı düşmana teslim edip etmeme konusunda tereddüte düşmüştü. Ancak bunun Kazak

İle Kalmuk'un arasını açarak tehlikeli çarpışmaya uygunluğun mümkün olduğunu bilse de bilmek istemeyen Abılay Han'ın çare bulamayan huzursuzluğu bu kompozisyonda dramatik tiyatrunun doruk noktasına ulaştı. : Politikacı Abılay'ın, bilge Abılay'ın, kahramanı Abılay'ın, büyük Abılay'ın:

Sık bir orman gibi halka sığınmak istiyorum,

Boz doğan gibi sana serin bir yer bulmadım.

İnsan serin olamaz!

Nereye gidersen, sağlıklı yürüyüver, yavrum!- diye gövdesi sökülerek, yüreği cız edip ezildiği anı göreceğiz.

Üç yıl Cungar, Kalmuk ile savaşır azap çeken avam halkı özgürlüğe ulaştıran Abılay Han, lider Abılay sanki o, o zamana kadar nesillerin hafızasında kalması tesadüf değildir. Geçmişte halkın başını çeken yiğitlerin adını, yaptığı icraatları unutmayan milletin geleceğinin her zaman parlak ve aydınlık olacağına hiç kuşumuz yoktur. Kazakistan tarihindeki iki Şamşırak Abılay ve Abılay'ın ruhu yeniden özgürlüğü gerçekleştirerek, yeni ülkü, iyi ümitlere sahip büyümeye başlayan dönemlerde, birbirine eklenerek, dili ile dinini koruyan halkımıza güzellikler başlatıyor.

Abılay'ın ölümün üzerinden üç yüz yıl geçti. Kazakistan'da birçok siyasi kahramanlar yaşıyordu. Biri tarihte iz bırakmadan hayatta kaldı, diğeri tanınmış bir kişi olarak. Üçüncüsü ise Kazak halkının ünlü insanlarıdır. Abılay kesinlikle son insanlardan biridir. Kazak halkının tarihinde Abılay benzersiz bir kişi olarak bilinir; çünkü cesur hareketi ile akıllı ulusun çıkarları için ülkesini bir yanda tutabildi.

Çoğu tarihçi bu insana “tam bir Ünlü insan” diyor. Onun büyüklüğü nedir? Gelecekteki Han, Cungaria, Çin, Rusya'nın iç kabilesi bölünmelerine hükmetti ve güçlü komşular arasındaki güçlü çelişkileri kullanmıştır.

Abılay han, insanların hayatının zor zamanlarında, yüzyıllarca göçte belirleyici bir rol oynamıştır. Yetenekli kişisel asistan Abılay, ünlü bir politikacı, atalarından miras alınan toprakları korumak için tüm teknikleri kullanmıştır.

KAYNAKÇA

1. *Kazak SSR Tarihi*, Almatı, 1983, Cilt 2, s. 257.
2. *Sovyet Kazak Ansiklopedisi*, Almatı, Cilt 2, s.368.
3. *Sovyet Kazak Ansiklopedisi*, Almatı, Cilt 2, s.368.
4. Berdibay, A. R., *Abılay Han*, Almatı, 1993, s. 416.
5. https://tr.wikipedia.org/wiki/Abılay_Han
6. Yorulmaz, O., *Kazak türkleri ile Çarlık Rusyası arasındaki siyasi ilişkiler*, Ankara, Turk tarih kurumu, 2013, s. 335.
7. Tarakov, E.M., *Kazak edebiyetinde tarihsel insanlık problemi (Abılay Han'ın imgesinde sanat sunumu)*, Almatı, Kazakistan Üniversitesi, 2004, s. 341.
8. Cumadilov, K. K., *Daraboz: Tarihsel roman*, İlk kitap, Almatı, İlham, 1994, s. 416.
9. XVII-XVIII. *Yüzyıllardaki Kazak-Rus ilişkileri*, Belgeler ve malzemeler, Almatı, 1971, s. 31.
10. Ualihanov, Ş.Ş., *Rel. koleksiyon*, Cilt 4, Almatı, 1985.
11. *Sovyet Kazak Ansiklopedisi*, Almatı, Cilt 2, s.368.

АБАЙДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖИНАҒЫ

Елеужан Серімов

заң ғылымдарының кандидаты

Қарағанды қаласы ЖММ «Болашақ» академиясы

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің бастығы

mr.serim@mail.ru

Андатпа

Мақалада ұлттық құқықтық жүйеміздің қалыптасуы мен дамуы, ол бойынша қазақ ғалымдарының айтқан ой-пікірлері талданып, XIX ғасырда патшалық Ресей өкілдерінің қолқалуымен ақын Абайға жаздырған құқықтық жинақ жөні сөз болады. Тарихқа жүгінсек, бұл Ереже 1885 жылы мамыр айында Семей облысының Қарамола дейтін жерінде бес дуан елінің билері мен құрметті адамдарының съезінде қабылданып бекітілген еді. Ұзын-ұрғасы 73 баптан тұратын Ереженің бүгіндік уақыттағы заң ережелермен үндестік тауып жатуы да мақалада етене қарастырылады.

Кілт сөздер: құқық, әдет құқығы, жаңа низам, ереже, қылмыстық кодекс, қылмыстық процессуалдық кодекс, әкімшілік құқық бұзушылық кодекс, шарият, т.б.

Қазақ топырағында бұрын-соңды құқықтық жүйе болмады деген түсінік өткен ғасырдың 50-жылдарына қарай жоққа шығарылды. Сол кездегі Т.М. Құлтелеев, С. Зиманов сынды ғалымдардың арқасында қазақтың құқықтық институтының ықылым заманда-ақ қалыптасқаны ғылыми негізде нақты дәйектермен дәлелденді. Десек те, кешегі көшпелі қоғамның тұрмыс-тіршілігінен туындаған, туған халқымыздың рухани-моральдық жүйесіне, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына сүйенген, өзіне ғана тән әділдік категориялардың орнығуына негіздеген төлтума ереже, қағидаларымыз әлі де керекті дәрежеде жан-жақты қарастырылмай, түбегейлі зерттелмегендіктен, олардың пайда болуының түп бастауларына үңіле алмай, олар кейінгі туындаған заңдық құбылыстармен етене байланыстырылмай, осы саладағы талай ойларға өзек болар бірталай мәселелер шешімін таппай жатқаны да анық.

Қазақ хандығының өз алдына жеке мемлекет болып құрылуына байланысты пайда болған қазақтың құқық жүйесі (XV ғ. бері) сонау VI–XIV ғасырлардағы (Түркі қағанаты тұсындағы көне түркі заңы, Шыңғыс хан Жасылары, Ақсақ Темір түзіктері) түркілік құқықтық жүйе еместігін мойындай отырғанмен, оның тегі осы VI–XIV ғасырлар аралығындағы құқықтық жүйеде жатқандығын солай теріс дей алмаймыз дейтін тенденция бұл таңдағы отандық құқықтану ғылымында берік қолдау тауып, нақты түрде бел алып келеді. Яғни, осы тарихи кезеңдердегі жүйелерді (түркі және қазақ) тарихи-тектік байланысы жағынан қарастыру ақиқатқа келердегі бірден бір айқын жол екені мәлім болып отыр. Әйтсе де халқымыздың ғасырлар бойғы жасаған құқықтық дүниесін жетік білуге құмар бүгінгі ұрпақтың рухани қажеттілігін өтейтін бұл мәселелерге арналған зерттеу еңбектерінің тым жұтаң, бір қолдың саусағымен санарлықтай ғана болуы осы саладағы істелетін келелі жұмыстар біздің топырақта тым баяу жүргізіліп келеді дегенді айқындай түседі. Демек, ұлттық құқық жүйесінің қалыптасып, дамуының кейбір қырларын ашып айқындау — әлі де құқықтанушы ғалымдарымыздың алдында тұрған ауқымды тақырыптардың бірі болып қала бермек.

Зады, еліміздің құқық жүйесінің тарихын сөз еткенде де, оның туған топырақтағы шығу төркіндеріне, бастау көздеріне тоқталып өтпей болмайды. Өйткені олардың түпкі негіздері бертіңгі әдет-ғұрып заңдарымен тікелей астасып жатыр. Кейінгі дәуірлерде қалыптасқан әдет заңдары — халқымыздың көп ғасырлық құқықтық танымын аса бір айқындылықпен сипатталатын рухани мұрасы екені даусыз. Әдет заңдары дегеніміз — қазақтың ғасырлар бойғы дәстүрлік құқығының жемісі. Қазақтар „әдет“ терминін әдет-ғұрыпты білдіру үшін қолданғаны белгілі. Бұл арада құқықтық, құқықтық емес әдет-ғұрыптың ара-жігін ажырататын шекара жоқ. „Әдет“ сөзі кәдуілгі құқыққа негіз бола тұрғанымен де, оның дәл мәніне “заң” сөзі толығырақ сай келеді. Белгілісі, халқымыздың ырым-тыйымдары жақсы әдетке, әдет әдепке, әдеп дәстүрге,

дәстүр әдет-ғұрыпқа, әдет-ғұрып салт-санаға айналып, заңдылықпен қалыптасып, құқықтық заң болып өмір қолданысына енгені кәдік. Төлтума құқығымыздың даму эволюциясы жеке қарастыруды қажет ететін заңдық құбылыс болғандықтан, ол өз алдына бөлек әңгімелеуді қажет етеді. Ғасырлар қойнауынан желі тартып жататын бұл мәселенің түйінін шешу алдағы күндердің еншісінде.

Қашан да далиған даламыздың даукесі көп болған. Көрнекті жазушы және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың: «Шырғалаңы мен шытырманьы көп қыр тіршілігінде қырық құйқылжыған қырықылжың дауларда бір пәтуаға тұрақтау барымтаға барып қайтқаннан әлдеқайда қиын шаруа. Оған да тілдің ебімен қоса жүректің тәуекелі керекті» [1, 82] — дейтін байламы қазақ сахарасында дауды шешу әуел бастан-ақ осал өнер болмағандығын айғақтай түседі. Осындай даушылар әрекетін, оқыс, шырғалаң оқиғалар түйінін құқықтық тұрғыда шешуде заңдық ережелердің маңызы өте зор болғандығы даусыз. Әлсізге – медет, күштіге – айбат, зарыққанға – жебеу, торыққа – медеу, сүрінгенге -тіреу болған заңдар қатарына – Түркі қағанаты (VIғ.) тұсындағы, Шыңғыс хан бекіткен (1206ж.) әдет, құқық, әскери тәртіп жүйелері, Ақсақ Темірдің құқықтық дәстүр, ғұрып негіздерінде жасалған (Түзік) заңдары, әз-Тәуке ханның тұсында жетілдірілген, бүкіл қазақ жұртына әділетті заң ретінде танылған «Жеті жарғы» жатады.

Даланың заңдық ережелерін XVIII–XIX ғасырларда Абылай хан, Бұқар жырау, Жәңгір хан, Құнанбай қажы, Шыңғыс Уәлиханов, Мұса Шорманов, Ахмет Жантөрин, Шәкәрім сияқты қазақ зиялылары мен сұлтандары етене біліп, олардан орыс ғалымдары мен саяхатшылары жазып алған. Айта кетерлігі мұның ішінде орыс ғалымы, этнографы А. Левшин (1798–1879 жж.) мен Г. Спаский (1804 ж.) жазып алған «Жеті жарғы» нұсқасы өте құнды. Сондай-ақ қазақтың заң орнына жүретін дәстүрлерін жазып қалдырған П. Маковецкий (1886 ж.), Лев Баллюзак (1822–1899 жж.), Д. Андре (1846 ж.), И. Козлов (1882 ж.), Л.У. Гурлянд болды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, Ресей империясының отарлау саясатының жолында қазақ жерінің тұтастығына негіз болған билердің соттық жүйесі, әдет-ғұрып құқығы мен „жарғы“ заңдар жүйесі үлкен кедергі болғаны анық. Сол себепті де патшалық үкімет бұратана халықты еркін билеу мақсатында әкімшілік-аумақтық реформалар мен басқару жүйесіндегі өзгеріс ретінде далалық халық судьяларының билер съезін құрған. Бұл жайт билер сотын ұйымдастыру, қалыптасу және қызмет атқару жағынан күрделі өзгерістерге ұшыратты. Ресей империясы «Сібір қазақтарын басқару ережесін» (1822ж.) және «Орынбор қазақтарын басқару ережесін» (1824ж.) шығарды. Сібір қазақтары деп отырғаны орта жүз, Орынбор қазақтары деп отырғаны кіші жүз еді. Бірақ бұлар қазақ елін әлсірету, орыстың отаршылдық үстемдігін орнату мақсатында ғана жасалған өзгерістер еді. Бұл өзгерістер 1867–1868 жылдары басқару реформаларында көрініс тапты. 1867 жылы қабылданған бұл реформа Жаңа Низам ережесі аталды. Қазақтың ұлы ғалымы Ш. Уәлихановтың «Сот реформасы жайында хат» деген еңбегінде билер соты алғаш рет ғылыми түрде салыстырмалы теориялық талдауға түсіп, оның құрылымдық және сот жүргізу процесінің қағидаттары ашылып айқындалды. Ш. Уәлиханов қазақ даласында билер сотын қалдыруға талпынып, оны қандай да болмасын басқа органмен алмастыру мүмкін еместігін айтып, Батыс Сібір әкімшілігіне хат жіберген [2,126-153]. Одан кейінгісі — Ресей бодандығындағы жаңа жағдайға байланысты жасалғаны — ұлы ақынымыз Абай жазды дейтін Ереже (XIXғ.). Мақаламыздың негізгі арқауын осы ереженің кейбір мазмұндық тұстары құрайды.

Бұл заңдық құжат – 1885 жылы мамыр айында Семей облысының Қарамола дейтін жерінде бес дуан елінің билері мен құрметті адамдарының съезінде қабылданып бекітілген 73 баптан тұрады. Кейбір деректер 76 баптан тұратынын көрсетеді. Оны ерен тұлға Абай патша үкіметі өкілдерінің қолқалауымен жасады дейтін сөз бар. Тарихи деректерге жүгінсек: „Қарамола съезіне жүзге тарта болыс пен билер, ел басқарушы ірі феодалдар қатысқан. Съезді басқарған Семейдің сол кездегі генерал-губернаторы Циклинский мен әрбір ояздың начальниктері еді. Осы съезде Абай төбе би болып сайланып, тамам елді, жиылған ақсүйек, қарасүйектерді аузына қаратады. Патша өкіметінің заңының қазақтың салт-санаға, әдет-

ғұрпына, тұрмысына үйлеспейтінін генерал-губернаторға дәлелдеп, қыр даласының жаңа заң жобасын жазады [3].

Мұнда демократтық тұрғыдан алынған көптеген жаңалықтар бар. Баптарда әсіресе әйел теңсіздігі, әйел бостандығы жайында сол кезде ешбір ресми заңда жоқ жаңа, озат қағидалар алынады. Ескерерлік жәйт Абайдан кейін осы мәселені қозғаған алаштың заңгер ғалымы Жақып Ақбаев болды. Ол тұңғыш рет қазақтың неке құқығын заңдық негізде ғылыми талдауға түсірген заң магистрі [4]. Абай ережесінде жер дауы, жесір дауы, мал дауы, мұрагерлік, барымта, ұрлық туралы сол кезеңге тән соны қағидалар көрініс тапқан. Заңды Абай орыс тілінде жазған, жиналған билерге қазақша өзі түсіндіріп оқып берген. Бұл заң сол жылы Семей губернаторының бұйрығымен Қазан қаласында басылып шығады. Заңға бес дуаның 50-60 билыстары түгел қол қойып, Семейдің жоғары әкімдері бекіткен.

Абай өмірі мен шығармашылығының білгірі Мекемтас Мырзахметов бұл Ережені Абай жазды дегенге күмәнмен қарайтыны бар. Кім жасаса да, мұндағы баптар далалық тірлікке, таным-түсінікке, салт-санаға байланысты қамтылып, шешімін тапқан.

Айта кетерлігі, хәкім Абай қалыптаған Ережеде Ш.Уәлихановпен бірге келісіп қойғандай ғажап үндестік танытып: «...мен уезге орыстың қазақ ортасындағы дауларын бітіру туралы шығарған заңның қазақтың әдет-ғұрпына қайшы келетінін айттым» — дейді. Сондай-ақ Ереженің 70-бабында келтірілген: «Қазақтың өз арасындағы болмашы дауларға орыстан яки ноғайдан уәкілдік алып кіріспесін...» деген сөзі де назар аударарлық [5]. Бұл жерде қазақтың әдет, салт, заңын білмейтін басқа ұлт өкілдерінің даулы істерді шеше алмайтындығы айтылып отыр. Демек, Ереже жасаушылар әр ұлттың өзіне лайық заңы болуы керек дегенді нұсқайды.

Абайдың құқықтық жинағының баптарын көңіл елегінен өткізіп, қазіргі күннің нормативтік актілерінің кей ережелерімен салыстырып, салғастырар болсақ, қазіргі ұрпақтың рухани қажеттілігін өтеуге жарайтын бұл Ереженің өзектілігі барынша айқындала түседі. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Ереженің 3-бабында-ақ: «Жауапкерлердің шақыруы бойынша келмегендіктерін старшын мен болыстаркуәландырып, келмегендігінің мақұл яки емесін билер тексереді. Егерде келмеген себебі тексеру бойынша сиымды болса, билік айтылмайды, кейінге қалса керек. Егер келмегендігі сиымсыз болса, сыртынан билік шығарылады» делінеді. Бұл бап ҚР ҚПК-нің 157-баптың 1-2-бөліктеріне сәйкес, сезікті айыпталушы, сондай-ақ куә мен жәбірленуші шақыру бойынша тағайындалған мерзімде келуге кедергі келтіретін дәлелді себептер туралы өздері шақырылған органға хабарлауға міндетті [6] деген байламмен ерекше үндесе үйлесімін табады. Сол сияқты Ереженің 67-бабында: «Егер даугер биге тура арыз айтса, би жауапкерді шақыртып, керек қылса сонда ауылнай старшина айтылмыш жауапкерді жеткізіп берсін» делінеді. Мұнда оқшаулау керек адамдарды алып келу сөз болады. Қазіргі айдауылдау қызметінің жұқанасы бұл. Қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін органдар жүйесі айдауылдау қызметсіз жүзеге аспайтыны кәдік. Бұл бір заттың екі жағындай бірінсіз-бірі жоқ қызметтер.

Сұңғыла Абай осы құқықтық еңбегінде қазіргі қылмыстық, іс жүргізу, азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстердің де негізін салып берді десе де болады. Мәселен, қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін органдар қызметін – ауылнай старшиналары, айдауылдау қызметін – лауазымды тұлға старшин жанындағы шабармандар атқарғанын көреміз. Жеке құрылған шағын киіз үйлерді қылмыскерлерді уақытша оқшаулау орнына қолданған. Басқаша айтқанда, қазіргі құқық қорғау, соның ішінде ішкі істер органдарының функцияларының қалайша жүзеге асатыны айқын көрініс табады. Ереженің 10-бабындағы: «Егерде көрсеткен куәға кісіні толымды көрмесе, сонда куәға айғақ орнына көруге мүмкін, егер жауапкер адам айғақтың сөзін қабыл көрмесе, айғақ сөзінің растығына дау сомасына қарай елі ара түсіп, бір кісі жан берсе керек. Қазақша айғақ жазасы деген дау аяғы күмәнмен тоқталады. Күмән өтпесе жауапкер күйеді, күмән өтсе ағарады. Жауапкер адам айғақ өтірік айтқаны үшін үстінен арыз беруіне болады» деген байлам ҚК-нің 422-бабының 1-бөлігінде айтылатын: «куәні, жәбірленушіні олардың жалған айғақтар беруі мақсатында не сарапшыны оның жалған қорытынды немесе жалған айғақтар беруі төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынатыны» [7] турасына дөп келеді. Осы баптың 2-

бөлігінде көрсетілген «Куәні, жәбірленушіні жалған айғақтар беруге, сарапшыны жалған қорытынды беруге немесе аудармашыны қате аударма жасатуға мәжбүрлеу, сол сияқты аталған адамдарды айғақтар беруден жалтаруға осы адамдарды немесе олардың жақындарын бопсалаумен, өлтіру, денсаулығына зиян келтіру, мүлкін жою қатерін төндірумен ұласқан мәжбүрлеу – бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады» деген тұжырымдар Абайша: «Жалған күмән еткен кісіге айып салынады — түйе бастатқан біртоғыз» түрінде көрініс табады (Ереженің 21-бабы). Тағы бір тұста Абай: «Күмәннің уақыты сол уағдалы күннің күн батуына дейін» (16-бап) деп шешім түйсе, бұл ҚПК-ндегі 209-баптың 1-2-бөліктеріндегі жауап алудың орны мен уақыты айтылатын уәждермен тығыз қабысып жатыр. ҚПК-ндегі 35-бабындағы қылмыстық ізге түсуді болдырмайтын жағдайлар туралы 1-бөліктің 4-тармағындағы мерзімнің ескіруіне байланысты жағдайлар Абай Ережесінің 25-бабына сай келеді: «Күн, жесір даулары жиырма жылдан арғылары салауат. Өзге даулар он жылдан арғылары салауат. Билік айтқан күнге дейінгі төрт жылға созылғандаулардың анықталған малдардың толық басы қайтады. Шығынымен оданжылдағы даулардың анықталған молданың үш бөлігінің екі бөлігі тиеді. Қалған үш жылдағы даулардың анықталған малынан үш бөлігі тиеді. 75 жыл һәм оданарғы болған даулардың барлығы салауат. Осы сияқты болып күнныңмалы да алынады. Жиырма жылдық күн малы үшке бөлінеді — бір бөлігі билік айтқан күнге жуық жеті жылдағы дауға, екінші бөлігі одан арғы жеті жылдағы дауға, үшінші бөлігі қалған алты жылға» дейді Абай.

Ережеде некенің бұзылуы туралы қалыпты нормалар бекітілген. Осындай орайда некенің бұзылуы турасында кезінде Ж. Ақбаев та барынша тәпшітеп айтқан болатын. Ол: «Әйелімен айырылысқан еркекті қазақтар «қатынын талақ қылды», яғни талақ сияқты бақытсыз, қосағы жоқ жалғыз өмірге қиды» деп айтады. Қазақ түсінігінде талақ (көк бауыр) адам ағзасына пайдасы жоқ, артық нәрсе – онсыз да өмір сүруге болады деп есептейді; мал сойғанда да талақты алмайды, қаны-жынымен бірге лақтырып тастайды» - деп, оның мәнін ашып жазады. [8, 81].

Ендігі бір жайт, Ережеден ұрлық үшін қойылған жауапкершілік өте қатаң мүліктік жауапкершілікпен қатар 60 рет дүре соғу және 1 мерзімге дейін абақтыға жабу жазаларын билер міндетті түрде қолдануы тиіс болғандығын көреміз (37-бап). Дүре соғудың түпкі сілемдері шариат заңымен үндеседі. Сол кездегі тегеуіріндіден тепкі жеп, күштіден тақым бұрап, тар қыспақ көрген, әділет іздеп, төрелік сұраушылардың жүгінері мен сүйенері — билертін. Олар «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағиданы негізге алып, қара қылды қақ жара білді. Далада азаматтық даулар бойынша кесім-билікті осы билер шығарса да, кей қылмыстар шариат жолымен де шешілген. Ел ішіндегі қылмыстық істерді шариат, дін мәселелері тұрғысынан шешім шығару құқығын қазылар атқарған. Көне, ескі дәуірлерде, күні кешеге дейін ірілі-уақты қылмыс жасаған адам мұсылмандардың қасиетті кітабы — Құраннан бастау алатын шариат заңы бойынша жауапқа тартылды. Соңғылары өз шешімінің негізіне қасиетті «Құран» кітабын және Мұхаммед пайғамбардың хадистерін басшылыққа алған. Мәселен, «Құран Кәрімнің» «Ниса» сүресінде мұрагерлік, қылмыс туралы, «Маида» сүресінде ұрлық, өтірік, «Талақ» сүресінде ерлі-зайыптылық, неке ережелері (зандары) анық айтылған. Мұндай құқықтық, шариғат заңдары басқа сүрелерде де кең орын алған. [9, 94] «Шариат заңы бойынша («шариат» араб сөзі, мағынасы — заң, кодекс, мұсылмандардың «Құранға» негізделген заңы) құқық бұзушылық 3 топқа бөлінеді. Бірінші топ — Алла құқығына қол сұғушылық, ол нақты «хадд» (шек) түрімен жазаланады. Екінші топ — жеке адамдардың құқығына қол сұғушылар — қысастық жасаушылар. Олар «қауад» не «дийа» түрімен жазаланады. Үшінші топқа жататындар — қалған қатаң жаза қолданылмайтын іс-әрекеттер, ол «тәзірмен» жазаланады», — дейді өзінің зерттеу еңбегінде белгілі арабтанушы ғалым Нұралы Өсеров [10, 98-125]. Ғалым «хадд» тобына 7 түрлі аса қауіпті (қоғамды ыдырататын) қылмыстарды жатқызады. Олар: жезөкшелік, арақ-шарап ішушілік, ұрлық, тонаушылық, дәлелденбеген (жалған) өтірік, жалақорлық, діннен безу және өкіметке қарсы көтеріліс жасау. Екінші топқа «қысастық қылмыстар» жатады. Жәбірленуші жағы істелінген қылмысқа (жанға-жан, қанға-қан, көзге-көз секілді) орай жаза қолдана алған. өлім жазасы көбіне таспен ұрып

өлтiру, дарға асу, басын шабу т. б. жолдармен орындалған. Ал «тәзір» аталатын үшінші топта отбасыға қатысты істер қаралған. Жалпы ислам дінінің, шариат нормаларының да көшпелі қазақтардың заң кодексі болған «Жеті жарғыға» да ықпал еткені анық. Академик Салық Зиманов пен шығыстанушы заңгер ғалым Нұралы Өсеров бұл жөнінде былай дейді: «Кейбір шариат тәртіптері әдет-ғұрып нормаларымен астарласып, күшіне бірте-бірте ене бастады. Біз шариат заңдарының өлім-жітімге, құнға, ант беру, діннен безу, неке және отбасы дәстүрлеріне, сенім-нанымдарына араласып, әсері тигенін айта аламыз» [10, 98-125].

Шариаттың фикһ ілімі ерекше назар аударарлық. Н. Өсеров сөзімен айтсақ: «Фикһ — түсінік, білім, ғылым, кейіннен хұқықтану — мұсылмандардың азаматтық тұрмыс-тіршілігіне қатысты қағида-ережелер деген ұғымды білдіретін болды. Бұл ілімді түрлі дау-дамай, талас-тартысты шешетін сот, заңгерлер, қазылар өте жақсы игерулері тиіс. Ертеде қазақ билері өз халқының әдет-ғұрып нормаларын ғана емес, осы Шариат заңдарын да жетік білген» [9,40.]. Мәселен, Абайдың әкесі аға сұлтан Құнанбай ел ішіндегі әңгімелер бойынша жер мәселесін өз пайдасына шешу үшін шариат заңдарын шебер пайдаланған. Кейіннен бұл деректерді М. Әуезов әйгілі «Абай жолы» эпопеясында Қодар төңірегіндегі сюжет желісінде жүзеге асырған.

Абайдың Ережесінде молдаға, яки қазыға үлкен міндет жүктейді. Мұны 64-баптан көреміз: «Күмәннің егуі болыстық молданың тексеруінде. Молданың зұлымдығы халықтың тексеруіне тиісті. Күмәншіні уақытты күнінде күмән еткендігі жазарға бізге көрсетілген кітаптің үлгісін ұнатамыз. Сол кітапті молда алып жүрмей үйінде сақтаса екен. Қалай даугер көшірмені алғаннан соң молдаға барып, кітабына тіркетсе керек. Егер даугер осылайша етпесе, ілгері уақытта күмін өтпеді деп арыз айтуға тиісті емес. Күмәншә уақытты молда үйінде бар болса да, жоқ болса да, келгенін мәлім етіп, кітапқа жаздырса керек. Яғни молда күмәннің айтылмыш уақытты күнінде ләкин қадірінше үйінде отырса керек. Молда күмәннің еткендігін яки етпегендігін көшірменің сыртына жазумен куәландырып тұрсын. Осы баптағы айтылғандарды толық істемеу үшін билер билігінде күмәншінің атын, жөнін һәм уақытты күнін анықтап жазуға міндетті». Осы үзіктен қылмыстық қудалау ісінде молданың өзіндік орнын аңдаймыз. Мұның өзі дін өкілінің мемлекеттік істерге араласқанының айғағы.

Қазіргі күні ғалымдар арасында қай дінге басымдық беріп, қай дінді қолдайтындарына байланысты мемлекеттерді: монотеистік, политеистік не атеистік сипаттағы зайырлы мемлекеттер деп жіктеу белең алған. Монотеистік сипаттағы зайырлы мемлекеттер құқықтық жауапкершілік тізбегіне адамың өзге адамдар, қоғам, мемлекет және өз ары алдындағы жауапкершілігіне қоса бір алла алдындағы жауапкершілікті де жатқызса, атеистік сипаттағы зайырлы мемлекеттер алла алдындағы жауапкершілікті бұл тізбекке кіргізбейді. Ал, политеистік сипаттағы зайырлы мемлекеттер көп құдайлылық сенімдеріне байланысты бір аллаға емес, көптеген құдайлар алдындағы жауапкершілікті құқықтық жауапкершіліктің ажырамас бөлігіне айналдырады. Қазақстан мемлекеті моноатеистік сенімді қолдайтын зайырлы мемлекет. Оның түп-төркіні Абай өмір сүрген дәуірде жатыр. Абайдың құқықтық жинағы да осыған куә.

Қоғамның қай бағыт-саласын батыстық өлшемдермен қарап, өзімізге өзгенің киімін кигізіп, озығы мен тозығы бар ел кеңістігін түрлі шетелдік құндылықтардың басуына ырықты бергендей едік. Отандық заң ғылымы да сол кейіпте. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегінде ұлттық код мәселесі сөз болады. «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу» [11]. Біздіңше сол ұлттық кодтың бір кілті төлтума ұлттық әдет-ғұрып мен салт-дәстүрге сүйенген ескі заңдық жәдіргерде жатыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кекілбаев Ә. Үркер. – Алматы: Жазушы. – 1983.
2. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1985.
3. Алмахан Мұхаметқалиқызы. Абай: Қарамолада жазылған ереже. Abai.kz.
4. Нұрлан Дулатбеков. Алаштың Ақбаевы. «Абай-ақпарат».
5. Қарамолада жазылған Ереже // Абай. – 1992. - № 3.

I. ULUSLARARASI ABAY KUNANBAYOĞLU KAZAK KÜLTÜRÜ, TARİHİ VE EDEBİYATI SEMPOZYUMU

6. Қазақстан Республикасының қылмыстық процессуалдық кодексі. Алматы, Юрист, - 2015. (2015 01 қаңтарда өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).
7. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. Алматы, - Юрист,- 2015 (2015ж. 01 қаңтар өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
8. Ақбаев Ж. Қазақтардың әдет құқы, оның ішінде неке құқы туралы жазбалар. Кітапта: Тайшыбаев З., Дулатбеков Н. Жақып Ақбаев. Алматы.- «Жеті жарғы».
9. Шариат. Құрастырушы Н.Өсеров. – Алматы, 1996.
10. Зиманов С., Өсеров Н. Жеті жарғы жайлы // Проблемы казахского обычного права. – Алма-Ата, 1989.
11. Нұрсұлтан Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», // Егемен Қазақстан газеті, 2017 жылғы 12 сәуір.

**ЭСТЕТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АВТОРА В ХУДОЖЕСТВЕННОМ
ПРОИЗВЕДЕНИИ
(НА МАТЕРИАЛЕ ПОВЕСТИ В. МИХАЙЛОВА «ХРОНИКА ВЕЛИКОГО ДЖУТА»)**

Айнабекова Гульжан Бабаевна
докторант 2 курса КазНУ имени аль-Фараби
Ainabekova Gulzhan Babaevna
Gulzhan.aynabekova@gmail.com

Аннотация

Эстетическая деятельность автора художественного произведения затрагивает все аспекты текстуальной сферы, организуя структуру целого, выявляя и оттеняя авторский дискурс, задавая ему направление и тональность, взаимодействуя с концептуальным полем всей архитектоники творения. Писатель же находится в социальном и историческом поле бытия, он носитель эстетического сознания, является материальной и духовной силой, воплощающей произведение. Волевые, ментальные, духовно-психологические акты сознания писателя имеют исключительное значение для создания социально-исторически и культурно значимого текста, которому суждено влиять на жизнь общества. Таким текстом, в котором обнаруживается как активная эстетическая деятельность автора, так и направленный авторский дискурс, обрамленный каскадом функциональных текстов, является документальная повесть В. Михайлова «Хроника великого джута». Анализ широкого известного произведения показывает, что функционально значимые тексты, такие, как различные цитаты, скрытые интертексты, иллюстрации, документы, аллюзии, реминисценции, ссылки на всевозможные воспоминания, ретроспекции, выполняют важную роль в конструировании стратагема произведения, имеющей цель – организовать широкий полилог в историческом и политическом контексте на тему голодомора 1919-21 и 1930-33 г.г. в стране Советов, осуществить многоканальную вербальную коммуникацию в планетарном перцептивном поле.

Ключевые слова: интертекст, эстетическая деятельность, авторский дискурс, аллюзии, цитаты, реминисценции, эвфемизмы, стратагема.

Перестройка 90-х годов XX века в постсоветском обществе глубоко затронула все аспекты и планы духовной, культурной жизни как коллективов, так и отдельных людей. Она в беспрецедентных формах стимулировала развитие личности в бывшем советском социуме, побудив к поиску нового, творческим движениям, отказу от шаблонов и стереотипов сознания, особенно идеологического и мировоззренческого характера. Интенсификация личной, психологической и духовной сферы в направлении свободного мышления, поиска нового и переосмысления старого особенно касается писателей, которые по природе своего творчества были, так сказать, обречены на самостоятельность внутренней жизни, активность ищущей мысли. Господствующая идеология советского общества, навязывая жесткий, иногда репрессивный диктат, десятилетиями подавляла свободную волю художников слова, их природное стремление к самобытности, свободе сознания, воображения, социальной, исторической и психологической правде. Об этом времени очень ярко и точно выражается герой знакового романа Ю. Домбровского «Факультет ненужных вещей»: «В мире сейчас ходит великий страх. Все всего боятся. Всем важно только одно: высидеть и переждать. Есть времена, когда слово – преступление. С этим надо мириться». [1] Характерно, что Юрий Домбровский сравнивает Сталина с мифологическим Садовником, «выполовшим миллионы человеческих судеб».

Скованность и несвобода мышления писателей в советскую эпоху неизбежно сказывалось на категории автора в художественном произведении. Автор в художественном произведении – это категория эстетическая, феномен текста, а не социума. Писатель и автор художественного произведения находятся в таком же отношении, как творческая личность и текст. По этому поводу В. Бадиков писал: «Автор как проявление творческой энергии и смысла не тождествен

тому или иному реальному писателю, хотя его духовно-биографический психологический облик накладывает свой личностный отпечаток на произведение и творчество в целом». [2.14 с.] Нет никакого сомнения в том, что перестройка девяностых годов и открывшиеся горизонты свободного мышления прямо повлияли как на личностные психологические и духовные качества художников слова в Казахстане, так и на параметры автора художественного произведения, значительно раздвинув зоны его эстетического проявления и активности. В результате в литературе Казахстана с точки зрения социально-эстетической коммуникации появились по-настоящему репрезентативные тексты. Для анализа и раскрытия указанных проблем в статье применяется методика и методология сравнительно-сопоставительного, типологического и текстуального анализа с выделением наиболее характерных признаков ведущего дискурса в книге В. Михайлова.

Надо сказать, что каждая из этих тем была масштабная, многогранная, социально значимая, их осмысление и освещение серьезно влияла на общественное сознание. Изучение этих сложных и многоаспектных тем требовало от писателей мужества, работы в архивах, поиска материалов, зачастую скрытых в спецхранах, и такая работа, конечно, не могла не менять сознания мастеров слова, обостряя политические, ментальные и духовные аспекты отношения к действительности, формируя особую ответственность за свою позицию. К таким писателям, безусловно, можно отнести и В. Михайлова, опубликовавшего наиболее крупное произведение на актуальную тему – документальную повесть «Хроника великого джута¹» в 1996 г. [3]

Само обращение в такой теме, негласно запретной даже в шестидесятые и семидесятые годы XX века, за что поплатились свободой многие люди в тридцатых и сороковых годах, свидетельствует о спонтанном пробуждении интеллектуально-политического сознания В. Михайлова, решившего войти в контекст сложнейшего, неизученного социально-политического материала, подобного затаенному огню. Видимо, данный шаг назревал давно, он был продиктован биографическими факторами, так как поэт происходит из старинной русской крестьянской общины, раскулаченной и сосланной в Казахстан после гражданской войны. В период голода из этой большой семьи выжило только несколько человек. Тем не менее, ясно, что подготовка к освоению данной темы велась много лет, она сопровождалась не только сбором материала, часто архивного и документального, но и опросом людей, которые помнили годы голодомора, были свидетелями этой трагедии. Как непосредственные свидетели голодомора или хорошо осведомленные об этой трагедии были опрошены такие писатели, ученые и общественные деятели, как Гафу Каирбеков, Альжапар Абишев, Мекемтас Мырзахметов, Галым Ахмедов, Дана-бике Байкадамова, ветераны С.Н. Нургалымов, Хаджи-Ахмет Кулахметов, академик Ж.С. Такибаев, писатель Жаппар Омирбеков, Сагидолла Ахметов, писатель Камил Икрамов, писатель Мухтар Магауин, привлечены печатные воспоминания множества людей, данные историков Б. Тулепбаева и В. Осипова, ученых Н. Михайлова и Н. Тепцова. В итоге всех этих свидетельств, обобщая тягостный материал, В. Михайлов пишет: «В три года коллективизации Голощекин сделал с Казахстаном примерно то же, что Пол Пот с Кампучией». [3.с.357] Полемицируя с некоторыми авторами по поводу характера голодомора в Казахстане, В. Михайлов резюмирует: «Мне думается, английский историк ошибался, считая, что голод в Казахстане, в отличие от голода на Украине, не был организован преднамеренно. В обеих республиках коллективизация проводилась по одной схеме и прошла практически в одинаковые сроки. Более того, кочевников и полукочевников казахов еще принудили – ударными темпами! – сделаться оседлыми. То есть Казахстану спланировали еще более жестокие испытания. Не потому ли на Украине выморили 1/5–1/6 часть населения, а в Казахстане погибло от голода 1/3, причем особенно страшно пострадало коренное население – казахи, потерявшие половину своей численности». [3.364с.]

Объектом наиболее строгой и последовательной критики В. Михайлова является Ф.И. Голощекин – большевик, ленинец, соратник Сталина, руководитель Казахстана в годы

¹ Джут – в данном случае голодомор.

жестокое и убийственное голодомора. Писателю недостаточно художественными средствами обрисовать образ большевика, руководителя, одного из организаторов и участников убийства царской семьи. Он нацеливается на сверхзадачу – описать Голощекина как специфическое социальное явление времени – тип маргинала, политического и духовного перерожденца, по форме большевика, а по сути – скрытого нищанца, в решении судеб масс людей исповедующего людоедский принцип – цель оправдывает средства. К рубежу XIX и XX вв. этот тип космополита, безжалостного и расчетливого рационалиста, сознательного провокатора и политического дельца и хладнокровного практика палаческих дел вполне сформировался. Сейчас абсолютно ясно, что без таких людей коренное переустройство бывшей российской империи, приведшее к уничтожению целых классов и социальных прослоек, аристократии и дворянства, казачества и кулачества, крестьянства и купечества, старых военных кадров, дореволюционной интеллигенции и духовенства, и нашедшее итог в виде гибели нескольких десятков миллионов человек, было, конечно, невозможно. Тем не менее, среди большевиков было немало честных людей, искренне веровавших в идеалы марксистско-ленинского учения. Однако такие люди в результате тотальных сталинских репрессий и войны в основном были уничтожены к 1945 году. Выжил главным образом верткий тип приспособленца, всегда державшего нос на ветру.

Деятельность автора-повествователя в художественном произведении – это деятельность преимущественно эстетическая, цель которой – максимальная выразительность, рецептивная полнота, то есть – коммуникация во всех сферах бытования текстов. Деятельность писателя – это, конечно, совокупность социальных, эстетических, психологических, ментально-духовных актов, которые в конечном итоге сказываются на социально-историческом плане бытия, или социума. Мы это называем творчеством или творческим континуумом, где принцип автора имеет огромное значение. Как известно, понятие свободы автора в тексте было филологически и философски развито М.М. Бахтиным. [4.179 с.] В. Бадиков этот принцип комментирует так: «М. Бахтин учит не тому, как методологически точно и полно обнаружить в произведении «образ автора», ему важен онтологический аспект проблемы, т.е. философское бытие – взаимодействие «своего» и «чужого» голосов в вечном диалоге жизни». Теория Бахтина дает ориентир для осмысления подлинной свободы авторского сознания: когда автор только исправный раб своего профессионального умения, социального заказа, вплоть до сиюминутной литературной конъюнктуры, и когда он – подлинный художник, сам для себя «свой высший суд». [2.с.17-18] Следовательно, в рамках представлений М. Бахтина, произведение – это сложное сплетение «своего» и «чужих» голосов, где свое, как лакмусовая бумажка, точно выявляет и оттеняет чужой голос, чужое высказывание, оценивая и вынося ему суд в определенном фокусе нравственного знания. С этой точки зрения, произведения выступает как сложный полилог, где диалог своего и чужих голосов является ведущей смысловой и конструктивной линией. Автор художественного произведения может быть нравственно и онтологически свободен только в таком полилоге, где идет принципиальный диалог (спор) на фоне исторических и вечных смысловых инстанций, то есть высшего судьи – Истины (Бога). В таком полилоге очень важное значение имеют искренность автора, глубина и осмысленность его сверхзадачи, то есть стратегемы. Как мы выше писали, такая стратегема в книге В. Михайлова есть, она носит активный функциональный характер. Для организации такого полилога В. Михайлов выбирает форму документального произведения, словесная ткань которого выстроена из сложного сплетения цитат, интертекстов, документов, ремарок, реплик, аллюзий, эвфемизмов, реминисценций, пронизанных авторским комментарием, организующим всю эту архитектонику.

Писатель избрал для сказа о великом голоде тысячелетия в основном документальную форму. Она и определена на титульном листе как «документальная повесть». Повесть В. Михайлова композиционно построена таким образом, что содержательно первые сто страниц посвящены главным образом описанию казни царской семьи, характеристике голода двадцатых годов, то есть в период сразу после гражданской войны, перипетиям гражданской войны в Туркестане, появлению Ф.И. Голощекина в Казахстане. Следующие сто страниц посвящены

сопоставительному анализу масонского движения за рубежом и в России, характеристике предтеч социал-демократизма в России, сравнительному анализу английской революции XVI века, французской революции рубежа XVIII и XIX вв. и русской революции начала XX века, деятельности Голощекина в Казахстане, проведению экспроприации скота и коллективизации в республике, описанию начала голода в Казахстане и репрессий против национальной интеллигенции. Следующие сто страниц посвящены описанию процесса раскулачивания в двадцатых и тридцатых годах в СССР, репрессий против духовенства разных религий, главным образом – православия, экспроприации имущества церквей и мечетей, характеристике повстанческих движений в Средней Азии и Казахстане. Завершающие семьдесят страниц представляют собой живописные свидетельства очевидцев голодомора в Казахстане – короткие рассказы, сцены, воспоминания, письма, сопровождаемые авторским комментарием.

Авторский комментарий, оценивающий, характеризующий, организующий и направляющий интертекстуальное обрамление, неуклонно ведущий читателя к закономерным выводам, деталь за деталью проясняя истинную картину не только великого голода, но и самой революции, едва не ставшей мировой, по сути, является авторским дискурсом. Авторский дискурс в данной документальной книге представляет основную повествовательную доминанту, очерчивающую главную зону поиска, анализа и разоблачения – а именно – раскрытие социально-исторической, генетической подоплеки и содержания такого разрушительного явления для традиционной культуры, как большевизм, то есть социально-политическая антисистема. Предпринимая попытку литературоведческого определения понятия дискурс, Джолдасбекова Б. и Сарсекеева Н. формулируют: «В качестве основополагающих граней дискурса указываются сегодня такие лингвистические понятия как *слово, речь, речь, погруженная в жизнь, речь, присваиваемая говорящим, актуально произнесенный текст, способ высказывания* и др...(*разрядка наша – А.Ж.*) *Функциональный стиль* связывался прежде всего с особым видом текстов – газетных, разговорных, художественных и др... Из сказанного выше можно сделать вывод о том, что проблема соотношения понятий *функциональный стиль и дискурс* остается все еще далекой от своего разрешения». [5.25-26 с.]

Для более полной характеристики структуры текста В. Михайлова важно выделение признаков динамического авторского дискурса. В определенной мере они сводятся к таким элементам, как эмотивы, авторская модальность, интонация, экспрессия, реплики, ремарки и др. формы. Главная форма – объективное комментирование описываемых явлений или событий по хронике, либо по логике иллюстрируемого документального материала. Исследования показывают, что содержательные рамки текста могут быть более широкими, нежели документальный материал: «Для писателей, возводящих определенное место в центр собственного творческого миропостижения, значимы любые данные — исторические, краеведческие, культурологические, географические, социологические. Эти данные могут быть как чисто фактографическими, так и модифицированными». [6, 80 с.]

Объективный авторский комментарий по форме выглядит дотошным исследованием обстоятельств казни большевиками царской семьи, – событие, по мысли автора, которое наложило тень рока на все остальные предприятия коммунистов, ибо с ментальной точки зрения, заложенной в книге, – убийство помазанника божьего – непростительное кощунство, обреченное в истории на проклятие и неизбежный крах. Исследование, анализ, вникание в детали процесса подготовки и осуществления казни, сопоставление событий, фактов и документов, интуитивные догадки – все это признаки доминантного авторского дискурса. Когда автор приходит к обнаружению того, о чем он догадывался, он не может не удержаться от резких и осуждающих инвектив. Так, анализируя телеграмму уральских большевиков в Центр, где сообщается, что казнен только император, а семья сохранена и эвакуирована в безопасное место, автор разоблачает ложь, ибо и он и читатель знают, что в течение трех дней были убиты все Романовы, весь клан: «Случайно или нет, но в тексте содержится ошибка в дате. Однако насчет «эвакуированной семьи» казненного царя члены Уральского областного Совета лгали, сознательно обманывая население «красной столицы Урала». [3.43с.] Слово

лгали часто применяется по отношению к большевикам в разных эпизодах, а также при характеристике вождей революции разных рангов.

На фоне саркастического или объективно-аналитического, или сдержанно-гневно описания репрессивных деяний полпредов большевизма иначе выглядит сочувственное или проникновенное отношение к фигурам русского православного духовенства. Вот как переданы слова Патриарха Московского и всея Руси Тихона во время проповеди: «Так, на днях совершилось ужасное дело: расстрелян бывший Государь Николай Александрович... Мы должны, повинувшись учению Слова Божия, осудить это дело, иначе кровь расстрелянного падет и на нас, а не только на тех, кто совершил его... Пусть за это называют нас контрреволюционерами, пусть заточат в тюрьму, пусть нас расстреливают. Мы готовы все это претерпеть в уповании, что и к нам будут отнесены слова Спасителя нашего: «Блаженны слышащие Слово Божие и хранящие его». [3.51с.] Нет никакого сомнения, что слово Писания, его Дух, фигуры его произносящие или претворяющие, а это патриархи и церковники, для автора авторитетны, из их пиетета вытекает непреложный нравственный критерий, позволяющий расставить все смысловые акценты и осуществить моральный суд над злыми гениями истории, то есть, по логике книги, бесами. По интенциям автора читатель убеждается в том, что репрессии против церкви, как и других религий России, уничтожение священников, мулл и лам, разрушение храмов, экспроприация имущества церкви, запрет на религиозную деятельность, – это ни что иное как посягательство на духовное тело народа, попытка глубоко трансформировать матрицу тысячелетнего национального бытия, перекроить ее по новым лекалам, чтобы создать новый народ на базе воинственного атеизма.

Описывая события 1497—1498 гг., знаменитый полководец, государственный деятель, поэт Востока Мухаммед Бабур (1483—1530) приводит данные о постройке обсерватории Улугбека, перечисляет также и другие обсерватории, известные ему в различных странах Востока: обсерватории халифа Мамуна, Битлимуса, Бикрамаджита Хинду в Удджайне и Дхаре. [17, 9].

Средоточием культуры, познания, языков Восточного Ренессанса были мечети. Они были не только источником религиозной духовности на Востоке, но и мощными центрами образования и воспитания.

Например, в XI—X вв. более или менее значительная мечеть обязательно имела библиотеку: существовал обычай завещать книги мечетям. Так, в городе Мерв (совр. Туркмения) было основано 12 библиотек общественного пользования. Только в одной из них насчитывалось около 12 тысяч томов. Двери библиотек были открыты для всех. В их стенах занимались ученые со всех концов мусульманского мира. Так, в библиотеке Мерва в течение трех лет — с 1216 по 1219 гг. — работал знаменитый путешественник и географ, автор труда «Словарь городов» Абу Абдиллах Шихабиддин б. Абдаллах ал-Хамави по прозвищу Йакут (1179—1229).

Власть имущие, по сведениям А. Меца, считали для себя величайшей гордостью собирать книги. К примеру, эмир Бухары Нух ибн Мансур имел еще в XI в. огромную библиотеку. В свое время ею пользовался знаменитый ученый-энциклопедист ибн Сина (Авиценна). Он писал: «Однажды я попросил эмира допустить меня в его библиотеку, чтобы изучить имеющиеся там

книги по медицине. Он разрешил мне, и я вошел в здание, где было множество комнат. В каждой комнате были сундуки с книгами, поставленные один на другой. В одной комнате были книги по арабской поэзии, а в другой — по физике, и так в каждой комнате [находились] книги по какой-либо отрасли науки» [18, 59].

Когда король Франции, Людовик IX был на Востоке, то он обратил внимание на то, что там многие ученые читали книги в общественных библиотеках. Вернувшись во Францию, он распорядился сделать при его личной церкви Сент-Шанель нечто подобное. Здесь мы видим прямое влияние тюркской культуры на становление европейской читательской культуры [19].

Представление о вкладе тюрков в мировую культуру и цивилизацию будет не полным, если мы не затронем некоторые аспекты земледельческой культуры. Это имеет актуальное значение для раскрытия тюркской составляющей в мировой земледельческой культуре. Так, уже во II в. до н. э. население Ферганской долины занималось виноградарством и виноделием. Искусство виноделия китайцы переняли именно у ферганских виноградарей. Это подтверждают сохранившиеся китайские рукописи. В одной из них отмечается, что в Давани (т.е. в Ферганской долине) вино приготавливается из винограда и в большом количестве хранится на складах в течение многих лет, не подвергаясь порче. Там виноградное вино является столь же обычным напитком, как и люцерна кормом для лошадей [20, 10].

Легенда приписывает открытие винодельного процесса иранскому принцу, астрологу Джамшиду, который привез домой в бочонках какой-то из великолепных сортов ферганского винограда. Открыв бочонки, он обнаружил, что виноград начал бродить, и приказал навесить на кислый напиток ярлык «яд». Спустя несколько дней он поссорился со своей любимой женой, которая в отчаянии выпила содержимое из одного из этих сосудов. Когда она проснулась после тяжелого сна, то почувствовала, что все ее переживания исчезли. Употребление этого, как она считала, лекарства вошло у нее в привычку, пока Джамшид не обнаружил ее секрета. Но Джамшид, говорят, впоследствии стал пьяницей и был свергнут с трона [21, 440].

Завершая статью, отметим, что изложенное нами о тюркской составляющей в Восточном Ренессансе есть лишь малая толика того, что привнесли тюрки в мировую культуру и цивилизацию. Многие еще лежат под завалами евро и других центризмов, поэтому перед новыми исследователями лежит задача открыть миру Тюркскую Вселенную, Тюркскую культуру и цивилизацию, бывшей долгое время, как справедливо говорит известный ученый Б. Г. Аяган «забытой» в силу идеологических и политических причин.

Использованные Литературы

1. Конрад И. И. Запад и Восток: Статьи. — М., 1972.
www.situation.ru/app/j_art_450.htm
2. А. Х. Касымжанов. Пространство и время великих традиций. Алматы: Казак университеті, 2001. С.22, 24.
3. Абрамов Н. А., Дёмин В. Н. 100 великих книг. — М.: Вече, 2000. — С. 15.
www.libex.ru/detail/book427500.html
4. Из истории общественно-философской мысли и вольнодумия в Средней Азии. - Ташкент: Фан, 1991. — С. 6.
5. Бертельс Т. С. www.kaznu.kz/ru/11281/page
6. studopedia.org/14-4248.html
7. <http://el.kz/bm4359>
8. Вызго Т. В кн.: Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии // Алматы: Ғылым, 1993.
9. Рабжабов А. Музыкальная мысль таджиков в эпоху Ибн-Сино// Торжество разума. С. 295.
10. Ибн Халликан. Уафайат ал-а'йан уа анба' абна' аз-заман / Изд. И. Аббас. Т.1— Бейрут, 1968, с. 155-156.
11. Сираждинов С., Матвиевская Г. Ал-Хорезми – выдающийся математик и астроном средневековья. М., «Просвещение», 1983;
www.krugosvet.ru/enc/nauka_i_tehnika/matematika/AL-HOREZMI.html

11. История человечества. Т. IV. VII—XVI века / Под общ. ред. А. Н. Сахарова; ИРИ РАН; ЮНЕСКО. — М.: Магистр-пресс, 2003. — С. 106.
12. Касымжанов А.Х. Портреты: Штрихи к истории Степи. Вып I. – Алматы: Университет «Кайнар», 1995. – с. 34-35.
12. <http://e-history.kz/ru/contents/view/4052..>
13. Алиев А. Восточный Ренессанс и его роль в историко-культурном развитии Кыргызстана и сопредельных территорий (X в. – первая треть XVI в.) // / ОшГУ. – Б.: Нео принт, 2015. — С. 440
14. Мец А. Мусульманский Ренессанс. — М.: Наука, 1966. — С. 144—158.
15. Литвинский Б. А. Водопровод Так-Языра (из истории городского водо-снабжения в средневековой Средней Азии) // Культура и искусство народов Средней Азии в древности и средневековье / Под ред. Б. Г. Литвинского. — М.: Наука, 1979. — С. 79—84.
16. Лей Г. Очерк истории средневекового материализма. - М., 1962. - С. 56.
17. Бабур-наме [Записки Бабура] / Пер. М. Салье; Общ. ред. и дораб. С. А. Азимджановой... — С. 9.
18. Абу Али ибн Сина. Избранные произведения / Отв. ред. М. Диноршоев. — Т. 1. — Душанбе: Ирфон, 1980. — С. 59.
19. URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9D%D0%B0%D1%86%D0%B8%D0...>
20. Кары-Ниязов Г. Н. Астрономическая школа Улугбека. — М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1950. — С. 10.
21. Восточный Ренессанс и его роль в историко-культурном развитии Кыргызстана и сопредельных территорий (X в. —первая треть XVI в.) / ОшГУ. – Б.: Нео принт, 2015. — С. 440

ПУБЛИЦИСТИКА ЖАНРЫНДАҒЫ ЖАРНАМА ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТІЛДІК
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қали Ақылбек

Абай атындағы ҚазҰПУ, 4-курс студенті

Резюме

В статье рассматривается основополагающая роль прагматики в лингвистическом анализе языка рекламы. Определена роль стратегического подхода в процессе лингвопрагматического описания рекламного текста. Представлено понятие креолизованного текста, описаны основные его характеристики.

Summary

The role of strategic approach to the linguistic description of advertising texts is de-fined. The term «creolized text» and its main characteristics are presented. A classification of major speech strategies defining banner advertising texts is given

Қазіргі қазақ жарнамалары таралу жолдарына, қамтитын тақырыптарына, түрлеріне қарай әр түрге бөлінеді:

- сырттық жарнама (мандайшалар, жарнамалық қалқандар, панно, плакаттар)
- теле және радио жарнама (жарнама роликтері, жарнамалық телерепортаждар, теледидардағы жарнамалық қатарлар, радио хабарландырулар, радио роликтер)
- парақша жарнама (каталогтар, буклеттер, жапсырмалар, шағын жарнама парақтар, шақыру билеттері, баға көрсеткіштері)
- газет жарнамасы (газет-журналдарда жарияланған жарнама мәтіндері) [1].

Жарнама - өте күрделі құбылыс. Жарнаманы жалпы мақсаттарына байланысты топтастырсақ, оны екіге бөлуге болады: бірі – сауда-саттық (коммерциялық) жарнама, екіншісі – саяси жарнама. Коммерциялық жарнаманың өзі өнеркәсіптік және сауда жарнамасы болып екіге бөлінеді. Өнеркәсіптік жарнамаға белгілі бір фирманың өнімдері мен қызмет көрсетуге арналған жарнамалары жатады. Сауда жарнамасына көтерме сауда жарнамасы мен дүкендер ұйымдастырған жеке жарнамалар жатады. Жарнама бұқаралық ақпарат құралдарына берілуіне байланысты: газет, журнал, кино, радио, теледидар, телефон, пошта т.б. жарнамалары болып бөлінеді. Жарнаманы адамның қабылдау мүшелеріне байланысты бөлу де заңды нәрсе. Оны көру арқылы қабылданған жарнама, есту арқылы қабылданған жарнама, иіс арқылы қабылданған жарнама деп топтастырады. Таралу көлеміне қарай – жергілікті, қалалық, жалпыхалықтық, дүниежүзілік болып бөлінеді. Берілу ретіне байланысты бір рет берілетін жарнама, бірнеше рет берілетін жарнама, күнделікті берілетін жарнама деп топтастырылады.

Жасалуына қарай, арнайы жарнама агенттіктері даярлаған және жарнама берушілердің өздері даярлаған жарнама болып екіге бөлінеді.

Жарнаманың көркемделуіне байланысты да түрлері көп: ақ-қара жарнама, бір түсті, екі түсті, түрлі-түсті т.б.; мәтінді жарнама, суретті жарнама.

Әрине, жарнама түрінің көптігі жарнаманың жалпы түсінігін қиындатады. Жарнаманы жан-жақты қарастыра келіп, оған мынадай анықтама беруге болар еді: Жарнама деген- белгілі бір зат пен құбылысты, іс-әрекет пен қызметті елге таныту, насихаттау, оларға деген сұранысты күшейту мақсатымен (ауызша, жазбаша) жарияланған хабарлама жиынтығы. [2].

Бүгінде жарнаманың жаңа түрлері мен жаңа қалыптары пайда болуда, алайда жарнама мәтінінде әрдайым негізгі, жетекші қызметті сөз атқарады. Жарнама тілі саласы қазақ тілінде жаңа сала деп қарастыруға болады. Қазіргі таңда жарнама үстем болып отырған орыс тілінде дайындалады да, кейін қазақ тіліне аударылады. Бұл жағдай керісінше болуы тиіс. Алдымен қазақ елінде қазақ тілінде әзірлену керек. Сол тілдің ыңғайына жығылу, сол тілде қалай жазылса, үтір нүктесіне дейін қалдырмай, қазақ тілінде де солай жазу басым. Оған лайық балама немесе қазақ тілінің тілдік нормаларын сақтау ұмыт қалғандай. Сөзбе-сөздіктің қазақ

тілінің грамматикалық құрылысына, қиыстыру жүйесіне қиянат жасаған жерлері баршыдық. Қиыны, міне осында. Небір жарнама аудармаларын оқып отырғанда, қарап отырғанда, не оқып, не түсінгенін білмей қайран қаласың. Бірен-сраны болмаса, кілең қазақ сөздерінен құрылған тіркестер өзара байланыспай, қиыспай нақтылы ұғым берместен сіресіп тұрады. Сөзім дәлелді болу үшін мысал келтірейін:

Строительные материалы Құрылыс заттары орыс тіліндегі баламасы "Оптом и в розницу", "Көтерме және бөлшек". (Кенжехан базары)

Бұл мысалда сөйлем тиянақсыз, аяқталмаған. Негізгі ой – құрылыс заттарының көтерме және бөлшек бағамен сатылатындығында, яғни бұл сөйлем «баға» деген сөзді керек етіп тұр. Демек, «Құрылыс заттары. Көтерме және бөлшек бағамен» десе сөйлем түсінікті болар еді. Немесе калька тәсілімен аударылған тағы бір мына мысалға назар аударыңыз: "Ген победителя в каждом"- " Жеңімпаз гені әрбірінде". Адресанттың не айтқысы келіп, қандай ой жеткізгісі келгені белгісіз. Мағынаға мән беру атымен жоқ. Магазин продуктов и промышленных товаров. Азық-түлік және өнеркәсіп тауарлары дүкені. (Жандосов көш.)Бұл мысалда «тауарлар» деген сөзге ілік септігін, яғни «-нің» жалғауын қоссақ, сөйлем түсінікті, мәтін сауатты құрылған болар еді. Азық-түлік және өнеркәсіп тауарларының дүкені. Кейбір сөздердің, терминдердің аудармасы болар тұра, орыс тілінде қазақ тілінің қосымшасымен жазылып жатады. Мысалы, Ремонт автомобилей Автомобильдер жөндеу.(Кенжехан базары) Автомобиль – адам немесе жүк таситын машина, яғни көлік. Неге «автокөлік жөндеу» демеске?

Активная семья- Активті отбасы

Активный город- Активті қала

Активный студент- Активті студент

Активное время-Активті уақыт

Активные слова -Активті сөздер. Енді бұл мысалды талдап көрелік: «актив» сөзінің бірінші мағынасы – белгілі ұйымның беріле, белсене істейтін мүшесі. Ал екінші мағынасы - өндіріс орындарының құнды зат я саласы, ақша бұйымдары. Демек мысалымыздағы «активті» сөзінің аудармасы – «белсенді». Белсенді отбасы, белсенді қала, белсенді студент, белсенді уақыт, белсенді сөздер десек орынды болар еді. Кейбір қазақ тіліндегі жарнамалар мәтіні орыс тіліндегі жарнама мағынасынан бөлек.

Мысалы, "Самые привлекательные тарифы" -"Ең тартымды тарифтер тізімі". (Төле би көшесі)

Орыс тіліндегі мәтінде «тізім» деген сөз, «тізім» туралы ой да жоқ. «Ең тартымды тарифтер тізімі» болуы үшін «список самых привлекательных тарифов» болуы керек емес пе? Яғни «тізім» - «список» деп аударылады емес пе?

"Белая техника"- " Ақмаржан техника" деген жарнамаға зер салайықшы: «белая техника» деп тұрған – кір жуатын машина, тоңазытқыш, плиталар, қысқатолқынды пештер, яғни бір сөзбен айтқанда тұрмыстық техника. «Ақмаржан техника» деу тіпті сауатсыздық! Ақмаржан сөзінің мағынасына үңілсек, «маржан» деген тастың түрі, орысшасы – коралл, ақмаржан – белый каралл. Белая техниканы ақмаржан техника деу өте орынсыз, ойға сыйымсыз.

Для всех кто ищет! Кім іздесе, солардың бәріне! Для всех кто выбирает! Кім таңдаса, солардың бәріне! (Яссауи көш.) Бұл жарнаманың адамға әсер ету қызметі өте төмен. Неге дейсіз ғой? Өйткені кімнің нені іздейтіні, нені таңдайтыны беймәлім. Бір сөз бірнеше рет қайталанып, естір құлаққа да жағымсыз. Іздеушілер мен таңдаушылар назарына! десе де айтар ой жетімді болары анық.

«Кулинария жалға беріледі» деген сөйлемдегі «кулинария» сөзі кез-келген сөздікте «аспаздық, аспазхана» деп берілген, күнделікті сөйлеу тілімізде де кулинария аспазхана деп қолданылады. Неге екені белгісіз, жарнамалауға келгенде «аспазхана жалға беріледі» делінбейді.

С новым кодом! Жаңа префиксіңізбен!

«код» деген сөзді талқылайық: «код» - шартты белгілер жүйесі, мысалы телеграф коды (телеграфный код), сигнал коды (сигнальный код). Префикс – лингвистикалық термин, сөз алды

қосымшасы. Код пен префикс екі бөлек түсінік, жарнамада сан, белгі жөнінде айтылып тұрғандықтан, жаңа кодыңызбен деген түсініктірек болар еді.

Бұл мысалдар толғанысымды дәлелді ету үшін келтірілген болатын. Көшеміздегі жарнамаларда мұндай шалалық сауатсыздық кең етек алып бара жатырғаны ащы шындық. Қазақ жарнамаларында шетелдік жарнамалардың көшірілуі байқалады, ұлттық мәдениет белгілерінің жасанды өзгертілуі көзге айқын көрінеді. Бұлар- қазақ жарнамаларының ықпал ету қызметін төмендетеді.

Әрине, «іші – алтын, сырты – күміс» сөз жақсысын келістірген сәтті аудармалар да бар. Мысалы, «еселеп артар кірісің, үнемді болса әр ісің» - «тройной результат без лишних затрат», «зачем полцарства за коня!»-«астындағы атыңды алты ай іздеме!». Бұл аударма тіл емес, қазақша мәтін, ой.

Считание качества и цены! Сапа мен баға үйлесімділігі!

Қандай тамаша аударма. Артық жалғаулар мен жұрнақтар жоқ. Әрбір сөз орнында тамырын терең жайып тұр. Әрбір сөз бір-біріне сай келетін сөздер. Бірнеше мысал келтірейік:

Офисный мир Кеңсе әлемі

Звонки на все мобильные по одной цене!

Барлық ұялы байланысқа қоңырау бір бағамен!

Все для отделки и ремонта! Бәрі де өңдеу және жөндеу жұмыстары үшін!

Присоединяйся! Бізбен бірге бол!

«Құлақтан кіріп бойды алар» дегендей қандай керемет аудармалар. Нағыз өмірге сән беретін құбылыс. Осыларға қарап күнделікті өмірде де бір жаңалық барын білеміз, десек те қазақша жарнама тілін қалыптастырып, ұлттық бояуды сақтап отырсақ іргесі берік ел болатынымыз айғақ.

Бұл тек біздің облысытың емес, Республикалық деңгейдегі үлкен мәселе. Тоқсан сөздің тобықтай түйіні, көрнекі ақпарат пен жарнаманың аударма нұсқасын емес, семантикалық, грамматикалық, стилистикалық нормалары сақталған қазақша жарнама тілін дайындауға ерекше көңіл бөлу керек.

Тауарлар мен өнімдердің, қызмет түрлерінің жарнамаланып отыруын реттейтін жарнама агенттіктері қажет және олармен мемлекеттік тілді жетік меңгерген, қазақ халқының этномәдениетінен толық хабардар, сондай-ақ басқа тілдерді де жақсы білетін тілші мамандармен, аудармашылармен жасақталуы тиіс.

Жарнама түрлерімен айналысатын агенттіктер мен кәсіпорындарға тіл нормаларын сақтауды талап ету, оларға жауапкершілік жіктеу, заңды бұзғандарға айыппұл салғызу керек.

Қазақ жарнамасын газеттік-публицистикалық стильдің подстилі деп тануға екі негіз бар. Бірінші, жарнаманың тілдік және вербалды емес құралдары бірігіп келіп ақпарат беру қызметін атқарады және осы комплексті мәтін прагматикалық қызмет атқарады. Екінші, жарнама мәтіндерінде, жалпы газеттік-публицистикалық стильдегі сияқты өзге стильдердің элементтері, образды, бейнелі тілдік құралдар, мақал-мәтелдер, сирек жұмсалатын сөздер, жаңа терминдер және т.б. қолданылады. Жалпы газеттік-публицистикалық стильде көркемдеуші тілдік құралдарда да ғылыми абстарктылы маңызы басым терминдері де, ауызекі сөйлеу тілінің элементтері де қатар жұмсалады. Ал бұл қолданыстар әлеуметтік мүддені көздеп жұмсалады. Өзге стильдерге тән элементтер, стильдік белгілердің прагматикалық қызметті атқаруға қосатын үлесі жоғары. Мұндай белгілер де жарнама тіліне тән. Міне бүгінгі қазақ қауымы алдында тұрған, салмағы екі ұрпаққа да тең түсетін, ел болып, жұрт болып ойлана-толғана отырып шешетін ұлт тағдырына байланысты, күрделі де қиын проблема осы болса керек. Бұл проблемадан бой тасалап, сырт қалам деушілер түбінде мықтап қателеседі, ал тіл заңын сөз жүзінде қолдаған болып, іс жүзінде жүрдім-бардым қарайтындардың күйкі тірлігі – елді емес, ең алдымен өзін-өзі алдағаны. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» - деп дана халық тегін айтпаған. Қоғамның арқалаған жүгі ауыр болғандықтан да оның құрамына енген азаматтардың ұраны ынтымақ, бірлік, тұтастық болуы керек деп білемін.

Жарнаманың әсерлілігі, оның ықпалының артуы адам психикасының ерекшеліктерін ескеріп жасалған кезде ғана артады. Адамды әрекетке бағыттайтын, қажетін өтеуге

талаптандыратын бір түрткі болады. Бұл түрткіні психологияда мотив (себеп) деп атайды. Түрлі жағдайлардың әсер етуіне қарай адам психологиясы әр түрлі өзгерістерге түсіп отырады. Жарнама бірден оқырманның, тыңдарманның, көрерменнің назарын аударуы керек. Психология ғылымында ойлы назар және ойсыз назар деген болады. Біріншісі, адам бір нәрсені көру үшін күш жұмсап, тырысуы керек, ал екіншісі, затты немесе құбылысты адамның ойламаған жерден байқап оған еріксіз көңіл бөлуі. Жарнама негізінде ойламаған жерден адам назарына ілігіп, оның санасына әсер ету керек. Ол тұтынушының қызығушылығын арттырып, көздеген затын сатып алуға итермелейді. Кейбір жағдайларда жарнама тұтынушының сезіміне әсер еткеннен кейін, екінші кезеңде мағынасымен қызықтырып, белгілі бір сезімді қалыптастырып, оны қуанып немесе таңдандырып, ал кейбір жағдайда ойламаған жерден шешім қабылдатып, абдыратады. Жақсы жарнама адам санасында белгілі бір бейне (образ) жасап, сонымен байланысты нығайтып, қалыптастырады. Мұндай жағдайда біз «жарнама» образымен танысамыз. Жарнаманың әсері дәлелді болуы пайдаланған тұжырымдамаларға тікелей байланысты. Егер де мұндай дәлелдер жарнамада жоқ болса, онда жарнаманың адам санасына ықпалы әлсіреуі сөзсіз. Жарнаманың тағы бір ұтымды жақтарының бірі – сезімге тікелей байланысты бір нәрсені көргенде туындайтын ассоциациялар. Бұл – бір нәрсені екінші нәрсеге ұқсату арқылы белгілі бір сезім ағынын туғызу [3].

Кез келген ортаға байланысты әр түрлі жарнамаларға назар аударта білу – жарнама компаниялары мен агенттіктерінің жетістігі. Жарнама хабарлары, мейлі ол газет, журнал арқылы немесе радио, теледидар арқылы берілсін тұтынушы мен көрермендер арасында психологиялық байланыс туғызады. Жарнама хабарларының белгілерін қабылдау маңызды мәселе. Жарнама белгілерін дұрыс қолдана білу жарнамасының шеберлігіне байланысты. Жарнаманың қолданылуын адам санасында белгілі бір уақыт аралығында белгілер (сигнал) жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Осы белгілер арқылы адам өзіне қажетті тауар жөнінде жан-жақты мәлімет алады. Нәтижесінде адамның ойында психикалық процесс жүреді. Бұл эмоциялық күйзеліс түрінде өтеді. Жақсы жарнама – дәл және нақты хабар мен ойдағыдай жаңалықтардың дер кезінде берілуі. Жарнама жасайтын мамандар бізде әлі өз дәрежесінде қалыптасқан жоқ. Жарнама жасауға психологтар, социологтар, тілшілер, экономистер керек. Иә, жарнама мәселесінің айтылатын, жазылатын, зерттелетін мәселелері жеткілікті. Бұл - Қазақстан Республикасында шешуін таппаған, соңғы кезде қолға алынып келе жатқан жұмыстың бірі.

Тұтынушының өнімді сатып алуына тек қана өнімнің өзі емес, оған жасалған жарнама хабар әсер етеді. Егер жарнама мәтінін құрастырған кезде адам психикасының ерекшеліктері еске алынса, онда жарнама мақсатын жетеді. Себебі назар аударту, қызығушылық туғызу, ынталандыру – мұның барлығы психологиялық процестер.

Жарнаманың іс-шараларын дайындаған кезде тұтынушының басқа адамдармен бірге белгілі бір әлеуметтік байланыста болатынын еске ұстаған жөн. Бұл өзі бірге жұмыс істейтін жұмысшылар ұжымы немесе жанұя т.б. болуы мүмкін. Сонымен қатар өнімді сатып алуға шешім қабылдау тұтынушының мінез-құлқының ерекшеліктеріне де байланысты. Күнделікті саудада бұл ерекшеліктер соншалықты қажет бола бермейді. Мысалы, күнделікті қажетті: нан, сүт, ет т.б. өнімдерді сатып алу кезінде тұтынушылар мінез-құлқында ешқандай ерекшеліктер байқалмайды.

Жарнаманы зерттеу барысындағы кейбір жасына, жынысына, қызметіне, тұрғындардың ұлттық құрамына байланысты социологиялық деректер статистикалық және мұрағаттық материалдардан, партиялық, кәсіподақтық, құжаттардан, санақ материалдарынан алынады.

Жарнама алдымен адамдардың ақылы мен сезіміне әсер ету керек. Оның психологиялық әсерінің нәтижесінде жасалған іс-әрекет адамдардың жеке еркі бойынша жасалған сияқты болуы тиіс. Кейбір адамдар өздерінің ойларында, көзқарастарында тұрақсыздық білдіреді. Мұндай адамдарды психология ғылымында белсенді адамдар деп атайды. Олар өмірде жиі кездеседі. Сондықтан да жарнама берілген плакат, хабарландырулар, мерзімді баспасөз, теле-және кинофильмдер адамдардың барлық мінез-құлқына сәйкес жасалынуы керек. Жарнамадағы сөздер мен көріністер, суреттер қандай жағдайда болмасын ақылы мен сана-сезіміне жақсы әсер

етіп, олардың естерінде уқытқа сақталуы үшін сәйкестендірілуі керек. Кез келген жарнама көңіл аудартып, тұтынушыны іс-әрекет жасауға ынталандыруы тиіс. Егер жарнамаға көңіл бөлініп, іс-әрекет жасалса, онда жарнаманың мақсатына жеткендігі.

Жарнаманы көрісімен адам бірден дүкенге кіріп, зат сатып алады деп ойламау керек. Өйткені, дәл осы уақытта адам жұмысқа асығып бара жатуы немесе ақшасы жеткіліксіз болуы мүмкін. Сондықтан жарнама сол затты сатып алғанша есте тұруы тиіс.

Жарнама құрастырушы адам тұтынушылардың назарын аударту жолдары мен олардың жарнама мәтінін тез түсінуін, есте сақтау процестерін жетік білген жөн. Жарнаманың нәтижесін белгілі бір психологиялық процестер жиынтығы ретінде түсінуге болады. Олар: назар аударту, қызығушылық туғызу, сезімге берілу, еске сақтау, шешім қабылдау, іс-әрекет жасау т.б.

Сонымен жарнаманың бірінші мақсаты – ынтаны ояндыру (ынталандыру). Егер адам үлкен көшеге шықса, онда ол сырғыған машиналарды, тротуарды, көшедегі әр түрлі дауыстарды естиді. Адамның бұл көріністерді түгел қамтуы мүмкін емес. Егер белгілі бір нысана назар аудартарлық жағдайда болса, онда ол басқа жалпы әсерлерден ерекшеленіп, адамның сезу мүшелеріне әсер ете бастағаны: көреді, сезінеді. Жарнаманың мақсаты негізінен, назар аудартуда. Назар аударту көптеген жолдармен жүзеге асады. Мысалы, газеттің майда хабарларының арасынан біз, ең алдымен, көзге жақсы көрінетін жуан қара жиекпен берілген хабарландыруды тез байқаймыз. Көлемі жағынан ерекшеленіп тұратын жарнама көптеген материалдардың аумағындағы басқа жарнамаларға қарағанда едәуір назар аудартады. Бірақ өте үлкен көлемді жарнаманың да тиімсіз жақтары бар. Мысалы, трамвайда біз көбінесе отырған кезде жақсы көрінетін жарнамаға назар аударамыз, демек жарнама беруші жарнаманың көлемін де еске ұстағаны жөн. Бір сөзбен айтқанда, жарнамада жалғыз сөздің өзі әсерлі болуы керек. Атақты орыс очеркісі В.Овечкин айтқандай: «В этом искусстве уметь единым словом, намеком вызвать у читателя много воспоминаний, ассоциаций, бурю чувств» жалғыз сөз арқылы сезім құйынын ояту, биіктерге шақыру, ойды өзгерту, әрине, бұл оңай нәрсе емес, сондықтан да жарнама өнер өзін осы жолға бағыштаған адамнан қажымас еңбекті, таудай талапты, көп ізденістерді талап етеді[4].

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан, жарнама саласында кеңінен қолданылуы тиіс. Ол мынадай қажеттіліктерден туындайды:

Жарнама саласындағы қазақ тілінің беделін көтеру;

Тіл заңын жүзеге асыруға байланысты, мемлекеттік тілдің жарнама саласында қолданылуын қадағалау;

Орта арнаулы және жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілдегі жарнама ісімен айналысатын мамандар даярлауды қолға алу;

Мемлекеттік тілде және басқа тілдерде берілген жарнамалардың әдеби тіл нормасына сәйкес келуін қадағалайтын орган ашу;

Мемлекеттік тілдегі жарнама жасаумен айналысатын жарнама агенттіктерін ашуды қолға алу;

Жарнама тілін жақсарту мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізу т.б.

Қазақ тілін жарнама тіліне айналдыру - қиын да күрделі іс. Оның лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, психоллингвистикалық қырлары (аспектілері) арнайы зерттеуді қажет етеді. Жарнама мәтіні – мәтіннің ерекше түрі, жарнама берушінің ақпаратын жеткізуші және айтушы. Көздеген мақсатына жету үшін ақпарат берілетін ойы жүзеге асырылады. Жарнама мәтінінің «өмірі» қысқа, себебі үнемі жаңару – өзінің негізгі функциясын атқарудағы қажетті шарт: әрбір қайта жарнамаланатын тауарға тілдік құралдардың жаңа нұсқалары қажет. Жарнама барынша қысқа, көзге ұрарлықтай және мәнерлі болуы тиіс, ол оның жетістігінің кепілі.

Жарнаманың қазіргі тілінде әртүрлі тілдік деңгейлерде таныстырылатын бағалаушылық тәсілдің қоры қалыптасуда және оны мәнерлі, эмоционалды, дербес жасайды. Бағалау, өз кезегінде қоршаған шынайылықты қабылдайтын тұтынушының дүниені сезінуіне бағытталған. Жарнамалық мәтін бағалаушылықты білдіретін тілдік құралдар көмегімен құрастырылады.

Бағалауыштық сөздері ретінде көбінесе сын есімдер қолданылады. Бағалауыштық сын есімдер тауардың оң сапасын сипаттайды және оның нарықта ары қарай белең алуына себепші болады.

Жарнама мәтінінің әрекет ету механизмін қарастыруға жақындау психологтардың тарапынан қарапайым түсіндіріледі: «жарнамалық хабарлама көрермен көз алдына тауар бейнесімен байланысатын оң эмоцияны индукциялайды. Бәріне белгілі болғандай, жақсы жарнама санадан тыс (бұлыңғыр) әсер етеді, мүлдем логикалық сендіруді қажет етпейді». Бұл әрекет етудің негізінде бәрінен бұрын адам психикасының ойлау және эмоционалды өзегіне бағытталған тілдік айла жатыр. Жарнама тілі – бұл «адресаттың когнитивті және мінез-құлықтық қызметіне жасырын әсер ету мақсатында нақты бір ресурстарды қолдану жолдарымен» жасалатын, мифтер, нышандар, бейнелер.

Бұл адамның психологиялық ерекшелігімен байланысты сөздің екі есе әсер етуі нәтижесінде болады: «Ми сөзді екі түрлі жағдайда қабылдайды: рационалды-логикалық; және эмоционалды-бейнелі. Көп сөздер жасырын бағалауыштық компонент ұстайды: «жақсы», «жаман». Сонымен бірге олар нақты ассоциациялық көру, есту және сезу әрекеттерін тудырады. Сөзбен арбау арқылы адам санасында өздері түсінбейтін жақсы немесе жаман түсініктер қалыптастыруға болады. Бұл сөздер «итеру» немесе «шақыру». Оларды дұрыс қолдана білу тұтынушыға жарнаманың әсерін арттырады.

Жарнама - қоғамның жемісі. Ол тарихи-әлеуметтік құбылыс. Адам болған жерде, саудасаттық жүрген жерде жарнама міндетті түрде болады. Жарнама алдымен экономикамен тығыз байланысты. Айталық, елімізде жүріп жатқан нарық экономикасының барлық жаңалықтарымен біз алдымен жарнама арқылы танысамыз. Екіншіден, жарнама мәдени өміріміздің бір бөлігі. Себебі бүкіл адамзат қоғамындағы күллі мәдени жаңалықтар жөнінде алғашқы хабарды жарнама арқылы біліп танысатынымыз басы ашық мәселе. Мысалы, кез-келген шығарманың өмірге келіп, көпшілікке танымал болып, әрбір өнер адамының ерекше талантын бүкіл әлемге таныстыратын тек осы жарнама хабарлары. Үшіншіден, жарнама мен саясат өте тығыз байланысты. Себебі жарнаманы коммерциялық және саяси жарнамаға бөлгенде жарнаманың өзі саяси жарнамаға қажет. Алғашқыда сауданы қалыпқа түсіруге арналып, кейін үлкен фирмалар мен компаниялар арасында бәсеке құралына айналған жарнама соңғы уақытта саяси партиялар арасында бәсеке күресінде де қолданыла бастады. Бүгінгі таңда жарнаманы тек сауда құралы деп түсіну жеткіліксіз. Өйткені оның ықпалы да өрісі де күннен-күнге кеңейуде. Көпшілік “жарнаманы” тек саудамен байланысты ғана түсінеді. Бұл заңды нәрсе. Өйткені саяси жарнама дегеннің өзі бізге соңғы 10-15 жыл көлемінде ғана белгілі бола бастады. Нарық экономикасына өтудің алғашқы кезеңдерінде жарнаманың біздің өмірімізде маңызды өмір алатындығы жөнінде ешнәрсе білмедік. Қазіргі уақытта жарнама әрбір қазақстандықтың күнделікті өміріне еніп отыр. Біз жарнамамен кез-келген бұрышта: теледидарда, радиода, көшеде, газетте, журналда кездесеміз. Кейде жарнама бізге кері әсерін де тигізеді. Оның басты себебі жарнаманың басты сапасының төмен болуы немесе оның берілген уақытының бізге сәйкес, ыңғайлы болмауы. Жақсы жарнаманы жасап, оны дұрыс қолдана білу үлкен кәсіби шеберлік пен ғылыми зерттеуді қажет етеді. Өйткені жарнама жасау мен жариялауда кеткен болмашы кемшіліктің өзі тұтынушыға кері әсерін тигізуі әбден мүмкін. Тілімізге көптеген жаңа сөздер еніп, кейде бұрыннан бар сөздердің балама ретінде қолданылуы жарнама саласында жиі байқалады. Сонымен қатар жарнама мәтінін құрастыруда тілдік құралдарды дұрыс қолдану жарнама стилінің қалыптасуына септігін тигізеді анық. Яғни дұрыс құрастырылмаған мәтіннің кісіге әсері де өзгеше болып, оның көңілге жақсы әсер етуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар жарнама мәтінінде тақырып қою мен оның сөзбен үйлесімі маңызды мәселе болып саналады. Жарнама мәтінінің әрекет ету механизмін қарастыруға жақындау психологтардың тарапынан қарапайым түсіндіріледі: «жарнамалық хабарлама көрермен көз алдына тауар бейнесімен байланысатын оң эмоцияны индукциялайды. Бәріне белгілі болғандай, жақсы жарнама санадан тыс (бұлыңғыр) әсер етеді, мүлдем логикалық сендіруді қажет етпейді». Бұл әрекет етудің негізінде бәрінен бұрын адам психикасының ойлау және эмоционалды өзегіне бағытталған тілдік айла жатыр. Жарнама тілі – бұл «адресаттың когнитивті және мінез-құлықтық қызметіне жасырын әсер ету мақсатында нақты бір ресурстарды қолдану

жолдарымен» жасалатын, мифтер, нышандар, бейнелер. Бұл адамның психологиялық ерекшелігімен байланысты сөздің екі есе әсер етуі нәтижесінде болады: «Ми сөзді екі түрлі жағдайда қабылдайды: рационалды-логикалық және эмоционалды-бейнелі. Көп сөздер жасырын бағалауыштық компонент ұстайды: «жақсы», «жаман». Сонымен бірге олар нақты ассоциациялық көру, есту және сезу әрекеттерін тудырады. Сөзбен арбау арқылы адам санасында өздері түсінбейтін жақсы немесе жаман түсініктер қалыптастыруға болады. Бұл сөздер «итеру» немесе «шақыру». Оларды дұрыс қолдана білу тұтынушыға жарнаманың әсер етуін арттырады. Жарнама халықтың назарына тікелей (көше билбордтары, радиожарнама, тележарнама, желілік жарнама, баспа жарнамасы) ұсынылатындықтан оның әрбір элементі (тілі, көркемделуі, идеясы) жарнаманы қабылдаушыларға әсер етеді. Осы тұста тіл білімінің басты назарға алатыны – жарнама тілі. Жарнаманы берудің басты құралы – тіл. Тіл – мемлекеттің алға жылжуына әсер ететін үлкен күш. Сондықтан ұлттық мәдениетімізді көтерудің, тіл тазалығын насихаттаудың, ана тіліміздің байлығын дәріптеудің бүгінгі қоғамдағы басты құралы – қазақ жарнамасы. Себебі жарнама қазіргі қоғамның ажырамас бөлігіне айналғаны белгілі. Жарнаманың негізгі функциясы ұсынылған тауарға не қызметке халықтың қызығушылығын оятуға, адамдардың жақсы көзқарасына ие болуға бағытталады десек, жарнаманы беруде тіліміздегі бағалауыштық лексика көмекке келеді. Бағалауыштық мәннің қазақ тілінде берілу жолдарын талдау, саралау – бағалауыштық лексиканың жарнама тіліндегі қолданыс аясын және оның жаңа мүмкіндіктерін көрсетеді. Мемлекеттік тілдің жарнама саласындағы қызметі, оны жақсарту әлі көптеген мәселелерді шешуді, зерттеуді, талдауды қажет етеді[5].

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Исаев С. Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. А.: 1983.
2. Пустовойт П.Г. Слово, стиль, образ. М: 1968.
3. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. А.: 1971.
4. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. А.: 1971.
5. Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. А.: 1966.

**ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫҢ ТЕРМИНДІК АППАРАТЫ
(Ә.Құрышжанұлы еңбегі туралы)**

Майра Жунисова

ф.ғ.к., доцент

Оразкүл Абдулла

1-курс магистранты

Абай ат. ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Кілт сөздер: септік тұлғалары мен мағыналары, терминнің семантикасы, номинатив – атау септік, генетив – ілік септік, датив – барыс септік, аккумулятив – табыс септік, локатив – жатыс септік, аблатив – шығыс септік, құралдық септік (инструментальный падеж) – көмектес септік.

Түйіндеме

Мақалада Ә.Құрышжанұлының ««Кодекс Куманикус» тіліндегі септік тұлғалары мен мағыналары» атты кандидаттық диссертациясында қолданылған септік жалғаулардың лингвистикалық атаулары сөз болады. Куман қыпшақтары тіліндегі септіктердің семантикасы мен жасалу жолдарын салыстырмалы-тарихи тұрғыдан қарастырған ғалымның кейбір тұжырымдары беріліп, әрі қарай қазіргі қазақ тілінің грамматикасы тұрғысынан талдау жасалған. Сонымен қатар еңбектің әлемдік лингвистика тарихында алатын өзіндік орны бар. Себебі, лингвистикалық терминдердің берілуі, қолданыс аясы және олардың үстейтін грамматикалық мән-мағыналарын қыпшақ тілі мен қазақ тілін салыстырмалы-тарихи әдіспен салыстырмалы зерттеу жасап, қазақ тіл білімінде алғашқы жазылған компаративистика ғылымының негізін қалаған. Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің қазақ тіліндегі ерекше үлгісін лингвистикалық терминдерді тірек ете отырып, өте түсінікті тілде мәселені барынша жан-жақты шешіп берген. Ғалымның ұсынған тірек сөздері, яғни лингвистикалық терминдері төмендегідей: номинатив – атау септік, генетив – ілік септік, датив – барыс септік, аккумулятив – табыс септік, локатив – жатыс септік, аблатив – шығыс септік, инструментальный падеж – көмектес септік.

377

Ғылыми мақаламыздың мақсаты - профессор Ә.Құрышжанұлының 1956 жылы орыс тілінде жазылған жоғарыда аталған тақырыптағы кандидаттық диссертациясы [1] тілінде кездесетін лингвистикалық терминдерді қарастыру, септік категориясының «Кодекс Куманикус» ескерткішінің тіліндегі түрлерінің сол кезеңдегі ғылыми атауларымен таныстыру.

Қазақ тілінің ғана емес, түркі тілдерінің, соның ішінде қыпшақ тілінің тарихын зерттеген ғалымның ғылыми жұмыстарының алғашқыларының бірінен саналатын осы еңбектің тілінде қаншама ақпараттар мен қазақ тіл білімі тарихына қатысты зерттеулер мен танымдық мағлұматтар бар. Ғылыми жұмыстың авторы: жұмыстың үш бөлімнен тұратынын: алғашқы бөлім – сол кезеңдегі куман халқының тарихына, «Кодекс Куманикус» ескерткіші қай уақытта жазылғаны, Ю.Клапрот, Г.Кун, В.В.Радлов және К.Грөнбек басылымдары жөнінде мәліметтер беріледі дей келе, ескерткіш тілінен мысалдар келтіріп, куман тілі мен қазақ тілінің сөздік қорын салыстыратынын айтады [1, 5]. Еңбектің екінші бөлімінде автор: «септіктердің грамматика-морфологиялық сипатына арналып, әрбір септік түрлері жалғауларының дыбыстық нұсқалары берілгенін және солтүстік-батыс немесе қыпшақ тілдерінің ұқсас деректерімен салыстырмалы-тарихи тұрғыдан қарастырылғанын» айтып өткен. Үшінші бөлімінде септіктердің үстейтін мағыналары мен олардың жалғанатын сөздермен сәйкес келуі табиғатын қарастырған.

Ғылыми мақаламызға арқау етіп отырған тілдік материал осы диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдерінде қолданылатын, әсіресе екінші бөліміндегі септіктің лингвистикалық атаулары мен оның мән-мағыналары, яғни осы еңбектегі *лингвистикалық терминдер*,

терминдердің семантикалық өрісі мен қолданыс аясы. Мақаламыздың дереккөзі ретінде еңбектің 68-94 беттеріндегі терминдер және олардың тұжырымдалуы қарастырылды.

Жалпы, кез келген ғылыми жұмыстың ақпараттылығы оның ғылыми аппаратыны, тірек терминдеріне қатысты. Олай болса, аталған жұмыстағы қолданылған септік категориясының түрлері жеке-жеке қарастырылып, оның жасалу жолдары арқылы мазмұнды ғылыми тұжырым ұсынылады. Ә.Құрышжанұлының аталған еңбегі тұнып тұрған куман қыпшақтарының тіліндегі элементтер ғана емес, оны дәлелдеуі мен ұсынуы табиғи, әрі өте қарапайым түсінікті ғылыми стилде жазылған еңбек. Ғылыми жұмыстың 65-66 беттерінде ғалым былай дейді: «Нами куманские падежи обозначены традиционными латинскими терминами потому, что они имеют место и в оригинале «Кодекса» и в различных его изданиях, в которых перечисляются 6 падежей: *номинатив, генетив, датив, аккузатив, аблатив и вокатив*. Мы со своей стороны, во-первых, придерживаемся мнения А.Самойловича [2], который пишет, что особого звательного падежа в тюркских языках вообще не существует, 2 потому, что он выражает обращение, а не отношение существительного к другим словам в предложении. Во-вторых, список падежей дополняем *локативом и инструментальным падежом*» [1, 65].

Лингвистикалық ұғымдардың қалыптасу тарихы Азия жерінде арабтың үш бірдей ірі лингвистикалық мектептерінен бастау алғаны мәлім. «Басты тілдік мектептер қазіргі Ирак территориясын арабтар рухани жаулап алғаннан кейінгі Басрий мектебі - барлық мектептердің ең көнесі, Куфий және Бағдат мектептері болған» [3, 20].

Лингвистикалық терминдердің қалыптасу тарихы қазақ топырағында, алдымен Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштерінен, әл-Фараби еңбектерінен бастау алатынын, ал салыстырмалы-тарихи тіл білімі, яғни компаративистика ғылымының негізін салушы, «Диуани лұғат-ат түрк» (Түркі тілдерінің сөздігі) еңбегінің авторы М.Қашқари екені белгілі.

Лингвистикалық терминдер теориясын қалыптастыруда 1930 жылдардағы Алаш зиялыларының да өзіндік үлесі бары терминтану саласы ғалымдарының ғылыми жұмыстарынан танылып келеді [4, 93].

Ә.Құрышжанұлының 1956 жылы ғылыми ортаға ұсынылған осы еңбегінің қазіргі лингвистикамыздағы терминдер жүйесіне қосар үлесі, алатын орны ерекше.

Ғалым *номинатив – атау септік* терминін былай түсіндіреді: «Интересно отметить, что Г.Кун на стр.75 и CIV своего издания СС для номинатива приводит примеры в нулевой форме слова, напр.: *at* (лошадь) и в форме множественного числа, напр.: *atlar* (лошади). Притяжательная форма слова тем не указывается, очевидно, Г.Кун ее считал не характерной для номинатива. Итак, отсутствие какого-нибудь падежного окончания в куманском языке, как и в других тюркских языках, означает номинативный падеж» [1, 67].

Қазіргі қазақ тіліндегі атау септік тұлғалы сөздерді зерттей келе, ғалымдар атау септігінің нөлдік формада келуінің өзі атаулық мағына беретіні туралы С.Исаевтың, Н.Оралбай еңбектерінен белгілі [5; 6].

Ә.Құрышжанов ілік септігінің жасалу жолында оның қосымшаларына тоқталады: «Второй падеж в Кодексе в простом и притяжательном склонении имеет окончание *ning/ning* и *ing/ing*. Они образуют закрытый слог. В нем узкий гласный *i* может быть переднего ряда при мягкой основы и заднего ряда при твердой основе. Последний звук окончания считается заднеязычным носовым согласным» [1, 68]. В.А.Богородицкий: «в куманском языке новообразовавшееся именное окончание *ның/нің* вытеснило собой в именах основное *ың/ің* и стало в этом языке единственным для данного падежа» [7].

Адамтанымдық сипат алған қазақ тіл білімінде қазіргі кезде осы септік тұлғаларын тіл тұтынушының қалай, қандай әлеуметтік ортада қолданысы да мәселе болып отыр [8, 22].

Қазіргі ауызекі тілімізде сақталған *сіздің үйіңіз осы* деген сөйлемді, *сіздің үй осы* деп айту кездеседі. Сіздің // сізін.

Ғалымның тұжырымдауынша: «Сравнительная таблица вариантов окончания генетива в некоторых тюркских языках:

Куманский - *ның/нің*.

Кашгарский - *ның/нің*.

Мищярский - *ның/нің*.
 Узбекский - *ниң/ниң*.
 Чагатайский - *ның/нің, -нуң/нүң*.
 Крымский - *ның/нің, -нуң/нүң* /редко *ны, ы/*.
 Караимски - *ның/нің, -нуң/нүң*.
 Татарский - *ның/нің, -ноң/нөң*.
 Орхонский - *ның/нің, -ың/ің*.
 Турецкий - *ның/нің, -ың/ің*.
 Кипчакский - *ын/ін*.
 Кумыкский - *ны/ни*.
 Ногайский - *ның/нің, -дын/дин, -тын/тин*.
 Каракалпакский - *ның/ниң, -дын/диң, -тың/тиң*.
 Казахский - *ның/нің, -дың/дің, -тың/тің*.
 Башкирский - *ның/нең, -дың/дең, -тың/тең, -ноң/нең, -доң/дең, -тоң/тең, -зың/зең, -зоң/зең* [1, 72-73].

Датив, яғни *барыс септігі* туралы Ә.Құрышжанұлы былай дейді: «Окончаниями датива считается *ка/кә, га/gä* в простом склонении, *ga/gä, a/ä* в притяжательном склонении» [1, 73].

Куман қыпшақтары тіліндегі *табыс септікті* ғалым былай сипаттаған: «Аккузатив в языке СС оканчивается на *ni* и *n. n* образует открытый слог, в котором узкий гласный в зависимости от характера основы может быть гласным переднего и заднего ряда» [1, 77].

Қарастырылып отырған ескерткіш тіліндегі *жатыс септікті* ғалым былай сипаттаған: «Локатив в куманском языке имеет окончания *ta/tä* и *da/dä*» [1, 80].

«Кодекс Куманикус» ескерткішінің тіліндегі *жатыс септікті* ғалым былай сипаттаған: «Окончание аблатива *dan/dän, tan/tän* подобно окончаниям генетива, образуют закрытый слог» [1, 82].

Қашқаритану саласында жарық көрген «Қазақстандағы Қашқаритану (лингвистикалық аспект)» деген монографияда ескерткіштің грамматикалық құрылымын зерттеушілермен салыстырғанда, кейінгі диссертациялық еңбектерден ең алғашқы айырмашылығы – осы еңбектің терминдік түзілісінде екені байқалады [9, 41].

Сонда ескерткіштің түпнұсқаларымен танысып, таныстырып қана қоймай, әрі қарай әрбір септік жалғауының жалғану ерекшеліктеріне арнайы тоқталған, мысалы: «Приведем сравнительную таблицу вариантов окончания аблатива в некоторых тюрских языках.

Кипчакский - *дан/дән*.
 Узбекский - *дан/дән*.
 Куманский - *дан/дән, -дан/тән*.
 Орхонский - *дан/дән, -тан/тән, -дин/дін*.
 Кумыкский - *дән/ден, -дин/дін, -тин/тін*.
 Турецкий - *дан/ден, -тан/тен*.
 Караимский - *дан/дән, -тан/тән*.
 Мищярский - *дан/дән, -тан/тән, -нан/нән*.
 Казахский - *дан/ден, -тан/тен, -нан/нен*.
 Татарский - *дан/дән, -тан/тән, -нан/нен*.
 Ногайский - *дан/ден, -тан/тен, -нан/нен*.
 Каракалпакский - *дан/ден, -тан/тен, -нан/нен*.
 Кашгарский - *дан/дан, -дын/дін*.
 Чагатайский - *дын/дін, -тын/тін*.
 Башкирский - *дан/дән, -тан/тән, -нан/нән, -зан/зән* [1, 87].

Көмектес септікті инструментальный падеж деп терминдік атау береді де, оның жеке сөзден пайда болғанын атайды.

«В куманском языке инструментальный падеж функционируется при помощи послеслога *bile*, напр., *atasi bile* «атасымен» (с его отцом); *congulu bile* «көңлімен» (с его настроением); *cstus bile* (христосом); *azam bile* «азаматпен» (с человеком); *iazuk bile* «жазықпен» (с виной);

taz bile «таспен» (с камнем); *kolim bile* «қолыммен» (с моей рукой); *ating bile* «атынмен» (с твоим именем); *balalarimiz bile* «балаларымызбен» (с нашими словами)» [1, 87-88].

Қорыта келгенде, Ә.Құрышжанұлы аталған еңбегінде септік жалғаудың жіктелуіндегі түрлерін латын тіліндегі күйінде атап қоя салмай, оның мағыналарына, жасалуындағы ерекшеліктері мен қолданыс табиғатына терең мән беріп қарастырған. Ғалым қолданған лингвистикалық термин атаулары, ғылыми нысан еткен септік жалғауларының тұлғалары мен мағыналарының мәні әлемдік грамматикада да орны ерекше, ғылыми еңбектің терминдік аппараты дұрыс болғанда ғана ол ғылымда ойып орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Курышжанов А. Формы и значения падежей в языке *Codex Cumanicus*. АКД. 1956 г. С.225.
2. А.Самойлович Опыт краткой крымско-татарской грамматики. Пг., 1916г., стр.95.
3. Жүнісова М.Ә. Әлемдік лингвистика. // Оқу құралы. Қарағанды: Medet Group. 2016. - 125 б.
4. Оразбаева Ф.Ш., Жиренов С.А., Кенжебаева Г.М., Мазмбаева Ж.О. Лингвистикалық терминдер теориясы. // Оқу құралы. Алматы: Ұлағат. 2012. 96 б.
5. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. А.: Рауан. 1998. - 304 б.
6. Оралбай Н. қазақ тіл білімінің мәселелері. Павлодар. 2011. -424 б.
7. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание. стр. -152.
8. Жүнісова Майра Қазақ тіл біліміндегі антропоэлекті бағыттар /Оқу құралы. 2017. -104 б.
9. Жүнісова Майра Қазақстандағы Қашқаритану (лингвистикалық аспект). /Монография. 2017. 216б.

**БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ
ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙ-ТОЛҒАМДАР**

Құралбай МЕҢЛІБАЕВ,
философия ғылымдарының кандидаты, профессор
Қарағанды «Болашақ» академиясы
ku_bolashak@mail.ru
Жомарт ОСПАН,
өлкетанушы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
jomart.ok@mail.ru

Кілт сөздер: өмір-дерек, қоғамдық-саяси ахуал, әлеумет, ой-толғам, әдебиет, жыраулық дәстүр, бұқартану, т.б.

Қашаннан қазынасы ортаймаған, мол мұралы қазақ әдебиеті тарихынан қомақты орын алып, артына өшпес мұра қалдырған көрнекті жыраулардың бірі – Бұқар Қалқаманұлы. Ел басына күн туған, ер етігімен су ішкен аласапыран заманда, халқымыздың тағдыры қыл үстінде тұрған қилы кезеңде ғұмыр кешкен жырау өз толғауларында сол кездегі көкейкесті, қордалы мәселелерді қозғап, солардың бірден-бір жоқшысы, жыршысы бола білді. Оның жыр-толғауларының әрдайым әлеуметтік өткір мазмұнға құрылып, философиялық ой-толғамдармен түйінделіп отыруының басты себебі де сол.

Бұқар жырау қазіргі Қарағанды облысына қарайтын Бұқар жырау ауданының Далба тауы баурайында дүниеге келіп, сол мекенде қайтыс болады. Бұқар жыраудың ұзақ жасаған жасындағы өмірлік деректері бізде көп сақтала бермеген. Тек саналы ғұмырының бәрі түгелдей дерлік Абылай ханның қасында, соның оң тізесін басқан қабырғалы да сәуегей биі, ақылшы-кеңесшісі ретінде өткені мәлім. Өз өлеңдерінде келтірілген деректерге қарасақ, жыраудың жоқшылықтың зардабын көп тартқан адам болғаны көрінеді. Бұқар жыраудың асыл тегі туралы қолда бар деректер мынадай: Арғыннан – Қодан, одан –Дайырқожа (Ақжол), одан – Қара (Қарақожа), одан –Мейрамсопы, одан – Сүйіндік, одан – Қаржас, одан – Алтынторы, Құлықе, Бегім. Алтынторыдан – Мәмбетәлі, Жолымбет – Келімбет, Бегімбет, Артық. Жолымбеттен – Қойсары, Қалқаман, Рымбет, Назар. Қалқаманнан – Бұқар жырау. Бұқардың да үрім-бұтақтары аз емес, бұлардың көбі сол Бұқар жырау дүниеге келген атамекенді қоныс етіп отыр [1, 81].

Бұқар жыраудың өмірі мен шығармашылығы туралы қазақ әдебиетінің небір ақын-жазушылары, ғалымдары қалам тербеді. Оның алып поэзиясына ең алдымен Шоқанның жіті көзі түсті. Ы.Алтынсарин «Абылай, мен сені көргенде» толғауын «Қырғыз хрестоматиясына» (Орынбор, 1878) енгізді. Жыраудың шығармаларын жинап, жүйелеп, болашаққа аманат етіп, басына белгі орнатып кеткен Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің еңбегі де ерекше. Бұқар шығармашылығы туралы өз кезінде соны пікір айтып, әдебиеттануда жол салған С.Сейфуллин, С.Мұқанов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан сияқты ғұламаларымыздың еңбектері өз алдына бір шоғыр. Алдыңғы ағаларының бастаған ісін сәтімен жалғастырып, Бұқар жырау шығармашылығы туралы үзбей қалам тартып, жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізген зерттеуші ғалымдар, ақын-жазушылар санатында Ы.Дүйсенбаев, Ә.Дербісалин, Қ.Мұхамбетханов, Ш.Сәтпаева, Х.Әдібаев, М.Жармұқанбетов, М.Мағауин, А.Сейдімбеков т.б. ғалымдар болды. Дегенмен, осы әдебиеттанушылардың басым көпшілігі кешегі империялық өктемдік кезінде ойларын ашып айта алмады, көсіліп жаза алмады. Кейбір сырлары шер болып көңілдің көгінде қатпарланып жатты. Қалай дегенде де, жыраудың өмірі мен шығармашылығына қатысты түрлі тақырыпта қалам тербеп, Бұқарнамаға өз үлестерін қосқан сол бір қажырлы қайраткерлердің еңбектері кейінгі Бұқартану іліміне алғышарт, берік іргетас болғаны анық.

Бұқартану ілімі тәуелсіздік алған соң қызу қолға алынып, жаңа арнаға түсті. 1993 жылы жыраудың туғанына 325 жыл толу құрметіне арналған ұлан асыр халықтық мереке өзі туған Далба тауының баурайында дүбірлеп өтті. Бұқар жыраудың басына үлкен күмбез тұрғызылды,

Қарағанды қаласында ескерткіш орнатылды. Осы мерекеге арналып, ғылыми-теориялық конференция өткізілді. Бұқар жыраудың өмірі мен шығармаларын қалың көпшілікке насихаттау мақсатында көптеген танымдық, тағылымдық, зерттеу мақалалар жарық көрді. Сондай-ақ, сол жылы тұңғыш рет жырау жырларының жеке жинағы екі рет басылды.

18. Ахинжанов С.М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1995.
19. Стелева И. Надписи в честь Культегина и Тоньюкука. Перевод в стихах. Орхонские надписи. Культегин. Билге каган. Тоньюкук. – Семей, 2001.

МАҚТЫМҚҰЛЫ ПЫРАҒЫНЫҢ ҒАШЫҚТЫҚ ҒАЗАЛДАРЫ

Б.Нүрдәулетова

филология ғылымдарының докторы, профессор

А.Нұржанова

шығыстану магистрі

Шығармашылық тұлға туралы сөз қозғау үшін алдымен оның тұлға болып қалыптасуының тарихи, рухани уәждерін саралап алу қажет екендігі белгілі жай. Зерттеуші Досай Кенжетайдың «Ясауиді тану үшін оның шығармаларын оқу жеткіліксіз. Алдымен Ясауи кім, қайдан келді, оның ішкі әлемі, өскен ортасы, сенімі, ойлау жүйесі, өмірге деген көзқарасы, танымы мен болмысының мәні, міне осыларды тануға тырысуымыз керек» [1, 139] деген пікірі Мақтымқұлы Пырағына да қатысты. Бүгінгі әңгімеміз осы қатыстылықтың мән-жайын барлауға арналады. Мақтымқұлы Пырағының өлеңдерінің негізгі мәйегі ғашықтық ғазалдары деп айтуға толық мүмкіндік бар. Жалпы ақындықтың адам баласының жүрегіндегі махаббат отының оянуынан туатынын бәріміз білеміз, бірақ ол махаббаттың рухани сырына екінің бірінің жетесі жете бермейтіні анық.

Мақтымқұлы Пырағы XVIII ғасырда өмір сүріп, Хиуадағы Ширғазы медресесін бітірген. XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында Маңғыстаудың ұлы перзенттерінің бірі ғұлама-сопы Көрпе Оразмағамбет ахун да осы медреседен білім алған. Қожа Ахмет Иасауи негіздеген сопылық ілімнен дәріс беретін ортаазиялық білім ошағын тәмәмдаған шайырдың рухани ойлау жүйесі Иасауи жолы екені түсінікті. Олай болса, Мақтымқұлы Пырағы поэзиясын «Сәл әріден тартсақ, ұлтымыздың ұстындарынан саналатын Әбу Насыр әл-Фарабидің «Хикма илаһия», Жүсіп Баласағұнидің «Жәуанмәртлік», Өзірет Сұлтанның «Инсан-ил камил», Абайдың «Толық адам», Шәкәрімнің «Ар ғылымы» деп аталатын ілімдерінің бәрінің де түп бастауы – Құдайлық ладуні ілімнен тамыр тартатын Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) «Хал» ғылымы» [2] туралы таныммен ғана зерделеуге болады. «Хал ғылымы», басқаша әліптесек, «жүрек ілімі», қазіргі ғылым тілімен «ғашықтық жырларға» негізделген сопылық поэзия Сүлеймен Бақырғанидан соңғы Жүсіп Бейдауа, Жәллеледин Руми, Жүніс Әміре, Қазақ Абдал, Пір Сұлтан Абдал, Ниязы Мысыри, Шаһ Хаяти, Шайх Құдайдат, Мақтымқұлы Пырағыларға, қазақ жырауларынан Абай мен Шәкәрім, Мағжандарға дейін тіні жалғасқан түгел түркілік рухани поэтикалық дәстүр болып саналады. Сопылық әдебиет туралы зерттеулерде: «Сопылық немесе Тасаууф әдебиеті, ішкі рухани тереңдікке және Жаратқанға құштарлыққа бастайтын сөз өнері ретінде 8 ғасырда мұсылман елдерінде қалыптасқан. Исламның қайнар көзі саналатын Құран мен хадистерден бастау алған сопылық әдебиет құлқынның қалауына ерік бермей, нәпсіні тежеу, харам мен күдікті нәрселерге аса сақтықпен қарап, тақуа өмір кешу, фәни дүниенің рахатын тәрк етіп, өлместен бұрын өлу, осылайша сүйікті Жарға қауышу сияқты ұғымдар арқылы өрбіді. «Нұр», «ғашық», «жүрек», «көңіл», «көкірек көзі» сынды ұғым-түсініктер сопылық әдебиеттің тұрақты тіркестеріне айналды. Өйткені тасаууф ілімінде жүрек – иманның тұрағы, ұлы Жаратушыға деген сүйіспеншіліктің мекені болып табылады. Сопылық әдебиетте “Хақты танып, Хақиқатқа ұласу”, “Сырды түсінуге ұмтылу”, “Сүйіктіге ғашық болу”, “Жарға ынтық болу”, “Сүйіктімен сұхбат құру”, “Ақиқат шарабын ішу”, “Мас болып, естен тану”, “Көбелек болып, отқа күйу”, “Өлмей тұрып өлу”, “Пәруанадай шыр айналу”, “Гүлге ынтызар бұлбұлдай сайрау” сияқты ұғымдар қолданылды» [3] деп түсінік беріледі. Сопылық әдебиетті текке әдебиеті деп те атайды.

Зерттеулерге сүйеніп, сопылық поэзияның түркі мәдениеті мен тарихындағы мынадай басты қызметтерін атауға болады:

Сопылық поэзия араб тілінде түскен Құранның аяттарын жергілікті халық тіліне аударып, көптеген аяттарды түсінікті қылып жеткізді;

Қарапайым халық пен діни адамдардың арасында дәнекер болды;

Түркі тілінде көптеген діни терминдер қалыптасты (әдеп, опат, опа, рахат, өмір, жаза, ихлас, ышық, дәруіш, мәжнүн немесе мәжүгүн т.б.);

Сөз өнеріндегі астарлы мағына, астарлы ұғым деген атрибуттарды күшейтті;

Сопылық әдебиет тудырған шығармалар сол күйінше сақталып, аталмыш дәуір әдебиетінен хабардар етуші дереккөздер функциясын атқаруда;

Академик Рәбиға Сыздықтың көрсетуінше, сопылық әдебиет түркілердің сөз өнеріне *бұлбұл мен гүл, жан құлағы, көңіл құсы, тәуба тоны, көз раушаны, көк пердесі, сыр шәрбаты, махаббат оты* тәрізді құдайды сипаттаған, ғашықтықтың халін сипаттаған теңеулер мен эпитеттерді тудырды [4, 170] \\\Rәбиға Сыздықова. Ясауи «хикметтерінің» тілі – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. -552. 170-бет\);

• Зарождаясь в городских кругах, будучи рассчитана на широкий круг слушателей, эта литература составляет, таким образом, своего рода контрбаланс к холодной технизации поэзии аристократической. И хотя суфийская поэзия всегда проникнута духом мистики (иной она быть в то время и не могла), но ее связь с народом, ее неизбежная демократичность, ее тенденция к критическому отношению к феодальной аристократии делают ее неизмеримо более живой и жизнеспособной, чем поэзия придворная. Она в какой-то мере дает возможность судить о характере народного творчества отдаленных эпох, и в этом ее огромная ценность, не говоря о художественной силе многих творений суфийских поэтов. [Бертельс Происхождение суфизма и зарождение суфийской литературы]

• Без изучения суфийской литературы получить ясное представление о культурной жизни средневекового мусульманского Востока нельзя. Ее классики продолжали оказывать влияние на целый ряд восточных литератур вплоть до начала XX в. Все это и заставляет нас уделять ей такое значительное внимание, тем более что почти все крупнейшие авторы мусульманского Востока, за редкими исключениями, так или иначе связаны с суфизмом и без знакомства с этой литературой в полной мере поняты быть не могут.

Сондай-ақ, сопылық поэзия осы ілімді зерттеушілер үшін де рухани, тарихи деректік қызмет атқарды. Бұл жөнінде зерттеуші А.Ахметбекова: «Сопылықтың пайда болуы және бастаулары туралы Европада XIX ғасырда зерттеулер сопылық әдебиетке негізделуі барысында жүргізіле бастады» – деп жазады. [5] (А.Ахметбекова, 43)

Бір мақала көлемінде Мақтымқұлы Пырағы поэзиясының рухани дүниетанымына жан-жақты талдау жасап шығу, әрине, мүмкін емес. Дей тұрғанмен, Мақтымқұлы танымындағы «ясауилік түп бастаудан» дерек беретін кейбір нышандарға тоқталғымыз келеді.

Құл Қожа Ахмет Ясауи ілімінің ел арасында үлкен беделге ие болғаны соншалықты, осы мектеп өкілдерін әулие санап, олардың есімдеріндегі «құл», «қожа», «әлі», «аддин» сияқты айқындауыш атауларды балаларының есімдеріне тіркейтін болған. Мақтымқұлының әкесі шығысқа кең тараған белгілі шайыр әрі мұсылманша білімдар адам болғанын білеміз, олай болса, «түрікменнің үні» аталған шайырдың есіміндегі «құлы» сыңары да тегін таңдалмаса керек. Ал Пырағы қосарлама атауының да астары сопылық түсінікте жатқаны анық. Ғайып, Қайғы, Топырақ, Қара, Сабыр, Бейдауа атаулары Алланың дидарына жету жолындағы дүниеден баз кешіп, рухани қайғы-қасіретке түскен, осы жолда қандай азапқа да сабырмен төзуді мұрат тұтқан сопылардың «лақап есіміне» айналған. Оларды халық солай атандырған. Мақтымқұлының ғашықтық ғазалдарының соңын өз-өзіне сөз арнаумен түйіндеп отыруы Ясауидің «Хикметінен» дәстүр болып келе жатқан көркемдік әрі танымдық тәсіл. «Хикметті» теориялық тұрғыдан зерттеушілер «автордың өз-өзімен тілдесуі, тартысуы, келісуі не келіспеуі» автокоммуникация деген терминмен атайды[6, 81]. Мысалы, «Мақтымқұлы, намыс қайда, ар қайда? Жалын қайда, жаның қайда, жар қайда? Таңдайыңа ләззәт балы тамбай ма? Тұлмысың сен, құлмысың сен, несің сен?» – деп бірде өз-өзін жерлесе, енді бірде: «Мақтымқұлы, шарам жоқ деп түңілме, Асылық қып күнә артпа бұл күнге. Қапаланба жолыққаның бүгін бе, Атамыздан қалған мұра бұл дертке? – деп өз-өзіне қайрат беріп, жұбатады. Әрбір жыр жәдігерінің соңына өз есімін айғақтап қадап отыру үрдісі туралы әдебиетші А.Кемелбаеваның пікірі де көңілге қонарлық: «Орта ғасыр ірі парсы шайырлары авторлық құқығын жалғаны көп өткінші әлемде әдейі таңбалап, ен салды, шығармасын бөгде иеленіп кетпестей қылып, бәйіттің соңғы шумағында өз есімін атап, мөр салып бекітті. Әдеби

термин бұл құбылысты «сфрагида» (грекше «мөр») деп атайды. Бастауы антикалық жырда, эпиграммашыл, даңққұмар грек Фокилидтен із тартып, Рудаки, Нәзір Хосрау, Омар Хайям, Қожа Ахмет Ясауи, Низами, Қожа Хафиз, Жәми, Науаимен жалғасады. XVI ғасырда неміс халық ақыны Ганс Сакс өлең соңына ылғи есімін қоса жазуды дағды қылды» [7]. Бірқатар өлеңдерінде Мақтымқұлы деген автоқаратпаның орнына Пырағы қаратпасы қолданылып отырады. Соған қарағанда, шайырдың Пырағы аталуы оның көзі тірісінде, шығармашылық ғұмырының ерте кезеңінде-ақ басталған болуы керек.

Кім білер Мерв аңызын,
Құм басты гүлзар, хауызын.
Пырағы ашса ауызын,
Жыр төгер мұқам қасында.

Пырағы бұзбас сөз шырқын,
Көреді-ау бәрін көз шіркін...
Жыл өткен сайын қыз-қырқын
Ұят пен ардан тоналар.

Көңіл шерін, Пырағы, тереңірек қозғашы,
Менің осы сырымды кімге болса, талғап айт.

Пырағы, келдім ғаламға
Жолықтыр жарды маған да.
Тап болдым үнсіз наданға

«Пырағы» атауының да түп-төркіні исламдық түсінікпен астарласады. Хазіреті Мұхаммед пайғамбар Жәбірейіл періште (ғ.с.) жәннәттан әкелген пыраққа мініп Миғражға көтерілген деген түсінік бар. “Жәбірейіл (ғ.с.) маған бурақ (пырақ) деген жануарды жәннаттан алып келді. Пырақ есектен биік, қашырдан аласа, қадамын көз ұшы жететін жерге тастайтын жүйрік жануар екен. Оған мініп, Жәбірейіл (ғ.с.) екеуміз Бәйтул-Мақдиске келдік. Мұнда бізді дүниеден өткен 124 мың пайғамбар күтіп алды. Барлығымен көрісіп, мешітке кіріп, бірге намаз оқыдық. Намаз оқып болған соң баршасы мені миғражға шығарып салды (Ә.Дербісалиев). Жалпы, Пырақ пейіштің көлігі ретінде танылады. Мақтымқұлы поэзиясы адамның жүрегіндегі кірінен арылтып, жанын арулайтын, рухани шарықтауға жетелейтін, сол арқылы Алланың ғайып дидарына деген ғашықтыққа ұмтылдыратын, сезіміне қанат бітіретін қасиетімен ел арасында Пырағы аталса керек.

Мақтымқұлы Пырағы поэзиясындағы Ясауилік үрдістің ендігі бір көрінісі, нышаны ақынның Ғаршылық әлемнен хабар алуы, өзі айтқандай, «гөзел жарлар, шын ғашықтар, көп пірлердің» сұхбатында болуы. Хазіреті Мұхаммед пайғамбардың Миғражға көтеріліп, Алланың нұрымен қауышуы, Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың пайғамбардан аманат алуы осы жолды мақсат тұтқан кейінгі сопы-дәруіштер үшін де «тазарудың, Алланың дидарына жалғасудың» нышаны боп есептелінді. «Мұхаммед пайғамбар үлгісінде сопы Миғраж түні Пайғамбар Хақпен қалай дидарласса, ол да осы жолды ұстану арқылы Хақ дидарын көретініне кәміл сенімді. Сондықтан да сопылар ислам дінін Хаққа жеткізетін нұсқау, бағыт көрсеткіш деп біледі» – дейді А.Ахметбекова [5, 45].

Осы орайда шайырдың «Аян» өлеңінің рухани астары тереңде жатыр. Әлбетте, әулие-пірлерден аян арқылы әуез келіп, ақындық жолға түсу «мен мұсылманмын» деген сөз зергерлерінде болып тұратын құбылыс. Бұл да болса ақындықтың құдайлық табиғатын танытса керек. Ал Мақтымқұлыға берілген аян – Хақты танудың ақиқат жолын меңзеген, пайғамбарлар мен әулие-әмбиелерден тікелей жеткен белгі.

Жеті түнде шырт ұйқыда жатқанда,
Төрт салт атты келіп маған: «Тұр!» деді.
«Есінді жи, есінеме, баптанба,
Анау жақта кісілер бар, біл» - деді.

Төрт салт аттыға «көзінде жас, аузында дұғасы» екі жаяу қосылып, «алты мінәсіп» ақынды атына мінгестіріп Сайрамға алып келеді. Сайрамда алпыс салт атты тобымен Мұхаммет (с.ғ.с) пайғамбарды қарсы алады.

Бірі мені мінгестіріп артына,
Алып келді Сайрамдағы халқына,
Мәжілісте жасы-дағы, қарты да,
«Тұрма, бала, кел, ортаға, кел» – деді.

Мақтымқұлын «Сайрамдағы халқына» әкеліп, мәжіліске қосқан, әрине, ұлы Ұстаз Қожа Ахмет Ясауи деп ұғынамыз. Ақын түсінде Әли, Омар, Оспан, Баһауиддин Бала Гардан (бәле қайтарушы), Ойсыл қара, Зеңгі баба, Сәлім қожа бас қосқан ұлы мәжіліске қатысады. Олар берген ішірткіден көкірегіне ерекше нұр құйылып, жер мен көктің сырын ұға алатындай ғарыштық қайетке ие болады:

Сәлім қожа, Баба Сәлмен бұйырды,
Пиалаға бір ішірткі құйылды.
Есім кетіп, ақыл-есім сұйылды,
«Көк пен жерде не бар, кәні, көр» – деді.
Жерге айналдым, кірдім жердің қыбына,
Көзім жетті көк ғарыштың шыңына.
«Жебрұтта Жәлелдің жет сырына,
Өзге емес, өзін барып көр» – деді.

«Ішірткі» ерекше ілімнің аян арқылы ақынның рухына берілуінің, көшуінің символы ретінде ұғынылады (Ясауидің аманат құрмасы, Бекет Атаның аса таяғы тәрізді).

Мақтымқұлы сонда көзін ашыпты,
Пайымдапты жақын менен қашықты.
Бурадайын ақ көбікті шашыпты,
«Алла жар боп, дүниені кез» – деді.

Мақтымқұлы Пырағының «сопылардың мәжілісінде болу» идеясы оның «Сайран ішінде» атты өлеңінде де айқын суреттеледі:

Ей, жарандар, мұсылмандар, сұраңыз,
Сайран кештім Қадір түннің кешінде.
Отыз екі кісі көрдім – кіл абыз:
Шағимардан – Әли Шер бар ішінде.

Оларға мен сәлем бердім тақ тұрып,
Сұрады олар саулық кәләм – шат қылып.
Шайқы Сейіт, Мәула Жәми – пәк қылық,
Олар да бар сұлтандардың ішінде.

Сұлтан Уәйіс палуан бар – нар тұлға,
Хакім-ата Сүлеймен бар артында.
Қожа Жүсіп Хамадани қартым да
Кенғандағы сол шахтардың ішінде.

Түркі Пірі – Құл Қожа Ахмет сәруар,
Имам Қазим, Имам Жағфар пәруэр,
Яхия мен Нұқ пайғамбар тағы бар,
Баязит сұлтан тұр олардың ішінде.

Сопылық жолдың ұстаздары, Алланың, Пайғамбарлардың сүйікті достары, әулие-әнбиелер мен пірлері («гөзел жарлар, шын ғашықтар, көп пірлер») жиналған мәжіліске Қадір түні тап болған ақын рухы Құдайдың ерекше сырына қанығады:

Мақтымқұлы, сырым көп қой байқаған,
Мен не істейін, ашпай қалай жай табам.

Өлмегің – хақ, Тірілмек – хақ қайтадан,
Ол сырлар бар хақ Құранның ішінде.

Бұл «сырды түсінуге ұмтылу» деп аталатын сопылықтың бір сипаты, сопылық поэзияда кең жырланатын ұғым болып саналады.

Сопылықтағы Алланы сүю ұғымы «Хаққа ышығын арнау» терминімен беріліп, ол сопылық поэзияда «жар нұрына мас болу», «жарға ғашық болу», «гүлге ұмтылған бұлбұлдай болу» тәрізді астарлы әрекеттермен өрнектелетіні белгілі. Мақтымқұлында сопылар – «ғашық жандар» «Хаққа ышығын арнайды», «ғашықтық тауын кезеді», «күн деп, түн деп аһ ұрады», «гүлзарынан айрылған бұлбұл болып, көзден қанды зәр төгеді», «ғашықтық қазанында қайнайды». Бірде ғашығымен қауышып, «көңіл көкке қанат қағып самғаса», енді бірде «бар сенімі, бар үміті күл болып», дүниеден баз кешеді:

Менің-дағы бар үмітім, бар сенімім күл болды,
Күллі азап, күллі қайғы ес кетірді, ей достым.
Мақтымқұлы – бір мақұлық, мен – ғашықпын, сен – қашық,
Тәлкек тағдыр тозаңына тос бетінді, ей достым!

Алланың нұры, жамалы, жүзі, сипаты ұғымдары Мақтымқұлында *жамал, қамар, ажар, жанар* сөздерімен беріліп, *лағыл, гауһар, шербет, бал* сынды асыл, тәтті заттарға баламаланады:

Шүкір, алһамдиллила
Жамалға көзім түсті.
Шербеттен жұтып алғам
Жанарға көзім түсті.

Жібектей шашы әнбар,
Мехрап, жүзі мінбер,
Эй, лағыл, лебі гауһар
Ажарға көзім түсті.

Ақынның ғашығы толықсыған сұлу (Толықсыған сұлуым, Жаңа толған ай болды. Жетер емес құрығым, Көкке шығар жай болды.), опасыз сұлу (Көңіл ауды бір опасыз аруға, шықты қолдан, жазылмайтын дерт болып...) болып қолға түспей қамықтырса, бірде ұялшақ, ибалы ару болып көңілін арбайды. Енді бірде Сақыпжамал, Меңліхандардың ғайып дидары болып, ақынды жер-көкті кездіртіп, табанынан сарсылтады, ақын жер бетіндегі ғашық-ғайыптардың барлығын түгендеп, өзінің ғашықтығына тең таппай зарығады. Ақын ғашығымен сұхбатқа барады:

Дедім: «Қайда мекенің?», -
Деді: «Біл жоқ екенін».
Дедім: «Әлі жекемін»
Деді: «Жалғыз өтемін»

Мақтымқұлымен тілдескен ғашығының «мекенім жоқ, жекемін» деген жауабы сопылықтағы «Лә-макан» «мекенсіз» ұғымы, «Алланың мекені, тұрағы жоқ, бірақ Алланың бар екені ақиқат» және «Алла жалғыз» концепциясына меңзейді.

Мақтымқұлы Пырағының «Менің Сақыпжамалымды көрдің бе?» өлеңі ақын дүниетанымын тұтас мазмұнда бейнелейтін туынды деуге болады

Өртті салып, жарық қылған түнекті,
Менің сақыпжамалымды көрдің бе?
Таңда Мақшар жарғанда зар жүректі,
Менің сақыпжамалымды көрдің бе?

Сол ма – «Һу» деп зарлаған құс саһарда –
Түнде тірі,
күндіз ессіз жапанда? –
Бөз жейделі,

оранған боз шапанға
Менің сақыпжамалымды көрдің бе?

Жүрекке ұрып ғашықтықтың қанжарын,
Жарымды іздеп жердің жүзін шарладым.
Шам мен Ирак,
маңайынан Қағбаның
Менің сақыпжамалымды көрдің бе?

Сілтеме келтірілген әдебиеттер тізімі:

- 1 Досай Кенжетай. Ясауитанудың кейбір проблемалары. //Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері. Алматы, 2008. -300 б.
- 2 С.Нұржан. «Ата-бабаның қайран жол – ізделер бір күн жоқталып...»
// zonakz.net
- 3 Сопылық әдебиет// Википедия
- 4 Рәбиға Сыздық Ясауи «хикметтерінің» тілі –Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. -552. 170-бет\) ;
- 5 А.Ахметбекова Сопылық және Ясауи оқуының негіздері//Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері. Алматы, 2008. -300 б.
- 6 Н.Кенжеғараев. Қ.Ясауи шығармаларындағы автор бейнесі. //Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері. Алматы, 2008. -300 б.
- 7 А.Кемелбаева Қасым жырындағы авторлық мөр. // Қасым Аманжолов әдеби порталы <http://qasym.kz/>

XII ҒАСЫР ҒАЛЫМЫ ӘЗ-ЗАМАХШАРИ ЖӘНЕ ОНЫҢ «МУКАДДИМАТ ӘЛ-АДАБ»
СӨЗДІГІ ЖАЙЫНДА

Елеужан Серімов

заң ғылымдарының кандидаты

*Қазақстан Республикасы Қарағанды қаласы Жеке меншік мекемесі «Болашақ» академиясы
mr.serim@mail.ru*

Аңдатпа

Мақалада отандық тіл мен мәдениет тарихында өзіне тиісті лайық орнын таба алмай келе жатқан XII ғасырдың ғұлама ғалымы Әбу-л-Қасым Махмұд ибн Омар Жаралла әз-Замахшаридің өмірі мен шығармашылығы, оның арабша, прасыша, түркіше үш тілде жазылған “Мукаддимат әл-адаб” сөздігі етене сөз болады. Автор “Мукаддимат әл-адаб” сөздігінің дәуірі жағынан – орта (ескі) түркілік, жазылған жері жағынан – орта азиялық, уақыты жағынан – орта ғасырлық (XI-XIV ғғ.) жазба мұралар қатарына жататынын, ол әлі күнге дейін толық мәнде ғылыми тұрғыда талданған еместігін айтып, тілдік талдаулар жасайды.

Кілт сөздер: ортағасыр, «мұсылман дәуірі», сөздік, араб-парсы, түркі, тіл тарихы, мәдениет, т.б.

Көне түркілер ілкі дәуірде-ақ тасқа қашалып түсірілген ойма жазумен бірге соғда, ұйғыр, брахми, манихей, тибет делінетін әр түрлі жазу үлгілерін пайдаланып, кейіннен біржола араб әліпбиіне көшкені мәлім. Осы жазба үлгілері негізінде жасап қалдырған түркілік жазба мұраларында олардың талайғы тарихы айқын өрнектеліп сақталған. Ал, бұл деректер олардың иірімі мол мыңдаған оқиғаларға толы ғұмырының көркем бейнесі болып табылатын жазба мұрағаты, яғни рухани тарихы да күрделі болғандығын, өздеріне лайық, дербес, жоғары өркениетті деңгейін көрсететін мәдениет үлгілері жеткілікті дәрежеде болғандығын әйгілейді.

Ұлттық мәдениетіміздің ұлттық бітімін қалыптастыруда елеулі орны бар түркі жазба мұраларының ғасырлар бойғы даму барысында эпитафиялық (құлпытастық) сипаттан шын мәніндегі түрлі ғылым салаларына сараланған (тіл білімі, әдебиет, эпистолярлық жазба, астрономия, математика, т.б.) классикалық мәдениет деңгейіне, сол кездегі этолондық сапада барынша қарқынды дамыған көршілес шығыс халықтарымен мәдени байланысы арқылы қол жеткені талас тудырмайтын тарихи шындық. Мұндай диалектикалық бірлікте дамыған халықтардың мәдениетіндегі өзара әсер-ықпалдың түп-төркіні, жіті ден қойсақ, сонау, көне дәуірлерде жатқандығын анық байқай аламыз. Әсіресе осы алыс-беріс мәдени қатынас ортағасырларда арабтардың Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік бөлігіне өз мәдениеті мен әдебиетін, тілі мен дінін кеңінен тарату жағдайынан кейін мейлінше қарқынды дамыды. X-XII ғасырлардағы бұл кезеңнің түркілік мәдениет тарихында “мұсылман дәуірі” деп айдар тағыла аталуының бір ұшы, міне, осында жатса керек. XII ғасырлық аз-Замахшаридің “Мукаддимат әл-адаб” (бұдан әрі “Мукаддимат”) сөздігі жазылу мерзімі жағынан осы “мұсылман дәуірі” туындылары қатарына кіреді. Бұл кезең жалпы түркі халықтарының жазба тарихын танудағы сына жазуынан кейінгі екінші кезең болып саналады.

Жалпы Орта Азияда өркен жайған араб-парсы және түркі мәдениеті бір-бірімен географиялық белдеулер арқылы ғана емес, сонымен бірге көркемдік-эстетикалық жағынан да қосылады. Мәшһүр ғалым Е.Э. Бертельстің ортағасырлық әдебиет турасында айтқан: “Орта Азия халықтары әдебиетінің тарихын олардың бәріне ортақ ертедегі жазу-сызулардан, әдеби нұсқалардан бастау керек... IX ғасырда негізгі әдеби тіл болған араб тілінің орнын X ғасырда парсы тілі басты. Араб тілі тек ғылым мен дін саласында қалып еді. X ғасырда парсы тілі ғылымға да енді. Ал әдебиеттегі үшінші ағайыны – түркі системасындағы әр түрлі тілдер қосылды. Бірақ бұлар үш түрлі әдебиет емес, үш түрлі тілді пайдаланған бір ғана әдебиет” [1,8] дейтін сөзі осы тарихи шындыққа негізделген. Ендеше бұл тұстағы мәдениет бастауларын –

ескі жәдігерліктерді бір ғана халыққа телудің реті жоқ. Тек бастысы әр халық оған өзіндік қатысын ғылыми түрде анықтауға тиіс. Оларды (араб-парсы, түркі тілдік мәдениетін) бөле-жара алып қараудың көп жағдайда қисыны келе бермейді. Сондықтан белгілі бір уақыт аясында генетикалық бірлікте қарастырған ләзім. Соған орай мәселенің осы жағын қатты қадағалап, ортағасырлардағы араб-парсы тілдік мәдениетінің түркі тілдік мәдениетіне тигізген игі әсерін сөз ету әлдеқайда иінді келеді. Өйткені араб жазуы, араб-парсылық негізде туған көшелі мәдениет көршілес түркілік рухани дүниені түлете дамытты. Екінші жағынан, араб-парсы және түркі тілдерінде жасалған біртұтас мәдениеттің өз ара алыс-беріс байланысын жан-жақты саралап, тереңірек бойлай зерттеудің қажеттілігі мен маңыздылығы осындай бай мұраның мазмұны мен сипаттарында, ортақ арналардың түрлерінде жатыр.

Қайсы бір дәуірдің тарихи-әлеуметтік болмысын егжей-тегжейлі білмей тұрып, сол кезең жазба мұраларының сыр-сипатын, жазылу себебін терең түсіну әсте де мүмкін емес. Бұл қағида қай ғылымда болмасын ұстанар сара жол. Айтпағымыз, зерттеуіміздің арқауы – бұрын-соңды отандық баспасөз бетінде сөз етілмей, қазақтың түркітанушы ғалымдарымыздың көбінің назарынан тыс қалып, әлі күнге ескерусіз жатқан орта ғасырдың орта тұсындағы жазба жәдігерлікті сөз еткенде, сол дәуірдің кескін-келбетін ашатын кей тарихи жағдайларға аз-кем тоқтала кеткен жөн.

Сөз жоқ, XI ғасырдың басында даладағы әскери-саяси жетекшілік бірте-бірте қыпшақ конфедерациясындағы тайпаларға көшіп, олар “түркі” деген жиналмалы этнонимді ысырып тастап, өзі суперэтносқа – барлық тайпалардың жиынтық атауына айналды, басқа тайпалардың бірден бір ұйтқысы болды.

XI ғасырдың екінші ширегінде қыпшақ тайпаларының ақсүйектері оғыз жабғысын Сырдарияның орта және төменгі сағасынан тықсырды. Осылайша осы аймақтағы этникалық-саяси ахуалдың өзгеруіне сәйкес жазба деректерде аталып келген “Оғыздар даласының” (“Мафазат әл-гуз”) орнына осыдан бастап “Дешт Қыпшақ” аты пайда болды. Маңғыстау мен оған таяу жатқан аудандарды алғаннан кейін, қыпшақтар енді Хорезм мемлекетінің теріскей шебіне келіп жетеді [2, 550].

Бұл кезде Әмударияның төменгі сағасындағы аса құнарлы топырақты аймақта орналасқан Хорезм Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік бөлігінде аса маңызды орын алды. Ол 999 жылы Самандықтар мемлекетін құйретіп, Әмуге дейінгі жерге иелік еткен Қарахан мемлекетіне де, Әмудің арғы жағын жаулаған Ғазналықтар мемлекетінің де құрамына кірмей, өз алдына жеке дербес мемлекет болып бөлек құрылды. Осы кезден бастап Орта Азия мен Шығыс Еуропа, Қазақстанның көшпелі тайпалары мен Моңғол, Қытай елдерін байланыстырып жатқан керуен жолдарының нақ ортасында, тоғыз жолдың торабында тұрған Хорезм біртіндеп нығая берді. Шығыс саяхатшылары өздерінің жол жазбаларында Хорезмді өте бай, ілім-білім, мәдениеті жоғары дамыған мемлекет ретінде сипаттаған. Мәселен Хорезм туралы Макдиси: “Бұл қалалары көп, шексіз аймақ... Оның халқы ғылым жолына жан-тәнімен шынайы берілген біліктілер” деп жазса, Хорезмде сауда-саттықтың кеңінен орын алғанын “Худуд әл-Алам” авторы да айтады [3, 185]. В.В. Бартольдтың мәлімдеуі бойынша “Хорезмнің УІІІ ғасырға дейінгі саяси тарихы белгісіз” [4, 544].

УІІІ ғасырда араб жаулауынан кейін Хорезм екі саяси жікке бөлінеді. Бірі – Қият қаласы орталығы болған оңтүстік аймақ та, екіншісі — орталығы Үргеніш болған солтүстік жағы. Үргенішті басқарған Мамун ибн Мухаммед екі бөлінген елді бір орталыққа бағындырып, Хорезмді біртұтас мемлекет етіп, өзіне “хорезмшах” дәреже-лауазымын алады. Осы уақыт аралығында Оғыз (Селжұқ) мемлекетінің қол астына бағынған XI ғасыр ортасына дейін, хорезмшахтарының екі әулеті билік алмастырып үлгереді. Ондаған жылдар бойына ол оғыздардың шеткері аймағы боп қала берді. Бірақ, XI ғасырдың аяғы мен XII ғасырдың басында басқыншы оғыздарға қарсы күресте Хорезм ерекше күшейеді.

XI ғасырдың орта шамасында Орта Азияға жаңа бір түркі тайпасы – қыпшақтар басып кіріп, олардың дүмпуіне шыдай алмаған оғыздардың бір тобы – Киев Русі мен Византияға қарай шегінеді де, ендігі бір бөлігі – Хорасан мен Иран ауады. Соңғысында Селжұқтар ерекше көзге түседі. Сөйтіп тарих сахнасына жаңа жұрт – түркімендер шығады.

Осы жерде айта кетерлік бір жайт, кейбір деректер жоғарыда аталған хорезмшахтардың шыққан тегі оғыздардың бұл арада орнын басқан қыпшақ конфедерациясына кірген тайпалардың бірінен екенін көрсетеді. Мәселен, қыпшақтар туралы іргелі зерттеу жүргізген автор С. Ақынжанов: “Находясь в непосредственной близости с этим крупнейшим мусульманском государством В Средней Азии, племена кипчакского объединения вынуждены были втянуться в орбиту их внешне-политических отношении, и настолько были связаны с жизнью Хорезма, что, возможно, из кипчакских вождей вышла последняя самая блестящая династия хорезмшахов” [5, 203] - деп батыл байлам жасап, сол болжамдарын дәлелдеуге ұмтылады. Ал В.В.Бартольд: “...После отуречивания степи Хорезм больше других подвергся влиянию турецкого элемента...последние годы XI в. здесь утвердилась наследственная династия хорезмшахов, представители которых почти все носили турецкие имена” [6,116] дейді. Бұл айтылған деректер Хорезм мемлекетінің Дешт Қыпшақ елінің тарихына да белгілі дәрежеде қатысы бар екенін растайды. Шыққан тегі қыпшақ, әйгілі хорезмшах Атсыздың (Алауддавл Абу-л-Музафар Атсыз – 1128-1156) ғұлама ғалым әз-Замахшариге арабша-парсыша-түркіше сөздік жасауды тапсыруы тегіннен-тегін емес, оның астарында әлгіндей бір кілтипан сырдың жатқаны айдан анық.

Түркілік жазба тарихында өзіне тиісті лайық орнын таба алмай келе жатқан өз заманының ғұлама ғалымы әз-Замахшаридің дүниеге әкелген “Мукаддимат әл-адаб” сөздігі дәуірі жағынан – орта (ескі) түркілік, жазылған жері жағынан – орта азиялық, уақыты жағынан – орта ғасырлық (XI-XIV ғғ.) жазба мұралар қатарына жатады. “Мукаддимат әл-адаб” (арабша “мукаддимат” “кіріспе” деген ұғымды береді, “адаб” сөзі XI-XII ғасырлардағы шығыста бүкіл ғылымдардың жиынтық атауының орнына жүрсе, XII ғасырдан бастап өз ішінде сөздік, грамматика, риторика, метрика және поэзияны қамтыған тіл білімі мағынасында қолданылған; сонда “Мукаддимат әл-адаб” аудармасы – “Тіл біліміне кіріспе” болып шығады). Ол – Орта Азияда Дешт Қыпшақ, Хорезм, Қарахан, Селжұқ секілді ірі бірлестіктер мен мемлекеттердің басы түйіскен жерінде, дәлірек айтқанда, Арал теңізінің маңы мен Сырдың орта, төменгі сағасынан оңтүстік пен батысқа қарай ауа көшкен оғыз тайпаларының соңғы сапы мен олардың орнын басқан қыпшақ тайпаларының алдыңғы авангард тобы бір-бірімен мидай араласып, біте қайнасып кеткен кезде, осындағы жанданған бірнеше мәдениеттің бір арнаға тоғысқан шағында жасалынған мұра. Оны Орта Азияны мекендеген халықтардың бәріне бірдей ортақ мұра дейтініміз де сондықтан. Бұл туындының түп-нұсқасы жоғалып кеткен. Алайда екі көшірме данасы 1926 жылы Бұқарадағы Әбу Әли ибн Сина атындағы кітапханадан кездейсоқ табылып, бұрынғы одақ көлеміне мәлім бола бастаған бері белгілі. Бұқарада табылған екі қолжазбаның бірін қыжраның 705 жылы (1305 ж.) хатиб (“қолжазбалар сақтаушы”) Хамид Хафиз көшіріп жазған. Онда тек араб, парсы тілдік материалдары жинақталған. Ал, екінші бір араб сөздерін парсыша, түркіше, кейіннен монғолша тәржімалаған көшірмесін 893 жылы (1492 ж.) хатиб Дервиш Мухаммед деген кісі жасаған. Соңғысын кезінде өзбектерді билеген Абдулла ханның (1557-1598 жж.) тұсында ғұмыр кешкен Құл-Баба Көкілташ дейтін көрнекті бек белгілі бір кітапханаға мұра етіп қалдырса керек.

Сөз жоқ, аталған жәдігердің ғылымға, соның ішінде түркі халықтарының тілін, тарихын, этнографиясын зерттеушілерге тигізер пайдасының орасан мол. Әсілі, есте жоқ ескі замандардағы төл тарихымыз бен тума мәдениетімізге қатысты жазба ескерткіштері, ондағы орта азиялық ғалымдардың туындылары айрықша орын алады десек, әз-Замахшаридің “Мукаддиматы” дәл сондай туынды.

Ортағасырлық сөздіктер – қазақтың мәдениетінің нақты айнасы, сарқылмас бұлағы, қайнар көзі ретінде танылуы қажет. Түркілердің лексикографиясының дамуына негіз болған мұндай түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктері ішінде бірегейі деп Махмұд Қашқаридің “Диуани лұғат ит-түрк” (XI ғ.) сөздігін атасақ, оған жазылу мерзімі жағынан ең жақын тұрғаны “Мукаддимат”. Шынында, XII ғасырдағы Қожа Ахмед Иассауиден бастау алатын ортағасырлық жазба мұралары ішінде бұл ең байырғысы да.

“Мукаддимат” сөздігін жасаған әз-Замахшаридің өмірі мен қызметі, ғалым ретінде қалыптасқан ортасы, тәрбие алған мектебі туралы мағлұмат тым мардымсыз. Ескі қыпшақ

тілінің маманы профессор Ә.Құрышжанов оның есімін Әбу-л-Қасым Махмұд ибн Омар Жаралла әз-Замахшари деп атайды. Ол 1075 жылы Замахшар деген жерде туып, Гургандж (Үргеніш) қаласында дүниесін салған. Қайтқан жылын әркім әрқалай айтып жүр. Мәселен, Э.Н. Нәжіп 1142 жыл десе, Н.А. Баскаков пен И.Поппе 1143 жыл, ал Ә. Құрышжанов 1144 жыл көрсетеді [7, 46].

Әз-Замахшари негізінен Қазақстан мен Орта Азиядағы арабтілді мәдениет тарихынан үлкен орын алатын орта ғасырлық араб тіл білімі ғылымының дамуына ерекше үлес қосқан, араб грамматикасы мен лексикографиясы, стилистикасы мен риторикасы бойынша, сондай-ақ поэзия мен экзегетика (діни мәтіндерді талдап түсіндіру) жайында қомақты-қомақты шығармалар жазған әрі өз кезеңінің дарынды ақыны болған, қаламын арабша, парсыша, түркіше қатар сілтеген дара тұлға. Мұсылман әлемінде Замахшаридің беделі жоғары болғаны сонша, оның талантын бағалай келе тұстастары: “бүкіл арабтар мен араб еместердің ұстазы”, “Хорезм мақтанышы” (“Факр аль-Хауаризм”) деп айрықша құрмет тұтқан. Замахшаридің замандасы Самани (1113-1167жж.) ол жайында “араб тілі мен тіл білімінің үлгі тұтарлық ғалымы” десе, Якут әл-Хамави (1179-1229 жж.): “Грамматика, лексикография, экзегетика қамтыған тіл білімінің имамы, жан-жақты дарын иесі” деп бағалаған, ал әл-Кифти болса (1172-1248 жж.): “Шынайы кітапқұмар, заманындағы нәсілі араб емес бір шоғыр алып ғалымдардың соңын ала туған, солардың ішіндегі ең біліктісі” дегенді айтады. Замахшаридің географиялық шығармасын талдай келе академик И.Ю. Крочковский: “Ол – хиуалық, заманының асқан ғалымы әрі жазушысы, сол кезеңге тән нәсілі жағынан араб болмаса да, араб мәдениетінің өкілі... әсіресе, мутазилиттік (“мутазилит” – “бөлініп кеткен” деген сөз, VIII-IX ғасырларда – “адамды өз еркіне жіберу керек” деген көзқарасты білдіреді) ағымдағы экзегет ретінде және бірқатар жоғары стильді көркем туындыларымен атағы шыққан... Ол ағаш аяғына қарамай көп жүріп, көпті көрген. Бірнеше жыл Меккеде тұрып, діндарлығымен “Жаралла” (“Алланың көршісі”) деген құрметті лауазымға ие болады. Палестина, Сирия, Месопотамия, Египет, Солтүстік Африка, Персия, Орта Азия жерлерін емін-еркін аралап, құнды жазбалар қалдырған. Әлемге әйгілі саяхатшы Ибн Батутаның өзі оның зиратына барып, мінәжат етіп қайтқан деген деректер келтіреді [8, 313].

Әз-Замахшаридің Сырдың орта, төменгі сағасы мен Хорезм жерінде белең алған оғыз-қыпшақ тілінде хатқа түскен “Мукаддимат” сөздігін профессор Ә. Құрышжановтан басқа түркітанушы қазақ ғалымдары ол жайында әлі күнге тіс жарып азды-көпті пікір білдірген емес [9, 5].

Түркітанушылар үшін аса қымбат, өз кезінде ғылымда кеңінен танымал болған “Мукаддимат” әуел баста арабша-парсыша-түркіше, көп уақыт кейін белгісіз біреу моңғолшасын қасып төрт тілді тілдескіш сөздік болып жасалған. Бізге Замахшари осы шығармасымен жақын. Бұл туынды Сыр бойының орта, төменгі жағынан бойлай енген оғыз-қыпшақ тайпаларымен үнемі саяси қарым-қатынаста болған сол тұстағы ірі тұлға хорезмшах Атсыз кітапханасы үшін арнайы жазылған. Ғылымда бұл еңбегін Замахшари Атсыз өтінішімен жазған деген де пікір бар. Мәселен, осы жазба жәдігердің Бұқарада сақталған көшірмесінің кіріспесінде мұны жазуына не түрткі болғаны Замахшари былайша түсіндіреді (А.К.Боровковтың редакциясымен басылған орысша аудармасын ұсынамыз): “Слава аллаху, который возвысил арабский язык среди других языков. И после оканчания державы арабов благородные падишахи поддержали науки и адаб. В наше время эмир и командующий войском сын державного хорезмшаха высоко чтит науку адаба, всячески поддерживает избранных представителей адаба и восседает с ними на своих собраниях. И он повелел нам написать в одном экземпляре книгу “Мукаддимат аль-адаб” для своей библиотеки” [10, 140]. А.К. Боровков осы сөз үзіндісін түсіндіре келіп: “Замахшари имел ввиду будущего хорезмшаха Атсыза, по поручению которого была создана книга” [10, 140] деп анықтай түседі.

Өзбек ғалымы Б.З. Халидов: “Замахшари шығармалары нақтылығымен, сапалылығымен ерекшеленеді. Грамматика, лексикографияға арнаған еңбектерінде материалдарды барынша қысқа әрі мазмұнды түрде пайымдайды, ал көркем әдеби туындыларында сол дәуірдегі әдебиетке сәйкес боямасы көп, қиындатылған стильде жазады” – дейді. Замахшари елуден

астам шығармалар жазған автор. Хаджи Халифа (1608-1657жж.) оның 29 еңбегін атаса, Ибн Халикан – 30, Якут – 50 еңбектің аттарын келтіреді. Б.З. Халидов Ленинград (Санкт-Петербург) университетінің Шығыстану факультетінің кітапханасы қорынан Замахшари еңбегінің бір қолжазбасын тапқандығын мәлімдейді. Брокельман Якут келтірген тізімде кездеспейтін Замахшаридің 25 еңбегін атайды. Б.З. Халидов Замахшари еңбектерін былайша топтастырады: 1) араб тілінің грамматикасы бойынша – 10; 2) лексикография бойынша – 8; 3) поэзия саласында – 7; 4) көркем-дидактикалық туындылары – 8; 5) фольклорлық шығармалары (мақал-мәелдер жинағы) – 2; 6) жағрафиядан – 1; 7) экзегетикадан – 1; 8) шариат заңына – 2; 9) ислам ағымдары туралы – 4; 10) әр түрлі тақырыпта – 12 жұмыс жазған. Сонда барлығы – 55 шығарма.

Әз-Замахшаридің негізгі еңбегі – “Мукаддимат әл-адабты” арнайы қарастырған зерттеушілер құрамы онша көп емес. Солардың ішінде Н.А. Баскаков, В.В. Бартольд, А.К. Боровковтан басқа Э.Н.Нәжіп, өзбек ғалымы Б.З. Халидов. Түркімен ғалымы З.Б. Мухамедова зерттеу жүргізген негізгі жұмыстарына сөздікті салыстырмалы түрде қосымша пайдаланып, ескерткіш материалдарының түркімен тіліне қатысын ғана ортадан ойып алып қарастырған, яғни түпнұсқаны құрастырушылар “түркімен тілінен” деп белгі соғылған сөздерді ғана өз жұмыстарына пайдаланған сыңайы бар. Негізінен “Мукаддиматты” алғаш жан-жақты зерттеушілердің бірі орыс ғалымы, лингвист әрі этнограф Николай Николаевич Поппе (1897-1991жж) болды. Ол артына 217 еңбек, соның ішінде 40-тан астам кітап жазып қалдырған. Иіні келгенде айта кетерлік жайт – Н.Н. Поппе туралы да кейбір бірен-саран еңбектерде тиіп-қашты пікірлер айтылғанымен тілі білімі ғалымдары оның өмір жолын, сіңірген еңбегін, ғылымға қосқан үлесін күні бүгінге дейін қолға алып тиянақты зерттеген емес. Бұлай назардан тыс қалып, бағаланбаудың басты себебі – қырқыншы жылдардың басында И.Поппенің басына түскен тағдыр-тәлкегінің салдарынан шет елге кетуге мәжбүр болған десиденттік іс-әрекеті деп ойлаймыз. Шығыс шекарасынан шет елге өтіп кетті деген сөз бар. Саптаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қараған сезіктенгіш те сескенгіш, атын атау түгілі еңбегін сөз етуге қорыққан сол уақыттардан бері ол жөнінде тіл мамандары ләм-мим жақ ашпайды. Осы салқындық бергі уақыттарда “Мукаддиматты” кеңінен зерттелуіне де кері әсерін тигізген.

Н.Поппенің қолға алып қарастырғаны сөздіктің хатиб Дервиш Мухамед жасаған көшірмесі. Н.Поппе 1938 жылы КСРО Ғылым Академиясы баспасында жарық көрген, ауқымды екі бөлімнен тұратын еңбегін “Монгольский словарь “Мукаддимат ал-адаб” деп атаған. Бірінші бөлімде әз-Замахшари қолжазбасында келтірілген монғол сөздеріне фонетикалық, морфологиялық талдау жасаса, екінші бөлімінде монғол және түркі сөздерін бір ізге түсіріп, арабша жазылу тұлғасын, латынша транскрипциясын, орысша аудармасын берген. Түпнұсқадағы сөздіктің әуелгі қалпын сақтамай, сөздерді қайтадан сүзіп қотарып, алфавит бойынша рет-ретіне түсірген. Сөздікте келтірілген ауызекі сөйлеу негізінде жасалған алты мыңдай түркі тілдік материалы жеке-жеке сөзден ғана емес, сонымен қатар жеке фразалық, күрделі сөз тіркестерінен де тұрады. Оның үстіне И.Поппе монғол тілін қамтитын бөліктегі сөздердің дені XIII-XIV ғасырларда Орта Азияда қоныс тепкен жалайыр, барлас руларының тілдерімен төркіндес, ұқсас екенін баса көрсетіп айтады [11, 7-8]. Ескерткіш тілінің өзіндік ерекшеліктері, олардың диалектілік ара жігі мен айырмасы жөніндегі осы күнгі түркітанушылардың пікірінде бір ізділік жоқ, ала-құла. Н.А. Баскаков сөзіне қарағанда, В.В. Бартольд оның тілін XII-XIII ғасырлардағы орта азиялық түркі әдеби тілінің негізінде жазылғандығын айтса, Н.А. Баскаковтың өзі оны шағатай ұлысының әдеби тілінде жазылған мұра деп таныған. Э.Н. Нәжіп бұл сөздіктің лексикасы XII ғасырдағы түркілердің қалпын көрсетеді деген [12, 49]. Ал Н.А. Самойлович XI-XII ғасырлар аралығындағы бірбүтін орта азиялық түркі тілі дамуын іштей өзара үш кезеңге бөліп қарайды: біріншіден – Қарахандық, мәдени орталығы – Қашқар (ХІғ.); екіншіден – Оғыз-қыпшақтық, орталығы – Сырдың орта, төменгі сағасы мен Хорезм (ХІІ-ХІҮ ғғ.); үшіншіден – Шағатайлық, орталығы – Шағатай ұлысының отырықшы бөлігіндегі бірқатар қалалар (ХҮ-ХҮІІІғғ.) [13, 21-22]. Осылайша жіктеу тұрғысынан келгенде “Мукаддимат” екінші – оғыз-қыпшақтық-хорезмдік кезеңге кіреді.

Ескі қыпшақ жазба ескерткіштері өз ішінде көне түркілік белгілермен қатар өз тұсындағы оғыз, қарлұқ сияқты туыстас тілдер белгілерін де әрі тек қыпшақ тілдеріне ғана тән тілдік

элементтерді қамтитыны аян. Дәлірек айтқанда, кез келген түркі жазба ескерткіші үш негізден: түркі тілдерінің жалпықолданысындағы сөздерден; екіншіден, ескерткіштің өзіне ең жақын тұрған туыстас тілдер тобындағы белгілерден; үшіншіден, сол ескерткіштің өзінде ғана кездесетін, басқа жазба нұсқаларында ұшырамайтын “эндомалық формалардан” тұрады. Соңғысы, әдетте, ескерткіштерде мейлінше аз келеді.

“Мукаддиматтағы” түркі материалдарының негізгі бөлігі, араб-парсы, моңғол тілдерінен енген кірме сөздерді қоспағанда, түркі тілдерінің туыстастығын білдіретін ортақ сөздерден құралады. Кез келген ескі түркі жазба жәдігерліктерінің де негізгі үлкен қабатын құрайтын осы түркі лексемалары құрайды.

“Тілдің лексикалық қоры көптеген дәуірлердің нәтижесі екені белгілі. Көне дәуірде ортақ түркі тілі өз дамуының барысында бірнеше тілдерге сараланып, соның өзінде де бұрынғы түбір сөздер бөлінген әрбір жеке тілдің негізін құрды. Басқаша айтқанда, әр тіл өзінің бұрынғы ортақтастығын сақтап қалды. Бөлінген тілдер өз еншісіне тиген ортақ сөздерді негіз етті” [14, 86].

XII ғасырдағы жергілікті халықтың сөйлеу тіліне негізделген “Мукаддимат” лексикасының түркі қабаты жалпықолданыстағы лексемаларды түзеді. Алайда, жалпықолданыста болған түркі сөздері мен түркі тіліне ортақ сөздердің ара жігін айыра білу керек. Мәселен, сөздіктегі араб-парсы, моңғол тілдерінен енген кірме элементтерді қоспай алып тастағанда, онда тек түркі лексикасы қалады, міне, осы, түркі тілдеріне тән ортақ лексиканы құрайды. Ал жалпықолданыстағы лексикаға түркі тілдерінің әр диалектілерінде түрлі вариантта қолданылатын, бірақ семантикалық мағынасы бір сөздер жатады. Мысалы, “ай”, “күн”, “үлгәр”, “иетиген”, темірқазуқ” т.б. Осылайша, жалпықолданыстағы лексика адамның іс-әрекетін, қоршаған ортасын түгел қамтиды. Сөздіктің сөздік құрамын сүзіп шыққанда, бұлар “Мукаддиматтың” үштен бір бөлігін құрайды екен.

Зерттеу мақсатымыз – бұл жазба ескерткіштің бойында сол тұстағы жазылған кез келген жазба нұсқалармен салыстырғанда қыпшақ тілінің өзіне тән ерекшелігі қаншалықты сақталғанды анықтау. Ал оның туыстас тілдерден қаншалықты жақын-алысын, тілдік белгілердің эволюциялық дамуын анықтау үшін оны өзінен бұрынғы, өз тұсында не өзінен кейін хатқа түсіп, дүниеге келген басқа жазба нұсқалармен салыстыра қарастыру қажет. Осы тұрғыдан алғанда “Мукаддиматқа” өзінен бұрын жазылса да уақыты жағынан ең жақын тұрғаны Махмуд Қашқаридің “Диуани лұғат ит-түрк” сөздігі болғандықтан, қос сөздікте кездесетін қыпшақ сөздеріне тән ортақ лексемаларды анықтайық:

„Диуандағы” қыпшақ сөздері томы, беті, „Мукаддиматта” беті қазақшасы

аз	1, 115	аз	136 б	аз
азіг	1, 95	азық	105 б	азу (тіс)
азуқ	1, 97	азуқ	228 б	азық
айгір	3, 134	айғыр	97 а	айғыр
аіак	1, 112	айақ	221 б	аяқ
ағірладі	1, 297	ағырлады	228 а	құрметтеді
ағу	1, 116	ағу	302 а	у
барак	1, 359	ит	136 б	барак (ит)
бакір	1, 341	бақыр	111 б	бақыр
білазуқ	1, 473	білезуқ	222 а	білезік
эв	1, 68	ев	170 б	үй
эмік	1, 102	емчек	220 б	емшек
энак	1, 154	еңек	165 б	иек
тікан	3, 51	тікен	278 а	тікен
іарім	3, 25	йарым	201 а	жарым
іака	3, 31	йақа	201 б	жаға
кеклік	1, 444	кеклік	405	кекілік
кәдін	1, 384	келін	118 а	келін
кәнаш	3, 376	кеңгеш	198 б	кеңес

кізіз	1, 347	кииіз // кіз	323 б	киіз
көзуну	3, 146	көзгү	350 б	айна
кузачу	3, 18	күйеу	229 а	күйеу
мунуз	3, 397	мүңүз	131 б	мүйіз
негу	3, 233	не үчун	390 а	неге
отачі	1, 71	отачы	271 а	оташы
огрі	1, 147	оғры	285 а	ұры

Бұндай дыбыстық, мағыналық үйлесім тауып жатқан сөздер қос сөздікте молынан көрінеді.

Енді “Мукаддиматты” өзінен кейінгі XIII-XIV ғасырлар аралығында готикалық және көне шрифтымен жазылған, әйгілі ортағасырлық ақын Ф. Петрарка Венецияның Әулие Марк кітапханасына тапсырған, қыпшақ тілінде хатқа түскендігі ғылыми тұрғыда дәлелденіп, ол жөнінде ешқандай күмән туғызбайтын “Кодекс Куманикуспен” (“Куманша (қыпшақша) сөдік”) салыстырып көрелік. Бірінші бағанада “Кодекстен” сөздер алынып, беті көрсетіледі, одан әрі “Мукаддиматтағы” балама сөздер келтіріліп, беті көрсетіледі. Соңында қазақша аудармасы:

„Кодекс“	беті	“Мукаддимат”	беті	қазіргі қазақшасы
абышқа	37 б	абышқа	162 а	қарт, күйеу
аксак	60 б	ақсақ	143 а	ақсақ
алтын	16 а	алтун	89 а	алтын
балта	28 а	балту	189 а	балта
балык	19 а	балык	189 а	балық
бармақ	4 б	бармақ	138 а	бармақ
егеу	34 а	егек	313 б	егеу
екінді	25 б	екінді	180 а	екінші
кеме	19 а	кеме	266 а	кеме
көр	4 а	көр	324 б	көр
қысырақ	13 а	қысрақ	115 а	қысырақ
қырғый	7 б	қырғуй	406 б	қырғи
тау	11 а	тағ	117 б	тау
тузақ	20 б	тузақ	367 б	тұзақ

“Мукаддимат” тілін ХУ ғасырдың туындысы, қыпшақ тілі негізінде жазылған, авторы белгісіз “Китаб аттуһфа-уз закийа фил-луғат-ит түркийа” (“Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық”) жазба ескерткішімен де салыстыра-салғастыра қараған жөн. Өйткені бұл ескерткіштің лексикасын зерттеген ғалым Т. Арыновтың көрсетуі бойынша: “Аттуһфаның” лексикалық тұлғасы басқа ешбір тілге дәл қазақ тіліндей өзгеріссіз сақталмаған” [15, 165-169]. Ғалымның бұл шығарманы көне қазақ тілінде жазылған ескерткіш деп қарауға негіз бар деуі сондықтан. Яғни бұл туынды, шындығында, қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілін тікелей байланыстырып жатқан көпір іспетті аралық еңбек. Енді “Мукаддиматтағы” қыпшақ, қазақ тіліне жақындатарлық айғақтар келтірейік:

“Аттуһфа”	беті	“Мукаддимат”	беті	қазіргі қазақшасы
айа	30 б	ауч	97 б	алақан
айғыр	13 а	айғыр	97 а	айғыр
айран	31 б	айран	364 а	айран
акша	52 б	йармақ	126 а	ақша, бақыр
ару	36 б	аруғ	355 а	арық
балапан	22 а	джөзе	210 а	балапан, шөже
барақ	30 б	ит	136 а	ит
барша	81 б	барча	98 б	барша
бауур	30 б	бағыр	152 б	бауыр
бөрі	16 а	бөрі	134 а	бөрі
борік	23 а	пөрүк	233 б	бөрік
жомарт	30 б	жаванмардлық	203 б	жуанмәрттік

йалбарды	9 б	йалбарды	100 а	жалбарынды
йанбасты	13 б	йанбашы	330 б	жамбасы
йапырақ	14 б	йапрақ	125 б	жапырақ
йырық	48 б	йыруқ	321 а	жырық
киік	38 б	кейік, киік	172 а, 363 а	киік
қауун	7 б	қавун	207 б	қауын
қоншы	11 б	қошны	301 а	қоңсы, көрші
мамық	29 а	мамұқ	218 б	мамық
ійне	4 б	ігне	205 а	ине

Қорыта келгенде айтпағымыз – “Мукаддимат” пен қазіргі қазақ тілінің сонау алыстан барып қосылса да өзара тарихи байланысын ашып көрсету мақсатында әр кезеңдегі жазылып қалыңған тілдік материалдарды бір-бірімен нақты салыстырып, оның туыстас тілдерден қаншалықты жақын, алысын анықтауға мүмкіндік аламыз. Осы салыстырулар негізінде байқағанымыз, ескерткіш тілінің сол тұста жазылған ескерткіштермен салыстырғанда қыпшақтық ерекшелігінің барлығы, көп дені қазіргі тілдік қорымызда кездесетін сөздермен етене қабысып жатқанын көреміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Хорезми. Махаббатнама. Алматы, 1985.
2. Бартольд В.В. Кыпчаки // Соч. Т.10. М., 1968, Т.5.
3. Материалы по истории туркмен в Туркмении. Т.1.
4. Бартольд В.В. Хорезм // Соч. Т.3.
5. Ахинжанов С.А. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алматы, 1995.
6. Бартольд В.В. Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии. Соч., М., 1968, Т.5.
7. Құрышжанов А.К. Язык старокыпчакских письменных памятников XIII-XIV вв. Автореферат на соискание уч. степени д.ф.н. Алматы, 1973.
8. Крачковский И.Ю. Изб., соч., т.4, М-Л., 1957.
9. Құрышжанов Ә. “Ескі түркі жазба ескерткіштері (XI-XVI ғғ.) курсының программасы. Қарағанды, 1986, 16-бет.; Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. 1971, 30-31-бб. Құрышжанов Ә. Язык старокыпчакских письменных памятников XIII-XIV вв. 1973.
10. Боровков А.К. Монгольские глоссы в Бухарском списке “Мукаддимат аль-адаб”// Журнал “Народы Азии и Африки”, 1964, №1.
11. Поппе И. Монгольский словарь “Мукаддимат ал-адаб”, Л. 1938.
12. Ибатов Ә. Алтынорда дәуіріндегі жазба ескерткіштер // Кітапта: Баға жетпес мұра. Алматы, 1993.
13. Самойлович А.Н. К истории среднеазиатского-турецкого языка, сб. “Мир-Али-Шир”. Ленинград, 1928.
14. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Фонетика. Лексика. Алматы, 1975, 86-б.
15. Арынов Т. Кітап “Аттуһфа-уз закийя фил луғат-ит туркийя” лексикасы туралы бірер сөз. Жинақта: Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981.

ТЮРКСКИЕ ЯЗЫКИ НА ПОСТСОВЕТСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ: ПРАВОВОЙ СТАТУС

Сериккали Аубекеров

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет

Распад Советского Союза и возникновение новых независимых государств на его территории, установление приоритета прав и свобод человека и гражданина и имплементация норм международного права привело к возрождению и развитию тюркских языков и правовой регламентации их как в национально-государственных образованиях – в качестве государственных языков, так и на территориях компактного проживания тюркских народов, не имеющих статуса автономий

Регулирование правового статуса языков и утверждение языка титульной нации в качестве государственного языка в тюркских постсоветских странах началось еще при их нахождении в составе СССР в конце 80-ых годов XX века. С обретением независимости в этих странах правовое регулирование языков и утверждение государственных языков получили конституционный статус. В настоящее время к постсоветским тюркоязычным странам, где язык титульной нации имеет конституционно-правовой статус государственного языка, относятся Азербайджан, Казахстан, Кыргызстан, Туркменистан и Узбекистан. В ряде из них осуществлен переход алфавита от кириллицы, на которой функционировали тюркские языки с 40-ых годов XX века, к латинской графике. Республика Казахстан заявил о переходе государственного языка на латиницу в 2017 году, и в связи с этим, осталась лишь одна тюркоязычная страна с русской графикой – Кыргызстан. Необходимо отметить, что ни одна из тюркоязычных стран не является моноэтнической (лишь в Азербайджане и Туркменистане преобладают титульные нации), для Казахстана характерны увеличение численности казахов при сохранении значительной доли русского и славянского населения, а также наличие представителей других тюркоязычных этносов, расселенных как компактно (узбеки, уйгуры), так и дисперсно (башкиры, татары и др.). Отличительной особенностью правового регулирования языков в Республике Казахстан является конституционная норма о том, что в государственных организациях и органах местного самоуправления русский язык официально употребляется наравне с казахским. В Кыргызстане существует значительная узбекская диаспора и в взаимоотношениях двух братских народов возникали противоречия, в т.ч. в области функционирования языков, перешедшие в конфликты. Согласно конституционной нормы в качестве официального языка употребляется русский язык. В состав Узбекистана входит суверенная Республика Каракалпакстан, которую населяют тюркоязычные каракалпаки. Согласно Конституции Азербайджана в его составе находится автономное государство Нахичеванская Автономная Республика и государственным языком страны является азербайджанский язык, однако наличие автономии носит исторический характер и не требует правового регулирования языков в ней.

Другие тюркские народы исторически находятся на территории современной России и часть из них имели ранее государственные образования в составе РСФСР в форме автономных республик и областей, которые в процессе обретения независимости России получили статус субъектов Российской Федерации – республик. Большинство тюркских народов России имеют государственность в форме республики, за исключением ногайцев и ряда малочисленных этносов. В Конституции РФ прописано, что государственным языком страны на всей ее территории является русский язык и республики вправе устанавливать свои государственные языки, которые употребляются наряду с государственным языком Российской Федерации. Тюркские языки народов Российской Федерации можно по степени их правового статуса разделить на 2 группы: первая группа - языки титульных нации республик, вторая – языки этносов, не имеющих национально-государственных образований. В тюркских республиках РФ или законодательно закреплено двуязычие, или оно фактически принято. Лишь в Дагестане закреплено многоязычие, к одному из государственных относится кумыкский язык. Реальное применение законодательства республик в области языков зависит от численности титульной нации и ее удельного веса, уровня национального самосознания, степени разграничений

полномочий федерального центра и субъекта. Малочисленные тюркские народы России, несмотря на возможности, представляемые национально-культурной автономией, остаются под угрозой утраты языков.

Правовое регулирование государственных языков республик – субъектов Российской Федерации можно условно разделить на несколько этапов: первый – охватывает время с начала противостояния союзного центра с руководством России до окончания первого срока Президента В.В.Путина и заключается в ельцинской формуле: «Берите суверенитета, сколько сможете», второй этап – с приведения законодательств субъектов в соответствии с федеральным до середины 2010-ых годов и третий этап – современный, для которого характерно ограничение суверенитета субъектов, в т.ч. в области использования государственных языков республик. В качестве яркого примера можно привести отмену обязательного изучения в школах государственных языков и запрет на переход татарского языка на латиницу.

Вызывает интерес правовой статус крымско-татарского языка. Так, согласно Конституции Республики Крым 2014 г. (незаконно аннексировано Россией), он является государственным наряду с русским и украинским языками, тогда как в Конституции Автономной Республики Крым (1998 г.) в составе Украины было прописано, что «наряду с государственным языком обеспечивается функционирование и развитие, использование и защита русского, крымскотатарского и других национальных языков». Данную конституционную норму можно назвать компромиссной и объяснить политической ситуацией времени ее принятия.

Гагаузский язык в Республике Молдова признан официальным наряду с молдавским и русским языками лишь в Гагаузии – автономно-территориальном образовании «как формы самоопределения гагаузов».

Таким образом, за прошедшие десятилетия на постсоветском пространстве большинство тюркских языков получили статус государственных языков, что определило принципы их применения и развития. Сохранение и развитие языков тюркских этносов на территории других постсоветских стран требует расширения правового регулирования на основе международных договоров и сотрудничества тюркских стран в правовой сфере.

КУЛЬТУРНОЕ ЕВРАЗИЙСТВО: ИСТОКИ И СОВРЕМЕННОСТЬ

*Гульмира Унгарбаева**кандидат филологических наук, доцент**Сандугаш Әбдігази**магистр гуманитарных наук**Актюбинский региональный государственный**университет имени Кудайбергена Жубанова**E-mail: ungarbaeva65@mail.ru*

В евразийской духовной нише много веков назад начал зарождаться особый тип философии, отличный от восточной философии, но, особенно от западной. Возник он в трудах Аль-Фараби, а, возможно, еще ранее, в предфилософии казахов, славян, других евроазиатских народов. Истоки евразийской концепции четко прослеживаются и в идеях выдающихся казахских просветителей, как Ч. Валиханов, А. Кунанбаев. Так, Ч. Валиханов отмечал, что кочевые народы имеют «свою самобытную сферу интеллектуальной, прогрессивной жизни». Он выступал за ускоренный переход своего народа от вековой отсталости к «высшему культурному развитию», под которым имелось в виду материальное благосостояние, высокий уровень культуры и демократические порядки, а также добрососедские взаимоотношения с крупным и влиятельным соседом - Россией» [1].

Основной лейтмотив бессмертных «Слов назидания» Абая - боль по поводу неразвитости основной части народа и вера в могущество разума и просвещения: «Изучив язык и культуру других народов, человек становится равным среди них» [2]. Ключ к просвещению казахского народа Абай, как и Ч. Валиханов, видел в русской культуре: «Русская наука и культура - ключ к осмыслению мира, и, приобретя его, можно намного облегчить жизнь нашего народа. Например, мы познали бы разные, но в то же время честные способы добывания средств к жизни и наставляли бы на этот путь детей, успешнее боролись бы за равноправное положение нашего народа среди других народов Земли» [2]. Эти слова великого просветителя не утратили своего смысла и сегодня, в третьем тысячелетии.

Мировоззренческие взгляды Абая заложили основы новой казахской философии образования. Абай, чья философия была наполнена западным и восточным мировоззрением, впервые понял суть идеи развития и движения в истории казахстанского общественного мнения.

Анализируя развитие казахского этноса в будущем, он высказал свои взгляды на роль науки и образования в развитии общества и важность труда как источника жизни. Абай был убежден, что это будет достигнуто путем улучшения сознания и воспитания людей. Абай считал, что человек должен быть добропорядочным не из страха перед Творцом, а из осознания ответственности за свои действия перед народом. В «Слове двадцать пятом» людям всего мира предлагается научиться искусству, науке и образованию: «Научите своих детей быть детьми» [2]. Великий Абай призывает в своих трудах к духовному единству, призывает не делить общество на нации, а любить все человечество как единое целое «возлюби всех и каждого, как родного брата», «не будь сыном отца, будь сыном Человека» («...адамзаттың бәрін сүй, бауырым, деп», «...атаның баласы болма, адамның баласы бол»). «Делай во благо всех» («Харакәт қыл, пайдасы көпке тисін») - призыв каждому делать полезное и для сообщества, и для себя [2]. Великий поэт сформировал новую систему духовных сокровищ и новые философские концепции и принципы, в которых он боролся с устаревшим образом жизни. Прогрессивные взгляды поэта на общество, его структуру, идеи национального единства, уничтожения племенного деления привели к росту национального сознания. Он считал, что социальные инновации возможны только благодаря знаниям.

Идея евразийства витала в умах всей просветительской среды. В.И. Ламанский, впервые обозначил на континенте Евразия третий, срединный мир, как мир отличный от Европы и Азии. Д.И. Менделеев называл Россию «срединным царством». Он выделял Россию Европейскую и

Азиатскую, полагая, что в будущем лидирующие позиции займет последняя. Н.М. Карамзин отмечал роль России в качестве посредника между Европой и Азией. Он впервые отметил положительное влияние монголо-татарского ига как фактора, способствующего объединению русского государства.

В начале 20 века в российской исторической науке обозначилось направление так называемого «евразийства», получившее свое наивысшее развитие в 20-е годы в Пражском университете. Программное движение евразийства оформилось выходом сборника «Исход к Востоку» (1921 г., София) со статьями П. Сувчинского, П. Савицкого, Н. Трубецкого и Г. Флоровского. Современность представлялась евразийцам, как «не переходное, а поворотное время», а самобытность России они видели в исконности русско-азиатских связей, считая их более традиционными, чем западные.

Классическое евразийство и взгляды русского космизма порождают такого крупного ученого как Л.Гумилева, в работах которого гармонично сочетались исторические концепции Г. В. Вернадского и мысли П. Н. Савицкого о влиянии географических ландшафтов на этнические особенности. Работы Л.Н. Гумилева стали прорывом к новым горизонтам исторического познания. В условиях, когда в исторической науке доминировал безжизненный социально-экономический материализм и европоцентризм, он смело применил к региональной и мировой истории этнологический подход, развил идею тюрко-славянской «комплиментарности» в Евразии. Евразийство изначально было явлением околонучным, но Лев Гумилёв, ощутил в евразийстве биение родного сердца. Ведь с юных лет он был поглощён любовью к культуре и истории тюрко-монгольской Азии.

Л.Н. Гумилев вел в научный оборот новое фундаментальное цивилизационное понятие - «Великая Степь». Во многом через его концепцию произошло возвращение в общественное сознание культурно-цивилизационной проблематики, идеи многообразия человеческой истории, ее нелинейного, циклического хода, осознание ограниченности европоцентризма.

Научное творчество Гумилева глубоко актуально в международно-политическом и практическом смысле - оно является научно-историческим обоснованием толерантных евро-азиатских подходов к современному миру в условиях региональной интеграции и глобализации. Он развивал евразийскую концепцию культурно-исторического типа Н. С. Трубецкого, встроив ее в этническую иерархию и назвав суперэтносом. Называя себя «последним евразийцем», Л.Н.Гумилев стал первым для нового этапа, связующим звеном между евразийцами первой половины XX века и новейшей тенденцией в евразийстве, проявившейся в полной мере в масштабных интеграционных инициативах независимого Казахстана. Ведь именно в нашем государстве сформировалось уникальное поликультурное пространство, основанное на духовном единении представителей разных национальностей и конфессий. Возможно, это обстоятельство подтолкнуло нашего президента Н.А. Назарбаева первым заявить о необходимости возрождения кочевой цивилизации как проявлении в нем идеи евразийства. Однако заметим, что такие принципы кочевой культуры как «единство многообразия», сакральность, толерантность и культурная самобытность издревле были присущи Казахстану. С древнейших времен обширная казахская земля была культурной колыбелью и духовным остоном всего евразийского пространства.

Глава государства Н.Назарбаев неоднократно подчеркивал, что Казахстан уникален и силен своей многонациональностью, которая стала результатом различных и длительных исторических процессов, что «Признание самостоятельно существующих культурных потоков не отрицает их взаимодополняемости, что никак не означает ассимиляции»[3]. И эти идеи, некогда бывшие составной частью исторической доктрины В. Соловьева и евразийцев, теперь на наших глазах воплощаются в жизнь. В проекте «О формировании Евразийского союза государств» Н. Назарбаев, по существу, инициировал новый этап в развитии евразийства как интеллектуальной концепции, как политического мировоззрения и интеграционной практики. Реализация постсоветского евразийства проходит в новых геополитических реалиях, и в понятие «евразийство» вкладывается различный смысл и дается различное его толкование в контексте практической реализации. Как справедливо отмечает А. Куанышева, «евразийская

тематика является весьма широкой и даже всеобъемлющей проблемой. Сегодня евразийская идея включает геополитическое единство, толерантность к многообразию и, более того, осознание великой созидательной силы культурного и национального многообразия»[4] Характерной чертой евразийства в целом является обращение к историческим традициям, а так же в качестве их продолжения создание современных традиций.

Актуальной в связи с идеями евразийства является и латинизация казахского алфавита. 12 апреля 2017 года Н.Назарбаев сделал по этому поводу историческое заявление: «Латиница нам нужна для того, чтобы общаться с народами всего мира, мировой наукой и образованием. Мы активно готовимся к переходу и, возможно, не будем тянуть с этим вопросом до 2025 года. Я поставил задачу превратить казахстанскую культуру в легкоузнаваемый сегмент глобального культурного пространства» [5]. Глава государства определил: учёные и представители общественности должны принять единый стандарт нового казахского алфавита и графики. Президент даже озвучил конкретные сроки: в конце текущего года стандарты уже должны быть готовы, а деловая документация, периодическая печать, учебники – всё это должно будет полностью перейти на латиницу до 2025 года. Новый казахский алфавит на основе латинской графики будет использовать весь тюркский мир. Об этом на расширенном заседании научно-экспертного совета Ассамблеи народа Казахстана заявил доктор филологических наук профессор Князь Мирзоев. «Мы не просто переходим на латиницу, мы возвращаемся к ней. Это закономерно — возвращаться к своим истокам (...) Возврат казахского языка на латиницу приводит к тому, что этот алфавит будет использовать весь тюркский мир (...) — цитирует Мирзоева inform.kz. — Латинизация казахского алфавита является фундаментом модернизации общественного сознания, будет интегрирующим и основным коммуникационным перевалом в современном электронном мире»[6].

В мире рядом сосуществуют разные культуры, различные мировоззрения, верования. Процессы глобализации обнаруживают сходства и параллели в культурном развитии человечества, и в то же время своеобразие культурных традиций. Фундаментальной особенностью современной Евразии является этнокультурное богатство и соединение в одной модели элементов западноевропейской, славянской, исламской и тюркской цивилизаций. В нашей стране, переплетаются и взаимопроникают традиции Востока и Запада, происходит реальный диалог культур и цивилизаций. Сегодня имеются все условия для того, чтобы всё это продолжать и развивать на благо каждого из народов.

То, что идея евразийства не отождествляется с какой-либо одной страной, что оно принципиально многосубъектно, имеет для мирового сообщества XXI века принципиальное значение. Таким образом, основной объединяющей идеей классического и современного евразийства является уникальное единство и целостность этносов, которые бы не подавляли и не ассимилировали уникальность народов, а, напротив, питались их разнообразием. Примечательным является тот факт, что «евразийство как раннего, так и современного казахстанского формата направлено на сохранение исторической общности и многогранности взаимодействия народов и государств Евразии, а так же их государственную целостность и неприкосновенность, культурную самобытность». [7]

Список источников и литературы

1. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Алма-Ата, 1985. - Т. 5. - С. 366.
2. Слова назидания. Перевод С.Санбаева [Электронный ресурс] Режим доступа: abai-inst.kz>rus/?p=113
3. Назарбаев Н.А. Материалы беседы с корреспондентом журнала «Простор». - 1996. – № 12. - С. 2.
4. Куанышева А.А. Политическое участие Республики Казахстан в деятельности ЕврАзЭС в современных условиях. Алматы, 2007,-С.89.
5. Переход казахского языка на латиницу: «за» и «против» [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://www.stanradar.com/news/full/3558-perehod-kazahskogo-jazyka-na-latinitu-za-i-protiv.html>

I. ULUSLARARASI ABAY KUNANBAYOĞLU KAZAK KÜLTÜRÜ, TARİHİ VE EDEBİYATI SEMPOZYUMU

6. Переход на латиницу: Что думают общественные деятели о реформе казахского языка? [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://informburo.kz/stati/perehod-na-latinicu-cto-dumayut-obshchestvennye-deyateli-o-reforme-kazahskogo-yazyka.html>

7. Ауанасова К.М.. Перспективы и развитие идеи евразийства в современной истории Казахстана [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://lib.knigi-x.ru/23istoriya/196876-1-perspektivi-razvitie-idei-evraziystva-sovremennoy-istorii-kazahstana.php>

КӨНЕЛЕНГЕН КӨМЕКТЕС СЕПТІК ЖАЛҒАУЫ

Байдаулетова Аякөз Өтеуқызы

филология ғылымдарының кандидаты

«Болашақ» университеті

Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы

Ayiaoz_i@mail.ru

Түйіндеме: Септік жалғауларының синтаксистік қызметі мен семантикалық қызметіне қарай ғалымдар екі топқа бөліп қарастырғаны белгілі: грамматикалық септіктерге атау, ілік, табыс, ал көлемдік септіктерге барыс, жатыс, шығыс септіктерін және қазақ тіліндегі көмектес септігін жатқызады. Септіктерді бұлай топтау олардың сөйлеудегі қызметтеріне байланысты. Грамматикалық септіктерде семантикаға қарағанда грамматикалық жағы, яғни синтаксистік қызметі басым түссе, көлемдік септіктерде семантикалық мәні басым келеді. Грамматикалық септіктер адвербиалдық мәнге ие болмайды, ал көлемдік септіктер адвербиалдық мәнге ие болады.

Септіктер табиғатынан көп мағыналы болып келеді. Бір септік тұлғасындағы сөздің өзі бірнеше мағына білдіреді. Сол септіктердің атына сай білдіретін көп мағыналарының ішінде біреуі доминант негізгі мағынаны білдіреді. Доминант мағынасы басқа мағыналардың болуын жоққа шығармайды, керісінше басқа мағыналарға ұйытқы болуы мүмкін. Әр септіктің негізгі мағынасымен қатар септік жалғауларының мәнмәтінде пайда болатын қосымша мағыналары болады.

Септіктердің мағынасы (қызметі) сөйлемнің белгілі бір семантикалық құрылысына тәуелді, ал септіктің тұлғасы сөйлемнің синтаксистік құрылысы ретінде жұмсалады. Септік жалғауларының мағынасы сөйлемдегі синтаксистік қызметімен тығыз байланысты.

Адвербиалдық мәнге ие септіктердің бірі – көмектес септігі. V-VIII ғасыр ескерткіштерінде көмектес септік мәнін *бірле* шылау сөзі берген болса, кейінгі дәуір ескерткіштерінде осы шылау *бірлен, білен* түрінде кездесіп отырады. Соңғы вариант сол күйінде қазіргі түркі тілдерінің көбінде бар.

Көмектес септігі басқа түркі тілдерінің көпшілігінде жоқ, тек қазақ тілінде ғана бар және ол басқа септік түрлерінен әлдеқайда кеш қалыптасқан; қазақтың жазба тілінде, жазба нұсқалар тілінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басына дейін ол септік (грамматикалық тұлға) ретінде емес, септеулік шылау ретінде *білән, бірлән, мінән, кейін мәнән* сияқты түрде қолданылып отырған.

Көмектес септігі төмендегідей сөз таптарына жалғанады:

Зат есімдерге көнеленген көмектес септігі жалғануы арқылы жасалған: *алдымен, әупіріммен, бетімен, есесімен, жайымен, жөнімен, күнімен, түнімен, расымен, ретімен, шамамен.*

Тәуелденіп барып көнеленген көмектес септігі арқылы жасалған сын есімдер: *түгелімен, тұтасымен, зорымен, тегісімен.*

Екінші сыңары тәуелденіп барып көнеленген көмектес септігі зат есімдердің қосарлануы арқылы жасалған: *бас-басымен, жұп-жұбымен, жентек-жентегімен, жан-тәнімен, бет-бетімен, арба-марбасымен, бесік-месігімен, рет-ретімен, кез-кезімен.*

Сонымен, сөздердің көнеленген септік жалғаулары негізінде үстеу сөздерге ауысуын былайша көрсетуге болады: біріншіден, ауысушы сөз өзінің түбір қалпындағы сипатын сақтап, ешбір сөз түрлендіру жүйесіне енбестен, синтаксистік ықпалмен өзге сөз табы қатарына өтеді. Екіншіден, есім сөздер белгілі септік жалғауларында тұрып, түрленуші қасиеттен алшақтап, сөйлем ішіндегі қызметіне байланысты ұзақ мерзімдік тарихи қалыптасуы негізінде формалары көнеленіп барып үстеу ретінде танылады. Үшіншіден, септік жалғаулары көнеленіп, өзінің бастапқы мағыналық сипатынан алшақтай отырып, етістікпен тіркесі артып, сөйлемдегі қызметі жағынан тұрақты пысықтауыш ретінде қолданылып барып ауысады.

Кілт сөздер: Септік жалғауы, синтаксистік қызмет, атау септігі, ілік септігі, барыс септігі, табыс септігі, жатыс септігі, шығыс септігі, көмектес септігі, көнеленген септік жалғауы.

OLD INSTRUMENTAL CASE ENDINGS

*Baydauletova Ayiagoz Oteukyzy
candidate of philological sciences*

University «Bolashak»

Republic of Kazakhstan, Kyzylorda

Ayiagoz_i@mail.ru

Summary: Due to the syntactic function and semantic function of case endings, scientists divide into two groups: grammatical cases are nominative, genitive, dative, volumetric cases are accusative, locative, ablative and instrumental in Kazakh language. This sort of grouping depends on their speaking services. In grammatical cases, the grammatical side, i.e. syntax, prevails in semantics, in volumetric cases prevails semantic significance. Grammatical cases do not have adverbial value, and volumetric cases have an adverbial value.

Cases are multimeaningful by nature. The word in one case has several meanings. One of the many meanings that corresponds to the names of those cases is the dominant meaning. Dominant meaning does not exclude any other meaning, but may be the organizer to other meanings. In addition

to the basic meaning of each case, there are additional meanings that arise in the context of their dependence.

The meaning function of the case depends on the particular semantic structure of the sentence, and the case personality is used as the syntactic structure of the sentence. The meaning of the case endings are closely related to the syntax function in the sentence.

One of the cases with the adverbial value - [instrumental](#) case. In the monuments of the V-VIII century the meaning of instrumental case was given by postpositional word *бірле*, and in the monuments of later era, this meaning was given by the postpositional words *бірлен*, *білен*. The latter variant exists in most of the modern Turkic languages.

Instrumental case does not exist in most of the other Turkic languages, but only in Kazakh, and it was developed much later than other forms of case; in the written language of the Kazakh in the end of the 19th and the beginning of the 20th century, it was used not as case (grammatical personality), but as case postposition like *білән*, *бірлән*, *мінән*, later *мәнән*.

Instrumental case connects with the following part of speech:

Made up with the connection of old instrumental case ending to the nouns: *алдымен*, *әуіріммен*, *бетімен*, *есесімен*, *жайымен*, *жөнімен*, *күнімен*, *түнімен*, *расымен*, *ретімен*, *шамамен*.

Adjectives made by the help of possessed old instrumental case: *түгелімен*, *тұтасымен*, *зорымен*, *тегісімен*.

Old instrumental case made by duplicating nouns by possessing the second part: *бас-басымен*, *жұп-жұбымен*, *жентек-жентегімен*, *жан-тәнімен*, *бет-бетімен*, *арба-марбасымен*, *бесік-месігімен*, *рет-ретімен*, *кез-кезімен*.

Thus, on the bases of old instrumental case words changing into adverbs can be shown as follows: firstly, the changing word maintains the character of its root and passes to another word sequence without syntax affecting the system of any word conversion. Secondly, the names can be found in definite case endings, separated from the transformed property, and based on the sentence long-term historical formulation due to their function in the sentence, will be recognized as adverb. Thirdly, case endings become old, leaving their original sense of meaning, with a verb combination, change by using as constant adverbial modifier in the sentence by function.

Key words: Case ending, syntactic function, [nominative](#) case, genitive case, dative case, [accusative](#) case, [locative](#) case, [ablative](#) case, [instrumental](#) case, old case ending.

Септік жалғауларының синтаксистік қызметі мен семантикалық қызметіне қарай ғалымдар екі топқа бөліп қарастырғаны белгілі: грамматикалық септіктерге атау, ілік, табыс, ал көлемдік септіктерге барыс, жатыс, шығыс септіктерін және қазақ тіліндегі көмектес септігін жатқызады. Септіктерді бұлай топтау олардың сөйлеудегі қызметтеріне байланысты.

Грамматикалық септіктерде семантикаға қарағанда грамматикалық жағы, яғни синтаксистік қызметі басым түссе, көлемдік септіктерде семантикалық мәні басым келеді. Грамматикалық септіктер адвербиалдық мәнге ие болмайды, ал көлемдік септіктер адвербиалдық мәнге ие болады.

Септіктер табиғатынан көп мағыналы болып келеді. Бір септік тұлғасындағы сөздің өзі бірнеше мағына білдіреді. Сол септіктердің атына сай білдіретін көп мағыналарының ішінде біреуі доминант негізгі мағынаны білдіреді. Доминант мағынасы басқа мағыналардың болуын жоққа шығармайды, керісінше басқа мағыналарға ұйытқы болуы мүмкін. Әр септіктің негізгі мағынасымен қатар септік жалғауларының мәнмәтінде пайда болатын қосымша мағыналары болады. «Сөздің өмір сүру формасы сөйлеу болып табылатындықтан сөйлеу процесінде ол басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсіп, түрлі тұлғаларда жұмсалады және соған сай олардың лексикалық мағынасына түрлі мән-мағына үстеледі. Бұл үстеме мән-мағыналар сөздің лексикалық мағынасын толықтай өзгертіп, жаңа мағыналы сөз жасауы да, сондай-ақ оның мағынасын өзгертпей, тек оған қосымша мағыналық реңк үстеуі және лексикалық мағынаға ешқандай мағыналық өзгеріс енгізбей, тек грамматикалық мағына тудыруы да мүмкін», – дейді зерттеуші М. Жолшаева [1]. Септіктердің мағынасы (қызметі) сөйлемнің белгілі бір семантикалық құрылысына тәуелді, ал септіктің тұлғасы сөйлемнің синтаксистік құрылысы ретінде жұмсалады. Септік жалғауларының мағынасы сөйлемдегі синтаксистік қызметімен тығыз байланысты.

Адвербиалдық мәнге ие септіктердің бірі – көмектес септігі. V-VIII ғасыр ескерткіштерінде көмектес септік мәнін *бірле* шылау сөзі берген болса, кейінгі дәуір ескерткіштерінде осы шылау *бірлен*, *білен* түрінде кездесіп отырады. Соңғы вариант сол күйінде қазіргі түркі тілдерінің көбінде бар. О бастағы *бірле* сөзінің құрамындағы *p* дыбысының түсіп қалуы түркі тілдерінің тарихына жат құбылыс емес. Ал қазақ тілінің жергілікті говорларында көмектес септік жалғауының -мынан (-пынан) түрі кездеседі. Сөз басындағы м//б сәйкестігі – түркі тілдері тарихында ескіден белгілі, қазір де бар құбылыс. Сөйтіп көмектес септік жалғауы -мен -нің о бастағы генезисі *бірле* шылауы екені еш күмән туғызбайды [2]. Көмектес септігі басқа түркі тілдерінің көпшілігінде жоқ, тек қазақ тілінде ғана бар және ол басқа септік түрлерінен әлдеқайда кеш қалыптасқан; қазақтың жазба тілінде, жазба нұсқалар тілінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басына дейін ол септік (грамматикалық тұлға) ретінде емес, септеулік шылау ретінде *білән*, *бірлән*, *мінән*, кейін *мәнән* сияқты түрде қолданылып отырған. Одан барып *менен* арқылы -мен, -бен, -пен деген жалғаулық шылаумен ұқсас, бірақ одан қалыптаспаған, септеулік шылаудан туған, ал септеулік шылау мен жалғаулық (мен: менен -білән) төркіндес [3, 125 б.].

I. ULUSLARARASI ABAY KUNANBAYOĞLU KAZAK KÜLTÜRÜ, TARİHİ VE EDEBİYATI SEMPOZYUMU

Көмектес септік жалғауларының көрсеткіштері арқылы қалыптасқан сөздерді төмендегіше жүйелі түрде көрсетуге болады.

Көмектес септік жалғауының көрсеткіштері арқылы пайда болған сөздер

<i>-мен</i>	<i>Тәуелдік жалғауы + -мен</i>
шамамен	бас-басымен,
дегенмен	жұп-жұбымен,
әйткенмен	жентек-жентегімен,
	жан-тәнімен,
	бет-бетімен,
	арба-марбасымен
	бесік-месігімен
	рет-ретімен
	кез-кезімен
	алдымен
	бетімен
	есесімен
	жайымен
	жөнімен
	күнімен
	түнімен
	расымен
	ретімен
	түгелімен
	тұтасымен
	зорымен
	тегісімен

Көмектес септігі төмендегідей сөз таптарына жалғанады:

Зат есімдерге көнеленген көмектес септігі жалғануы арқылы жасалған: *алдымен, аупіріммен, бетімен, есесімен, жайымен, жөнімен, күнімен, түнімен, расымен, ретімен, шамамен.*

Тәуелденіп барып көнеленген көмектес септігі арқылы жасалған сын есімдер: *түгелімен, тұтасымен, зорымен, тегісімен.*

Екінші сыңары тәуелденіп барып көнеленген көмектес септігі зат есімдердің қосарлануы арқылы жасалған: *бас-басымен, жұп-жұбымен, жентек-жентегімен, жан-тәнімен, бет-бетімен, арба-марбасымен, бесік-месігімен, рет-ретімен, кез-кезімен.*

Көнеленген көмектес септік жалғаулы лексикалық тұлғалардың мағыналық сипаты төмендегідей.

Бұл тұлғалар қимылдың түрлі қимыл-сындық мағынасын анықтайды:

Сонымен *жарты сағаттан артық уақыт өткенде Қасым биіктің басына келіп шықты* (М. Әуезов). *Есікті ол (Хакім) қайтадан қақты, салмақпен қақты* (Х. Есенжанов). *Кәмшат көрші әйелге ештеме сездірмеуге тырысып, әрбір сөзін асқан сақтықпен сөйледі* (Д. Исабеков). *Ол осы гажайып жерден расымен айырылам ба дегендей жан-жағына қайғыра қарап келе жатты* (І. Есенберлин). *Алтын Орда татарларының кейбір мырзалары сияқты, біздің буряттардан да Чинге қызығып, алғаш өздігімен шоқынған нояндар болды* (С. Мұқанов). **Бетімен** *жайылып жүрген бір ел бар, алыс-жақын, кедей-бай демей, барымталаса береді деп біржөла сенісіп қойған сияқты* (Ғ. Мүсірепов). *Мардан сол бойымен жаяулап жылқыға келіп, күндегідей жылқыны күзеткен жоқ* (І. Жансүгіров). *Оның бірер адамға тегіндікпен қолын байлата қояр түрі жоқ* (Қ. Есенжанов). *Академик Әлкей Марғұлан Қазақстан жері тегісімен «өнер музейі деуге болады» деді* (Т. Оразов). *Бірнеше күн сабаққа ұдайымен бармай да қалды* (Б. Майлин). *Жыртқыш тегіншілікпен олжасын тастап кетпесе керек еді* (Ж. Орманбаев). *Атты әскерлерше тәртіппен екі-екіден кетіп бара жатыр* (Б. Соқпақбаев). *Осы күй әсерінен Болат сол күні күнімен арыла алған жоқ* (З. Шүкіров). *Жолдасым күндікпен әуре болып еш нәрсе шығара алмады* (С. Ерубәев). *Сол күні күн батар кезде, әдеттегі қалпымен қаланың малдары өрістен қайтты* (Б. Майлин). *Осы ақ саулыққа жем беріп, күтудің зорымен қыстан аман алып шықты* (Б. Тұрсынбаев). **Жайымен** *ұшып бара жатқан бүркіт аңдаусызда артынан кеп түйіп кеткенде төмен қарай жарқ қоям деп қара суға күп беріп түсіп кеткені* (Ш. Айманов).

Топырақтан өмір исі шығады,

Оны денең тиіп кетсе, ұғады.

Еңбегіңді есесімен беретін

Жақсылық та топырақтан жұғады (Ө. Тұрманжанов).

Бүгін сізге сәлем берем дегенсің ертемен алып келгенім (Х. Есенжанов). *Төрелердің бәрі де қазынадан жалақы алмай, өз білгендерінше, еркімен елден жинап алады* (С. Шарипов). *Үйдің ішінде бірде-бір артық зат жоқ, бәрін орын-орнымен тап-тұйнақтай етіп орналастырған* (Соц. Қазақстан). *Оның әңгімесін Шоқан бар ынты-шынтымен тыңдайды да отырады* (С. Мұқанов). *Омырауында жезі бар, денелі, селдір сақал, сары шұбар кісі баланы ат-матымен айнала бір қарап өтті* (Ғ. Мұстафин). *Тәстік оның қол-аяғын байлап, бесік-*

месігімен суға тастап жібереді (Қазақ ертегілері). *Қарт бау-бауымен қамыстарды біраз төмен лақтырып алды да: – Негып тұрсың, – деп жекіп қалды* (Ә. Тарази).

Көре алмай ел жұртыңның ақтық жүзін,

Әр жерге сүйегіңді көміп жүрсің.

Сандалып елден безіп нағып жүрсің,

Тентіреп бет-бетіңмен лағып жүрсің (Айтыс).

Замана шаруа, мінез күнде өзгерді,

Оларға кез-кезімен нәби келді.

Қағида, шариғаты өзгерсе де,

Тағриф Алла еш дерде өзгермеді (Абай).

Жанайдың қазір сөз деген тіліне жентек-жентегімен оралады (С.

Мұратбеков). *Ұл бақшада жүрген адамдар да жалғыз жүрмей, жұп-жұбымен жүргені байқалады* (Ө. Тұрманжанов). *Кірпіжан күй тартқанда көзін айырмайды, күйді бүкіл жан-тәнімен тыңдайтыңға ұқсайды* (Қ. Жұмалиев). *Бұрынғы шәлкес-шалыс, әзіл-оспақ әңгіме өз жайына қалды. Балзияның сақтана сараң сөйлеген сөздерінен жалынды ықыласы, жанділімен беріле құлаганы сезіледі* (С. Омаров). *Үзіліп кеткен ер-мерімен шұбатыла сылқ ете қалған қарашыңның жаны аузына келіп, енді шығаруға дайын еді* (І. Есенберлин). Сонымен, сөздердің көнеленген септік жалғаулары негізінде үстеу сөздерге ауысуын былайша көрсетуге болады: біріншіден, ауысушы сөз өзінің түбір қалпындағы сипатын сақтап, ешбір сөз түрлендіру жүйесіне енбестен, синтаксистік ықпалмен өзге сөз табы қатарына өтеді. Екіншіден, есім сөздер белгілі септік жалғауларында тұрып, түрленуші қасиеттен алшақтап, сөйлем ішіндегі қызметіне байланысты ұзақ мерзімдік тарихи қалыптасуы негізінде формалары көнеленіп барып үстеу ретінде танылады. Үшіншіден, септік жалғаулары көнеленіп, өзінің бастапқы мағыналық сипатынан алшақтай отырып, етістікпен тіркесі артып, сөйлемдегі қызметі жағынан тұрақты пысықтауыш ретінде қолданылып барып ауысады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Жолшаева М. Қазақ тіліндегі аспектуалды семантика: форма мен мазмұн: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2009.

Дүйсенбі С. Түркі тілдеріндегі үстеулер тарихы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2001. – №9. – Б.25-29.

Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. – 340 б.

**ТҰҚЫМДЫ КӨШЕТСІЗ ӘДІСПЕН ӨНДІРУ
КЕЗІНДЕ, НАНОЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ.**

Медеева Ф.Ж. – а.ш.ғ. канд., қауымд.проф.м.а.
Рахимова З.С. – пед.ғыл.магистр, аға оқытушы
Құрасбаева А.Ж. – пед.ғыл.магистр, оқытушы
Қойлыбаев Жасұлан -ж.ғ.м., оқытушы
(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)
электр.почта: medeuova.galiya@mail.ru

Аннотация

Мақалада қант қызылшасы (*Beta vulgaris*) — қызылша туысына жататын екі жылдық бағалы техникалық дақылдың бірі. Оның бірінші жылы қоректік заттары бар тамыры мен жапырақ шоғы өседі. Содан кейін жылғы өсу кезеңінің ұзаقت. 150 – 170 күн. Екінші жылы топыраққа отырғызылған қант қызылшасының жемісінен гүл шашатын сабақ және тұқым пайда болады. Екінші жылғы өсу кезеңінің ұзаقت. 100 – 125 күн. Қант қызылшасы – құнарлы мол мал азықтық дақыл. Оның пәлегін (жапырағы мен сабағын) заводтта өндегеннен кейін қалған қалдықтардан сірне, сығынды мал азығы даярланады. Қант қызылшасының түсімінің 40%-ы пәлегінің үлесіне тиіп, ал қалғаны. қант қызылшасының сығындысында 15% құрғақ заттар, 3% клетчатка, 0,7% күл, 0,1% май және 1,2% протеин болады. Осы сығындының құрамында 100 кг-ында 80 мал азықтық өлшем және 3,6 кг қорытылғыш протеин бар, сондықтан да қант қызылшасы тамақ өнеркәсібінде қант алу үшін пайдаланылады, өйткені оның тамыр жемісінде 17 – 19%-дай қант болады. Қант қызылшасы – жылуды жақсы көретін өсімдік. Қант қызылшасының тұқымы қант заводтарында дайындалады. Мұнда тазаланған тұқым 2 фракцияға (3,5 – 4,5 мм және 4,5 – 5,5 мм) бөлінеді. Негізінен тұқым себу топырақтың 10 см тереңдікте температурасы 5,6°С жылынғанда басталады. Ол кезең көбінесе наурыздың 3-онкүндігі мен сәуірдің 1-жартысына сәйкес келуі керек. Қант қызылшасы органикалық заттарға бай, құнарлы қара топырақта жақсы өседі. Сондықтан топырақтың қышқылдау немесе бейтарап болғаны дұрыс (рН 6,5 – 7,5). Қазақстанның суғармалы жерлерінде негізінен қатар аралығының 60 см кең қатарлы себу әдісі қолданылған. Қазақстанда қант қызылшасы Жамбыл, Алматы облыстарының суғармалы жерлерінде өсіріледі. 1991 жылдан Қазақстанда қант қызылшасының бір тұқымды жаңа сорттары ауыстырылып себілді. Себебі қант қызылшасын бір танапта ұзақ жылдар бойы ауыстырмай сепкенде, оның зиянкестер жұмыр құрты мен тамыр биті көбейіп кетеді. Сондықтан қант қызылшасын түрлі аурулар мен зиянкестерден қорғап, өнімділігін арттырып, қанттылығын көтеруде ауыспалы егістің маңызы зор екендігі байқалды. Мал азығында қант қызылшасының (*Beta vulgaris* z. v. *crassa*) құрамында көмірсулар, витаминдер, тұздар, азотсыз экстракты заттар бар. Сондықтан — қызылша туысына жататын екі жылдық бағалы техникалық дақылдардың бір болғандықтан, бірінші жылы қоректік заттары бар тамыры мен жапырақ шоғы өседі. Сонымен қатар. 1991 жылдан бастап Қазақстанда қызылшаның бір тұқымды жаңа сорттары аудандастырылып, себілген онда. қызылшаның бір танапта ұзақ жылдар бойы ауыстырмай сепкенде, оның зиянкес жұмыр құрты мен тамыр биті көбейгендігі, одан қызылшаның түрлі аурулар мен зиянкестерден қорғауда, оның өнімділігін арттыру үшін, тұқымды көшетсіз әдіспен өндіру мен ноноэлектрмагниттік технологияны көтеруде ауыспалы егістің маңызы зор. Сондықтан мал азықтық қызылшасының (*Beta vulgaris* z. v. *crassa*) құрамында көмірсулар, витаминдер, тұздар, азотсыз экстракты заттар бар. Сондықтан ол жоғары сапалы және жұғымды мал азықтық дақыл. Қызылша тұқымы көшетсіз өсірген кезде дұрыс шешілетіні туралы айтылған.

Кілт сөздер: Электрофизикалық әдіспен өңдеу, көшетсіз әдіспен қысы жылы болатын аймақтарда, сондай-ақ қыс түспей тұрып, ксероморфтық құрылымды тамыр жемістердің белгілі бір мүшелерін алуға бағытталған барлық агротехникалық шаралар комплексін жүргізген кезде табысты өсіруге болады.

Abstract: In practice beet seeds alloys produced by bacterial degradation (iron, zinc. Copper) processing of metals and sapropel solution of their influence to increase seed germination.

Қазіргі заманғы фабрикалық қызылша дақылын өсіруде дара дәнекті және біркелкі тұқым өнгіштігі 90 пайыз болуын қажет етеді. Біздің еліміздің көп жылдық практикасы мен шетелдік тәжірбиелердің көрсеткеніндей, бұл проблема, ең алдымен, суармалы аймақтарында тұқымды көшетсіз өсірген кезде дұрыс шешіледі. Тұқымды көшетсіз тәсілмен өсірудің мәні мынада. Жаздықүні тұқым үшін егілген қант қызылшасы күзде қазылып алынбай, сол күйінде қалдырады. Қыстап шыққан тамыржемістері көктемде қайта өніп шығады да, гүл сыйдамының арасында қалыптасып, жеміс салады.

Өсіп-өну кезеңінің ерте басталатынына байланысты көшетсіз егілген тұқым топырақтың күзгі-қысқы ылғал қорымен қоректік элементтерін барынша пайдаланады. Сондықтан да көшетті егуге қарағанда оларда өсімдіктердің өнімділігін арттыру үшін мүмкіндік едәуір мол болады.

Тұқымды көшетсіз өсіру әдісінде көшетті әдісіне қарағанда жұмсалатын шығын аз, оларды өзіндік құны 2-3 есе арзан болады. Өйткені көктемде қызылшаны сирету, жинау, шоқалау, тамыржемістерін сақтау, көктемгі шоқаланудан оларды іріктеп алу, қайта іріктеу және отырғызу жұмыстары жүргізілмейді [1].

Қант қызылшасы тұқымын көшетсіз әдіспен қысы жылы болатын аймақтарда, сондай-ақ қыс түспей тұрып, ксерофортық құрылымды тамыржемістердің белгілі бір мүшелерін алуға бағытталған барлық агротехникалық шаралар комплексін жүргізген кезде табысты өсіруге болады.

Қазақстанның интенсивті суармалы егіншілігінің және қызылша егілетін оңтүстік аймақтарының климат жағдайлары қант қызылшасының сапалы тұқымын көшетсіз егіп, мол өнім алуға қолайлы-ақ [3].

Бірақ бұл тәсілді өндіріске ендірудегі негізгі кедергі қант қызылшасының қайта қыстап шығу мүмкіндігінің жетіспеушілігі және сонымен қатар тамыр жемісі массасының артық мөлшерде болуынан болып отыр. Қазіргі кезде аталған дақылдың танаптағы сиректілігі мен тұқым өнімінің төменгі дәрежесі байқалады. Сондықтан біздің алдымызға қойған мақсатымыз қант қызылшасының тұқымын жылдар бойы көшетсіз әдіспен өсіру тәсілінде көп жылдық репродукция барысында қант қызылшасының тұқымын көбейту тиімділігін жоғарлату. Осыған байланысты қант қызылшасының ғылыми зерттеудегі өзекті мәселесі оның тұқымын көп жылдық технология бойынша көбейтуді шешу жолдарының бірі оның ортаға бейімділігін арттырып агробиология ерекшелігін зерттеу, ол үшін төменде келтірілген инновациялық шараларды іске асыру қажет.

1. Өсімдіктер мен тұқымға электромагниттік әсер.
2. Сапропель (теңіз түбінен алынып өңделген органикалық заттар) экстрактысының органикалық сарқынын қолдану.
3. Саркындылардағы металлдар нанобөлшектерінің белсенділігі.

Ұсынылып отырған тұқымды өңдеудің жаңа технологиясы қызылша өркенінің біркелкі өсіп-өнуіне ықпал жасап, өсімдіктің қысқа төзімділігін әдеттегі өңделмеген тұқымға қарағанда едәуір арттырды [4].

Зерттеу барысы тұқымды себу алдында электрофизикалық әдіспен өңдеу және өңдемей себуда топырақтың сулық режимі екі вариантта да біршамада болғандығын көрсетті (1 кесте).

1 кесте. Қызылшаның «себу-көктеу» кезеңіндегі ылғалдың қоры мен топырақтың ылғалдылығы (2013-2016 жылдар).

/с	Анықтау мерзімі	Топырақ қабаты, см	Топырақтың ылғалдылығы, %	
			Бақылау	Электрофизикалық

I. ULUSLARARASI ABAY KUNANBAYOĞLU KAZAK KÜLTÜRÜ, TARİHİ VE EDEBİYATI SEMPOZYUMU

			варианты	өңдеу
	20 тамыз	15	20,2	20,4
		30	21,9	21,9
		45	22,03	22,05
	Орташа	0-45	21,34	21,45

1 кестедегі деректерден көрініп тұрғандай, тәжірибе жүргізілген жылдары орташа алғанда себу кезінде топырақтың ылғалдылығы бақылау вариантында 15 см тереңдікте – 20,2 %, 30 см – 21,9; 45 см – 22,03 және электрофизикалық өңдеу кезінде тиісінше 20,4; 21,09 және 22,205 % болды. Осындай байланыстылық топырақтың ылғалдылығы мөлшері бойынша да байқалды (2 кесте).

2 кесте. 0-45 см топырақ қабатындағы «себу-көктеу» кезеңіндегі ылғалдылық мөлшері (2013 -2016 жылдар).

/с	Топырақ қабаты, см	Бақылау варианты Анықтау мерзімдері			Электрофизикалық өңдеу		
		20 тамыз	1 қыркүйек	10 қыркүйек	20 тамыз	1 қыркүйек	10 қыркүйек
	15	19,2	18,40	17,10	20,4	19,3	18,8
	30	20,45	17,06	15,12	21,5	19,7	18,3
	45	21,05	19,0	14,7	22,2	20,4	19,04
	0-45	20,2	18,15	15,6	21,4	19,8	18,7

426

Сонымен бірге көшетсіз қызылша тұқымының шығымыдылығы бойынша нақты заңдылықтың, атап айтқанда: тұқымды электрофизикалық әдіспен өңдеп себуда тұқымның шығымдылығы кәдімгі себудағи қарағанда жоғарылығының байқалғанын да атап өткен жөн (3 кесте).

Тұқымды электрофизикалық әдіспен өңдеп себу кезінде оның егістік өңгіштік қасиетінің жоғары болуы (79%) оны биологиялық деструкция тәсілмен алынған наноматериалдардың тірі клеткамен жақсы биобірлестікте, болуында. Соның нәтижесінде көктей бастаған тұқымның қарқыны өте жоғары болып, ауруға төзімділігін артырды. Осыған орай тұқымды электрофизикалық әдіспен өңдеу және өңдемей себудің кездерінде [2]

3 кесте. Электрофизикалық әдіс және өсімдіктердің зиянкестері мен егістік өңгіштігі (2013 -2016жылдар).

Тәжірибенің нұсқасы	Өңгіштік, %		Өсімдіктердің жәндіктерден зиян шегуі		
	Зертханалық	Егістік	1	2	3
Бақылау	81	58	2,5	52	1,4
Электрофизикалық өңдеу	89	79	1,6	31	0,45

Ескертулер: 1– зиян шегудің орташа баллы
2 – бүлінген өсімдіктер %

3 – бүліну коэффициенті

Өскіндердің пайда болу қарқыны әртүрлі болады. Мәселен, тұқымды өндемей себу кезінде бірен-саран өскіндер жетінші күн дегенде бой көрсете бастаса, электрофизикалық өндеудің арқасында бесінші күні пайда болды. Ал өскіндердің жаппай пайда болуы тиісінше 11-ші және 9-шы күндері тіркеліп, «Себу-көктеу» кезеңінің ұзақтығы тұқымды өндемей сепкенде 14, ал электрофизикалық өндеуде 10 күн құрады.


Біздің зерттеулердің міндеттерінің қатарына бороздалық әдіспен себер алдында тұқымды электрофизикалық тәсілмен өндеу қызылшаның қыс алдындағы жиілігіне әсері, тұқымды өндеудің түрлі тәсілдерімен салыстырғанда суармалы Жаркент жағдайында қаншалықты тиімді екендігін анықтау болды. Тұқымды өндеу тәсілдерінің қыс алдындағы көшетсіз тұқымдықтардың сақталуы мен көшеттердің жиілік мөлшеріне әсерін зерттеу бойынша жүргізілген тәжірибелер мынаны көрсетті [1-3].

Қызылша өскінінің жиілігі толық өскіндер кезеңінен бастап тұқымды жинау кезеңіне дейін 1 қума метрдегі өсімдіктер саны әр түрлі болатынын көрсетті (4 кесте, 1 сурет). Мәселен, тұқымды өндемей себу кезінде ол орта есеппен тәжірибе жүргізген жылдары 1 гектарға 242-ні құраса, электрофизикалық тәсілмен өндегенде 550 дана болды. Бұл бірінші кезекте өңделген тұқымның егістік өнгіштігінің ерекшеліктеріне байланысты екендігін атап өткенбіз.

4 кесте. Тұқымды өндеу тәсілдері және өсімдіктің қыста сақталуы мен көшеттердің жиілігі (2013-2016 жылдар).

/с	Тәжірибе варианттары	Кезеңдер бойынша көшеттердің қалыңдығы гектарына мың данадан				Қысқы кезеңдегі сақталуы, %
		Толық өскіндер	Қыстату алдында	Қыстату-дан соң	Жинау алдында	
	Бақылау	11/242	9/19 8	6/13 2	4/88	66,6
	Электро физикалық тәсілмен өндеу	25/550	21/4 62	17/3 74	10/22 0	80,9

Ескерту: бөлім – 1 қума метрдегі өскіндер жиілігі, дана.
бөлінгіш – көшеттердің жиілігі, мың дана/га.



Сурет-1. ЭФМӨ және көшеттер жиілігі

Өсіп-өнудің күзгі кезеңінде бақылау вариантында өсімдіктердің опат болуы 18,1 % құраса, электрофизикалық тәсілмен өңдеуде – 16 % болды. Нақтырақ айтқанда, тұқымды электрофизикалық тәсілмен өңдеу өсімдіктің жиілігінің аз сиреуіне әкеліп соқты. Ал бақылау вариантындағы өсімдік санының аз болуы бұл тәжірибеде өсімдіктердің әлсіз болып түрлі зиянкестер мен ауруларға шалдығуымен түсіндіруге болады.

Мәселен, тәжірибе жүргізілген жылдар ішінде өсімдіктің тұқым өнімділігі гектарынан 15,0- 18,3 центнерді құраса, бақылау вариантында гектарынан 11,5-15,0 центнерден ғана өнім алынды (-2,0 центнер) [4].

Зерттелген өңдеу тәсілдері тұқым сапасына ешқандай әсерін тигізген жоқ. Олардың өнгіштігі мен 1000 тұқымның салмағы, топтық құрамында айта қаларлықтай алшақтық болмады. Сонымен қатар, көшетсіз тұқымды себер алдында құрамында металдардың нано және макро бөлшектері бар **HUMIN PLUS** стимуляторымен және **электромагниттік** өріспен өңдеу көшетсіз қызылша тұқымының жазғы мен күзгі кезеңдегі өскіндерінің өсу және қоректік заттардың, қанттың жиналуын толығымен жақсартты.

